

АЙБЕК

НАУАК

АЛМАТЫ

1920

АЙБЕК

НАУАИ

РОМАН

КАЗАКТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБІЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1949

Өзбекшеден аударған
Әлихан Сүлейменов

Редактор М. Жанғалин



БІРІНШІ ТАРАУ

I

Көктемгі күн көк аспанның шыңында, Фираттың «Fay-
шаршад» медресесінің үстінен нұрын тегіл түр
еді. Зор күмбездің нақыштары бейне бір гүл аланы тә-
різді, шоқтай жайнап, құлпыруда. Қептерлер біресе ша-
рықтап ұшып, біресе қалықтап кеп қайта қонып, күмбез
төңірегінде асыр салып ойнайды. Бір тарапы мешіт, қал-
ған үш жағы ұсақ хұжрелермен қоршалған медресенің
төрт бүршты, кең, тегіс қорасынан, кеше себелеп өткен
жауын көзге ілінер-ілінбес бу болып, көкке көтерілуде.
Медреседе тәлім алушылардың көбісі бугін хаулігे
шыққан. Олар қыш төсөлген жолдың үстіне бойралар-
ды жайып салып, сабактарын даярлауда. Олардың кей-
бірі «Қафия»¹ да, кейбірі «Хашия»² да, кейбірі «Шам-
сия»³ да еді. Мына жерде біреуі кітапты тізесіне қойып,
үлкен сәлде оралған басын дамылсыз изеп, көзін шарт
жұмып алып, құлдырладап «Арабиятты»⁴ жаттап оғыр.
Онан арыракта үш шәкірт бір бойраның үстіне үш бү-
рыштана отырып алып, өздеріне қарасты бір мәселені
шүғыл талқылауда. Олардың бірі — ренді қалың сакал-
ды, арық кісі — өз сезін дәлелдеп «шындықтың салма-
ғын» өз жағына аударуға тырысып, серіктерінің дәлел-
дерін жокқа шығармақ болады. Онан жасырақ, бірақ
әжеттікке келгенде онан сірә қалыспайтын серікттер
даурығып, жана дәлелдёр тауып, табанда сез бен тіл-
сімнен қорған соғып ала кояды. Олар кейде керіс ту-
дырыған негізгі мәселеден аулақ кетіп, керіс арасында

¹ — ² — ³ медреседе оқылатын кітаптар.

⁴ араб тілі және оның қағидалары.

туған жаңа «көзқарастарға» беріліп, сөз шенгеліне кіріп, оның тікендеріне соғыла, соғыла әрең шығын, негізгі мәселелерге қайта оралады. Қерісушілер кейде қызып кетіп, өздерін ұмытып, бір-бірін балағаттап та тастайды. Кейде бір-біріне айбат шегіп, алатын бүркіттей қомданып, одырая қалысады. Мұндай қызыл кенірдек көрістер медресе дүниесінде дағдылы, табиғи нәрсе болып кеткендіктен олардың бұл даурығуна маңайдағылардан ешкім алаң бола қоймаушы еді.

Хұжрелердің іші бос қалғандай көрінседағы, мешіттің ығына тығылған, теріскей жактағы бір хұжреде төрт кісі бас қосып, әдеттегіше шұғырласып отыр. Хұжре іші әрі тар, әрі ыза. Есік ылғый ашық болса да, көктемгі күн көз қаратпай шақырайып тұрса да, бұл жер күнгірт еді. Эрине, бұл жағдай тек осы хұжреге ғана тән нәрсе емес. Сірә, медресе хұжрелерінің — медресе шәкірттерінің жататын орнының көлемді, кең болуы ежелгі дәстүрге, ғылым жолына қайшы келетін болса керек. Шығыстағы медресе хұжрелерінің бір-бірінен ешбір айырмасы жоқ, бәрі де бір тәріздес, нақ осы сияқты болатын... Тегінде «ғылым инемен күдік қазғанмен бірдей» деген ежелгі пікірге хұжрелердің көлемі сай болсын деп, бір заманда шәкірттер үшін хұжренің көлемін осылай етуді үйғарысқан болса керек...

Іза тепкен, қараңғы тар хұжреде бұл төртеудің кеңесі сірә үзілмейтін. Бұлардың үшеуі «шәкірт», төртіншісі хұжре қожасының түпкілікті қонағы еді. Бұлардың білім дәрежелері, жастары, пейіл-құлықтары арасында зор айырма, үлкен алшақтық болсадағы, көбінесе бастарын қосып, «екі жарты — бір бүтін» дегендей, жалғасып, тамақты бірге пісіретін. Бұғін де сол мақсатпен жыйылып, казан асудың қамын ойласып отыр. Жас жөнінен ең үлкені — хұжре қонағы Алоиддин Машхади. Катпа бетін сақал басқан, арасы қосылған қалың кара қасты, үнемі сығырайып тұратын қара көзді, аласа бойлы, жасы қырық шамасындағы кісі еді. Ол онбес жылдан бері «Гауһаршад» медресесінде осы хұжреде тұрып келеді. Оның бұдан басқа жакқа бара қояры да белгісіз еді. Алоиддин Машхади өз заманының ең озат үстаздарынан он жылдалап сабак алған болса да, ешбір ғылым жөнінен өзін еркін көрсете алған жоқ. Бінеше жылдан бері ғылымдардан көzlі сұып, дәрске көбіне қатыспайтын болып кеткен. Бірақ оның сорына ма немесе бағы-

на ма, әйтеуір заманының бірқатар адамдарының үлесіне тиғен ақындықтан ол да маҳрум қалмаған-ды Ол жырдың алуан түрлерін жазып көрді. Талай-талай күндерді үйқысыз өткізіп, ол өз шығармаларының жыйнағын — деван¹ жасады. Ал «Муамма» жазуға келгенде ол өзін тенденсі жоқ демесе де, барып тұрған шебер деп білетін. Бірақ оның «деваны» сияқты бўл, «муаммалары» да жыр әлеміне танылған емес, бўған ол қатты налытын, ішінен тынатын. Эрқашан қамығып, қайғыруда болатын. Абырой, атак іздеген ақын патшаларға болмаса да бектерге, уәзірлерге, олардан төмениректерге де мактау өлең жазып тапсыратын. Сауатсыз бекті «асқан ғалім» деп, «ой-пікір казнасы» деп, «ғалымдар мен ақындардың панасы» деп мадақтайтын. Оның сұлтандарға, немесе бектерге нөкер болып өткен ата-бабасын «әлем жаратылғалы» бағы тайып, дәүлеті қайтпаған, үлы несібелі «кектің күні болған» деп дәріптейтін, мұндайға асқан шебер болатын. Алоиддин Машхади ашушан, қызба, даукас еді. Не болса соған ренжіп, арзымас інәрсе үшін-ақ кісіден көңлі қалатын Ол біреуге ренжісе, дереу өлеңмен әжуелеп, «дұшпаның» орнынан тұрмастай ететін.

Екінші шәкірт Зәйниддин. Бұл орта шаруадан шыққан, сымбатты, сыпайы, бірақ тұрлаусызыдау, шешендігі бар, жасы жыйырма — жыйырма бір шамасындағы жас жігіт. Ол тәрт-бес жылдан бері оқып, кейбір ғылым жөнінен недәуір ілгерілген болатын. Ол араб, фарсы тілдерін жақсы меңгерген еді. Бірақ женілтек, әуесқойлықтың, сән-салтанатты, сауық-сайранды суюш:ліктің арқасында, мұның ғылымға мойны жар бермейтін. Ол өз уақытының көбін көркем өнерге жұмсайтын. Зәйниддин медресе оқушылары арасында өзінің сұлу жазуымен атақты еді. Оның үстіне ол әнді жақсы салатын, гиджақты жақсы тартатын; кейінгі кездерде әкесімен араздасып, жарлы болып қалды. Осы медреседегі және өзге медреселердегі атақты, дәүлетті адамдар балаларының, Фираттағы бекзада, уәзірлердің жыйындарына барып, ән-куйімен, сөзімен жүртты шаттандыратын да, сонымен қарның тойдыратын болды.

Ушінші шәкірт бұдан екі жыл бўрын Шахрисәбзадан оқуға келген, дәң мандай, мықты денелі, өткір көзді, онсегіз жасқа келген Сұлтанмұрат еді. Бұл жігіт

¹ Ерте заманда өлеңдер жыйнағын деван деп атаған.

Шахрисәбзадағы атақты тас оюыш шебердің үлс еді. Шебер Самарқанда жұмыс істеп жүріп, бір биік үйден құлап өлгендеге, Сұлтанмұрат үш жаста болатын. Оқымысты, жәбір-жапаны көп көрген анасының тәрбиесінде ер жетіп, әуелі өз қаласында, соңынан Самарқанда оқып, ақырында туыстарының жәрдемімен Фиратқа келіп, осы медресеге орналасқан. Сұлтанмұраттың зеректігі тек осы медресеге ғана емес, бүкіл Фиратқа мәлім болды. Ол барлық дін ғылымдарын менгеріп, өз заманы ғалымдарының «алыбы» болуға тырысулы. Дін ғылымдарынан басқа, ол математиканы, астрономияны, заң ғылымын, әдебиетті жақсы менгерді. Оның онтөrt жасында Самарқанның бір молдасы оған: «Ертеде біr ғалым болған екен. Сол ғалым: егер жер жүзіндегі барлық ғылым, барлық фән ғалымдардың жадынан шығып кеткен болса, сол ғалымдардың бәрін қалпына келтіруге шамам келеді, дейді екен... Балам, мен сенін ақылың мен білімінді сол ғалымдай көрем. Осы бетіңнен кайтпағайсын, қажымағайсын» депті-міс.

Бұл жерде өзгелерден оқшау көрінген Алоиддин Машхадидың миманы Самарқандық Туғанбек еді. Туғанбек алпамсадай жуан, селтиген сирек қызығыш мұрты бар, қалың етті, қоңыр беті бәртіп кеткен, қысық көзі ойнақшып тұрған кісі. Құн ысып кеткен болса да, оның үстінде колпылдаған ескі тоны, басында қоқыйған үлкен бәркі бар болатын... Туғанбектің ата-бабалары Эмір Темір дәуірінде үлкен мансапқа ие болған. Олардың арасынан әскер басшылары да, мемлекет қайраткерлері де, патшадан шен алған әкімдер де шыққан. Бірақ келе-келе, Темірдің мемлекеті паршаланып, онын балалары арасында таж-тақ үшін ұрыс, жанжалдар қызған соң Туғанбектің бабаларының даңқы кеміп, беделі түсіп, үндері өше бастаған еді. Экесі Ферузбек бір жорыкта даң-дерексіз жоқ болып кетті. Беделді туыстары мен нағашылары да абырай-атақтан айрылды. Олардың бірқатары сұлтандардың өзара ұрыстары кезінде қырғын тапты, енді біреулері өз дүшпандарынан қауіптеніп, немесе жаңа бақыт іздел, алыс елдерге көшіп кеткен. Туғанбек онжеті жасынан бастап Мавераннахрда, Хорасанда, Иракта, Даشتі Қыпшақта, бір кездерде аксак Темірдің қылышына бағынған елдердегі және басқа елдердегі қайнаған саяси курестерге, үздікісіз арпалыстарға белуардан батты. Ол бақ, атақ іздел

отка да, суға да түсті. Сұлтандар мен бектердің табалдырығын жалады. Әрқайсысында бір мезгіл қызмет қылды: алдады, алданды, талады, таланды. Ақырында осыдан екі ай бўрын ғана, жыйырма бес жасында ол Фиратқа келді. Туғанбек Алоиддин Машхадиге күтпеген жерден кез бола кетіп, лезде достасып, осы хўжргө орналасып алды.

Туғанбек шала сауатты болса да, ғылым-білімнің қадірін білетін. Шәкірттердің кеңестері мен таластарына ден қойып, күлақ салатын, бірақ оны өзіне жат нәрсе деп санайтын. Оқу-білім — жуас, момын, сабырлы, салмақты адамдардың ісі. Туғанбектің есі-дерті алыс-жұлыс, айқас: ол жүйрік ат мініп, жұлдыздай ағуды, айқастарда онды-солды қылыш сілтеуді, табақ тартуда күші мен айласын асырып, жұрт көзіне түсуді, қамалдарға шабуыл жасауды, таумен таласқан қамал-қорғандарға батыр жігіттермен барып, саты қойып, қамал ішіне түсіп әлек салуды, дала халқының қыстауларына от қойып, мындаған қойларды олжалап айдал кетуді сүйеді. Туғанбектің бар арманы: бір аймаққа бек болып тұру, сөйтіп төнірегіне бір топ шапқыншы, жойқын жігіттерді топтап, айла-амалмен, алдау-арбаумен, док көрсету немесе басқыншылық жасаумен бектерді, әкімдерді өзара қырылыштырып, соナン соң Сұлтанның өзін қуып, такқа отыру, таж киу немесе қаңғып жүрген ханзаданың бірін такқа мінгізіп, бүкіл билікті өз қолына алу. Ол осы сияқты үмітпен өмір сүріп, осы жолда күресіп келді. Бірақ амал не, бұл арманын жүзеге асыра алмады. Туғанбек өзінің бұл ойын андаусызыда айтып салып, оның қара ниеті мен басын қоса кесуге көтерілген қылыштан өзін әрең құткарып, Фиратқа келді, осы медресені паналауға мәжбүр болды. Алайда Туғанбек сол бўрынғы ырайдан әлі қайтқан жоқ-ты. Онда әлі де болса бір сенім бар: Темірдің немере-шөберелері көп, олардың үрімбұтағы қебейгіш-ак. Бала—атаға, ата—балаға, аға—ініге, нағашы — жиенге қарсы шабуылға шығушылық бўл мемлекеттегі ежелгі әдет болып қалған. Бұдан басқа үлкенді-кішілі қалаларда, уәляяттарда да бектер, әкімдер бар. Мал-мұлік, сән-салтанат, әкімдік, мансап десе олардың араны ашыла түседі. Сондықтан Туғанбек қанды қырғын, ўрда-жықтардың үзакқа созылатынын андыйды да, қолайлы кезеңді күтеді...

Мешіт берген болмашы қаражатпен ғана күн көрген

шәкірттердің халі нашар еді. Қолдарында бар азын-аулақ «қорларын» қыс айлары әлдекашан ішіп-жеп қойған. Енді аптасында бір-екі рет қазан қайнатудың өзі бұларға мүң. Сатайын десе көзге ілінгендей ешнәрсе жок. Тамақ қамын ойлап, бастары қатқан кезде Тұғанбек: «Бір есебін табармыз да, Фираттай үлкен қалада сол да сөз бе екен» деп күнкілдеп, үйден шыға жөнелетін де, ішіп-жерлік бірдемелер тауып келетін. Оның қалтасы көптен бері бос екенін бәрі білсе де, қаржыны қайдан, қалай тапқанын ешқайсысы сұрамайтын. Бірақ бүгін бұл туралы әңгіме бірнеше сағат бойы айтылып жатса да, Тұғанбектен үн шықпады. Ол бәрінен түнілгендей, хұжренің бір бұрышына тығылып, қысық көздерін бір жерге қадап, мызғымай отыр.

Бірқатар хұжрелерде күніге екі мезгіл тамақ пісірілетін. Міні қазір сол куырылған еттің иісі келіп тұр еді. Ол хұжредегілер бұлардай жарлы емес-ті. Олар кілең атақтылардың балалары. Олардың қалталары алтын, куміске толы. Олар кештерін «сауық-сайранмен» өткізеді. Дос-жоралар жыйылып, шарап ішіп, ән-бимен таң атырады.

Көп кеңесіп, ешбір шара таба алмай дағдарған кезде, сірідей қатып қалған тықыр бөстекте хұжре төрінде отырған Алоиддин Машхади кішкене денесін бір қозғап қойып, үлкен сәлде оралған басын шайқап, ауыр күрсінді де, аумалы-тәкпелі дүниеге ызаланып, сол жайында жіңішке дауысын соза, былай деді:

Бұл заманда кор болған білімді адам,
Білгір деп дәріптелген өңшең надан.

Зәйніддин харажат табудың тәте жолын — Фираттың мол дәулетті, беделді бір мырзасына мактау өлең жазып, тарту етуді үсынды. Бұл пікірді бәрі де макұлдады, бірақ ол Алоиддинге онша жақпады, өйткені ол бұл істі жалғыз өзіне тән іс деп білді, өзгені серік қылғысы келмеді. Кім біледі, Машхадидың сыйлығы үсынған адамына керемет әсер етіп, ол акша ғана емес, сонымен бірге бірнеше кой, асыл бұйымдар берер, шекпен жабар! Машхади осы кезге дейін ешбір мырзадан мұндай сыйлық алып көрмеген болса да, ол осындаидай қыялға шомды...

Зәйніддин Алоиддинді жұмсаарту үшін жіңішке қастарын қайшылап, былай деді:

— Мен егер ақын болсам хақан, ибін хақан, Сұлтан Хұсайн Байқара хазретке айрықша бір жыр жазып, онан шапан киген болар едім. Оның басына бакыт құсы қонып, таққа отырып, жаны жай тапқанына екі апта болды. Оның жыраудан ешнэрсе аямай, үйіп-төгіп тастайтынына мен кепіл.

— Сұлтан хазреттің өзі ақын көрінеді ғой,— деді Сұлтанмұрат, — оның шығарған жырлары әдемі, жатық деседі. Таж киген, сөз мағнасын пайымдайтын адамның ақынға көмектесетінінде менің шубәм жоқ...

Алоиддин бұл сөздерді елең қылмаған адам болып көрінуге тырысса да, ішінен қынжылды. Зәйниддиннің айтқанын ол кекесін сөз деп түсінді. Сұлтанмұрагтың сөзіне: «жана патшаның өзі үлкен ақын. Сен оған жыр жазып әуре болмай-ақ кой» деген мағна беріп, басын төмен салып, ундең отырды.

Манадан бері үрпіп отырған Туғанбек өз әдетінше салмактанып:

— Сопы жем іздейді, жем табылса семіз дейді дегендей, енді ақ патшадан бірнэрсе жұлып тартпакшымысындар! Тәніріге сыйынындар... Таж киіп, таққа мінгендердің өзіне тән бейнеті бар: нөкер сақтау керек, камалды нығайту керек. Патшалар медреседен көрі, жауынгерлік жорық жайын көбірек ойлауға тиіс,— деді.

— Хұсайн Байқара хазрет әрі ақын, әрі ғалым деседі. Ол иғі істерге бел байлар деп үміттенуге болады,— деді Зәйниддин, сеніммен.

— Жауынға зар болған шөл сыйкты, карт Хорасанның халқы әділеттікті аңсал кутуде. Мүмкін бұл үмітіміз акталар.

Туғанбек селдір мұртын жуан саусақтарымен сылап, шыйратып, мыйығынан күліп койды. Алоиддин Машхади сыйырайған көздерін мүлдем шарт жұмып алды. Жақтырмай қалғанда өстетін оның ежелгі әдеті еді.

Осы кезде қызметші шал Хажі Салық кіріп келді. Ол дәруиши секілді, бишара қарапайым адам еді.

— О, ғалым, осында ма едіңіз,— деді Сұлтанмұратқа әлгі шал,— жолым түсіп, «Шарсу» жакқа барған едім. Халуа сататын досыңыз сізді және молла Зәйниддинді келіп қайтсын деп өтініш айтты. Мүмкін сіздерге өзінің жана жырын оқып берер, мүмкін басқа жұмысы болар...

Сұлтанмұрат қуанып, Зәйниддинге карады.

— Барамыз әрине,— деді Зәйниддин орнынан бір қоз

ғалып қойып, — шүйіркелесіп сөйлесіп, шер тарқатып кайтартмыз.

— Фират ғажап қала екен! — деді Туғанбек, басын шайқап. — Халуа сатушысы да ақын, кауап¹ сатушысы да ақын... Барыңыздар, оның жыры, күйі дәмсіз болсада, халуасының тәтті екені күмәнсіз ғой...

— Халуа сатушы Тураби — инабатты адам, — деді, Зәйнидин, жұлып алғандай, — қаласаңыз сізді де ерте баралық, өзіңіз көріп, баға бере жатарсыз.

Туғанбек мақұлдаپ, жымыйып қойды. Алоиддин Машхади көзін сығырайта ашып, теріс айналды.

Кешін намазын оқып болған соң, олар медреседен шықты. Ескі болғанмен таза, ұзын, кең, ала шапан киіп, бастарына қардай аппак сәлде ораған, медресе шәкіртеріне тән сылайылық және өр көкіректікпен, кеуде керіп кележатқан екі моллабетшәнің² өртасында келте тонды, үлкен бөрікті, шаршы денелі Туғанбек атқа көп мінгендікten, аяғын мамырлай, кере басып, компандап бара жатты. Ежелгі әдеті бойынша Зәйнидин жолшыбай көз ашып жұмғанша ғана кіріп шыға қоям деп, жолдастарын бір-екі жерге сүйреді. Туғанбек оны жактырмай күңкілдейді. Сұлтанмұрат мәз-майрам болып келеді. Зәйнидинге ілесіп жолға шыққан кісі жақын жердің өзіне жеткенше де шаршап, сілесі қататын. Әйткені әр көшеде, әр мүйіште оның әр алуан достары, таныстары, әзілкештері, тағы басқа сондайлары кездесетін. Зәйнидин олардың бірінен Фиратта бұрын құлакқа шалынбаған бір қызық оқыйғаны білетін, екіншісімен азын-аулақ әзілдесіп, сыңай айтып, маңындағыларды көзінен жас акқанша құлдіретін, үшіншісімен бір-екі мәселе жөнінде таласатын... Шеттен тұрып ақынның жаңа жырын, әншінің жаңа әнін тыңдайтын Фираттың көшесіндегі кезбе жігіттермен олардың өздеріне лайық тілде, солардың рухында әңгіме соғатын. Мұлгіген семіз қасаптың карнын, бақалдың майысқан таразысын, ауаны жаңғырта айқайын салған наубайдың³ нанын сықақпен әжуалайтын... Сөйтіп жүргенде кісі қаланын

¹ Кауап—шашлық.

² Оқып жүрген жас өспірімді өзбектер бұрын моллабатша деп етаган. Аударуши.

³ Наубай—нан пісіруші. Ред.

бұл шетінен кіріп, екінші шетінен шығып қалғанын сезбей де қалатын.

Сұлтанмұрат шыдамсыздық етіп, жалтарып кетуді көздең Гұғанбектің қолтығына кіріп, досының соңына еріп, аяғын шыйрақ басып келеді. Ол соңғы аптада медреседен шықпай, қаранды, ыза тепкен хұжреде кітапқа үнілүмен болған еді, ол бүгін емін еркін ауаға шығып, жол жүрген сайын бойы сергіп, серпіле түсті.

Фиратта көтім... екі жағында кейде ескісі, кейде жаңасы, кейде көріктісі, кейде көріксіз кезек кездесіп отыратын кесек дуалдармен коршалған үйлердің арасында, түрлі нақыштармен безелген екі қабат сәулетті зәулім үйлері бар көшелер, халық құж-құж қайнаған алаңдар, жасыл ағашты баулар күн нұрына бөленип тұр.

Зәйнидин қызық әңгімелермен жолдастарын құлдіруде. Кейде олардан аз уақытқа бөлініп, бір үйлерге бас сұғып, таныстарымен сейлесіп шығады да, айтып келе жатқан әңгімесінің жалғасын баяндауға кіріседі. Сұлтанмұрат досын ықласпен тыңдал, Фираттың көктемдегі көркем көрінісіне мейірлене қарап, шаттанып, көңілі серпіле тасып келеді. Ол Фиратты өте ұнататын. Айналасы биік қорғанмен қоршалған бұл үлкен қалада медреселер, мұнараалары көкке созылған мешіттер, өнерпаз өнерін салып безеген кең сарайлар, бау-бақшалар, гүлді алаңдар, көркем ағаштар арасындағы күміс сулы хауіздер, ұлы адамдардың, «ғазиз әулиелердің» келісті салынған мүрде-тамдары тағы сондайлар көп-ак еді. Сұлтанмұрат бұл жерлерге ауық-ауық келіп, терен ойларға шомып, кезіп жүріп қайтатын. Ол бұл шәһәрдің тарихына көңіл бөліп, оның үйлері, алаңдары, базарлары туралы ескі кол жазбалардан, мәлімдемелерден, тізімдерден мәліметтер жыйнай бастаған еді. Ол мәліметтерде бұл шәһәрді Искендір Зұлқарнайының қалғандығы айтылған... Сұлтанмұрат бір-екі жыл ішінде тарихи сәулетті зәулім үйлер жайында ондаған, Фират жайында жүзденген өлең, жырлар жыйнады. Фират қаласының ұлықтығы, көркемдігі, маңызы жайындағы барлық шығармалардың үзын ырғағы бір еді:

Фират барлық қаланың көзі, шамы
Жаһан егер тән болса, Фират жаны.

Фират жұрты өз қаласын мактанды ететін, оның то-
пирағын алтынға, бау-бақшасын үжмаққа, суларын кәу-
сарға балайтын. Бұл шәһәрді Самарканнан, Бағдадтан,
Мысырдан, Англиядан және Қытайдан келген саяхат-
шылар да таң-тамаша қылатын.

Зәйниддин тоқтап, Фираттың атақты оюыш шеберімен
сөйлесіп қалды. Бұл жер бір дөңес еді. Бұл жерден
шәһәрдегі ғажайып үлкен құрылыс — «Ішқияридин
қамалы» айқын көрінеді. Бұл — кат-қабат тау секілді.
Заңғар биік төңірегі дуалмен коршалған, маңында тәбе-
төбе болып топырактар үйіліп жатқан Фираттан бойы
асып, өктемдік етіп тұрған зор қамалдарды
көп көрген, ұрыстарда талай қамалға тайсалмай ша-
буыл жасаған Турғанбек кішкене, қыйғаш көздерін қы-
сып, қамалға қадала қарады. Бұл көрініс Сұлтанмұрат-
ка шәһәрдің ерекше қасиеттері жайында косымша мә-
лімет берді. Мұнан кейін олар шәһәрдің оңтүстігіндегі
«Мұлк қакпасы» мен «Қыпшақ қакпасы» аралығындағы
мешіттің күнге шағылыскан жеті күмбезін сөз қылды,
ылдыйда күж-күж қайнап жатқан үлкен базарға карас-
ты. Үлкен үш көшениң түйіскен жеріндегі үлкен базарда
зер шапан киіп, азнаған, бедеу мінген маңғаз бектер,
теңселе басқан бекзадалар, жібек шапан, кестелі мәсі
киген байлар, есек мінген жалба-жұлба дихандар, тір-
шілік әрекетімен зыр жүгірген жарлы қолөнершілер,
қылмыстылардың бірін «маскарайлау» үшін көшени ара-
лай айдаған қаһарлі нөкерлер, маңындағы шапқын-сур-
гінмен ісі бөлмай, ойға шомып, жайбаракат отырған
бөз шапанды дәруиштер көрінеді. Ары-бері өткендердің
жолын тосып, етегіне жармасумен болатын кедейлер
шәһәрдің басқа базарларына қарағанда бұл жерде кө-
бірек еді. Зәйниддин Сұлтанмұраттың шынтағын тұртіп
қалды.

— Сонау тұрған дәү, — деді ол біреуді нұсқап, —
Хайдар палуан... Ирактан келген Муфрия календармен
«Хаузи Михия¹ да күресіп, соққы жеп, аяқ сүйегі пар-
ша-парша болып сынған еді. Сүйекші шайх Хұсайн ая-
ғын шұқырға көміп, қырық күнде әрең жазған... Анау
тәлтіректеп жүрген масты көремісін, ол — өз өмірінде
бес жұз мың өлең жазған үлі ақынның немересі... Бұл

¹ Фиратта үлкен ойындар болып тұратын алан.

да ақын. Бірақ бұл өзінің жазғандарын жаңынан ақша төлеп тыңдатады! Анау, бақалдың жаңында тұрған шоқша сақал, бүкірейген шал — бұхаралық ўста Ариф... Ол отыз түрлі өнер біледі: ол суретші де, оюшы да, зергер де, шаштараз да, кітап тұптеуші де — бәрі де қолынан келеді. Анау қасқа жорға мініп, кекіп тұрған адам осы шәһәрдің биінің жиені, ешкім бетіне келмейтін шадыр. Сақал мұртыңды қырдырған күндері оның жаңына жуый көрмендер!

Сұлтанмұрат пен Туғанбек бұған шегі катып күлісті. Біраздан соң олар ылдыйға түсіп, қалың топқа араласып кетті. Қалың топты аралап жүріп отырып, «Карға бауына» келіп жетті. Бұл жерде патша сарайы болатын. Олар сарай қақпасының алдына бектердің, үлкен мансаптағылар мен карулы нөкерлердің әдеттегіден көп жыйналғанын көрді.

— Е, патша бүгін бір жаққа шығады екен, немесе бұлар бір жақтан келетін елшіні күтіп тұр, — деді, Зәйніддин кідіріп.

— Солай болар, көздері ойнақшып, аландалап тұр ғой түгі — деді Туғанбек.

— Күтеміз бе? — деді, Зәйніддин Сұлтанмұратқа қарап.

— Жүр, жүрелік! Аяқта дәрмен қалмады, — деп Сұлтанмұрат зорлап алып кетті.

Сатармен аларманға толып, дан-дұңы күшейген «Шарсу» базарына таянғанда, Туғанбек кенет тоқтай қалды. Жолдастарының өтінішіне күлақ аспай, ол осы жерде олардан айрылды да, базардағы қалың көпшіліктің ішіне кіріп, жоқ болды.

— Тағы, маңғол жыр тыңдаудан кашты — деді күліп Сұлтанмұрат.

— Мейлі... — деді Зәйніддин колын сілтеп, — мүмкін ол Алоиддин бишарага азын аулақ нәр тауып апаар.

Шеті күлап тұрған кішкене дүкенде дөңгелек үлкен табактарға үйілген неше түрлі халуалар арасында отырған, жатық мінезді, байсалды, көз жанары жарқын, жасы қырықтар шамасындағы ақын Тураби достарын қуанып қарсы алды. Әуелі көрмегелі көп заман болғандай, хәл-әхуал сұрасып, соңан соң дос-жарлардың, тамыр-танаистардың амандығын, шаруаларының жайын білісті. Бірнеше бөгде әңгімеден кейін ол достарын балаханаға көтерілелік деп шақырды.

Зәйниддин көшеге қараған төрөзені ашты. Үй ішіне жарықпен бірге көктемгі қош исті самал кірді. Төбесінө үзын адамның басы тірелгендей ескі балахана әшекейлі алашалармен, тұсті мatalармен безелген еken. Бұл — бейнетпен күн көру, халуа пісіріп, ертеден кешке дейін онысын алушыларға мактап айқай салу, тіршіліктің көңілсіз машахаттарын бастан кешіру — міне мұның бәрі жасын жасытпаған, көркемөнер күмарлығы, ынтажігері кемімеген, ақындық қыялы шарықтаған жұпымығана адамның меймандарды қабылдайтын бөлмесі еді. Бұл үйге Фираттың ғалымдары мен ақындарының белгілі бір тобы ауық-ауық жыналышп, араб, иран, түрк тілдеріндегі көркем шығармаларды оқып, қызу кенесіп, өзара айтысқа түсіп, ғылыми мәселелер жайында пікір алысып тұратын.

Текшелерге қаланған кітаптардың көбісі қонақтарға таныс болғандықтан олар, жаңа кітап барма еken деген үмітпен, бір көз жүгіртіп өтті де, жүрелеп терезе алдына отырысты.

Базардағы уу-шу, теміршілер мен зергерлердің дүкендері, дамылсыз даң-дұң дауыстар басты қаңғыртқандай еді. Біраздан кейін халуашы ақын, тандырдан жаңа шыққан екі күлшені, нақышталып істелген әшекейлі патносқа салып, бір кесек халуа әкелді. Кішкене дастархан жайып, күлше нандарды турады да, өз әдеті бойынша, қонақтарын жеуге қыстады. Шәкірттер буы бүркыраған ыстық нанды, уылжыған халуаға қосып лезде жеп тауысты. Сонан соң ақынның халуа істеуге шеберлігін дәріптесті.

— Аузымызға қант-набат салдыңыз, — деді Зәйниддин сирек мұртын сүртіп жатып — ал өлең-жырларынызben көnlіmізді қош етсеңіз деп тілейміз...

— Сіздердің көnlіlдерінізден шыққандай жыр әлі жазылған жок, — деді ақын, әк түсे бастаған сақалын сипап, — кейбір шала нәрселер бар, оны оқығанмен көnlіlдеріңіз көnши қоймас. Сіздермен бір шүйіркелесіп сөйлесіп отыруды аңсан шакырған едім.

— Біз енді осында боламыз, — деді Сұлтанмұрат оған қарсы болып. — Бізге өлеңдеріңізді оқып беріңіз. Ақындар қаласы болған Фиратта тұрып, Алоиддиннің зорланып күрастырған кейбір өлеңдерінен басқа, бір апта бойы ешнәрсе естігеміз жок...

Халуашы жайлап орнынан тұрды. Текшеде тұрған қа-

лың кітаптардың бәрін алып, оның ішінен бір жапырак судыраған жаңа қағазды Зәйніддинге үсынды. Зәйніддин қағаздың бетіне бір көз жүгіртіп өтті де, оны Сұлтанмұраттың тізесінің үстіне қойды.

— Өлең оқуға келгенде сенен озар адам жер ыклымнан табылmas десем қаталаспасын. Қәне, оқып жібер.

Сұлтанмұрат шынында да өлеңді келістіріп оқый білетін. Ол оқығанда жалынсыз жасық сөздер де жақсы естілетін. Ол өз досының өлеңіндегі кейбір кемшіліктерді жаба тоқып жіберу үшін, мүмкін болғанша әсрелеп оқуға тырысты. Өлеңді ең алдымен үндестік жағына қарап бағалайтын Зәйніддин үйіп тындал, өлеңнің ырғағына карай теңселіп отырды. Өлеңдер оқылып болған соң, жалпы алғанда жақсы деп баға берді де, жеке теңеулері, әсрелеу туралы әңгіме козғап, олардағы ақынға тән көркемдік, шарықтау бар екені айтылды. Ғираттың бір сұлуы туралы жазылған бір өлеңді көнілді жыйындарда айту үшін Зәйніддин сұрап алып, төрт бүктең, сөлдесінің бір шетіне кыстырып қойды.

Сұлтанмұрат сопылар рухында жазылған бір толғауды мақтап, оның кейбір жолдарын бұл сыйқты толғаулардың ең жақсы үлгілерін берген Хафіз Шеразидың және өзімен замандас атакты ақын Жәмидің толғауларамен салыстырды. Осының себебімен ол түрлі уақыттарда оқыған және есінде сақталған, ондаған ақындардың толғауларын түйдек-түйдегімен жақта соғып, түсіндіріп, философия хикматін баяндай бастады. Ол сөзін аяқтаған кезде, ақын өз шәкіртінің не істеп жатқанынан хабар алғалы дүкеніне кетті. Сонда да өлеңдер және ақындар туралы әңгіме үзілген жок. Зәйніддин Ғираттың ескі, жаңа ақындарының бір қатарының шығармаларындағы жақсылы, жаманды болсын, бірақ әйтеуір қызық жақтары жөнінде, өзі мұқыят тексеріп шыққан адамдай, қызықты нәрселер айтты. Соңынан ол кейбір ақындардың жеке өз табыстарының өмірі, қызықтары, дағдылары туралы да қызықты аңыздар айтып берді. Хұрметті Жәми мен Сағарі арасында болған әзіл ойындардың ең қызықтарын айтқанда, Сұлтанмұрат шегі катып, каркылданап күлді. Ол күлкісін тыя алмай, досына: — «жетер жаным, болды ғой» — деді, демін әрең алып. Сол кезде Тураби келіп кірді.

— Дүкенге түсіп шыға қоям деп, бүкіл қаланы айна-

лып қайттыңыз ғой деймін — деді Зәйниддин, салмақты қалыпқа қайта түсіп.

— Эттең сіз болмадыңыз, — деді Сұлтанмұрат, жаспен суланған көзін сүртіп. — Зәйниддиннің ғажайып сөздерінен маҳрум қалдыңыз.

— Мен, — деді, халуашы, қуанышты жүзбен, — әр сөзі баға жетпес каяндардай бір азamat туралы тамаша хабар біліп қайттым.

— Я? — деп екі шәкірт бірдей түгіле қалды.

— Шәһәрімізге Әлішер Науай қайтып келіпті.

— Рас па?

— Әрине, бүкіл қала айтып жүр, қала жалған айта коймас.

— Оны карсы алуға бару керек екен, — деді Сұлтанмұрат орнынан қозғалып.

— Біз қапы қалыпбыз, ол осынан үйіне қарай өтіпті, — деді халуашы, колымен Сұлтанмұратқа отыр деп ішарат етіп. — Зәйниддин сіздің Әлішермен жыйында бір болғаныңыз бар ма?

— Болғам жоқ. Бірақ ол бірнеше рет біздің медресеге келген еді. Үстаздарымызben аралары жакын еді.

— Гүлдер арасында ўшқан көбелектей, — деді халуашы ақын, — ол жасынан ғылым мен көркемөнер адамдарының, өлеңшілердің және ой-пікір адамдарының арасында...

— Әлішер Науайды көрген емеспін, — деді Сұлтанмұрат, бірақ Фиратқа келген сағаттан бері әлемде сирек кездесетін бұл адам жөнінде жүрттың таңдана сөйлеген сөздерін талай есіттім. Ол ғылым мен білімнің дариясы көңліне жайланаған адам көрінеді. Оның өлеңдеріне ешбір баға жетпейді. Біз өз сөзіміздің асыл қазнасын жасауға өз жырымыздың Фирдауси, Низами тәрізді алыптарын шығаруға ынтық едік. Аллаға шүкір. Мархабат етіп, ол кісінің өмір баяны жөнінде бір білгеніңізді қалдырмай айттыңыз. Мен оның хасиеттері туралы көп естісем де, өмір баяны жөнінде ешбір сөз есіткен емеспін.

Тураби ақын басын төмен салып, біраз ойланып алды да, көзін сүзіп әңгімесін бастады:

— Мен бір бишара адаммын ғой. Әлішер мырзамен ешбір карым-катынасым, байланысым болған емес, бірақ Фираттың әрбір адамы сыйқты менің де оның өмірінің кейбір кезең туралы есіткенім бар, Әлішер осы қалада бір мәртебелі адамның семьясында тұрған. Ата

бабалары Темірдің әuletіне көп қызмет қылған... Элішердің әкесі ғылым-білімнің қадіріне жеткен адам. Ол Эбулқасым Бабурдың заманында Сәбзіуардың әкімі болған. Ол өзінің сүйікті ұлына жасынан жақсы тәрбие беріп, жақсы хасиеттерді бойына сіңірген. Элішер ғылымның барлық тарауларын зерттеп, барлық ғылымды шексіз сүйген адам. Тағы бір айтарлық нэрсе, бұл Элішер мен қазіргі сұltан Хұсаин Байқара екеуі бала жастан дос екен, екеуі бір мектепте оқыпты.

Элішер, біз мұны жақсы білеміз, бала кезінде екі тілде өлең жазып «екі тілде» деген лақапben атағы шықты. Элішер Эбулқасым Бабур марқұмның сарайына қызметке кіргенде, шамасы он бес жаста еді. Сол кезде жазылған оның өзбек және фарсы тілдеріндегі өлеңдері халық арасында да, ақындар арасында да зор баға алды. Фарсы тілінде жазғанына «Фани» деп, түрк тілінде жазғандарына «Науай» деп қол қойған бұл бала, сөз тенізінен тамаша меруерт тауып шашқанда, ең шебер қалам иелерінің өзі таңданды, әлі есімде, Фираттың ең көрнекті ақындары өздерінің жыйынында оның алғаш жазған жыларын талқылады...

— Лутфи сыйкты, атағы әлемге жайылған карт ақын, жас Науайдың түрк тілінде жазылған бір өлеңіне өзінің бүкіл өмір бойы жазған өлең-жырларын айырбастауға өзір екенін білдіргені рас па, бұл жөнінде не айтасыз? — деді Сұltанмұрат сөзге араласып.

— Ол сөзсіз шын. Ұлы мәртебелі Лутфидің өзі Элішердің сыйкырлы қаламын маған әлденеше рет дәріптеді, — деді Тураби. — Ана тіліміздің сарқылмас асыл кенін жас Науайдың керемет қаламы ақтарды. Элішердің барлық ғылымдардағы құдret пен таланттың сіздер үстаздарыныздан, қазіргі заманың ұлы ғалымдарынан сұраныз. Элішер Фиратта, Машхадта көп жыл оқыды.

— Хұрметті мударрис Фасхиддиннің сөздеріне қарашанда, — деді Сұltанмұрат, — Элішер адам пікірінің барлық тарауларын жақсы менгерген көрінеді. Ол тарих, философиядан бастап, оқ ату және музыкаға дейін ешбір өнер білімді қалдырмаған деседі.

— Элішер Науайдың қолжазбасы өте әдемі, деді Зейніддин мақтаныш сезіммен. — Оның кейбір музыкалы шығармалары оның музыканы жете білетіндігін

дәлелдейді. Ол музыка білмеу ақын үшін зор кемшілік, деп есептейді екен.

— Өте дұрыс талаң, — деді Сұлтанмұрат, — ақын сөз музыкасын ғана емес, ой-пікір музыкасын да білуі тиіс. Я, сонымен Әлішер Науай Самарқанға ресми бір тапсырмамен барды ма екен?

— Жоқ, оқу үшін барған, — деп жауап берді оған Тураби.

— Оқу үшін дейсіз бе? — деп сұрады Сұлтанмұрат, сеніңкіремей. — Ұлығбек заманында Самарқан шынында оқу-білім қазнасы еді. Ол заманғы Самарқан қайда? Қазір ол мубәрак қалаға бір топ надан шайхтар үялаған. Ғылымның, көркемәнердің, кітаптың орнына сопылардың тәспі санап, зікір салуын көресін. Ғылымның күні Самарқанин Фират үстіне көшті. Самарқаның ең көрнекті ғалымдарын Фираттың әрбір медресесінен онандап табуға болады...

— Меніңше, бұл хабарыңыз шындыққа жанаспайды — деді Зәйнидин сөзге араласып, Турабиге.

— Азырақ сабыр етініздер достарым, — деді, Тураби Зәйнидиннің сөзін бөліп. — Мен сіздерге мұны дәлелдеймін. Жұмақ сыйқты Самарқаннан келгендер және сауда немесе басқа жұмыспен сол жаққа барғандар Әлішердің онда немен шұғылданғанын айтып келіп журді. Әлішер онда атақты заң ғылымының ғалымы Хожа Фазлиолла Әбуллайсдан сабақ алады екен. Ғалым мен екеуінің арасы әке мен баладай жақын болыпты. Самарқаның әкімі және жақсы ақын Ахмет Хажыбек те Әлішермен достық қарым-қатынаста болыпты. Мен Әлішердің қандай өмір сүргені туралы да толық хабар есіттім. Әлішердің үсак-түйек қаражатқа да тенгесі болмай қалған күндері болыпты. Оның өркеуделігі, ешкімге жалынышты болғысы келмейтін бірбеттілігі үлкен әс-кер басы Ахмет Хажыбек сыйқты досынан жәрдем сұрауына жол бермепті. Бұл әңгімені Әлішердің барлық жақындары біледі. Мұның несін өтірік дейсіздер?

— Дұрыс, — деді Зәйнидин жалма-жан сөзге араласып. — Егер Әлішердің өзінен сұраса, ол кісі де, мүмкін, сіз сыйқты жауап берген болар еді. Оның Хожа Фазлиолла Абдуллайстан сабақ алғанына да біз сенеміз: бірақ бұл ғылыминың тек сыртқы жағы.

— Енді шыны қайсы? — деп сұрады Тураби.

— Кейбір сенімді адамдардың айтуына қарағанда,

Әлішер мен мархұм патша Әбусаид мырзаның арасындағы қарым-қатнас өте салқын болған. Әбусаид мырза Әлішердің Фиратта тұруын үнаптаған. Сол себепті мұнан үш жыл бўрын Әлішер Фиратты тастап, Самарқандага кетуге мәжбур болған. Ал енді патша мен ақынның арасындағы араздықтың түп себебіне келсек, ол мемлекет басқару саясаты жөнінде екеуінің көзқарасының екі түрлі болғандығы шуббесіз. Ендеше сабыр етініздер, достарым, мен сіздерге кейбір оқыйгаларды баяндайын: Мархұм Әбусаид мырзаның қас дүшпаны қазіргі тақ иесі Байқара болғандығы жүртқа мәлім. Бұл хазрет пен Әлішердің арасында ерте кезден дәстүрк және жақындық бар. Оның үстіне Әлішердің нағашылары Хұсан Байқара хазреттің жақындары болған және олар Байқараның тақ үшін күресіне жәрдемдесекен. Міне бұл жағдайдың Әбусаид мырзаның Әлішерге шектеніп, шуббәләніп қарауына себебі болғаны енді айқын емес пе?

Тураби қарсы болған жоқ. Қарсы болуға дәлел таба алмай, жерге қарады. Бұл таласты ден қойып тыңдалып отырған Сұлтанмұрат жолдасына бір қарап, былай деді:

— Зәйнiddиннің сөзінде шындық көбірек байқалады. Менің досым Зәйнiddиннің күн сайын бес рет қайталайтын намазда жаңылуы мүмкін, ал бірақ ол Фиратта болған оқыйгаларды баяндағанда әсте жаңылып көрген емес.

Бұл сөзге барлығы күлісті. Сол кезде Турабиге жаңа меймандар келді, олардың берінің де аузында бір ғана сөз: Әлішер жайындағы әңгіме еді.

II

Туғанбек үзак уақыт базар аралап жүрді. Наубайхана дағы нанның, аспаздар айқайлады, мақтап сатып жатқан әралуан тамақтардың исі мұрның жарып, аузынан сілекейін шұбыртты. Аштық ішін шұрылдатып, шыдаттай барады. Амал қанша, жанында көк тыйын жоқ.

Бұдан үш ай бўрын қаңғып-қаңғып осы жерге келгенде, Туғанбектің жанында жыйырма бес динары¹ бар еді. Тежеп, тергеп жұмсауының арқасында бұл қаржыны біраз уақытқа созды. Міне енді, екі аптадан бері оның жанында бір теңге де жоқ... Ол уәдеге қарық қылыш, кейбір қасаптар мен аспаздардан бірнеше динар қарыз-

¹ Динар — жарты сом шамасындей.

ға алып та үлгірді. Сатуға жарайтын нәрседен онда сабы піл сүйегінен істелген, күміспен қапталған жалғыз қанжар ғана. Бұл карудан оның ажырағысы жоқ. Біріншіден ол, қанжарға жаңы құмар адам. Кейбіреулер дуаның, тұмардың күдретіне қандай сенетін болса, ол қанжардың да сыйқырлы күшіне сондай сенетін. Екіншіден бұл қанжар ата-бабасынан қалған мұра болатын. Бұл қанжар оның атақты бабаларының жорықтағы жолдасы болған!

Туғанбек тамақ асырау үшін базардан жұмыс іздеген жоқ. Ол жұмысқа мойны жар бермейтін, өзінің тамағы үшін өңбек етуді қорлық деп білетін. Ал енді ат мініл, қарлы борандарда апта бойы тентіреп, тау асып, сел кешуді, жаздың қайнаган күндерінде Азияның шексіз шөлдерінің өрттей ыстығына, күм толқындарына шыдап, арып-ашым, шөлдеп жаһаннам кезіп жүруді ма-шахат деп есептемейтін.

Туғанбек құж-құж қайнаган Фират базарын түгел арапал өтіл, Индия, Иран, Қытай, Мысыр товарлары қаланған дүкендерге телміре қарады. Жириен ат мінген сәулетті бектерді көргендеге қызырып, көзі оттай жайнайды. Кешке жақын Туғанбек қару-жарак сататын бір шалдың дүкенінің алдына келіп тоқтады. Қутындаған, кішкентай, пысық шал оны шірін сөзбен қарсы алды:

— Не керек еді бек жігіт?

Туғанбек үндемеді, кең тонының сыртынан беліне байлап алған қанжарын алып, шалға үсынды.

— Мені бір пакыршылықтан күтқарыңыз кәрия, жақсылығыңызды көзім тіріде үмытпаспын, өз әкемдей есте сактармын.

Шал өз ісіне мұқыят еді. Болатты таңдауға өте шебер болатын. Қандай болат екенін ғана емес, сонымен бірге оның шыққан жерін — Бағдатта ма, Исфаханда ма, жоқ Самарқанда ма, қайда істелгенін мұдірмей айтып беретін.

Шал қанжарға бір қарады да, көзі жайнап куаныш кетті. Туғанбекке бастан аяқ бір қарап шықты да, арзанға түсіру үшін салқын қанмен, көңілсіз, босаң сөйлемді...

— Бек жігіт, мен алушы емес, сатушымын. Осындағы бүйімның қадіріне жететін алушыны іздейін. Ал бірақ, шынымен тарығып тұрган болсаң, амал не, мұқтаждықтан күтқаруға әзірмін. Мен өз өмірімде мешіт-медресе

салдырған емесіп, әулилерге ескерткіш орнатқам жок, меке барып, пайғамбарымыз басқан топырақты алып көзіме сұрткен емеспін. Алланың ол дүниесіне не деп ба-рамын?

— Қерия, — деді Туғанбек мандайын қасып, — мен мұны сатпақшы емеспін.

— Ал, мақсатыңыз не? — деді шал үші сүйір, үзын сақалын тұтамдап.

— Қанжарды сізге кепілге қалдырам, — деді оған Туғанбек дүкен шетіне отырып. — Маған бес динар беріңіз, дәл бір айдан кейін алты динар әкеліп беріп, қанжарымды қайтып алайын. Егер тағдір нәсіп етпей, акша таба алмай қаласам, сонда саудаласармыз, өзіңіз ынсанпен бағаларсыз...

Шал көзін қалың қасты қабағының ішіне жасырып, бір ауық үндемей қалды да;

— Мені қатты қыйнадың жігітім, не істесем еken?.. деді қыйналып.

— Мен сізге амалсыз, келіп тұрмын, — деді Туғанбек жалынышты дауыспен. — Нәресте кезімде әкем осы қанжарды менің жастығымның астына қойған еken. Ес біліп, етек жыйғалы жанымнан тастанмай сақтап келем.

— Жақсы жігіт, мен білемін. Осы бір парша болат сені түрлі пәледен құтқарған, бұл қанжар талай қыйғаны есіне түсіретін болар. Соның ушін сен мұны қатты қадірлейсің ғой. Сен мені бұл қанжарды кім болса соған үсынады еken деп ойлама... Жок, өзің сыяқты парасатты жігітке беремін мұны. Ол өзі жақсы қанжарды сұлу жардан да артық көретін бекзада.

Туғанбектің үміті кесілді. Қолын қанжарға қарай созды. Бірақ шал мұндай қымбат бүйымды қолынан шығарғысы келмеді. Бір айдан кейін мүмкін арзан сатып алармын деген үмітпен, қалтасын ақтара бастады.

— Жарайды, балам, жігіт сөзін қайтару — ерлердің ісі емес-ті.

Туғанбек бес динарды алғып, белбеуіне түйді де, қоштасып, орнынан тұрды. Енді аштық қасретін айдал шығарсадағы, жүргегінің бір паршасы үзіліп түскендей, ауыр қайғы, тұңілу басты. Қанжарды қайтып ала алам ба, жоқ па, деген күман оның ойынан кетпей қойды. Тағы біраз уақыт кезіп жүрді де, бір кезде қолын бір сілтеп, асқанаға кіріп, тоя тамактанды. Ымырт жабыла ол медресеге жөнелді. Фираттың «Ферузабад» қақпасы-

на қарай баратын үлкен жолда шарапханаға кірді. Үлкенді-кішілі шөлмектердің артында, аласа орындықта отырған іркілдеген семіз, мұлгіген мас шарапшыдан бір үлкен кесе шарап сұрап алды да, екі шырақ қатар жанған үлкен бөлменің бір бўрышына барып отырды. Бўл жерде бірталай адам бар еді. Біреулері жеке отырып, ішіп, ойға шомуда. Енді біреулері қораланып, октын-октын бір-біріне кўйып отыр. Бір шетте төрт-бес кексе адамдар өз алдына сауық кўрудада. Олардың бірі булықкан дауыспен фарсыша жыр айтып отыр, Басқалардың қауғадай сәлделелері эннің ыргағына ўйып, бастарын шўлғып отыр. Шәһірдің атақты бейбастарының бір тобы бір-бірімен бәсекелескендей, кеселерін кідіртпей сіміріп салуда. Аяғын әрең басып тўрган бір ақын тұтығып, өзін мактауда. Өзбек — фарсы тілдері аралас естілген дан-дүң шудан бас айналғандай.

Қазактар қымызды қалай көп ішсе, шарапты солай сіміретін Туғанбекке екі кесе ішкілік кэр қылған жок. Шөлдеген түйедей Туғанбекке ол жўқ болар емес. Ол әдетте ішуге кіріскенде ақша аямайтын. Бірак Фиратта, келістіріп ішуге болатын жерде ол әдетінен тартынған еді. Ол тағы ішкісі келіп, ынтығып тўрса да, өзін өзі зорлап тоқтатты. Өзінің жанынан артық көретін ата мұрасы қанжары үшін алған ақшаны шашып құртпайын деп, орнынан түрегелді. Бірақ, ол есіктен шыға бере «Ей Туған, иттің баласы!» деген дауысты есітті.

Туғанбек артына жалт қарап еді, көрия адамдардың тасасында жалғыз отырған Тұкті мергенді көрді. Туғанбек хызырға жолыққандай куанып кетті, бірақ сыр бермей, байсалды пішінмен амандасты да жанына келіп, молдасын қўрып отырды. Ол зор денелі Тұкті мерген мұнымен Бадахшан әкімінде бірге қызмет еткен еді.

Тұкті мерген иығын бір көтеріп қойып, езу тартты да, «кәні баяғыдай бір сімірші» деп, өзіне басқа кесе сұрады. Баяғы кундердегідей екеуі соғыстырып ішіп алды да, бір-бірінен халжай сўрай бастады. Туғанбек бастан кешіргендерін және қазіргі жайын салмақпен баяндағы. Тұкті мерген Ирактан мұнан бір апта бўрын келіп, «Ихтияриддин» қамалына қызметке кіргенін білдірді. Ол Туғанбекті білімді, іс білетін жігіт деп есептейтін. Оның мүндай сергелденге түсіп қалғанына ашынды.

— Уақыты-сағаты болғанда бақыт құсы колыңца өзі

келіп қонады, — деді ол жолдасына қарай ығысып, — білемін сен лек-лек әскерге басшы болғандай жігітсін. Сен асықпа, сабыр ет, қайғырма, күнінді көре тұр.

— Не дейсін? — деді Туғанбек оның сөзін жақтырмай, — мешітке соғы болайын ба немесе шөлмек істеу-шіге шәкірт бол деймісін?

— Бұл жерде менің айтқанымнан шықпайтын бір адам бар. Ол туықандық жөнінен де менен онша қашық емес... Менің түбім Ғираттық екенін білесін рой. Ол атымтайдай жомарт адам. Әкімнің алдында оның ықпалы зор, достық атын айтып ант етем: кеше ол маған жолығып «Ержурек, кішіпейіл бір жігіт тап, біздің қызыметімізде болсын» деген еді. Менің де қамалға кіруіме сол адам себеп болды. Қаласан, қазір-ақ барып жолығуға болады.

Туғанбек кеседегі шарапты қағып салды да, тонының жеңімен селдір мұртын сұртіп, қалың ернін тістеп, ойланып қалды.

— Білемін, мойның жар бермей тұр ау, сірә, — деді Тұкті мерген ренжіп. — Оның бекер. Сен ол адамның қарамағында соның шашпауын көтеру үшін ғана боласын. Түсіндің бе?

Туғанбек досына тігіле қарады. Оның жаудіреген көзінен шын тілеуlestікten басқа ешбір белгі сезбеген-соң, нак сол жерде ризалығын білдірді. Екеуі тағы да бір-бір кеседен жұтып алыш, орындарынан тұрды.

Оларды қолына фонар ўстаған, бір ширак шал қақпа алдында қарсы алды. Туғанбек тесіле қарап, пішінінен оның құл екенін аңғарды. Шал бұларды шірін сөзбен қарсы алды, ішкөріге кіргізді де, өзі бір жаққа кетіп, жоқ болды. Қөп ўзамай алышырақтан есік сықырлап ашылды, шалдың даусы естілді.

— Мұнда келіңіздер!

Туғанбек досының сонынан ере қіргенде, төрде қалың көрпенің үстінде, малдас құрып отырган, орта жастағы көзі оттай жайнаған, өзіне өзі сенімді бір маңғазға оның көзі тұсті. Бұл — Темірдің баласы Шахрух билеп тұрган кезде үлкен мансапқа ие болған Ғасидин Пір Ахмет Хаяфидің баласы Мәждиддин Мұхаммет еді. Ол Әбусайд мырза дәүірінде бас мекемеде істеуші, кіші қызыметшілердің бірі болған. Қазір ол Хұсайн Байқарының жиені, «кіші мырза» Мұхаммет Сүлтанның уәзірі.

Туғанбек сәлем беріп, қол алды. Тұкті мерген отыр-

ғаннан кейін, тонының етегін бүктеп Туғанбек те отырды. Мәждиддин қарсы алдында тұрған мыс шамдалды әрірек итеріп қойып, Туғанбектің тонына және көзіне бір қарап өтті. Еңгезердей Тұкті мерген жылқыдан жуас, қойдан қоңыр болып, мұләймсіп отыр. Ескі тоңды Туғанбек — қайсар қара күштің иесі еді. Мәждиддин Тұкті мергенге салмақпен қарап, әдейі, әдеттегі тілмен сөйлемеді: «Кешегі сөзімді шын көріп, құлағына құйып алған екенсін, мерген. Бұл жігіт саған аттың қасқасындаі белгілі ме? Қолынан іс келетін жігіт көрінеді, амал жоқ, аламыздағы».

Тұкті мерген Туғанбекті сыпаттап, мақтай бастап еді, Туғанбек оған қабағын түйген соң тартынып қалды. Мәждиддиннің көз қарасы, сөзі оған қатты тиген еді. Ол тұмырайып қалды. Мәждиддин оны байқаса керек, даусын, сөз мәнерін дереу өзгерте қойды:

— Бізге қызмет ет, інішек, сірә бізден жамандық көрмессін, — деді ол.

—Мениң істемек жұмысым не болады? — деп сұрады Туғанбек, көңлі толыңқырамай.

— Ха-ха-ха, — деп күлді Мәждиддин, қою, қара сақалын селкілдетіп. — Мен саған, інішек, нағыз жігітке лайық қызмет тапсырамын. Қадамың құтты болса мәртебәң үлғаяды...

— Астында арғымақ ат болады, — деді Тұкті мерген сөзге араласып. — Дастанхан арқашан алдында... Солай емес пе тақсыр?

Мәждиддин жымыйып, тек басын изеді. Туғанбек бойын түзеп, серпіліп қалды. Таңертен келуге рұхсат алып, досымен бірге үйден шықты.

ЕКІНШІ ТАРАУ

I

Сұлтанмұрат сабақ алу үшін Фасхиддиннің хұжресіне кіріп келгенде, танданғандығы сонша, анырып тұрып қалды. Су жаңа, көк жібек шапан киген үстазы, жаңа тақыяға сәлде орап жатыр еді. Оның албыраған ашық жүзі, көркем ақ сақалы, бүкіл келісті тұлғасы оның асығыс және қуанышты екенін білдіріп тұр еді. Сұлтанмұрат Фасхиддин үстазының үлы мәртебелі біреудің үйіне барғалы жатқанын анدادы. Үстаз сәлдесін орап

болып, шайы шапанын сыйсап-сыйпап қойды да, күлім-сіреген қалпымен Сұлтанмұратқа:

— Бүгін сізге бостандық. Әлішер Науайды патша хазрет, мөр сактаушы қызметке тағайындасты. Ерте кезде Әлішер мырза біраз уақыт менде оқып еді. Мен оның жоғары мансапқа ие болғанына күттү болсын айтуға міндettімін.

Сұлтанмұрат патша мен Әлішер Науайдың ертеден дос екенін есіткен болса да, оны аз күн ішінде мұндай қызметке жоғарылайды деп ойламаған еді. Ақынның күш күдретін оның болып кеткен қалаларынан білген, ғалымдығы жөнінде әркезде кейінгі қундерде жұрт аузынан неше алуан әңгімелер есіткен Сұлтанмұрат оның жоғарғы мансапқа ие болғанын есітіп қатты қуанды. Сонымен бірге түнеу күні халуашының үйінде Әлішердің Фиратқа қайтып келгөнін алғаш есіткен кезде, көңіліне ақынды көруге ынтықтық қазір оның бойын мұлдем билеп алды.

— Әлішер Науай бір кездерде сізден сабак алған болса, таксыр, сізді де құттықтауға болады екен ғой, — деді Сұлтанмұрат хұрметпен. Фасхиддиннің көздерінде шаттық оты жайнады.

— Фақыр шәкіртіңіздің сізге арыз етіп, өтініш айткысы келеді, — деді Сұлтанмұрат.

— Қандай өтінің? — деді Фасхиддин шәкіртіне тігіле карап.

— Өтінішім сол, — деді Сұлтанмұрат, — көлеңкеніз сияқты сізге ілесіп, үлы ақынға мен де барсам деп едім, қалай көресіз.

Фасхиддин жерге қарап, үндеңей қалды. Шәкірт оны ойда қалдырығанына аздап ренжіді.

Фасхиддин өзінің қабілетті шәкіртін жақсы көретін және оның зеректігін үнемі мақтап жүретін. Бірақ оған бұл жас жігіт үшін көп қынналуға тұра келетін. Сұлтанмұратқа бір-екі сағат сабак беру үшін, оған кейде бір-апта бойы үйінен шықпай отырып, кітап актаруға мәжбур болатын. Ол сүйікті шәкіртінің ешқашан көңлін жыққан емес. Оның бұл жолы да Сұлтанмұратты ренжіткісі келмеді. Қозін жерден алып, басын көтерді де, шәкіртіне күле қарады.

— Хорасанның барша ұлықтарымен кездесер кезің болды сенің. Жарайды, жолдас бол маған.

Устаз бен шәкірт медреседен шықты.

Әлішер тұрған үйде үлкен салтанаттың бейнесі бар еді. Нөкерлер хұмметті ўстаз берілгісіз шәкіртті төрдегі үлкен үйге шақырды. Қып-қызыл кілемдер төсөлген, қабырғалары түрлі нақыштармен әшекейленген үлкен үйде бірталай адам отырған еді. Фасхиддинді төрге отырғызды. Сұлтанмұрат есік жанына отыра кетті. Бұл жердегі адамдардың көвшілігі Сұлтанмұратқа бұрыннан таныс, атағы шыққан ғалымдар, Фираттың көрнекті ақындары еді. Бұлардан басқа жоғары мансаптағы, үлде мен бұлдеге оранған бірнеше адамдар кеуделерін керіп отыр. Олар жұпның ғана киінген кейбір ақындарға менсінбеген пішінмен, одырая қарайды. Сұлтанмұрат отырғандардың сөздерінен Әлішердің әлі сарайда екенін аңғарды. Ол гу-гу әңгімеге күлақ қойып, тым-тырыс отырды. Арада көп уақыт өтпей-ак, біреу ақынның келгенін хабарлады. Сұлтанмұрат дереу ауыз үйге шықты. Сол кезде үйдегілердің көвшілігі, олармен бірге Фасхиддин де шықты. Барлығының көздері әр жерінде ағаш өскен үлкен хуліде болды. Зер жағалы шапан киғен, бірнеше сарай адамдарының ішінен, Сұлтанмұрат ақынды бұрын көрген адамдай тез танып, көздерінде куаныш оты жайнап кетті. Ақынның басында шошақ көк тақыяға жіптіктей етіп оралған көркем сәлде. Үстіне күңгірт түсті шайы қамзал, оның сыртынан қоңыр түсті мауыты шекпен киген... Отыздан аспаған болсада, Науай өз жасынан әлдеқаіда үлкен көрінетін. Орта бойлыдан гөрі жоғары еді. Тұлғасы ашандау болғанмен, шыйрақ бармактары салалы және нәзік еді. Қырқып қойғандай теп-тегіс қара сақалы мен сұлу мұртында, көрікті жазық жүзінде оның көп ойланатындықтың, аздалап шаршаудың бейнесі бар-ды. Осы бейне оны көзге тым сүйкімді етіп көрсеткендей. Қатулырақ қабағының астындағы нұрлы көздерінен терең ой үшқыны атып тұрғандай.

Науай тұрғандардың бәрімен кезекпен амандаса бастады. Фасхиддин ақынмен амандастып, шын жүрекпен құттықтағаннан кейін, саусағымен Сұлтанмұратты нұсқады. Сұлтанмұрат сасып, түсі сұрланып кетті. Қолын көкірегіне қойып, ақынның қасына келді. Еңкейіңкіреп барып қолын алды да, бір адым кейін шегінді.

— Бұл шәкірт бала, тақсыр, — деді Фасхиддин маңтаниш сезіммен. — Өте зерек. Заманымыздың Әбу Эли Синосі болатындығына күмәнім жоқ.

— Хұрметті үстазымыз шәкіртін шектен тыс мактап жіберді, — деді, Сұлтанмұрат қолын қайта қусырып. Науай күлімсіреп, кішіпейілдікпен Сұлтанмұраттан оның қай жерлік екенін сұрады. Сұлтанмұрат бар шынын айтты. Өзі менгерген ғылымдарды санап айтып шықты. Бұл кезде төңірекке топталған үстаздардың Сұлтанмұратты білетіндері өз тарапынан білгендерін айтып мактап жатты.

— Эрқашан ықласты, зерек бол, — деді Науай сүйсініп. — Отанымыз және халқымыз сендей адамдарды аңсап күтуде. Ғылымның жемісті ағаштарын мәпелеп өсіріп, оның туған жерімізге тамырын мол жайып, онан жемісті мол алатын болуымыз керек. Міне енді ашна болдық. Мен сізді мұнан былай әр қашан келіп, жолығысып тұрар деп сенемін.

— Хұрметінде көп рахмет, — деді Сұлтанмұрат даусы қалтырап шығып. — Сіздің ғылымыңыздың кең дариясынан пайдалану қандай зор бақыт екенін жеткізіп айту қыйын...

Науай Сұлтанмұратты ертіп үйге кірді. Төрге шығуға үсыныс етсе де, Сұлтанмұрат кешірім сұрап, төменірек отырды. Науайдың мұнысына кейбіреулер таңырқасты. Олар нашар киімді, бишара шәкіртке мұншалықты сыйхұрметтің не керегі бар еді, деп ойлаған сыйқты. Сұлтанмұрат мұны айқын сезді. Науайдың ұлықтығы сана-сына берік орнап, оған деген Сұлтанмұраттың сүйіспен шілтігінің шегі болған жоқ.

Науай үй иесі болғандықтан ба, әлде кішіпейілділіктен бе, әйтеуір жоғары шықпай төменге отырды. Ол әуелі Фираттағы түрлі медреселердің жайын, шәкірттер мен үстаздардың тіршілігін сұрады. Ол адамдардың сөзін ден қойып тыңдады. Соңан соң соңғы жылдарда Хорасанда жазылған үлкенді-кішілі ғылми шығармалар, өлең-жырлар туралы мәлімет алуға тырысты. Атағы шықпаған бір акынның жыры, жұмбақ өлең туралы сөз болса да, Науай оны тәптіштеп сұрап отырды. Жүртттың бәрі сергіп, серпіліп, мәжліс қыза түсті.

Сұлтанмұрат Науайды енді қайтып көре алмайтын-дай, онаң көзін алар емес. Ол Науайдың бейнесінде жұпнылықпен бірге тәкәппарлық, мен-мендікten аулақ шынайы, нағыз үлылық барлығын байқады. Оның қозғалысынан, қолының қыймылынан, емеурінінен, күлкісінен, даусынан ерекше бір нәзіктік, сыпайлыш сезіледі.

Қызметшілер дастархан әкеліп жайды. Мимандраға пістеге, бадам, өрік, мейіз ағыл-тегіл мол берілді. Соңынан әшекейлі әдемі кеселерге құйылған сорпа, табақтарға салынған ет пен жұмсақ нандар келтірілді.

Қонақасыдан кейін мәжлістің аксақалы бата оқып, үй иесінің баҳытты болуына дүға қылды. Мәжліс ақынмен қош айтты.

II

Текшеде жанған шамның және қыялай ашық тере-зеден түскен айдың сәулесі кілем кестелерінің үстінде ойнақ салып, неше алуан құлпырып, құбылуда. Оқтын-октын ескең самал шамды лыптылатып, алса орындық үстінде ашық тұрган қалың кітаптың қағаздарын сыл-дыратып, бір уақыт ақын тартқан танбұрдің күйіне құлақ қойғандай, кенет тына қалады... Эн мен жырды бірдей сүйген Науай көзін жартылай жұмып, танбұр-тартып көңіл күйін, жүрек сырын шертуде...

Ақын жеңіл бір күрсінді де, танбұрді текшеге тіреп қойды. Бармағына киген оймақты шығарды. Сейтіп өзі терезе алдына келіп отырды. Әуліде желмен ойнаған ағаш жапырактарының сыйдырынан басқа ешбір дыбыс жоқ. Ақын ойға шомды. Міне енді ол тағы да Фи-ратта, өз үйінде. Мұмкін, оның ендігі қалған өмірі өзі сүйген осы қалада өтер... Әлде кім біледі, тағдірдің не-қыларын, күтпеген жерден тағы нендей ойың көрсетे-рин?..

Енді оған бұл жерде әрбір нәрсе таныс, көзге жылы-ұшырайды. Бұлай көрінбейтін еді. Бәлкі ата, ананың рұхы, мейірі осы нәрселерде бейнесін қалдырған болар. Бір кездерде оның әкесі — Фиясиддин Кішкене дәл осы терезенің түбінде отырып, оны еркелетпеп пе еді? Ақынның еміс-еміс әлі есінде, ол төрт жасар кезінде мырза Қасым Ануаридің¹ өлеңдерін оқып бергенде, әкесі қандай қуанатын! Ол жақсы адам еді. Қарарапайым, бірбет, әділ, мейрімді... Мархұм ана ше! Өз жолдастарының аналарын мейірбандық, қамқорлық жөнінен әл ешуа-қытта өз анасына теңгермейтін; қарарапайым балалары үшін жаны тынбайтын, көршілері, жақындарымен қа-рым-қатынасы жақсы әйел еді. Әлішер бес-алты жасар

¹ Сол заманның үлкен ақындарының бірі.

кезінде мектептен шығып, үйіне жүгіріп келгенде, дереу баурына басып, сут, наң және шекер беретін-ді. Мектепте молдасы үйреткен сабакты жатқа айтып бергенде, сүйініп, ұлының ұлкен молда болғанын көрсем деп арман ететін.

Шахрух мырза қайтыс болғаннан кейін, Хорасанда өріс алған саяси тәртіпсіздіктер кезінде, бір топ семьялармен бірге жан сауғалап Иракқа қашуы, жолдағы машақаттар, қызықтар, Шарафиддин Яздиймен¹ кездескені, әсіресе ол сапардан қайтып келе жатып, ат үстінде мұлгіп, құлап түскені, таңертең оянып қараса, тап-такыр далада жалғыз жатқандығын, ұзап кетпей, жанында жайылып жүрген жуас атын үстап мінгені, жол таба алмай, шөл далада қасрет шегіп, әрен дегенде керуен конған жерге жеткені, қайғыдан өле жаздаған ата-анасының куанғаны, тағы басқа есінде қалған оқыйгалар Науайдың көз алдынан тізбектеліп өтіп жатты... Хұсаин Байқарамен бірге мектепте оқығаны, сегіз — тоғыз жасында Фариддин Әттәрдің «Құстар тілі» атты кітабын оқығаны, онын терең сырлы, жалынды пікірлеріне беріліп кетіп, ойын-кулкіні, үйқыны, тіпті тамақты да ұмытқаны, бишара ата-ана оның мұндай халге түскенінен қорқып, амалсыздан кітап оқуына тыйым салып, кітапты қолынан тартып алып жасырып қойғаны, кітапты бастан-аяқ жатқа білетін болғандықтан, бәрібір оны қайталап айта бергені есіне түсті. Осы сияқты ғажайып, ашы, тұшы оқыйгалар ақынның ойына түсіп, неше түрлі сезім талқысы бойын билеп кетті. Бұл еске түскен ойларды көңілінен серпілту үшін ақын қатты күрсініп койды. Ол алғаш өлең жаза бастаған кезде, шабыттың алғашқы қыйындықтары мен куаныштарын қайта бастан кешіргендей болды. Ғылымды, көркемөнерді сүйген әкениң ақын ұлын куаныш етуін, көрнекті ақындардың бәрінің мақтап, дәріптеуін, ойлап-ойлас «Науай» және «Фани» деген ақындық лақаптарды тапқандығын, атақты қарт Лугфий мен кездесіп, оның күтпеген жерден жоғары баға бергенін — міне осылардың бәрін ұмыту мүмкін бе? Бұлар көңілге берік орнаған оқыйгалар, кезендер...

Faripтік, мусәфірлік жылдар... Машхадтағы жартылай құлаған ескі бөлмеде өткен жеті—сегіз жыл, сұық, тар медресе хұжрелерінде күндіз күн көрмей, түнде міз-

¹ Атақты тарихшы. Науай онымен алты жасында кездескен.

бақпай кітап оқу... Кітаптар арқылы ғасырлармен, мың жылдармен, үлы философтармен, ғалымдармен, ақындармен кенесу есіне тұсті. Ақын үстаздарын, серіктерін, кездескен үлы адамдардың әңгімелерін, соңғы үстазы Са марқандық Хожа Фазлиолла Абуллайске дейінгі жүзденген атақты адамдарды есіне алды. Солармен қайта сөйлесе бастаған сияқтанды.

Тыста біреудің келе жатқан дыбысы естілді. Ақын бірден басын көтерді. Есік «сықыр» етіп ашылды да, рұхсат сұрап, інісі Дәруишәлі кірді. Дәруишәлі оқыған, кішіпейіл адам болғанмен, әлемнен хабары жоқ, үқыпсыз еді. Науай оның мастықтан сүзліп тұрган көзіне қарап, кекете құлімсіреп:

— Сөйле інім, қандай жаңа хабар бар? — деді.

— Соңғы күндерде шиий мен сұнни¹ арасындағы еgestерден басқа, айтарлықтай ешбір хабар есіткем жоқ, — деді Дәруишәлі, жайлап әтыра беріп. — Сұннилер әр жерде наразылық білдіруде: «Патша шиий», мешіттердің имамдары шиий... бұған шыдан отыруға бола ма!» деседі.

— Бұл мағнасыз еgestің шығуына патшаның берген әмірі себеп болып отыр, эттең... — деді Науай қынжылып, басын шайқап. Халық арасына іріткі салып, алауыздық тудырудан басқа жұмыс жоқ па осы? Мемлекеттің қазнасы қандай халде, әскердің жайы қандай, медреселерде шәкірттердің, ғалымдардың тұрмысы қандай, астанада, қалаларда, уәлаяттарда кызмет адамдары халыққа қалай қарап отыр. Дихандардың күйі қандай, қолөнершілер нендей жағдайда — міне осы мәселелерге көз салып; зерттеп, ойланып, сөйтіп оларды әділдікпен дұрыс шешу керек еді. Інім, мұндай дін жанжалдарынан әрқашан аулақ болу керек. Оған әуес болмау керек. Сұлулық, көркемдік онда емес. Нағыз көркемдік күннің нұрында, теңіздердің толқынында, таулардың шындарында, жапырақтардың сыйдырында. Сұлулықты біз осылардан көреміз. Біз осылар туралы ойладап, соларға деген сүйіспеншілікке бөленуіміз керек.

Дәруишәлі ақын пікірінің түп тамырын аңғаруға тырысып, төмен салған басын, оқтын-оқтын шұлғып қоюп, үндемей отырды. Ол әрқашан өз ағасын хұрметтеп, оның сөздерін ынта койып тындайтын.

¹ Ислам дініндегі екі ағым.

— Бұл дін жөніндегі егестер үлғайып кетіп жүрмесе еді... — деді бір кезде Дәруишәлі.

— Жарайды, біз бұл егестерді басуға тырысармыз, — деді Науай сөзін нықтап сөйлеп. — Біз бұл діни қөзқарастардың ешқайсысын қолдамай, халықтың бірлігін сақтауды көздейміз. Інім, дүниеде кітап окудан, ойға шомудан, жыр тындаудан асқан рахат жоқ. Мен көбіне осы жағына бейіммін. Бір тыныш жерде тұрып, осы қәсіппен ғана шұғылданар ма едім, деймін. Бірақ өзінे белгілі, маған мемлекеттік қызмет тапсырылып отыр... Мен тек ғана елдің, мемлекеттің қамын ойлад, бұл қызметті қабылдап отырмын. Ардақты елімізде істелуге тиісті істер көп-ак. Бұл істердің жүзеге асырылуын халқымыз ғасырлар бойы аңсауда. Мәселен, мен бір кітапхана салдыруды арман етем... Сіз енді «патша кітапханасының» бастығысыз, сізben осы жөнінде кеңескім келеді.

— Сіздің әрбір ойыңыздың іске асуы үшін құлыңыздай қызмет етуге әзірмін, — деді, Дәруишәлі қолын күсырып.

— Біз бүкіл халық көңіл бөліп, хұрметтейтіндей кітапхана саламыз, — деді Науай көтеріле сөйлеп. — Ерте заманнан бастап осы уақытқа дейінгі ғылым мен көркем-әнер жөніндегі адам баласы жасаған асыл қазнаның бәрі — кітаптың алуан түрлері біздің кітапханамызды байытып, көркейтетін болсын. Менің тілегім, бұл кітапхананы Хорасанның және басқа Ислам мемлекеттерінің барлық ұламалары, ғалымдары, оқымысты адамдары, ақындары пайдаланатын болса, Сократ, Платон, Аристотель сияқты философтар, Пифагор сияқты математиктер, астрономияның жаңа үлýкбектері, поэзияның жаңа Фирдауси, Низами және Ганжавилары, әрқайсысы өз саласында тып-тыныш шұғылданатын болса. Сөйтіп олар ой-пікірдің жаңа қазналарын ашып, жаңа ғылымдар тапса. Олар ашқан ғылымның сәулесі еліміздің аспанын нұрға бөлесе, біз мақсатымызға жеткен болар едік.—Дәруишәлі сіздің көңіліңіз әр уақыт халыққа деген махабатқа бөлленсін. Бір іске кірісер болсаңыз, алдымен оның жүртқа пайда-зыянын ақылға салып, сонан соң кірісетін болыңыз.

— Эрине, солай болу керек, — деді Дәрүишәлі, си-ректеу сақалын қасып қойып. — Ел үшін еңбек еткен адамның әрқашанabyroyы тасып, қадірі артпақ...

Науаи інісіне байсалды пішінмен тігіле қарады.

— Арттағыларға жақсы ат қалдырудың өзі үлкен мәртебе, — деді ол. — Игі тілегінізді қара бұлт қаптаса да бүркей алмайды, інім.

Дәруишәлі ўялғандай, көзін басқа жаққа аударуға тырысты. Науаи кітапхана туралы әңгімені қайта бастады. Әуелі бір зәулім үй хажеттігі туралы айтты. Науаи тек шеде тұрган шамға қарап еді, Дәруишәлі «мен... мен...» деп орнынан үшіп тұрып, шамдалды алып ортаға қойды да, қайши алып, оның пілтесінің үшін қырықты. Ақын судыраған бір тарақ қағаз алып ашулы жатқан қалың кітаптың үстіне жайды. Қаламын әшекейлі әдемі сая сауытқа батырды да, қағазды ықтыяппаңыз бастады. Біраздан кейін Дәруишәлі ысырылып қағазға таяу отырды.

Көзін ашынқырап, ағасының бір есе кідіріп, біресе қайта қозғалған нәзік қолына қарап тұрды. Қағаз беті айқыш сыйықтарға тола бастады. Бір кезде Науаи қаламын қойып, бойын түзеп, күлімсіреп інісіне қарады.

— Мына сыйықтарға ықлас салып қара, — деді, қағазды Дәруишәліге қарай ысырып, — Біз көркем үйлер салушы шебер емеспіз, бұл жөніндегі нағыз шебер өз сөзін соңынан айта жатар, дегенмен біз ойлаған үй шамамен айтқанда осы сыйқты болуы керек.

Қағаздағы сыйық — үйдің жобасы еді. Дәруишәлі қызыға қарады. Бұл үй ақынның өзінің көз алдында тұрғызылығандай, Науаи оның ішкі, сыртқы құрылыштарын, тіпті нақыштары мен бояуларына дейін қалдырмай түсіндірді. Ол Дәруишәлінің әрбір сұрағына, дәл осындағы үйді бір жерден көріп келгендей, толық жауап берді. Сонаң кейін Дәруишәлімен кітаптар жыйнау туралы сөйлесті. Қымбат кітаптардың нұсқаларын көбейту үшін Фираттағы ең жақсы жазғыштар мен кітап түлтеушілер жайын сұрастырды.

Фират кораздары түннің тыныштығын екінші рет бұзған кезде, Дәруишәлі көзін уқалап, өз бөлмесінө кетті. Ақын әлі де болса сергек отыр еді. Ол түннің жұмсақ тыныштығына сұнгіп, бір ауық қыял сүріп, бір парапқағазды алып, қаламын үстап отырып ойға кетті. Сөздер пікірдің алтын жібіне тізіліп, үйқастар бір-бірін ымдаپ, қол соза бастады. Қалам қағаздың жылтыр бетімен жорғалай жөнелді.

Жылдар бойы шайх айтқан сылдыр сөз
Тебірентіп қозғамайтын ойымды.
Шарапшыдан алып ішкен бір жұтыйм
Ойга өлең сап, бір сергітті бойымды.

Ақын жазғанын ішінен оқығанда, жүзі нұрға батты.
Сыясы кепкен соң қағазды сырты нақышталып оюланған
былғары папкаға салды да, арап тілінде жазылған
қалың кітаптың бетін аудара бастады...

Таңертең күн көтеріле Әлішер үйден шығысымен-ак,
қызметші шағын тұлғалы болғанмен семіз, жуас күрен
жорғаны көлденең үстай берді. Ақын аяғын үзенгіге са-
лып, ерге көтеріле бергенде-ак, ат орынан қозғалды.

Базар күні болғандыктан, көшелерде халық көп еді.
Ат мінген, есек мінген дихандар, тағылған қонрауларын
күңгірледіп, балпақ басқан түйелер тізбегі, халуаға то-
ла себеттерін төбесіне койған кемпірлер, маталарын
қолтықтаған тоқымашылар және әралуан алармандар
базарға қарай ағылуда еді.

Ақын «Хиябән» көшесінен өтіп, «Қарға бағының»
улken қақпасына жетісімен, осы жерде күзette тұрған
нөкерлер мен сақшылар сәлем беріп, атының шылбырын-
нан үстады. Ақын олардың көмегісіз-ак аттан түсті де,
«Қарға бағына» кірді. Бұл — түрлі сарайлары, алаңда-
ры, әралуан әдемі үйлері бар орасан үлken бағ еді.
Ағаштар арасын аралай созылып жаткан кен, таза
және күн сәулесімен шўбарланған жіңішке жолмен жүріп
отырып, Әлішер бірнеше танаң жерді алып жаткан үл-
кен гүл алаңына жетті. Бұл жерден бүкіл әлемдегі гүл-
дердің түр-түрі түгел табылғандай еді. Күн нұрымен
шағылдысып, әлленеше құбылып, күлпира түскен гүлдер
көзді үлтады. Науай гүлді, көркем түсті сүйетін. Ол
өзінің күндегі әдетімен гүлдер жаңында токтап, сүйсі-
ніп, тамашалап турды. Соңан соң ол дуалдары, есік-бо-
сағалары шебердің колымен нақышталған, гүл алаңы-
ның карсыындағы зәулім үйге қарай журді: неше түрлі
оюлармен безелген бір есікті ашып, кішірек, бірак жа-
рығы мол бөлмеге кірді. Бұл жерде оны өзінің досы
хожа Афзал карсы алды. Ол — аласа бойлы, нұрлы көз-
ді, пайымды, әділ, жас жөнінде өзіне тенденс адам еді.
Хожа Афзал кенсе, есеп-қысап жұмыстарына жет к,
мемлекет басқару істерінде тәжрибелі, арлы қызметкер
еді.

— Көзім сізде еді, қош келдініз — деді хожа Афзал

орнынан тұрып, ақынға ишаратпен орын көрсетіп. — Мекемеде әлі ешкім жок. Хазрет әйелдерінің алдынан әлі шықпаған болу керек.

Науай отырып, досының хәл-ахуалын сұрағаннан кейін, бұрынғы кеңестеріндегідей бұл жолы де әңгіме халық, мемлекет жөніндегі жалпы мәселелер туралы болды. Науай әділетті өкіметтің негізгі сыпаттары тура-лы, патшаның халыққа, халықтың патшаға көз қарасы қандай болуы керек екендігі, уәзірлер мен бектерден бастап, ең кіші адамдарға дейін әрбір іс үшін заң алдында жауапты болуы тиіс екендігі, халықтың тұрмысын жақсарту үшін қажет болған шаралар тағы басқа-лар туралы айтты. Бұл мәселелердің барлығы жөніндегі ақынның пікірлерін хожа Афзал түгел қуаттады және бұл жақсы ниеттердің жүзеге асырылуына тілекtestігін білдірді.

— Хорасанда басқа халыктарға алғандай тұр-мыс құру керек, — деді Науай қыза сөйлеп. — Адамдар қашанға дейін жапан далада тағы болып қала бермек! «Адам» деген зор атак. Адам қасиетті, таза, көркем өмір суроға тиіс. Егер мемлекет кайраткерлері ақылға салып іс істеп, әділдікті көздесе, халыққа қөніл белсө өмірдің тотын алтынға айналдыруға болады.

— Тамаша пікір, тамаша ниет, — деді хожа Афзал, оны қостап. — Бірақ бұл мемлекетте халыққа жәбір-жа-па көрсету мансапқа ие болғандардың көбіне дағдылы әдет болып, олардың қанына сіңіп кеткен... міне, ең үл-кен пәле осы!

— Залымдықтың тамырын суыру керек, — деді Науай, қатуланып. — Залымдармен келісімге келу — қыл-мыс. Залымдықтың тамырын жұлуға өзіміздің шамамыз келмесе, біз патшаға арыз айттып, оны ақылға келіп, әділет орнатуға шакыруымыз керек.

Осы кезде қызметші кіріп келіп, оны патша ізден жатқанын хабарлады. Ақын сыртқа шығып, оң жақта-ры, қырық мрамор үстынды сарайға қарай журді. Еде-ніне гүлді шынылар төсөлген ауыз үйге кебісін калды-рып, зермен қанталған есікті ашып, ішке кірді. Төрде, тақта отырған Хұсайн Байқараға үш рет иіліп, тәжім еткеннен кейін, рұхсат сұрап отырды. Хұсайн Байқара кең кеуделі, жазық жаурынды мықты тұлғалы адам еді. Қыйығы созынды өткір қара көзінде батылдық пен ай-лакерлікпен қатар тұраксыздық, женіл мінезділік ан-

далғандай, басында жарқыраған каяһар қадалған қаракөл қалпак, үстінде алтындаған әшекей жағалы, жарқыраған, неше алуан қымбат тастар кадаулы қызы ала шапан. Кемеріндегі алтын оюлар, нұрлы каяһар тастар мен Бадақшанның асыл жакұттары шоқтай жайнап тұр. Терезелері көркем баққа қарай ашылған үлкен, жарық үйдің қабырғалары алтынмен жалатылып, құміспен қапталған. Қескін өнерінің кереметі болған нақыштардың көркі, сан алуан әсем бояулар көзді еріксіз тартады. Гүлдей жайнаған, жаюлы жібек кілемдер, текшелердегі таңғажайып қытай ыдыстары және басқа неше алуан сән-салтанаттан қозің тұнады.

Науай ежелгі әдетімен емін-еркін сөйлеп, патшадан хәл-ахуал сұрады. Хұсаин Байқара да ақынмен ескі достарша сөйлесті. Ол әрқашан ақынға өзінін достық сезімін білдіруге тырысатын. Ол кейбір уәләяйттар мен тумандарға әкім тағайындау, Әбусайд мырзаның үлі Сұлтанмахмуд пен қандай қарым-қатынаста болу тағы басқа мәселелер жайында ақынмен пікір алысты. Науай әкімдерден бастап махаллалар¹ күзетшілеріне дейін мемлекет қамын ойлайтын, халыққа жаксы карайтын, әділ адамдардан тағайындалуы тиіс екендігін айтты. Сұлтанмахмудпен достық катынас жасау керектігін, егер ол Мауарауннаһрмен қанағаттанбай, Хорасанды басып алушы көздел кылыш көтерсе, аяушылық етпен қажеттігін баяндады. Хұсаин Байқара бұл пікірге қарсы болған жок. Ол біраз уақыт үндемей отырды да:

— Сіз, Мәждиддин Мұхамметті танушы ма едіңіз? — деп сұрады кенеттен.

— Таныймын, — деді Науай. — Бірақ сырын білмеймін.

— Өте іскер адам, — деді Хұсаин Байқара басын тербелетіп. — Ол Кіші Мырзаға шын ықласпен қызмет істеп жүр. Бізге деген ынтасы күшті, сонысын үнатам. Соны пәруанаши² етіп алсан деген сыйм бар.

— Егер оның берілгендігі шын болса, — деді Науай күдіктеніп, — Кохан хазреті сенген болса, қызметшініздің оған қарсы болуы орынды болмас...

Хұсаин Байқара бұл туралы қайтып сөйлемеді. Қым-ха жастықтың астына қолын салып жіберіп, бүктеулі

¹ Махалла — квартал.

² Пәруанаши деп хан заманындағы көрнекті қызметші. Қебінесе патшаның жанында болып, берген әмірін жазып тұратын, түрлі істерді патшага баяндаپ тұратын адамды атаған.

қағазды алды да, күліп ақынға ұсынды. Науай жібектей жұмсақ қымбат бағалы қағазды ашып, күлімсіреп патшаға бір қарап қойды. Бұл — Хұсанн Байқара жазған өлең еді.

Хұсанн Байқараның өлеңге әуестігі бала жастан күшті еді. Бала кезінде Науаймен бірге оқып жургенде фарсы, түрк ақындарының шығармаларын бірге оқып, өлең, жырлар мен бүтін дастандарды жаттап алғып жүретін. Бірак жасында да ой-пікір кыялы көбінесе таж, салтанат жөніндегі арман төңірегінде болғандықтан болу керек, ақындықпен аз айналысып, окта-текте ғана бір-екі ауыз өлең жазып қоятын.

Науай өлеңді әуелі ішінен оқыды. Сонынан дауыстап, әсерлеп оқыды. Хұсанн Байқараның басқа өлеңдері сияқты бұлда бір сыйырғы жазылған, үндестік жағы жаксы, ғашықтық жайындағы өлең еді.

Тал шыбықты отқа жак, өрімдей өрген болмаса
Гүлді тапта аяқка, келісті, көркем болмаса,
Бұралған шыбық, көркем гүл, оған менің зауқым жоқ.
Тал шыбықтай бұралған, гүлдей еркем болмаса.

Ақын осы өлеңді мысал етіп, мұнда ақынның өзіне тән мағна, кыял, түр барлығын көрсетті де, біреумен таласка кіріскендей, қыза сөйлеп кетті: «Біздің тіліміз бай және орамды тіл. Бұл тіліміздегі сөздермен қандай ойды, қандай сезімді болса да жеткізе айтуда болады. Біздің тіліміз пікір каунарын жыр жібіне тізуде фарсы тілінен де орамдырак. Бұл өлеңдерді оқыған фарсының шешендері және өз міздегі фарсы тіліне күлдүк үрүшілар пәлен деп ауыз аша аларма!»

— Бұл тілді ақындықтың алабы жактап отырғанда, бұған кім қарсы дәлел таба алады? — деді күліп Хұсанн Байқара. — Сіз өзініздің тенденсі жоқ шығармаларының бен тіліміздің көркемдігін, қуаттылығын данышпан халық алдында айқын көрсеттіңіз... Есініздеме, жас кезініздің өзінде-ак өз тілімізді сіз жоғары бағалап, өте ардактаушы-едіңіз рой? Ол кезде мені өз тілімізге деген сүйіспеншілікке бейімдеген сіз едіңіз. Сол сүйіспеншілік қазір де менің жүргегімде.

Науай өзі жөніндегі бұл мактау сөздерді байсалдылықпен, басын төмен салып отырып тыннады. Хұсанн Байқара өз өлеңін барлық ақындарға талкылауға беріп, олардан бұған жауап жазуды сұрамакшы екенін айтты.

— Шамалап айтқанда — деді Науай күліп, — өлеңді

мәселен жұз ақынға талқылауға беріп, олар жауап жазса, бұл жұз өлең туады деген сөз. Бір түп гүлдің жұз бұтағы болмақ!

Есік ағасы¹ кіріп мемлекеттің басшы адамдарының келгенін білдірді. Хұсаин Байқара кіруге рұхсат етті. Бектер, уәзірлер, үлкен мансаптағы адамдар және пагшаның ақылшы — кеңесшілері мен жақын адамдары қымқапқа, қытай шайыларына бөленіп, кіріп келді. Әркім өз дәрежесіне карай, әр уақыт отырып жүрген жерлеріне отырды. Бектер бегі Мұзаффар барлас патшага жақын, ең жоғары орынға барып отырды. Хұсаин Байқара таққа таласып тау асып, шөл кезіп, өз дүшпандарымен күресіп жүрген кезде, бұл бек оған көп көмек көрсеткен болатын. Сол үшін ол кеудесін керіп, мактана, өзін патшаның серігім² деп есептейтін. Мемлекеттің тірері болып есептелген бұл адамдардың көшілігі қандайда болмасын өзінің бір мінездімен, ісімен атағын шығарғандар еді. Мұхаммед Бурундук барлас — ерте кездегі бектер тұқымынан. Бұл білімді, әскер басы, беделді адам. Бірақ аңға шығуға, құс атуға әуестірі сонша, егер жазым болып, салып жүрген құстарының брі өліп қалса қатты қайғырып, «бұл өлгеншіе, баламның бірі өлсейші» дейтін. Зунун Арғұнбек есерлеу, қызба, бірақ тамаша қылышпаз, батыр жауынгер бек еді. Ол әркашан шахмат ойнауды сүйеттін. Ислім барлас — карапайым адам. Ол аң аулап, құс салу істерінің үздік шебері. Өзіне арналып істелген жайды шірене тартып атқанда, оқты қалың тақтайдан өткізіп жібереді. Ол мұндаиды батырлық істерді көп көрсеткен кісі. Мофұлбек — қартапаз адам. Бәдридин — керемет қарғығыш еді. Ол қатар қойылған жеті аттың устінен қарғыйтын. Сәдбадридин — неше алуан көркем қыймылдар жасал, шебер билей білетін, және оның өзінің шығарған биі бар еді. Хожа Абдулла Мәруари — әр алуан ғылымнан хабары бар адам. Қанунды² жақсы тартатын, жыр айтатын. Жазуы ете сұлу болатын. Өлең жырды тамаша тандап іріктей білеғін. Бірақ сонымен қатар тұрмыста азған адам болатын.

Сән-салтанатты, қошеметті сүйеттін Хұсаин Байқара тәжім етіп, тәртіп сақтап толып отырған әр алуан адам-

¹ Сарай қызыметшісі.

² Музықа құралы.

дарға мактандын сезіммен қарады. Соңан соң ол бектермен әскер жайында сөйлесті. Үәләяттардан келген кейбір хабарлар туралы уәзірлерден мәлімет алды. Неге екені белгісіз, әйтеуір Шайхулисламнан¹ шаригатқа қатысы бар бір мәселені сұрады. Ол қырагатпен, баптандып сөйлей бастап еді, патша ынта салып тыңдал отырғандай көрінсе де, оның сабырсыздандыны білініп түрді. Мұнан кейін аң аулау, құс салу жайы сөз болды. Сол-ақ екен, Ислим барлас жайнақ қақты. Үлкен кеудесін патшада қарай сәл иіп, қуатты қолымен ірі, селдір мұртыны бір сылап қойып, құстардың әр алуан әдет-қызықтары туралы әңгіме айта бастады. Аң жөніндегі өртек сыйқты қызық әңгімелерге бірте-бірте жүрттың барлығы құлақ коя бастады. Патша әңгімені бір есе құліп, бір есе қабақ түйіп ынтаған тыңдады. Ақырында Хұсаин Байқара ўзак уақытка аң аулауға шығатынын айтып, оған даярлық жүргізуі тапсырды және ол даярлық істерінің бәрін басқаруды Ислим барласка жүктеді де, қолымен ишарат етіп мәжлісті жапты. Бүкіл мәжлісті асқа шақырды. Барлық жүртө орындарынан түрекеліп, тәжім еткенде Хұсаин Байқара баяулап, кердең басып, басқа бөлмеге қарай журді.

УШІНШІ ТАРАУ

I

Ымырт жабыла Мәждиддин қызметтен үйіне қайтты. Ішкері хәуліде оны әналты жасар күң қыз Босган, әр уақыттағысында үялшаң бір тәжімменен карсы алды. Ол Мәждиддинге әлгіде ғана сарайдан нөкер қыз келіп, патшаның бас бәйбішесі Бике Сүлтан begimniң зияфатына бәйбішесін алғып кеткендігін білдірді. Мәждиддин қызғаншақ болсадағы бұл хабарға қуанып қалды: өзінің есімі мен мәртебесі сарай ханымдарының да назарын аударғанына мактандып қалды. Демек, бүгін болмаса өртеп оның қатыны Мәлике де патшаның әйелін бүкіл нөкерлері, күндерімен және Гираттың баска да атақты адамдарының әйелдерін өз үйіне шақырады. Есебін тауып, бакыт атын камшылап, кіші сарайдан үлы сарайға тезірек өтіп алу керек.

Мәждиддин жасауы мол үйге кіріп, жастыққа жам-

¹ Дін істерін басқаратын орданың бастығы.

бастады. Күң қызға шамды текшеден алдырып, өз алдына койдырды. Тамағы тоқ болғандықтан Бостан келтірген бір табак қуырдаққа қарамай, шербет (сыра) әкелуді сұрады. Бостан әдемі шөлмектен тынық шербетті ғулді кесеге құйып, сызылып, әдеппен үсінды. Бірақ қожасының козкарасында, әлде нендей арам ниеттің нышаны барлығын сезіп, сабырсызданып, үйден тезірек шығуға асыкты.

— Ей, мұнда кел! Отыр, — деп акырды Мәждиддин ашумен.

Басында еркі жоқ күң үрейленіп, таяу келіп, әмір күткендей, шокыйып отырды. Жәудір көзін төңкеріп, жерге қарады. Бұл қыз онұш жасында Бадахшанда қаракшылардың қолына түсіп, неше алуан азап тартты, акырында, бұдан дәл екі жыл бұрын онтөрт жасында оны Мәждиддин сатып алғып, күн еткен еді. Бостанды тағдір қаршадайынан зұлымдықтың қыспағына салып, қорлыққа кіріптар етседағы, оның бостандық алу үміті әліде бар-ды. Бостан қожасы Мәждиддинді алғаш көрген көздө-әк оны бір жексүрүн деп білген еді. Онымен онаша кездесуге тұра келгендеге бетіне тіке қарай алмайтын еді.

Мәждиддин шербет құйылған кесені босатып, мыйырын, мұртын кішкене шайы орамалмен сүртіп, қызға да телміре қарады. Қыздың кір-қожалак бөз көйлегіне көзі түскенде «шіркінді жібек пен макпалға бөлесе мұнан жұз есе көрікті болар еді-ау» — деп ойлады. Сондықтан ол ынтықтығын айтуға бұл минутті колайлы деп таба тұрса да, тағы бір орайы келген күні Бостанды моншаға жіберіп, асыл киімдер кидіріп, сонан кейін құшағына алуға үйғарды. Ол қолын созып, беторамалын қыздың көз алдына әкеліп сілкіп, мазақ қылып:

— Гүл қызыым, мен саған жуырда бірнеше серік табамын, бұған қалай қарайсын?

Кожасының сөздерінен денесі тітіркеген күң қыздың жасқаншақ көздері жаудырап, жан-жағына қарай берді.

— Неге жауап бермейсін? Мен дәл өзің сыйқты сұлу қыздардың бірнешеуін келтіремін. Олардың бәріне сен басшы боласың. Бәрің де «әрам бағы» қыздарындаі жасанып жүресіндер.

Бұл сөздер қыздың бойындағы коркыныш сезімді күшите түсті. Ол басын бұрынғыдан да төмен иіп, көзін жерден алмай, сыртқы қалай сыйылып шығудың жолын

карастыруда еді. Сол мезетте оның бағына сыртқы есікті біреу қақты. Бостан қапастан шықкан құстай, сыртқа атылып, кебісін асығыста ауды киіп жүгіре жөнелді. Бір аздан кейін аяғын батылырак басып келіп, оны біреу келіп шақырып тұрғанын хабарлады. Мәждиддин ыргалып-жыргалып, тыска шыкты. Қараңғыда таныс дауысты ести сала-ақ Мәждиддин іштей қуанды, бірақ сырт көрінісін өзгертуей, байсалдылық сактап бүкіл Хорасанға даңқы жайылған бай Әбулзиямен амандасты да, оны үйге ертіп кірді.

Әбулзия қалың атлас көрпеге отырып, пата қалғандай қүшійған ашаң жүзін басқан қалың кара сақалын сипады.

— Патша хазреттің сізге деген илтифатты ықласы зор көрінеді—деді. Әбулзия, арасы қосылып кеткен кою кара қастарын жыйырып, — алла нәсіп етсе, жақын құндерде сіздің жаңа мансапқа ие болғанынызды құттықтармыз.

— Қайдан есіттіңіз? — деп сұрады Мәждиддин білмегенсіп, желкесін қасып:

— Патша хазрет бір мәжлісте сізді еске алыпты. Мен мұны сол мәжлісте болған дос адамдардан есіттім...

— Рас, осындай хабарлар бар... Біз сыяқты құлына инабаты түссе ғажап емес, — деді де Мәждиддин міманнын хал-жай сүрай бастады. Үндістан, Қытай жолдарына керуен қатнататын бұл сәудегер істің орайы және түсіп жатқан көп пайда жайында ауыз ашпай, кемшиліктерді сейлесе тілі бір карыс үзаратын, түймәдейді түйедей етегін барша сәудегерлер сыяқты тек сәт-сіз істері жөнінде сөйледі.

Мәждиддин Бұстанға ым қағыл дастаркан жаюға әмір етіп еді, Миман ас ішуден мұлдем бас тартты.

— Әлгіде ғана үлкен зияфатта болып едік, — деді ол бармағындағы каянтар көзді жүзігін сипап, — сізге бір мәселе жөнінде жолыққалы келіп ем. Бұған сіздің қалай қарайтыныңызды білмеймін...

— Дос-жарларға әділ қызмет етуге арқашан әзірміз, — деді Мәждиддин қолын көкірегіне қойып.

Әбулзияның қүшійған тар маңдайы тыжырылып кетті. Ежелгі дағдысы бойынша бір көзін қысып, сығырайтып, бір ауық шамға тігілді. Соңынан Мәждиддинге қарай енкейіп:

— Қазнаның алтын-күміске мұқтаждығы қандай екен? — деді.

Мәждиддин күлімсіреп жауап қатты:

— Патшалардың қазнасы бейне бір дария ғой... бірақ бір ғана айырмасы бар: су көбейсе дария тасады, ал қазна асыл затқа эсте тоймайды.

— Өте дұрыс пікір, — деді Әбулзия, — әсіреле біздің ислам патшасына Атымтай жомарт сыйқты, қазна төтеп бере алмас. Патшамыз сауық-сайранды өте жарататын көрінеді. Ол күн сайын — Жәмішид патша сыйқты, айтуға тіл жетпейтін тамаша думан-сауық жасайтын болса керек. Сол қазнаның пайдасына жарасам деген ниетім бар еді...

— Қалайша? — деді Мәждиддин қызығып.

— Бұл әрине сізгө айдан анық нәрсе: қазнаға түсім халықтан келеді ғой. Мендеңі ниет қазнаға ақшаны қабымен аударып тәксек, сөңғынан оны ел-жүрттан бірте-бірте жыйнап ала берсек...

— Аңладым, аңладым, — деді Мәждиддин сабырсызданып, — тиісті үкімет адамдары арқылы жыйналатын салық зекеттерді белгілі бір шартпен сіздің ықтиярыңызға берсе... Мақсатыңыз сол ма?

— Ия, — деді Әбулзия, — Егер сіз бұл жөнінде көмектесер болсаныз, неғұрлым тез орындалған болар еді. Патша баласы Кіші Мырза арқылы да әрекет етуге болады. Мұны калай істей керектігін өзіңіз білесіз.

Мәждиддин еңкейінкіреп отырып, көзін сыйырайта жүмып, ойға шомды. Ірі сәудегерлермен байланыс жасаудың пайдалы екенін үғынды және бұл істің үдесінешыға алатындығына сенді. Алайда ол бір қыйын мәселені шеше алмай отырган адамша, жорта толғанып, үндемей отырды.

— Сіз әрине, патша алдына күр кол бармассыз — деді Әбулзия, жанашырлық білдіргендей күйініп, — мен соны ойлап үлкен сый әзірлеп қойдым... Сізге қызмет етуге әзірмін.

Мәждиддин тағыда сыр берген жок. Патша немесе үзілдердің кей біреулері карсы болып жүрмес пе екен деп ойлап отырғанын айтты.

— Мениң бұл істе тәжрибем жок, — деді Әбулзия, — сол үшін қазірше тек Фират өлкесін алсам болғаны. Мен білем, қазір патша хазретке көп каражат керек.

— Жарайды, барша қыйындықты өзім көтерейін, — деді Мәждиддин арамзалақпен күліп. — Бірақ бұл игі-

лікті іске өзімде серік болайын, маған да кіші-гірім бір үлес тиетін болжын...

Мұндай сөзді күтпеген Эбулзия қушыйған тар маңдайын касыды. Сонынан зорланып күліп:

— Сіздің бағызыз — уәзірлік, диuan басылық мансабында ғой. Мұндай істің сізге не қажеті бар? — деді.

— Оның несі бар? Уәзірлер, бектер арасында саудамен айланысатындар аз ба?

— Жарайды, бұл шарттыңызды да қабул алдық... — деді Эбулзия амалсыздан.

Мәждиддин бұл істі өте тиімді шартпен алуға тырысатынын айтты және тек Эбулзияның атынан сөйлесіп, өз бойын аулақ салуы керектігін үғындырыды.

Эбулзия қойнынан ауыр шайы қалтаны шығарды да, аузын шешіп, сылдырлатып, Мәждиддиннің алдына қойды. Шам жарығында жалтылдаған алтын тәрізді, Мәждиддиннің жүзі, көзі қуанғаннан үшкүн атты. Байраға алғыс айттып, қалтаны дереу жастық астына тықты.

Миман кеткеннен кейін Мәждиддин қалтаны ақтарды. Жарқырап көзге шағылыскан алтын тәңгелерді ден қойып санап, сандыққа салды. Эбулзияның сауғасын патшаға өз атынан тарту ету, ойдағысын Қіші Мырза арқылы жүзеге асыру туралы ойладап, Мәждиддин үйықтай алмады.

II

Туғанбек күн сайын қожасының жаксы аттарының бірін мініп, Фиратты аралап, серуендеп журеді. Үстінде жана кең шеклен, басында жаңа қалпақ, ал қалтасынан ақша үзілген емес. Ол Мәждиддиннің қызметіне кірген күннің ертеңіне-ақ ата мұрасы болған ардақты қанжарын қайтып алған болатын. Енді ол мол, тегін тамаққа киліккеннен кейін шарапқанаға жүгіретін болды. Жынында, куресте, бәйгеде, жай атуда шәһәрдің атакты жітіттерімен достасып үлгірді. Алғашқы күндерде ол қожасымен сирек кездесіп жүрді. Сонынан, Туғанбек сөз арасында түрлі мәселелер жөнінде өз пікірін, көзқарасын баяндай бастағаннан кейін, Мәждиддин оны жіл шакыратын, үзак әңгімелесіп отыратын болды. Туғанбек ушін бұл жерде пәлендей жұмыс жоқ еді. Екі — үш ай ішінде ол бірнеше рет кана далаға шығып, Мәждиддинге әкесінен мұра болып қалған көп жердегі диханшылық істерінің жайын біліп қайтты.

Бір күні таңертеңгі астан кейін Туғанбек қараторы, жүрісті атты мінбек боп, үстін тазартып тұр еді, ақ шашты құл, — Нұрбаба жанына келіп, кожасы оны шақырып жатқанын айтты. Туғанбек есітпеген адамдай, аттың бір есе аргы жағына, біресе бергі жағына өтіп, айналышқтап жүрді де әлден уақытта:

— Басталған іс аяқсыз қалмау керек, сызырыны ал да, енді сен тазарт мынау атты, үқтың ба кәрі шайтан, — деді жекіп.

Туғанбек ат корадан шығып, киімдерін қағып-сілкіп Мәждиддиннің бөлмесіне кірді, тізерлеп отырып, сыйырайған, сыйқырлы кезін қожасына қадап, тігіле қалды.

— Жігітім, саған бір қызмет бар... — деді Мәждиддин көтеріңкі көңілмен.

— Бұйырыңыз.

Мәждиддин бүкіл Фират өлкесінің салықтарын жыйынау Әбулзияның қарамағына өткенін, бұл іске оның өзінің де қатысы барлығын, соңғы күндерде төтенше шығыны көп болып, ақшаға мұктаж болып қалғанын айтты. Ләжі болса бүгіннен бастап кейбір салықтарды жыйнауға кірісу керектігін білдірді.

— Бұл өте жақсы іс екен! — деді, Туғанбек еңгезердей кеудесімен қожасына қарай ентелей түсіп. — Дұрыс, салық жыйнаушы болу жаман жұмыс емес. Дегенмен оның жол-жабасын түсіндірініз.

Мәждиддин Хорасандығы жер мүлкінің түрлі жағдайларын оларға салынатын салықты, салықтың әр түрінен орта есеппен түсетін түсім жайын талдаپ, үзак уақыт түсіндірді. Қазір «қос» салығын жыйнайтын мезгіл болғандықтан, мұны айрықша ұғындырды. Сөнан соң өз сыбағасына тиетін ақшаны есептеп шықты да, текшедегі кітап арасынан мөр басылған бір парап қағазды алдып: «Мынау сіздің қуәлігініз, мұқыят сактаңыз» деді. Туғанбек оны оқымай-ак, бүктеп қалтасына салды да, күліп: «Қәне, сапарыңға оң болсын, деніз бізге» деді, соң соң тыска шықты. Ол Нұрбаба ерттеп қайған атқа мініп жол тартты. Ежелгі әдеті бойынша құйындарып, күн қызған кезде бір қыстаққа келіп кірді. Қыстақ ішімен де жау қуғандай қатты жүрді. Қонар үй іздел, жан-жағына алактап, ақырында бір шарбактың алдына келіп, аттан түсті. Ақ көбік болып, алқынған атын ағашка қысқа байлап, салқын көлеңкеге қарай жүрді. Калың

ағаш арасынан сарқырап аккан арық бойында шарх¹ иіріп отырған кемпірдің жанына келіп токтады.

— Арма, шеше! — деді ол, айқайлад.

Кемпір шархтың гу-гуінен және судың сарқыраған даусынан оның сезін есітпеді. Тұғанбек камшысының сабымен оның кү сүйек желкесінен тұртті. Кемпір мыжырайған арық бетін жалт бұрып, үцірейген көзінің аласын көрсетті.

— Кел, балам, — деді кемпір парқызы сөйле, — саған не керек?

— Түрегел, үйінен айран алып шық, — деп бұйырды Тұғанбек зэр шашып.

Кемпір бір парша шүберек жапқан, ақ шашты басын изеп: «Макұл, балам» деді. Бірақ орнынан қозғалмай: «Ділдар! ау Ділдар» деп айқайлады. Ағаштардың тасасындағы қыйраған аласа, дуалдың аржағынан қыз жүгіріп шықты да, Тұғанбекті көргенсін үялыш, аяғын сараң басып, бірнеше адым жақын келіп токтады. Ділдар сұңғақ бойлы, онша ашаң емес, барлық тұлғасы өзіне келіскең, аппақ жүзді, жіңішке қыйғаш қасты, кара көзінен жастықтың көркі мен қуатының жалынды нұры үшқындаған, оналты—онжеті жастағы қыз еді. Тұғанбек оған бастан аяқ қарап шығып: «Қыздың сарасы» екен деп койды және жақында ғиратта болған бір жыйында кітап оқығанда, көркем жырлар ішінен оған көбірек ұнаған бір өлеңді есіне түсірді:

Кім оның он бетіне мен жаратты,
Шашы менен сал бойын тен жаратты.

Тұғанбек ішінен «акын әдейі осы қызға шығарған болар» деді.

— Әже, неге шақырдыңыз? — деп сұрады Ділдар қызыарып.

— Бек ағаңа айран алып кел, қызым.

Ділдар көзінің астымен Тұғанбекке бір қарады да, үндемеген бойы, кіре бұрылып еді, кемпір оны тағы айқайлад токтатты.

— Ана жерге, — деді кемпір қолымен алма ағаштарын көрсетіп, — көрпе сал! Азырақ тынышып алмаймысыз, жігіт?

Қыздың соңынан көз алмай қарап тұрған Тұғанбек тек басын изей салды. Қыз ләзде бір ескі алаша, ша-

¹ Жіп иретін күрал.

ғындау таза көрпе, жастық алып шығып, ептілікпен жайып, төсеп орын әзірледі. Соңынан үлкен тостағанмен айран әкеліп, жерге қараған қалпы Тұғанбекке үсынды да, аулағырак барып келісін түйе бастады. Тұғанбек айранды тамшысын қалдырмай сіміріп, мұртын сұртіп, ауыр күрсінді де, қалпағы мен қамшысын тастап, жастықта жанбастады. Оның көзі әлі де қызыда. Ділдар келсапты көтеріп, келінің түбіне қойып қалғанда, бөз көйлегінің ішіндегі, жұмыр көкргі селк етеді. Түрлі мемлекетті кезген, түрлі халыктар, ўру-аймактар арасында болған, бірнеше хандар мен әкімдердің сараянда жүздеген сұлууларды қөрген Тұғанбекті бұл қыз естен тандырды. Бірақ ол атакты бір бектің немесе әкімнің қызына зор думан-салтанатпен үйленуді әркашан арман ететін болғандықтан, Ділдарға былайша ермек етуге әбдән болғандай қыз екен, деп қарады.

Шарығын жыйнап, бүкшендеп кемпір келді.

— Қай бектің адамысын, қайда барасын? — деп сұрады ол, жөн білмек бол.

— Мен өзіме өзім әкіммін! — деді Тұғанбек дөрекі сөйлеп. — Еркектерің бар ма? Олар қайда?

Мұндаіларды өз өмірінде көп кездестірген кемпір, жайбарақ жауап берді:

— Жалғыз ұлым бар. Анау қыздың әкесі... Қожамыздың егініне көмектесуге кетті. Өз егіні караусыз, дала-да жатыр. Ел билегендер мұны ескерер емес. Халыққа әрдайым әралуан жұмыс тауып тұрады... Немене, біздің балада жұмысын бар ма еді?

— Жұмысым акша алу. Төлесендер болғаны.

Кемпірдің көздері әлденендей аларып, жүзінің сүйек-ке жабысқан шандыр терісі күп-ку болып кетті.

— Немене, зекет жыйнаушымысын? — деп сұрады.

Тұғанбек басын изеді. Кемпір талықсыған адамдай сылқ түсіп, алашаның шетіне отыра кетті.

— Бালам, — деді ол жалынышты дауыспен — тәнрім мәртебенді жоғары қылсын, бізге рахым ет, аяушылық ет. Зекетке беретін түгіміз жок. Барымызды беріп болғанбыз. Салықтан көз ашпай койдық. Біресе «кос салығы» деп, біресе «әскер басы үшін» деп, біресе «Мұрабақа» деп, біресе «сәрана»¹ деп алады. Санай берсең үдесінен шыға алмайсын — бітер емес...

¹ XV ғасырдағы салықтар.

Туғанбек үндемей, бет орамалымен түк басқан кең көкірегін желпіп, жан жағына «шырт-шырт» түкіріп отырды да, әлден уақытта кемпірге ежіреиे қарап:

— Сен немене мыжындал! Әйелдерді құдай сірә сөзге жараткан-ау — деді.

— Арыз-мұңымды енді кімге айтпақпын балам! Құлағың сал сөзіме, — деді кемпір жалбарынып.

— Қөп сөз есекке жүк... Қазан ас. Етті мол сал. Шарабың болмаса боза келтір. Тез бол. Ашпын.

— Қөптен ет көрген емеспіз, мырза — деді кемпір, — ал егер шалап, немесе уаш көже десен дереу істеп берө кояр ем.

— Анау ешкі ше? — деді Туғанбек анадай жерде жағылып жүрген арық ешкіні көрсетіп.

— Балам, ол кісінікі... — деді кемпір, оны нандыруға тырысып.

— Кісінікі болса қайтеді? Түйе көрдің бе — жоқ, бие көрдің бе — жоқ, демейміз бе — деді Туғанбек мыскыл құлкімен.

Кемпір басын төмен салып, қасірет кайғы шеккен үнгіш көзін жерге қадап мұнайды. Ағаштан бір ал қызыл алма үзіліп, топ етіп Туғанбектің жаңына түсті. Туғанбек алманы алып, қызығып көрді де жалпыған жаман мұрнының алдына тосып бір иіскең, Ділдарға үсынды: «Ей сұлу қыз, бері кел. Бұл сенің несібен, қолымнан ал. Тәнрім сені де осы алмадай үзіл қолыма түсірсін!»

Ділдар, көзінің қыйығын да салмай, келіні тастай беріп, қаша жөнелді. Алма үстаған Туғанбектің қолы сол ербіген бойы қалды. Сәлден соң алманы ызамен лактырып жіберді. Оның сығырайған кішкене көздері өрттей жанды, калын ерні тітіреп кетті. Кемпір оған қарап қатты шошыды: «Ашуланба бек жігіт, ол өзі үялшақ қыз және басы да бос емес... Қазір мен казан асып, дәмді ғана тағам істеп берейін. Қөршілерде болса бір-екі аяқ боза да алып келермін» деді де, орнынан тұрды.

— Қыстактың кожасын шакыр, — деді Туғанбек даусы жерден шыққандай дүнкілдеп. — Бүкіл қыстактан «қос салығын» бүгін жыйнап аламын.

Кемпір кетіп бара жатып, артына бұрылып «Бұл жеңдет, нағыз зұлым тұқымынан көрінеді. Бұл әкімдер тобына бір қырғын келтіре көр, тәнрім!» деді күбірлеп. Ол әуелі ешкі жайылып жүрген жаққа жүрді. Оны бөрінің

көзінен таса етуді ойлады. Бірақ зекетшінің жынын бұрынғыдан бетер қоздырып алармын деп, ол райдан кайтты. Зекетшіге тамақ асу үшін үйшігіне қарай бұрылды.

Туғанбек ағаштар арасында мәлдір көктің шынына қарап, бірсесе қалғып, бірсесе қайта оянып жатты. Қыстактың кебеже қарын, жуан аксақалы ыстықтан ырсылдал-гүрсілдеп жетіп келді. Туғанбек қағазын көрсетіп, өзін таныткан соң, «қос салығы» жайында сөйледі. Аксақал келген зекетшілерге көмектесіп, өзі ешқашан салық төлемегенмен, өз жерлестерін шектен тыс әділет-сіздіктерден корғауға мүмкіншілігі болғанша тырысып бағушы еді. Ол Туғанбектің түрпатынан және сезінен оған сөз ўқтырып болмайтындығын сезп тұрсада, жатық сөйлеп, жөнге келтіруге тырысуды пайдасыз бола-қоймас деді.

— Мырза жігіт,— деді ол қолымен маңдай терін сипырып,— жақында біз «Сарана» салығынан күтылған едік, «Ушық¹» төлеушілердің мойнында қалған қарыз жок. «Қос салығын» жыйнауға уақыт әлі ерте. Әрбір алым-салықтың өз мезгілі бар. Зекет жөніндегі барлық ережелер мен тәртіптер маған бес саусактай мәлім. Мезгілінде келсеніз аттан түспей жыйнап аласыз.

— Истің боларын айт, аксақал,—деп ақырды Туғанбек — біз өз қожамыздың жарлығы бойынша іс қыламыз.

— Осы күні дихандар шынында да жалаңаш-жалпы, мырза жігіт,— деді аксақал.—Қырман қөтермей тұрып, олардан қаражет сұрау мүмкін емес.

— Білемін, жердің көбі аксүйектерге карайды. Олар әрине салықтан босатылған. Дихан жалаңаш болса салықтың біз кімнен жыймақпыш! — деді Туғанбек қынрайып.

Аксақал терін сүртіп, желпініп, бір ауық үндеңей қалды. Әлден уақытта өзіне-өзі сөйлегендей күбірлеп:

— Мезгілсіз талап етсе, бұған недерсің. Мұның арты бір дауға соғып жүрмессе жаарар еді.

— Мені қорқытқалы келдіңіз бе аксақал,— деді мыскыл кулкімен Туғанбек.— Құдайға шүкір, майдан көрген жігітпіз...

— Інім,— деді аксақал, Туғанбектің мұнысын теріс көріп,— мен сізді алыстан көргенде-ақ батыр, қайсар

¹ «Ушық» өнімнің оннан бірі мөлшерінде алышатын салық.

жігіт екеніңізді бірден түсінген ем. Бұл жөнінде көнлі-ніз қобалжымасын. Сізге ескертейін дегенім: біздің жердің шаруалары қызу қанды болады. Олар кейбір зекетшілердің теріс қылықтарын айтып, шағым беру үшін астанаға бармақшы болып жүр. Сіз егер сақ болсаңыз, абалап іс етсеңіз мүмкін ешқандай дау бола коймас, ақша да жыйналар...

Туғанбек төзімі жетпегендей, орнынан үшып тұрды.

— Жоғал арман! Ақшаны қалай жыйнауды мен өзім де білем.— деді ол, ашу кернеп.— Қай ұраға арпа, қай ұраға бидай көмілгені маған белгілі...

Аксакал ырылдаған орнынан тұрды. Ағаш арасында бұқшендең отын теріп жүрген кемпірге Туғанбек атты шөпке қоюды бұйырды да, аксакалды алдына салып қыстакты аралауға кетті.

Ділдар жұғріп әжесінің жанына келді. «Қайда жоғалды әлгі жексүрын» деді. Кемпір қыстактан зекет өндіргелі кеткенін айтып, сның атын шөпке қоюды бұйырды. Қыз қарғап-карғап, аттың жанына келді. Оның күмістеген ер-жабдығына тесіле қарады да, ептең шылбырынан үстап шешіп, жетектеп шөбі қалып, ағашы си-рек жерге апарып байлады. Соңан соң кемпірдің жанына қайта келп, оған жәрдемдеспек болды: анасынан жастай жетім қалған Ділдар әжесінің тәрбиесінде есіп, оған әбден бауыр басып, жанындай жақсы көріп кеткен еді.

— Не пісірмекшісіз? — деп сұрады Ділдар.

— Бетпакка молырак етіп, күймақ пісірсем деп едім...

— Босқа әуреленесін әже, — деді Ділдар күйініп, — ит үрді де қойды. Жарлының қазанына тәуелдеме ол?

Кемпір үндемеді. Терген шөпшегін қолтықтап, үйшігіне қарай жүрді де, кілт токтап:

— Сен бұл жерде айналышқтама, қызым,— деді кемпір, үнгіш көзін кадап, қалтыраған дауыспен. — Ешкіні жетектеп, көзден таса бол, үктың ба?

Ділдар алқызыл әдемі ерніне жыйналған күлкімен басын изеді де, кетіп, ешкінің жіңішке мойнына бір күлаш жуан арқанды байлап, сүйрей жөнелді. Ол күн сәүлесімен шұбарланған қалыңның шет не шықғы. Қең далада, күн нұрымен алтын түсіне еніп, жайқалған бидайға жақыннады. Ешкіні ағашқа байлап, сылдырап ақкан суға әдемі аяқтарын салып, салқынданап үнсіз отырды. Жалыкты. Ағаштар үстінен құстардың даусы

окта-текте бір естіледі де, тағы жым-жырт болады. Ділдар маңындағы шөптер арасында көзге шалынған, қолға әрең ілінетін үсак гүлдерді біріндең теріп ойнап отыр еді, арт жағынан дыбыс естілді де, басын бірден көтеріп алыш, үрейленіп жалт қарады. Ағаштар арасынан Арысланқұлды көрді. Бірден қуанып, көздері оттай жайнап кетті. Басындағы орамалын жөндеп, саусакта-рымен самай шаштарын жыйнады.

Арысланқұл денелі, қуатты он сегізге енді келген жас жігіт еді. Оның еңбекте шыныққан қоңыр бетінде, жайнаған көздерінде жастың оты жалындалап тұр. Ол осы қыстакта туып, жасынан малшы болған, жер иелерінің жерін жыртып, егінін жыйнасқан. Үш-төрт жылдан бері Ғираттың бір байының осы арадағы жерінде жалданып істейтін. Бір жерде, бірдей еңбекте, бірге өскен қызы мен жігіт будан екі жыл бұрын бір-бірін шынайы махаббатпен сүйіп, қоңыр қосқан еді. Кемпір де, Ділдардың әкесі де бұл сыналған жігітті қүйеу қылуға ешбір қалтқысыз риза болған-ды. Бірақ «игіліктің ерте кеші жоқ» деп той болар күнді әлі белгілеген жоқ еді.

Арысланқұл қуатты аяқтарын созып жіберіп, қыздың қасына отырды. Бетінен сорғалаған терін сүртті. Шапанының жағасын сілкіп, жалаңаш кең кекірегін желпіді де Ділдарға тігіле қарады.

— Ешкі байғұсты панаға алғаның жақсы болған екен. Аш бөрі жаман болады.

— Кемпірге жолығып па едіңіз? — деп сұрады Ділдар, майда гүлдерді жіңішке шөптермен байлап, Арысланқұлға көрсетіп тұрып.

— Жолықтым, — деді Арысланқұл. — Бірақ онсыз да белгілі.

— Қөрдіңіз бе, әлгі жәксүрінды! Зекетшілер арасында аз да болса ар-намысы бар адам көрмедім.

— Ол бүкіл қыстакқа бұліншілік салуда, — деді Арысланқұл мұнайып. — Бұл тіпті күтырған екен...

— Егер зекетті бізден де алмақ болса қайтеміз? Шам алуға да ақшамыз жоқ... — деді Ділдар мұнайып.

— Бұл маңда ол әлі көп уақыт жортады. Уақыт берсе амалдалап табармыз. Зекетті бүгін төлеп журміз бе!

Ділдар серпіліп, күрсінді. Қыздың көніліндегі қайғыны сергіткені үшін Арысланқұл іштей қуанды. Қызға жақындей түсіп, оның көркем шашын сыйпады. Ділдар жан жағына бір қарап алыш, еркелікпен жігітті нұқып

калды. Арысланқұл оның әдемі басын қеудесіне тартып, журегі алып-ұшып, қыздың суюді тілеген сезгіш, алқызыл ерніне ернін қадады...

Қыз жігіттің көкірегінен басын тартып алғып, шаштарын жөндеді де еркелік «араздықпен» арырақ отырды. Арысланқұл да күліп шегініп отырды. Қыз мұны көріп тағы да әрмен жылжыды. Соңынан өз қылыштарына өздері күліп жіберді. Арысланқұл енді тыныш отыруға уәде берген соң, Ділдар оның жанына қайта келді. Жігіт өз жұмысы туралы әңгіме айтты. Күзді құні, егін жыйналып болған соң қожасынан ақысын алғып, Гиратқа баратынын, өзіне және Ділдарға киім алатынын айтты. Ділдар онан Гират базары және ондағы қымбат бүйімдар туралы есіткенін айтуды өтінді. Арысланқұл таяу жердегі үлкен қалада екі рет кана (онда да тіпті аз уақыт) болған болса да базарында сатылатын кашмир шәлісі, қытай жібекі, тағы басқа тауарлар туралы үзақ әңгіме айтты. Екеуінің де көнілдері үміт пеш куанышқа толып, көрген қайфы, қасіреттері, азаптарынын бәрі үмытылды.

Ешкіні сол жerde қалдырып, екеуі үйге қайтты. Арысланқұл он бес-жыйырма адымдай озып кетті. Ділдар үйге жақындағанда, әлгі жerde, алаша үстінде отырған Туғанбекке, ақсақалға және бағдарын иіп, қалтырап түрган кейбір өз қыстағының адамдарына көзі түсті, бірақ оларға жақын жуымай, дуалдың аржағына өтіп кетті. Арысланқұл жайлап басып солардың жанына келіп, шетіректе, арық бойына отырды. Ол жердегі ағаштарға бірнеше, сыйыр, бұзау, қой-ешкі байлаулы еді. Бұларды зекетші зорлықпен кепілге алғып желгенін байқады ол. Бойын ыза кернеп кетті.

Көп дихандар залымның көңлін аулау үшін үйлерінен әртүрлі тамақ әкеліп жатыр. Туғанбек ақсақалмен тізім жасауға, есептеуге беріліп, дастарқанға карар емес. Ақырында есебін шығарып, тамақтан аздал татты да, кенет орнынан түрді. Туғанбек кепілге қойылған сыйыр, бұзауларды ақсақалға тапсырып, «Фарян» қыстағынан қайтқанша «өсімдерді» жыйнап қоюды тапсырды. Сонан соң атын сылап-сыйип біраз түріп, мініл алды да алакүйын болып, шаба жөнелді. Жуан ақсақал жағасын ўстап, басын шайқады да, жанындағыларға алара қарап: «аттан күлап мойны үзілсін бұл ай-уанның, соны тілендер!» деді.

Жұрт қолдарын көтеріп, қүйініп: «патшаға шағым айту керек, патшаға» деп қала берді.

ТӨРТИНШІ ТАРАУ

«Бағ Заганның» үлкен қақпасының алдындағы алаң жауынгерлерге толы. Атты әскерлер — нәкерлер төп-тобымен әр түстан келіп қосылып жатыр. Аттар ойнақтап, кісінеді, тулар желбірейді. Дұлыға мен сауыттар құн сәүлесімен жалт-жұлт етеді. Бектердің күміс сапты қамшылары, аттарының ер-тұрмандарындағы күміс өрнектер, қылыштарының қындарындағы алтын, көүндер, асыл тастар жарқырап көз шағылыстырады. Нәкерлер арасында аппақ сақалы қөкірегіне түскен, бірақ жігіттердегі жетік, кеуделі шалдар, үрыс майданындағы қыянекескі айқастарды ойыншиқ көрген және үрыс-тартыстармен сүйегі қатқан байсалды батырлармен бірге тәжрибесіз, мұрты шықпаған жас жігіттер де бар... Осындай салтанатқа қарамастан, Фират күндердегі қалпынша өмір сүруде. Фират мүндай күндерді қөп көрген! Ойнақтаған аттардың арасында шуласып, бір-біріне айқайласып балалар асыр салса, үлкендер патшаның Мухаммед Жадігерге қарсы аттанатындыры туралы хабарды естіп: «құдай сапарын он қылсын, жұртқа тыныштық керек», деп тілек тілеп, өз тіршіліктерін істеуде...

Міне шаршы денелі, байсалды, айбарлы Ислим барлас өзіне арналып істелген жайды иығына асып, жердің шаңын бүркүратып, алдыңғы саптағы топтың алдына шығып, жолға түсті.

«Бағ Заган» қақпасынан ат ойнатып Хұсаин Байқара шықты.

Мәлдір қара, айбатты, асау аттың әсем жабдықтары алдында оның өзінің киімдерінің көркемдігі оншалық тамаша әмес-ті. Темір әүлетінің ішінде қылыш шабуға шеберлігімен танылған Хұсаин Байқара сулығын шайнап, аспанға секірген аттың тізгінін берік ўстап, батырларша кеуде керіп, кердің отыр. Оның аржағында бектер, әскер басылары, сұltан сарайының адамдары, сұлтанның жақын достары, ақылшылары, хорасанның атақты үйлерінен шыққан, сарайдың сәнін келтіріп, патшаның салтанатты мәжілістеріне көрік беру үшін ғана қызмет ететін, бархұт қалпақты, маусыт шекпенді, әде-

мі кемер буынған жас жігіттер топ-топ болып, аттарының ауыздықтарымен алсып тұр.

Бір топ жасауылдар әрлі-берлі жүтіріп, қамшыларын көкте үйіріп, патша келе жатқанын хабарлауда. Олар аттыларды, есек мінгендерді ерден түсіріп, жаяуларды көшениң екі жағына, дуалдарға жабыстыруда. Ә дегенше-ақ адамдардың желкелеріне, бастарына қамшы сарт-сарт тиіп жатады. Дүкеншілер дүкендерінен шығып, қолдарын құсырып, патшаны күттүктауда.

«Гауһаршад» медресесінің сыртында, біктे бір топ шәкірттер тұр. Олар таж-так үшін Астрабад жақта көтеріліс жасаған Жәдігер мырзаның кім екендігі, оның тұбі Темірге барып қалай қосылатындығы жөнінде әңгіме етуде. Олар өлгені бар, тірісі бар, таж кигені, кимегені бар әйтеуір патша балаларының аттарын ауызға алуда. Сұлтанмұрат пен Зәйниддин қызық әңгімелер, өзіл сықақтар айтып, ауық-ауық жүртты құлдіруде. Айбаты айрықша, көзі қылый жасауылдың бірі қамшысын қаһарланып үйіріп, шауып өте беріп еді, Зәйниддин былай деп өлеңдедті:

Есек болса мүйізді — өгіз басты,
Ол маңына ешкімді жуытпасты.

Достар біраз уақыт еріндерін тістеп, тым-тырыс бола қалды да, жасауыл, келемежді байқамай, өтіп, үзаң-қыраған кезде бәрі бірдей қарқылдан қулісті. Сұлтанмұрат досының жаурынынан қағып «егер сен болмасаң мұндай жәбір көрсетушілер мен жабырқанқыларды көріп тұрып, құлқін мұлдем үмытқан болар едік» деді.

Салтанатпен Хұсайн Байқара жақын келгенде, медресе шәкірттерінің бәрі қол құсырып тәжім етті. Сұлтанмұрат басын көтергенде патша үзап кеткен еді. Оның көзі Науанаға тұсті. Науан Хожа Афзал және Шайхим Сухайли ақынмен, Камаллиддин Хұсайн Қазәргахимен бір қатарда, атының басын бос үстап, бұл салтанатты думаннмен ісі болмай, әлде қандай терең ойларға шомылғандай қалыптен бара жатты. Зор қуаныш, Ұлken сүйіспеншілікпен көздері жайнап қарсы алған шәкірттерге ақын құлімсіреп, ілтифат көрсетіп өтті.

Көшелердегі әрекет, өмір бүрынғы қалытқана тұсті. Шәкірттер медресенің тас бауырына кіріп, ғайып болды. Сұлтанмұраттың хұжреге қайта кіріп, шұнылдануна көнлі болмады. Оған өзіне өте хажет бір кітапты іздел

табу керек еді. Кенет оның ойына көптен бері кездесуді арман етіп жүрген атақты химик Әбдулахат түсті. Көп кідірмей ол қаланың «Қыншақ қақпасы» деп аталағын жағына қарай шапшаң жүріп кетті.

Ол Фираттың шетінде, бір кезде әйтеуір бір «әулиенің» мұрдесі болған, қалың қарағаш және ерте заманғы шынарлар өскен жердегі тозығы жеткен бір үйдің алдына келіп тоқтады. Бір кездерде ою өнерінің тамаша үлгісі болған, келе-келе уақыттың жебірлігі әсерімен өзінің алғашқы әрін жоғалтқан есікті әуелі жайлап қакты. Ішкөріден ешқандай дыбыс естімегенсін, қаттырак үра бастады. Жолаушылардың бірі өтіп бара жатып, күлағын үстап құліп: «тас бітіп қалған! Қақпай-ақ кіре бер!» деді. Үй иесінің кәрілігін ол да есіткен еді — бірден есіне түсіп күлді де, ішке кірді. Иесіз қалған әулідей¹, жабайы шөптер басып кеткен, ешбір дыбыс жок, жым-жылас қораның ортасына келіп тоқтап, біраз тұрды. Жан-жағына қарап алды да, төбесіндегі қаңқайған мұржасынан будақтап түтін шыққан, есқі біррак камалдай биік және берік үйге қарай жүрді. Үйге таяна бергенде үйдің айбарлы көркіне келіспей-ақ тұрған кішкене есіктен бірнеше шұмекті керемет шөлмек көтерген бір адам шықты. Бұл химик Әбдулахат еді. Оның үлкен дөңгелек басында кір тақыя, үстінде әр жері қүйген, тұрлі дақ түсіп жылтыраған халат, көздері суланып, қызырып тұр, ызғарлы. Жұзінде жігер жалыны үшқындарды, көркем сақалының ағы кір шалып, сарғыш тартқан. Ол өзінің өлу бес жыл өмірінің жартысынан көбін осы үйде жалғыз өткізіп, химияғынымен шұғылдануға арнады. Ол тұрлі заттарды қыздырып, ерітіп, косып, ажыратып, өз ғылыминың сырын таңданарлық сабырмен, төзім және жігермен зерттеуде еді. От-жалының, әралуан химиялық заттардың әсерінен көзі закымданып, күлағы керең болған еді.

Бөгде жігітке көзі түскенде бір апатқа тап болғандай сілейіп тұрып қалды. Оның кейіпінің кенет өзгеруінен, келген кісіні тіпті жақтырмай тұрғаны сезілді. Сұлтанмұрат бірден шошып кетті және сасып қалды. Бірақ мұндай адамдардың пифылтын жақсы білгендіктен оның жақтырмаудың табиғи нәрсе деп есептеді де, аяғын тез және нық басып, ғалымға жақын келіп қолын

¹ Қора

кекірегіне қойып, тәжім етті. Химик оған бастан-аяқ қарап шығып, өз сезімін ауыр курсінүмен білдірді.

— Бишарапың баспанасына не мақсатпен келдініз?— деді ғалым жайлап қана, наразылық сезілген үнмен.

Сұлтанмұрат бойын түзеп алды да, өжет ғалымның ойынан шығуға тырысып, білген сөзін айтып бақты. Карлыға шыққан жуан дауыспен химияшыны дәріптей сөйлеп, соナン соң өзін таныстырып, не мақсатпен келгенін айтты.

— Қызыметіме нұқсан келтіретіндермен таныс болудан қорқамын,— деді ғалым жұлып алғандай.

— Таксыр,— деді Сұлтанмұрат хұрметпен,— біз ғылым жолындағы әралуан машахат пен азапты өмірде-гі зор бақыт деп санайтын адамдардың тобынанбыз. Сіз химия ғылымында заманымыздың Жафарийсіз¹. Сіздің әрбір сөзіңіз біз сыйқты ғылым кедейлері үшін алтыннан қымбат. Тәнрі сізге таусылмас асыл қазна берді, мен, бишара шәкіртіңіз болғандықтан, сізді мархабад етеді деген үмітпен келдім.

Әбдулахат күйіп сиреген қастарын жыйырып, үндемей, кетіп қалды. Сұлтанмұрат өжет ғалымның арқасынан қарап түр. Ғалым әулеңің ортасындағы шұқырға шөлмектен қап-қара бір сүйіқ затты төкті де, жерге үңілген қалпында, жай жүріп жігіттің жанына келіп, басын көтермей тұрып, бір түрлі терең сырлы дауыспен:

— Химияға деген ниетің таза, махаббатың берік екені рас па?

— Ниетімнің ақтығын білдіру үшін не десем екен сізге?— деді Сұлтанмұрат.

— Олай болса соңыма ер.

Сұлтанмұрат шексіз қуанып, ғалымға еріп үйге кірді. Бұл —«химияхана» мешіттей үлкен, кең үй еді. Ыс басқан төбесінде жылтыр, жұқа қағазбен қапталған түндіктері болғандықтан үйдің іші қараңғы емес-ті. Текшелерде, жerde көлемі, тұлғасы әртүрлі құм көзелер, әралуан мыс, темір ыдыстар, ерекше шишилар, үлкенді-кішілі шұнқырлар, әртүрлі қаңылтыр, темір кесінділері жатыр. «Химияхананың төріне қатар салынған биік, аласа ошақтар кәдуілгі ошақтарға мұлдем

¹ Араптың ертедегі химияшысы.

ұқсас емес-ті. Бірнеше ошақта гүлдеп от жануда. Ка-
ван сыйкты бір ыдыста бірнәрсе буланады.

Сұлтанмұрат өзін әлденендей бір сыйқырлардың іші-
не кіргендей сезді. Химияның сырларын тез рек байым-
дауға қашама үмтүлғанмен, терең сырлы тәжрибелер-
ге қашама ынтыққанмен бір беткей, нәзік сезімді ға-
лымды ренжітпев шішің өшбір нәрсеге қол тигізуге бата
алмады. Әбдулахат болса сұлтанмұратты мұлдем естен
шығарғандай үн-тұнсіз өз ісімен шұғылдануда: бірдеңе-
лерді іздеп, оғаресе отқа қарап, біресе ыдыстардағы сұ-
йық заттарды темірмен араластырып, біресе бір-біріне
қосып бір шетке апарып қояды. Кейде бір терең ойға
батып, іске қайта кіріседі. Бірденелерді үнтактайды.

Сонымен екі сағаттай уақыт өткен соң барып Әбду-
лахат бір шетте қаңқайып, оның әрбір қыймылынан көз
алмай тұрған жігіттің алдына келді. Бұл жолы мейір-
леніп, ықласпен күле қарады.

— Химия ғылымы, — деді ол сыйырлап сөйлеп, —
құпышасы көп, көзге көрінбейтін дүниенің ішкі сырь же-
ніндегі ғылым. Оның жұмбактарын шешуге нағандар
бөгет жасауы мүмкін... Бұл ғылым жениндегі біздің үлы
ұстазымыз Жафарийдан бастап, осы заманға дейін бұл
мақсат жолында бейнет шеккен адам аз емес!

— Хұрметті ұстаз, — деді Сұлтанмұрат жалынышты
дауыспен, — менің сізге деген ықласымның кіршіксіз
екендігіне құманданбаңыз. Құлыныздың мұрады — бі-
лім алу. Бұдан басқа ешбір нәрсе оның көңлінің айна-
сына көленкे түсіре алмайды. Дүниеде үш нәрсе үш
нәрсесіз өмір сүре алмайды деп білем: мал — саудасыз,
мемлекет — саясатсыз, ғылым — талқы-талассыз өмір
сүре алмақ емес... Таксыр, талас, пікір алысу үстінде
ақыйқаттың оты тұтанады...

Химик бірқатар жұмсағандай болды. Кейбір ғылым-
дар женинде кеңескеннен кейін жігіттің зейініне, білімі-
нің молдығына таңырқағандығын жасыра алмады. Мүн-
дай қабілетті жастың өтінішін орындаудан бастартуды
өзіне лайық көрмей, өз ғылымының сырларын баяндай
бастады. Дүниені жаратқан төрт нәрсе: су, ауа, топы-
рак, от деген атамзаманғы грек, араб данышпандары-
ның пікірлерін түсіндіріп, бұл заттардың негізінде өза-
ра бірлік барлығын, бір бірінсіз өмір сүре алмайтынды-
ғын, барлық заттың тағдірі оларға байланысты екенін
және жеті түрлі зат жеті түрлі нәрсеге үқсас екенін, мә-

селен алтын — күнге, күміс — айға, мыс — Шолпан жұлдызына ўқсас екенін, тағы басқаларды баяндады. Химиктің сөзі барған сайын ғылым сырына терең бойлай бастады. Ол барлық металды екі жікке бөлді. Бірінші жікке жататындарды ол «нұқсанды», «кеселді» заттар деп атады. Бұл заттардың бойындағы «кеселді» химия арқылы емдесе, оларды жоғары дәрежеге көтеруге, яғни сынаптан күміс, мыстан алтын жасау мүмкіндігін зор ықласпен, серпіле сөйледі. Бұл пікірлермен Сұлтанмұрат жақсы таныс еді. Бірақ химияшы «кеселді» заттарды жоғары дәрежеге көтеру үшін «экспр» деген бір нәрсе керек екендігі және оны істеу үшін не керек екендігі жайында сыр етіп бірнеше сағат бойына әнгіме соғып, ынтамен тындаған Сұлтанмұраттың сілесін қатырды. Алайда өз ғылымына берілген және мысттан алтын жасау пікіріне өмірінің бар қызығын бағыштаған ғажайып ғалымның сөзін бөлуге жігіттің батылы бармады. Ақырында ошақтардың бірінен жағымсыз іс мұрынға келіп, ғалым орнынан жедел тұрды да, ошақ жағына барып бір заттармен шұғылданып қалды. Сұлтанмұрат әнгімені қайта жаңғыртпауға тырысты.

Кешкө таман Әбдулахат құман қайнатып, дастархан жайды.

Осы үйдің өзінде, жылтылдаған шам жанында отырып біресе химия туралы, біресе өлең-жыр туралы әнгіме соғып отырып, нан, мейіз жеп тاماқтанды.

Сұлтанмұраттың біраз уақыт осында қалып, үзбестен бірге істеп, «экспир» дің сырына таныс болуға еткен өгінішін химик сөз айтпай қабыл алды.

Келесі күні жас ғалым вор ынта, ықласпен химияға берілді. Метал балқытумен шұғылданып қолдарын, киімдерін күйдіріп алды. Металдардың өзгеруі туралы ол Әбдулахатпен сағаттер бойы кенеседі, кейде таласады. Іске берілгендігі сонша — таңың атып, күннің батқанын да сезбей қалады. Ол бұл іспен онбес күндей шұғылданды. Сұлтанмұрат химия жолымен мысты алтынға айналдыру хиялынан аулақ болғандықтан, осы алған тәжрибесін өзінше жетерлік деп есептеді де, ақырында химикпен әке мен баладай, мейірбандықпен қоштасты.

Түс ауған кез еді. Сұлтанмұрат қала ішіне ене түскен сайын кездескен мансаб адамдарының, нөкерлердің жүріс-тұрысынан, адамдардың көздерінен, балалардың жүгірісінен ерекше бір нәрсені сезді. Төтенше бір уақый-

ға болып қалған екен деп үйғарды. Саусактарын, көкбенбек қолдарын қатты сермеп, асырып бара жатқан бојашыны тоқтатып сұрамақ болып еді, ол асыққан бойы: «Ей молдам, халықтың дерті көп, қайсы бірін айтайдын!» деп жүре жауап берді де, жүгіре жөнелді. Сұлтанмұраттың қөңлі қобалжыды. Қөптің соңына ере берді. Ентігіп, өңі қашып диуанханаға келгенде, бұл жерде аланды қалың топты көрді. Бұлар үлкен қаланың әралуан қолөнершілері және төңіректен келген жұлым-жұлым киімді дихандар еді. Халық құралсыз еді, бірақ көздеріндегі қаһар мен ашу олардың бұрқануға әзір түрган қуатты күшке айналғанын байқалтқандай еді. Қалалардың қамалдарын, үлкенді-кішілі айқастарды біркезде өз көзімен көрген Сұлтанмұрат іштей тітіреніп кетті. Топ толғанып, толкуда. Қатты айқайлар ауаны жаңғырықтырады. Нөкерлерде өң жоқ. Олар үрейленіп, көздері алақ-құлақ етіп, шеттеп жүр... Сұлтанмұрат сырын білмеген судың тайыз жерлерін әуелі байқап алып, соңынан терең жеріне барған аса сақ адамша, аңдысын аңдап алған соң, бірте-бірте топтың қалың ортасына кіріп алды. Жұрттың бері әлсіздің ашынғанын, зекетшілердің зұлымдығын, салықтың көптігін және ауырлығын айтып, шуласуда. Халық билеуші мансапқорлардың біркаторының аттарын атап сөгуде.

— Эбдулла қожа, Күтбиддин қожа, Низамиддин, Баҳтиярлар шықсын алдымызыға! — деген жүздеген дауыстар естіледі...

Кескіні жуас жөрінген бір ақсакал кәрия жылап, Сұлтанмұратқа шағым айтты: «патша мұсылман, уәзірлер де мұсылман. Ал мүндей жәбірді өз еліне кәпір де көрсетпейді. Жұрттан ынсап — әділеттік кетті. Шарифат түбімізге жетті. Таланып, тоналып біттік! деді. Сұлтанмұрат ерні дірілдеп, жұбату айтып оған тоқтау салғаны сол-ақ екен, жалбыр киімді, ыза кернеп, бетінен түгі шыққан бір дихан, дәл құлағының түбінде тұрып: «Туғанбекті қолымызыға бермейінше, бұл жерден кетпейміз!» деп айқай салды.

— Қайсы Туғанбек? — деп сұрады, Сұлтанмұрат оны түртіп қалып.

— Жаңа туған иттердің бірі... Біз білеміз Туғанбекті! — деді де әлгі дихан, Сұлтанмұратқа қарамай, көп ішіне кіріп жоқ болды.

Сұлтанмұрат қалың топтың ішінде қақтығып, соқтығып көп жүрді. Сөйтіп ол ыза, ашумен айтылған сездерден бұл оқыйғаның түп себебін аңғарды: патша мен бірқатар уәзірлер қаладан кетісімен зекет істерін басқаратын Әбдулла қожа, Құтбиддин қожа, Низамиддин Баҳтияр тағы басқалар өздерінше халыққа жаңа салық салған. Қазна үшін емес, өз пайдалары үшін жыйнамақ болған салықты құлайлы уақытта неғұрлым тез жыйнап алуға тырысқан. Бұл үшін ең қатал және шұғыл шаралар қолданған. Оның үстіне бұқараға жәбір-жапа көрсетіп, олардың еркіне қысым жасаған.

Өз заманы ғалымдарының атасы болуға ғана үмтүлған Сұлтанмұрат осы уақытқа дейін халықтан іргесін аулақ салып келген еді, халықтың қасіретін білмейтін ғол. Оның барлық ой-пікірі ғылымда, қалың кітаптардың шаңдары арасында, түрлі талас сездерде еді. Халық кім, ол қалай тіршілік етеді, не ойлайды, қасіреті не, алдарында тұрған қыйыншылықтармен қалай күреседі — міне бұл сыйқты мәселелерді ол сірә ойлап көрген жоқ-ты. Оның ойынша халық ғылымнан бөгде, өз алдына бір топ. Ол ғылымның арқасында ғана «нағыз азамат» бола алады, халық әр жерде, әр істе надандықтың құрбаны деп түсінетін. Оның бұл көзқарасы, бұл ойы қазір халықтың қалың ортасына кірген кезде астан-кестен бөлді. Үлкен және ерекше оқыйғаға кездесіп, басқаның бәрін үмытып, тек көз алдындағыға барынtasымен беріліп, жаңа сезімге бөленген адам сыйқты жас ғалым да бүгін барынtasымен халық пікіріне қосылып, халық мұңын мұндады. Ол айқай-сурен ішінде, қатты тебреніп, жаны күйіп жүріп оқыйғаның себептерін зерттеп, қортынды жасап, мынандай тоқтамға келді: «Әбдулла қожа, Құтбиддин қожа сыйқты жоғары шенге ие болған адамдар да ғылымның табысымен пайдаланады, бірақ бұлар өздерінің жеке бастарының қамы, өз күлкynдары үшін бұқараға осыншалық жәбір көрсетеді. Бұлар шынында ең залым жауыздар. Нағыз адад адам болу үшін ғылымнан өзге де бірнеше хасиеттер керек екен. Мұндай залымдарға қандай ауыр жаза берілсе де аз!».

Халық күшті желмен шайқалған теніздей, бірден козғалды. Сұлтанмұрат шетте қалуға тырысса да, халық толқыны оны өзіне ілестіріп кетті. Диуанхана алдында айқай-шу, сок, өлтір деген дауыстар шықты.

Толқын күшті айқаймен ішке кіруге үмтүлды. Ағаштар егілген кең аланды қаптал кетті. Салық мекемесінің бөлімшелеріне жұздеген жастар зулап үшты. Адамдар шуылдастып бөлмелерге таяна түсті. Эбдулла қожа тerezeden қарғып шығып, ағаштар арасына қарай жүгірді. Артынан тастар жауды. Міне ол токтай қалып, басын үстады — ақ сәлдесі қып-қызыл қанға боялды. Халық оны көріп, шуласып, қуанысып калды. Жаралы әкім сүрініп-қабынып, қаша жөнеліп, ағаштар арасында ғайып болды. Қалың топ Хожа Низамидин, Бахтиярға нәлет жаудырып, енді соны іздей бастады. Бірақ ол топтың қарасын көргенде-ак, үйіне баруға корқып, қайсыбір медресе арқылы жол тауып, бір жерге жасырынғанын білген адамдар хабарлады. Халық тағы да шу көтеріп оған үсті-үстіне нәлет жаудырып жатты.

Күн бата топтың қызыу бірте-бірте басылып, бірқатары тарай бастады. Қалған бір тобы тағы бір әкімнің үйіне қарай ағылды. Топ ішінде сығылып, алқынып, айқай-шудан шаршаған Сұлтанмұрат жайлап журіп, жолда кешкі намазын оқып, ымырт жабыла медресеге келді. Көрген білгенін айтуға асығып, Зәйнiddиннің хұжресіне барды. Бірақ досын таба алмай Алоиддин Машхадидің хұжресіне өтті. Ақын бармақтай май шамның қара көленкесінде, бўрынғысынша такыр төсек үстінде, муйіште тығылып отырган Туғанбекке әлденені мылжындалп отыр. Ошақта лаулап от жанып, қазанда ет қайнауда. Туғанбектің жанында шишаларда шарап түр... Сәлемдесіп болған соң Сұлтанмұрат:

— Есіттіндер ме? — деп сұрады.

— Нені? — деді Алоиддин.

— Фажал оқыйғалар болып жатыр. Халықтың әділдік талап еткен даусынан бүкіл Фират қаласы тітіреуде... — деді Сұлтанмұрат нық дауыспен.

— Есіттік, — деді Алоиддин қазанға телміріп, — халық емес, бір топ айуан ғой шу көтерген.

Сұлтанмұрат тітіреп кетті. Бұл сорлы жанмен таласу да пайдасыз деп білді де, Туғанбекке бўрылды.

— Сіз осы, бір қызметте едіңіз ғой, — деді оған мысқыл күлкімен, — бірақ қандай қызмет екенін бізден жасырып келдіңіз. Құдайға шүкір, бүгін біліп алдық... Менің беретін кенесім сол — бүгін кеш жамылып, басқа бір жаққа жөнеліңіз!

— Халыққа не жамандық қылымпыш? — деді, Туғанбек түк білмегенсіп.

— Халық — деді Сұлтанмұрат, — Хожа Эбдулла Хатибидің басын жарды. Сіздің атыңызға нәлет жаудырып, тас атты.

Туғанбек сырт пішінін өзгерпегенмен тілі кесіліп, үрейі үшіп, үндемей қалды. Алоиддин дірілдеп, сығырайған көздерімен Сұлтанмұратқа одырая қарады.

— Туғанбектің өзі бір тау, — деді ол ашуланып, ызылды үнмен быжылдал, — оның арқасында қабат-қабат таулар бар...

— Оған сенемін, бірақ халықтың күдретіне, дауылына ешқандай тау төтеп бере алмас! — деді де, Сұлтанмұрат тез басып үйден шығып кетті.

БЕСІНШІ ТАРАУ

I

Хұсаин Байқара бүкіл әскерімен «Жәнушан» мен «Исфәрайн» арасында шатыр тіккен еді. Хорасанды билеп-төстөу үшін бүліншілік бастаған мырза Жадігер де күшін осы маңға топтаған.

Жадігер — Темір әулетінен шыққан шахзада. Ол Темірдің кейбір әулеттері сыйқты, ес біліп етек жыйғаннан әскери өнерді менгеруге үмтүлған, мұрты шықпай жатып, мындаған жігіттерге бас болған, өктемдік алу үшін айқастармен сүйегі каткан, жорықтардың азабын жаңы сүйіп, кескілескен қырғын-сүргіндерді мәртебе деп білген, еті тірі, епті жігіт емес еді. Мырза Жадігер еркек болып өсті. Ол жас кезінен сән-салтанаттың қызығына, шарап пен музықаның, сүйіспендіктің ләззетіне берілген еді. Жан-жақпен көп жұмысы болмайтын. Өктемдік орнату деген тек алыстағы тәтті қыял сыйқтанаң қоңілінде сақталатын... Оның ықтаяры өзінің бектері мен тәрбиешілер деп аталатындардың қолында болғандықтан, олар мырзаның нәзік, қыялшыл қоңілінде қанды айқас, даңқ, атақ, өктемдікке әуестену отын жағуға тырысып бағатын. Мемлекет істерінде тәжрибелі әйел және аскан білімді, «ақылды» деп саналған апасы (әкесімен туысқан қызы) Паянда Сұлтан беғім де оны хорасан тақты үшін куреске үндейтін. Оның үстінен ол түркпен сұлтаны Хасанбектен де үлкен көмек ала-

ды. Желік біткен шахзада «Журжон» әкіміне жорықта аттаныш, оңай ғана женіп алған-ды. «Журжанды» қолға алған соң, енді Фиратты басып алғып, таж кио үміті күшейген еді...

Өзін іс білермен әкім деп танытуға тырысқан Хұсаин Байқара бірнеше күннен бері үлкен соғысқа даярлық істесе дағы, үлкен шабуыл жасауға батылы бара қоймады. Дүшпанның тұнгі кенет шабуылынан қауіпсіз болу үшін өз әскері лагерінің төңірегін, ор қаздырмағанмен ағаш-бұтақтармен бекітті. Күзетті қүшетті. Күн сайын дерлік мырза Жадігер жігіттерінің бір тобы күтпеген жерден алыстан тиіспі, бір сағат, жарты сағат оқ атып, қайтадан зым-зыя жоқ болып кетіп жүрді. Кей күндері екі жақтың алдыңғы отрядтары тосыннан кездесіп айқай-суренмен оқ атысып, қолма-қол шабысып та қалатын. Мұндай кіші-кірім, бірақ қанды соқтығысулар нәтижесінде екі жақта бірнеше кесілген бастарды, жылы қанын ағызып, өз жайларына алғып қайтатын.

Жұпымы ғана шатырда жалғыз жатқан Науай қамырып, қайғырулы еді. Ол күн сайын дерлік кесілген бастарды көреді. Мәрттік, жігіттік атақ үшін шауып әкелінген бұл бастар кімдікі. Қаны, тіршілігі, жері, тілі, тарихы бір, бір халық бір біріне жау екі топқа бөлініп, бір-бірінің қанын не үшін төгеді. Бүтін бір халықтың зәулім ағашының тамырларына не үшін балта үрады. Бұл да жігіттік, ерлік болып па? Осы да женіс пе? Ақын жүрегі шерге толып, тарихты ойлады. Жақын арадағы тарихтың өзі-ақ самсаған қайғылы көріністерді көз алдына елестетті. Темірдің көзі жұмылып, жангердің сүйегі жер баурына енбей тұрып-ақ, оның өулетінің арасында болған таластарды, қанды қырғындарды еске алды. Ол таж-так үшін болған өзара үрыстардан мемлекеттің бөлшектеніп, дәулетінің кемуінен бөтен, халықтың босқа қырылуынан бөтен ешбір нәтиже, ешбір мағна көре алмады. Кесіле-кесіле құруға айналған ағаштың түбірінде көгеріп, ескелі тұрган жалғыз бұтакқа балта көтерген мырза Жадігерге қынжылды.

Мырза Жадігердің бұліншілігі жөнінде Фиратқа хабар келісімен-ақ Науай Хұсаин Байқараны жылдам аттануға шакырған еді. Оның Хұсаин Байқара әкіметінің баянды болуын тілеуі, онымен бала жастан дос болғандығы үшін ғана емес-ті, әрине. Науай Хұсаин Байқара-

ның ақындық таланттың, ғылымға деген сүйіспеншілігін көрді. Оның үстіне Хұсайн Байқара әскер өнерін жақсы білетін еді. Үрыс майдандарында әлденеше рет батырлық көрсеткен еді. Өз елінде әділлітті мемлекет құрылып, әділ және ғылымды сүйетін әкімдер болуын арман еткен Науай Хұсайн Байқарадан көп үміт күтетін еді.

Ақын жұмыны ғана шатырда сырттан тыныш жатқандай көрінгенмен, шынында айқай-шусыз, зор қайратпен әскерді нығайту әрекетінде еді. Мырза Жадігердің қалай қыймылдамақшы болып жатқаны және басқалар туралы мәліметтер алуға тырысты ол. Ақын бұл мағнасыз, босқа қан төгушіліктің тез рек тоқталуын асыра күтті. Мейлінше қатты шабуыл бастайтын күн туды. Хұсайн Байқара мәжліс шакырды.

Патша кең, биік, жібек шатырда, алтын шамданарды ортаға қойып, Науай және басқа білімділер мен, жақын бектерімен «соғыс қағидалары» жайында кенес құрды. Шығыстың түрлі елдер мен мемлекеттерде от дауылын боратып, қан дариясын ағызған ұрыстарында бірте-бірте байып, соңынан Темірдің дәл сондай қандықырғынды үлкен жорыктарында және оның әскер басылық өнерінде қалыптаскан «соғыс қағидаларын» жақсы білетін бектер өз үсіністарын айта бастады. Мырза Жадігерге жасалатын шабуылды қалай жүргізу, жеке беллімдерге кімдерді әскер басы етіп тағайындау туралы үсіністар ортаға салынды. Қазір қай уақыттағыдан болса да сергек отырған Хұсайн Байқара олардың белгілелеген шараларын мақұлдады. Соңан соң отырғандардың әркайсысына бір-бір қарап алып, куанышпен, серпіліп:

— Ендігі сөз аспан кітабында қалды. Кatalасып жүрмес пе екем? — деді.

Анғырттау Ислим Барлас қалпақты басын баяу изеп, аспанды көрмесе де, қаһарлы көздерін жоғарыдағы жібек шатырдың көркем оқаларына, әралуан құлпырғаш жібек баулар салбырап тұрған шатырдың төбесіне қадап, салмақпен:

— Эрине... жұлдыздар не дер екен, білейік, — деді.

— Жұлдыз санайтын палшыны шакыртайық. Мұмкін ол сапарымыздың оң боларын жұлдыз санап айтты берер, — деді патша Науайға дең қойып, қарап.

— Жұлдызышы керісінше айтса хазрет не істемек? — деп сұрады Науай хұрметпен.

Хұсайн Байқара қобалжыған жоқ.

— Сәтті сағатты күтуден басқа амалымыз жоқ. Жұлдызымыз туған күні атқа мінетін боламыз — деді ол.

Бектер бірсесе патшаға, бірсесе Науайға қарап үндемей қалысты.

— Патша хазрет, — деп бастады Науай сөзің, байсалдылықпен, — біздің пікірімізше әрбір істе ақыл басшы болуы тиіс. Зерек адамдар шындық жолын ақылдың нұрымен табады. Неше алуан қыйындықтарды да ақылмен женуге болады. Женісінің үшін барлық әзірлік мұқыят жасалды, енді жүлдышдармен кенесуді қажет деп білмеймін. Өзіңізге белгілі, мен әскери адам емеспін, алайда екі жақтың күшін, екі жақтың жағдайын ойғасалып, өлшеп көрдім. Қобалжудың ешбір қажеті жоқ. Таңертең күн көтеріле женіс туын көтеруіңіз керек.

— Өзіңізге айқын, — деді Хұсаин Байқара салмақпен және сеніммен, — үрыстың уақыт-сағаты берік белгіленбесе женіс өзінің бетін әрі бұрады, әралуан қыйындықтар кездеседі. Соңдықтан үрыс алдында жүлдышшылардың кенесімен іс қылуды әскер басылар парыз деп біледі.

— Тарих, — деді Науай отырғандардың бәріне бір-бір қарап алып, — жүлдышшылардың айтуымен басталған көп жорықтың ақыры қайырлы болмай шыққандығын дәлелдейді. Жұлдызшылардың болжауында шындықтан көрі бос мылжың басым. Тағы айтамын, таң атысымен шабуылға шығу керек.

Аз сөйлейтін, қарт батыр Зунун Аргұнбек жуан саусақтарымен жалпак, қаһарлі бетіндегі қалың сақалын қасып, үзак талас жалықтырғандай, кең кеудесін керіп, бір күрсініп алды да, көлте қайырып, кесіп айтты:

— Ақынның сөзінде мағна көп... Талай рет сынағанбыз, жүлдышдардың тілінде тұрактылық жоқ. Көп уақыттарда күлкі жылауга айналады.

Хұсаин Байқара дағдарып, ойланып қалды. Науай жүлдыш қай уақытты тағайындаса да шабуылды бастау керектігін онан әрі дәлелдеуде болды. Науайдың үсынысын макұлдауға мәжбүр болған бектер де патшаға жігер беріп, «Алла тағаланың медетіне сыйынyp, осы бүгін дүшпанға шабуыл жасау керектігін» үгүйндырыды. Мәжіліс тарқады.

Некерлерінің көмегімен Хұсаин Байқара үстіне сауыт, басына дулыға киді. Әралуан асыл тастармен безелген алтын қынапты, мейлінше шеберлікпен істелген әде-

мі қылышын тақты. Дәл сондай әдемі қорамсағын асты. Садағын алды. Соңан соң аяғын нық басып, айбарлы пішінмен шатырдан тысқа шықты. Таң атуға таянып қалған еді... Алыста, көгілдір тұман ішінде, мұлгіген таулар үстінде, сирек жұлдыздар көздерін қысып қояды. Дағаның салқын желі шатырдың жібегін жайғана желпиді. Жігіттер және барлық қосын түгел оянған. Таң алакеуімдегі олардың қыймылынан, зор іске асығыс дайындық жасап жатқандықтары сезіледі.

Арнаулы нөкөрлер алтындаған ер-тұрманды, ойнақтағаң арғымақ атты жайымен жетектеп әкелді де, патшаны қолтықтап мінгізді. Хұсаин Байқара төңірегін қоршаған, мұздай қаруланған, айбарлы бектерімен бірге қалың әскерге қарай желдей жүйткіді. Ол отрядтының тәртібін ден қойып бақылатп тұрды. Әскердің оңжақ қанатына Ұәлибекті, мырза Қішікті және Ислим барласты басшы етіп тағайындағы. Сол жақ қанатына әмір Бәдриддинді басшы етті. Әскер ішіндегі ең тәжрибелі, ысылған, қылыш шабуға шебер батырларды саралап, алдыңғы қатарлы топ құрып, мұны шайх Темірке, Зунун Арғұнбекке тапсырды.

Құн шыққан кезде жауынгерлік тәртіпке енген қөп әскердің түрлі бөлімдері кең даланы қаптап, жауға қарай жайлап алға жылжыды. Дұлығалар, сауыттар, наизалар мен қалқандар, айбалталар күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Үрысқа үйренген аттар шыдамсызынанып, бастарын сілкіп, азнатап, ауыздықтарын сүзіп, алға үмтүлуда. Нөкөрлер мен бектердің көздері қаһарлі, жүздері сүйк.

Хұсаин Байқара сол заманың атақты тарихшысы айтқандай «адам кеудесіндегі жан сыяқты» қалың әскердің қақ ортасында, сенімді қолбасылар, батыр жігіттер арасында бара жатты.

Қарауылдар атылған оқтай заулап келіп, мырза Жадігердің асығыс түрде өз әскерлерін тәртіпке салып, қарсылық көрсетуге әзірлік жасап жатқандығын хабарлады. Хұсаин Байқара қолайлы кезеңді қолдан бермес үшін шабуылды бастауға бўйырды. Керней, сырнай, нағаралар ауаны жаңғырықтырады. Жау әскері алыстан көзге түскен кезде Ислим барлас, Ұәлибек мырза Жадігер әскерінің сол жақ қанатына ўран сала ат қойды. Шайх Темір мен Зунун Арғұнбек қарамағындағы әскер бөлімдерін жаудың жон арқасына өткізуі көздел, жол-

дың сол жағалауымен жүгірді. Әмір Бадриддин әске-
рін жаудың оңжак қанатына қарсы батыл бастады.
Мырза Жадігердің әмір Ахмедәлі барлас бастаған әс-
кер бөлімдері Уәлибек пен Ислімның әскерлеріне тойта-
рыс бермек болып, үсті-устіне оқ жаудырды. Бірақ қы-
лыш шабуға шебер Уәлибек пен қай үрыста болса да
арыстанша айқасатын Ислам Барлас дүшпанды баса
көктеп ілгерілей берді. Айқай, шу күшіне түсті. Әмір Ах-
медәлі барлас катты қарсылық көрсे�туге тырысып, жі-
гіттерге дем берсе дағы, жігіттері топ-топ болып шоғыр-
ланып, ілгері аттап басуға батпай тұрып қалды. Алдың-
ғы катардағыдан ондаған әскер өліп, көп аттар жығыл-
ған соң бөлшектену, ыдырау күшіне бастады. Жау
жақтың жігіттері қылыштасудан тайсалып, үрыстан бо-
йын аулақ алуға ыңғайланды... Оның үстіне мырза
Жадігердің әскеріндегі монғолдар колайлы кезеңді пай-
даланып, ежелгі әдеттері бойынша олжа түсіруге, та-
лау-тонауға кірсіп кетті. Олар дүшпанды емес. өз адам-
дарын соғып, аттан үшірып түсіріп, киімдері мен құ-
ралдарын сыптырып алып жатты.

Мырза Жадігердің оңжак қанатында шан, тозаң,
күшті айқай-шу ішінде катты үрыс болып жатты. Бі-
рақ катар тұрған жеті аттың үстінен секіріп өтіп, ата-
ғын шығарған, лашындаң шапшаң, қырғыйдай алғыр
әмір Бадриддин жауға жол бермей, күшті шабуыл жа-
сан, оны тоз-тоз етіп, ыдыратып, қалжыратып дәрменсіз
етіп тастауға тырысулы.

Тұтқыйлдан мырза Жадігердің бас отрядынан
туркпендер Хұсайн Байқараға карай ат қойып, құйын-
дай тиді. Оларға қарсы оқ жауып кетті. Бірақ зулай
үшкан оқтар түркпен батырларының жолын бөгей ал-
ған жоқ. Түркпендер қылыш ойнатып, оқ атып, екіленіп,
екпіндеп, баса көктеп келіп қалды. Бір шетте түркпен-
дер күтпеген жерден Хұсайн Байқараға жақындал қал-
ған еді. Патша төңірегін коршаған батырлар біресе қы-
лыш, біресе найза жұмсап, дүшпанды тойтаруға күш
салуда. Адамдар жығылып, қылыштар сынып, иесіз
калған аттар ері ауып, тізгіні аяғына оралып, көздері
шатынап, бетімен лағуда.

Хұсайн Байқара үрыстың немен бітеріне көзі жетпей,
уайымдал, бойын ыза кернеп, алаңдал жан-жағына көз
тігүде. Шан, тозаң ішінде үрыстың барысын байқау да
мүмкін емес. Ақырында ол шыдал тұра алмай, қылыш-

шын суырып алды да, өз жанындағы батырларымен жауға килікті. Үсті басын көк сауыт жапқан патшаның астындағы айбынды ат қалың топты қақ жарып, карғып ішіне кірді. Хұсаин Байқара қылыш шаба біletін еді. Үрыста каны қайнап, шебер, шапшаң қыймылдайтын-ды. Таж-так таласындағы үлкенді-к'шілі үрыстарда, соқтығысуларда қылыш шапқыштығымен атын шығарған еді. Қазірде де қауып-қатерді үміттып, қылышпен шебер қыймылдай бастады. Батырлар да ешнәрсені елемей патша төнірегінде ерлік көрсетуде еді. Бұлар дүшпанды шегінуге мәжбүр етседе, бүкіл үрыстың тағдірі бұл жерде шешілген жок. Мырза Жадігердің он және сол қанаттары қатты соққы жеп, тоз-тоз болып, бет-бетімен қашуға бет алған еді. Бұл жағдай туркпендердің рухын түсірді. Олар енді дүшпанмен айқасуға емес, өздерін қырғын ішінен тезірек алып шығуға тырыса бастады. Байқараның жеңіспен рухтанған жігіттері жауды жанышып, айқай, шумен оны өкшелеп куа бастады. Тынысты буып, көзді көр кылғандай шан-то заның бұлты көк жүзін қаптап алды.

Хұсаин Байқараның әскерлері мырза Жадігердің тоз-тоз болған жігіттерін, көп жерге дейн ізбе-із қуып, кешке әралуан олжалар алып, бірнеше адамдарын тұтқынға алып кайтты. Бір топ көлға түсken тұтқындар, көбінесе әскер басылары сол сәттің өзінде-яқ өлтірлі, артынша тартылған сырнай-кернейлер жеңіс қуанышын хабарлап, үрыс шаңы әлі басылмаған көкті тітірептіп жіберді.

II

Ақын төнірегі күзетшілермен қоршалған әшекейлі жібек шатырға келіп кірді. Зерлі көпеде отырған Хұсаин Байқараға көзі түсіс мен оның шарты келмей отырғанын сезіп, таңданды да, реңми сәлемдесуден соң, патшаның ишаратымен оған жақын отырды. Әйгілі бектер мен уәзірлер бүгін жок. Мұқабасы тамаша, әдемі жаңа к'тапты тізесіне койып Хасанәлі Жалайыр ақын отыр. Онан төменіректе — неше алуан сылтаумен патша алдына енуге, онымен әңгімелесуге тырыскан Мәждиддин Мухаммед. Бұлардан басқа қызметі үнемі патша алдында болып, оны зеріктірмеу үшін түрлі күлдіргілер, әңгімелер айту болған екі-үш өнерпаз енді патшаның қаһарлі көзіне түспеуге тырысада. Науай мүнда аңға-

рып болмағандай ешбір сыр көрген жок. Ол бір ауыр жағдай болып қалғанын үғына қойды. Мырза Жадігер ўрыста тас-талқан болса да, Хұсайн Байқара-ның жеңіс шарттары үзаққа созылған жоқ еді. Соңғы уақыттарда күнсайын бірінен бірі суық хабарлар үстіне естіле бастады. Мырза Жадігер көп әскер жыйи-наған-міс, әмір Хасанбек оған пәлен мың нөкерін көмекке жіберіпті-міс, Хорасанға шабуыл жасау үшін Сұлтан Махмуд әскерімен Әму жағасында түр-мыс... Бұлардан басқа патшаға кіна таққандықтан ба, немесе мырза Жадігермен құпия сез байлласқандықтан ба, айтеір бірсыныра бектер мен жігіттер әскер жатқан жерден қаша бастаған еді.

Науай қамығып, ашуға мініп отырған патшаға тіке қарап, хәл-ахуал сұрады. Хұсайн Байқара Фираттан хабар келгенін айттып, басын шайқап, жағдайдың ауырлығын сездірді. Соңан соң зерлі көрпе астынан бір хат шығарып, ақынға үсынды. Науай бар ынтасымен қағазды бастан аяқ оқып шығып, хатты аспай-саспай тізесінің үстіне койды. Басын тәмен салып біраз отырды да, екі қасының арасында түйін пайда болып, қағазға қайта тігілді. Уақыйғаның түп-түкіянын тексеріп, ойға салып болды да, хатты бүктеп, жанына, атлас көрпе үстіне койып, патшаға қарады. Оның бұл қарасында қорқу-сасу немесе таңырқау жоқ еді. Оның көз қарасында ежелден өзіне тән сенім, ой бар еді. Патша өзінің мазасызданып отырғанын жасыра алмай, қасіре-тін айтты:

— Астанада көтеріліс жасаған бір топ бейбастарды басу үшін нендей шара қолдануға бүйрік керек екен? Бұл жөнінде әмірлер мен бектердің пікірін білдік. Лайықты және дұрыс кеңесті мүмкін сіз берерсіз...

Науай өзіне тән байсалдылық, сыпайылықпен:

— Патша хазірет, Хорасанның барлық тағдірі сіздің өз қолыңызда. Сіздің асыл ойыңызда бұл орасан ауыр оқыйға жөн нде нендей пікір бар?— деп сұрады.

— Бұл таж-такты қылышпен алғанбыз— деді аз кідірістен соң, катты дауыспен, батыл сөйлеп Хұсайн Байқара.— Оны баянды ету үшін де сол қылышты колдануымыз керек.

Ақын бұл сөздерден шошынған жоқ. Дүниенің жартысының үстінде қылыш ойнатқан ақсақ Темірдің бұл әулеті қылыш үстауды жақсы біліп, қылышпен макта-

нуды сүйсе дағы, сол қылыштан көрі арак-шарапка, үрыс майданынан көрі көркем бақ ішінде думан, сауық жасауға көбірек бейім болатын. Ақын дұрыс ақыл айтып, оны дұрыс жолға салып жіберу мүмкіндігіне сенетін еді. Бірақ болмашы бір себептің өзі оның ашуына, өртті каулатып жіберген желдей әсер ететінін де біле-тін. Науай шыдап тұра алмай:

— Таксыр, жаралы қөнілдерді емдеу үшін сіздің ас-кан дәрігер болуыныз керек. Алдыңызда отырған қызметшіңіздің пікірінше бұл жерде қылыштың ешбір хажеті жок.

Хұсайн Байқара ойға шомғандай шатырдың төбесіне қадала қарап калды. Манындағылар желкелерінен бірдене басқандай ііліл жым-жылас отыр. Бұл жым-жырттықты Мәждиддин Мухаммед бұзды.

— Шынында,— деді ол, Науаиға кердиіп бір қарап қойып,— патша хазіретіміздің пікірі — кіршікіз ақылдың жемісі. Надан халықты тәрбиелеу үшін оқ, қылыш, таяқ керек. Халық жақсылықтың, хұрметтің хадіріне жетпейді.

Науай тітіреп, мыскылмен күлді:

— Бұл мәселе әділет пен ақыйкеттың мәселесі,— деді Науай, өзін берік үстауға тырысып.— Ақыйкат, шындық халық жағында. Шындықтың тайтқан ауызды таспен үрып канатуға болмайды, шындыққа қарсы көтерілген колдарды кесу керек. Зекет жыйнау мемлекет ісі, ол бірнеше обырлар мен озбырлардың ғана бауы үшін жыйналатын жем емес. Бұдан былай бүкіл Хорасанда бұкараның жай-куйіне назар сала отырып, салық салу керек. Салық істерін басқаратын мекемені алтын құмарлардан тазарту керек. Қайталап тағы айтам, халықтың көтеріліп, қаһар төгүйнің жөні бар. Халықтың үніне күлак кою, мұн-мұктажын ойлау біздің міндетіміз.

Мәждиддиннің үрелі үшіп, тілі кесілді. Отырғандар көздерінің астымен бір-біріне қарасты.

— Іс сіз айтқан шектен әлдекайда әрмен өтіп, әбден асқынып кеткен.— деді Хұсайн Байқара Науаиға,— біздің қызметіміздегі адамдарға тас атқылауды, патша тағына тас атқылау деп білуіміз керек. Арыз айтып, өтінсе бір сәрі, астанада осыншама шу көтергендерін айтсаішы!

— Жоқ, олай емес!— делі Науай ішінде бір сыр сактап, күлімсіреп,— патша өкіметі көктемгі күн тәрізді.

Хожа Эбдулла Хатиб сыйкты озбырдың, жеуге тоймас жебірдің басына лактырылған тасты өкіметке атылған тас деуінізге бола ма? Бір залымның басы жарапанған үшін халық үстінде қылыш ойнатсак, мемлекетіңдегі әралуан бас бұзарлар көтерілуі мүмкін, деп ойлаймын... Халық қолына тас алған болса, демек, оның көнілінде хасіреті, көкірегінде дерті бар. Бұл дертті зерттеп білу керек, әділеттің суымен жуып, емдеу керек.

Хұсайн Байқара үндемей қалды. Ол қобалжуда еді. Аздан соң ойнақшыған қысынқы көзін ақынға тігіп, қамырып:

— Эбдулла хожа сыйкты арамзаны жазалаймыз, бұған күманданбаныз. Бірақ астана тыныштығын бұзған арам ниет адамдар да жазасыз қалмауы тиіс... Біз ең болмағанда коркытып кою үшін болса да оларға бір жаза қолданбасақ, олар келешекте де осындаі бас бұзарлық істеуге дайын тұрады...

Науай жасырын, іштей күрсінді. Патшаның мағнасыз өжеттігін біржолата басу үшін, енді батыл сөйледі:

— Е, патшам, халықтың мал жаны кілең қасқырлардың еркіне берілсе, олар бұл қанкой маклұктардың тырнағына ілініп, жаны қысылып дауыс шыгарса, олардың даусына күлак коймау әділ адамның ісі емес. Қаталдық емес, мейірбандық керек. Халықпен жасалған карым-қатынаста қылышка сүйенбей, әділдікке сүйену керек. Халық — кен дария, ол тасыса не патшаның сарайы, кедейдің лашығы қалар. Ол сондай күшті от, оның бір үшкіны тұтанса не шөпті, не көкті... Бір сөзben айтқанда халыққа жақсылық қылу керек. Ел, жүрт бақытты болса, өкімет қауіпсіз болады.

Патша ақынға қарсы болуға ешбір сөз, ешбір дәлел таба алмай қалды. Бірақ кейбір бектер мен қенесшілердің тілегіне кайши келетін тоқтамфа келуге батылы бармай тұрды. Екінші жағынан, мырза Жадігер сыйкты жау жойылып болмаған және оны жактаушылар көбейп тұрган жағдайда мемлекеттің жүргегі болған Фираттағы көтерілісті тезірек басу хажёт еді. Хұсайн Байқара бұл мәселені тағы біраз уақыт ойланды. Ақынның пікірінен мызғымайтынына көзі жеткен соң, ақырында:

— Ұсыныстарыңызды түгел қабылдайық,— бұл нәзік мәселені шешуді сізге тапсырсақ дейміз. Инишалла, сіз сыйкты тәжрибелі, тапқыр адам тез арада-ақ астана-

мында тыныштық орнатар деп сенеміз. Қазірден бастап жолға әзірленуге сізге рұхсат береміз.— деді.

Науай халық пайдасы және мемлекет мүддесін үшін жүктелген бұл міндетке ежелгі әдетімен, қарсы болмады. Аздап иіліп, ризалығын білдірді де:

— Алдыңызда тұрған бұл қызыметшініз астана халқына нендей сауға алғып барап екен? Халықтың жарасын нендей дәрімен емдер екен?— деді.

— Бар әлемге белгілі, мен патшамын, тәуіп емеспін! — деді әзілдеп Хұсаин Байқара.

Науай әзіл-сыққаты сүйеттін, әзілді ықласпен тыңдал, оған тауып жауап бере білеттін шешен болғанмен, бұл жолы тек күлді де қойды. Сөйтіп бастаған сөзін соза берді:

— Мен астанаға барғанда оның халқын ешнәрсемен қуандыра алмаспын деп ойлаймын. Максатымды ашып айтсам, сіз мен қолыма әдейі әмір жазып берсеңіз дұрыс болар еді.

— Оның мазмұны қандай болу керек?— деп сұрады қызығып, патша.

— Ол әмірдің мазмұнының терендігі сонша, оның әрбір сөзі көнілге нұр құйғандай болсын,— деді Науай сөзін созып,— әрбір жолы, әрбір әрпі әділдікке бөлениң. Сонымен катар ол әмірде залым әкім сымактардың, халықтың малына зорлық етушілердің басына қарғыс болып жауатын сөздер болсын.

Хұсаин Байқара үндемей, айлакерлікпен езу тартты. Соңан кейін кішкене серпіліп, Фиратта істелуге тиісті басқа істер туралы сөйледі. Ақырында ақын рұхсат сұрап, орнынан түрегеліп, кетуге ыңғайланғанда сұлтан:

— Жол жабдығын әзірлеуге кірісің: Әмірді тезірек жазып, езінізге табыс етерміз,— деді.

Науай жайлап жүріп, өз шатырына келді. Шапанын шешіп, браз тынықпакшы болды. Бірақ оның бар болмысы Фиратта еді. Оның басын түрлі ой, пікірлер, неше алуан жоспарлар қаптады.

Қызыметші барлық жүртқа қайнатылған қазаннан та- мақ әкелді. Ақын азғана ет жеді де, аяқты әрмен сырды. Шербет орнына бір кесе сүйік айран алдырып ішті. Соңан кейін қыпқызыл түркпен кілемінің устінде шашылып жаткан шатыраштың тастарын жыйыстырыды. Маңындағы шатырлардан шатырашшылардың бірін ша- қырайын деп еді, әдеттегіше ойынның қызығына түсіп

кетіп, жолдан қалармын деп қауіптенді. Қітаптар қаланған кішкене столдың үстінде жатқан және қітаптардың арасына койылған судыраған ак және басқа түсті қағаздарды жыйнап, тәртіпте, піл сүйегінен әшекейлеп істеген кішкене қобдишаға салды. Бұл қағаздардағы жазулар сапарда жүріп жазылған, таза қағазға әлі көшірілмеген ғазалдар, толғаулар еді.

Жол жабдығы дайын болды. Ақын жарлықты алып оқып шығып, оның мазмұнына риза болды. Соңан соң оны шыйыршықтан бүктеп, сәлдесінің бір шегіне қыстырды. Қызметшілер ақынның жуас, бірақ жотасы келісken жойқын жорға қаракөк атын әкеліп, көлденең үстады. Ақынмен бірге баруға тиіс болған қосшылар да дайын болды. Бұлардың ішінде ақынның сенімді нөкөрі — мықты денелі, ақылды, епті жігіт — Бақаәлі де бар еді. Науай бархытпен қапталған ерге отырып, аттың басын бір сілкіп, жүріп кетті. Оның артынан Бақаәлі және бірнеше сарай қызметшілері мен әкімдер ілесті.

Ақын атпен журуді, кең далада серуендеуді сүйетін, ат үстінде ойға кетіп, ғазал шығаратын. Алыстан, үлпілдеген жүқа тұман пердесінен таулар, қыйыр-шыйыр ағаштар, үсак тастар арасынан қайнап шықкан бұлақтың сусы — ақынның көnlіn шалқытарлық көріністер көрінді. Ақын бір үлкен ойда келеді.

Науай жайқалған егінге, жеміс ағашты бактарға қаралды. Қырда жыйналған сыйрларды, жар басында сеқіріп жүрген ешкілерді көрді. Қошпелі ауғандардың және басқалардың шатырларына, құлазыған даланың көрінісіне назар аударды. Бұл қошпелі тұқымдардың тілдері, тұрмысы, әдеттері туралы жанындағыларға әнгіме айтты.

Су жағасында дөңкиіп жатқан үлкен тасқа тігіліп, онда бір суреттің ізі барлығын байқап, ақын аттан түсті. Тасқа бастан аяқ қарап шығып, салынғанына көп замандар болғандықтан өше бастаған суреттегі күралды жауынгер екендігін аныктады. Бұл сурет Іскендер Зұлқарнайын дәүірінікі болу керек, деп болжап, серіктеріне түсіндірді. Тарихты және осы сияқты тарихи белгілерді әнгіме етті. Бұл тас замандар ағымы, адам өмірінің шақпақтай жарқ етіп өшуі, өмірдің мағнасы мен сыры жөнінде Науайдың басында ой боранын борратты. Ақын бұл жерден аттанған соң көпке дейін ешкіммен сөйлеспей, терең ойға батуда болды. Аттар-

ға шөп беріп, біраз дамылдау үшін керуен сарайлардың біріне қонған кезде барып ол жадырады. Серіктөрімен ашық-жарқын сейлесіп, жолдардың жамандығын, жолаушылар қонатын үйлердің нашарлығын әңгіме етті. Жолдарды жөндеу, жолаушылар үшін жаңа керуен сарайлар салу жөніндегі өз пікірлерін айтты. Тамактан кейін ермек үшін өзінің және өзге ақындардың шығармаларынан бірнеше ғазалдар оқып, онда жасырылған есімдерді табуды сұрады. Біраз уақыт күлкілі әңгімелер де айтылды.

Науай қалаға кірсімен оның айрықша бүйрық алғып келгендігі туралы хабар жайылды. Кім болса да оны тезірек есітуге асықты. Фират сырттан қарағанда әуелдегідей тыныш, барша жүрт өз тіршіліктерімен шұғылданған көрінгенмен колөнершілер мен дихандардың бойын кернеген ыза әлі басыла қойған жок-ты. Көтөріліс толқыны алғашқыдан да зор және қуатты күшпен кай минутте болса да қайта көтерілуғе дайын тұрғандай еді.

Ақын диуанға келіп түсті. Уақыйғаның барлық жайжапсарын, егжай-тегжейін зерттеді. Хожа Әбдулла және басқа әкімдердің халыққа салған салықтарын калдырды. Бұл істе айыпты болғандарды қызметтен босатты. Соңан соң арыз-шағыммен келген, есік алдында топталып тұрған кедейлерді кабылдауға кірісті. Қарт болсын, жас болсын, әйел болсын, тәжік боссын, өзбек болсын арыз айтқандардың барлығының мұнын дең қойып, ықласпен тыңдады. Шағым айтқандардың жайкүйін сұрады, оларды жұбатты, таластарын шешті. Ақынның алдына жылап қіргендер жайрандап күліп, еңкейгендер бойын жазып, кеуде көтеріп шығып жатты.

Фираттың үлкен мешітінің іші, құлаш жетпес жуан үстынды, әшекейлі коридорлары, үлкен, тегіс хәулі, мешіттің жан-жағын коршап алған хұжрелер, мұнарлар — барлығы да халыққа лық толған. Дін иелерінің құдалауына құлақ аспай, намазға сірә келмейтін Фираттың бейбастары да бүгін бастарына бірденелерді орай салып, мешітке келген еді.

Ақын байсалды пішінмен, аяғын баяу басып, мінбеге шықты. Жұрт ду етіп орындарынан тұрды. Тырс еткен дыбыс жәж. Барлық көз бір нүктеге тігілген. Науай мінбеде тұрып бір ой, бір сезімге бөлөнген халыққа көз жүгіртіп өтті. Осы мезекте ақын өзіне тән зеректігімен

халық дертінің, көксеген арманының түп тамырын жете білгендей болды. Жүргінің төрінде оянған әр алуан сезімнің әсерімен көкірегі көтеріліп, ауыр күрсінді. Жарлық жазылған қағазды ашып, сезілер-сезілмес дірілдеген қолымен юстап тұрып, зорланбай даусын әдеттегіден көтерікіреп шығарып, саспай, салмақпен оқыды. Бірден жалпының күшті дауыстары естілді. Халық өз хасіретін, көкірегін кернетен сезім мен пікірін бірден сыртқа шығарды. «Е, әділеттік ай!». «Құдайға шүкір» «Жауыздарға лағнет!» деген дауыстар онан да, мұнаңда естілді.

Әмірдің — жарлықтың сөздері ауыздан ауызға көшіп, лезде артқы жақтағыларға, тіпті үйдің ішіндегілерге де жетті. Ақын толғанып, өз атынан да қыскаша, мағнамы сөз сөйлемді. Ол сөзін бітіруі ак мүң екен, мындаған қолдар — дихандардың қуатты күсті қолдары, бояушылардың көкбенбек саусақтары, тоқымашылардың және басқа колөнершілердің жіңішке сүйекті бармактары көкке көтерілді. Науанаға айтылған иғі тілектер мен алғыстар бүкіл мешітті жаңғырықтырды...

Жүргөн қаунышпен көшеге шықты. Халықтың шаттығына, әділеттің күшіне сенген ақын жүрттан кейін қалып, медреселер мен шәкірттердің жай-күйі туралы қаланың ғалымдары, оқушыларымен сөйлесті де, шығарып салмақ болғандардан бойын алыш қашып, жалғыз өзі диуанға қайтты. Халыққа жәбір көрсеткендерді тізімге алыш, әрқайсысын өз айыбына лайық жазаға тартуға даярланды.

Бүкіл Фират халқының аузындағы әңгіме Әлішер Науай туралы білді...

Бір ай ішінде Науай істерін бітіріп, Хұсаин Байқараның сарайына қайтты.

Бұл кезде мырза Жадігер бірінші рет женіліске үшіншағаннан кейін кайтадан көп күш жыйнап, Астрабадты алыш, енді Фиратқа көз тіккен еді. Оның адамдарының бір тобы Фират төңірегінде астыртын әрекет ете бастаған-ды. Хұсаин Байқара кайғыда еді. Науай үеғүрлым тез арада Фиратқа жетуге, онда жана күштер жыйнап, дүшпанның барлық бүлдіру әрекеттерне сокқы беруге кеңес бергеннен кейін, Хұсаин Байқара әскерімен Фиратқа жетуге асықты.

Оқыйға өте шапшаң өрістей бастады.

Хұсаин Байқара күн-түн жол жүріп, астанаға дейін

екі-үш асу қалғанда тоқтады. Ол әдет бойынша Фират ұлықтарының карсы алуға шығуын, астанаға салтанатпен кіруді көкседі. Бірақ астана оның келе жатқандығынан мұлдем хабарсыздай көрінді. Фиратты қар басқан және сұық. Хұсаин Байқараның түсі қашты. Әскерлер арасында гу-гу сөздер тарай бастады. Жағдайды білуге жіберілген адамдар сүмірейіп қайтты; олар астанаға барап жолдың жабық екенін, қаланың бектері мырза Жадігер жағына шығып кеткенін хабарлады. Әскерлер арасында кобалжу, әбіржу күшіне тусты.

Науай патшаның шатырына кірді. Өні қашып, қайты басып, еңсесі түскен патшага қайрат беруге тырысты.

— Бұл неткен қыянат! — деді Хұсаин Байқара күйініп, басын шайқап. — Бұл опасыз сүмдар менен беттерін әрі бұрып, камалдың қакпасын жауып отыр!

— Опасыздар өздері қазған орға өздері құлар елі-ақ — деді Науай сеніммен. — Намысты қолдан бермеу керек. Іс мейлінше қыйынға айналды. Алайда сеніммен, қажымас қайратпен қыймыл жасалса, мақсатқа жету жолындағы қыйындықтардың барлығы күйрейді. Енді әскерлерге жақсы қару керек. Қазір жаныңызда қалған иөкерлерден айрылып қалмауға әрекет істеп. Әрдайым солармен бірге бөлініз. Әскерден қол үзген басшы оңған емес.

— Онан арғы әрекет міз қалай болу керек деп ойлайсыз? — деп сұрады Хұсаин Байқара ойға қалып.

— Қазір бұл жерден кері шегіну керек, — деп жауап берді Науай іркілмей сөйлеп. — Астанада адал ниетті адамдар көп. Солардың көмегімен барлық жағдайды білініз. Қолайлы кезеңін тауып, батыл қыймыл жасап, дүшпанға күрете сокқы беруге болады.

Хұсаин Байқара көзін жұмып, ойға батты. Орамалымен мандайын сүртті — бұл корқынышты шындықтың сұық тері еді. Біраздан соң серпіліп, көnlі жадырап орнынан тұрды да, дірілдеп шықкан дауыспен бектерінө жедел аттануға бүйрый қордады.

Бүкіл әскерімен күн демей, түн демей жол жүріп, «Сарытау алаңы» деген жерге келіп қоңды.

Бұл екі арада Балх маңында Сұлтанмахмуд мырза қыймылын өрістете бастағаны жөнінде хабар келіп қалды. Енді ол өз қәластында шыққан екі апаттың — екі оттың арасында қалды. Енді ол өзінің тажын алуға үм-

тылған екі апаттың ошағын ойрандап, қас жауларына жайрата соккы беруі тиіс. Бірақ онда күш жоқ, женіске деген сенім жоқ. Ол енді дүшпанмен ашық майданда кездесуге қорқады. Бір жерде тоқтаудан қауіптеніп, үйсіз құстай, кезе беруге, көше беруге мәжбүр. «Сарытая алдынан» «Сақылман» ға ауысты. Бұл жерде б'р топ әскерінен айрылып, «Нәретауға» келді. Осы берік «камалын» өз колында үстап қалуға тырысты. Бірақ аз уақыттан соң бұл қамалға да сенімі кетті. Ақырында «Маймана» деген кішкене қалаға келіп тоқтады.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Мырза Жадігер жағы өз істерін өте шебер жүргізуде өді. Мырза Жадігердің апасы Паянда Сұлтан-бекім әмір Фаридиддин Барлас сыйкылардың үйғаруымен Фираттың сыртындағы үйін тастап, қалаға келді. Сөйтіп астананың басты адамдарын — сатылған бектер мен іс басындағы адамдарды қолға алып, Жадігерді тосыннан Хорасан патшасы деп жарыялады. Астана сарайында салтанатты думан жасалды. Мешітте мырза Жадігердің атына хұтпа окуға бўйрық берілді. Мырза Жадігер Тус уәлаятынан Фиратқа қарай жедел қозғалды.

Патшалардан жақсылық көрмеген және олардың жиі алмасуына еті үйреніп кеткен халық бұл уақыйғаларды онша елең еткен жоқ. Фираттың асқактаған, дәулетті адамдары жаңа патшага жақсы көрініп, онан жаңа қызмет, жаңа үлес, сыйлық алу ниетін оның келуін екі көзі төрт болып күтті. Ақырында олар қымқап пен шайға бөленіп, бедеу аттарға мініп, Фират іргесінде мырза Жадігерді карсы алысты. Тоқсан рет тәжім етіп, жас патшаның үзенгісін сүйісті. Мырза Жадігер неше алуан карсы алу салтанатынан кейін «қайырлы сағатта» астанаға кіріп, «Бағ зағанға» орналасты.

Мырза Жадігер мемлекетті басқару ісінде ешнәрсе түсінбейтін, түсінуге, білуге, үйренуге үмтүлмайтын да өді. Бейғам жас патша өз дүшпаны Хұсаин Байқара қай жерде, немен шұғылдануда, не істемекші — бұл жөнінде ешбір ойланған емес. «Бағ заған» көркем қыздарға толды. Ішкілік, ойын-сауық қызып жатты.

Паянда Сұлтан-бекім мемлекет істерін басқарды. Бұл әйелдің жас патша үшін жаны күйіну мәнісі, әрине, өз басының дәрежесін, өз абройын көтеру мақсатын көзде-

гендік еді. Ол шынында да өз тілегіне жеткендей бўлды. Ол «ақылды», «білгір» әйел сыптында даңқын шығарды. Алоиддин және соның дәрежесіндегі кейір ақындар оған мактау өлең шығарып та үлгірді. Бірақ Паянда Сұлтан-бекім Түркпен әскербасыларының тәккәппармен-мендігін баса алмады. Қалайда олармен келісімге келуге мәжбүр болды. Өйткені әскери күш солардың колында. Мырза Жадігерді бұл дәрежеге солар жеткізді және оны құндеушілерден корғайтын да солар еді. Түркпен әскер басылары өздерінің қуаттылығын міндет ете бастады. Фиратта және оның төңірегінде басқыншылықтар күшейді. Халық қатты қысымда қалды.

Фираттың басына туған бұл қыйын-қыстай құндерде Сұлтандурат медреседен аттап шықкан жоқ. Қамал сияқты медресенің биік тас дуалдары арасында кішкене, күнгірт хұжреде құндіз-түні кітап окумен шұғылданды. Кейде досы Зәйниддин оған жаңа хабарлар айтып келсе, жас ғалым оған ренжіп, жүрттың көтерілуіне себеп болған салықшыларды қарғап, болып жатқан оқыйғалар жайында ықтыярсыз ойға шомушы еді. Бірақ оған болып жатқан бұл оқыйғалар тағдірде жазылған, тоқтатып болмайтын бір құдret сияқты болып көрінеді. Ұақытфанаң барысын өзі тілеген бағытқа аударуға өзін әлсіз сезіп, өз қайғысына өзі күйіп, шаң басқан кітаптарға қайта үңілетін.

Біркүні кешке, мырза Жадігер салтанатпен қалаға кіргенен кейін уш қүннен соң, Сұлтандурат жылтыраған май шам алдында мүңайып отырды. Биік дуалды медресенің дуалдарын жанғырықтыраған дауыстар тынып, бір тыныстың орнаған кезі еді. Шәкіртер жас патшаның құрметіне жасалған мейрамның қызығын көру үшін кеткен-ді. Алоиддин Машхади жартылай жұмық көзімен сүрініп-кабынып кіріп келді. Сұлтандуратты Туғанбекке бару үшін өзіне ілесіп жүруге шақырды. Сұлтандурат ұақыттың жоқ деп, бірге барудан бас тартты.

— Бұл қалада үздіксіз кітап оқудан жынды болғандарды да көргенмін — деді, оған ренжіп Алоиддин. — Ақылды болам деп, бар ақылынан айрылудан зор пәле бар ма? Жүр маған ілесіп.

— Менің жұбанышым кітап, — деді Сұлтандурад қамығып, — кітапқа алданбасам, жүртқа төңген пәлені көріп жынды болар ем.

— Қайғырудың орны жоқ. Заман өзгере береді. Осы

жүргенің ғанибет. Уақытыңды қөңілді өткізуге тырыс. Туғанбек, әрине, біздің қөңілімізді көтере алады. Бұл күнде оның жұлдызы онынан туып түр ғой...

— Қалайша? — деп сұрады Сұлтанмұрат.

— Онан хабарыңыз жоқ па? Туғанбек мырза Жадігер заманының қаһарманы болып тұрған жоқ па! — деді оған Алоиддин Машхади, мақтана сөйлеп.

Сұлтанмұрат болып жаткан уақыйғаларды анық білгісі келді. Әсіреле, Науайдың Хұсаин Байқара жағында екеніне күманданбағандықтан бұрынғы патшаның халжайын білуге ынтықты. Ол Туғанбекпен сөйлесіп, мәнжайды сонан білмек болды. Сөйтіп, Алоиддин Машхадиды таңырқатып, орынан түрекелді.

— Жүрініз, барсак барып қайтайық!

Көше бойы қаранды және бір түрлі қорқынышты еді. Уақыттың ерте болуына қарамай, катынаушылар си рек... Тек атты нөкерлер ғана ауық-ауық қўйындатып шауып өте шығады. Шаң-тозаң тамақты аштып, тынысты тарылтады.

Алоиддин Машхади тұртқинектеп жүре алмағандықтан, Сұлтаңмұрат соның ыңғайына қарап, жай жүрді. Оларды есік алдында карт құл Нұрбаба қарсы алды. Ол Туғанбектің кеше кеткеннен кайтып келмегенін айтты. Алоиддин Машхади күрс иді де, қарандыда біраз уақыт үндермей тұрып, Сұлтанмұраттың қарсы болуына күлак аспай, күлға миманхананы ашып беруді бұйырды:

— Аздап дем алайық, оған дейін бек жігіттің өзі де келіп қалар, — деді ол Сұлтанмұраттың қосынан тартып.

Нұрбаба миманхананы ашып, ішке кірп шам жағып, қайта шықты да, оларды кіргізді. Олар терезелерді ашты. Дымықкан бөлмеге тұнгі салқын андал кірді. Сұлтанмұрат келгеніне өкініп, қабағын қарыс жауып алды. Алоиддин Машхади ғазал және акындар туралы әңгіме бастады. Ана тілінің байлығы, көркемдігі жөніндегі Науайдың пікіріне өзінше қарсы болды. Сұлтанмұрат бұған онан сайын ызаланды. Ақырында Алоиддиннің мылжынына шыдай алмай сөйлеуге мәжбүр болды. Ол қазіргі заманда фарсыша жазатын оқығандардың оннан тоғызы тек жалан үйкас қуғандар екенін, тек азғана бөлгі ғана ұлы оқығандарға еліктеушілер екенін оп-онай дәлелдеді. Алоиддин Машхади өзінің әдетімен бірнеше ашы сөздер айтып салды да, көзін жұмып жым-жылас

болды. Нұрбаба дастархан жайып, миуә әкелген соң ақын біраз жадырады. Дамылсыз пісте, бадам шағып «Бадғыс» тың ауасын, табиғатын үзак мактады. Дастархан жайылып, Сұлтан Алоиддинді қайтуға асықтырған кезде қакпа алдынан аттардың дүбірі естілді. Алоиддин Машхади қуанып кетті, Сұлтанмұратты қоймай қайта отырғызыды. Біраздан кейін ентігіп Туғанбек кіріп келді. Мастықтан көздері жайнандаиды. Мимандарды көріп қуанды. Нұрбабаға айтып дереу тамак, шарап әкелдірді. Қеселерге ліпілдете күйип, іш деп қыстады. Алоиддин Машхади бірнеші кесені ішкенде-ақ қызып, әнірсениң басын бір шатып сөйлей бастады. Екінші кесені ішкеннен кейін қойынына қол салып, Паянда Сұлтан-бегіме арнап жазған, үзак өлеңін алып, оқып берді де, оны «Дәуір көркі» деп аталған сол әйелге беру үшін Туғанбекке тапсырды.

— Бұл әйелдің ақылдылығы, көрегендігі туралы қандай пікірдес? — деп сұрады Сұлтанмұрат Туғанбектен.

* — Оны әркім-ақ данышпан әйел деседі, — деді Туғанбек арамза күлкімен. — Сұлу әйел екені рас, бірақ мен онан ақылдылықтың белгісін әл көре алғам жок.

Алоиддин Машхади оның сөзіне қарсы болды. Бірақ Туғанбек оған жауап кайтаруды да ескермей, өзге нәрселер туралы сөйлеп кетті. Сұлтанмұрат сөз арасында қазір оның қандай қызмет атқаратындығы, Хұсаин Байқараның жайы және күштері туралы сұрады. Туғанбек өз қызметі жөнінде «Жас патшага жақынның бір мін» деді де қойды. Соңан соң Хұсаин Байқараның хәлі мүшкіл екендігін, күн сайын оның жігіттері топ-топ болып қашып мырза Жадігер жағына өтіп жатқанын хабарлады. Ақырында даусын каттырақ шығарып, қолын сілтеп:

— Бірақ Хұсаин Байқараның жанында Әлішер Науай бар. Мырза Жадігер соңан сақтануы тиіс.

— Асыра сөйлеудің керегі не! — деп ренжіді Алоиддин Машхади. — Ол тіпті жуас адам. Сіз ол кісіні білмейсіз.

— Жок, Науай — үлкен күш. Ол мемлекет ісін жете біледі. Ақылға бай және халық арасында беделді. Рас, мен онымен таныс емеспін. Маған мүмкін ол кісіден қашығырақ жүргуге тура келер. Бірақ адамды ісі танытады. Бөзшінің өнері тоқыған бөзінен көрінеді. Егер сіз-

дің өлеңіздің тұздығы болмаса, ешкім сізді ақын демейді.

Сұлтанмұрат басын қайта-қайта изеп, оның пікірін қостады да:

— Науай аз күнде халыкты бұл апаттан құткарап деген үміттеміз, — деді.

Туғанбек тыжырынып, жерге карады.

— Ел басына төніп тұрған ешқандай қауып жок, — деді ол салмақпен, — Мырза Жадігердің тамырында да Темірдің қаны бар. Ол өз үқықына ие болды!

Сұлтанмұрат онымен керісуді жөнсіз деп тауып үндеғен жок.

Туғанбек көп ішті. Оған ерем деп Алоиддин де әруақыттағыдан бірнеше кесені артық ішіп салып, ақырында сілейіп қалды. Сұлтанмұрат көңілді еді. Алоиддинді тастап, жалғыз кетпек болып, орнынан тұрды. Туғанбек оны шығарып салмақ болып, бірге шықты. Ағаштар өсікен үлкен кора ай нұрғына өзеніп, үйқыға енгеч.

— Нұрбаба, шам алып кел, — деп айқайлады Туғанбек.

— Хажеті жок, — деді Сұлтанмұрат.

— Асықпа, хұжрене баарсың. Алдымен сұлуға тәжім етіп шық!

Сұлтанмұрат дәненеге түсінген жок. Иығын бір көтеріп қойды да, Туғанбекке ере берді. Қарт күл шамалып келді. Туғанбек ағаштардың аргы жағындағы қатар үйлердің бірін ашып:

— Мінекі! — деді.

Сұлтанмұрат жабық терезенің алдында қайғы басып, басын төмен салып, шонқыйып отырған қызды көрді. «Нағыз сұлу, нағыз» — деді іштей Сұлтанмұрат, сөйтіп таңданғаннан ба, әлде үялғандықтан ба бір — екі адым кейін шегінді. Туғанбек текшедегі табакқа бір карап, қыздың жанына барды:

— Ділдархан! — деді ол иіліңкіреп, мүләйімсіп, — неғе тамақ жемедің? Басқа тамақ әкелсін бе?

— Тамақ емес, у бер маған, у! — деді қыз бойын көтеріп, бар дауыспен айқайлап, көздері оттай жанып, көкірегін дерпт кернеп.

Көзінің қырын салып, қалтыраған қолымен шам үстап тұрған шал:

— Аллаға жалбарын қызыым, сонаң сұра көмекті! — деді.

Тұғанбек кердең басып, Сұлтанмұратқа жақын келіп: «Сұлу ма? Үнай ма?» деп құлағына сыйырлады. Сұлтанмұрат үндемеді. Еріксіз қызды аяп, мейріммен бір қаралы да, тысқа шыкты. Біраздан соң Тұғанбек те шыып, қолын Сұлтанмұратқа артып тұрып, ыржыйп күлді.

— Бұл кім? — деп сұрады Сұлтанмұрат.

— Қыстактан кеше алып қаштым, — деді Тұғанбек, — керемет сұлу...

— Мұндай ісін мемлекет үшін қауыпты емес пе?

— Досым, мұндай сөзді қой. Қыз алып қашудан қызық не бар? Тұн өргасы ауған кез еді. Қыз шашы қожырап, тәтті үйкыға кетіп жатыр. Оナン әріректе әжесі қорылдауда... Екі жігіт ертіп, аяктын үшінен басып, жаңына келдім. Әуелі жайлап қана мандайынан бір сүйдім. Соңан соң аузын таңып, көтеріп ала қаштық. Бақтан гүл үзіп алып қашқандай, дуалдан оп-оңай секірдік. Атка өңгеріп алып, тізгінін қоя бердік. Өте қызық іс болды. Таңға жақын Фираттың шетіне келіп, бір таныстың бағына қондық, соңан осында алып келдік. Мұндай істердің адамға әсері ерекше күшті болады.

— Мұнда не максат бар? Бұл бишаараның хәлі не болмак? Ата-ана үшін мұнан асқан кайғы-қасірет болуы мүмкін бе? — деді Сұлтанмұрат, дірілдеп.

— Сүйіспеншілік ойынында алдымен көніл болуы керек, мұны жаксы білемін, — деді Тұғанбек. — Қаламаса қолын да үстамаймын. Қожамызың үйінде жүре береді. Тегінде сарайға көрік беретін қыз.

— Жок, бишаараны өз үйіне қайтарыныз. Ең дұрысы сол. Адам аз уақыттық әуестіктің ойыншығы болмау керек, Тұғанбек!

— Макұл, ойланып көреміз. Кош бол...

Сұлтанмұрат құлыптаулы есікке қарап, бір ауық сілейіп тұрып қалды да, аздаң соң қайғы басып, жайлап жүріп кетті. Қала жым-жырт, үйкыда. Айлы түнде Фираттың биқ мешіті алыстан бұрынғыданда биқ, «Ихтиядиддин» қамалы бұрынғыдан да айбарлы болып көрінеді. Сұлтанмұрат Тұғанбекке, барлық озбырларға ызланып, нәлет айтып, көшеде көnlі шерге толып келеді. Ол хұжресіне келіп, шам жакпай, төсегін қалай болса солай төсей салып жата кетті. Бірақ үйкітай алмай, аунақши берді: барлық ойы, пікірі жалғыз Ділдар. Кеудесіне бір тәтті у тарағандай болды. Еріндері қыбырлап, бірнеше рет мына жырды қайталады:

¹ Қасы, көзі, бар тұлғасы
Дәл осындаій бол кездессең,
Болсаң соның садағасы
Ғылым, дүние, діннен безсөң.

ЖЕТИНШІ ТАРАУ

«Мәймана» нің «Шәһар бағында» Хұсаин Байқара жалығып, жабығып бітті. Патшалық думан, сауық-сайран қайда? Бақтың бір шетінде ұақыштары ескірген кең үйде ол көбінесе жалғыз отырады, өлең-жыр жазуды да қойған. Бүкіл сән-салтанаттан, өкметінен айрылған сұltан қалам қас, сүмбіл шашты сірә ойларма! Таж құмарлық, тақ құмарлық оның қанына ана сүтімен бірге сіңген. Осы сезімнің күшін, хасіретін бұл күндерде Хұсаин Байқара қай уақыттағыдан болса да көбірек, күштірек сезеді.

Кезбе патшаның сонынан сүйреле-сүйреле тәртібі бұзылған және өзара құреске түсіп, алысып-арпалысып, жағаласып-жүлісіп ермек іздеген жігіттер мен нөкөрлердің айқай шуы алыстан, бақтың арғы шетінен есітіліп жатты. Хұсаин Байқара іштей күрсініп, әлдекімді сабырсызданып күтуде. Есік алдында тұрған қызметші кіріп келді.

— Келді. Кіруге рұхсат етесіз бе? — деп сұрады иіліп.

Хұсаин Байқара басын изеп, рұхсат етті. Науай кіріп, әдеттегіше тәжім еткеннен кейін, патша асығып-усігіп жанынан орын берді де сөйлей бастады:

— Маған бір ой түсіп отыр. Ең әуелі бұл жөнінде сіздің пікіріңізді білгім келеді. Бұл хасіретті оқыйғалар сізге көбірек бататынын білемін.

— Илтифатқа алғанынызға құлдық. Сізден бір көңілді хабар есіткелі келдім, — деді Науай.

Хұсаин Байқара бұл жерде өзге кісі болмаса да даусын бәсендетіп, өзіне жақ адамдар арқылы күн сайын алып отырған мәліметтерін айтты. Мырза Жадігердің әлсіздігін баяндады. Гираттағы хәл туралы Науай да өзінің есіткендерін айттып, соナン соң:

— Нендей тоқтамға келд ніз? — деп сұрады.

— Барлық қызындық осы тоқтамға келуде... Бұл істі жаксы ойлану керек.

Хұсаин Байқара кенет мұдіріп қалды да қайта сейледі:

— Егер біз қолда бар осы әскерімізбен астанаға ат-

тансақ, сөйтіп күтпеген жерден, тұтқыйылдан қауырт шабуыл жасап Жадігерге тап берсек..., сіздіңше, мак-сатқа жете аламыз ба?

Ақын жауап беруге асықпады. Қөзін сүзді. Жіңішке қасында белгі берген бір қуаныштың ізі лезге бетіне жайылды. Соңан соң дереу түсін өзгертіп:

— Бұл пікірді маған айтпасаңыз жақсырақ болған болар еді! — деді.

Хұсаин Байқара «Бұл пікірімді үнатпаған екен» деп ойлап қалды да, сасып-пысып:

— Неге? Таңым бар! — деді.

Науай шыдай алмай, күліп жіберді:

— Мұндай пікірді ешкімге айтпау керек, ешкімге!

Хұсаин Байқара да жымыйды, бірақ басын шайқап, оған қарсы болып:

— Әскербасымен кеңеспеске амалымыз жок, — деді.

— Әрине. Оларсыз іс істелмейді,— деді Науай,— Бірақ бір қауіптен сақтану керек: жауынгерлеріміздің ішінен қашпақ болып жүргендер жауға сіздің бұл ойнызды жеткізуі мүмкін. Бұл хабар құлактарына тисе мырза Жадігер де, оның әмірлері мен бектері де үйқысынан оянатының сөзсіз. Тез және батыл қыймылданыз. Бірақ барлық жоспар мейлінше құпия сақталуы тиіс. Фиратта Мирахор тұрады. Ол бізге шабуыл жасайтын күнді белгілесін. Соңынан бұл пікірді әскербасыға білдірерсіз.

— Сіздің ойныздың дұрыстығында күмән жок. Бұл мәселе жөнінде сізді бізben бір пікірде деп есептеуге бола ма? — деді Хұсаин Байқара Науайға тігіліп.

— Женіп шығуыңыз үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге әзірмін. Тәңрім, ел-жүртқа бейбітшілік, тыныштық бергей! — деді Науай.

— Аумин! — деді Хұсаин Байқара, сақалын сипап.

Бұл ойды жүзеге асыру үшін бірнеше күн даярлық жүргізілді. Соңынан күтпеген жерден әскер «Мәймана» дедан, «Мұргаб» дариясы маңына аттанды. «Тағқун» деген жерде Хұсаин Байқара ескі сән-салтанатын еске туғырғандей улken мәжіліс жасады. Бектеріне сый-хұрмет көрсетіп болып, өз пікірін ортаға салды. Кейбір кісілер пікір айтуға батылы бармай тайсалқастаса да, некерлерге сөзі өтімді, білгір кейбір бектер үсынысты байсалдықпен талқылады. Сый-хұрметтөн кейін Хұсаин Байқара өз жігіттерінің басында бўрын-сонды болып көрме-

деген күшті қарқынмен жол тартты. «Пилпаян» деген жерде оған Мұхаммад Арлат, әмір Сарбан және басқа инабатты адамдар қосылды. Байқара Мұргаб сүйн бойлап, өзінің сегіз жұз елу әскерімен күн-түн қатып жол жүрді. Сол заманның атақты тарихшысының асыра су-реттеуінше ол аттылардың әрқайсысы «Тас түйрекендей күшті наизасының үшімен айдың бетіндегі пердені көтеріп» келе жатты. Таңға жақын дамылдаپ, аз тынығудан соң тағы аттанып, «Бабахаки» жолымен ілгері қозғалды.

Бабахаки деген әйгілі дәруиш сол мандағы бір таудың үңгірінде тұруши еді. Ол жас кезінен «дүниеден безіп» адамдардан аулақ кетіп, өзінің тас мекенінде тәніріге табынуда еді. Хұсаин Байқара оның «Әулиелігіне» сеніп, мұндай ауыр күндерде онан «бата» алуды лайық көрді. Бірақ Бабахаки ежелгі әдеті бойынша қабыл етпей жүрер деп күдіктеніп келеді. Дегенмен бұл күдіктену орынсыз болып шықты. Адам көрсе аулақ кашатын бұл дәруиш, патшаның келе жатқанын байқаған дәруиш, өз еркімен үлкен жолдың үстінде патшаны қарсы алды.

Хұсаин Байқара аттан түсіп, тәжім етті де, жақын келіп, оның етсіз, семіп қалған жінішке саусақтарын сүйді. Дәруиш өз мекеніне шакырды. Хұсаин Байқара уақыттың әр минутін қадірлеп, асырып келе жатқан болса да дәруиштің бетін қайтаруға бата алмай, оның шакыруын амалсыз қабыл етті. Шамасы сексен жасқа келген катпа арық, жінішке, бүкір жауырын Бабахаки әлі де болса сергек еді. Ол нардай шөгіп жатқан үлкен қырлы, қыя тастардың арасымен, ешкідей ырғып, сақалы селкілдеп, ерекше жылдамдықпен биіктегі үңгірге қарай жол бастады.

Үңгірдің үстінде құлап келе жатқандай үлкен жар тастар төніп тұр. Үңгір ішінде үш-төрт бойра жатыр. Адыр-бұйыр тас қабырғалардың ішкі жағы қап-қара. Жерде сабан үстінде ескі алаша, бұзау терісі жатыр. Бір шетте мақтасы қожыраған көрпе жаюлы тұр.

Үй ішінде ауа мол еді. Ызындалап сокжан салқын самал үңгір ішіне кіріп, сақалдарды желпілдетеді. Үлкен жар тастар арасында күмістей сылдырап аққан судың дыбысы естіледі. Тастан, сүй кепкен сайлар, тізбектеліп жатқан үлкенде-кішілі төбелер, адырлар, алыстан бұлдырап көрінген сағым көзді еріксіз тартып, әлдеқандай жағым-

ды, үйқыдай тәтті, кісіні еліткендей әдемі истер жан се-
зімін оятқандай еді.

Патша дәруиштің көңлін алуға тырысты. Оның тықыр тулағына ықласпен отырды. Бар ынтасы таж-тақ әлеге-
не берілген, өмір бойы рахат, ләззетке кенелуді көксеген
Хұсан Байқара осы мезетте өзін дәруиштікке салды.
Ол аулакта өткізілген пақырдың өмірінің пактігі, дүниес-
нің қайғы-хасіреті, бұл үнгірдің ішіндегі тыныштық ту-
ралы сейледі. Шал дәруиш патшаның оған шын ықлас
қойғандығын сезді. Ол қолдарын сілтеп, өз-өзінен сей-
леп, «тәңірінің» үлықтығы жөнінде бірденелерді айтып
жатты. Сонан соң патшаның алдына бір парша бөзді
жайып, бір кепкен нан турады. Қабактан істелген
ыдыска қою айран құйып, ұсынды. Патшаға ере шығып,
үнгір ішіне кірмей, шетіректе тасқа сүйеніп тұрған екі
жігітке де айран құйып берді. Хұсан Байқара табақты
көтеріп, күмарта жұтты. Дәруиш үнгірдің аузына оты-
рып алыш, күбірлеп сөйлей бастады:

— Бұл мекеннің іші өзім сыйқты күнәлі бәндениң кө-
ніліндей күнгірт болса дағы, мұны мен патшалардың ал-
тын сарайынан кем көрмеймін. Бұл жерде құстармен
тілдес, тастармен мұндастын. Е алла! Жамалының тас-
қыны болған көктемгі селдер де мені сенің шапағатты
дарияна тарта алған жоқ. Қыскы қатты борандар да кө-
нілдегі тот басқан шынжырларды үзіп, мені сенің негі-
зіне кайтара алған жоқ... яғы!

Хұсан Байқара айран ішіп болып, сақал-мұртын сурт-
ті. Дәруиш сөзін бітірген соң тәжім етіп, кетуге рұх-
сат сүрады және бата беруін өтінді. Шал орнынан тұ-
рып, колын жайып, құблаға бұрылды. Патша да орны-
нан шапшаң тұрды да, дәруиштің артжағында қол қу-
сырып тұрып, басын төмен салды.

Батадан кейін дәруиш патшаға аз кідіре тұруға иша-
рат қылды да, үнгірдің бір бұрышында жыйнаулы отын-
ның артынан ўшын тот басқан ескі найзаны алыш, үнгір-
ден тыска шықты да, оны найзагер жауынгерлерше ық-
шамды ўстап, көзінде ыза оты жанып, Фират жаққа қа-
рай окталып, дүшпанды түйрекендей ауаны үш рет түй-
реп, сонан соң найзаны Хұсан Байқараға ўстатты. Пат-
шаға бұл қатты әсер етті. Қөзінің алдына келіп қалған
жасын әрең тыыйып, шалдың қу сүйек колын сүйді.

Хұсан Байқара нәкерлерімен бірге желе жортып, әс-
керіне жетті. Кейбір бектерге өзінің алған әсерін куа-

нышпен әнгіме етті. Дәруиштің наизасын дүниедегі ең қымбат нәрседей қасиеттеп, қолына берік үстап, Фиратка жол тартты. Дамылсыз жүріп этырып, тұн ортасында Фиратка жақын «Жұздік чишмәсі» деген жерге жетіп, тоқтады. Бір шеті кемірлген ай, сорлы қыстақтың ойрандалған үйлерін көрсетпейін дегендегү күнгірт кана нұрланады. Әлде қайда алыста иттердің үргені естіледі.

Қас қарайғалы бері патша көңілсіз еді. Өз қоластынан дүшпан қолына өткен жарық күні — Фираттың қарсы алдында тоқтаған, ең қыйын кезенде онда құдік және қобалжу күшейді: «Кім біледі? Жаудың сақтығы күшті болып, аттан салса, масқарам шықпай ма?» деген ой түсті. Осы сыйқты әлденеше қорқынышты ойлар, бірінен соң бірі тізбектеліп, мазасын кетірді. Сабырсыздана бастады. Жауынгерлер бұл жерде сауыттарын киіп, соғысқа сайлаға бастады.

Науай атпен патша жанына келді. Ол өтө сақтықпен қыймылдау керектігін, алдын ала бірқатар шараптар колдану хажеттігін, мәселен «тіл әкелу» үшін кісілер жіберу керек екенін айтты. Ақын шаршаулы сыйқты. Бірақ даусында үлкен сенімнің белгісі бар. Хұсайн Байқара Шірім қарауылды шақыртты. Шірім — ешшіл, шыйрақ күзетші болатын. Шашандық және айлакерлік жөнінен ол өзін «менен ешкім озбайды» деп есептейтін. Ол жанына екі — үш еті тірі жігітті ертіп лезде көзден ғайып болды. Жауынгерлер соғысқа әзірленіп, аттануға әмір кутуде еді. Оларға тез аттанбаса, таң атып қалатындағы көрінді. Аттар шаршаулы, адамдар асығулы еді. Шірім қарауыл шала мас біреуді айдалап келді. Бұл мырза Жадігердің адамы еді. Бектер үрейі үшіп, есінен айрыла жаздаған бұл адамнан кейбір хажетті мәліметтерді алуға тырысты. Шірім қарауыл: «Фиратта бейғамдықтан басқа ешиәрсе сезілмейді» деген соң, Хұсайн Байқара жүз адамды іріктеп алып, Мұзaffer барлас, Ибраһим барлас, дәруиш Арлаттарға тапсырып, оларға «Бағ заған» қақпасын ашуды бүйірді. Тағы «тіл үстауға» адамдар жіберді, Фираттан ешбір шу көтерілмесіне сенген соң, қалған нәкерлерімен өзі аттанды. «Хиябан» көшесіне кіріп, «Имам Фахри» қабырына жеткенде Сүltан хожа өзбекті, қарамағындағы жігіттерімен «Бағ зағанның», «Гаухаршад» медресесіне жалғас қақпасын коршап алуға жіберді. Басқа қақпаларға да нәкерлер жұмсады. Оның жанында сексенге жақын адам қалды. Ол

Мұзаффар барлас әрекет істеп жатқан жаққа қарай жүрді. Жолда оның жау ішіндегі тыңшысы Мирахор кездесіп, қақпаның бұзылғанын, ішке кіруге мүмкіндік туғанын білдірген соң, Хұсайн Байқара бірден серпіліп, жедел жүріп, «Бағ зағанға» кіріп барды. Қара көленкеде, ағаштар арасында Хұсайн Байқараның жігіттері дыбыс шығармай, жау әскерлерін іздеді. Бірақ мырза Жадігер адамдарының ізі де жоқ. Хұсайн Байқара бұл жерден «Бағ Шималға», мырза Жадігер жататын баққа қарай өтті. Бұл жерде тосыннан оянған бірлі-жарым нөкерлер тұтқыйыл тап беруден ес-түсінен айрылып, қарсылық көрсету, корғану былай тұрсын, бастарыңан дәурен кеткенін біліп, «шүрк» етіп үн шығарған жоқ.

Жігіттер жайбақат жатқан жас патшаны іздеуде. Олар қамалдай биік, зәулім сарайға келді. Оның жаңында шатыр тігулі түр. Шатырда ешкім жоқ... Хұсайн Байқара биік төбені алыстан қоршады. Ол сол төбенің арғы бетінде мырза Жадігер үйықтап жатқан болар деп шамалады. Жадігер жатқан жерге бару үшін осы төбeden өту керек еді. Жүргітың бәріндек тек осы ой болды. Кім біледі, мүмкін кенет шабуылға үшыраған жау төбенің тасасына топталып, үлкен үрісқа әзірленіп, қүшін іріктеп жатқан болар! Қара көленкеде сарайдың, қарауытқан төбенің жым-жырттығы денені тітіреткендей...

Хұсайн Байқара шыдамсызданып, бастан аяқ сауыт киген бір топ жауынгерлерге төбеге шығып, мырза Жадігерді жатқан орнында басуға әмір етті. Бірақ олар қозғалар емес. Берілген бүйрыкты түсінбегендей, анырып, бір-біріне қарасады. Сол кезде ақын атынан әскерше қарғып түсіп, атының тізгінін Бағаәліге үстата берді де, өзі патшаға келіп: «Баруға рұхсат етініз!» деді. Ешбір бек, ешбір нөкер Науайдан мұны күтпеген еді. Олардың көбі үялғаннан бастарын төмен салып, үнде мей қалысты. Олар батырлық көрсетуге өтініш етіп, рұхсат сұрауға енді кеш қалған еді...

Хұсайн Байқара аз қобалжып тұрды да, төнірегіндегі жігіттерге тікіре耶 бір қарап өтіп, ақынға рұхсат етті. Науай қылышын қынаптан сұрырып (қылышының бірінші және соңғы рет сұрырылуы еді) аршындей басып, алға үмтүлді. Бірақ ол көптің болжап тұрған жолымен емес, өзге жолмен төбеге өрлей бастады. Сол кезде біреу бір топ май шамды жағып, жоғары көтерді. Жүрт-

тың бәрінің көзі қылышын таяқша таянып, тәбеле шығып бара жатқан ақында еді. Оның көлеңкесі көзден таса бола бергенде, нөкері Баңаәлі қылышын жалаңаштап Науайдың соңынан жүгірді. Сол-ақ екен, әндаған жігіттер, қамалға шабуыл жасағандай, батыл және шапшаң қыймылдал, ақын жүрген жолмен тәбеле өрлеңді.

Науай қылышын таяқша таянып, тәбенің арғы бегіне, ылдыйға түсे бастады. Сейтіл мырза Жадігер жатқан үйге қарай жүрді. Сол кезде патша жатқан үйге артынан бірнеше нөкер, асып-сасып жүгіре шығып, алдындағы біреуі «Бұл кім?» деп ақырды. Әріректе тұрган бірнеше адам шаппақ болып қылыш көтерді. Науай қылыш көтермей, бірақ көтеруге ыңғайлы болып тұрган қалпында, салқын қандылықпен тоқтай қалды да, өктем дауыспен:

— Қылыштарынды қынабына қайта салып, дереу беріліндер! — деді.

Екінші бір нөкер жаңына жақын келіп, үңіліп:

— Сіз кімсіз? Неге берілеміз? — деп сұрады. Ақын оған жекіріп:

— Мен Элішер Науаймын, — деді.

Нөкерлер салы суға кетіп, иықтары түсіп, ун демей қалысты. Науай теріс айналып, Жадігер жатқан үйге ўмытылды. Қаранғыда коридоры сыйпалап, жол іздеп, үлкен бөлменің есігі алдына енді жеткенінде, артынан аптығып Баңаәлі жетіп келді. Есік ашып, ішке кірді. Терезелері ашық, үлкен бөлменің ортасында жұмсақ кілемдер мен мақпал көрпелердің үстінде төрт адам төрт жакқа карап, басы кеткен жерге аяқтары кетіп, тірі өліп жатыр. Олардың ішінде, терезе түбінде аппақ жастық жастанып, шаштары қожырап, бір жас әйел алаңсыз ўйыктап жатыр. Науай жатқандарға еңкейіп қарады да, баяу дауыспен «Байла мынаны» деді. Баңаәлінің аяғы астында қалған шыны, шөлмектер сынып, күйреді. Ол жас патшаны сілкілеп тұргызыған кезде, бір-біріне бағдарын тақап, аяқтарын есікке қарай созып жатқан екі нөкер, орындарынан атып тұрды. Үй іші ышқына шыңғырған айқайға толды. Жас әйел ойбай салып, терезеден секіріп, қаша жөнелді. Баңаәлінің қуатты қолына түскен мырза Жадігер алқынып, әлденелерді айтады. Үйге, есік алдына жігіттер толып кетті. Науай мыр-

за Жадігерге кәр төге бір қарады да, сыртқа алып шығуға бўйырды, артынан қарап тұрып:

— Патша болса маскүнем — не болмақшы!
Ордасы ойран болып, жау алмақшы, — дейді.

Науай бастаған Бабаәлі мен бір топ жігіттер мырза Жадігерді сүйреп әкеп, Хұсайн Байқараның атының аяғы астына итеріп тастанды. Патша күмдерін киген жас жігіт, кешегі ішкен арағынан мастығы әлі тарқай қоймаған қалпы, мен-зен болып, жан-жағына алақтап қарай береді. Әлден уакытта басына келген пәлені андал, қалтырап-дірлдеп, дүшпанына карай тығылды. Оның көз қарасында магнасыз қоркудың, жалынып, жалбарынудың белгісі бар еді. Хұсайн Байқара ат үстінде тұрып, тұтқынына бірнеше тікенді, ашы сөздер айтты да, қолымен нөкерлеріне, алып кетіндер деп нұсқады.

Фират қамалдан естілген керней, сырнай даусымен оянды. Мырза Жадігердің басы кесілді. Оның жақтастары жан сауғалап, ін-інге тығылды...

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Бір аптадан бері көшеге шығуға қорқып, патшамен бірге сапар шегіп қайтқан өз кожасына көрініп, кінасын айтып, кешірім сұрауға өр көкіректігі үстап, қабағы туғсіп, тұксиген Туғанбек өзінің сәнді бөлмесінде отырды да қойды. Ол мырза Жадігердің жарқыраған күнін кеңет бұлт басады деп ойладап па еді! Ол «Қасы-көзін бояуды ғана білген ақылсыз сайтан!» деп Паянда Сұлтанбегімді сөкті, сақтық іstemеген түркпен бектеріне нәлет айтты. Ол бір күні тұнде түркпен әскербасыларының бастарын кестіріп, мырза Жадігерге күш көрсетіп, өзін бас уәзір ету жөніндегі өзінің ойын жедел жүзеге асыра алмағанына күйінді. Аласапыранда Тұкті мергенмен бірге Фираттан қашпағанына өкінді. Бірсек алыштағы өлкелердің біріне қашқысы келеді, бірақ Фират өмірінен қол узгісі келмейді. Ол қандай істі ойға алса да, алдынан бір қыйындық кездеспей қалмайды.

Туғанбек тынысы тарылғандай ауыр дем алып, тerezенің екі жақ бетін бірдей шалқайта ашты. Бөлмеге жылы, жұмсақ ауа кірді. Туғанбек терезеден сыртқа шырт түкірді де, далалаға көз салып, Ділдардан хабар алған шүйден шығуға ыңғайланғанда, есік ашылып, Нұрбаба-

ның аппақ сақалы, жабырқанкы жүзі көрінді. Туғанбек «не» деп иек қақты. Шал жұмсақ дауыспен қожасының шақырып жатқандығын айтты да, көзден гайып болды. Туғанбек қабағын қарс жауып, біраз ойланып тұрды. Сонан соң кежегесі кейін тартып, аяғын әрең басып, үйден шықты.

Мәждиддин оны өзінің қонақ үйінде қабылдады, Туғанбек қожасының қолын алып отыра бергенде-ақ, Мәждиддин оның орынсыз қылықтарын бетіне салық қыла бастады. Туғанбек көзін бір нүктеге қадаң, тұнжырап отырып тыңдалды. Қожасы жүзікті саусактарын сыйырлатып, тынышталған кезде Туғанбек салмақтанып сөйлей бастады.

— Сөз қылғандай ешнэрсе істей қойғанымыз жок. Фират халқы түймедейді түйедей етуге шебер білем!

— Сонымен Әлішердің қолынан қалай құтылдыныз? Халық сіздің үстінізден шағым айтыпты ғой. Бұл жөнінде кейбір адамдар маған хабар жеткізді.

— Мен сіздің жарлығыңызды шын көнілмен орындауға күш салдым. Бастаған істі орында май тынбау — менің ежелгі әдетім. Салықты сөз айтпай төлегендерге, құдай акы, мен ешбір тіл тиғізгем жок. Қім қарсылық көрсетсе, айтқан сөз көр етпесе, ондайларды қамшының астына алдым. Өзінізге белгілі, халықпен бітептін істе мүнсиз мүмкін емес. Алайда сіз алаң болмаңыз, сіздің атыңызға шық жуыткам жоқ. Мен Әбулзияның адамы болып жүрдім. Науай дегеніңіз жұрт не десе соған еріп, бұл жерде үлкен дау көтерді. Ойбой, акын деген де мүндай қайратты, қайсар болады екен-ау! Мен таң қалдым ол адамға! Бірақ мүндай істерде мен де бос келмеймін. Ески тонымды киіп алып, шарапханадан шықпадым. Туғанбекті тауып көрші!

Туғанбектің акынға берген бағасы Мәждиддинге үнады. Ол теріс карап:

— Науай халық алдында өз абройын арттырмақшы болған ғой. Бұл да бір оның саясаты ғой, оның тұптамыры бізге белгілі, — деді.

— Халыққа жағынудың өзінде басқа мән бар демекшісіз-ғой. Неде болса, әйтеур тегін емес. — деді Туғанбек өз қожасына арамзалақпен қарап.

— Туғанбек, ұлық болуға ұмтылар болсаң әр адымыңды андап бас, — деді Мәждиддин абайлас, баяу сөйлеп. — Сіздей батыр жігіттен айрылудың өкініші

Әмірде кетпейді. Етегімнен мықтап ўстаңыз, мен сізді «қыл көпірден де» аман алғы шығам. Бірақ болған оқыйға ескіргенше, көп емес бір — екі ай, шеттеп жүре түр. Мәжілістерде аузыңа сақ болсаң болғаны.

Тұғанбек бойын басқан зіл жеңілдегендей болып, рахмет айтты. Бірақ бұл кеңес оны қанағаттандырған жок еді. Өйткені ол тек Науаидың «қаһарынан» құтқаруға ғана уәде берді. Ол оқыйға, соңғы болған оқыйға жаңында недауір ескірген еді. Ол кінәсі үшін айып төлеп құтылуға болатын-ды. Бірақ соңғы айыбы — мырза Жадігер бүліншілігіне қатысқаны — мүлдем басқаша әнгіме. Тұғанбектің бүліншілік кезінде бірнеше күн ғана жарқырап көзге түскені үшін басын жоюы, немесе көр тышқандай зындан тубінде шіруі мүмкін. Ол бұл айыбын Мәждиддинге ашып айтуға бата алмады: «бұл адам Хұсаин Байқараның құлақ кесті құлы», — деп ойлады ол ішінен, — бұл өзінің адалдығын білдіру үшін қолымнан ўстап, жетелеп барып, жендетке тапсыруы мүмкін, немесе, жарылқаған күннің өзінде де, қазір-ак көшеге куып шығады: «күнінді көре алсаң көр, көре алмасаң өл дейді...».

Тұғанбек дәл сол мезетте атка міне салып, шу деп жөнеп кеткісі келді; Иракқа, Әзіrbайжанға, немесе сонау Қыпшақ даласына, Қытайға кетсембе екен деген ой түсті. Бірақ Мәждиддин мен туралы ўзын құлақтан есіткен болса, бір нәрсе айттар деп үндемей отырды. Бірақ Мәждиддин зекеттер туралы сөйлем кетті. Тұғанбек қанша түсім түскендігі, кай тұманды қанша салық жыйналмай қалғандығы және өндірілген ақшалардың оның бүйрығына лайық Әбулзияға тапсырылғаны туралы аспай-аспай толық баяндал шықты. Мәждиддин алақаның ысықылап:

— Жарайсын! Сендей жеті жігітім болса мен жеті ықлымның бәрін билеген болар едім. Құдай қаласа сенімен бірге әлі де талай істер істерміз, — деді.

Тұғанбектің көзі оттай жайнап кетті.

— Тақсыр — деді ол көзін сығырайтып, айлакерлік-пен, — менен бір айып өтті, айтуға батылым бармай түр.

— Тұяғы бүтін тұлпар жок, қанаты бүтін сұңқар жок деген ғой, ия, ол не еді?

— Жүрттың аузында, — деді Тұғанбек баяу дауысден, — Хұсаин Байқара патша барлық әскерінен айрылып,

қолға түспеу үшін бір топ жігіттерімен Үндістанға қарай қашыпты, әмірлері мен бектері мырза Жадігерге қызмет етуге ант су ішіпті, деген сыйқты алып қашты хабарлар неше сакқа жүгірді... Мен сорлы сондай сөздерге сеніп, мырза Жадігердің қызметіне кірдім. Бес — он күн дәуірлеп тұрдық. Бірақ ақыры шатак болды! — Туғанбек көзінің астымен Мәждиддинге қарап қойды. Оның бетінен ызаның емес, хасіреттің ізін байқады.

— Мұндайда масқаралық болады екен-ау! — деді Мәждиддин қаһарланып.

— Таксыр, наныңыз, құдай ақына сізді бір мимутте естен шығарғаным жок. Менің өз есебім бар еді. Амал не, тағдір жазбаған екен.

Мәждиддин бұл сөздің мәнісіне тез түсіне қойды. Алайда қабағы тұксияп, зілді дауыспен сөйледі:

— Бұл недеген сөз? Менің патшаның сенімді иті екенимді бүкіл әлем біледі. Менің арманым — патшаға және оның үй ішіне өле-өлгенше қызмет ету. Сен енді мұндай сөзді аузыңнан шығарушы болма!

Туғанбектің үміті кесілді. Енді бугін-ертең ескі тонын ки-п, алысқа қашудан басқа амалым қалған жок, деп ойлады. Біраз уақыт тіл катпай мұртын шымшып отырды. Соңан соң орнынан турекеліп, Мәждиддиннің шын ниетін білуге тырысып, өзіне-өзі «Хорасанның наны бұйырмаған екен дә!» деп күнкілдеді.

— Отыр, бір жаққа қашпақпысын? — деді Мәждиддин мыскылды құлкімен. Туғанбек қайта отырды.

— Атымның тұяғына құдай қуат берсе, өзіме жайлыш жер табармын.

— Бұлай тұңілудің орны жок — деді Мәждиддин, — қалада мырза Жадігерді қолдап — қолтықтап, жағынуға тырысқан үлкен әкімдер де бар. Онымен табактас, мәжілістес болғандар бар... Мен айттым ғой сізге, қазірше жүрт көзінен таса бола тұрыңыз. Жүрген жерінізде патшаны дәріптеп, оған берілгендігіңізді білдіріңіз. Соңынан сізді бір қызметке тағайындармыз. Міндеттінізді ықласпен орындарсыз. Сізге тағы не керек!

Туғанбек күлдік үрып, орнынан турекелді де «Сізге кішкене ғауғам бар еді» деді. Мәждиддин оның қойнына қарап: «Қәне, шығарыңыз. Жадігер мырза тұсында «Бағ Зағаннан» көп асыл бұйымдар үрланыпты ғой, оған хабарыңыз барма...» деді.

Тұғанбек ыржыя күліп: «Менің сауғам сізге өзі жүріп келеді» деді де сыртқа шықты. Сөйтіп ат корасының жаңындағы бөлменің есігі алдына тоқтады.

— Ей, қакпас қайда жүрсін, кілтті бер! — деп ақырды ол Нұрбабаға.

Атқорадан Нұрбаба шығып, Тұғанбекке құдіктене қаралы да, белбауына қыстырулы кілтті алғып берді. Тұғанбек асығып, есік ашты. Бұрышқа тығызып отырғағып Ділдар үрэйленіп, көзі жарқылдай түсті.

— Сұлу қыз, түрегел, үрсуды қойып, жарасалық, — деді Тұғанбек жұмысқ үнмен.

— Жаңыма жақын келме, жексүрын, — деп айқайсалды қыз, орнынан үшып тұрып.

— Ашуланба жаңым, — деді жалынып Тұғанбек мен саған қол тигізгенім жок. Жаман сөз айтканым жок. Сонда да болса есіткенім қарғыс. Мені көрсөң жыландаі жыйрыласың. Пісте-бадам беріп жібересің. Бұл қылышыңды қой. Жүр енді, сені зынданнан шығармайын...

Тұғанбек қыздың қолынан шап үстап, далаға сүйреп шығарды. Нұрбабаның қызға рахымы келіп, аяп кетті. Бірақ көмектесуге амалы болмай жаңы күйіп, ызага буылып:

— Қыздың қолын сындырарсын... Эділеттік деген болу керек қой, — деп айқайлап жіберді. — Корықпа қызыым, — деді тағы ол Ділдарды арқаға қағып. — Ешқандай қауып-катер жок.

— Атажан, — деді жылап Ділдар, — бұл залым менің қайда сүйреп барады? Сіздің жаңыңыздан кеткім жок. Корқамын атажан!

— Сөзіме сен қарағым, иншалла, саған ешкім жамандық қылмас.

Тұғанбек біресе жалынып, біресе жекіп қорқытып Ділдарды сүйрей жөнелді, миманхананың алдына барғанда құлағына сыйырлап:

— Қазір бас уәзірге көрінесін. Жылау-сықтауды қой. Оны ренжітсең басың кесіледі, үқтың ба? Эдеппен сәлем бер, — деді.

Ділдардың жүрегі соғудан қалғандай болды. Тұғанбек есікті ашып, қыз өздігінен кірмесе көтеріп алғып кірмек болды. Ділдар мұсәпір күндерше сүмрейіп үйге кіріп, екі — үш адым ілгері аттады да, жұмысқ кілемнің үстіне отырды. Тұла бойы тітіреп, қорқыныш пен үят ба-

сып, жығылуға дайын тұрса да, «улкен уәзірден» қорыққанынан өзін-өзі берік үстауға тырысты.

Мәждиддин жастықтан басын көтеріп, бойын түзеп, бір әдемі қуыршаққа қызыға қарағандай, немесе бір каунарды дең қойып көргендей көзін сузіп, басын бір көтеріп, бір иіп қызға бастан-аяқ тесіле қарады. Соңын Туғанбекке «нағыз перизаттың өзі екен... Бағасы да қымбат болар» деп сыйырлады. Туғанбек күліп басын шайқады:

— Бағасы дейсіз бе? — деді сыйырлап ол. — Құлыңыз асып кеткен бай емес. Мырза Жадігер тұсында біздің қолымыз үзын-ақ еді. Жұрттың бір қызы емес, аспанындағы айы мен жұлдызын үзіп алуға жететін еді. Осыны айтып тұрып, ол біресе қызға, біресе Мәждиддинге қарап коразданды.

— Бұл сыйқты істерді қою керек жігіт, — деді Мәждиддин көзін қысып, ашуланғансып.

Ділдар Мәждиддинге жалт қарады. Оның көnlінде «құтқаар» деген үміт елесі пайда болды. Көзінде бір сенімнің оты жайнады. Ділдар әкесіне еркелеген бала-дай тәтті тілмен, жалына сөйледі:

— Сіз ел билеген үлы адамсыз. Біз бәріміз сіздің перзенттерінізбіз. Тәнрі сізді екі дүниеде де жарылқасын, мені өз үйіме қайтарыңыз. Жақсылығынызды өмірімде үмытпаспын.

Ділдардың көзінен жас ыршып кетті.

— Үкітиярың бізде емес, аптағым — деді Мәждиддин жай сөйлеп, есінеп. — Сенің еркін мына жігіттің қолында. Ол, ол ғой, сен өз үйінде не рахат көрдін. Мұнда қалсаң, баҳытты боласың. Бір күніңнен екінші күнің қызықты болады. Мұнда өзің тенденс қыздар да бар.

Ділдар солқылдап жылап, басын төмен салды. Мәждиддин қызды әйеліне күң етіп беруді үйғарып, Нұрбабаның қолына тапсыруды бүйірдыш. Туғанбек білегінен үстағанда Ділдар орнынан атып тұрды. Әлі кетіп, аяғын әрен басып, Туғанбекке еріп, тыска шықты. Мәждиддин мәз-мәйрам болып, асыға турегелді де, зерлі шапаның киіп, үлкен сәлдесін басына орап, үйінен шығып, ордаға карай жүріп кетті.

«Бағ заған» күндеғісіндей көрікті, сәулетті еді. Ескі қызметшілер сарайдың ежелгі салтын бүзбауға тырысып, маңғаздық, байсалдылық сактап өз істерімен шұғылдануда. Қылыш тағып, садақ байлаған жігіттер са-

райда арлы-бері жүр. Ақсақалы көкргегін жапқан, қақпа күзетуші наизасына сүйеніп, өзінің жас серігіне ертедегі соғыстар жайында ертек айтып тұр.

Мәждиддин Үндістаннан әкелінген пілдерді алыстав көріп, біраз тоқтап, қызыға қарап тұрды да, қырық бағанды ордаға қарай жүрді. Айнала ағаштармен, ғулдермен қоршалған бір аланда Хорасанның бір атақты ғалымы жас шахзадаларға сабақ беріп жатыр еді. Басынан аяғына дейін Қытай жібегіне оранған жас ўландар үстазының өте салмақтанып сөйлегені үшін бе, әлде туңсініксіз құран сөздерін ережелеп, даусын кернеп, келістіріп үзақ уақыт оқығаны үшін бе, әйтеуір сабактың бітуін сабырсызданып күтіп, өздеріндегі сәнденген, неше алуан құлпырған әдемі дауыстарға, алыста күн нұры мен таза қардай көрінген аппақ қаздарға қайтайдайта қарай береді.

Мәждиддин қырқ бағанды ордаға жақын келіп патшаның және өзге ұлықтардың жоқ екенін білді де, бақша ішін аралап біраз жүріп, бір биік төмпешікке кете-рілді. Оның аржағындағы тегіс аланда патшаның мұрағері, таж-тақтың болашақ иесі, Хұсайн Байқараның алғашқы әйелі Бике Сұлтан бегімнің тұңғыш ұлы Бадуиззаман жақсы киінген қырық-елу жас жігіттер — бекзадалармен, Фираттың даңқты әкімдерінің еркелерімен бірге жай атысып, әскери ойынмен шұғылдануда еді. Бадуиззаман онекі — онуш жастағы, нәзік, сұңғакты, көркем бала еді. Оның үстінде оқалы жібек шапан, белінде қымбат тастаны жарқыраған кемер, кемерге байлаулықандардың неше алуан түске енетін, құлпырған қанжар қыны көзді шағылыстырады. Шахзаданың басындағы ак шайы сәлденің төбесіне алтын баулы шашақ қадаған. Мандаіына сәлденің үстінен каянтар қадаған. Аяғында ықшамды, кестелі етік...

Бадуиззаман әкесімен көбінесе реcми салтанатты мәжлістерде кездесетін. Оның өзінің арнаулы бөлмесі, бектері, жігіттері, ақындары, ақылшылары бар. Ол елеңжырды, музыканы сүйтін, өзі де кейде өлең жазып қоятын. Ойын-сауықтар күрады. Шарап түрлерін түсіне де білуші еді. Жастығына қарамай патшаша салтанат құрғысы келеді. Ол байғам әмір сүр'п, өзі әмірінің ұлы күнін: ата-бабаларының салты бойынша оны ак текеметке салып хан көтеріп, басына таж кигізетін күнді күтті. Соны арман етті.

Мәждиддин жымыйып күліп, балалардың ойынына қызыға қарап тұрды. Ол шахзаданың маңындағы әкімдерді — тәрбиешілерді еске түсірді. Шахзадамен қалайда байланысты күшетту хажеттігін біраз ойлап тұрды да төбеден ылдыйға түсті. Алыста, гүл аланы маңында өзінің ежелгі достары, ақылгөйлері, жақындары және бестерімен серуендең жүрген Хұсаин Байқараны көрген бойда, Мәждиддиннің жүргегі лупілден, өнді біраз сұрлаңып кетті. Аяғын жылдам басып, онбес-жыйырма адымдай таяу барып, иіліп, тәжім етті. Соナン соң тағы да таяна түсіп, мырза Қішіктің оған көптен-көп сәлем айтқанын білдірді. Қөнілі қөтеріліп, шалқып жүрген Хұсаин Байқара оған күле қарап: «Бізben бірге болыңыз!» деп шақырды. Мәждиддин басқалардың оған пыскырып та қарамағанын сезсе де, жер сүйгендей еңкейіп, құлдық үрды.

Хұсаин Байқараның қөнілі қөтеріңкі еді. Кердең басып, қыдырыстал жүр. Ішкен шарабының әсерімен жарқырай түскен көздерімен төнірегіне бір қарап шықты да, болмашы нәрсеге ренжігенін білдірмеді. Ағаш көлеңкесіндегі, күн сәулесімен шұбарланған жолмен жүріп, патша «кептерханаға» бұрылды. Онын төнірегіндегілердің бәрі де дәл сол кезде патшаға ўнағандай бір сөз айтуға тырысада еді. Откір сөз тауып айтуға қабілеті жоқтығын сезген Мәждиддин тек басқаларға «бәрекелдे» деуші болуға көшіп, жұпіс-тұрысы, қыймылымен патшаға жағынуға жаңын салуда.

«Кептерханаға» жалғас хұжреден, көзіне сүрме койған, апайынкор нәзік шал қарсы шығып, тәжім етті. Хұсаин Байқара жеміс ағаштарының тубіндегі сыпаның шетіне, кішкене жібек кілемнің үстіне келіп отырды. Шал үлкен сырлы табакты толтырып тары алып шығып, сыпырылып тазартылған жерге шашты. Соナン соң кептерхананың үш есігін ашты. Сол-ақ екен, жүздеген күсдүр етіп үшып шығып, қорага келіп конып, тары тере бастады. Ақ, шұбар, көгілдір тағы басқа түсті кептерлер тарыға жабылғанда, Хұсаин Байқара балаша куанды. Кептерлердің көбісінің аяқтарында күміс сақыйнасы бар. Хұсаин Байқара қошемет сөздерге енді күлақ қоймай, кептерлер туралы жалғыз өзі сөйлей бастады. Соナン соң кептерші шалдың күстардың күлақтары туралы айтқан әңгімесін тындағы. Бұл шал оған қадірлі еді. Хұ-

саин Байқара бала кезінде мұнан әрдайым кептер сатын алып тұратын.

Жерде дән қалмаған кезде шал үзын шыбықты көкке көтеріп, былғап, ерекше бір дауыспен айқайлап еді, құстар пыр ётіп үшіп аспанға көтерілді. Сол кезде Хұсайн Байқара орнынан еріксіз турегеліп, жерде дән іздел жүрген бірнеше кептерді қол шапалактап үркітті. Сөйтіп екі қолын арқасына қайырып үстаған қалпы, басын шалқыйтып аспанға қарап, айналуда болды. Фираттың тынық, кайнап тұрған ыстық аспанында асыр салған алақұла кептерлердің ғажайып «әуе ойынынан» көз алмады. Біраздан соң ол мейлі әзілдеп айтсын, мейлі шын айтсын, әйтеуір өзін «патшаның кептерханасының бастығы» деп айтагын апыйнқор шалдың жанына барып, оның кептер туралы әңгімесін тыңдады. Патша аспанға қарап тұрып, күбірлеп:

— Бұл құстар, өздері көкке қанша көтерілсө, менің көңілімді де сонша көтерді, — деді.

Сол кезде төнірегіндегілерден біреу Фариддин Әттердің «Құстар тілі» деген кітабынан өлең оқыды. Өлең Хұсайн Байқарана қатты үнады. Басын изеп, үйіп қалды. Кептерлер аспан сахнасынан қайтып, өз мекендері маңына қона бастағанда, патша ауырып қалған мойнын уқалап, кейін қайтты.

Патша ордасының қызметшілері думан сауық жасауға әзірлік аяқталғанын хабарлады. Мәжіліс күндегі салт бойынша «Бағ зағанның» ең үлкен, сәүлетті үйінде болды. Төрде қалың, оқалы көрпе устінде Хұсайн Байқара отыр. Оның маңында барлығы бір түсті киінген, жастары да біркелкі, көркем жігіттер алқа қотан отырысты. Бұлар патша думанының көркі ушін қызмет ететіндер еді. Хұсайн Байқараның он жағы мен сол жағында үлықтар және түрлі жақтан қашып келіп, осы жерді паналяған кейір шахзадалар, бектер, көрнекті әкімдер, патшаның жақындары — әрқайсысы өздерінің дәрежесіне қарай орын алысты. Мимандар арасында Фираттың ғалымдары, акындары, атакты музыканнтары, жыршылары да бар еді. Мұндағылардың тәртібін жақсы біле-тіндер болғандықтан, отырыс ежелгі әдет бойынша салтанатты түрде, қатаң әдеп сактаумен басталып, біртебірте қыза түсті. Хұсайн Байқара әуелі өзінің жазған өлеңін тыңдауды үсынды. Оны өлеңді жақсы оқыттын және жете түсінетін хожа Абдулла Маруари оқып берді.

Тындаушылар өлеңді табиғи және көркем деп тапты. Фарсышыл үлкен ақындар да оны — өзбек тілінде жазылған өлеңді ең көркем шығармалар қатарына қосып, дәріптеді. Өлең жырдан қабары жоқ кейбір батырлар өлеңнің кейбір шұмақтарын қайталап айтып, өзара талқылай бастады. Хұсаин Байқара барлық ақындарға бұл өлеңді үйреніп, оған жауап жазуды тапсырды. Сонан соң көңілді әңгімелер басталды. Мәжлістегілер дамылсызы күлісті. Әсіресе әйгілі әжуәші-сықақшы Әбдулуәси отырғандардың шегін қатырды. Онан кейін басқа әзіл-сықақшылар сөзге килігуге бата алмай қойды. Дастан-ханшы қызметшілер аяқтарының үшінен басып қызмет етіп, шапшаң дастанхан жайды. Қаз етінен істелген куырдақ, кой еті, мәнті тағы басқа неше алуан тағамдар үсті-үстіне және мол-мәлдан тартылды. Хұсаин Байқараға алтын табаққа салып, дербес тамақ әкелінді. Құміс патнос үстіне қатар тізіле қойылған кеселермен шарап да үсынылды. Хұсаин Байқара алтын кесені алдымен қолына алып, мәжліске ишарат етті. Барлығы да патшаның хұрметіне қағып салды.

Хұсаин Байқара мемлекет басқару ісінде Темірге аз еліктесе де, мұндаидай отырыста бабасының салтын істеуге дайын еді. Бірақ Хұсаин Байқара бабасына қашама еліктең басқа да, бұл жөнінде үлкен өзгеріс ғенгізген еді. Ақсақ Жаһангердің сарайындағы Думандар да түзедегі жұпымының пен сән-салтанат ўштастырылған болатын. Ол кездерде аспаздар бүтін қалпында пісірілген семіз жылқының етін үлкен сыйыраға салып, ортаға таудайғып үйіп қоятын. Сонан соң білектеріне дейін тери қолғап киіп алған табакшылар, жүрттың көз алдында; орасан ептілікпен әлгі жылқының етін боршалап, қонақтарға үлестіре бастайтын. Эркім өз үлесіне тигён сыйбағаның бір бөлегін үйіне әкетуге тиісті еді. Сүйектерін таласып-тарғысып мужу де әдетке айналған-ды. Қонақасы берілген сайын ішкілік бола бермейтін. Максунемдік сирек болатын. Ал бірақ ішіле қалса жазғы жайлаудағы қымыздай үздіксіз ішілетін. Қебісі монголша киінген, олпы-солпы, алпамсадай зор, қаһарлы, қарапайым батырлар ішкілік үстінде төзімділік, қайтпас қажырлылық талап ететін. Қімнің кесесінде бір тамшы қалар болса, ол кісі айып тартып — тоғыз кесені дем алмай, үсті-үстіне ішер еді. Егер соңғы кеседе тағы тамшы қалып қойса — тағы тоғыз кесе.

Хұсаин Байқара да тамшысын қалдырмай ішу тәртібін қолданатын, бірақ бұл ереже үнемі сақталмайтын. Жаза оқта-текте кейбір адамдарға, мәжлісті қыздыру үшін ғана қолданылатын.

Ішкілік тілге де, қыймылға да еркіндік берді. Қейір ақындар орындарынан түрып, сол жерде мас болып отырып шығарған, немесе осы мәжліске арнал, ерте бастаң жазып койған өлеңдерін оқып, кеселерін салтанатты түрде көтере бастады. Гиджақ, танбұр, най, уд, даф тағы басқа музика аспаптарынан құралған оркестр араб, фарсы, түрк, өзбек әндерін ойнай бастады. Жыршылар жыр толғады. Әдемі киінген бишілер ортаға шығып, неше алуан би биледі.

Ұмырт жабылғанда шамдалға май шамдар қондырылып жағылды. Қілемдер, кеселер, қызыл арактар, қабыргадағы әшекейлі нақыштар жарқырап, жайнап кетті. Мәжліс сәндене түсті. Ішімпаздар кеселерін жыйы босатып, қўюшыға дамыл бермей қойды. Хұсаин Байқара көп ішсе де әлі берік еді. Мәжлістің рухын көтере тусу үшін ол ішкілікті іше түсуге үндесе дағы, көзінің астымен әрқайсысын байқап, бақылап отырды.

Ол өзінің әдеті бойынша шусыз, таза ауада біраз дамылдау үшін орнынан түрегелді де, артқы есіктен жылдам шығып кетті, мұны қөп кісі байқамайды қалды. Мәждиддин дәл осы кезді күтіп түрғандай, басқа есіктен лып етіп сыртқа шықты. Ағаштар арасына түскен айдың ала шапағында ол Хұсаин Байқараны көрді. Жаңына келіп, күлдүк ўрып, бір минут уақытын бөлуді өтінді. Хұсаин Байқара: «Жүріңіз, арызыңызды тында-йық!»—деді де, бір кішкене бөлмеге қарай бастады. Сол кезде, олар он адымдай ілгері басқанда, арқаларында кенет екі көленке пайда болды. Мәждиддин сескеніп, іл-гері жүрерін де, тоқтарын да білмеді. Олар патшаның күзетшілері, басы байлы күлдары — Бодана мен Долана еді. Олар патша кай жерде болса сол жерде болатын, әсіресе түнде жанына жақындаپ, дайын тұратын, бірақ өздерін жүрт көзінен шеберлікпен жасыра білетін. «Долана мен Бодананың жеті атасы жendet, жеті анасы жалмауыз болған» деп жүрттың аныз етуі тегін емес еді. Олар бір қара күштің иесі сыйқты еді, олардың аттарын есіткеннің өзінде жүрттың зәресі үшатын. Патша өзінің күпия, қанқойлық істерін солар арқылы орындаітын.

Хұсаин Байқара Мәждидденге қарап, мысқылдан күл-

ді. Бодана мен Долана көлеңкедей, лезде көзден таса болды. Патша аяғын жайлап, манғаз басып, әшекейлі, әдемі кішкене үйге кірді. Аяғы әлі дірілдеген Мәждиддин, рұхсат сұрамай-ақ патшаның қарсы алдына отыра қалды.

Қазір Хұсаин Байқараның мастығы недәуір күшеген еді. Ол көзін сүзіп, аузына келгенін айта бастады. Біреу сіммекет ісі туралы, біресе өзі туралы сөйледі. Кейбір жақындарына наразылығын білдіріп, кейбір бектерді дәлелсіз асыра мақтады.

Патшаның мәс уақытында болса да, ашық сөйлесуі Мәждиддиннің буынын бекітті. «Темірді қызған кезде соқ» дегендей, ол бұл кезеңді пайдаланып, патшаны жер, көкке тигізбей дәріптей бастады. Қолын кеудесіне қойып: «Ұлы астананыздың ең адал итімін!» деген сөзді қайта-қайта айтты. Хұсаин Байқара: «Адал адамдар менен әрдайым жақсылық көреді. Арамза болса өзінің соры» — деді. Мәждиддин қуанышы қойнына сыймай, орынан тұрып, күлдік ўрды.

— Е, ұлы мәртебелі патшам, сізге арнаған бір сауғам бар... қабыл алып, құлыңыздың көңлін көкке көтерерсіз деп үміттенем...

— Тарту беру, тарту қабылдау — сауап іс. — деді күліп Хұсаин Байқара.

— Көркем бактың бір гүлін тағдір желі айдан келіп, қолымызға түсірді, — деп бастады, даусын сәндеп Мәждиддин, — оның көркін суреттерлік шама жоқ құлыңызыда. Ол періштеге көзім түсіп кетіп еді, патшама лайық көрдім.

— Сіздің бұл тартуыңыз мен үшін бүгін бір мемлекеттен артық — деді Хұсаин Байқара қуанып.

— Құлыңыздың болмашы сыйлығы фой... деп момакансып Мәждиддин басын иді.

— Айтуға тіл жетпейді. Хафіз Шеразидың атақты өлеңі есінізде бар ма?

— Есімде жоқ, ұлы патшам. Хұсаин Байқара басын изеп тұрып:

Шеразидың түрік сұлуы шықса менің көnlімнен
Самарканды, Бўхараны мен жолыңа қыяр ем.

— Есіме енді түсті, — деді Мәждиддин мәз болып. — Бұл жөнінде ақын мен сіздің бабаныз Темір патшаның арасында болған оқыйғаны да білем.

— Бұл оқыйға ел арасына кең таралған фой.

Мәждиддин өзінің «сауғасын» патша сарайына қалай

жеткізудің жайын сұрады. Хұсаин Байқара біраз үнде-
мей отырып, бірден түрегеліп, есікке қарай бір — екі ат-
тады да тоқтай қалып:

— Мен оны Мырза Кішіктен алайын, — деді.

— Тағыныз алдында жорғалап қызмет ету былай
тұрсын, жай нөкеріңіз болудың өзі маған зор хұрмет, —
деді Мәждиддин.

Олар қайта оралғанда, мәжліс әбден қызған еді. Пат-
ша соңынан кекіре耶 кірген Мәждиддин өз орнына келіп
отырды. Барластар, бектер, әкімдер мұны көріп, бір бі-
ріне қарап, ымдасты. Ойын-сауық, сый-хұрмет танға
дейін созылды.

Үйқы мен шарап шаршатып, қалжырап, көзін уқалап
әрең ашып Мәждиддин үйіне қарай келе жатқанда, ме-
шіт мұнарасынан азаншының даусы естілді. Мұлк как-
пасына баратын үлкен жолмен дихандар, бақ өсірушілер
жүзімгө тағы басқа жемістерге тола корзинклерді атқа,
есекке тиеп немесе жаяу, өздерінің төбелеріне қойып
базарға ағылып бара жатты.

Мәждиддин үйіне келіп, әлі беті-колын жумаған әйе-
лін миманханаға шақырып алып, оған патша ордасына
бүгін үзатылатын Ділдарды жуындырып, асыл киімдер
кірізуді, алқа, моншақ тағуды бүйірды да, шала-шар-
пы шешініп жатып қалды.

Тұс кезінде оны куанышты хабар ояты: Мәждиддин
патшаның жарлығымен «паруанашы» болып тағайын-
далған еді.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

I

Қөткен күткен қар төрт елі боп-жауып, ағаштарды,
үйлерді ақ кебінге бүркеген. Недауір қатты ызырық бол-
ғандықтан екі күннен бері сол қар әлі ерімей түр. Қеше-
лерде балшық жок, катқалақ еді. Балалар мен қарғалар
қар түскеніне қуанып, асыр салып ойнауда. Үлкендер өз
достарына, таныстарына, туыстарына «кар туралы хат»
жазып, өзінше қызық думанды қысқы қонақтарды күтіп
алуға әзірленуде болатын.

Науаида қыстың көрінісін, қысқы көріністің көңілге
салған ойларын білдіріп, көркем сөзбен келістіре безеп,

бір досына қыс әңгімесі ретінде «қар туралы хат» жазған еді:

Болса болсын кездесу қызық думан
Менде бірге сұлумен болам миман.
Қыс қыспағы көңілімді жабырқатты
Оған ем бар — толтыра қүй шарапты.

Шарап берсөң, от жақсаң суық нетер
От бер, немесе қызуы оттай шараптан бер!

Фираттың сауық құмар, ақсүйектері бұл осы асыл өлеңнің жолдарында айтылғандай көңілді өмір өткізуде еді.

Кар туралы хат себепші болып, досы бүгін оны қонақ-ка шақырған-ды, бірақ оның өз ісіне берлігендігі сөнша, шараптай, оттай қызулы сауық думанға баруды да ұмытты. Ақын мемлекет ісінен босаған кезінде бекер отыра алмайтын. Не оқып, не жазып, не нақыштап жазуға жаттығатын, немесе жана ән шығарумен шұғылданатын. Кейде көркем ойын бояумен әсрелеу үшін сурет салатын. Еңбек, іс, ой — оның мәнгі жолдасы еді. Ол тәтті қыял тербетуді сүйеттін. «Бір жыл бейғамдықтан бір сағат ой артық» дейтін.

Терезесі жабық, жасауы мол, жыйнакты бөлменің ортасында, мыс леген толы шоқ жайнайды. Терезенің әйнегінде қыскы күннің сөүлесі ойнайды. Науай шоққа жақын, тізесіне қойылған кітап үстіне түсті қағазды жайып, сәлдесіз, тақыя киіп, басын аз иіп жазып отыр. Қаламы қағаз бетінде сырғып, сұлу әртіптерді тізбектеуде.

Шабыттың қыйындығын ананың толғағымен теңеушілік бар. Шабыттың, шығарма тудырудың қыйындығы — жанды тебрентіп, өнбойына әсер еткен бұл ауыртпалық. Науай үшін үлжен ләззэт, ананың әлді, өмір және шаттық берген күн нұры сыйқты. Сол үшін ол үлкен серпілүү үстінде, шабытпен оңай жазатын. Ол шынында сөз сыйхыршысы еді. Ол нелер үшкыр ойды, ең нәзік сезімді жүрек төріндегі ұлы арманды көркем сөзбен кестелеп, жеткізе айта білетін: тамшыдан теңіз; үшқыннан от жасайтын. Ол мындаған жылдардың мәдениетін, ғасырлар бойы пікір байлығын мәңгерген ақын еді. Оның асыл жырлары арап, иран және түрк искусствоына тамырын терең жайып, оның алып күшінен баһар алып, гүлденген еді.

Ол түрлі ақындардың әр әлуан шығармаларынан он мындағы бәйітті жатқа білетін. Науай үш — төрг жасынан бастап көркем жырларды жаттаған. Сегіз — тоғыз жасында ғылми, философиялық шығармаларды беріліп оқытын болған. Сол бала кезінде-ақ поэзия туралы үлкен ақындармен таласқа түсken.

Қаламы қағаз бетінде сырғуда. Сөз маржанын ірік-теп, ақын асыл жіпке тізуде. Әр сөзі каунардай жалтырайды, түрленіп неше алуан құлпыра түседі. Ақын өз ана тілінің көркемдігін сезіп, қуанады. Міне қағаз беті түгел жазылып болды. Ақын өз ана тілінде жырдан гүл шумағын жасады. Ол қаламын былай қойып, іштей оқыды:

Жамалың жалпы әлемді таңырқатып
Жараптың неге ынтық қып көрген жанды.
Көрмесем күйігінді тартпас едім
Көркінді қалай менің көзім шалды.
Көрдім де ақ жүзінді көңлім кетіп,
Кеудемде ғашық оты қаулаі жанды.
Көңлімді аулап, аймалап еліктірдің
Жалған сырын бойымды билеп алды.
Бержагыңмен алдадың, әуреледің
Жалт бердің көнілін мұз бола қалды.
Мен жалған бүйтерінді білген болсам
Кешірмес ем басымнан мұндаі халды.
Ақыры ақылсыз бол қалдым аулак,
Ғашықпыш, өлсем мейлі, бердім жанды.
Кой Науай екінбе, алданың сен
Не пайда бір опасызың сүйдің жарды.

Ақын өлеңін кітап арасына салды. Қенілі сергіп, орнынан тұрып, қаламы мен дәүітін текшеге алып қойды. Көзі текшеде тұрган әдемі қытай ыдыстарына, піл сүйегінен істелген тамаша күтышаларға түсті. Ақын шеберлікпен істелген көркем бўйымдарды сүйетін. Ол ойлады: «Хорасанда өнердің қай түрінің болса да тамаша шеберлері бар. Өнерпаздардың арасында жігерлі, қабілетті адамдар көп. Мәселен қытай шайыларын, қытай шыныларын, кашимир шәлілерін Фиратта істеуге неге болмайды! Өнердің бўл салаларын мейлінше өрбіту керек, керекті аспаптар да табу керек». Науай жуырда өнерпаздар мейрамында олардың өз қолымен істелген тамаша бўйымдардың халықты тандандырганын есіне түсірді. Ол алыс өлкелерден келтірген сирек нәрселерді Фираттың өзінде жасау мүмкіндігіне сенди!

Науай аздап тоңа бастады. Үстін жүқа күл баса бастаған шоқты кішкене мыс қалақпен қозғап койып, қолын тосты. Сөйтіп тағы да терен ойға шомды. «Бір жыл бейғамдықтан бір сағат ой артық!» Ол өз ана тілінің күдretін, көркемдігін сипаттай білетін үлкен дастандар жазуды арман етті. Оның қыялы ерте замандар ертегілерінің көркем бақтарында сайрандады. Бұл бақтардың алтын қақпалары оның халқы үшін неге жабық. Араптардан, ирандықтардан оның халқының несі кем? Жоқ, ол өз халқы үшін поэзияның гүлді бақшаларын жасауы тиіс.

Есік жай ашылды. Ақынның қызметіне жуырда кірген Шайх Бахлул кіріп келді. Бұл бір катар істі басынан кешірген, қарапайым жуас, жас жігіт еді. Шайх Бахлул өз қожасының беделін хұрметтеп, оған қызмет етуді өзі үшін үлкен абырой деп есептейтін.

— Я, не бўйрасыз? — деп сұрады Науай.

— Тарабханада патша сізді жоқтап жатса керек, — деді Шайх Бахлул.

Науай бір ауық басын тәмен салып, үндемей отырды да: «айтыңыз, қазір барамын» деді. Мұның дауысында ренжу белгісі бар еді. Шайх Бахлул басымен «мақұл» деп шығып кетті. Ақын тағы біраз ойға шомып отырды да, орынан тұрып, шайы шапанының үстінен женіл тон киді. Сыртқы есік алдында атына мініп, ордаға қарай жүріп кетті.

Тарабханада орда қызметшілері ақынды әр уақыттағыдай хұрметтеп қарсы алды. Тарабхана — үлкен бақтың ортасына салынған, шағындау, бірақ өте көркем екі қабат сарай. Мұны өз көзімен көрген Захиридин Мұхаммад Бабирдің айтуынша бұл бір «келісті» үй еді. Мұны Эдулқасым Бабир салдырған.

Ақын үйдің үстіңгі қабатына шықты. Төрт жақта нақышталған төрт хұжре түр. Олардың ортасында үлкен бөлме бар. Хұсайн Байқара Науайды осы бөлмеде қабылдады. Бұл үйдің төрт қабырғасына Эбу Саид мырза өзі бастан өткізген үйрестардың, сапарлары мен жорықтарының, бейнесін елестетіп суреттер салдырған еді. Науай ресми түрде тәжім етіп, жай сұрасқаннан кейін, еріксіз суреттерге қарады. Ол ат ойнатып, садақ тартқан, қалқан тұтып октан қорғанған, қылыш сурып, жауға үмтүлған батырларға, қанға боялған бассыз кеуделерге, қамал бўзуға ат қойған әскерлерге тағы сон-

дай жауынгерлік жорықтардың бейнелеріне қадала қарап, көпке дейін көз алмады. Бірақ бірқатар суреттердің жансыз, шындыққа онша үйлеспейтіндігін байқады. Сурет өнерінің әлі жетілмегендігіне өкінді. Хұсаин Байқара да бір уақыт суреттерге қарап, сурет жөніндегі кейбір әңгімелерді айтты да, сонынан мемлекет ісіндегі кейбір қолайсыз жағдайларды ренішпен баяндады. Науай кезеңді пайдаланып, мемлекет басқару ісіндегі өзінің ойын, арманын айтып, патшаға жөн сілтеуге тырысты. Ол мемлекеттің келешегі үшін, елдің гүлденуі үшін, егін шаруашылығына, түрлі өнерге қебірек көніл бөлу қажеттігін түсіндірді. Ақындар мен ғалымдарға, суретшілер мен музиканттарға тағы басқа көркемөнер қызметкерлеріне жағдай жасап, олардың түрмисын жақсартудың қамын ойлау керектігін айрықша ескертті. Патша тек астанада ғана емес, бүкіл елде не істеліп жатқандығын күн сайын біліп, қызмет басындағы адамдардың, әмірлер мен бектердің қызметін үнемі бақылап отыруы тиіс екендігін баяндады. Патшаның күннің қай мезгілінде немен шұғылдануы керектігін де айтып берді. Хұсаин Байқара көніл қойып тыннады. Бірақ бұл пікірлер жөнінде ештеңе айтқан жоқ. Қаракөл тысты құндыз бөркін көтеріп, желкесіне қарай сырып қойды да, күлімсіреп, ақынды шақырудары мақсатын айтты — диванда әмірлік қызметін атқаруды ұсынды.

— Бұл мүшкіл мәселені тағы көтердіңіз-ау,— деді Науай мұңайып,— бұған менің ризалығым жоқ екендігі хазретке белгілі болар.

Хұсаин Байқара ренжіп, қабағын түйді.

— Сіздің наразылығыңызды талқыға салдық, бірақ дәлелдерінізді орынсыз деп таптық. Елімізде тендесі жоқ адамды әмір етіп тағайындалмай көңіліміз көншір емес. Іншалла, бұл қызметіңіз жемісті болар.

— Мархабатыңыз үшін көп рахмет,— деді, Науай батыл сөйлеп,— мүмкін болса мені ресми қызметтің қандайынан болса да босатсаңыз екен. Әмірлік, диванда мөр иесі болу қанша шарафатты болғанмен көңілім бостандыққа қебірек бейім. Мемлекетке, елге әмір болмай-ак, адал көңілмен қызмет еткім келеді. Бұл жөніндегі менің наразылығым тосыннан орынсыз болып көрінер. Бірақ терең ойлаған адамға түсінкті болатынына шубәм жоқ. Мен егер әмірлікті қабыл етsem, кейбір үлықтар оған ренжиidі. Қаңқу сөз көбейеді. Достық орнына

алауыздық жансебіл бөлар. Адам көңлінің әлсіз жері көп...

Хусайн Байқара «сөз бітті» дегендей қолын сілтеді.

— Біз бір істі ойға алған екенбіз, енді оған қарсылық көрсетушілерге жол бермеспіз, — деді патша күлімсіреп.— Мәжлістерде әмірлердің ешқайсысы сізден жоғары отырмайтын етіп жарлық берерміз. Ал мөр басу жөнінде, егер сіз рұхсат етсеңіз, тек әмір Мұзаффар Барлас қана мөрін сізден жоғары басатын болсын. Ендігі әңгіме жұлдыз қараушыда қалды. Жұлдыз қараушы сөуегей сәтті сағатты тағайындалса, сол сағатта мөр басарсыз.

Науай жаңа дәлелдер келтіріп, қарсылық білдіруге тырысты. Хұсаин Байқара өжеттікке салып, ақынның сөзіне құлақ қойған жок. Науай ақыры болмаған соң, көрсетілген хұрмет үшін патшага амалсыз алғыс айтуға мәжбүр болды. Хұсаин Байқара оны бүгінгі кешкі думанға қатысуға шақырды.

Ақын «Тарабхананың» төменгі қабатына түсті. Мұндағы бөлмелердің бірінде Мұхаммет Сайд балуан, уәзір хожа Ата, хожа Абдулла Маруари және басқалар отыр еді. Барлығы орындарынан тұрып, ақынды қуанышпен қарсы алды. Хожа Ата мұләйім, жарлы адам еді. Өз міндетін үндемей журіп, жақсы орындаитын. Қай істе болса да орынды кеңес беретін. Мұхаммед Сайд сарай балуандарының ең зоры, беделдісі еді. Ол кең жауырынды, алып кеуделі, өнбойын күш кернеген адам. Хұсаин Байқара оған «жер жүзінің балуаны» деген атақ берген. Хорасанның ешбір балуаны, шет елден келген атақты балуандардың ешқайсысы оның жанбасын жерге тигізе алған емес. Алайда Науайдың жакын достарының бірі болған бүл адамның бар қасиеті тек осығана емес-ті. Мұхаммед Сайд түрлі ғылымдар жайлы сөз болғанда, ғалымдардың көбіне сөз бермейтін. Оның үстіне мұзықашы, әнші еді. Оқта-текте қуатты қолына қалам алыш, көркем ғазалдар, рубайлар жазатын. Балууаның мұндай хасиеттері барлығына сырттан есіткендер нана қоймайтын, ал бірақ бірге болғандар оның қабілеттілігін мойындаитын.

Науай осылардың арасына келіп отырды. Қызу әңгіме басталды. Балуан қалың ерні арасынан сөзді абайлап, өлшеп шығарып, дene шынықтыру өнері жайында әңгіме қозғады. Қазір өзінің он тоғыз жастағы жиенін мед-

реседен шақырып алыш, ерте көктемде шетелден келмек болған атақты балуандармен күреске түсіруге байымдап, қандай әдістер үйретіп жатқанын айтты. Кейін сөз поэзия, музыка, дәруиштік, философия тағы басқалар туралы болды. Хожа Афзал келіп, Науайды патшаның жаңа жарлығымен құттықтады. Балуан және басқалар Науайдың әмір болғандығы жөніндегі хабарды есітіп, қуанысты. Бұл хабардың мүншама жылдам тарағанына Науай таңырқап қалды. Балуан қалың сақалды, жалпак беті күлімсіреп, қуанышы тасып:

— Бұл Хорасан тарихында мәңгі қалатын оқыйға, — деді.

— Бұгін халық баҳытының туылған күні, — деді Хожа Афзал.

Әркім өз қуанышын айтып, тілек білдіріп жатқан кезде Мәждиддин, Низамулмұлк, әмір Моғұл және бірнеше бектер, атақтылар кіріп келді. Бірақ олардың солғыны түсі, сұлық, пішіні, мөлиген көздері оқыйғаны есіткендіктерін сыпаттап түргандай еді. Пәруанаши Мәждиддин сыр бермей, кеудесін керден үстауға тырысулы. Құмарпаз әмір Моғұл пәруанашиға қарап, мас көзін қысып қойды. Мәждиддин де оған иек қақты. Барластың кейбір бектері Науаига көз астымен, түнжырап қарайды. Әрдайым әлем-жәлем киініп, тоты құстай сыланып, маңғазданып, кердиіп жүретін айлакер Низамулмұлк Науаига көңілдес болғысы келгендей жалбақтап жақын келіп, сыйырлап, әмір болғанына құтты болсын айтты. Ақын мысқылды күлкімен: «Мениңше қызметтің үлкен, кішісі жоқ. Халық қызметінде қандай орын болса да игілі. Ел үшін нөкер болып қызмет атқаруға да қарсы болмас едім» — деді. Низамулмұлк аландап жанындағыларға қарады. Жарқыраған көүнгар көзді жүзік салынған саусактарымен сақалың сыйипап, басын изеп:

— Эрине, солай болуы керек! — деді.

Көп үзамай қызметшілер келіп, шарап ішілетін зор думанға шақырды. Жүрт дүр етіп орындарынан тұрды.

II

Екі күннен соң Науайдың үйінде салтанатты үлкен жыйын болды. Төрдегі үлкен ак үй адамға тола, қызметшілер өз жұмыстарының үдесінен шыға қыймылдауда. Үй иесі — ўлы ақын өз әдетімен келушілерді жылы

жүзбен қарсы алып, дамыл таппайды. Бір мезгіл ас пісіретін үйге кіріп, аспаздардың ішін көзден өткізіп, ақыл айтады, үйретеді. Бірсек хұжрелерге бас сүғип, ондағы әзірленіп жатқан халуа тағы басқа шіріндіктерді көреді. Жақсырақ және молырақ дайындауды үқтырады. Өз үйіне көп қонақ жыйылған сайын көбінесе осылай асыра қыймылдан, қолынан келгенше мимандостық көрсегетуге, хұрметі мен тартымды сөзімен әрқайсының қоңлің көтеруге тырысатын-ды.

Жасауы мол үлкен үйде — бектер, жоғары мансаптағылар, атақты ақындар, Фират, Ирак, Эзербайжан ғалымдары. Адам көп болғандықтан жалпыға ортақ бірыңғай әңгіме айтылмай, әркім өзіне таяу отырған адаммен әңгімелесуде. Төрде отырған бектер басы Мұзаффар Барлас пен Мұхаммед Бурундық Барлас және Жаһангер Барлас соғыс және аишилық туралы қызу кенес күруда. Сұлтанмұрат Ирақ ғалымы мен арап тілінде жай әңгімелесіп отыр. Даудыраған кішкене кексе шал — астроном мен зор денелі Мұхаммед Саид балуан екеуі өте қызу кенеске беріліп, қыза сөйлеуде. Патшаның бұл қарт есепшісі бахыт пен сор, жақсылық пен жамандық, сәттілік пен сәтсіздің барлығының уақытын — сағатын жүлдыштарға қарап оңай айта қоятын. Егер Ұлығбек, Науай айтқандай өзінің зерттеуімен аспанды жерге түсіріп, жүртты жүлдыштардың қозғалысымен таныстырған болса, бұл шал шексіз аспанды онаң әрі алыстата түсіп, оны сыр передесіне ораған болар еді. Қедей бөз дамбалын қай сағатта пішіп, қай сағатта киоі керек. Патша алтын таққа қай күні, қай сағатта отыруы керек, сүйген қызына қай сағатта «ғашықтық хат» жазуы керек, дүшпанды өлтіру үшін қай сағатта у әзірлеу керек — шал бұлардың беріне жүлдыштардан жауап алып береді. Сарайда салтанатты істерді жүлдышты айткан кездे бастау ежелгі дәстүр болып қалған еді. Бүгінгі Науайдың әмірлік мөрін басатын күні мен сағатын да сол тағайындаған еді.

— Біздің ғылымымыз бойынша тәңрінің әрбір күні үшін бір жүлдыш патша, бір жүлдыш уәзір болып тағайындалады екен, — деді әлті жүлдышты әулие, — бүгін әлемге патша — күн, уәзір — ай. Байымына барсаңыз барлық игі істердің басталар күні осындаі күн. Әлішер Науайдың әмір мөрін басатын күні Зұhra жүлдышы күніне тағайындалды. Бұл кілең игі істердің сағаты. Зұhra

ра — шолпан жұлдызы бүгін жеті қабат аспанның үстінде. Оның бейнесі Әлішерге толық сәйкес. Шолпан жұлдызы мұзыка аспабына ойнаған, өнерлі, шебер сұлу кыздың бейнесі. Ол сұлулықтың, көркеменердің, шаттық пен табыстың — жаршысы.

Мұхаммед Саид күлімсіреп, шалды тағы сөзге салғысы келіп еді, ордадан Сұлтанның арнаулы нөкерлері келіп қалды. Олар әмірге әдайілеп істелген алтын օқалы киімдерді әкелді. Науай түйіншекті шешіп, аздал қысылып-қымтырынып өмір киімін киді. Достары шын жүрекпен қуанып, оны құттықтай бастады, тек барлас бектері, Мәждиддин және солардың саясында жүрген кейбір адамдар ғана көздеріндегі өшпенділік отын жасыруға тырысып, ресми түрде, жай құтты болсын айтумен тынды. Сарайдан келгендердің бірі шұмақталған қағазды басынан жоғары көтере үстап, сонынан іліп тәжім етіп Науаиға тапсырды. Бұл «Әбулғази Сұлтан Хұсаин Байқара — сөзіміз» деп басталған ресми жарлық еді. Жаңа әмір бұл салтанатты мәжлісте алғаш рет өз мөрін басуы тиіс еді. Жүрттың бәрі тым-тырыс, іштей қобалжулы. Баршаның көзі — түрлі пығылды андатқан көздер — басын төменірек иіп, ыңғайсызданып отырған Науаиға тігілулі. Бектердің, жоғары мансаптағылардың көздері әлде кімдер ишарат еткендей, бір кезде түйісіп қалып, бір бірінен шошынғандай дереу ажырасып кетті. Бір кездерде көрсеткен қызметі, істеген ерлігі үшін патшаның еркесі болып алған, кейде оған бойсұнғысы келмейтін, өркеуде, тәкаппар Мұзаффар Барластың да түсі сұрланып кетті. «Шынымен-ақ осы ақын өз мөрін барлық әмірлерден жоғары басар ма екен» — деген ой олардың бәрінде де бар екені пішіндерінен байқалып-ақ түр. Мәждиддин Науайдың көзі түскенде қыр көрсеткендей теріс бўрылды.

Әрбір әмір — бек өз мөрін мемлекет ісіндегі өз дәрежесіне қарай белгілі орынға басуы керек еді. Науай жарлыққа өз мөрін басысымен, отырғандардың бәрі көңілденіп, бастарын көтерді. Жүрт қобалжулы. Үн жок, жүрт бір-біріне қарасады. Науай өз мөрін жарлықтың ең төменгі жеріне басқан еді, оナン төмен мөр басар жер қалмаған¹. Ақынның кіші пейілділігін көрген бектер,

¹ Науайдың алғаш рет мөр басқан жері соныңан төберік орын болып қалған. Бұдан кейінгі әмірлер өз мөрін Науай басқан жерге басуды өздері үшін мәртебе деп білген.

райдан қайтып, бастарын төмен салып, ойға қалды.
Олар таңырқаулы көздерін қайда жасыруды білмеді

Ақындардан Маулана, Атаулла және атақты ғалым
Маулана Бұрханиддин бұл манызды оқыйға күрметіне
жазылған «тарихтарын» оқып берді. Олардан соң онда-
ған ақындар Науаига арнаған өлеңдерін көтеріңкі рух-
пен, серпіле оқыды. Бұл даңқты күні ақынды құттықтау
үшін оның достары, жақындары, қарапайым халық өкіл-
дері ағылшып келіп жатты. Қуанышты, қызу жыйыннан
кейін жұрт тарасты.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

I

Жұма намазынан кейін «Гауһаршадбекім» медресесі
қайнап тұрған қазаңға су құйғандай тына қалды. Мед-
реседегілердің көвшілігі қыдырып қайту үшін қалаға,
немесе достарынікіне кеткен еді. Сұлтанмұрат хұжреде
жалғыз отыр. Ол бұл күнде Хорасанның атақты ғалым-
дарымен жиі кездесетін, ғылыми таластарға көп қаты-
насатын болған. Өзінің қабілеттілігімен, білімінің терең-
дігімен ол күннен күнге жүртқа танылуда. Науаимен
жиі кездесіп тұрады. Бірқатар «жас талаптар» лек-
ция окуды жалбарынып сұрасадағы, ол оған әлі қі-
ріскен жоқ-ты. Сұлтанмұрат мудэрристік қызметін ар-
ман етсе де, Фиратта ғалымдар көп болғандықтан, олар-
дың арасында талас, құндыстік құшті болған соң, ол ар-
манын жүзеге асыруға асықпайтын, отыз-қырық жылдан
үстаздық етіп, атағын шығарған және өзінің де үстазы
болған қарттармен таласқысы келмейтін. Фираттың бар-
ша жарлы оқушыларына қамқорлық жасаған Науа
оған ерекше көніл бөліп, көмек көрсеткендіктен, Сұлтан-
мұрат қазір мұқтаждықтан мұлдем құтылған еді.

Бүгінгі жым-жырт медреседе, кішкене хұжреде ол
кітті хасірет шегулі. Қайғысы кеудесіне сыяр емес.
Оның жанын жеп, сүйегін сырқыратқан Ділдардың дер-
ті еді. Бір кеште, бір рет қана көзіне түсken сұлу қыз-
дың көркі көз алдына үнемі елестеп, ғашықтығы күннен
күнге арта түсіп, дерт болып жабысып, журегін от бол
өртеуде еді. Сұлтанмұрат ол қыздың колға қайтып түс-
песіне сенеді. Бірақ оның көнілі ақылның айтқанына
құлақ асар емес. Ғашықтың дерті мазалап қоймайды.
Бәрін ұмыту үшін ол өз хұжресінде отырып күні-түні

бірдей кітап оқыйды. Бірақ ондаған қітапты өқып тауысқан соң, тағы да еріксіз ғашықтық билеп, хасіретті ойға шомады.

Ол бүгін де өзге ойдан арылу үшін таңтеренен бастап кітаппен шұғылданды. Женіл ғазалдардан бастап, бас катыргандай қыйын мәселелер жайындағы шығармаларға дейін оқыды. Бірақ біраздан кейін бәрін қойып, кенет қолына қалам, қағаз алыш Ділдарға хат жаза бастады. Хасіретті сөздер ағыла шығып, қағаздан қағазға ауысты. Қыстақтың қарапайым қызына жазылған «махаббатнаманы» ондаған ақындардың ғашықтық жөніндегі көркем бейіттерімен, терең мағнналы рубайлармен, нақыл сөздермен безеді. Қөзілі біраз серпілгендей болды. Қөзінен ыстық жасы тамшылады: «бұл жазудан не пайдა? Бұл сөздер оған сірә барып жетпес! Әкім гүлді мыжкылады, сонан соң қошеметкой қызметкерлерінің бірінің, немесе дөрекі нәкерлерінің біреуінің қойнына лақтырып жіберді!» Бір десте қағазды — әрбір нұктесінде жүректің жалыны үшқындаған хатты текшеге тастай салды да, төсегіне сылық түсіп жата кетті.

Есіктен әндептіп Зәйніддин кіріп келді. Ішіп алғандықтан көзін сүзіп қарайды.

— Ассалаумәлейкум, хазрети ғалым!

— Кел, жан досым, — деді көнілденіп басын көтеріп Сұлтанмұрат.

Зәйніддин досына қадала қарап, қарсы алдына, жаюлы тулақ үстіне келіп отырды. Ол бір аптадан бері күн сайын ақындармен, каллиграфтармен, Хорасанның және басқа көрнекті адамдарымен мәжлістерінде болып, бүгін өз ашыналарынан хабар алу үшін жол жөнекей медресеге кірген еді. Ол соңғы кезде лекция тыңдауға сирек катысып, каллиграфия өнеріне жетіле түсуге тырысатын, музыкамен көбірек шұғылданатын. Бірақ Фиратта сұлу жазылған кітаптарды қадірлеушілер көп болғанмен, сұлу жаза билетіндер де аз емес еді. Сондықтан Зәйніддин бұл өнерді айтарлықтай менгере бастағанмен, бишідей ширак, құстай женіл, бір қалың диуанды бірнеше күнде әрі қатасыз, әрі көркем жазумен көшіріп үлгіретін шебер, шыдамды хатшылар арасында абырой алу, ақша табу оған қыйын еді. Ол кейір таныс ақындардың өлеңдерін аударып жазып беріп жүрді, кейде кітап сатушылардың тапсыруымен түрлі жыйнақтардан терме өлеңдерді көшіретін.

— Сырхаттаным қалғанбысының? — деп сүрады Зәйниддин, досынан.

— Жоқ, тек жалғыздық жаныма батып жур, — деді еріксіз күлімсіреп Сұлтанмұрат.

— Досым, сенің көкргегінде бір ауыр дерт бар сыйкты, — деді Зәйниддин күйініп, — мұны көтен бері-ақ байқап журмін. Өзі айттар деп сұрамай жүруші едім. Бүгін ішіндегі от жалыны сыртыңа шыққан тәрізді. Жасыруың бекер.

Сұлтанмұрат көзін жартылай жұмып, жай күрсінді. Сырын ашуға батылы бармады. Зәйниддин достырын араға салып, қыстап қоймаған соң ол, кеудесін біраз көтеріп, текшедегі әлгі хатты алып, досына үстітты.

— Төзе алмаған дертімнің қысқаша және суреңсіз жазылған баяны осы, — деді ол басын төмен салып.

Зәйниддин сегіз парап қағазға жазылған хатты дең қойып оқый бастады. Қолы аздағ қалтырап, жүзін қайғы басты. Хатты оқып болып, досының бетіне аянышпен қарады. Досын мұң басулы еді.

— Бұл неткен онбағандық! — деді күйініп Зәйниддин.

— Бұл дертінді, бұл арманыңды ол кезде маған неге айтпадын?

— Тағдірдің темір саусағын жағамнан ажырата алар-ма едің? — деді Сұлтанмұрат, біраз үндемей отырғаннан кейін.

— Мүмкіндік бар еді, — деді Зәйниддин батыл сөйлеп, — менің ол дала сұлуының мойнындағы зұлымдықтың тұзағын үзерлік каунарым бар еді. Ол малғұнның тағдірі қолымда еді, айтқанымды істете алатын едім.

— Не шара! — деді Сұлтанмұрат, мұнды пішінмен.

— Махаббатымның ғұлінің тамыры хасірет балшығына батқан екен. Бұл қайғы менің бүкіл өміріме жетерлік.

— Бұл хат ғашықтардың хасиетті кітапшасы болыпты, — деді Зәйниддин қағаздарға тігіліп, — мұны енді жібермекпісін?

— Лажы жоқ және пайдасыз, — деп жауап берді Сұлтанмұрат.

Бұл пікірді Зәйниддин басын изеп қостады. Екі дос үзақ уақыт үндемей отырысты. Ақырында Сұлтанмұрат Фират оқыйғалары туралы әңгіме айтуды өтінді. Бұқара арасындағы болсын, жоғарғы ақсүйектер арасындағы болсын жаңалықты, қызықты оқыйғаларды Зәйниддиннің құлағы тез шалатын. Бұл оқыйғаларды ол асқав

шеберлікпен айтатын. Сұлтанмұратты көбінесе ғалымдар мен ақындар өміріндегі жаңалықтар қызықтыратының білсе де Зәйниддин оны жұбату үшін, бұл жолы халық арасындағы ұсақ қызықты оқыйғаларды айтуды үй-ғарды.

— Дүние жүзінде Фираттай қала жоқ деуі жүрттың бекер емес, — деді Зәйниддин кулана сөйлеп. — Бір әпта ішінде болған оқыйғалардың өзін тугел баяндауға бүкіл өмірім жетпейді. Жұырда Бадуиззаман мырза өз сарайында бір үлкен жыйын жасап, мәжіліс күрыпты. Мұндай мәжілісті дүние жаратылғалы бері, батыста да, шығыста да ешбір шахзада жасаған емес, деседі. Онда музыканттардан үстаз Күлмұхаммед Уди, Шайх Най болыпты. Шайх Най бір әнді сондай шебер орындалты. Үстаз Күлмұхаммед бұл әнді ғиджакпен салмақ болған екен, ырағын келтіре алмапты. Күлмұхаммед ғиджак бұзылып қалыпты депті. Сол-ақ екен, Шайх Най ғиджакты оның қолынан ала салып, әлгі әнді тартқан екен, келістіріп тартқаны сонша, мәжілістегілер өте риза болып, құттықтап айқай салыпты.

— Шайх Най тартқанда адам түгіл көктегі жүлдyz балқып, ағып жерге түседі, — деді Сұлтанмұрат, — ал Күлмұхаммедтің де өнері мол. Мұзыкада жаңалық тапқан адам. Ғиджакқа үш ішек таққан сол емей кім? Нашаудың қамқорлығы, музыканы жақсы білетіндігі арқасында олар әлі талай ғажайыптар көрсетеді...

— Бұған таласуға болмайды, — деді Зәйниддин.

— Айтшы тағы әнгіменді, сениң әнгімелерің қоңыр желдей жағымды, көңіл күйін тербетеді.

— Мырза Пірімді танушы ма едің? — деді Зәйниддин.

— Қеремет келісті жігіт деседі, бірақ көрген емеспін, деді Сұлтанмұрат.

— Қөрікті жігіт екені өз алдына, оның одан басқа да қасиеттері толып жатыр. Канун¹ тартқанда оған ешкім тең келмейді. Мырза Пірімнің әнгімешілдігі, сөзшендігі сонша, оның әнгімесін тындаған адам — басқаның сөзіне күлақ аспайды ғой. Бері қара, міне сол жігітті марқұм Эбусаид мырзаның жесір әйелдерінің бірі Рухиябегім өзіне қызметке алған екен. Рухиябегім аузында тіс, басында қара қыл қалмаған кемпір... Солай бола тұрса да сауықшыл-ақ мейман, музыка әлемінде өмір сүреді,

¹ Музыка аспабы.

өлең де айтады. Сол Рухиябегім мырза Пірімге ғашық болып, есі кетіпті. Элем-жәлем киініп, мұздан от шығармақ болып әлектеніпті. Сүлу, тәкаппар және намысқой мырза Пірім сол қылымсыған кемпірден ат тонын ала қашыпты. Кемпірдің колына түслеу үшін Фираттан кетіп қалыпты. Балх, Астрабад, Нишапур жакта жасырынып жүріпті. Ашуланған Рухиябегім әдейі кісі жіберіп, сорлы жігітті еріксіз Фиратқа айдатып алдырыпты. Сөйтіп менін үш жұз мың ақшамды құртқан деп, оған жала жауыпты. Өсекке танылған жігіттің халі мүшкіл көрінеді. Мұның ақыры немен тынарын кім білсін.

— Астағұфуралла! — деді, Сұлтанмұрат жағасын үстап.

Зәйниддин бір ақынның Рухиябегім туралы шығарған өлеңін оқып берді. Өлеңнің үят сөздермен Рухиябегімнің сыптына сай жазылғандығы сонша, Сұлтанмұрат еріксіз құліп жіберді. Зәйниддин құлкімен суланған көзін орамалмен сұртіп болып, терезеден тыска қарады. Бұлтты күн болғандықтан уақытты байқай алмай, Сұлтанмұраттан сұрады.

— Мен сені бүгін менімен бірге болатын шығар деп едім, — деді Сұлтанмұрат ренішпен. — Сөйле, тағы не әңгіме бар? — деді де Сұлтанмұрат досын қолынан үстап қайта отырғызыды.

— Жарайды, тағы біраз отырайын. Бірақ соңыра менімен лесіп жүресін.

Сұлтанмұрат көрерміз дегендей ішарат білдірді.

Сұлтанмұраттың қыстауымен Зәйниддин тағы бірсындыра әңгімелер айтып, ақырында орнынан тұрды.

— Тез бол, тәуір киімінді ки, сәлденді ора.

— Қайда барамыз? — деді, Сұлтанмұрат тұра койғысы келмей.

— Қекірегінді кернеген қайғы — шерден арылғың келсе менімен бірге баrasың.

— Айқай-сүрәнді жыйынға әуестігім жок. Сен біраз көңілімді көтердің, осының өзі жетеді.

— Сенің тұтқындағы сұлуың енді басқалардың жүреғін тұтқынға салуда. Тағдірге көн, үмыт оны — деді Зәйниддин. — Мен сен! Фираттың сұлуларымен таныстырайын. Он гүлді иіскең, таңдал бірін үзіп ал.

— Оны үмыту мүмкін емес! — деді Сұлтанмұрат мұңайып. — Ділдар — сұлулық аспанаңдағы күн.

— Ол күнді бүгінде бўлт каптаған! —

Сұлтандардың тағы да мүң басты. Зәйніддин сәған ешбір сөз көр қылмайтындығын біліп, оны тұргызыбақ болып қолынан тартты.

— Фираттың сауықшылдығынан сен әлі хабарсызсың, — деді ол күйініп, — қарттардың айтудына қарағанда, біздің заманымыздың Фираттың Әмірі Әмір Темір мен Ұлыгбек дәүріндегі Самарқандың Әміріне үксайды... Жүр, мен сени бәтшелер серуеніне емес, бір ғажайып мәжліске өртіп барайын — шатраш шеберлерімен таныстырайын.

Сұлтандар орнынан тұрып жуырда бір қызметші арқылы Науайдың беріп жіберген қымбат бағалы шайы шапанын киді, қабырғада қазыққа ілулі тұрган сәлдесін алыш, басына орап жатып:

— Бір кездерде Самарқанда Шайхұлислам¹ өзінің дұман сауығына сұлу әйел музықанттарды шақырып, шарап ішіп, шатраш ойнайды екен. Мен Самарқанда оқып жүргенімде бұл жөнінде таңғажайып оқыйгалар есіттім.

Медресе жаңындағы аланда бір топ халық Фираттың атақты диуана дәрүші шамризді қоршап алышты. Шашы өсіп желкесіне түсін өткір көзді, шұғыл қыймылды диуананың атағы жоғары еді. Оны жүрттың бірқатары кереметті адам, әулие деп хұрметтесе, енді бірқатары ажда-әзілдері үшін, күлдіргі сөздері, мағнапы мәтелдері үшін сүйеттін. Диуана көркем ғазалдар жырлап, өзінше жаңа пікірлер айттып, ауық-ауық өткір әзіл сөздерге, күлкі-сыққаққа көшіп, кейде тпті әдепсіз сөздерді ашық айттып жүртты күлдіруде. Сұлтандар пен Зәйніддин диуана маңындағы халықтың сырт жағында біраз уақыт қарап тұрды да, жайына кетті. Олар «Хазаргахтың» үлкен жолына, балық көліне баратын жолға түсті. Жолдың екі жағалауы бір-біріне үштасып жатқан көп бақша, жеміс ағаштары, гүл аландары. Осылардың арасында жапырагы жайқалған жасыл ағаштар ішінде, екі қабат, байлар мен бектердің зәулім сәулетті үйлер, бұқараның балшықтан сокқан аласа үйсімактары көрінеді. Жолда қатынаушылар көп еді. Шарапханаларда айқай-шу, өзбек, фарсы өлеңдері жаңғырады.

Біраз жол жүргеннен кейін Зәйніддин сол жаққа бұрылды. Екеуді аласа үйлерді аралай созылған тар көшемен жүріп келіп, көшениң түкпіріндегі арба сыйғандай-

¹ Хандар заманында бұкіл дін істерін басқаратын адам.

ұлжен қақпаға келіп кірді. Қыс күнінде де жаздағыдан көркем арша ағаштары өскен бақ ішіне келді. Жаңа салынған аласағана, сырты әшекейлі кірпіш үйге келгендегі, дәулетті адамдарша әдемі киінген жас жігіт шығып, оларды хұрметтеп қарсы алды. Бұл — қаланың бір дәулетті адамының баласы еді. Фират базарындағы дүкендердің көбіне иелік еткен әкесі бір кездерде, шахзадалардың бірін қонаққа шақырып, дастарханға неше алуан халуалардың мың табағын қойып таңдандырып, сонаң атағы шыққан екен. Бай баласы кейбір жыйындарда кездесіп, әңгімесі ұнаған Зәйниддинмен салқынғана амандасты. Бай баласының тәккаббарлығы ўстап, Сұлтанмұратты елеусіз қалдырып жүреме деп, қауіптенді де, Зәйниддин жалма-жан жолдасымен таныстырып, оның ғалімдігін дәріптей бастады. Сұлтанмұрат бай баласымен салқын амандасып, өзінен-өзі қызырып, Зәйниддиннің мактауын әзілге айналдыра бастады. Бай ұлы жылы шырай берп, күлімсіреп екеуін үйге қарай бастады.

Қытай сауыттары, Иран, Үндістан жібектері және басқа неше алуан мұліктірмен безелген бөлмеде адам көп екен. Бұлардың ішінде Фираттың әлі танылмаған жас ақындары, жібек кейлек, оқалы шапан киген бекзадалар, дәулетті адамдардың балалары — жас жігіттер, шатраш ойынының шеберлері және бір топ әуескілар бар еді. Бірсесе патшаның жаңадан салдырып жатқан сарайы жөнінде, бірсесе Науайдың жаңа ғазалы, сған Хожа Абдулла Мәруаридің жазған музыкасы жөнінде, бірсесе Ислім барластың шатраш ойнап жатқан көздегі қылықтары туралы әңгіме қозғалды. Ақырында асыға күткен уақыт болды. Ортаға ұлжен шаршы орамал жаһылды. Оның үстінен шатраш таҳтасы және сылдырмасы бар кепшік пен кішкене қанжар қойылды. Атакты ойыншылар Маулана Хожа мен Әмир Халил жайғасып отырып, піл тісінен істелген шатраш тастаның қоя бастады. Олардың екеуі де өздерінің орта жасқа келіп қалғандығына қарамастан, жас еспірім жігіттерше жарқырап киінген еді. Жүрт ойыншыларға тігілді. Сұлтанмұрат Зәйниддинді тізесінен тұртп, дастархан үстіндегі қанжарға қарады.

— Ойын кезінде ойыншыларға бірдеңе деп журме! Арасында болмайды, — деді Зәйниддин оның құлағына сыйырлап.

Сұлтанмұрат бұрынғыдан да таңырқана түсті.

— Олар үйретпек, кеңес бермек болғандарға қарсы қанжар ала жүгірмегенмен, қатты ренжіп қалады — деді Зәйніддин сыйырлап.

— Ал мынау сылдырмакты кепшігі не? Түсіндірсөнші, — деді Сұлтанмұрат тағы түрткілеп.

— Сабыр ет досым, көрерсін әлі-ақ!

Ойын алғашқыда онша қызық болмаса да, шебер ойыншылар ойнап жатқандықтан жүрттың бәрінін көзі шатраш тахтасында болды. Бірақ ойын лезде қызып кетті. Эмир Халил шабуыл жасай бастады. Қызығына қарап тұргандар сабырсызданып, қобалжып, көз жана-ры жайнап кетті. Бір кездे өз дүшпанын қыйын жағдайда калдырып, састыра бастады. Ол сонысына масат-танаңып жан-жағына қарап та қойды, бірден дауысын қаттырақ шығарып, шатраш туралы өлең айтты.

Караушы жүрттың ынтасы арта түсті. Екі қасының бртасына түйін пайда болып, қатты ойланған Маулана Хожа ауыр жағдайдан шығар жолды таба білді. Барықыласымен ойынның барысын бақылап тұрған Сұлтанмұрат досына бір қарап, ойын тапканына таң қалғандығын білдірді. Маулана Хожа ойынның ендігі жағдайына саі келетін бір өлеңді айтты. Бұл өлең төңген қауіп-катерден күтылу жайында еді. Мұны бірінші рет есіткендер жаттап алуға тырысты. Эмир Халил қабағын түйіп, өз жүрісін ойлаған кезде Маулана Хожа орнынан ырғып тұрып, кепшік салып, үлкен үйдің ішін жаңғыртып жіберді. Отырғандар шегініп, органы кеңейтті. Маулана Хожа өзі кепшік қағып, өзі билеп кетіп еді, оның биіне риза болған жүрт қол соғып, кошемет көрсетті. Хожа әлде қандай бұрандалап, майысып, ешкім кайталай алмайтын бір пішін көрсетіп, орнына отырды. Ойын шиеленісе түсті. Әрбір тас жүрілген сайын оны өлеңге косып, жырлаумен болды. Екеуді тек шатрашқа ойнампаздығын көрсетіп кана коймай, сонымен қатар өлең, жырды көп білетіндігін және оларды ойын үстінде орнымен айта білетіндігін де көрсетуге тырысады. Қызық қөрушілердің де көпшілігі ойыннан көрі өлең тыңдауға көбірек көніл бөле бастады. М не енді Эмир Халилдің жағдайы жақсарып еді, сол-ақ екен ол кепшікті алып қағып-қағып жіберді де, тағы әндettі. Денесін неше түрлі қыймылдатып даусын құбылтканына отырғандар күле-куле шаршады. Ақырында екі ойыншы

төң шыкты. Ойыншылар бір-бірін хұрметтеп, қол алысты. Отырғандар екеуін қызу күттүктады.

Тамактан кейін жүрт біртелеп тарай бастады. Сұлтанмұрат та орнынан тұрып, үй иесімен кейбір достарының жанында қалмақ болған Зәйниддинмен қоштасып қайтып кетті.

Қас қарайған кезде Сұлтанмұрат медресе қақпасы алдында отыр еді, оның жанына бір жұпның киңген, қыстақ жігіті келді. Бұл Арысланқұл еді.

— Таксыр, Туғанбек дегенді таныйсыз ба? — деп сұрады, именіп жай дауыспен Арысланқұл.

Сұлтанмұрат «таныймын» деді де, сез ктенгендей: «Менің оны таныйтындығымды қайдан білдіңіз?» деді.

— Оның осы медреседе таныстары болушы еді, деп маған біреулер айтқан еді. Ол қазір қайда?

— Неғыласыз? Туғанбекте не жұмысының бар еді? — деп сұрады Сұлтанмұраг себебін білуге ынтығып.

— Э, таксыр, ол ўзақ әңгіме...

Сұлтанмұрат бұл оқығаны толық білуге құмартасты. «Узақ әңгімені» тындауға уақыты жетерлік еді оның. Жігітті өз хұжрасіне ертіп келді. Текшеде жатқан шакпақ тасты алып, әрен дегендे тұтатып шам жақты. Біресе оған, біресе қалың кітаптарға қараған Арысланқұлға:

— Құлағым сізде, айта берініз, — деді күліп, Сұлтанмұрат.

Арысланқұл әуелі өзінің кім екенін, қай қыстактан келгендейгін баяндап, соナン соң бірден Ділдардың есімін атады. Ссл-ак екен, Сұлтанмұраг өңі сұрланып кетті. Арысланқұл жерге қарап сөйлегендіктен, баланың жүзіндегі бұл өзгерісті ол аңғарған жоқ. Арысланқұл мырза Жәдігер дәурен сүрп тұрған кезде, бір күні кешке белгісіз бір адамдар қыстакқа келіп, сүйген жарын алып қашқандығын баяндағанда, Сұлтанмұрат оның қөкірегі карс айрыла, қасретпен сөйлегенін байқады. Мұнан кейін Арысланқұл Ділдарды Туғанбек алып қашқандығын есітіп, іздең Фиратқа келгендейгін, бұл жерден таба алмай біреулердің айтуымен Астрabadқа барғанын, онан Балх шәһәріне өткенін, жолшыбай көрген машақаттарын айтып, үйлеп басын бір-ак көтерді.

— Таксыр, сырқатыңыз бар ма еді? — деп сұрады Сұлтанмұратка тігіліп.

Сұлтанмұрат бұл сұрауға не дерін білмей сасып қалды. Төмен қарады. Шын сырын бүркеуге тырысты.

— Дұрыс айтасыз, сырқатпын, дей салды.

— Сіз Туғанбектің қай жерде екенін білмейтін көрінесіз фой, — деді Арысланқұл бірқатар үндемей отырғаннан кейін, кетуге ыңғайланып, орнынан тұрып жатып.

— Отырыңыз, отырыңыз. Ал енді Туғанбекті қайтпек шісіз?

— Мен ол итті қалай да іздел тауым, қыздың өлі, тірісін, қайда екенін, білмекпін. Кім біледі, әлде өзге елге сатып жіберді ме — білуім керек. Қылған жамандығы үшін ол менен жақсылық көрмес, әрине.

— Туғанбек бірнеше ай бойы зым-зыя жок болып кеткен еді, — деді Сұлтанмұрат өзін-өзі берік үстауға тырысып. — Қайтып келген көрінеді, қазір осы қалада. Ол өкімет адамдарымен үлкен ашына. Білмеймін... Онаң өш ала алар ма екенсін... Бірақ сүйген қызың оның қолында емес.

— Жаксы білесіз бе? — деп сұрады Арысланқұл көзіне жасы келіп.

— Білемін.

— Қыздың халі не болғанынан хабарыңыз бар ма?

Сұлтанмұрат басы қақсан бара жатқандай, колымен шекесін үстап, катты қысты. Біраз уақыт үндемей отырып, ойда қалды. Ақырында не де болса шын оқыйғаны айтуға үйғарды.

— Қыз патшаға тарту етілген, — деді, іштей күрсініп. Арысланқұлдың түсі қашып, көзі шатынап кетті.

— Е, сорлы басым, — деді ол бойы тітіреп, даусын каттырақ шығарып. — Ділдарды маған енді көру жоқ шығар... Білемін, есіткенмін, сұлу қыздарды сыйға тартып, патшадан үлкен қызмет алғын көрінеді фой түге! Жарайды, кезеңі келгенде Туғанбекпен есептесе жатармыз.

Сұлтанмұрат оның қайғысына ортақ бола сөйлеп, көнілін жұбатпақ болды. Зұлымдыққа қарғыс айтты.

Арысланқұл кетпек болып, орнынан тұрды. Сұлтанмұрат оны есіктің алдына дейін шығарып салып:

— Міне енді таныстық, келіп тұр, — деді.

Арысланқұл ризалық білдіріп, сыртқа шықты да жоқ болды. Сұлтанмұрат шам жанында отырып, әлденеше ойға шомып, басы айланып, көзі қорауытты. «Бұл жат жігіт қайдан келе қалды? Мен оған қайдан кез болдым? Менің Ділдарымды ол неге сүйеді?» қазіргі оқыйға оған әлде қандай көрген түс сыйқты болды.

Көрші хұжренің адамы келіп кіргенде, бірден жарата қоймай, қадала қарап қалды. Ол кіші песінде Науайдан адам келіп, шақырып кеткендігін, айтуды үмытып кете жаздағанын, тезірек бару керектігін айтты да, кайта шығып кетті. Сұлтанмұрат сырқаттанып отырғандықтан барғысы келмей, екі ойлы болып қалды. Бірақ Науайдың өтінішін елеусіз қалдыруды айып және әдепсіздік деп санап және онымен кеңесіп қам көнілін жұбатып қайтуды көздең, хұжреден шықты да, қараңғыда жердің ластығына қарамай, жедел жүріп кетті.

Ол ақынның әдетте кеңес құрып отыратын бөлмесіне келіп құрді. Бұл әңгіменің нағыз қызыған кезі еді: Сұлтанмұрат кешіккені үшін кешірім сұрап, үйдегілермен түгел амандасты. Науай оған өз жанынан орын берді. Сөйтіп дәм татуға өтініш етті. Дастархан үсті неше алуан тамақтарға, алма, анар, нәк тағы басқа жемістерге толы. Мәжілісте бүкіл Хорасанға және басқа мемлекеттерге даңқы шыққан бірнеше ұлы ғалымдар, Әлішермен көп уақыттардан бері бірге болып келе жатқан Шайхим Сухаили ақын, Хафиз Яри ақын, Хилали, дәруиши пейілді Хасан Ардашер және Науайдың қызметтінде жүрген кейбір сенімді қызметшілер бар еді.

Үйдің ішкі төбесіне салынған күн бейнелі нақыш, қабырғаларындағы неше алуан әшекейлер — үлкен шамдалда қос-қосымен жанған май шамдардың жарқыраған сәулесі, поэзия немесе музыка сыйқты, көнілді көтере түскендей.

Мәжіліске қатысушылардың басым көвшілігі үш тілде — өзбекше, фарсыша, арапша — қайсысының реті келсе сонысымен, — емін-еркін сөйлесуде. Ғалымдардың көвшілігі өздері көп зерттеп атақ алған ғылымдарынан басқа да бірнеше ғылымды жақсы білетін еді. Олардың арасында ғылым мен көркемөнерді ўштастыра білген — жақсы бишілер, композиторлар, суретшілер де жоқ емес-ті.

Науай ежелгі әдет мен мимандардан төмен отыр. Сабырлы, байсалды, кіші пейіл болса да, ұлық бейнелі. Бүкіл ғалымдар оның қай ғылымды болса да көп білетіндігін мойындаған, оны дәріптесе де Науай білгірсінбейтін, өз кемшіліктегін айтуда тырысатын, басқалардың сөзін көбірек тындауға көніл бөлетьтін.

Бірер мәселе жөн иде біреулер хatalасса ол оны кінәламайтын, «меніңше бұл былай сыйқты» деп оның қатасын түзетуге кірісетін.

Әңгіме неше алуан мәселелер жөнінде, әртүрлі мазмұнда болды. Сократтың философиясы, оның әділеттігі, Аристотельдің шығармаларынан бастап Ибн Синаның дәрігерлік ғылымға көзқарасы, Ұлығбектің астрономиялық зерттеулері және басқа мәселелер жөнінде талқылау, пікір алысулар болды.

Сұлтанмұрат бұл мәжлістер жөнінде өз достарына былай деп жүрді: «Философия мен логикадан бастап, түс көру, бал ашуға дейін кандай мәселе жөнінде болса да пайдалы таластар болатын».

Есіктен жаңа конактар кіріп келді. Бұлар Шахабиддин мен ақын Бинаи еді. Шахабиддин Хорасан ғалымдары арасындағы ең бишарасы еді, бірақ мұлдем жарамсақ болатын. Ол ғылым дүниесіне өзінің сол жарамсақтығымен араласқан. Бинаи өте қабілетті ақын бірақ үзақ сөзге үйір, тілі ашы, өжет, өмірде адал-арамды ажыратпайтын адам еді.

Шахабиддин қызылды-жасылды шапаның желпілдетіп, төрге шықты. Клен шәкірттердің арасына келген мұғалімдей кердіш отырды. Аласа бойлы, кішкене болса да дембелше, мыкты кісі. Үнгіш көзі ойнақшыған, шоқша сақал, олпы-солпы киінген Бинаи, күлімсіреп жүртқа бір қарап қойды да, тәжім етіп сәлемдесіп, кез келген жерге отыра кетті... Науай басқалардай оны да хұрметтеп қарсы алды. Бинаи көпкө дейін сөзге құлак қоймай, дамылсыз тамақ жеуде болды. Шахабиддин болса қайта, дастарханға да карамады. Ол мәселенің түйінін ақырында өзі шешетін адамдай, маңғазданып, «шүрқ» етпестен сөз тыңдады. Бірақ мәжліс бір мәселені талқылаудан екінші мәселеге түсіп қыза түсті. Шахабиддин жұмған аузын ашқан жок.

Ақындар көркем әдебиет жөнінде сөз бастады. Біреу Лутфи ақынның көңілді, музыкалы ғазалдарының бірін айттып, оны мақтай бастады. Екінші біреуі Науайдың бүкіл Фират халқы жаттап алған бір ғазалың және сөль ғазалға жазылған музыканы мақтады. Шахабиддин бұл сөздерді тыңдаудан жалыққандай аузын керіп есінеді.

— Осы түрік поэзиясының болашағы не болар екен,— деді ол, ақ кіре бастаған көркем сақалын селкілдетіп күліп, — түрік тілінде жазылған поэзиядан өшбір мағна көре алмадым... Бұжыр тас пен Бадахшан кәуіарының екеуі екі басқа фой.

— Бірақ — деді ған дәруиш пейілді Хасан Арде-

шер.— Түрік тілінің тұлғасы, касиетті Лутфидің ғазалдарынан, көбінесе, Әлішер ғазалдарынан күндей жарқырап көзге түсті. Бұл жаңа саздың сыйхырлы үні фарсыларды таңдандырулы. Сөз мағнасын, күй әсерін үйгана білетіндер бұл шындыкты бекер дей алмайды.

— Фирдауси мен Низамидің тілі асылында поэзия үшін жаратылғандай. Бұлай екеніне тарих куа, бұған бүкіл әлем қол қояды. Бұған ешб р дәлелдің де қажеті жок, — деді кекрейіп Шахабиддин.

Бинаидің үнгіш көздері ойнакшып, нұрлана түсті. Ол келісс з олпы-солпы оралған сәлделі басын көтерді.

— Мәртебелі мырзалар,— деді ол әр сөзін салмакта, баптана сөйлеп,— қайсыныз болсаныз да «Шарсұдың» арғы жағындағы темірші үсталар көшесінен өткен боларсыздар, сол үсталардың соккан балғасының даусы күлакқа шеге қаққандай мазасыз тисе, түрік тілінде жазылған ғазалдар да күлакқа сондай жағымсыз.

Өзбек тілінің кас жауы болған Бинаи өзбек тілі және поэзиясы жөнінде сөз болғанда әрдайым осылай сөйлейтін болғаны үшін отырғандар бұған тек күлді де қойды. Жүрт онан мұнан да гөрі дөрекі, тапас сөздер күткендікген бұл сөзге онша мән бермеді. Бүкіл Хорасан мен Мауарауннаһрдың ғалымдары мен ақындары сияқты бұл жердегілердің де оннан тоғызы фарсышылдар еді. Олар үшін өзбек тілі поэзияға жат көрінетін. Фарсы тілінің көркемдігі туралы үйым олардың қанына әбден сіңіп қалған-ды. Науай ғазалдарын фарсының қандай үлы ақынының шығармасынан болса да жоғары санайтын, Науайдың сазынан өз ана тілінің күдретті, әсерлі үнін көнілге түйген Сұлтанмұрат та колына қалам алғанда еріксіз фарсы немесе арап тілін қолданатын.

Фиратка жуырда ғана келіп, Науайдың шығармала-рымен жақсы танысып болмаған ғалым Мадар Задаи мен Усман алақтап жүртка қарап, өзіне қолдаушы із-деген Бинаиге жиркене қарады да Науайдан:

— Әлішер мырза, сіз екі тілде де өлең жазасыз, өзіңізге көбірек үнайтыны Фанаи ма жок Науай ма?¹

— Шының айтқанда, бізге алдыменен өз ана тіліміз көбірек үнайды, өз тілімізді көбірек жаратамыз, демек маған «Науай» көп үнайды,— деді Науай.

¹ Науай өзбек тілінде жазған шығармаларын «Науай» деген атпен, ал фарсыша жазғандарын «Фанаи» деген атпен жазған.

— Неге олай? — деп Мадар Задаи.

— «Фанаи» көркем, Фанаи, — деп айқайлады, Бинаи, аузынан көбігі шашырап.

Науай Бинаиға тесіле бір қарап қойды да, сөзін баяндай берді:

— Біз фарсы тілінің күшін, әсерлігін, ол тілде жа-зыған шығармалардың көркемдігін, мәнділігін ешқашан кеміткен емеспіз. Қаршадай күнім зден фарсы тілінде жаздық. Алайда өз тіліміздің абзалдыры өзімізге ақыйқат. Біз бебек кезімізде-ак бұл тілді сүйгенбіз, сол сүйіспендердік өл-өлгенше жүргемізде сақталады. Қалаларды, қыстактарды, кен дала, биік тауларды жайлай-ған ел-жұртымыз, туыс-үрпағымыз бар, олардың өз ақылы, өз үғымы, өз тілегі бар. Біз халқымыздың мұддесін, тілеги еске алып, оның көңілі пікір гүлінө бөле-ну үшін оның өз ана тілінде жазуымыз тиіс. Біз халықтың жан-жүргегін тербенту үшін түрік тілімен үндеуіміз керек. Басқа елдер сыяқты біздің еліміз де өз тіліндегі сөздердің гүл бақшасына бөлесін. Фарсы тілі қанша айтқанмен бізге жат. Біз ата-бабаларымыздың, анала-рымыздың тіліне зейін қойсақ, оның фарсы тілінен ана-ғүрлым жоғары дәрежеде екені ақыйқат. Ерте заманда бұл тілді ешкім қадірлемепті. Тіліміз біздің әсерлі. Алайда дәл осы күнге дейін бұл шындыққа ешкім на-вар салмапты. Сондықтан тіліміздің аспан жұлдызынаң да кауңарлары бүркелуі қалыпты, тіпті үмытылуға да айналыпты. Еліміздің ақын жігіттері оңай жолды іздел, тек фарсы тілінде жырлап келді. Тілім зде нәзік мағна-лы, жүрекке жылы сөздер көп, фарсы тілінде ол табыла бермейді. Фарсышылар қаншама лепіріп мақтанса да біздің тіліміздің көркемдігі, байлығы алдында олар әлі-ак бас иетін болады.

Науай бойын кернеген хасірет-шерін актара және екі-лене сөйледі. Ол сөзін бітіргеннен кейін де көп адамдар сөздің жалғасын күткендей, онан көз айырмай, мелшип үндең отырды. Фарсышылардың тілі кесілді. Тіл мен жағына сүйенген Бинаи да тілін үшінде түрған сықақ сөзді айтуға бата алмады. Фарсышылар бала кезінен фарсы тілін жақсы біліп, ол тілде тамаша ғазалдар жазған Науайдың алдында фарсы тілін қөркемдігін дәріптей алар ма!

Дәруиш пейілді, жұмсақ мінез, ақ көңіл Хасан Арда-шер Науайдың пікірін қуаттады. Онан соң Сүлтанмұрат

өзбек тіліндегі өлеңдердің түр, мағна, әсерлігі тағы басқа хасиеттері жағынан фарсының ўлы ақындары шығармаларынан кем түспейтінін айтып, бірнеше дәлел көлтірді.

— Фарсы поэзиясының атақты шебері Жами ақынға да өзбек поэзиясы қатты әсер еткен. Ол біздің тілімізге айрықша көңіл бөледі, оны өте қадірлейді.

Егесті тоқтатып, мәжілістің рухын көтеру үшін Науай шеберлікпен әңгіменің бетін басқа жакқа бұрып жіберді.

Ол бір жалған календар туралы өте мазмұнды, қызықты әңгіме айтып берді. Науай сансыз көп әңгімелерді білетін. Құнделікті өмір оқыйғаларынан күлкі, сықақ, өнегелі әңгіме құрастыра беретін және оны қызықты, тартымды етіп айта біletіn. Оның әңгімесін кім болса да зор ықыласпен тыңдайтын.

Мұдаррис Фасихиддин сопылардың өмірінен бір қызық әңгіме айтты. Дәрігер ғалым болғандыктан ол Ибни-Сина жөніндегі ертегіні еске түсірді. Сұлтанмұрат Іскендер Зұлқарнаин туралы аңызды айтты. Бұл Науайға өте үнады. Бірінен-бірі қызық, бірінен-бірі асып түсетін әңгіме, аңыздар кезекпен айтылып жатты. Әзілге әзіл, күлкіге күлкі үласты.

Тұн ортасы кезінде, жүрт үйді-үйіне тарай бастағанда Науай Сұлтанмұратты тоқтатып:

— Медреселердің бірінде сабак беретін болсаныз қайтеді? — Мен сізге осыны айтайын деп едім.

Сұлтанмұрат не дерін білемей қалды.

— Оған әлі ертерек болар,— деді ол сеніңкіремей.

— Фираттың талантты жастары сізден тәлім алуға ынтық.

— Сіз лайық көрсөніз, менің ешбір қарсылырым жок, — деді Сұлтанмұрат.

— Мұныңыз өте жақсы шешім, — деді қуанып Науай. — Екі-үш күн ішінде сізді оқытушы етіп тағайындаимыз. Сізге айтарым сол, — қызметіңзеге шын ықыласпен кіріскейсіз, шәкірттеріңіздің ғылымға деген ынтасын арттырғайсыз. Мал-дәүлетке біліміңізді сатпаныз. Адал ниетті арлы болыңыз. Гүлдің киімі қырық жамау болса да, ол гүл! Білім ңізді халыққа беріңіз. Толғану, зерттеу арқылы біліміңізді үлғайтуға тырысыңыз. Білім көмулі қазна емес, өсетін ағаш, оның өсуі, гүлдеуі, жеміс беруі керек.

— Мен өзім де дәл сол үшін ғана өмір сүріп жүрген жанмың,— деді Сұлтанмұрат.

— Кош бол, жолықканша!

Сұлтанмұрат Науайдың сөзімен қанаттанып, медресеге қарай құстай ўшты.

II

Науай танертеңгі намаздан кейін кейбір жақын адамдарымен бірге отырып тамақтанды. Қызметшілерін қабылдап, оларға тапсырмалар берді де Науай «Бақ зағанға» жөнелді. «Бағ заған» бұлт арасынан сығырайған күннің салқын нұры түскен гүл алаңдарымен, үлкен хауыздарының бетіндегі айнадай жылтыр, қабыршақ мұздарымен еріксіз көз тартады. Науай «Қырық бағанды» сарайға кел п, есік алдында түрған, оқалы шапанды қызметшіге патша алдына кіргісі келетіндігін білдірді. «Есік ағасы» лезде көзден ғайып болып, аз күттіріп кайта шықты да, ауызғы үлкен бөлмедегі алтындаған есіктердің біріне қарай сілтеді. Науай қабырғалағын гүлді қызыл шуберекпен каптаған шағындау бөлмеге кіріп, қат-қабат мамық төсек үстінде, сусар ішік жамылып отырган Хұсаин Байқараға ресми тәжим етті, отырды. Ол бірнеше күннен бері патшамен кездеспегендіктен, осы уақыт ішіндегі мемлекет істері жайында тоғыз мәлімет берді. Хусаин Байқара Ирактағы саяси жағдай туралы айтты. Науай ол өлкеге сенімді адамдарды жіберіп, солар арқылы әндағы барлық хал-жайды тоғыз біліп отыру хажеттігін баяндады. Бұл үсыныс Хұсаин Байқараға ўнап қалды. Соңан кейін екеуі жуырда қаза тапқан Фират қазысының орнына кімді тағдайыдану керектігін көнесті. Науай бұл қызметтің халық ісінде мәні зор екенін билетін. Сол үшін ол бұл қызметке лайық деген, шаригатты жаксы білетін және халық арасында жаксылығымен аты шыққан бірнеше беделді ғалымдардың аттарын атады.

— Бұл өзі әділ қызмет, — деді күліп Науай, — бұл қызметке қойылған адам акты қара демейтін, пара же мейтін, егер қылмыс істесе өз ұлын да заңға лайық жазалайтын болсын.

Хұсаин Байқара аталған адамдардың ешқайсысын сұрастырган жок. «Ойланып көрерміз» деді де койды.

Науай уәзірлер туралы сөз бастады. Келгендері мақса-

ты да осы болатын. Мемлекет істерін тәртіпке салу үшін іске жетік уәзірлер хажет еді. Қазіргі уәзірлердің екеуі — Хожа ата мен Абдулхалық диуандағы істерді басқара алмай келеді. Науай бұл қызметке Хожа Афзалды лайық көріп, мұны патшаға көптен бері-ак айтып жүр еді. Осы жолы Хожа Афзал мәселесін үзілдікесілді шешпек болды.

— Низамулмұлк Хауафи бұл жоғары мансапка лайық емес пе? — деді Хұсаин Байқара Науайға сынай, тігіле карап.

— Бұл қызметке Хожа Афзалдан лайық адам жоқ!

— Олай болса біз екеуін де уәзір етіп тағайындағы, — деді патша. — Низамулмұлжікten істерлігі өзіме Науайдың қарсылық білдіруіне жол қалған жоқ.

Сол кезде қағаз, қалам, сыя сауыт көтерген үш-төрт хатшыны ертіп, паруанашы Мәждиддин кіріп келді. Бұлар Байкараның түрлі істері жөн инде бўйрыктар, хаттар үшін келген еді. Науай рўхсат сўрап, сыртқа шықты.

Мәждиддин екі сағат бойы патша алдында жұмыс істеді. Бўйрық жарлыктар жазылып болған соң хатшыларға рўхсат берілді. Мәждиддин патщаға асыранды иттей телміре карап:

— Е, әлемнің жарық сәулесі, қала қазысы етіп газайындауға мұбәрек көзіңіз кімге тұсті? — деп сўрады.

— Қазірше ешкімді белгілегем жоқ.

— Сіздің пакыр күлшызыдан жұмақша жайнаған өлкенізде адал қызмет ететін бір данышпан адамды ўсынбақ ойы бар еді.

— Ол кім өз? — деді Хұсаин Байқара білуге қызығып.

— Хорасан ғалымдарының ең озаты Шахабиддин еді, — деді паруанашы.

Хұсаин Байқара бўған таңданып, қабағын жыйырды.

— Хорасанның ўлы ғалымдарын жаксы білуші ем, ал бірақ Шахабиддин деген ат есімде жоқ.

— Мүмкін жадыңыздан шықкан болар. — деді Мәждиддин, — Шахабиддин сонан келген жарлы және жұпны адам.

Хұсаин Байқара арт жағындағы терезеден баққа бір карап, көз нәркесінде үндемей қойды. Мәждиддин өзінің досын мактай жөнелді. Ғалымдар арасында надандығымен көзге түскен Шахабиддинді «Заманымыздың Аплатуны» деп дәріптеді. Бір кездерде, Әбу Саид дәүірінде он мың динар уақыф қазна мүлкін жеп койып,

бүкіл елге масқара болған обырды «адал, әділ, арнамысты адам» деп көрсетті. Мәждиддин сонымен катараптар, егер патша оның сөзіне аз да болса күманданатын бўлса, бўл адам жөнінде әмір Мофўлдың, Мұзаффар барлас, Мұхаммад бурундық барластардың пікірін білу: не болатынын ерекше ескертіп қойды. Хұсаин Байқара көзін ашты. Шахабиддиннң тегін сұрады. Оның балалары даңқты адам болғандықтан бўл жолы Мәждиддиннің лепіруінің хажеті болған жок. Хұсаин Байқара қызыға тұсті. Егер барластар да лайық көрсе, Шахабиддинды қазы етіп тағайындауға уәде берді де, паруанашибыны ертіп, дос-жарларымен күнге болып тұратын кешкі думан-сауыққа жетуге асыкты.

Әлішер Науай Диуанханаға келді. Бір-біріне жалғасқатар кең бөлмелерде диуанбасылар және басқа түрлі дәрежедегі амалдарлар өзара қысыр әңгіме соғып, неғұзғі жұмыстарын селқос істеуде еді. Әр бөлмеде бес, он хатшылар тоңған қолдарын үрлеп жылытып, бүкшип, жазумен шұғылдануда. Белгілі қызметтерді атқаратын диуанбектердің көбінің орындары бос тұр. Науай басын төмен салып «Маскунемдер тағы да ішуге кеткен болар» еді ішінен. Ол мемлекет қызметіндегі әрбір адамның күн сайын мемлекеттік мекемеде — диуанда болып, мемлекет ісімен шұғылдануы тиіс екендігін, бұғын бітер істі ертеңге қалдырмауы тиіс екендігін патшага әлденеше айтқан-ды. «Тәртіп жок, бақылау жок, сол үшін жауапкершілік те жоқ» деді ішінен.

Науай әуелі аймақтар мен кенттерге қатысы бар істерді қарады. Арыздар мен шағымдарды тиісті мекемелерге және олардың бастықтарына тапсырып, тезарада орындауды талап етті. Ол қарапайым халықтан және әр алуан жұмыспен келген қызметшілерден көп адамды қабылдады. Соңан кейін дін істерін басқаратаңдарды жыйып, уақыф істері жөнінде мәлімет алды және уақыф мұліктерін жөндеу, артық қаржыны жаңа істерге жұмсау жөнінде үзак отырып кеңесті. Песіннен кейін, үйге қайтар алдында Сұлтанмұратты еске алды. Шайхұлисламға хат жазып, жас ғалымды «Шахрух» медресесіне мударрис етіп тағайындауды үсынды, егер жалақы төлеу мәселеесіне қыйындық туар болса, жалақыны өз қаржысынан төлеуге риза екенін білдіріп, хатты қызметшісінен беріп жіберді.

Ол үйіне келген соң да дамыл тапқан жоқ. Түрлі кә-

сіптегі ондаған адамдар келип жолықты. Әрқайсысының өзіне лайық өтінші, шағымы, тілегі бар.

Кешкі тамактан кейін ақын шам алдына келіп отырып, қалам, қағазын алып жазуға берілді. Бір ғазал, бір «түйік» жазды. «Түйіктиң» өзі өте риза болды. Оナン ана тілінің байлығын, шексіз мұмкіндіктерін көрді. Уақыттың қалай өткені сезілген жоқ. Қорадағы қызметшілердің даусы, дубірі тынды. Фират қораздарының екінші дүркін шақырған даусы құлағына келді. Шешініп, шамды өшіріп, қызметшісі төсеп қойған төсекке кірді...

Танертең Мирақ Накқаш келді. Науай оны өзінің «Қызығалдақ бағындағы» үйін өрнектеу жөнінде шақырған еді. Бірақ Мирақ Накқаш¹ Фираттағы нақышшылардың ең шебері еді. Фираттағы үйлердің ең жақсы нақыштары осы Мирактың колымен істелген. Ол өз өнерінде үнемі жаңалық табуға тырысатын.

Мирак Накқаш сөз арасында өзінің ерекше зерек шәкіртін еске түсіріп, оның Накыштан көрі сурет салуға көбірек бейім екендігін, тамаша суреттер сала бастағынын айтты. Науай енді басқа әнгімелерді жыйыстырып қойып, шәкірттің жайын сұрастыра бастады.

— Біздің Қамалиддин Бекзад Фираттың жетім бала еді, — деді Мирак Накқаш — Рахымым келді. Өзге шәкірттеріммен бірге менен өнер үйренсе жетім бала үшін тіршілік жолы ашылар деген оймен оны шәкірт етіп алдым. Өтеге вейінді бала ежен. Тез үйреніп кетті.

— Жүрің з, мені соған ертіп барыңыз, — деді Науай орнынан тұрып, — шәкірттіңізден таныстырыңыз. Біздे сурет өнерінің нағыз шебері жоқ деуге болады!

Мирак Накқаш Науайдың көркем өнерге деген маҳаббатын, қамкорлығын білсе де, бір шәкіртке осынша көңіл аударғанына таңырқап, ақынға алара қарады.

— Элгі айтқаныңыз распа? — деп сүрады Науай.

— Мені сірә жалғаншы деп есіткеніңіз бар ма?

— Олай болса сіз неге таңданасыз?

Мирак Накқаш шошақ тақыясын желкесіне сырып қойып, басын қасыды.

— Жарайды, таныстыруға әзірмін, — деді ол күліп, — бірақ сіз әуре болмаңыз. Қамалиддин Бекзадты мей

¹ Накқаш — нақышшыл деген сөз.

өзім осында ертіп келейін. Сізге жолығу ол үшін зор бахыт.

Науай бүгін кешке ертіп келуді тапсырды. Сонан соң «Қызғалдақ бағындағы» үйдің жөнінде сөйлесті.

Науай диуанға барып, күнделікті қызметін аткарды. Жоха Афзалды ўлы жарлық болатынын айтып құттықтады, бірақ онан Шахабиддиннің қалаға казы болып тағайындалғанын есітті. Құтілмене хабар оны қатты қынжылдырды. Бұл оқыйғаның егжей-тегжейін де сұрағасы келмеді. Диуаннан шықты. Атқа мініп Хұсаин Байқара салдырып жаткан «Жаһан Ара» бағындағы сарайларды аралап, накыштарын көріп қайтты. Құн батар алдында үйге келсе Мирак Накқаш оны өзінің шәкіртімен күтіп отыр екен. Науай Қамалидин Бекзатпен үлкен ағаша мейірбандықпен амандасты. Жас суретші үзын бойлы, жіңішке тұлғасында нәзіктік пен пысықтық үштасқан онбес-оналғыдағы жас өспірім еді. Оның терең ойлы, және таза жанды адамдарға тән қылаусыз мөлдір қара көздерінде үялшактықтың және даналықтың белгісі жалынданап түр. Накқаштың жалбыр тонды шәкірті даңқты ақын және мемлекеттік қайреткер Науайдың алдында қымсынып, үялыңқырап тұрды.

Науай оларды өз бөлмесіне ертіп кірді. Мирак Накқаш ескі қобдыйын ашып, шәкірттің бөлек-бөлек қағазда салынған суреттерін алып, ақынға біртіндеп көрсете бастады. Науай бірінші қағаздағы суретті қолына алып, көңіл койып, біраз уақыт қадала қарап түрді да, Мирак Накқашқа мағналы назармен бір қарап койды. Көзін сүзіп, суретке тағы тіг лді. Ұзак уақыт көз айырмай қарады. Мирак Накқаштың қолы алтын деп дәріптеген шәкіртінің суретіндегі гүлдер, жапырактар сондай мінсіз салынған екен; мұны көріп Науайдың күмары канда, еріксіз берілді. Орнымен колданылған алуан бояулардың түсінің тартымдылығы сонша, оның көркем көркін күннің таңертең көк жиектен көтерілер алдындағы көгілдір аспанға тарамданып тарапған сәулесіне үксастуға болғандай ед! Науай таңдана қарап болып, тынысын терең алды. Енді екінші суретті көрді. Бұл онан да көркем, әнан да бай... Мінеки аңшының суреті. Ақын жыр шумағын ағытқысы келіп түр. Бұл суреттегі әрбір нүктө жанды көз сыйкты. Науай он шакты суретті ден койып көріп шықты.

Камалиддин Бекзад іштей қобалжып, басын төмен салып, оқта-текте Науана бір қарап қойып, үнсіз отыр. Мирақ Накқаш көпшілігі өзінің көз алдында жасалған: бұл суреттерді алғаш рет көргендегі-ақ, зор ықыласпен қарап, Науаимен пікір алысуға тырысып еді. Ақын көзінде қуаныш нұры ойнады. Ол жас суретшіні құттықтады.

— Біздің ескі дүниеде,— деді Науан,— сіздей өнер-паз шебер суретші әлі болған емес. Еңбегіңіз қанша мактаса да болғандай. Бұл өйеріңізді жетілдіре түсуге тырысусыңыз керек.

Камалиддин Бекзадтың жүзі нұр жайнап, даусы қалтырап шығып:

— Менің ісіме осыншама назар аударғаныңыз үшін қалай алғыс айтуды білмей түрмүн. Бұл суреттер — шәкірттеріңіздің тек тырнақ алды өнбектері. Қаламым үстаздардың нұсқауына мұхтаж.

— Үйренуден жиренбеніз,— деді Науан.

Ақын кешкі намаздан кейін Мирақ Накқаш пен тамаша шәкіртіне қонағасы берді. Тамақ үстінде Фират суретшілері әнгіме болды. Дастархан жыйыстырылған соң Науан Бекзадтың суреттерін шам жарығында қайта көре бастады. Суреттің әрбір салынын, бояуларының үйлесімін ден қойып қарады. Сурет өнерін терең түсінген және бағалай білетін адамдар ғана байқай алатын кейбір кемшіліктерін тауып, оны Бекзадқа көрсетті. Науан оған суреттің қасиеті, көркемдігі неде екенін айтты. Бекзад Науайды тек ақын ғана деп түсінетін. Сурет жөніндегі ақын пікірінің дүрыстығы оны қатты тандандырды. Ақынның әрбір сөзін үғып алуға тырысты.

Әлден уақытта Накқаш пен жас суретші қайтпақ болды. Науан Бекзадқа өзінің ашна болғанын білдіріп, келіп түруды өтінді. Артынша хәуліден Мирақ Накқашты бір минутке шақырып алғып, ауыз үйде:

— Ертең кел маған,— деді сыйырлап.

— Жарайды!— деді Накқаш.

— Бұл талапты жас өспірім неге мұхтаж, оны тәрбиелем үшін не істеуге тиіспіз, сол туралы келсүіміз керек,— деді Науан.

— Өте дүрыс пікір, кешкі келермін,— деді Мирақ Накқаш қуанышпен. Сонан соң асыға басып сыртқа шықты.

Патша әйелдері тұратын сарай іші бүгін жым-жырт еді. Бір-біріне жақын, бірақ бөлек-бөлек сарайларда тұратын патшаның әйелдері Шаһзадалардың біреуінің тойына кеткен болатын. Күң қыздардың көбі патшаның сүйікті әйелі Хадиша-бегіммен бірге кеткендіктен, «Бағсағидте» кәрі кемпірлерді есептемегендеге жыйырмадай әйел қалған-ды.

Қөктем кезі... Аласа, биік аршалар, көркем жеміс ағаштары, алуан түсті гүлдермен жайнаған, кең гүл алаңдары ішінде үлкенді-кішілі үйлер ертедегідей көркем көрінеді. Үйлердің жақыштары күн нұрына шағысып көркемдікте гүл алаңдарымен таласқандай, құлпыра, жайнай түседі. Жайымен сыйпай соққан желге тербелген ағаштар арасындағы дуалдардың өзі алыстан гүл алаңының жалғасы сыйқтанып көрінеді.

Аурумын дәп сұлтаулатып Хадиша-бегімнің салтанатты сапарына катыспай қалған Ділдар екі қабат кішкене үйдің төменгі қабатында, ашық тұрған терезенің алдында жалғыз отыр. Жүрегі қысылғандай, бойын бір ауыр ойдың салмағы басқандай болады.

Қошеметшіл Мәждиддин пәруаңашының қолынан пагшаға бір кездे тарту етілген Ділдарға бұл сән-салтанат, ертегідегідей сый құрмет, қонағасылар, сайран-сауықтар мұлдем жат көрінетін. Ол өгейіспіл, жетімсіреп, қабағын бір ашпай қойған-ды.

Дүниеде ғашықтыққа жан-тәнімен табынатын әйелдер болады. Ондай әйелдер көңлі сүйген жарлы жігіттің жаман лашығын патша сарайынан артық көреді. Олар жалбыр тонды, жуас жалшыны патша баласына айырбастамайды. Олар барлық жан-тәнімен өзінің мақсатына жетуге ынтығады. Егер көзденген мақсаты орындалмаса, бүкіл өмір бойын қайғы-қасіретпен өткізуге әзір болады. Ділдар міне сол әйелдерден еді. Сән-салтанат, арақ-шарап, ән, биге толған патша сарайы оның көңілін көтермеді, кіршіксіз таза сүйіспеншілігіне дақ сала алмады.

Ділдарды Мәждиддиннің үйінен орда қызметкерлері бір күні кешке сарайға алып келіп, көркем, жасауы мол бір бөлмеге кіргізген болатын. Ділдар үйдің сән-сәулеттінен, өз маңындағы тенденс қыздардың ойын-кулкісінен

шошыды: «Бір күнге осыншама құрмет көрсетілгені ме? Жоқ, мұнда басқа бір сыр болып жүрмесін» деп ойлады ол, үрейленіп. Мәждиддин үйіндегілер Ділдарға ең қымбат киімдер кигізіп шығарып салса дағы, бұл жерге келген соң қыздар оны шешіндіріп жаңа киімдер кигізді. Басына жібек орамал, қолына жүзік салып жасандырыды. Сонан соң оны қат-қабат шайы көрпелердің үстіне отырғызып, алдына дастархан жайды. Артынша неше түрлі тағамдар, шіріндіктер тартылды. Бірақ Ділдар өлім жазасына кесілген адамдай буылып, тағамды татып та алған жоқ.

Қыздар бір-бірімен күбірлесіп, сыйырласып, дастарханды жыйып шығып кеткенде, бірқыдыру уақыт болып қалған еді. Бірден есік ашылды, бір әйел кіріп келді. Ділдар шошып, жалт қарады. Бұл әйел жасы 60 қа таянған, арық жүзін, тар маңдайын қалың әжім басқан, әйтсе де орта жастағы әйелдердей әсем киінген еді. Ділдар мана қыздар өзара сөйлескенде «Гүлшашра бибімнің өзі осылай істеуге әмір етті» деп еді-ау, терең бір сыр бардай, сыйырлап, «Гүлшашра бибім шақырады» деген сөздерін есіткен еді-ау. Сол айтқан әйел сірә осы шығар деп жобалады да, еріксіз орнынан түрегелді. Кемпір жақын келіп, қызды бастан аяқ қарап шықты. Оның басындағы орамалын қолының үшімен жөндеп қойды.

— Атың қім, қалқам? — деп сұрады, кемпір мұләйім-сіп, жұмсақ дауыспен.

— Ділдар, — деді қыз жерге қарап.

— Дала қызымысын?

— Я.

— Атың жақсы екен, бірақ өзіңдің көркіне сай емес, — деді қуліп, кемпір, — енді біреу атың қім деп сұрай қалса, Ділдархан бегім дегейсін. Отыр жаным:

Ділдар мен кемпір қарама-қарсы отырысты. Кемпір оған жүру, тұру, кийну және ордадағы тәртіп жайын тусіндірді. Патшаның алдына кіргенде өзін қалай үсташа керек екендігін айтып, «ерікті-еріксіз түрде наз қылып, патшаның көңілін көтеру» жөнінде көп нәрсе үйретуге тырысты. Ділдар жұмған аузын ашқан жоқ. Жүрегі аузына тыйылды, ессіз-түссіз адамдай отырды да қойды. Кемпір сырттан бір қызды шақырып, оған төсек салдырыды. Сөйтті де, өзі шығып бара жатып, Ділдарға: «қызыым, жатып тыныш үйықта, ешкімнен қауіптенбе,

айналаңың бәрі адам, егер әлде бір нәрсе көрек болса
есік алдында тұрған құлды шақыр» деді.

Бұл түні Ділдар кірпік қақпай шықты. Таңтерсөн жа-
нына қыздар келді. Олар Ділдардың жай-күйін сұрас-
ты. Оның сұрланған рецин көріп: «жатырқама, жүре-
жүре үйреніп жетесін. Бұл халді біз де басымыздан өт-
кізгенбіз» десті. Таңтеренгі тамақтан кейін Ділдарды
коярда қоймай бақшага алып шықты. Бірақ, көркем
гүлдердің, көркіті үйлердің, күмістей мөлдір хауіздер-
дің, қапастағы әсем құстардың ешқайсысы оны қызық-
тырмады. Шуылдастан қыздармен бірге біраз жүріп,
үйге кайта кірді де, соナン былай шықпай қойды. Ол
әрдайым қорқынышты бір сафатты жүтіп іштей, үрей-
ленуде еді.

Үшінші күні кешке Гүлшаһра бибім келді. Ол Ділдар-
дың шашын жудырып, иісті гүл суын бүркіп, жүқа же-
ңіл шайы көйлек қидірді. Ділдар сырттан тысыр естілсе
болғаны, бәйы тітіреп, үрейленуде болды. Екі беті ыс-
тық жаспен жуылды. Бірақ, түн ортасы кезінде кемпір
жатып келіп өзіне-өзі сөйлегендей, налып: «патша қаг-
ты мас екен, аяғын да нық басып тұра алмайды» деді
мінгірлеп. Сөйтіп Ділдарға жатып үйықтауды бүйырды.
Ділдар күн сайын кешті үрейленіп қарсы алуда болды.
Алайда, оны патша төсегіне жатқызу кемпірге жәсіл
болмады. Бір аптадан кейін Хұсаин Байқараның үзак
уақытқа сапар шегіп, аң аулап қайтуға кеткендігі естіл-
ді. Бұл екі арада Ділдардың сұлулығын қыздардан есіт-
кен Хадиша-бегім оны өз жаңына шақыртып алды. Діл-
дарды көрісімен-ақ ханзада оны өзінің қызметші күн
қыздарының қатарына қосты. Хадиша-бегім өте айла-
кер, астыртын іске шебер әйел еді. Уәзірлермен, бектер-
мен сөз біріктіріп саясатта өз дегенін жүзеге асыруға,
патшаның билігін өз қолына алуға тырысатын. Хадиша-
бегім әрі түсі таймаған, назы мол әйел болса да, жас
сұлу қыздардың патшага кездесуінен хауіптенетін. Өйт-
кені бір кездерде оның өзі де көрер көзге сұлу, қыз-
метші қыз еді. Міне, ол өзінің сол назымен, амал-айла-
сымен патшаның сүйікті әйелі болып алды. Бұлай істеу
басқалардың қолынан келмей ме?

Ділдар оп бойын кернеген қасірет-кайғыдан, қауіп-жа-
терден енді күтылды. Бірақ, сол күннен бастап оның
абыройы азайды: енді оған қыздар қызмет істеуді қой-
ды, енді оның өзі басқа қыздар қатарында Хадиша-бе-

гімнің айтқаның екі етпей орындаитын болды. Ол енді әуелдегідей айрықша бөлмеде емес, бір топ қыздармен бірге, әшекейсіз жұпымын бөлмеде тұратын болды. Ол бұған сүйінді.

Ділдардың барлық тілегені, бар арманы Арысланқұлға кездесу болды. Бірак, не амал, бұл ордадан қашып шығу мүмкін емес. Патшаның некелі әйелдері сарай күзетшілерін онша елең қылмай, көбінше оларды билеп-төстеп, емін-еркін жүреді. Бірак, сарайдағы күндердің әр адымы санаулы, әрбір көзқарасы бақылауда еді...

Сүйген жігіті қайда жұр, мейірбан анасының халі не болды? — Ділдардың онан хабары жоқ. Ол өзі сыйқтығарып, көңілі жарапы қүң қыздармен сырласады. Ділдар⁹ осылайша көз жасы көл болып екі жылды өткізді.

Ділдар қалған серіктерінің біреуімен кездесіп мүндасу үшін сыртқа шықты. Хадиша-бегім қаладан шығып се-руендең кайтуға кеткелі бері думан-шусызы болып қалған ордада жалығып, ағаш арасын кезіп жүрген ашулы, залым, дәкір күл оған қарсы ұшырады. Ол Ділдардың қарсы алдына келіп тоқтап, салқын ғана жымыйды да, онымен сөзге келуге тырысты. Құлағына сырға таққан бұл құл жасы 40 тан аспаған болса да, бетін әжім басқан, жаурыны бүкірейген, аянышты бір макұлық еді. Оның сығырайған көздерінде осы жерде күзетіп, жүртты андуда болған, бақытсыз басқа құлдардың көбінде болып жүрген бір қайғының белгісі бар еді. Бұл құлдардың көздерінде ешқашан да куаныш белгісі болмайды. Олардың барлық істерінде, қыймылдарында өздерінің жан дүниесін билеген бір зуыр дерптің әсері байқалатын. Осы аянышты бейбақ адамдар ордадағы тұтқын қыздардың соры еді. Олардың барлығы — жасы болсын, кәрісі болсын — айлакер, өсекшіл залым еді. Олар махаббат, азаттық деген сөздердің қас-дұшпандары еді.

Ділдар бұлардан әруақыт жәбір көргендіктен, құлдың мылжынына құлақ қоймай әрі өте беріп еді, ашуланған құл еңкендең Ділдардың жолына көлденең тұра қалды.

— Асқақтай берме, жұнім, сенің бар сырынды білем мен, өксіп-өксіп жылайсын, айтықта жаңа кейлек кие алмай қалған қыздай торсыясын гой өзің, қолынды жағына таяп күрсінесін ғой. Қазір мына терезенің алдына отырып не ойладың? Менің көзімнен таса бола алмасын!

— Кет жөніне, тым болмаса бір мезгіл тыныштық берсенші, — деді Ділдар, жеркене қарап.

— Қошеден махаббат іздейсін, білемін...

Ділдар бұл өсекшілмен керілдесіп тұруды жөн көрмей, оған қарап тек тыжырынды да, әрі өтіп кетті. Хауіз бойындағы сыпадан қыздардың даусын есітті. Гүл алаңын бойлап солай қарай жүрді. «Кел мұнда жалғыздан жалғыз қалай қезіп жүрсің, бір шер тарқаталық» десті қыздар.

Бұл жерде Хадиша-бегімнің ең сенімді қызметшісі Дәулетбах, екі түрікпен қызы Хұмар мен Әсілхан және ирандық сұлу эйел Зұлпизар отыр еді. Дәулетбах Хадиша-бегімнің кейбір ағнаулы тапсырмаларын орындау үшін сарайда қалған болатын. Түрікпен қыздары Хұсаин Байқараның Аппак-бегім деген эйелінің күндереі еді. Олар көршілес үйде түрғандықтан бұл жерге көп келіп жүретін. Жібекке безенген күң қыздар бірінші көргенде бейғам, тағдырға тән тұрып, көмпіс болып алған сыйқты көрінсе де, жүздерінде әлде қандай бір хасіреттің, көздерінде жалырып, жабыққандықтың белгісі, қымылдарында қажып, жасығандықтың белгісі бар еді. Қекіректегі көп арман, орындалмаған тілек жас қыздардың жарқын жүздеріне өзінің қаралы көлеңкесін түсірген еді. Олар қолы бос кездерінде көбінесе махаббат туралы, ертегілерде болатын сүйгендік, жарлар туралы, батыр жауынгерлер туралы сөйлесіп, ұзақ түнді күрсінумен өткізетін.

«Тағы кімдер туралы сыбыр-күбір болып жатыр» — деп айқайлады Ділдар.

— Білгің келсе жақын келіп отыр, — деді Хұмар.

Ділдар Иран сұлуы Зұлпизардың жанына келіп отырды. Патшаның кейбір әйелдерінің жасырын махаббаты орда ханымдары мен патша әйелдерінің арасындағы араздықтар, Зубэйда деген бір күң әйелдің жүкті болып қалғандығы және сол сыйқты сарайдың күнделікті өмірінде болып тұратын оқыйғалар сөз болды.

— Қойындар, бұл бос сөзден не пайда! Ойпырмау, жүрегім қысылып бара жатқан тәрізді.

— Жүректің дерті, көнілдің шері сөйлессе тарқайды, менің сөзіме құлақ сал, — деді, Дәулетбах қаламмен сызғандай жінішке қасын қағып.

— Жок, Дәулетбах апа, онан да танбұр тарталық.

— Бұған мен де қосыламын, — деді Иран сұлуы Хұмар, үлкен көзі жайнай түсіп.

Ділдар жүгіріп барып Дәuletбахтың бөлмесінен танбұр, ғиджак, даф әкелді. Дәuletбах танбұрді, қам көңілді хиялшаң Әселхан дафты, Зұлпизар Ғиджакті алды. Музыка аспаптарын баптап, қыздар енді шерте бастап еді, әлгі күл одырайып жандарынан өте берді. Дәuletбах оны жорта құлқімен, ымдаш шақырып, құлағына сыйырлап еді, ол жұмсарап қалды. Құл жай қозғалып тұрған арша ағаштарының түбіне барып отырды да, мұлғи бастады.

— Мен Науайдың жаңа жырын есіттім. Маған ұнағаны сонша, мен айқайлап жібере жаздадым, — деді Дәuletбах танбұрді шертіп, құлағын бұрап тұрып. Егер жатқа білген болсам мен оны сендерге айтып берген болар едім.

— Қай жерде есіттіңіз, — деп сұрады, Ділдар ынтымып.

— Энеукүні Хадиша-бегімнің берген қонақасысында қызмет еттім. Онда Фираттың ең шебер музыкашылары, Фираттың ең атақты бекзадалары болды. Олардың біріне мен өмір бойы қызмет етуге риза болар едім. Сол мәжілісте өте жақсы өлең-жырлар айтылды. Әсіресе, Науайдың өлеңдері бойымды шымырлатты. Ол былай басталады... Сәл сабыр етіңіздер.

Дәuletбах қабағын жыйырып, қаламқастарының үшін бір-біріне тигізіп, біраз ойланып тұрды да, нәзік дауыспен баяулап айта бастады:

Дін заңында сұлулық қыздарға сор.
Тек әзір болғаның жоқ мастерға қор,
Мен гашық бол дүниеден бездім босқа
Мен маспын, жарымасам да киім, аска.

Дәuletбах жанары жайнаған әдемі көздерін сүзіп ойға кетті: Ділдар «аржағы не?» деп, оны тағы айтуға қыстады. Дәuletбах сұлу қара шашты басын шайқады. Қыздар әдемі өлеңнің үзіліп қалғанына өкінді. Соңынан өлеңнің әлгі бас жағын үйреніп алу үшін қайталап айтады. Ділдар Дәuletбахқа жалаина түсті.

— «Көргелі көркінді» деген өлеңді айтальық.

— Жоқ, Хафиз Шеразидің бір өлеңін айтайық. Науайдың өлеңдеріне мүниша күмар болмасаңдар нетті! — деді Зұлпизар өзінің білгілігін көрсетпек болып бәлденіп.

— Науаидың өлеңдері жалғыз маған ғана емес, бүкіл жүртқа жағады, — деді ашуланым Ділдар, — неге десеніз біз Науандың сөздеріне жақсы түсінеміз, оның әрбір сөзі көкейге қонады. Сіз айтқан ақындардың бәрі ылғый тәжікше жазған.

Көп оқыған, өлең-жырды түсіне білетін Дәuletбах амалсыз Ділдардың пікіріне қосылды.

— Дұрыс айтасың. Мен парсыша өлеңдерді бірқатар оқыдым, мен оларды сүйемін. Алайда, Науандың жөні бөлек... Мен оны Жами ақыннан да артық көрем.

Музыканың нәзік даусы бірте-бірте күшейіп көкке өрлей бастады. Танбұр шалған Дәuletбах үлкен қара көзін бір нүктеге қадап, бұлбұлдың үніндей таза, жағымды үнмен ән созды.

Көркің көріп мен ғашық болдым саған
Касірет шектім сәтсіз күн, неткен заман!..

Сыйқырлы сөздердің әсерімен қыздардың бастары жайлап тербелे бастады. Қан қызыл қынамен боялған саусақтар дафте ойнай бастаған кезде Ділдар да көзі мүлгіп, еріксіз ән салды.

Ән мен күйдің даусымен төніректен жыйылған қыздар бір-бірін түртіп, иек қағып Ділдарды көрсетті: «өзі пәле екен ғой» деп сыбырласты. Ән аяқталғанда олар Ділдарды құшақтап құттықтады. Шынында Ділдар тек тасалана отырып өзінше ән салғаны болмаса, басқа қыздарға қосылып, көвшілік арасында бүрын сірә ән салған емес-ті.

Әншілер барған сайын көбейе берді. Турік, фарсы тіліндегі ең әдемі өлең-жырлар бірінен соң бірі айтыла бастады. Бірақ, күзетшілердің бастығы келіп қалды. Жарқын күнді бірден қара бұлт қаптағандай болды. Қыздардың ойын-кулжісі су сепкендей басылды.

— Жетер-жетер, сендер әбден асқақтаған екенсіндер, әдепсіздер, — деді желкесін күжірейтіп, ашуға мінген күзетшілер бастығы. Бұл ашулы, қарт құлдан қыздар катты корқатын: тек қүндер, жай қызметшілер ғана емес, сүйікті ерке әйелдер де, тіпті патшаның өзінің әйелдері де онымен есептесуге мәжбур еді.

Қыздар музыка аспаптарын қолтықтап, сез қаттай, бет-бетіне тарай бастап еді, шал:

— Хадиша-бегімді қарсы алуға әзірленіндер,—деп айқай салды

Дәuletбах асып-сасып күндерді жыйнап алып, әрқай-
сына жұмыс тапсырды.

Хадиша-бегім әруақыттағыдай зор салтанатпен жіріп келді. Оның үстіне киген қытайдың қызыл шайысынан тігілген оқалы көйлегінің ұзындығы сонша, оның етегін бірнеше қыздар ғаусактарының үшімен үстап көтеріп келеді. Басында жұқа шайыдан сәлдеше орап алған орамалы бар. Осы бас киімі мен үзын көйлегі оның бойын басқалардың бәрінен де биік көрсететін. Хадиша-бегімнің бас киіміне неше алуан қымбат тастар, гауһар, жақұт, меруерт қадаған. Мандайына жарқыраған алтын жыға қадаған. Хадиша-бегімнің бетінің опамен, нешeturлі бояулармен бүркелгені сонша, оның өзінің шын туңсін айыру мүмкін емес еді.

Ордадағы барлық әйелдер сәлем беріп, иіліп қарсы алды. Хадиша-бегім ешбіреуін елемей, такаббар пішін көрсетті. Хадиша-бегім өзінің сонына ерген, бәрі бірдей: әсем киінген, жұзқаралы қыздармен және көркем жұзді күлдармен бірге бақтың ортасындағы көркем үйге келіп кірді.

Кеш батқан соң Хадиша-бегім сый хұрмет көрсете бастады. Төрде жібек көрпелер үстінде, биікте Хадиша-бегім отырды. Оның арт жағында бір топ күң қыздар аяқтарынан тік тұрысты. Оң жағында және сол жағында патшаға туыстығы бар атақты әйелдер отырысты. Олардан төменірек бектердің, уәзірлердің әйелдері және Фираттан келген атақты адамдардың сұлулары орын алды. Қабырғаларына алтыннан ою салынған түрлі әшекейлер, жібектен істелген бүйымдар жарқырап тұрган бұл үйдің бүгінгі көркі бірінші рет көргендерді ғана емес, жұзінші рет көргендерді де таңдандырығандай еді. Өйткені бұл жерде адам ақылты жетпейтін жаңа нақыштарды әрдайым көруге болады. Бүгін жүрттың бәрінің көзін еріксіз тартқан нәрсе Хадиша-бегімнің жанына қойылған стол үстіндегі үлкен күміс кеспекке орнатылған ағаш болды. Ұзындығы үш кездей бұл ағаш түгелімен алтыннан құйылғып істелген еді. Күміс кеспектің ішінен өсіп шыққан алтын «ағаштың» жінішке-жуан бұтақтары жан-жаққа тараған. Оның жалырақтары жасыл гауһардан істелген, бұтақтардың үшінда меруерттен, жақұттан істелген жемістер бар. Алтын ағаштың бұтақтарына кішкене әдемі құстар қонып тұр. Ол күстар басынан аяғына дейін неше түрлі түске еніл, күл-

пырған қымбат таастардан істелген, тіпті тірі құс сыйқты. Кейбіреулері қанаттарын жайып үшқалы тұр... Кейбіреулері жарқырап тұрган жемістерді тұмсығымен шұқып тұрган тәрізді.

Дастарханышы қыздар неше алуан тамақтар әкеліп, дастарханды жайнатып жіберді. Ділдар, Хұмар, және Әсілхан шарап үlestіруші болды. Олар меруерт, гауһар тағы басқа қымбат таастармен нақышталған кішкене шөлмектерден алтын кесеге құйып, оларды құміс патностарға тізіп қоя бастады. Ең әуелі Хадиша-бекімнің жанына келіп үш рет иіліп тәжім етіп, кесені үсынды. Сөйтіп, қейін бұрылмай шегіншектеген бойы, өз өрындарына келді. Басқаларға иіліп сәлем бермей-ак, әдеппен кесе үlestіре бастады.

Хадиша-бекім қебірек ішіп, жеңілдік істей бастаған соң, орданың «ақылғөй» кексе әйелдері өзара ымдастып, кенесіп шарап құюды тоқтаттырды. Қоңылді басқа жаққа аудару үшін, әншілер мен музыканшыларға ишарат қылды. Фираттың атақты музыкашылары өз өнерлерін көрсете бастады. Бұлардың арасында бойжеткен қыздар, тісі түскен кемпірлер бар еді. Фиджақ, тәнбір тағы басқа музыка аспаптарынан неше алуан үн сарнады. Әнші әйелдер тұрік, фарсы өлеңдерін әйелдерге тән нәзіктік және назбен айтты. Орда бишілері топ-топ болып, әр топ өзінше бөлек қиініп — тұрік, индия, арап, иран билерін биледі. Ойын-сауық барған сайын қыза тұсті. Қөрушілер бір кісідей болып қол шапалактады. Кейбір әйелдер, көркем бишілер күшті шараптың әсерімен жеңілтектік істеп, бір-біріне қошемет көрсете бастады. Масадамдардың қарқылдан құлген даусы үйді басына көтерді. Балбыраған ақ жүздер шараптың әсерімен алмадай қызырып жалындады. Сүрмелі қара көздер жанарлана тұсті.

Бишілер наз көрсетіп қынамен боялған саусақтарының үшін тістеп, Хадиша-бекімнің алдына келіп көздерін сүзіп, қастарын қағып, жұп-жұмыр кеуделерін дірілдетіп, жібек кілемдердің үстімен тағы да зырлай жөнеледі.

Бишілердің екінші тобы атлас кейлектерін желбіретіп ортаға түсіп, бірнеше қабат айналған соң, тәжім етіп ортадан шықты. Жүрт жана бишілерді күтуде. Сол кезде Хадиша-бекімнің ишаратымен қызметші әйелдер бірнеше бумаға буылған киімдерді алып келіп оның жаны-

на қойды. Бұлар патша әйелінің тартуы — неше түрлі әйел киімдері еді. Музыкашылар, бишілер және Хадиша-бекімге ұнап қалған кейбір әйелдер ханымның сыйлығын үсті-устіне алып жатты. Ойын-сауық күтпеген жерден аяқталды. «Хадиша-бекім шаршаған», «Хадиша-бекімнің басы ауырып қалыпты» деген сөздер лезде ауыздан-ауызға көшіп, ақырында қонақтар орындарынан турегелді. Хадиша-бекім хүрметті әйелдерге қонақтарды жақсы күтіп алғандығы үшін бірнеше қошемет сөз айттып, барлық жүртқа: «қош болыңыздар» деді де, маңғазданып есікке қарай журді. Эуліде десте-десте май шамдарды көтергөн қызметшілер патша әйелінің екі жағынан тізіліп тұра қалды. Қызметші әйелдер, қонақтар оны өз бөлмесіне дейін шыгарып салып, тарқасты.

Хадиша-бекімді өз бөлмесінде күң қыздар шешіндіріп, тұнгі киімдерін кигізді. Ол құс жастыққа жанбастап жатқан кезде, Ділдар дереу оның аяғын уқалай бастады.

— Жетер. енді, кетіндер, Дәuletбах сен осында қал, — деп бүйірды Хадиша-бекім.

Қыздар шегіншектеп есікке жетті де, тағы бір тәжім етіп шығып кетті.

Дәuletбах ханымның ишаратымен есікті және тере-зелерді жауып, жанына келіп отырды.

— Ешнэрсе есіттің бе? — деп сұрады Хадиша, үйдің шатырына қарап.

— Патша хазреттің көnlіне жаңа келген бір күң қыз жағып қалған болу керек, — деді Дәuletбах сыбырлап, — күң сайын сонымен бірге көрінеді.

— Мұны қайдан есіттің, — деп сұрады Хадиша-бекім, басын кенет көтеріп алып.

— Ханзадабекімдікінен...

— Патшаның бағына қарай, хорасанда сұлуулар көп. Оған не амал істерсіз, — деді күрсініп Хадиша-бекім, — жарайды... Ал мен туралы ол жерде ешнэрсе айтылған жоқ па?

— Сізді кіналады, кейбір уәзірлерді өз қолына алып алды десті.

— Ашығырақ сөйле, қай уәзірдің атын атады, мен олармен не істеппін, — деді Хадиша-бекім ернін тістеп, жанын тербентіп.

— Жақсы есіте алмадым, олар өте жай сөйлесті.

— Мен саған әлденеше рет айтқам жок па, — деді Хадиша-бекім ашуланып, — дүшпандардың ішіне кіргенде ашықауыз, бейқам адам бола қал, бірақ айтқан сөздерінің бәрін жете анғар деп едім ғой.

Дәулетбах еңсесі түсіп, басын төмен салып, орамалының шетін жымырып ұн демей қалды. Хадиша-бекім басын тағы да жастыққа койды.

— Мырза бүгін қай жерде болады?

— Палағачанікінде.

— Мұны білгенің өте жаксы болған, — деп күлді Хадиша-бекім, — енді бар, мен біраз дем алайын. Сен уйқтама, бүгін түнде саған деген жұмыс бар, мен шақырған кезде тез келе қоятын болғайсың.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

I

«Бинафша бағ» көктем нұрына бөленген. Хиндихуш тауларынан ескен жел Фират уалаятына салқын демін жаюда. Төніректің барлығы гүл. Райхан гүлдерінің сүйкімді көркі көзді еріксіз тартады. Ағаштарға өрмелеп өскен шырмауықтың ақ гүлдері — алғашқы жауған кардың үшқынындей, жасыл шымнан оқа тұтқан ағаштар арасындағы жіңішке соқпақ жолдың бойын гүл қаптаған.

Науай бақ ішін жалғыз кезіп жүр. Ол біраз шаршаган тәрізді. Ол күндеңідей, бүгін де көп адамды қабылдап, әлгіде ғана босаған еді. Оған ғалымдар, ақындар, әкімдер, дихандар, жарлы, окушылар, мұсәпірлер, нөкерлер көмек сұрап, немесе кеңесуге, мұндарын, шерін таркатуға келген-ді.

Ақын күн нұрымен шубарланған жолмен аяғын санап басып ашық жерге шықты. Бұл жерде атакты бақ өсіруші Дәруиш Хожа шапталы, алхоры ағаштарының көшетін отырғызып жатыр еді.

— Армаңыз, Дәруиш.

— «Ассаламағәләикүм таксыр келіңіз», деді Дәруиш Хожа, жұмысымен болып жатып.

— Халініз қалай?

— Күдайға шүкір, сіздің саяңызда қайғысыз-қамсыз жүріп жатырмыз.

Еңбекті, әсіресе, еңбектегі шеберлікті жаны сүйген

акын сол заманың бағ өсірушілерінің үстазы есептеген Дәруиш Хожаның, шағын денелі, шыйрақ, шоқша сақалды шалдың ісіне ден қойып қарап тұрды. Оның отырғызып жатқан ағаштарын тегіс көзінен өткериш шықты. Өзінің кейбір кеңестерін айтпақ болса да, бағ өсірушінің мінездерін жақсы білгендіктен, айтуға бата алмай, тек мұртынан күліп қойды. Дәруиш Хожа өз айтқаны болмаса, ешкімнің дегеніне көнбейтін өжет адам еді.

Бұл бағ өсіруші бір кезде Науандың «Фигания» бакшасында істегендеге, Жәми ауық-ауық оның жаңына келіп, көшеттерді қай жерге, қалай отырғызу жөнінде кеңес беріп тұратын. Дәруиш Хожа сонда ўлы ақынның ешбір сөзіне құлақ қоймай, онымен жатып керісетін. Науан сонынан бұл оқыйғаны есітіп күлген болатын. Жәми де бұл оқыйғаны жүрген жерінде айтып, күліп жүрді.

Науандың сөйлеуге бата алмай тұрғанын сезгендей, Дәруиш Хожаның өзі сөз бастады. Өзінің әдеті бойынша келте-келте қайырып, сөзін нықтап сөйлеп, бір жеміс ағашының бұтағына екінші ағашты қондырудың — пәйуант жасаудың жайын түсіндірді де, сөзін келте үзіп тастанап, қайтадан өз ісімен болып кетті. Науан қайып келіп гүл аланы жанындағы сыпаның үстіне жайылған жібек кілемге отырды. Ағаштар арасынан түскен күннің алтын сәулесі кілем үстінде ойнайды. Алма, нәк ағаштарының бәйшешектей ақ гүлдері жерге, кілемге, ақынның жібек шапанына тиіп тұр. Тауыстар неше ал-уан түске құлпырған құйрық жүндерін жайып, кербез басып бағ ішін кезіп жүр еді.

Сахип Дора¹ бір құшқақ кітабымен келді. Салақ оралған үлкен сәлделі, байсалды, оқымысты адам бір топ кітапты Науандың алдыңа әкеліп қойды. Бұлар ең жақсы хатшыларға көшіртілген түрлі мәселелер жөніндегі үлкенді-кішілі шығармалар еді. Ақын бұл кітаптардың Өзінің мазмұнын жақсы білгендіктен, көбінесе, оның мұқабаларына көңіл аударды. Оюланған былгары мұқабалардың мықтылығын және әдемілігін көріп, кітаптардың беттерін аударып, хатшылардың жазуларын, алтын сыямен сызылған сызықтарды, салынған суреттерді ден қойып қарады. Кітаптың әр беті бейне кілем түсіндей

¹ Науандың жақын адамдарының бірі. Эрі оқымысты, әрі ақын.

көз тартып түр еді. Кейбір кітаптар неше алуан бояулармен Бекзад салған өрнектермен bezelgen. Науай Бекзаттың өнері, шеберлігі жөнінде сөз қозғады. Сахип Дора да жас суретшіні көп мадақтады.

Бұлардың жанына гүл алаңының ішінен жас жігіт Хайдар келіп қосылды. Бұл Науайдың мархұм нағашысының баласы еді. Ақын оны өз ўлындай көретін. Қымбат бағалы жібек киімдерді қалай болса, солай киген, мас көздері сүзілген Хайдар, әруақыттағыдай, ақынға хұрмет көрсетіп амандасты да, асып-сасып кітаптардың көре бастады. Науай жеңілtek, бейғам, таза жүрек жас жігітке күле қарап тұрып:

— Бұл кітаптар жөнінде қандай ойыңыз бар, деп сұрады.

Хайдар кітаптарды қарастырып, Сахип Дорага берді де, біраз ойланып:

— Бекзад қай істі болса да келістіріп өрнектей біледі. Оның өнері керемет. Бірақ, бұл кітаптардың көшіріп жазған хатшылардың жазуы онша емес екен. Хатшылардың сұлтаны, Сұлтанәлі Машхадтан қашан келер екен? Оның өнерінің даңқы қазір жер жарады. Фиратта қай жерге барса да Сұлтанәліні мадақтаған әңгіме есітесіз.

Сахип Дора Фиратта да Сұлтанәлі сыйқты, жазуы көркем хатшылар бар екенін айтты. Бірақ, Хайдармен таласқысы келмей, кітаптарын қолтықтап кетіп қалды. Жазу өнеріне Сұлтанәлінің үстазы болған Азхар Фирати жөнінде ақын қызық әңгімелер айтты. Соңан соң Хайдардың немен шұғылданып жургендігін сұрады. Оған музыка жөніндегі білімін терендете түсуді тапсырды. Хайдар өзінің жаңа өлеңдерін жатқа айттып берді. Фашықтық туралы жазылған оның көңілді өлеңдері Науайға үнады. Алайда, ақын болу үшін білім керектігін, сол үшін оқып білім алумен көп шұғылдану керектігін айтты. Хайдар өзінің әскери адам болғысы келетіндігін білдіріп, кенес сұрады. Науай оның бұл тілегінің, оның тұрақсыздығының нәтижесі деп түсінгендейдіктен әуелі қабағын түйіп үндемей отырды. Хайдар барлық көңілі әскер өнеріне ауғандығын баяндай бастады.

— Менің ата-бабаларым, — деді ол көтеріле сөйлеп, — поэзия мен музыка өнерін қылыш пен садақ өнерімен үштастыра білген. Мен де осы жолды таңдадым. Бұл мақсатқа жету, әлде, мүмкін емес пе?

— Неге мүмкін болмасын, — деді Науаи, Хайдарға тігіле қарап, — ұрыс майданы жігіттерді ысылдыра түседі, жігіт үшін ержүректілік, қаһармандықтан асқан абырай бар ма! Отан үшін, ел үшін от басып, су кешіп жеңіс туын жоғары көтере білетін батырлар керек. Бірак, адам әрбір өнерге, әрбір іске шын ниетпен, зор ынтамен кірсіу тиіс. Егер ынта болмаса, адам ешбір істің үдесінен шыға алмайды. Егер жауынгерлік іске шынымен көnlіq ауған болса, бар ынтаңды соған сал, әскери адам бол. Онда менің құттықтағаннан басқа айтарам жок.

Хайдар қуанып қалды. Қылыш өнерін жақсы білген батыр жігіттер туралы сөйлей бастады. Сол кезде бірнеше қызыметшілер келіп қалды. Хайдар оларға қарап, асығыс екендігін сезді де, сөзін шала-шарпы тауысып, қоштасып үлкен бақтың ішінде ғайып болды.

Келген қызыметшілер Науайдың ата-бабасынан қалған егістік жерлерінде диханшылық істерін басқарушылар еді. Ақын олармен егін жайында, дихандардың тіршілігі және базардағы баға туралы көп әңгімелесті. Ол қамбада қалған өткен жылғы астықтың қалдырының біразын жетім-жесір жарлыларға үлестіріп бергісі қелетіндігін айттып, бұл жөнінде тығыз шаралар қолдануды бүйирды. Ақын біраз дем алу үшін ауасы мол таза бөлмеге кірді.

Песіннен кейін қонақтар келді. Бұлардың көбі үнемі келіп, онымен кеңесіп отыратын ғалымдар, ақындар, музыкашылар еді. Кейбіреулері ғылымның осы үш тарауын тамаша үштастыра білген адамдар еді. Қонақтар арасында небір үздік адамдар да болды. Мынау төрде бір ауыз сөйлесе, он есе күліп отырган келбетті ғалым Мир Миртаз. Ол жас күнінен неше алуан ғылыммен шұғылдануда. Ол күндіз-түні бірдей оқыйды. Біреумен бір мәселе жөнінде таласа қалса, бәрін де үмытып, оны жеңбей коймайды. Соның үстінен, ол шатыраш ойнауға мейлінше құмар адам. Бір ойынши кез келе қалса, онан айрылуы қыйын. Екі ойынши кездессе, біреуімен ойнап отырып, «сен де ойнап кет» деп, екіншісінің етегінен үстап жібермейтін, Оқта-текте өлең де жазып қоятын. Оның жанында отырган орта жастагы, өткір көзді қатпа адам азербайжандық Хожа Хиясиддин Дихтар еді. Ол қай пән жөнінде болса да қызу кеңеседі. Әсерлі дауыспен ән сала біледі. Хикаяларды жатқа айтқанда жүрт-

тың аузы ашылып қалады. Тамақ пісіруге келгенде не- бір атақты ашпаздарды жолға тастап кетеді және ол өте сықақшыл еді. Бір кезде ол Науаға қонақ болып отырып, өзінің өнерін бір-бірлеп көрсеткен болатын. Ақырында бір бұрышта үрпіп тұрган, күл мен күнді сықақтап, әзіл айтып мәжілістегілердің бәрін ішегі қат- қанша күлдірген болатын. Ол оқыйға сол күні бүкіл Фиратқа жайылған. Сәдір Катиб ақын — қыймылы да, сөйлеген сөзі де өзіне жарасып тұратын адам. Аязи ақын өз өлеңін мәжіліске оқып беруден бұрын оны әуе- лі әбден мақтап алатын. Сондықтан ақынның ашықтан- ашық көрініп тұрган кемшілігін айтуға да ешкімнің ба- тылы бара қоймайтын.

— Қандай қыйын операциялар жасадыңыз, бізге со- ны айтып берініз, — деді Науаи Шайх Хұсаин дәрігер- ге.

Түйік, сөзге сараң кексе дәрігер қою қасының астын- дағы өткір көзімен мәжіліске бір қарап алғып, басқалар- дың да көңілі, назары өзіне ауғандыған байқап, «айту- ға тұрарлық ешиәрсे жоқ» деп пәлденіп, даусын кенеп алды да, әрбір сөзін баптап, салмақтап сөйлемді. Ол ор- дадағы палуандардың біріне өштескен дүшпандары тап беріп, қанжармен 17 жерден жара салғандығын, сол жа- раларды емдеудің амалын тауып, ал бірақ ішектерін ті- гүге келгенде көп қынағандығын, өзінің тапқан жаңа амал-айлаларын әңгіме етті.

— Жаралының халі қалай? деп сұрады Науаи, мейір- лене.

— Сауығып келеді, — деді оған тәүіп.

— Балуанның тез сауығып кетуін, сөйтіп өз дүшпандарымен белдесіп кек алуын бүкіл Фират күтуде, — деді Хафиз Яри ақын.

Тәуіптік және жараларды емдеу әдісі жөнінде қызу әңгіме басталды. Шайх Хұсаинның, өлісі бар, тірісі бар және басқа тәуітердің амал-айлалары туралы ертегі- дей қызық әңгімелер айтылды.

Әңгіменің ақыры өлең жырға көшті. Ақын хияли жа- на ғазал оқыды. Бір қалыпты пішінмен, қозғалмай оты- рып, ден қойып тыңдаған Науаи оның ғазалына сүйсі- ніп, жоғары баға берді: «сіз енді ақындықта жаңа тұған ай емес, толықсып толған ай болыпсыз» деді. Бұл сөз мәжілісте отырғандарға үнай қалды. «Дұрыс айтылған сөз, тауып айтты» деген дауыстар естілді.

Ақындардың бүйірі қыза тұсті. Бірінен соң бірі турегеліп, тұсті қағазға әшекейленіп жазылған газалдарды, муаммаларды, толғауларды, жырларды кезектеп оқый бастады. Ақындардың әрқайсысы ең соңғы, тұжырымды бағаны Науайдан күтті. Ақын әр шығармадағы әдемі айтылған ойды, орын тепкен сөзді мадақтап отырды. Сонымен қатар, ол өлеңнің өлшемеін де, үйқасын да, ырғағын да, кездескен кіші-кірім кемшіліктерді де дереу сезіп, әдемі сөздермен жөндеп отырды.

Аязи ақын кеудесін керіп, қолына бір парап қағаз үстап кезек күтіп сабырсызданып түр еді. Науай онан:

— Қәне, сіз нендей тарту әкелдіңіз? — деп сұрады.

Отырғандар Аязи ақынға күлімсірген пішінмен қадала қарай қалысты. Ол қағазын бүктеп тізесінің үстіне қойды да, ежелгі әдетімен өз ғазалының ерекшелік хасиеттерін аспай-саспай баяндай бастады.

— Бізге де сөз қалдырсаңызшы, өз пікірімізді айтуға рұхсат шығар? — деп күлді Науай.

— Азырақ сабыр етініз, — деді Аязи сөзге құлақ аспай, — өлеңді окудан бұрын оған түсінік беруді өте қажет деп білемін.

— Біз қай жерде отырмыз, ақындардың мәжілісінде отырмыз ба, немесе базаршылардың арасында мыз ба? — деді әзілкештердің бірі.

— Аязи мырза болашақ шабуылдарға қарсы алдын ала қамал соғып жатыр, — деді музыкашылардың бірі.

— Аязи мырза өзінің ескі әдетіне басып, қамалды құмның үстіне соғып жатыр, — деді Науай кекесінді пішінде.

Аязи жүрттың сөзіне құлақ аспай, түсінік беруін тоқтатқан жәк. Бір кезде кеудесін керіп жіңішке абындауыспен оқый бастады. Ғазалдың қайбір шумағы болсын қатадан сау емес-ті. Тыңдаушылардың бірқатары «бәрекелде» деп айқайласты. Ақын бұл кекесінді мактау деп түсініп, лепіре тұсті. Науай ақынның бишаралығына налыды, оған сездірмей бір курсініп алды. Әдебиет жөніндегі кенес созыла берді. Хафиз Ярий, Асифи, Шайх Сухайли тағы басқалар өздерінің шығармаларын оқыды.

Дастархан жайылды. Неше түрлі нақышпен әшекейленген кеселер, пиялалар, шыны аяқтар жазығы гүлгей құлпыра тұсті. Ішілген шарап көз жанарын жайнатып, сөз қазаның қайнатып, ўстаз Құлмахаммед, Шайх Наи,

бұлардан тәлім алған тағы басқа бірқатар музыкашылар өз өнерін көрсетіп, гүл аландарын, тыныш ауаны сыйқырылы үнге толтырды. Әдемі қыпша бел шөлмектерден лықылдаш кеселерге тағы шарап күйилди. Шарап күмар шат көніл, мәжіліске өуес ақындар суырып салып өлең айтып, шарапты өлеңдетіп ішіп, шат-шадыман болысты. Қөнілі қөтерілген шал ғалымдар, мұдәристер есқи ақындардың шарапқа, жүзімге арнаған ең көркем өлеңдерін қайта-қайта қайталап ішісті. Мәңгі өлмес Fұмар Хаямның жырдан өсірген гүл алаңында үзілмеген бір гүл қалмады.

Әзіл, сықақ басталды. Өзінің мимандары сыйкты Науай да көп ішті, және көп құлді. Өзіне айтылған әзілдерге өзінің өткір, жарқын сезімен, іркілмей жауап қайырып отырды. Хожа Фиясиддин өзінің тамаша өнерін көрсетті. Ол жаңа өспірім жас жігіттей назбен биледі. Фарсы және түрік өлеңдерін айтты. Соңан соң ол Фираттағы кейбір маңғаздардың пішінін бейнелеп, мазактай бастады. Отырғандар бұған шегі қатып күлісті.

Қонақтар тарады. Олардың артынша көп ўзамай Хожа Афзал, Дәруишәлі және басқа бірнеше ақынға жақын, қызмет адамдары кіріп келді. Науай оларды бақшаның ортасындағы шатырға алып барды. Достарынан хәл-әхуал сұрағаннан кейін, әлгіде ғана тараған жынынның әңгімелерін айтып, оларды құлдірді. Әнгімeden кейін ол күннің батар алдындағы шүғласына бөленген бақшаға, ағаштарға біраз қарап тұрды. Қөгілдір аспанда мақтадай ақ бұлттар жай жылжуда... Ақын кенет бұрылып, Хожа Афзалға қарады. Оның бірдене айтқалы тұрғанын сезді.

— Сіз маған бірдене айтқалы тұрған көрінесіз ғой,
— деп сүрады онан.

— Ақын аға, біз сізге кейбір істердің жайын хабарлауға келіп едік. Мүмкін ол істер сізге әлдеқашан-ақ мәлім болар, — деді Хожа Афзал. Науай жаққа еңкейіп:

— Мезгілінде хабарлау — достықтың борышы, — деді Науай сезіктеніп.

Хожа Афзал Мәждиддин Мұхаммед пәруанашының өзінің досты құмарпаз Әмір Мағұлды Астрабатқа әкім етіп тағайындауға жанталасып жүргендігін, уәзір Нивамұлмұліктің амал айлаларын, Шахабиддин казының және қала билерінің сорақылықтарын, ақырЫнда патша-

ның төнірегін жексүрын мансапқор адамдар қоршап алғандығын айтты.

— Патшаны бір топ құтырған иттер қамап алған, — десеніз онан да ғері дұрыс болар еді, — деді Науай ызланып, — олар күні бойы пасықтық істер істеп, ахмақтық жолда болады да, күндіз қала мен қыстақты кезіп жүртты тонайды. Патша ол иттердің арасында өзін қаблан деп санап, олардың жемтіктеріне ортақ болады.

Бұл сөздерден шошыған достары жерге қарап үндемей қалысты. Ол тым-тырыстықты бір кезде Дәруишәлі бүзди.

— Падша хазірет бір дағдырыска үшыраған тәрізді... — деді маңдайын сыйпат.

— Олай болса біз оны дағдырыстан шығарып, әділеттің, ақиқаттың жолына түсіруге күш салуымыз керек, деді Науай сеніммен.

— Элішер тақсыр, — деді диуан қызметшісі бір жас жігіт, — сіздің көңіліңіз күндей кіршіксіз, бірақ дұшпандар патшаға жарық жұлдыздарды күңгірт қылып, адал ниеттерді арам етіп көрсетуде.

— Олар барлық жерге жауыздықтың үріғын себуде, — деді жанарсыз көзді қарт чиновник сөзге араласып.

— Біздің халкымызда жақсы мақал бар, — деді Науай құлімсіреп, — «Ит үреді, керуен көшеді».

Дәруишәлі басын бірден көтеріп алып, мұртын тістеді. Ол өз ағасынан мұндай жұмсақтықты емес, үзілді-кесілді шараптар қолдануға әзірленген, батыл сөздер күткен еді. Ашуға шыдамай тітіреп кетті.

— Олар сізге қастық ойлап жүр. Сізге күнDESC Мәждиддин Пәруанашы қайткен күнде де сізді сүріндірудің қамында, — деді Дәруишәлі.

Хожа Афзал үлкен жібек сәлделі басын изеп оның сөзін макұллады. Науай Дәруишәліге қадала қарап:

— Інім, ол арамзалардың қандай ниетте екендігін мен білмейді деймісің? — деді Науай қыза сөйлеп, — Мәждиддин кім! Онан өткендері де бар. Жыйнап алған жұз мың теңгені азынып, тағы тіміскіленіп жүргендер бар. Отанды бөлшектемек болып жүрген опасыздар барын да білеміз. Оларды, әрине, жою керек. Бірақ бұл істе мейлінше әділ, тұра болу керек. Өзгелер қыңыр-қыйсық болса, біз оларға ермейік. Нажағай қанша биіктегаштылдаса да, қыйсық болғаны үшін жер астына кете-

ді. Май шам түзу және әділ, қашан жанып біткенше ол жарық сәулесін шашады.

— Мен майдан алаңын дүшпанға беріп қоймау керек дегенді айтпақшы едім, — деді қызарып Дәруишәлі.

— Өте дұрыс пікір, — деді Науай қолын сілтей сөйлеп. — Бірақ мұны біз жеке бастын өшпенділігіне айналдырмауымыз керек, әрбір мәселені терең талқылап, әділ шешуге тиіспіз.

— Эрине, — десті бірнеше кісі бірден.

— Біз отанымыздың көгіндегі зұлымдықтан қара бұлтын қууымыз керек, — деді Науай сөзін аяқтап, — халыққа кім жәбір-жапа көрсетсе, сол біздің дүшпанымыз. Әлхамдүлилла, зұлымдықтың семсерін сындыруға мен әлдеқашан бел байлағанмын. Бұл хасиетті істе біз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруымыз керек. Біз өз басымыздың қамын емес, халықтың пайдасын ойлауымыз керек. Мен үшін барып тұрған шындық осы.

II

Науай күн сайын диуанда және басқа жерлерде өз жауларының әрекеттерін аңдып, бақылай бастады. Диуанда және басқа жерлерде оған және оның жүргізген шараларына қарсы істелген астыртын істер күннен күнге айқынырақ сезіле бастады. Шірін сөздің, сый хұрметтің гүлі арасында у жасырулы еді. Мәждиддин Пәруанашиның басы күн сайын жоғары көтеріле түсті. Низамұлмұлік астыртын айла жүргізіп, алыстан болжап қаскунемдік ойлайды. Олар маңызды мемлекеттік істерді Науайдың катысуынсыз жүргізуге тырысады. Бір кездерде қылмыстары үшін Науай қызметтеп қуған адамдар өкімет билігіне қайта жармасып, жоғары өрлей бастады.

Науай дүшпандарының мемлекетке және халыққа зыянды әрбір әрекеттеріде қарсы наразылық білдіріп отырды. Бірақ дүшпандар онымен есептесуге мәжбур болса да, оның соққысымен сынған құралдарын қолдан тастамады.

Бір күні зекет мәселесі жөнінде Мәждиддинмен қаты шайқасқаннан кейін, Науай Хұсайн Бақараға барды. Патша оны әр уақыттағыдай хұрметтеп қарсы алды. Ақын оған өзінің атынан әмір жүргізіп, зұлымдық іс-

тер істеліп жүргендігін айтып, бүкіл денеге таралмай тұрып, бұл мерездің алдын алу керектігін түсіндірді. Хусайн Байқара Әлішердің сөзін көніл қойып тыңдады. Бірақ біреулермен есептесу керек екендігін, енді біреулерді ренжітпей керектігін баяндап екі үшты сөздер айттып, орнынан тұрды да, ақынды ойын-сауыққа қатысуға шақырды. Науай ғафу өтінді де, патшамен салқын ғана қоштасып, сарайдан шығып, атына мінді де, жол тартты. Садриддин Қашқаридің қалың ағашпен қоршалған биік моласының жаңына келгенде, ақын аттан түсті. Бір үйдің есігін қаққан бойда, қызметкер жүгіріп шығып, аттың тізгінін үстады. Науай хаулінің төріндегі екі терезелі аласа үйге келіп кірді. Жасы 60-тарға келген, бірақ әлі шыйрақ шал Науайдың өтінішін тыңдамай орнынан түрекеліп, маңайында десте-десте болып қаланған кітаптардың арасымен келді де, мейірбандықпен қуана амандасты. Бұл қарт ақын Абдірахман Жәми еді. Оның шығармаларын мындаған адамдар сүйсініп оқытын. Бұл атақты ақынның өлеңдері, ғылыми шығармаларының даңқы өз елінен өзге елдерге де жайылған болатын. Ол әрі ақын, әрі ғалым адам еді. Бүкіл мемлекеттің ғалымдары, ақындары, атақты адамдары оның алдында бас иетін, патша мен шахзадалардың өздері де онымен жақын болуға тырысып, шын ықыласпен тәжім ететін. Алайда, бұл шал өте қарапайым, кішіпейіл адам еді. Ол дәруиштерше киінетін, мәсісінен бастап, үлкен сәлдесіне дейін көнетоз болатын. Жәмидің үлылығы және жарлылығы оны бұрынғыдан да үлкен көрсететін. Бірақ оның даңқын есітіп жолығу үшін әдейі іздел келген кейбір оқалы тонды, үлде мен бұлдеге бөленген дәулетті адамдар, Жәми алғаш кездескенде, оның үстіндегі дәруиштердің киіміндегі өңсіз киімдерді қөріп, «бұл Жәми хазіреттің қызметшілерінің бірі болуы керек» деп ойлаپ, соңынан ыңғайсыз халге түсіп, үялып қалатын кездері көп болатын.

Жәми қонақты жұмсақ пәстекке отырғызып, өзі кітаптар арасындағы әуелгі орнына барып отырды.

— Бүгін сізді қөруге ынтық болып отыр едім, — деді шал кішкене ақ сақалын сыйрап қойып.

— Менің көнілім әр қашан осы үйге ауады да тұрады; амал қанша, толып жатқан машақаттардан арылуға мүмкіндік жок, — деді Науай.

— Сіздің сөзіңіздің дұрыстығын біз сыйқты кіші-гірім

адам түгіл, тәнрі де қостар. Халыққа қызмет ету шын-мағнасындағы ұлы адамның ісі. Мұндай қыйындық ма-шақаттарды бастан кешірудің өзі бір ғанибат.

Науай мемлекет ішіндегі тәртіпсіздіктерді, әділетсіз-діктерді қоріп, ренжігенін қысқаша баяндағы.

— Сіздің халыққа деген махаббатыңыздың таза гүлдерін көзіміз қоріп отыр, — деді Жәми жұмысқа дауыспен. — Енді осы гүлдің жемістерін қорсек деймін. Қандай қыйындықтар кездессе де оны патшага хабарлап отыру керек.

Бұл екі ақын, жастарының үлкен кішілігіне қарамай, тарихтың егіз перзенті еді. Өн бойларындағы рухани күштердің молдығы оларды айрылмас берік дос еткен. Науай өзінің әкесі қатарлы Жәмиді дариядай мол білімі, шарықтаған жыры, кіршікіз таза жүрегі үшін шын ықыласпен сүйетін, оны үстазындаі хұрметтейтін. Жәми де Науайды осындаі хасиеттері үшін сүйетін. Жәми ғасырлар бойы ақындар дөрекі, олак тіл деп келген түрік тілінде тамаша шығармалар жасай білген. Өз тілінің гүлдерін дестелеп жыйнай білген Науайды ол жаңындаі жақсы қоретін. Онымен өзінің достығын мақтан ететін.

Әдеттегіше, қызу әңгіме басталды. Науай көбінесе соғизм, дәруиштік философия туралы сөз қозғады. Жәмидің бұл философияны жақсы білетін, оның үстіне, Жәмидің өз өмірі осы философияның жарқын бейнесі еді. Екі ақынның әңгімесі барған сайын тартымды, қызықты бола берді.

Науай тарихта атакты шайхтардың өмірі, пікірі, идеялары, олар туралы шығарылған өртегілер туралы кітап жазуды Жәмиден өтінді. Жәми мұндай ой өзінде көптен бері барлығын, Науайдың көмегімен бұл кітапты қалайда жазып шығатындығын мәлімдеді. Науай оған қатты қуанды. Кітап жазылып болысъмен оны дереу фарсы тілінен Түрік тіліне аудару қажеттігін сөйлесті. Кітап туралы екеуі үзак әңгімелесті. Науай терезенің алдында, хауліде өскен биік жас шынарға қарады: кеш болып қалған екен. Кетуге рұхсат сұрады, Жәми текшеге қол созып, бір қалың кітапты алды, сөйтіп кітаптың ішіне салулы жінішке қағазды алып тұрып, күлімсіреп:

— Мір, сіз көnlіңіздің дариясынан асыл меруерт та-уыпсыз, оның даңқы халық арасына кең таралыпты. Біз де оны терең зерттедік. Сөйтіп дәл сондай бір шығарма

жазуға әрекет істедік. Қөрініз, мүмкін үнатаresыз, — деді. Сөйтіп әлгі қағазды Науайға үсынды.

Ақын қағаз бетіндегі өлеңнің жолдарына көз жүгіртті. Бұл Жәмидің «Жамалың жалпы әлемді таңырқатып» деп басталатын Науайдың ғазалының өлшеуімен, соның ыргағымен және үйқасымен фарсы тілінде жазылған Жәмидің өлеңі еді. Науай зор шабытпен, дауыстап оқып шықты. Сөйтіп ол қарттың үрпік қастарының астындағы терең ойлы өткір көздеріне қадала қарады.

— Біздің ғазалдарымыздың халық арасында даңқы жайылғандыры жөнінде лақап тарап жүр, — деді Науай салмақпен. — Сіздің бұл гауhar жырыныздың даңқы дүние жүзіне кетеді.

Жәмидің көздерінде куаныш нұры ойнады.

— Бұл ғазалдың бір нұсқасын көшіріп алуға рұхсат етініз, — деді Науай, көзімен қалам сыя ізден.

— Әуреленбеніз, — деді Жәми қолын көтеріп, — мен бұл нұсқаны сіз үшін әдейі әзірлеп қойған ем.

— Сіздің бұл сыйлығыңыз мен үшін шексіз бағалы.

Науай қағазды жақсылап бүктеді де, қалтасына салып, қартпен қоштасты. Жәми оны сыртқы есікке дейін шығарып салды.

Күптаннан кейін «Бинафша бағ» тың сыпасына Фирраттың ең атақты нақышшылары, үй салушылары, бояушылары, оюышыларынан 40 — 50 адам жыйналды. Бұлардың көпшілігі арнаулы мектеп көрмеген болса да, ғасырлар бойы бай тәжрибелі жыйнаған, терең ойлы, білгір тамаша шеберлер еді. Ақын оларға «інжіл» жағасына салуды үйғарған зәулім үйлер жөнінде пікір айтЫП, олармен тұннің жарымына дейін кенес құрды.

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

1

Мәждиддин өзінің патшадан сұрап алған жеріндегі жаңа бақшасында қонақасы беріп жатты. Бұл — алғашқы гүлдері енді ғана ашылған, үйлеріндегі нақыштардың бояуы әлі кетпеген, ағаштары жас, әсем бақша еді. Алта бойына үздіксіз ішіп әдеттенген бектер мен әкімдер кеп ішіп қызарса да, әлі мас бола қойған жок-ты. Өзара кенесіп, гулесіп отыр. Жалғыз-ақ кесірткедей қансыз Шахабиддин ғана көнілсіз еді. Ол меймандардың қайсымын қалжындастып, әзіл айтуды білмей, тосырқап,

атақты күлдіргіш Әбділуәсидің бүгін шақырылмағандығына ренжіп отырды. Мәждиддин пәруанашы көзін зымияндықпен қысып:

— Қази мырза, біз Әбділуәсиді қасақана шақырғанымыз жоқ, біздің бір ерекше кеңесіміз бар, — деді.

— Сіздің өзіңіз де әзілқой, әжуашіл адамсыз фой, кәне бастаныз, — деді Әмір Моғыл.

— Жоқ, мырзалар, мен шонжарлармен, әмірлермен әзілдесуді мәңгі қойғанмын, — деді қолын сілтеп Шахабиддин.

— Оның себебін біз білеміз, — деді кекесін күлкімен Мәждиддин, — Әлішер сазайынды тартқызған фой.

— Біз оны білмейміз. Қандай оқыйға болып еді? — деді елеңдеп, жасы бір талайға келсе де бала мінезді чиновник Хожа Хатиб.

— Бір мәжілісте Әлішер маған әзіл айтты. Мен оның іркілмей жауап қайырдым. Әзілім оның көңіліне келіп қалды, — деп сұқылықтап күлді Шахабиддин.

— Мен құланды жалғыз оқпен қалай құлатсам, сіз де ақынды солай дәл соққан екенсіз де, — деді керіліп, бектердің бірі.

Мәждиддин әңгімені бастауға жол өзінен өзі ашылғандығына сүйінді. Ол жүрттың көңілін өзіне аудармақ болып, жүрт күтпеген бір жаңалыкты хабарлайтында, даусын бәсендетіп:

— Тақсыр, бүған шүкірлік қылышыз. Бүл мәжіліске қатысып отырғаныңызды алланың шапағаты деп біліңіз. Әлішердің соққысының зардабын әлі татпаған екенсіз. Жұмақтай қаламыздан ол сізді қуып жіберсе, қолыңыздан не келеді?

— Садағаң кетейін-ау менің не жазығым бар? Алла тағала ондай ауыр халді ешкімнің басына салмасын, — деді көзі шатынап Шахабиддин.

Мәждиддин оған қарқылдап күлді.

— Хорасан ақындарының әулиесі Бинаидың тағдыры не болды?

— Елден-жүрттан қуылған жоқ па!

— Бинаи саяхат жасауға кетті, — деді бір шетте шатраш ойнап отырғандардың бірі.

— Ол бос сөз, сіздің ешнәрседен хабарыныз жоқ... — деді шатрашшыға алара қарап Мәждиддин.

— Бинаидың Әлішердің арқасында атағы шықты, — деді буыла сейлеп Шахабиддин, — акырында, ол қай

жер болса сол жерде өз ўстазын мысқылдаپ жүретін болды. Фираттан кетер алдында да есегіне бір тоқым істеп, оны Әлішер тоқымы деп атап жар салды. Ал менің Әлішерге жазығым бар ма; мен оған не жамандық қылдым. Мен оның ана тілінде жыр жазатындығын жақтырмаймын, менің бар айыбын сол.

— Бинаидың да өзге айыбы жок, — деді Хожа Хатиб, сөзге араласып, — Бинаидың пікірінше түрік тілінде сөйлеу, — сорақылық. Сондыктан ол Әлішерді мазақ қылыш жүр.

Шахабиддин бір кесе шарапты сіміріп салып, үзын сақалын саусағымен санады.

— Бәрекелді, біз де сол пікірді қостаймыз, — деді Шахабиддин, сәлделі басын шайқап, — Фирдауси, Низами, Шайх Саади, Хафиз Шерази сыйқты поэзияның нұрлары әлемге жарық сәуле шашты. Ал біздің түрікшілердің шырағы өздерінің қара лашықтарын да жарық ете алмайды. Иран поэзия мен ғылымның қазнасы. Алла тағалам оның тілін пейіш бұлағының сұймен суғарыпты. Демек, біз де сол тілде жазуымыз керек.

Үнемі ішкілікпен және қарта ойнымен өткізілген тундердің белгісі бетінен ашық көрініп түрған Әмір Моғыл мастықтан сыйырайған көздерін Шахабиддинге қадап, оған қол созып пияласын соғыстырды.

— Пікіріңіз дұрыс, — деді ол демін ауыр алып, — жок, мен бұл мәселеге ешбір мән бермеймін, мейлі бұл-бұлдардың ішінде түримтай да сайрай берсін. Оларды да тындаушылар, үнататындар бар.

— Естуімізше, Науайдың данқы, оның үні бір жағы Казанға, екінші жағы Хотан мен Қашқарға дейін таралты, — деді отырғандардың бірі.

Әмір Моғыл сөзді бөлген бекке көзінің астымен ала-ра бір қарап, колындағы шарабын сіміріп алды да, былай деді:

— Мені әуреге салған /басқа бір жағдай. Науай Хорасанның билігін өз қолына алды, міне барлық бәле сонда. Ол барлық істерді, барлық қызметті өз бақылауына алды. Ата-бабалары Темірге және оның үрпактарына адал күлдай қызмет еткен, мемлекет таяныши болған бектерде қазір ешқандай билік қалмады. Олар қазір мұлдем бишара халде қалып отыр. Науай мемлекеттегі ескі салтты, әдет-ғұрыпты мұлдем жоюды көздейді. Қалалар мен уәләяттардың әкімдері есеп кітаптарын қол-

тықтап, дедектеп Фиратқа қатынап тұруға мәжбүр болды. Халық, әділдік, заң деген сөздерді бүркеніп Науай басқаша бір нәрселерді ойлад жүрсе керек.

Әмір Могылдың сөзі көпшілікке үлкен әсер етті. Шатраш ойнап отырғандар да ойынды тезірек бітіріп, әңгіме тындауға асықты. Мәждиддин қымбат бағалы жүзікті саусақтарын сыртылдатып мәжілістегілерге бір қарап алдып, жүрттың назарын өзіне аударып, қыза сөйледі.

— Науайдың халық туралы, әділеттік туралы даурықпа сөздері тәжрибелі мемлекет қайреткерлері үшін түкке түрмайтын бос сөз. Халық — мал. Оны айдау үшін малшиға керегі тек мықты таяқ. Науай қас бояймын деп, көз шығармақшы. Мәселен, кейбір хұрметті қазиларды, амалдарларды әділетсіз деп, қысым-жәбір көрсетті деп айыпташ еді, білмеген халық оған сүйсініп қалды. Енді амалдарлардың, уәлаят әкімдерінің үстінен күн сайын шағымдар түседе бастады. Бұл саясат емес, хиянат. Амал не, бұл шындыққа патшамыздың көзін жеткізе алмадық.

— Мен патшаны аяймын, — деді басын шайқап Хожа Хатиб, — Элішер Науай жүртқа өзін жақсы көрсетеді, мемлекет оның қолында ойыншық болады. Егер бір кездерде менің басыма тас жаудырған бұл жексүрінға тыйым салынбаса, ол бұлдіріп бітеді. Науайдың заң және әділдік деген сөздерінің артында зіл, зорлық-зомбылық жатыр.

— Зұлымдық, зұлымдық, — деді Шахабиддин аузынан көбігі шашырап лепіріп, — Хатиб мырза сіз өте дұрыс айттыңыз. Бұған енді бұдан артық қандай дәлел керек. Тындандар, мырзалар, мен оған мынадай дәлел келтіремін: мына мен, құлдарың, өз өмірінің барлық гүлін, бар қызығын сарп етіп, бір шығарма жасадым. Бұл шығармаға араб, фарсы, үнді тілдерінде ешбір кітап тең келмейді. Мен бұл шығармада хасиетті күранның «аяттары» мен «сурелерін» оңай табудың әдісін көрсеттім. Бұл әрбір мұсылман үшін пайдалы. Бірақ менің осы енбегім де елеусіз қалды. Мен үшін медресенің есіктері жабық. Науайдың төңірегіне топталған, медреселерде оқытатын мұдарристер және үстаздар астрономиямен, математикамен, тағы басқа сондай ғылымдармен шүғылданып, дінде бұлдіруде. Мұсылман дініне шек келтіруде. Дін, шарифат қайда! Әділеттік деген қайда!

— Бұл жөнінде халыққа ашықтан ашық айту керек. Кази мырза, — деді Мәждиддин.

Мәждиддин шарап құйып беріп отырған әдемі киімді жас жігітке ым қақты. Қөркем кеселерге қып-қызыл шарап құйыла бастады. Мастық — сырды ашты. Қазнадан қаптап алтын, күміс алатын бектер, жоғары мансаптағылар қалаларды, бүкіл уәлаяттарды өзіне қарату жөніндегі армандарын айта бастады.

Думан нағыз қызған кезде елпілдеп Туғанбек кіріп келді, — үстінде оқалы жаға, көк жібек шапан, басында маңғолша қалпак, белінде неше түсті тастар қадалған кемер, қолында алтын сапты қамшы... Ол Мәждиддиннің көмегімен Хадиша-бегімнен туған патшаның сүйікті ұлы Мұзаффар мырзаның — жас шаһзаданың қошы жігіттерінің қатарына еніп алған еді.

Мас бектер Туғанбек шарап ішкен кеседен қайтсе де бір тамшы тамдыруға тырысты. Ежелгі әдет бойынша, бектер Туғанбекке айбы үшін қатарынан 9 кесе шарап ішуге қосты. Ескі дәстүрді қатаң сақтаған Туғанбек қарсылық көрсете қойған жоқ. Тек қана «бабаларымыздың әруағын осы оймақтай ыдыстармен жұбантамын ба» деп күлді. Бектер ерте заманның ержігіті, деп оны арқадан қақты. Оған арнап ұлкенірек шөлмек алдып, келді. Шөлмектен шарап құйыла бастады. Туғанбек тізерлең отырып алдып, шөлдегеннен қораны бұзып шығып, кез келген арыққа киіліккен бұқадай, шарапты дем алмай сіміре бастады. Бір тамшысы қалмаған шөлмекті төңкереді. Мастар көздерін сүзіп Туғанбекке қарауда. Шарап шөлмекке орталау құйылса «қүй-қүй» деп айқайласады бір бірне: «Бұл Амударияны да тауысар» деседі. Туғанбек тоғызыныш шөлмекті тауысып төңкерді. Ішіп болып жириен мұртын суртті де, тістерінің арасынан шырт еткізіп бір түкіріп, жайласып отырды.

— Шыңғыс хандай жаһангерлерге қошы болуға лайық жігіт бўл, — деді Хожа Хатиб Туғанбекті нұсқап.

Ішкілікті думан қыза түсті. Шахабиддин ішіп-ішіп, өліктей сұлап жатып қалды. Туғанбек бастыры Мұзаффар мырза болып жұз жігіттің аңға шыққанын, 10 күн үдайы аң аулағандарын, жас Шаһзаданың оқ атуға не-дәуір үйренгендігін, тары басқаларды әнгіме етті. Аңшылық және құстар жөнінде кейбір бектермен таласты. Ақырында думанның тез арада бітпейтінін де сезіп, Мәждиддинді ымдаш шақырды да, қонақтардан бөлініп шықты.

Тұғанбек жас ағаштар арасында үндемей-түндемей өз жұмысымен болып жүрген Нұрбабаға жолықты. Онымен әуелі мейірбандықпен, әкесіндей хұрметтеп амандасып, хал-жайын сұрады. Бірақ аздан соң-ақ шараптың әсерімен лепіріп, қылжақтай бастады. Шалдың жұмсақ ұзын ақ сақалын тұтамдап үстап: «бұл не? Мұнан сыпрығы істеп «Әлішердің сыпрығысы» деп ат қойсаң болмай ма?». Шалдың беттері ызамен дірілдеп кетті. Тұғанбек айқай салды: «қазір Фиратта біреу бірнәсе істесе, оны «Әлишери» деп атайдын болды, түсініп тұрсын ба, ку қақбас!»

Нұрбаба үндеген жоқ, көкірегінде кек қайнап, қабағын тұкситіп тұрды да, ақылды шалдарға тән байсалдылықпен:

— Эшілер Науана қарсы тістерінді қайрай беретіндерің не? Ол сендердің де сазайынды берген болар? — деді.

Тұғанбек бір қолымен шалдың белінен қапсыра құшактап, баланы көтергендей оп-оңай жоғары көтерді:

— Мен сені иттің күшігіндей домалатын лактырып жиберер едім, бірақ мынау сыпрығынды хұрметтеймін,— деді де, шалды жерге қойды. Нұрбабаның өңі сұрланып, көзі қарауытып кетті. Ол өзінің қу сүйек саусактарын Тұғанбектің иығына қойып тұрып, зілді сөздер айтты.

— Бекжігіт, мұндан асып-тасудың пайдасы не. Бұл дүниенің арзан ойын-сауығына надан адам беріледі. Аяғыңың астына қара, мыңдаған адамдардың көзі саған тігілуде. Сен оларды көрмейсін, бірақ көзің көрмесе де, көңілің көретін болар... Білемін, сенің бар арманың үлкен әкім болу, арғымак міну... Біз сияқты бақтысыз, әлсіз адамдарды сен көзге ілмейсің. Бірақ, біліп қой! Біз екеуіміздің де, баар жеріміз бір. Бәріміз де кара жердің қойына кіреміз. Біздің тірі кезіміздө айырмамыз бар: мен құлмын, сен басың бос атақты жігітсің. Алайда, жер қойында қатар жатамыз. Eh, мен не көрmedім, мен талай патшаларды көрдім, Шахрух мырза, Эбілқасым Бабыр мырза, Әусәйд мырза — барлығы да сапар шекті. Олар барған жерге жуырда мен де бара-мын. Патшаның да, құлдың да соңғы сапары бір.

Нұрбаба бейнетпен, азаппен өңі қашқан бетіне моншақтап тамған жасын ескі шапанының етегімен сүртіп болып, өз ісіне, жеміс ағаштарының түбін қазып, топырағын қосытуға кірісті.

— Кәрия, — деді кердиіп, Туғанбек, — насихатың жаман емес... Бірақ өмір шіркін қыска, көзің тіріде дүниенің шаңын шығарып бак!

— Сол шаңға өзіңнің тұншығуың мүмкін, — деді жерден басын көтермей Нұрбаба.

Туғанбек алыста ағаштарды аралап қайтып келе жатқан Мәждиддинді көріп, соған қарай асыға журді.

— Қош, тағы не әңгіме бар, — деп сұрады Мәждиддин, бір қолымен алма ағашына сүйеніп.

— Хадиша-бегім бүгін кешке сізбенен сөйлеспекші, — деп сыбырлады Туғанбек. Мәждиддиннің көзі кең ашылып, сауығып кетті.

— Мұны о... о... оның өзі айтты ма, — деді ол тұтығып, — кай жерде кездесеміз?

— Бас кәнизәктері айтты. Мұзаффар Мырзаның жана сарайында кездесесіздер!

Мәждиддиннің езуі құлағына жетті. Туғанбек қожасына көзіңің астымен қарап тұр.

— Мәликеңізге бізді де таныстырып қойыңыз...

— Сөздің ретінә қарай көрерміз.

II

Құптаннан кейін пәруанашы Шахзаданың жаңа сарайына келді. Жүрттың көnlіне күдік тудырmas үшін ол қарсы алған қызметшілерге Шахзаданы көріп сәлемдесе кеткелі келгенін айтты. Қызметшілердің бірі қолын алысқа нұсқап, Мәждиддин қолымен нұскаған жаққа қарап еді, тұннің қара кемеріне түскен, шоқтай жарқырап жанған жұздеген шамды көрді.

— Неткен тамаша көрініс, — деді пәруанашы таңдағып, басын шайқап.

— Шахзадамыз күн сайын жаңа тамаша көрсетіп, жаңа ермек табуда, — деді жарық шықкан жакқа қарап тұрып, қызметшілердің бірі.

Мәждиддин сарай маңында біраз кідіріп бас кәнизекке кездесті. Қәнизек кетіп қалып, әлден уақыттан соң қайтып оралды да, Мәждиддинді қаранғы, окшаша жолмен ертіп кетті. Мәждиддин барлық терезелерінен от көрінген екі қабат зәулім үйге келді. Сөйтіп оның екінші қабатына көтерілді. Қап-қара екі күн әйел отырган алдыңғы үйден өтіп, әшекейлі әдемі бөлмеге кірді. Оның көзі алдымен төрдегі ашық терезенің жанында қат-қа-

бат шайы көрпелердің үстінде жамbastap, жастыққа сүйеніп жатқан әйелге түсіп, иіліп тәжім етті. Артынша әйелден рұхсат сұрап тағы тәжім етіп, аулағыраққа тізэрлеп отырды. Құң әйелдер май шамдардың пілтесін қырқып, дұрыстап, артымен шегіншектеп шығып кетті.

Хадиша-бекімнің киімдері, әшекейлері пәруанашының көзін еріксіз тартуда. Бірақ ол байсалды болып көрінуге тырысып, жерге қарады.

— Ханым, ахуалыңыз жақсы ма? Қоңіліңіз шат па? — деді Мәждиддин.

— Құдайға шүкір, — деді Хадиша-бекім ўзын саусақтарымен самай шаштарын түзеп. — Мен сізді уақытсыз шақырып мазалаған жоқпын ба?

— Жоқ, Ханым, мен сіздің алдыңызға аяғыммен емес, басыммен жүріп келуді өзім үшін үлкен бақыт деп санаймын.

Хадиша-бекім өзін халық қамын ойлаған Ханым етіп көрсетуді сүйеді. Соның үшін ол өзінің әдеті бойынша, әуелі мемлекет істері жөнінде сұрады. Мәждиддин манғазданып, әділетті ұлық патшаның және Хадиша-бекім сыйқты ақылды ханымның дәүірінде бүкіл мемлекет дәүлетінің шалқый түскенін сұлу сөздермен сыйпаттай бастады. Реті келгенде өзінің мемлекетке көп еңбек сіңіргендігін айтуды да естен шығарған жоқ. Хадиша-бекім біресе өзінің шаштарын түзеумен шұғылданып, біресе қараңғы бақшаның ішіне қарап Мәждиддиннің сөздерін көңілсіз тыңдады.

— Мен сізді көбірек үнатканым үшін, кейбір істер жөнінде кенессем деп едім, — деді Хадиша-бекім.

— Қөрсеткен ұлы мархаматыңыз үшін алғысымды жеткізе айтуға сөз таба алмай отырмын.

— Ұлыңыз Мұзаффар мырза, құдайға шүкір, өсіп, онсолын танып келеді, — деді Мәлике бір ойға кетіп.

— Хорасан тәжінің асыл гауһары Шаһзадамызға тәңрі Хызырдың өмірін, Сулайменнің тақтын берсін!

Хадиша-бекімнің бояулы бетінде күлкінің ізі байқалды.

— Ана үшін перзентінің бақытты болуын тілеуден куанышты не бар! — деді ол мұләйімсіп, — тәрі өмір берсе Мұзаффар мырза лезде ер жетеді. Оның ойында алуан тілектер болады, оның да қол бастап жорыққа аттанатын күндері болады. Солай емес пе?

Хадиша-бекімнің көкейгесті ойы Мәждиддинге бірден белгілі бола қалды.

— Патшаның баласына халық пен әскер керек, Дәруштің баласына мешіт керек, — деді күліп Мәждиддин.

— Сізден жасыратын сырымыз жоқ, — деді Мәлике боялған жіңішке қастарын қағып, — үлымның болашағына қазірден бастап жол ашып, әзірлік жасау керек. Білемін, шахзадалардың әрқайсысының өз тілегі-арманы бар. Өздерінің сүйенетін адамдары бар. Бадуиззаман патша тақтының мұрагері. Менің балам ондай үміттен аулақ, ендеше үлым үшін әйел басыммен өзім әрекет іс-темесем болар емес... Менің ойымды түсінген бұларсыз, — Хадиша-бекім мейірленіп қадала қарады.

— Маған сіздің ойыныз раушан күндей айқын... Аузыңыздан шықкан сөздің бәрі асыл. Эр сөзінің сіздің асқан ақылдылығыңызды, терең ойыңызды сыйпаттайты.

— Жарайды енді сіз бұған қандай кеңес бересіз?

— Күліңіздың пікірін білгіңіз келе ме? — деді пәруанаши маңғазданып құлімсіреп. Соңан соң ол бір да-нышпан адамша пікір айта бастады: — менің ең алдымен айтарым сол, сіздің пікіріңізге түгелімен қосылам. Мұзаффар мырзаның бақыты үшін қазірден бастап шара қолдана бастау керек. Тағдыр дегеніңің өзі құбыл-малы нәрсе. Бірақ бұл жөнінде еш кімге сыр бермеу керек. Біреу-міреу білсе, құдай сақтасын, ақыры жақсы болмайды. Астыртын іс жүргізіп, әрбір адымды андан басу керек болады. Мұзаффар мырзаның төңірегіндегі бектердің, жігіттердің Шахзадаға берілгендерінде ешбір куман жоқ. Оның жаңында көпті көрген, сыналған, Тұғанбек сияқты батыр жігіттер бар. Шахзада осы сияқты бірнеше сенімді адамдарды өзінің қызметіне алуы керек.

— Сіз өзінің де Шахзадаға жол-жоба көрсетіп тұрса-ныз...

Мәждиддин манадан бері осы үсынысты күтіп отыр еді. Кол шапалақтау үшін екі қол керек, жалғыз қолмен шапалақтай алмайсын. Біреуі уәде берген соң оның да уәдесін алу керек.

— Патша хазіретке қалай қызмет етсем, Шахзадаға да дәл солай адап қызмет етем, — деді Мәждиддин қолын қусырып.—Патшаның алдында қашан болсын Шахзаданың мақтауын жеткізермін. Бірақ, шынын айтқанда,

бұл жөніндегі менің әрекетім мемлекет билігіндегі қызыметімнің дәрежесіне байланысты. Осы жағын ескерту керек болады. Менің сөзімнің қатесі жоқ болар.

— Дұрыс айтасыз, — деді күлімсіреп Мәлике, — біз мәселені ойланып көрерміз. Бұдан былай сенімді адамдар арқылы барлық іс жөнінде хабарласып тұратын болайык. Басқа сөзім жоқ.

Мәждиддин құлдық етті.

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

«Бинафша» бағының бір шетінде қалың ағаштың көленкесінде Науайдың қадірлі қызметшісі Шайх Бахлұл бүгінгі тамакты әзірлеуде даярлық жасауда еді. Ол өзінің қарамағындағы қызметшілерге әр алуан бүйрек беріп, іс тапсыруда. Бірақ оның әр кыймылында бір көңілсіздік байқалады, көз жанары қайғылы. Шайх Бахлұл жұмысын бітірген соң арық жағасында тақыр кілем устінде отырған Сахиб Дораны да байкамай, ағашка сүйеніп мұңайып отырды. Әлішердің бұл қызметшісі артықша шаттықты жақтырмағанмен үнемі жұмсақ мінезді, бір қалыпты адам еді. Шайх Бахлұлдың бүгінгі бұл мұнды халі Сахиб Дораны да таңдандырды.

— Бері кел, інім, біраз әңгіме соғалық, — деп Шайх Бахлұлды Сахиб Дора қасына шақырды.

Шайх Бахлұл аса жаратпағандай, жалқауланып орнынан тұрды.

— Бүгін өзіңіз көңілсізсіз ғой, — деді Сахиб Дора, оған жанынан орын көрсетіп, — көңілінізде нендей мұныңыз болса да айтыңыз, жасырманыз.

Шайх Бахлұл тақыр кілемнің бір шетіне отырды да бірден күлімсіреді.

— Менің ешбір қайғым жоқ, сіз бұған сеніңіз, — деді Шайх Бахлұл, — көnlімде жабырқау болған болса, оны айту да орынсыз болар еді.

— Орынсыз деймісіз, — деді Сахиб Дора ентелей туғсіп, — Әлішер хазіретпен араңызда бірер реніш болды ма деп қауіптенем. Сіз айтуға міндеттісіз.

— Дұрыс айтасыз, — деді күлімсіреп Шайх Бахлұл, — кеше кешке таман Әмір¹ диуаннан қайтып келіп, өз бөл-

¹ Әлішер

месіне кірді. Бірнеше минуттан соң мені шақырды. Мен Әмірдің атына келген хаттарды, арыздарды, өтініштерді жыйнап алғып бардым. Әмір столдың үстін нұсқал «жыйнаңыз» деді. Мен, шынын айтқанда, сасып қалдым, столдың үстінде май шам, сыя сауыт, қалам және бір кесе су тұр еді, қайсысын алайын деп амалсыз сұрадым. Әмір маған ала көзімен қарап «Бәрекелді, байымды екенсіз, бірнеше жылдан бері осында қызмет істеп жүріп осы күнге дейін тәртіпті білмегеніңіз бе? Өзің-ақ білмеймісін? Мынау шам болса, таң атқанша жанымда жанып тұрды, ал сыя сауыт пен қаламның қажеттігі айтпай-ақ белгілі. Демек, бұл жерде басы артық нәрсе не? — деді. Мен дереу сұы тола кесені алғып шығып кеттім.

Сахиб Дора санын соғып, қарқылдап күлді.

— Несіне күлесіз. Сенің бұл құлжің ашыған жарама тұз сепкенмен бір, — деді ренжіп Шайх Бахлұл.

— Астапыралда, макұл, күлмей-ақ қояйын. Я, сонымен тағы не болды? — деп сұрады Сахиб Дора орамалымен көзін сұртіп жатып.

— Ол онымен кетсе дұрыс-ау, ертеңіне Әмір өзінің қаттырақ айтқан сөздері үшін менен кешірім сұрады. Мен үялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым.

— Бахлұл, бұған сенің ренжитін орның жоқ, — деді Сахиб Дора, — Әмірмен оның ақылды қызметшісі арасындағы бұл уақыға енді бүкіл Фиратқа, мүмкін бүкіл Хорасанға таралар. Қай жерде Әмір Әлішердің аты аталса, сол жерде бұл әңгімede сөз болар, отырғандар күлісер оған. Бұлай болатынын сыйпаттау үшін сізгө мен бір мысал келтірейін: бір кезде Әмір хазрет «бағи фиғандай» үлкен конакасы берді, астананың көптеген ақындары, ғалымдары, атақты адамдары жыйналды, неше түрлі тамақтар тартылды. Дастархан жыйналған кезде Әмірдің сыртқа шығып ғайып болып кеткендігі мәлім болды. Мәжілістегілер үзақ отырып әңгімелесуге Әмірдің уақыты жоқ шығар деп ойладап тарап кетті. Сол кезде Әмір келіп, менен «қонақтар қайда?» деп сұрады. Мен түсінірдім, Әмір құтпеген жерден маған ашуланды. Ол қабағын түйіп маған: «Әлішердің үйі тілеген адам келіп, ас ішіп жөніне кететін асхана ма еді?» деді. Мен бұл сөзді бірнеше достарыма айтып едім, сол-ақ екен, лезде бүкіл Фиратқа жайылды. Якупбектен келген адамдардың хабарына қарағанда, бұл уақыға ол жер-

де де ауыздан-ауызға көшіп, мәжілістерде, думандарда қулкі үшін айтылатын көрінеді.

— Айтқаны рас, — деді Шайх Бахлұл, — ақын жөнінде айтылған әңгімені қай жерде болса да жүрт қызығып тыңдайды... Менің бұл ахмақтығым жүртқа жайылатын болды.

— Жоқ, сен қателесесін, — деді Сахиб Дора, — бұл уақыйғаны әңгіме еткенде жүрт сөзді: «Әмірдің ақылды және парасатты бір қызметшісі бар екен» деп бастайтын болады. Өйткені халық әр қашан үлық, тамаша нәрсегерді Әмірдің бойына тағады фой.

— Әсіресе, жай халық солай ойлайтыны рас, — деді Шайх Бахлұл, даусын бәсекеттіп, — ал басқа адамдардың ішінде ақынға қалай да мін тағуға тырысатындар бар. Олар бір кемшілік таба қойса, жерден жеті қоян тапқаңдай қуанады, ал қалың бұқараның Науан жөніндегі ойы басқа.

— Олай болса, Әмірге сен несіне ренжисін, — деді құлімсіреп Сахиб Дора.

— Жоқ, мен Әмірге емес, өзіме ренжимін, — деді жұмысарып жерге қарап, үялған Шайх Бахлұл. — Әмір Әлішердің айыптауға ешбір ҳақымыз жоқ, Әлішердің мойнына артылған жүк көп, оларды тауға артса, тау да төтеп бере алмас еді. Ол егер кейде көз алартып, ренжісе, онысына таңдануға болмайды, мұны мен, әрине, түсінемін.

— Бүйтіп балаша бұртандағанша мұны әуел бастанақ түсіну керек еді, — деді Сахиб Дора.

— Адамның кеңілі өте нәзік қой!

Шайх Бахлұл бақ ішінен шығып келе жатқан бақ өсірушілермен сейлесуге кетті, Сахиб Дора кілемгө жамбастады. Ол шолпыдай сылдырап ағып, түн көрпесін жамылып, мұлгіген қалың ағаштың арасына қарай өтіп жатқан арықтағы суға қарады. Оның ойына өзінің сүйкіті ғазалы түсті.

Оның хаты қойнымда,
Тулап соғад жүрегім.
Жарып шығып кеудемді,
Дейді: — хатты сүйемін.

Ол бұл ғазалды бұдан әрі айта берер еді, арт жақтан келіп ассалаумағаләйкүм! деген бір кісінің даусы оның ойын бөліп жіберді.

Сахиб Дора көзін сыйырайтып қол қусырып тұрған, бейтаныс жас жігітке қадала қарады.

— Не жұмысың бар?

Жас жігіт қызырып, әуелі жерге қарады да, соңынан басын қайта көтеріп, мандайын сыйапап тұрып:

— Таксыр, мені бұл жерге Сұлтанмұрат жіберіп еді. Сіз ол адамды білетін боларсыз?

— Еhe, ол адамды жақсы білеміз, — деді Сахиб Дора, — Неге келіп едің? Ол сізді маған жіберді ме, немесе Әмірге жіберді ме?

Жігіт сасып желкесін қасыды.

— Мені бұл жерге, сонда барсаң жұмыс тауып берер деп жіберіп еді. Науан хазіреттің өзіне айту керек пе?

— Керегі жоқ, түсінікті, — деді, Сахиб Дора оның сөзін бөліп, — осы жерде біраз кідірे тұр.

Жас жігіт арықтың жағасына отырып, көркем баққа таңырқап қарады. Сахиб Дора сақалын сыйапап, жалқауланып, орнынан түрегелді. Алманың бұтағына ілулі тұрған шапанын алып, аспай-саспай киіп, үлкен ақ сәлдесін басына орап болып, жігітке қарады да:

— Жүр, екеуіміз інжіл каналының жағасына барып қайтайык. Ол жерде сен болып па едің?

— Атын есіткенім болмаса, оны көрген емеспін.

— Фираттың өзі бір дүние ғой, Науан осы дүниенің ішінен жаңа дүние жасап жатыр... Я ғафу етіңіз, есіміңіз кім? Сұлтанмұраттың жақыны боларсыз?

— Атым Арысланқұл, Мұдәррис Мырзамен таныстырым бар еді.

«Інжілдің» жағасына келгенде қалың топтың ішінде Арысланқұл өзін ертіп келе жатқан адасып қалды. Біраз уақыт аңырап тұрды да, соңынан қалың топтың ығына есіп, ілгері жүре берді. Канал жағасында еңбек қазаны қайнауда еді. Бірнеше жұздеген адам терлеп-тепшіп аянбай жұмыс істеуде. Жүк тасыған арбалардың сыйыры, түйелердің бақырғаны, пілдердің айбат шеккен дауыстары, шеберлердің, іс бақарушылардың айқайы тағы басқа дауыстар Арысланқұлды есендіреп жіберді. Ол үй салушылардың жанына келіп тоқтады. Олардың кейбіреулері неше алуан тастарды жонып шаршылауда, біреулері тастың бұдыры бетін тегістеп жалтыратуда. Шеберлердің бір тобы тастан соғылған тақтайдың бетін оюлап жатыр. Тас бетіне салынған неше түрлі нақыштар Арысланқұлды қатты таңдандырыды. «Дү-

ниеде зергерліктен асқан өнер жоқ шығар, деуші едім, бұлардың өнері онан да қыйын екен» деді, ішінен Арысланқұл.

Әлде қайдан пілге артып тастар тасылуда, шеккей пілдердің үстіндегі тасты түсіріп жігіттер әрең көтеріп түсіріп жатыр. Бір шетте ағаш үсталары жұмыс істеуде. Балтаның, араның даусы ауаны жаңғыртады.

Арысланқұл күмірысқадай қайнаған қалың адамның арасында аландап, әр жаққа бір қарап, танырқап тұр. Салынып жатқан медресенің жанына келгенде, ол жағасына оқа тұтылған шапан киген жас жігітпен қызу сөйлесіп тұрған Сахиб Дораны қөріп, жанына бармай, алысырақтан тоқтады. Арысланқұл медресе соғып жатқан сәлделі, қалпақты шеберлердің қыймылына қарап таңырқап көп қарап тұрды. Үй салушылардың арасында белі бүгілген ақсақалды шалдар да жас жігіттей шыйрақ қыймылдан жұмыс істеп жатыр еді. Ондаған суретшілер қақпаның және медресенің биік қабырғала-рының сыртын әшкейлеп, нақыштауда. Нақыштардың бояуы жарқырап күнге шағысады. Күтпеген жерден алдына шыға келген Сахиб Дорадан ажырап қалмас үшін, Арысланқұл оның жанына келді. Әңгіменің қызығына түскен Сахиб Дора оның жанына келген Арысланқұлды сезген жоқ. Арысланқұл олардың сөзің бір ауық тыңдалап тұрды. Олар бір ғазал туралы таласты. Арысланқұл олардың әңгімесіне біраз құлақ салып тұрды да, теріс айналып: «Тағы да ғазал туралы талас! Е, Фират, Фират, кайда барсан ақынды көресін, қай жерде болсын — мешітте де, медреседе де, базарда да, асханада да әңгіме, жанжал, таластың бері ғазал туралы. Сөз жоқ, бұлардың екеуі де акын» деп ойлады ішінен.

Ақырында ақын өз дегені болмағанына ренжігендей Сахиб Дорамен салқын ғана амандасып, айрылды. Сол кезде Арысланқұл бір жөтеліп, Сахиб Дораның қарсы алдына барды.

— Тақсыр, мен сізден адасып, манадан бері іздел жүрдім, — деді қол қусырып.

— Е, інім, бұл жерде адаспау мүмкін емес, — деді күліп Сахиб Дора, — кәне, бері жүр!

Арысланқұл Сахиб Дорага ілесіп, оқшау тұрған ағаштың көлеңкесінде жұмысшылардың әрбір қыймылын бақылап тұрған орта жастағы, кең жаурынды, орта бойлы кісіге келді.

— Мынау інішекті сіздің қолыңызға тапсырамын, — деді Сахиб Дора Арысланқұлды көрсетіп, — жұмысқа алыныз, жүрт қатары ақы төлерсіз.

Әлгі адам жұмысшылардан көзін алып Арысланқұлаға қарап:

— Қайратты жігіт көрінесін, бірақ жалқаулық қылма. Егер жалқау болсаң жон терінен қайыс аламын, оған өкпелеме.

— Ондай жалқау мен емес, — деді Арысланқұл.

— Олай болса жарайды, белінді берік буып іске кіріс. — деді де, қолымен қыш тасушылар жақты нұсқады.

Арысланқұл бір үйім кірпішті арқалап, онша иілмей, төсөлген бөренелердің үстімен жылдам басып жоғары шығып бара жатыр еді, төмендегі бірнеше жұмысшы оған айқай салды.

— Ей, жас бала, көп зорлана берме, жай жүр, мерт боларсың!

Арысланқұл басшының бадырайған көзінен қорыққан адамша, төменде тұргандардың сөзіне құлақ аспай, жоғарылаған сайын иіле түсуге мәжбүр болса да, тоқталмай жылдам ілгері баса берді. Қышты түсіріп, жігіт төңірекке қарады. Қек жиекте Фираттың күн нұрына бәленген жасыл бақшалары көрінді. Бұл көрініс Арысланқұлдың қөңілін серпілте түсті. Ашық көкрегін аймалаған салқын самал оның ойын сергітті. Арысланқұл жүгіре басып төменге қайта түсті.

Песіннен кейін құрылыштың барлық жерінде жұмыстокталды. Адамдар терлерін сұртіп, киімдерін қағып, каналдың жағасына алқа қотан отырысты. Арысланқұл інжілдің ылайқа сұына беті-қолын жуып өз тобына келіп қосылып, ағаштардың көлеңкесіндегі жаюолы бойраның үстіне келіп отырды. Шаршаған адамдар желпініп отырып, өзбекше, фарсыша, Арысланқұл түсінбейтін басқа да тілдерде өзара әңгімелесе бастады. Жүрттың барлығы 40—50 адым әріректегі, маңында адамдар шоғырланған, булары бүркырап көкке қетерілген, үлкен қазан жакқа көздерінің астымен қарап қояды.

Құрылыш басқарушысы отырғандарға бір қарап алып, аспазға «бастандар» деп айқайлады. Дастанханшы шал әуелі кісі басына біреуден седана сепкен жұмсақ, наң үлестірді. Соңан соң нақышты, қыш табактармен сорпа үлестірілді.

Арысланқұл өзінің әдетімен тамақты жүрттың барлығынан бұрын жеп болып, өзімен істес адамдардың ешқайсысымен әзірге таныс болмағандықтан, оларды күтпей орнынан тұрып кетті.

Күріліста тым-тырыс, тек қана топтанған балалар тынырып жатқан пілдермен түйелерді айнала жүгіріп, оларды мазалауда. Әр жерде құрылышты әдейі көруге келген бөгде адамдар көрінеді. Арысланқұл әлгіде жұмыс істеген жеріне келді. Әрі-бері айналып жүріп, жатқызылған беренелердің үстінен жүріп отырып, жоғарыға шыққанын байқамай қалды. Осындай зәулім үйді қажымай зор сеніммен тұрғызып жатқан шеберлердің ісіне таңданды. Сонан соң ол алысқа көз жіберді. Ескі медреселер, биік мұнаралар, Шахзадалардың әшекейлі, ал-уан түске еніп күлпүрган үйлері, биік қорғандар көрінді. Бұлардың көбін Арысланқұл жақында көрген болса да, алыстан олар әлде қандай көрікті, көркем болып көрінді. Арысланқұлдың көзіне алыстан шынар ағаштармен қоршалған үлкен алаң көрінді. «Япырмау, мынау «бақ жаһан ара» емес пе? Дәл өзі...» деді Арысланқұл өзіне өзі. Басын ағашқа сүйеп тұрып бар әлемді естен шығарып кірпік қақпай қадала қарады: «Кім біледі, менің Ділдарым мүмкін сол жерде болар. Ол қазір перідей жақсы киініп, жасанып, сол шынар ағаштарының көленкесінде серуендер жүрген болар. Ол патшаның жүзінші қатыны болса дағы мені ұмытып кеткен болар!» Жігіттің көкірегін шер қаптады. Ауыр күрсінді. Өзін-өзі жұбатпақшы болғандай бірден өлеңдettі:

Көз қарасы неткен пәле,
Сүйдім, билеп алды мені!
Арманды сен айта бар
Жаздың ескен жібек желі.

Е, торғайлар! Жеткізіндер,
Кім екенін көздегенім.
Мәжнүн дағы көрмегенді
Қасіретімді көрген менің

Шерте көрме жүрек қылын,
Жая көрме зарымды сен.
Түсімде де көре алмадым
Фираттағы жарымды мен!

Арысланқұл қалпағын қолына альп, «Ей, қойши» деп мүлдем үміті кесілгендей қолын сілтеп, екі-үш адым іл-

гері басты да, кенет тоқтай қалды: бір топ кісі қарсы алдында онан көзін айырмай қадала қарап тұр еді. Бұлардың ішінде Арысланқұлға таныс болып қалған шеберлерден басқа жат адамдар да бар. Сол таныс емес тердің бірі — жақсы киінген бір манғаз, құлімсіреп:

— Жақсы жігіт, өлеңді неге тоқтаттың, біз тыңдай түспекші едік, солай емес пе? — деді тәңірегіндегі адамдарға қарап.

Салынатын үйдің жобасы сыйылған үлкен қағазды қолына ўстап тұрған қарт құрылышы баптана сөйлеп:

— Інішек, өлеңінді есітіп шерлі екенінді білдік, — деді.

— Эрине, біз өлеңдегі жүректі жарып шыққан жағынды сөздерді ынтыға тыңдадық. Қекірері дерпті адамның мұны екен өлеңің, — деді тағы да әлгі жас адам.

Арысланқұл бұл сөзден кейін өзін-өзі берік ўстап, қолын кусырып, былай деді:

— Таксыр, алдыңызда тұрған құлышыз әнші емес. Мені ўялтпай-ақ қойыңыз, кейде өзім ушін ғана осылай ыңылдалап өлең айтагын кездерім болады.

— Жоқ, іркілмей-ақ, өлеңдетіп жүріп істей бер. Жүрттың көңілі қөтерілсін. — деді әлгі адам.

Арысланқұл тас, кесек тасып жүрген жұмысшыларға көзі түсіп, жұмыстың басталғанын байқады. «Faфу етініздер» деді де жүгіріп төмен түсті. Арысланқұл қыш арқалап жоғары қөтерілгенде таңырқап тоқтай қалды: әлгі адам әсем шапанының етегін қөтеріп беліне қыстырып, білегін сыбанып алым жұмысшыларша жұмыс істеп, үй салушы ўсталарға қыш алғып беріп тұр. Жігіт оған тандана қарап ішінен: «Сырттан қарағанда манғаз адам сыйқты. Ал, шынында ісі мұлдем басқаша!» деді.

Арысланқұл оның жанынан өткен сайын қызыға қаруада болды, ол шаршар емес, қайта терлеген сайын қыза түсіп жұмысты жігерлене істеуде. Ақырында Арысланқұл білуге ынтығып өзімен қабаттаса келе жатқандардың бірін бүйіріне тұртіп, әлгі әдемі киімдін көрсетіп:

— Мынау мырза кім? Жұмысты жапыра істеп жатырғой? Әлде бастықтан қорыққанынан жанталасып жатыр ма? — деді де қарқылдалап құлді.

— Ой, бишара, сен бұл кісіні осы күнге дейін танымаушы ма едің? — деді жолдасы жүрісін баяулатып.

— Рас, білмеуші едім, бұл кісі кім еді?

— Науай хазірет осы. Ол әр дайым осында келіп бір мезгіл жұмыс істеп қайтады.

Арысланқұл шошыған адамдай елере қалды: «Науай!» деді өл өзіне өзі. Сөйтіп бұрылыш Науаига мейірлене қарап, көпке дейін онан көз алмады.

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

I

Дуан кенселерінің бірінің жанына неше алуан адамнан құралған бір топ жыйналды. Қүзетші қарт жен, шаршы қораны шандатпай абаймен сызыруда. Сақалы тарапландаі теп-тегіс. Құнді көп қыналмай өткізу үшін таңертең «ашы» шылым тартып, тәтті нәрсені қөбірек жейтін шалдар сыяқты бұл қарттың да түсі сүрланса, қансыз еді. Ол сызырығының үзын сабына сүйеніп түршп жыйылған адамдарға көзінің астымен қарап қояды. Ол бір танысын көріп жанына келді, сөйтіп оның арқасынан қағып тұрып,

— Әлішер мырза бір аптадан бері «чильдухтаран» да еді, онда жаңа құрылыш салынуда. Фиратқа ол бүгін түнде келді. Ал осыны жұрт біле ме екен?

— Біз мүмкін оны тусімізде көрген болармыз, — деді бір дихан.

— Фажап емес... өйткені Науайдың тілегімен халықтың тілегі бір, — деді көкпеңбек қолды, бәяушы сеніммен.

Сол уақытта біреу насыбай иіскегендей қайта-қайта түшкірді.

— Дұрыс айтасын, — деді бояушыға қарап қүзетші шал, — бұл заманда Науай сыяқты кіршіксіз таза, әділ адам табыла бермейді. Осыны айтты да, ол өз ісіне қайта кірісті.

Адамдар өзара күбірлесіп Науайдың қызметі, өмірі жөнінде әңгіме айта бастады. Сол кезде Эмірлерше, оқалы жағалы шапан киген ақын келді. Жұрттың бәрі қол қусырып тәжім етті. Науай жұртпен хұрметпен амандасып, үлкен бөлмеге келіп кірді. Есік алдында шоғырланған адамдар қалталарындағы, сәлделеріндегі қағаздарды іздеп тауып, әзірлей бастады. Жалғас бөлмелердің бірінен хатшы шырып «сабыр етініздер, сабыр етініздер» — деді жұртқа қарап, сөйтті де өзі Науай кірген бөлмеге енді.

— Бұғын халық көп, — деді жас хатшы сәлемдескен-
нен кейін, — бәрін бірдей қабылдай аласыз ба?

— Түсінбедім, не айтпақшы едіңіз?

— Егер уақытыңыз болмаса, олардың біразына келесі
күні кел деп қайтарар едім.

— Қамқорлығыныңға рахмет, — деді кекетіп Науай.

Жас хатшы біресе қызырып, біресе бозарып, жерге-
карады.

— Сіз әлі жассыз, — деді Науай жұмсақ дауыспен, —
Көргеніңден көрмегенің көп, қызмет жөнінде жоға-
рылауыңыз мүмкін. Есіңізде болсын, халыққа бұлай
қызмет ету — ақылдылардың ісі емес.

Хатшы иілгем басын көтеруге де мүршасы келмей,
кетуге рұхсат сұрады. Науай оны тоқтатып, өзінің жәр-
демшілері келгенше өзімен бірге болуды бүйірды. Хат-
шы манағыдай емес, шыйрай түсіп, қалам, қағаз жаю-
лы тұрған аласа столдың жанына келіп отыра қалды.

Ең әуелі жалбыр тонды, кір қалпағын көзіне түсіре-
киген, орта жастағы егінші қол қусырып кіріп келді.

— Отырыңыз, не мүддептің бар? — деді Науай жылы-
шыраймен.

Дихан, есік алдына жүресінен отырып, қалпағын аз
көтеріп қойды.

— Бір пәлеге душар болып, амалсыз келдім... — деді
де жілт кідіріп: — бұл өзі үзын әңгіме, бастан-аяқ баян-
дайын ба? — деп сұрады.

— Айтыңыз, — деді күліп Науай.

— Мал дегенде жалғыз атым бар еді, күнімізге жа-
рап тұрған. Бір күні қайдан екенін кім білсін, қыстағы-
мыздың бір сарбаз кіріп келді. Арқасына бір келбетті ба-
ланы мінгестіріп алған. Мен атымды суарып, үстін жуып-
тұр едім, ол менің жаныма келіп: «Атыңды ертеп
бер, мынау інім мінсін, жақында Фиратқа барып қайта-
мын, сонда әкеліп тастап кетермін» деді. Мен оған жа-
лынып: «Бекжігіт, қазір жұмыстың қызу кезі, атсыз кү-
нім жок. Басқалардан сұрап көр, табылмаса осылай-ак
бара бер. Астыңдағы арымайып Қаспий теңізіне дейін
баруға болғандай» дедім. Ол маған: «Жок, болмайды,
атым қатты сабылды. Мені Фират таныйды. Мен қазы-
ның баласымын» — деді. Өкімет адамына ат тауып мін-
гізу ертеден келе жатқан әдет қой. Атымды ертеп тіз-
гінін үстіттім... Міне, екі ай болды, сол ант ўрган қа-
зының баласынан дерек жок. Осыдан он күн бұрын есек

мініп Фиратқа келдім. Араламаған көшө, сұрамаған адам қалмады. Оны қайдан табарсын. Бұрынғы көргенім аз екен, пәлеге тағы жолықтым: осыдан уш күн бұрын есегімді үры алды. Судьяларға барып, арыз еттім, ешқайсысы тыңдар емес. Сізге сеніп келдім, таксыр.

Дихан ауыр курсінді. Науай басын шайқап:

— Улken пәлеге душар болған екенсіз. Ол мейлі қазының баласы болсын, мейлі әскери адам болсын, бәрібір хиянат істепті. Бұл сыйқты аңшылар көп, бірақ олардың өздері тыңшының итіне татымайды. Аты-жөнін білмейсіз бе?

— Маған ол атым Тәджиддин деді.

Науай хатшыға қарап, Қылышбекті шақырып келуге әмір берді. Сонан соң диханға қарап жылы жүзбен.

— Атыңыз табылады. Ол өзінің шын атын жасырған болса да сырт пішіні қалай еді, айтарсыз. Ал енді, есекті іздегенмен пайда жоқ сыйқты. Ол қай жерде, кімнің қорасында жоғалды? Есекті жоғалтқандығынызды дәлелдей аласыз ба?

— Мен қалайша өтірік сөйлей аламын. Керуен сарайдағы жүздеген кісілер куа бола алады.

— Олай болса, есегініздің бағасын біз төлейік,—деді Науай, — бірақ бұдан былай сақ болғының керек. Біздің елдің бір мақалы бар: «Өзіңе сақ бол, көршінді үры тұтпа».

Дихан Науайдың бұл сөзіне не дерін білмей сасып қалды.

— Бұл не дегеніңіз? Кім төлейді? Сіз бе? Жоқ, өз басыма түскен пәлені өзім көтерейін — деді қолын қусырып.

Үзын бойлы, кең жаурынды құс мұрын жігіт — Қылышбек кіріп келді. Науай бірнеше сөзбен диханның шағынын түсіндірді. Сонан кейін оған бұрылып: «Мұның шағынын қанағаттандырғанша, тыным алма. Жаһаннам астында болса да ол залымды тауып жазала» деді.

Қылышбек диханның көңілін жұбатып:

— Ол адам бізге аттың қасқасында мәлім. Жүріңіз менімен, — деді.

Науай оларды тоқтатты. Есектің бағасын сұрады. Сөйтіп, өзінің арнаулы қызметшілеріне жолығып, диханға ақша алып беруді Қылышбекке тапсырды. Дихан

қуанышы қойнына сыймай, қайта-қайта күлдүк үрып сыртқа шықты.

Көбісі дихандармен қолөнершілер болған Науана жолығуға келген адамдар бірінен соң бірі келуде. Эркіннің өзінше айтар өтініші, көрген қорлығы, тілейтін тілегі бар... Науан әрқайсысының сезін шын ықыласпен тыңдады. Берілген арыздарды хатшыға оқытып, бастаң аяқ мазмұнымен танысты. Оның өткір ойы лезде алым үшіп, айып пен өсекті, ақиқат пен жалғанды лезде ажырата білді.

Песіннен кейін халық сирей бастады. Науан бірнеше көмекшілөрін шақырып, оларды қағаз жазумен шұғылдандырды. Олардың бәрі Науайдың қарамағында шын ықыласпен, ден қойып істесе дағы, өздерін ешбір тәуелсіз адамдай сезді. Атақты уәзір және ақын жұмыс арасында олармен әзілдесуден де тартынған жоқ.

Жұмыс уақыты бітуге таяған кезде асып-сасып Әлишах кіріп келді. Ол Фираттың атақты музиканттарының бірі еді.

— Келініз, келініз, халіціз қалай? — деді Науан жылы шыраймен қарсы алып.

— Сіздің арқаңызда көңіліміз көтеріңкі, ісіміз жаман емес, — деді Әлишах, — мен сізге бір өтінішпен келдім, егер ренжімесеніз айтуға рұхсат етіңіз.

— Айтыңыз, сіздің музикаңызыңда кандай көңіл қоюып тыңдасам, сөзінізді де сондай тыңдаймын, — деді Науан тігіле қарап.

— Сізден сұрайтыным: сіз маған алты айлық ақының бірден беруге уақыф басқарушысына бүйрық берсеңіз екен.

Науан бір кездерден, оның музикасын алғаш тыңдағанда оған ете риза болып, оған өзінің уақыфынан майна төлөп түруды тағайындаған еді.

— Не себепті? — деді Науан.

— Уақыф басқарушыларға ай сайын келіп, олардың басын қатырмасам деймін...

Науан жерге қарап үндемей қалды. Құс қанатынан істелген қаламмен сықырлата жазып жатқан қызметкерлер бастарын көтеріп біресе ақынға, біресе музикантқа қарады. Бірден Науан күлімсіреп наразылық білдірді.

— Енді алты күндік өміріміз бар ма, жоқ па, оны біз білмейміз, — деді ренішпен,—сіз не себепті бұл өмірге

сенім артып, алты айдың жалақысын бірден сұрап тұрсыз?

— Сіз бүйрек беріңіз, ақша алайын,— деді алғашқыдай батыл сөйлеп Әлишах,— егер мен өліп қалсам ол ақшаны менің кебініме және басқа жерлеуге керекті нәрселерге жұмсар.

— Өлсе де пәле, тірі жүрсе де пәле сіз болдыңыз,— деді Науай оған риза болмай.

Жазып отырған хатшылар шыдай алмай күліп жіберді. Музыкант біресе қызыарып, біресе бозарып қарады да, соңынан өзі де қосыла күлді.

Науай орнынан тұрып Әлишахтың иығына қол артты. Сөйтіп кіші пейілділікпен:

— Амал қанша, сізде зор талант бар. Біз оны хұрметтейміз, тілегіңізді қабыл еттік.— деді.

Музыкант тажім етті. Науай уақыф бастықтарына бір тарақ қағаз жазып берді. Музыкант алғыс айтып қоштасты.

Ақын үйге қайтпақ болып сыртқа шыға бергенде, Мұхаммед Сайд балуан қарсы ұшырады.

— Неге келіп едіңіз?— деді Науай амандастып болып.

— «Бағ Сафидте» ақындар мәжілісі бар, барлығы жолыңызды тосып күтіп отыр. Егер қолыңыз тисе, барып қайтсаныз, жүрттың көнілін аулар едіңіз.

— Эдейі өзіңіз келген екенсіз, қарсылық етудің жөні болмас.

Ақын мен балуан қораға шыққанда нөкерлер атәкелді. Екеуі атқа мініп, қашан болса да шаң-шуы көп Шарсадан және Фираттың үлкен базарларының бірі «Базар мұлік» тен өтіп, қыш төсөлгөн үлкен жолмен бір шақырымдай жол жүргенде «Бағ Сафид» тың қалың ағаштары көрінді. Бір топ ақындар Науайды қақпа алдында күтіп түр еді. Олар бұтақтары айқасқан үзын ағаштардың саясымен келе жатқанда, әр жерде топ-топ болып әңгімелесіп тұрған ақындар, амандастып хал-жай сұрасты. Үлкен сыпаға отырғаннан кейін Науай ақындардан жана шығармаларын оқып беруді өтінді.

Биік ағаштардың көлеңкесінде жүзден астам ақындар жыйналған еді, олардың ішінде Ғадаиз сыйқты жасы талайға келген шалдар да, әлі сақал-мұрты шықпаған жас өспірімдер де бар еді. Ақындар арасында үлкен чиновниктер, пақыр студенттер, шеберлер, тері илеушілер, тігіншілер, мыскерлер немесе шарх істейтін Тахири-

сыяқты адамдар да бар еді. Мұнда өздерін ақын деп санайтын, Фирдауси, Низамиларды елең қылмайтын мақтаншақтар да бар еді. Мұнда Сими саяқты бір күнде мың бәйт жазып, оны әдемі қағазға көшіріп үлгіретін ақындар және әбден ішкілікке салынып кетіп, ақылынан алжасып, денсауышылығынан айрылған жалаң аяқ, жалаң бас жүрген Мұхаммад саяқтылар да бар болатын.

Ақындар мұндай жыйылыстарда көбінесе ғазалдар, қасидалар, муаммалар оқып, немесе өзгелердің шығармаларын оқып, тыңдал, өзара айтысатын-ды. Кейбіреулер шеннен тыс мақтау алып, енді біреулер кейіс есітіп қалатын. Бұл жерде достар бір-бірлерін мақтаса, дүшпандар олардың арасына от салуға тырысты. Дүшпандар бір-бірін әжұа әткенде улы сөздің ешбірін аямайтын. Бұл жерде ақындар бір-біріне жанаға ғазалдар, немесе поэмалар өкеліп көрсетеді. Көркемдігі тамаша, мазмұны терең ғазалдарды жүрт қолдан-қолға тигізбей оқып, жаттағ алатын, немесе көшіріп жазып сәлделерінің шетіне қыстыратын.

Өздерінің шығармаларының Науайға үнайтындығына сенген ақындар манғазданып, өлендерін көтерінкі дауыспен лепіре оқыттын. Ғазалдардың көбі жылтыраған сыртқы түрімен көз тартатын.

Ақындар көп-ак, әттең олардың тым болмаса біреуі, өз ана тілінде жазса еді! Ақындардың көбісінің өзге жазылған жақсы деген шығармаларының өзі Науайға шынының сынығындағ қадірсіз, жыланның терісіндей жылтыр, Ըзық түсті суренсіз болып көрінеді. «Біздің әдебиетші мырзаларымыз ең онай жолға түсіп кеткен, біраз мاشақтанса, олар өз ана тілінде асыл сөздің қазнасын тапқан болар еді»— деп ойлады іштей Науай.

Кейбір ақындар Әлішердің пікірін білмек болып, өзінің алғашқы жазуын, үстазына үсынған шәкірттей, қымсына үсынуда. Науай оларды ден қойып оқып шығуда. Науай үшін өленде ең әуел көніл күйін шерткендей көркемдік, терең мағна, соны пікір болуы тиіс. Алайда, қазір оқып шыққан өлендердегі жоқ қасиеттер осылар еді. Ол бір ғазалдың үйқас кемшіліктерін көрсетті. Ақындар оны сөссіз мойындағы. Екінші ғазалда ол течеулердің шындыққа жана спайтындығын көрсетті. Алайда, Науайдың мінеуі біреулерге үнамады. Кейбіреулер ол тенеулерді өте орынды деп тапты. Науай күн көзінен

көлеңкеге жылжып отырып, қолын көтеріп қалам, сыя әкелуді сұрады. Ақындар Науайға қадала қарап, тымтырыс бола қалды. Абайлаған кісі кейбір өжет ақындардың тауы қайтып қалғандығын сезгендей еді. Науай қаламды сыйға бір батырып алыш, қағаз үстінен сырғыга жөнелді де, әлгі ғазалды авторына үсынды. Ақын әуелі оны ішінен оқып шықты да, сонан соң маңындағыларға жалт қарап, дауыстап оқый бастады. Ол қағазды бір қолын көтеріп тұрып Науайға қарап:

— Менің тенеуім ашылмаған гүлдің түйіні сыйқты екен. Ақын өзінің жазған жібек желдей лебімен бұл түйінді ашып гүл етіп, жайнатып, нұрландырып жіберді... — деді.

Қағаз қолдан қолға өтті.

— Қәне — бұған кім қарсы бола алады,— деп сыпанаң бір шетінде отырған қарт ақын қағазға үңіле қарады. Қарт қағазды жанында отырған жас жігітке берді де, соған қарай аз еңкейіп:

— Әлішер Науай өзінің сыйқырлы қаламының үшымен жоқтан барды жасайды, — деді.

— Жүрттың көбі шақпақ тастан от шығара алмай жүрсе, Түрікше жазатын бұл ақын мұздан жалын шығарады, — деді әлгі жас жігіт.

Кенеттен бақшаның түкпірінен музыка даусы естілді. Онда мәй ішіп бір топ жігіттер отырған еді. Тартылған әсем қүйге Лұтфи ақынның түрік тілінде жазылған көркем ғазалдары қосылды. Лұтфидің ғазалдары өте әсерлі еді. Науай басын төмен салып, көз жұмып үйштыңдады. Бұл ғазалдан дала тілінің көркемдігі, бойды билеп алғандай әсері байқалды.

Музыканың соңғы үні бақшаның қалың ағаштары арасына сіңіп жоқ бөлшіп, төңірек тына қалғанда, Науай басын көтеріп алды. Егер басқа жерде, жалғыз болса ол: «Музыкашы, кел бері, тартшы түрік қуйін!» деп айқай салған болар еді.

Екінші сыпаның үстінде алқа қотан отырып алған бір топ ақындар Хысраудің ғазалдарын тыңдаумен шұғылдануда еді. Науай келіп адамдардың тасасында тұрып тыңдай бастады. Хысраудің көзі күңгірт көретін еді... Ол қағазға қарамай, жатқа оқый бастады. Оның ғазалдары түр жағынан да, мазмұн жағынан да ескі ғазалдарға тым үқсас еді. Көзі нашар көретін қарт ақын жаңа поэмасын оқый бастады. Өлеңнің алғашкы жолы

«Гозар» деген сөзбен бітті. Екінші жолын қоый бастағанда Науай өлеңнің түрін, мағнасын түсіне қойып, келесі үйқасы «хезар» ды алдын ала айтып қойды. «Рай» деген сөзге лезде «қонай» деген үйқас тапты. Барлық ойы өлеңде болған Хысырауи мұны байқаған жоқ. Адамдар мырс-мырс күліп Науаифа қарасты. Науай үндемендер дегендей ернін қысты. «Сифахи буд» деген сөзге ол «бимахи буд» деген үйқас тапты. Сүйтіп осы сияқты үйқастарды алдын ала тауып отырды. Бір кезде Хысырауи бірден окуын қойып, көзін сығырайтып жанжағына қарап «бұл кім!» деді. Ақындар күліп «бұл адамды таныйсыз ба? Көріп пе едіңіз?» деп сұрады.

— Жоқ, танымаймын, — деді Хысырауи, — бірақ бұл кезде «Пул Палан» деген жерде ғазал оқығанымда да, осы кісі өлеңімнің үйқасын мен айтпай-ақ, алдын ала айтып беріп отырып еді.

Ақындар бірден ду құлісті. Науай да құлді. Соң Хысыраудің жанына отырып, жай сұрасты, әлгі әзілгө екеуі де риза болған еді. Хысырау өз шығармасын оқып болып, ол жөнінде Науайдің пікірін сұрады. Науай оның шығармасының кейбір жерлерін мақтап оның көнілін аулауға тырысты.

Бұл жерде поэзия әлемінде танылмаған бірнеше жас ақындар Науаифа өздерін таныстыруды. Науай әуелі олардың білімдерін сұрады. Музықадан хабары жоқтарына кейіп те алды. Науай медреседе оқып жүрген жас ақындармен кеңесіп, оларға қаражат жөнінен көмектесуге уәде етті.

Кешке жақын сарайдан кісі келіп, патшаның Науайды шақырып жатқанын хабарлады. Ақын жыйналғандармен қоштасып, Мұхаммад Саид балуаның ертіп сарайға кетті.

Батыс жағы күн сәулесімен жүрләнған ағаштардың арасымен ақынмен балуан бақ ішін тамашалап, баяу басып келе жатты. Қапастағы құстардай емес, бау ішінде еркін үшіп қонған құстар нешетүрлі үнге басып, сарайды. Хауыздың бетінде көленкелер ойнайды. Хауыздың жиегінде — нешетүрлі ғұлдер. Бұл талай ақын жырға қосқан тамаша бақша еді.

Олар үлкен сарайдың алдындағы гүл алаңының жанына жеткенде, бақтың арғы бұрышынан бір топ кептер үшіп, көкке жетерілді. Науай тоқтап, жанындағы балуанға «қызық кәсіп» деді. Мұхаммад Саид қуатты

қолдарын бүйіріне таяп тұрып, басын шалқайтып қекке қарады да, «ауру қалса да, әдет қалмайды деген ғой» деп күлді. Лезде бірінен соң бірі, төрт топ кептер әуеге қөтерілді. Эр топ сайын жүзге тарта кептер бар... Күн бойы қамауда болған құстар көк шыңына шығып алыш, неше алуан ойын қөрсете бастады.

Патша хазірет кептер үшірып, қызығына қараумен шүғылданып жатқан соң, олар бақ ішіндегі жолдарда кезіп, патшаның қолы босауын күтіп жүр еді, оларға төрт бес жасар баласы Момын мырзаны жетектеп келе жатқан, патшаның үлкен баласы Бадуиззаман кездесті. Эр уақыттағыдай әдемі киінген, кішіпейіл Бәдуиззаман, үлының қолын қоя беріп, Науаіға тәжім етті, балуанға да хұрмет қөрсетті. Науай жас әкесіндей жақсы киінген әдемі жүзді, өткір көзді Момын мырзаның басын сыйрап, өзіне лайық оған бірнеше сөз айтты да, сонаң соң Бәдуиззаманнан хал-жай сұрады. Барлығы бау ішін аралай жүрді. Аяғына өшекейлі етік киген Момын мырза құлдырай жүгіріп, озып кетті. Ол озып алға шықты да, шайы шапанының үстінен асынған ойыншық күміс садағын мойнынан босатып алыш, біресе ағаш басына қонып, бір-есе қайта үшқан бабасының кептерлерін мергендерше қөздей бастады. Үлкендер көз қырымен бір-біріне қарасып құлімсіреді.

— Жіберген кітаптарыңызды алдық,— деді Науаіға Бәдуиззаман,— ескергенізге рахмет. Сіздің жырларыңызды және Жәми хазіреттің шығармаларын оқып көңіліміз көтеріліп қалды.

— Кітап оқу — жан азығы,— деді Науай, — бірақ тек өлең жырды ғана оқу аз. Оқыйтын нәрсе тарих қой! Тарихи шығармаларға кез салған емессіз бе?

— Көңілім өлеңге көбірек ауады. Уақыт болса тарихты да оқый бастаймын,— деді Бәдуиззаман.

— Мен сізге тарихи кітаптарды әдейі көбірек жіберіп едім, есінізде болар, әкеңіз патша хазіретке де мен үнемі тарихи кітаптарды оқуды ескертіп отырушы едім. Бүкіл халықтың, мемлекеттің жауапкершілігі сіздердің мойныңызда. Елдің гүлденуі де, солуы да сіздердің ісінізге байланысты. Сондықтан сіздер тарихтың айнасына қарап тұруларыңыз керек. Қайсы дәүірде қандай себептермен елдің көркейгендігін, нендей себептермен елдің азып-тозғандығын зерттеп білу керек. Ақыл мен әділет-

тің жарық күнін, зұлымдық пен озбырлықтың тунек түнін ешбір ғылым тарихтай айқын көрсете алмайды. Ұлы бабаңыз Темір ханның тарихты жақсы білгендігі сонша, оның білгілігіне сол заманың ең тарихшылары да таңданған, бұл жөнінде дұрыс мәліметтер бар.

Тарихты оқып білу жөнінде Науайдың өсietін жас күнінен көп есіткен Бәдуizzаман, ақын сөзін ықыласпен тыңдады. Тарихты окуға көnl қоятындығын айтты. Мұхамед Саид балуан Темірдің кейбір мәселелер жөнінде ғалымдармен таласқандығы туралы қызық әңгімелер айтты.

Күннің соңғы шүғыласы сөніп, қараңғылық түсे бастаған кезде, олар сарайға кірді. Үлкен залға бектер, уәзірлер және ірі әкімдер жыйналған. Бәдуizzаман баласын ертіп жоғары шығып, патшаның оң жағына келіп отырды. Науай мен Мұхаммед Саид төменнен орын алды. Жұрттың бәрін аузына қаратып бір әңгіме айттып түрган Мәждиддин Науайдың келгенін көріп, сөзін бірден доғара қойды. Уәзірлерге такаббар, әдемі киінген, көпті көрген қу Низамулмұлік мұны сезе қойды. Бояп қойғандай қап-қара сақалын бір сыйрап, күлімсіреді. Ол бектер арасындағы, әсіресе, орда ішіндегі егестердің жайын жақсы білетін. Қазір ол қайткенде патшага жақсы көрінудің жолын іздейтін және өгесуші күштердің нефурлым мықтырақ жағын таяныш етуге тырысатын.

— Пәруанашы сіз, өте пайдалы сөз бастаған едіңіз,— деді ол Мәждиддинге қарап, оның сөзін тоқтата койғандығын байқамаған адам болып,— сөзіңізді баяндай берсеңіз жақсы болар еді. Элішер Науай да естісін сөзіңізді.

Кейбір әкімдер қажеті жоқ дегендей, Мәждиддинге ым қақты. Әмір Моғыл қабағын тұкситіп, Низамулмұлікке көзінің астымен алара қарап қойды.

Мәждиддин Бәduizzаманның алдында талас тудыруды тілемеді. Алайда, өзінің қас дұшпаны болған Низамулмұліктің сөзі оның қытырына тиdi.

— Таласудың орны жоқ, мәселе әрбір есі дұрыс адамға түсінікті,— деді Мәждиддин батыл сөйлеп.

— Егер сөзіңіздің маған да қатысы бар болса, есіткім келеді,— деді Науай салмақпен, айт деп қыстағандай пәруанашыға тігіле қарап.

Мәждиддин сасынқырап қалды. Қөздері әйнақшып,

тынысы тарылғандай алқынып, терезеге қарады. Қалыпты пішінге келіп, ақыры сөйлеуге мәжбүр болды.

— Патша хазірет дәулетінің және әділеттілігінің саясында нөкерлердің жай-күйі бұрын сонды болмаған дәрежеде жақсы болуға тиіс еді. Бірақ олардан түскен шағым күннен күнге көбеюде. Бұл жағдайды сіздің да-нышпан көздеріңіз жақсырақ көретін болар. Бірақ әділеттік жөнінде қашама көп сөйленсө де бишара нөкерлер жәбір көруде.

Науай қозғын шүйіріп, ойланып қалды.

— Мемлекет үшін әскердің қашалықты керек екенін біз де білеміз.— деді Науай, мәжілістегілерге қарап,— өз әскерлеріне әкелік қамқорлық жасамаған патша, жауынгерлік майданда Рустемдей күшті болса да, опық жейді. Сол үшін жауынгерлердің жайы ең әуелі оларды керек-жаракпен қамтамасыз етуі тиіс. Ал енді, жауынгер нөкерлер де бұл илтипатқа лайықты болып, мемлекетке беріле қызмет етулері шарт. Бірақ, біздің нөкерлеріміздің көшілігі егінге түскен шегіртке сыйқты болып кеткен. Мұндай әрекеттерге әділеттік өктем болған мемлекетте ешбір жол берілмеуі тиіс.

— Қазнадан жетерлік алтын-күміс алмаған соң, олардың қолы амалсyz ел малына созылады,—деді Мәждиддин күйінген болып.

— Ел малына созылған қолды кесу керек,— деді Науай үзілді-кесілді батыл сөйлеп,—егер нөкерлер, әкімдер шегірткеге айналса, ел тез арада қайыршылыққа үшінрайды. Бір мысқал күмісі қалмаған қазнада тышқандар серуен құратын болады.

— Шагымдарға жауап беру керек пе, жоқ па? — деп күңкілдеді, Әмір Моғыл.

— Тамағы ток, жұмысы жоқ кісі әрнемеге әуес болады,— деді Науай өз сөзінің растығына шексіз сенген пішінмен.— Сіз жігіттеріңізге айтыңыз, арак-шарапты азырақ ішетін болсын, думан-сауыққа артықша әуес болмасын, жібек шапан кимесе көніл қошы болмайтын нөкерлерден мемлекет нендей қызмет күтеді. Жігіттердің міндеті жауынгерлік қызметін адал атқару, өз борышын орындау болу керек. Бірақ, біз қазірше мұны көрмей отырмыз.

Әмір Моғыл қызырып, жерге қарады. Ұзын мойны салбырап кетті. Мәждиддин тусі сұрланып, тыжырынды. Науай сөйлеп тұрғанда ол көзінің астымен Бәдуизза-

манға қарал, оның бет-пішінінде ақынның пікірін қостағандықтың белгісі барлығын сезген еді. Бұл жағдай оның тілін кесті. Бір мезгіл жүрт тым-тырыс бола қалды. Бұл тыныштықты бұзған Уәлибектің сөзі болды. Бұл барлық бектер және әскер бастықтары ішіндегі өз міндетіне адал, ашық көнілді адам еді. Ол өз кара мағындағы жігіттерге жақсы қарайтын. Әрдайым олармен бірге болып, бір-қазаннан ас ішетін. Дұрысын бір-ақ айтатын Уәлибек, әдеті бойынша ойын тұжырып, кесіп айтты:

— Біздің ата-бабамыз әділ сөзге жаңын пида етеді екен. Біз атам заманнан келе жатқан осы дұрыс дәстүрді неге сақтамаймыз. Сол сыйқты біздің жігіттеріміз ерте заманың атақты батырларына неге еліктемейді. Мениң ойымша Әлішер өзі әскери адам болмағанмен, әскер жайын жақсы біледі. Оның сөзі әбден дұрыс. Ол жігіттерден жігіттікті талап етеді. Әлішер мырзаның жүргізген шаралары арқасында жігіттеріміз қазір өшиэрсеге мұқтаж емес. Сондықтан мен сіздердің бұл таластарыңыздың мәнісін түсіне алмадым.

Уәлибектен кейін уәзір Хожа Абзал сөйлем, Мәждиддиндің сөзбен әлденеше рет түйреп алды. Пәруанашы енди амалсыз жүрттың ыңғайына көшті. Ол қолын кеудесіне қойып: «Әлішер Науаидың бұл сыйқты әділдік істері өрісін кең жайып, оның беделі артып, мәртебесі биік бола беруіне тілекtes екендігі» жөнінде сөйледі.

Жаңа тағайындалған есік ағасы — күзетші Бақаэлі патшаның келе жатқанын білдірді. Жүрттың барлығы орындарынан тұрды. Хұсаин Байқара аяғын кердең басып кіріп келіп, төрдегі мамық төсекке барып отырды. Оның артынан бірнеше бектер және өзінің жігіттерін ерткен 12 жастағы Шахзада — патшаның сүйікті үлы Мұзаффар мырза маңғазданып кіріп келіп, әкесінің сол жағына отырды. Сол кезде ден қойып қараған кісі, Бәдуиззаманның жүзінде әлде қандай бір наразылықтың көлеңкесі барлығын сезгендей еді. Хұсаин Байқара мәйішіп алған еді. Ол әдеттегіше бектермен жылы сөзбен амандасты. Ол Әлішер Науаимен ерекше кішіпейіл, ашық-жарқын жүзбен амандасты. Ақынның реcми қызметі жөнінде ғана емес, өзінің жеке басының істері жөнінде де сұрады. Мәждиддин мен Әмір Моғыл бір-біріне қарасты. Низамулмұлік баптанып, кеудесін керіп, тамағын кенеп қойды. Науаіға көрсетілген айрықша хұрмет,

жейбір бектерге және патшаның жақын адамдарына онша ұнаған жоқ. Сарай қызметшілерінің, әкімдерінің құлқын таныған Науай түңліп калды.

Хұсаин Байқара немересі Момын мырзаны тізесіне отырызыды. Сөйтіп оның мәндайынан сүйді. Баланың ойыншық садағын, беліндегі, кемерне қыстырулы ойыншық қанжарын көріп, оны сөзге тартуға тырысты. Бала әкесі Бәдуиззаманның жанына келіп, ақылды көздері мөлдіреп, жұртқа карап, тым-тырыс отырды.

Хұсаин Байқара Мұхаммед Саид балуаннан болашақ үлкен курестерге дайындығы туралы сұрады. Шет елдерден келетін балуандармен куресте масқара болмас үшін, Фират балуандарын қазірден бастап, куреске жаттықтыра беруді тапсырды. Патша мас пілмен курескен Малан балуанның керемет құштілігін мәжілістегілерге әңгіме етті. Онаң кейін Фиратқа келе жатқан Мысырдың атақты химияшысын қалай қарсы алу керектігі жөнінде біреулерге айрықша тапсырма берді. Мыстан алтын жасау мүмкін екендігіне өзінң сенетіндігін, химияшы ғалымның ғажайып тәжрибелерін өз көзімен көрмек екендігін айтты. Бұл жөнінде отырғандар бір бірімен өзара қызу сөйлесті. Ақырында Хұсаин Байқара өз кітапханасының бастығын шақыруды, жаңа кітаптар әкелуді бүйірды. Кітапхана бастығы Дәруишәлі бір күшақ кітап әкеліп патшаның жанына қалаң қойды. Хұсаин Байқара күндіз бір рет көріп шыққан кітаптарды бір бірлеп алып, мәжілістегілерге үсынды. Қалыңдығы әр алуан, көркемдігі бірінен-бірі асып түскен түрлі түсті кітаптардан Машхет шаһарынан келген сұлу жазудың атакты шебері Сұлтанәлінің, Бекзат суретшінің, мұхабашы Шералының шеберлігі айқын көрінеді. Бұл кітаптардың әрқайсысы алтынға татығандай еді. Қөркем кітаптарды көп көрген, қымбат бағалы кітаптарды көп жыйнаған Науай да бұл кітаптардың мүншама тамаша істелгендігіне таңданды. Әдемі, нәзік нәрселерге әуестігі жоқ, ондайды керексіз нәрсе деп түсінетін кейбір әскер басылары да ол кітаптарды қызыға көрді. Кітаптың жұмысқа қағаздарын дөрекі саусақтарымен абайлап қана аударысты. Отырғандар Сұлтанәлі мен Бекзаттың өмірімен және ісімен танысқысы келді. Мұзаффар мырзаның бектерімен бірге келген Туғанбек те ұлықтардың қатарында отыр еді. Ол бір кітапқа алыстан көз салып,

«қолынан өнері тамған жан екен, жақсы істепті» деп қойды.

Жүрт кітапты көріп болған соң, Хұсаин Байқара мәжілістегілерді зияпатқа шақырды.

Мәжіліс қызып, мастар көбейе бастағанда, Науай шаршағандығын сылтау қылып, мәжілістен кетті. Есік алдында тұрған екі нөкерімен үйге қайтты.

Хожасының келуін күтіп отырған саққұлақ қызметші Шайх Бахлұл ат дүбірін естісімен шам жакты, орын әзірледі. Науай ренжулі көрінді. Шайх Бахлұл біраз сөз айтуға бата алмай тұрып, үндемей шығып кетті.

Науай сырт киімін шешіп, сәлдесін қазыққа іліп женіл тақыя киді де, терезеге жақын барып шам алдына отырды. Терезеден бақшаға қарады, айдың алтын табағы ағаштың арасынан ақынға қарай домалап келе жатқан сыйқты. Айдың сәулесі шынарлар арасынан нұр төгуде. Гүлдердің көркем таждары аздап ырғалады. Олардың жерге түскен көленкесі де, жанды нәрсеге үқсайды. Бұл тынық көркем түн, ақынның ойына әлде қашанғы бір оқыйғаны түсірді. Жүргегінің түпкірінде жатқан бір хасірет кайта қозғалып, барлық ойын, өн бойын билеп алды. Онын ойына көрген түстей болып өте шыққан бір кез түсті. Бір кезде ол осындағы әдемі айлы түнде, ертегідегідей тамаша гүл бақшаның ішінде әрі сұлу, әрі әдепті, әрі ақылды, айдай сұлу бір қызбен кездескен-ді. Сәл қыздың қоңыраудай сылдыраған жағымды үні естілгендей, жаңа ашылған гүлді ернімен сүйгендей, ыстық лебін сезгендей болады. Ақындықтың бұлағын қайнатып, өзенін тасытқан сол сұлу қайда. Жоқ, ол қыз жоқ енді. Даңада қўйын болып ўшсаң да, кектемгі бұлттай көк жүзін кезсең де, көз жасыңды көлдей қылып төксөң де, оны таба алмайсын! Ол гүлді мейрімсіз сұмдар үзіп талтады... Кош, жүргімнің төрінде сакталған ертегіге айналған сүйген жар.

Бұлбұлдың тәтті үні естілді. Ол бұлбұл бүтагы тереzenің үстіне төнген ағашқа қонып алған тәрізді. Науай өзін өзі ўмытып, мұңайып бақшаға қарап, терезе алдында ўзақ уақыт отырды. Элден уақытта ауыр курсінді де, қыйсайған май шамды түзетіп қойып, аласа столдың үстіндегі қағаздарды ақтара бастады, соңғы бетінө қарады: Фархад тауды тесуде. Алтын дәүітке сүғулы тұрған қауырсын қаламын алды. Сыяға аз ғана су тамыз-

ды. Қалам қағаз бетінде жорғалай жөнелді. Фархадтың тау-тасын уатқаны сыйкты, ақын пікірдің тау-тастарын уатып, өлең етіп қаластыра бастады. Хиял оны ертектер әлеміне алып үшты. Өзін үмытып ойға шома жазды. Міне Фархад та «әмір арнасын» қазып болды. Ертең ол осы арнамен су жібереді. Өзінің сұлу достарын ертіп, дарияны көруге Шірін келеді. Мыңдаған халық керней-сырнай тартып сән-салтанатпен су бойын жағалап тамаша мейрам жасайды. Бұл көрініс, өмірдің женісінің суреті, ақынның бойын сергітті. Жүзінде шаттық нұры ойнады. Ол шамды өшіргендеге таң атып, ертенгі салқын самал есе бастаған еді.

II

Сауықшылар шарап пен бидің қызығына түсіп, бар дүниені үмытқан кезде, Мәждиддин Әмір Моғылды, Туғанбекті, хожа Абдулла Хатибті, Шахабиддинді және басқа кеңесшілерін ымдалашақырып алыш, «Бағ жаһаң ара» дағы бос бөлмелердің біріне ертіп келді. Басқалардың барлығы мас болса да, Мәждиддин сергек еді. Ол сыйырлай сөйлеп, жаңындағылардың барлығын кілемге отырғызып есікті бекітті. Бұл жерге не мақсатпен жыйналғандарын аңғарғаннан кейін, адамдар есін жыюға тырысты.

— Әлішерге патша қандай сөздер айтты. Шыдалап тұра алмадым, — деді Әмір Моғыл, мастарша тәңселеіп тұрып.

— Патшаға айтып үғындыру мүмкін еместігін енді білдім. Еткен еңбегіміз желге үшты... — деді налып, барластың бір бегі, қолымен мандайын үстап.

— Біздің өз алдымызға үлжен міндет койып, оны жүзеге асыру жөнінде сөз байласқандығымыз мәлім. Енді сол істі ақырына жеткізуіміз шарт, — деді Мәждиддин. — Біздің патшаға шын жүрекпен берілгендердіңіміз баршаға аян. Сондықтан қаймығуға ешбір орын жоқ. Біз осы күнге дейін патшаға тек шағым айтумен ғана болдық. Бірақ, патша оны елең қылар емес. Алайда, біздің сөздерімізді ол ойында сақтаған болу керек. Енді құрғақ үмітпен алданбай, батыл шара қолданатын кез келді.

— Дұрыс айтасыз, — деді Туғанбек, селдір мұртыны бұрап койып, — дүшпанның қамалы өте берік. Оны қыйратудың айласын табу керек.

— Дұрыс, — деді Шахабиддин. Сөйтіп ол Туғанбекті арқадан қақты. Әмір Мөғыл бірдене айтпақ болып қолын шошайты. Қалың ерні шошайып біраз түрді да, бірдене айтуға сөз таба алмай тұрған адамдай, тұтынып Мәждиддинге қарап:

— Сіз сөйленіз әлгі, нені.. нені... — деді.

— Біздің мақсатымызды жүзеге асыруымызға ешкім бөгет жасай алмайды. Мемлекеттің тағдыры біздің қолымызыда, — деді отырған бектің бірі гүрілдеп.

— Сіздер осы заманның Субутай батырысыздар, мемлекет билігі сіздердің қолдарыныңда болуы көрек, — деді хожа Абдулла Хатиб.

Мәждиддин сөзді тұжыруға тырысты.

— Барлығының бас қосып, бірлесіп әрекет жасауга қарсы емес сыйктысыздар. Мен бұл жөнінде бір үсыныс жасасам қалай көрер екенсіздер?

— Айтыңыз, — деді Сарай қызыметшісі бір шал.

— Патшаға артына қол қойылмаған бір хат жазсақ... Элішер мен оның адамдары жөніндегі өзіміздің барлық пікірімізді сол хатқа жазсақ... Мұны қалай көресіздер?

— Бұған ешбір қарсылығымыз жоқ. Бұл табылған ақыл, — деп Әмір Мөғыл айқайладап жіберді.

Отырғандардың бірі ол хатты патшаға беру қыйын дегенді айтты. Мәждиддин оған:

— Сарайда хатты патшаның алдына тастап, өздері көзге түспей айла істей алатын құлдар бар. Мұны істеу оп-опай, — деді. — Егер бұл істі маған тапсырсанызыздар, мен өзім-ақ бұл істің үдесінен шығамын.

Ешкім қарсы болған жоқ. Хатқа жазылатын сөздер жөнінде әркім өз пікірлерін білдірді. Соңан соң барлығы сыртқа шығып, бақша ішіне таралып бір-бірлеп мәжіліске қайта келді. Мәждиддин жалғыз қалды. Есіктерді бекітіп, шам жанында отырып ол хат жаза бастады.

III

Тұн жарымында Хұсайн Байқара жатар орнына келді. Фираттың атақты әкімдерінің бірі тарту еткен сұлу қызыбен түнді өткізді. Таңтертең басы мең-зең болып түрегелді. Оны өзіне ғана арналған моншада епшіл қызыметшісі жуындырып, бар өнерін салып үқалап, соңан соң құнттап киіндірді. Хұсайн Байқара бойы сергілде-

ніп ас үйге кірді. Сөйтіп арнаулы қызметші әйелдер жуындырып киіндіріп, үлде мен бұлдеге бөлендірген, үзын бойлы қыпша бел, иілген қасын күйдірген бадамның күйесімен бояған, жас сұлумен бірге отырып та-мақтанды. Жат жерде, бөгде адамдар арасында үрей-леніп, тунді ес-түссіз өткізген жас сұлу патшаға қоңілді, назды болып көрінуге тырысты. Патшаға үнауға тыры-сып бақты. Оның сүзілген қөздері мандаидан тік түскен қырлы мұрны, нәзік қыймылы Хұсаин Байқараға үнап калған еді. Бүгін кешке тағы да бірге болу жөнінде бірне-ше сөз айтып, патша сыртқа шыққанда, есік алдында оны Гұлшанаға бибім бүкшиіп қарсы алды. Тісі түсіп, ша-шы ағарған болса да, мойнына маржан таққан бұл ку аяқ кемпір, түнде патша жас сұлудың қойына кірген-ше қамкоршы бол, бірер жаңа жарлық болып қала ма, деп мұзбакпай күзетте болып, иесін күзеткен иттей есік алдынан кетпеген еді. Хұсаин Байқара кемпірге күле қарап, қалтасына қол салды. Қалтасынан бір уыс ал-тынмен ілесіп, бір қағаз шықты. Алтынды кемпірдің ете-гіне текті.

— Қызметіңіз мақтауға лайық.

— Сіздің бұл қоңініздің жалғыз тілегі — өз патшасы-ның қоңілін көтерерлік жаңа гүлдер табу, — деді Гұл-шанаға бибім, алган алтынын жең ішіне тығып жатып.

Хұсаин Байқара бақша ішін аралап бара жатып, жі-бектей жұмсақ жүқа қағазды жазды. Алғашқы бірнеше жолын оқып шығып, қабағын түкситіп, жан-жағына қа-рады. 20 адым арыда өзінің сақ күзетшілері Бодана мен Долананың тұлғасын көрді. Патша хаттың тағы бірне-ше жолын оқыды да, тусі сұрланып, қағазды қайта бүк-теп, адымын тездедті. Ол тақ қойылған, алтынмен әше-кейленген өз бөлмесіне емес, оған жалғас, қабырғалары шыныдан салынған кішкене бөлмеге кірді. Қалың төсек үстіне отырып хатты бастан аяқ оқып шықты. Қолы ді-рілдеп, қағазды умаждал қалтасына салды: «Әлішер Науан сиякты адамның да маған соншалық жауыздық ойлағаны ма?» — деп ойлады патша күйініп — «мұндағ жақсылықты білмеген адамға қалай төзерсің! Мен за-лым, мен, бір топ мастар арасында адасқан патша, мен — халыкты талайтын, тонаитын жауыз болыппын... Сөз-ау, шіркін! Менің орныма Бәдуиззаманды таққа отырғызбақшы ғой, көрерміз. Мен өзімнің таж-тақтым-

ды балаларымның ешқайсысына беруді ойлағаным жәқ. Әлішер мұны аңдамағаны ма! Мен осы күнге дейін өзімек жақын адамдардың көбінен Әлішер жөнінде талай әңгіме есіткен едім. Олар мұның алдында теңізге тамған тамшыдай-ақ екен, бірақ бұл хатты жазған, әрине, оның дүшпандары болу керек. Бұл хат өсек жаладан, әрине, сау емес. Бірақ бұл хат менің қалтама қалай тусты екен? Таң қаларлық нәрсе» — деп патша басын шайқады. — «Мұны үлықтар жазған, ал кіші-кірім адамдар арқылы, маған жеткен... Бұл тегін емес, әрине... Бұл әрекетке үлықтардың да, кішілердің де қатысы бар...» Хұсаин Байқара үлкен жұмсақ жастыққа жамбастап жатып, үзақ ойға кетті. Сөйлем отырып қалғып та кетті. Хаттағы кейбір сөздер үйқысына маза бермей қайта оянды. Қөзін бірден ашып, терезеге қарады. Бір мезетте есік ағасы Бақаәлі тәжім етіп кіріп келді.

- Mіr Қабыл деген адамды таныймысыз?
- Әрине, таныймын, — деді Бақаәлі.
- Бүгін оны көрдіңіз бе?
- Таңертең қақпа алдында көріп едім.
- Соны тез тауып маған жіберіңіз.
- Жаңым садаға!

Көп үзамай есік жайлап ашылып, аяғының үшымен басып Mіr Қабыл кіріп келді. Ол үзын бойлы, арық, өз көлеңкесінен өзі қорқатын, жүрексіз ойнақы көзді адам еді. Ол басы жерге тиғенше енкейіп қайта түрегеліп, қолын қусырып тәжім етіп түрді. Хұсаин Байқара оған қарамай:

- Сен бүгінгө дейін андып келген адамынды қоя түреп, енді басқа адамның соңына тұс.
- Түсейін соңына, — деді тәжім етіп Mіr Қабыл.
- Дәл осы минуттен бастап сен әрқашан Әлішер Науайды андуда бол, — деді Хұсаин Байқара, — Әлішердің үйінде ешбір мәжіліс, ешбір ызыпта сенсіз өтпейтін болсын. Әлішер өз достары, қонақтары, жақын адамдары арасында не сөйлесе жаттап алып, маған жеткізіп түр. Есінде болсын, сенің жаңың менің қолымда.
- Пакыр құлышыз әміріңізді бұлжытпай орындаиды, бір сөзін де калдырмай сізге жеткізіп түрады, — деді даусы қалтырап Mіr Қабыл.
- Жарайды, жөнел енді, — деді қолын сілтеп патша.

Күздің соңғы мезгілі еді. Еріншек қыс әлі өзін сездірген жоқ. Оқтын-оқтын жаңбыр жауып, арналардағы тар науларды қопарып түсіреді. «Әлемдегі бірде — бір» астананың көшелерінде жаяу жүру қыйындалды. Балшықтан аяқ алып жүргісіз. Бірақ аспан іле зеде ашылып, күн көктемгідей қыздыра бастады. Бақшаларда ағаштардың жапырағы алтындаі сарғая бастаған. Жапырактар жайғана үшіп түсіп, ығалды жерді құшуда.

Науай күзгі күннің көркімен көңілденіп, тәбиғаттағы және өмірдегі өзгерістер туралы ойға шомып жүргенде, нөкер келіп, сапарға шығу үшін ат даяр болғандығын хабарлады. Ақын Мервке — патшаға бару керектігін алғаш рет еске алғандай жайбарақат «қазір барамын» — деді де, баяу жүріп бұрынғыша бақ ішін кезе бастады. Бақша күтушілермен және басқа қызыметшілермен сөйлесті, олардың бүйрекбет балаларының басын сыйпады. Сонан соң қалтасынан алтын, күміс шығарып «жол аяқ» улестірді. Әсіресе балалардың қуанышы қойнына сыймады. Олар шауылдастып ақшаны бір-біріне көрсетіп «мынаны көрдің бе» деп мактанисты. Үлкендер өз қожаларына «жол болсын» айтып, шын ниетпен тілектес-тік білдірді.

Науай үйіне қайтып келіп, қалың шекпенін және беркін киді. Ол Сахип Дора мен Шайх Баҳлұлды шақырып, оларға жұмыс тапсырды. Сонан соң артынан ере шығып оған қосшы болатын адамдар жөнінде және басқалар туралы сұрастырды. Әуліге шығысымен ол өзін шығарып салуға келген бір топ достары мен жақындарын көрді. Бұлардың ішінде Асафи, Шайхим Сұхайли, мір Міртаз, Атаулла, Замани, хожа Фасихиддин, Сұлтанмұрат, Мұхаммед Сайд палуан тағы басқалары бар еді. Дәстары оны қоршап алды. Науай қыймай олардан ажырайтындығына ашынды. Ол бірнеше үақыт түрекеліп түрган бойы олармен шүйіркелесе сөйлесіп, әр қайсысына қалайда болса бір үнамды сөз айтуға тырысты. Ақын Сұлтанмұраттан өзінің жаңа шығармасының қол жазбасын бітіргеннен кейін Мервке жіберуді өтінді. Достарының камкорлығы, оған деген сүйіспеншілігі оның қайғысын серітіп, кам көңілін жадыратты. Ақын біраздан соң атына мініп жол тартты. Әбден үзап кеткенше шығарып салып түрғандарға әлде неше рет

бұрылып қарады. Бірақ ол қаладан шығып алған соң тікелей Мерв жөлінә түспей, Сәдиддин Қашқаридің моласына қарай бўрылды.

Жәми оны әр уақыттағыдан қуанышпен қарсы алды. Науай Аттан қонысымен атақты қарт өзіне тән байсалдылықпен.

— Енді барлық назарымыз Мервта бөлатын болды, деді.

— Амал не, кетпеуге шарамыз жок. Бұл істің жайы сізге мәлім бе еді?

— Кеше бірнеше Шахзадалар мен Бекзадалар осында келіп еді, мен солардан есіттім,— деді Жәми. Соңан соң шал біраз кідіріп батыл сөйлеп: — патшаның әмірі, оған бағынуға міндеттіміз.

— Ақыл-ойдың тәуелсіздігін сактау біздің онан да зор міндеттіміз.

Патшаның осалдығын, Мәждиддинмен бір қатар бектердің, сарай әкімдерінің Науайға қарсы өсек айтып жала жапқанын жақсы білген, Жәми бұл жағдайға қатты нальйтЫн. Үлы ақынның және адал ниетті адамның кіршіксіз ўжданына кір жаққандардың қылышы оны қатты жеркендіретін. Алайда Жәми, ақынның терең ақылына, оның бастаған ісінің мағнналығына, сонымен қатар Науай әкімет билігі басында отырса халыққа көп пайда келтіретіндігіне, қара күштерді тізгінде, езушілікті азайтатындығына мықты сенетін. Сондыктан ол Науайдың мемлекет басқару ісінен аулак болуын макұл көрмейтін.

— Халықтың бақыты үшін, гүлденүі үшін қызмет ету — құдай жолына қызмет етумен бірдей,— деді Жәми сеніммен.

— Мен де осы пікірдің құлымын,— деді Науай қолын қусырып кеудесіне қойып,— бірақ патшага қызмет еткен адам, мылқау және бишара болу керек екен. Қылмыстарды көрмей, көз жұму керек екен. Олардың сырын ашпақшы болған тіл кесіледі екен. Мен мұнан қыйын нәрсе болмас деп ойлаймын.

Жәми біраз уақыт үндемей отырды. Ол патша сараяндағы азғындықты, және патшаның кері кетуін көз алдына елестетті. Науайдың мұндағы орталықта жүргегінің шерлі болғандығын ойға салды. Алайда ғол өзінің сопылық пікірінің барлық хасиетімен ақыйхаттың жеңіл шығатындығына берік сенетін.

— Иншалла ақиқаттың дүспандары мен зұлымдар-

ды жеңіп шығарсыз, — деді Жәми.—Біз әр қашан сіздің жаңыңыздамыз. Әділеттікті қорғауға әзірміз.

Жәми әсресе соңғы сөзін ерекше нықтап айтты. Науай бүкіл қыс бойы Мервта қалуы мүмкін екендігін, әсресе соңғы кездерде аулақта бір тыныштықта өмір сүруді көксеп жүргендігін, сарай адамдарымен арпалағысулдан, олармен араласудан шаршағандығын айтты. Атагы әлемге жайылған бұл үлы адамның осыншалық жұпны, тыныш өмірі, оның пікірінің кіршікіз тазалығы Науанаға әрқашан қатты әсер ететін. Бірақ халыққа деген сүйіспеншілік оны мүндай оқшау өмірден аулақ алғып келді. Ол өзінің халық алдындағы, қоғам алдындағы борышын өтеуге берілді. Бүкіл халықтың қамын ойлаумен мықтап шұғылданды. Жәми ақынның бойындағы бұл хасиеттерді жақсы білетін. Соның үшін де оны жаңындай жақсы көріп қадірлейтін.

Әлшер Науай жолға аттануға рұхсат сұрағанда шал «азырақ кідіре түр» деген ишарат етті. Сөйтіп төнгрегінде калаулы түрған кітаптар арасын ақтарып, мұқабасыз, бір кітап етіп түптелген бір десте қағазды алғып Науанаға үсынды. Ақын ала салып оны ақтара бастады. «Бахрұ Абрар» («Асылдар тенізі») екен, әр жерін оқып, мұның Хысырау Хиндидің «Дәрия Абрар» на жауап ретінде жазылғанын біле койды... Науай карт ақынның бетіне жалт қарады. Жәмидің жылы шығраймен күлімсіреп түрғанын көрді. Науай мүнан бүрын болған бір кенесін есіне түсіріп, кітапқа қайта қарады: Ол үялғандай болды. Осыдан бір-екі апта бүрын осы бөлмеде Жәмимен сейлесіп отырған кезде Хысырау Хиндидің шығармалары сөз болған еді. Науай Хысыраудың сыйқырлы қаламын мазактаған-ды. Әсіресе оның «Дәрия Абрарын» (Асылдар Дариясын) дәріптеген-ди. Мысал үшін ақынның бұл шығарма жөнінде айтқан сөздерін келтірген-ди. Хысырау былай деген: «Егер бір кездерде заман өзгеріп, менің барлық жазғаным ізсіз жоғалып кетер болса, сонда тек менің осы «Дәрия Абрарым» қалады, осының өзі жеткілікті: менің мұнымды оқыған адам менің өлеңдерімнің күші мен қуатын үғынатын болады». Жәми сонда Науайдың бұл жөніндегі пікірін тындалп, үндең ойға шомып, отырып қалған еді. Мынау шығарманы дүниеге келтірген сол кездегі оның сол терең ойға шомуның нәтижесі екенін анدادы ақын. «Жәмидің алдында Хысырауды мүншалықты дәріптегенім хата болған екен»

деп ойлады іштей. Алайда Науайдың жүзінде бір куаныштың белгісі байқалды: оның хатесі көптен күткен осындай жаңа шығарманың жасалуына көмектесті. Науай қартты жаңа шығармамен күттүктап, өзінің шексіз шаттанғанын білдірді.

— Уақытыңыз болса оқып шығып, маған пікірінізді жазарсыз, сіздің мақтауыңыз бізге ең үлкен сый-хұрмет, — деді Жәми.

Науай кітапты алды қолтығына қыстырды. Жәми оны есік алдына дейін шығарып салып, онымен достарша қоштасты.

Жолдың екі жағында біріне бірі үштасқан бақшалар. Жолдың үстіне иілген ағаштың бұталары кейде ақынның беркіне тиіп отырады. Түкті кілемдей әдемі кек майса алаңда қой, ешкілер асыр салуда. Бақшалардың ортасында әр жерде қарақшылар көрінеді. Аспанда тәп-топ болып күстар үшып жүр. Барған сайын үйлер де, адамдар да сирекси берді. Жол панаңыз көлге кірді. Алыста тау басында аппақ қар көрінеді. Тегіс далада күн шақырайып, әр жерде паршаланған бұлт көрінеді. Салқын самал есіп, дала шөптерінің жұпар исі аңқый түсті. Кек шыңына көтеріліп, қалықтап үшып, жерден жемтік ізделеген қара күстар көрінеді.

Ақын Жәми тарту еткен кітапты қолына алды. Ақынның көзі жылтыр қағаздың бетіндегі күн нұрымен жылтыраған жазудың жолдарына қадалды. Жел үрлеп, кітап қағаздарын сылдырлатып окуға ыңғайсыз болып келе жатса да, Науай кітаптан көз алмады. Ақын құмарта оқыды. Аттың шаңсыз жұмсак жолдың үстіндегі бірсыдырығы жорғасы бейне эннің ырғағындағы сезілді. Кітаптағы көркем өлеңдерді әлденеше рет қайталап оқыды. Оқып болып кітапты қойыншына қайта салды. Бірақ оқығандары оның ойында қалған еді. «Жаксы шығарма, — деп ойлады ақын, — «Дария асылы» сыйқты көркем-ақ. Хызырауға жауап ретінде жазған бұл шығармага мен де жауап беруім керек. Үнсіз кең далада, жорға үстінде тербеніп бара жатып, ол ойында жаңа шығармалар тоқуда болды.

Ақын күбірлеп өлең айтты.

Патшалардың айдарын тажындағы
Бейне қызу от дерлік тұрған жайнап,
Патшаның басындағы шикі пікір
Пісетіндей сол отпен баста қайнап.

Ақынның толғанған ойынан төлкүп шыққан бұл өлең оның өз не де қатты үнады. Ат басын шұлғып, оқтын-октын пысқырып қойып, неше белес белдерден өтті. Ақынның қыялды да алысқа алышп үшіп, жаңа шығарманың жолдарын тізуде болды.

Науай жолдағы бекеттің үлкен бік дуалы алдына келіп тоқтап, аттан түсті. Қарсы алдынан шыққан сарай адамына атты үстітті да, бойын түзең, үстін қақты. Бекетке қонған жолаушылар — атты, түйелі қеруеншілер көп еді. Ақынды таныйтындар дереу жанына келіп, тәжім етіп, хұрметпен жай сұрасты. Тамак даярлауға кірісті.

Науай бос бөлмелердің біріне кіріп үйыған аяқтарын созып, біраз жатып тынықты. Біраздан соң қалам, сия алдырып, Жәмігег хат жазды. Ақын өз үстазының жаңа шығармасын жоғары бағалады. Және оның осындай асыл жырлар шығара беруіне тілектестік білдірді. Ол хаттың ақырында Мервке жеткенше жол-жөнекей бір шығарма жазуга өзінің бел байлағанын білдіріп, оның алғашқы екі жолын хатка жазды. Бұл жөнінде Жәміден өз пік'рін білдіруді өтінді. Соңан соң қағазды жақсылап бүктеп, оны Гиратка бара жатқандардан беріп жиберу ушін, керуен сарайдың шулы қорасына шықты...

Достар Науайды шығарып салып, оның көркем бағы ішінде дәл өз жерлерінде жүргендей, еркін серуендең біраз уақыт жүрді. Түрлі мәселелер жөнінде талас-тартыссыз өзара қызу кеңесті. Мір Міртаз бастаған бірнеше шатрашылар шуаққа кілем төсеп, ойынға кірісті. Сұлтанмұрат ойынның қызығына түсіл, шәкірттерге сабак беруді үмітып кетіп жүрермін, деп қауіптенді де, ешкімге сездірмей, бактан шығып «Шахрух» медресесіне тартты. Жастары 16 мен 30 дың арасындағы 14 шәкіртті білім дәрежесіне қарай бірнеше кіші-кірім топтарға бөліп, оларға песінге дейін дін және жаратылас ғылымдарынан сабак берді. Соңан кейін хұжыресіне кіріп, кітаптардың арасындағы жұмсақ постекке отырып, табиғат туралы, білімнің қайдан шыққандығы, мағнасы туралы терең ойға кетті. Мұнан бірнеше күн бўрын Сұлтанмұрат Науаймен бўл жөнінде қызу кеңескен еді. Ол ақынның айтқан ақылдарын ойға салды. Оларды атам заманғы философтардың қозқарасымен салыстырды. Ол өзі жазғалы жүрген кітабында көп мәселелерді мүмкін болғанынша толық айқындауға бел байлады.

Күнжіт себілген наңға сары миіз қосып жеп, өзінше бір қыялға кетіп, әлде біреулермен қыялында таласқа түсіп отырғанда, Зәйниддин кіріп келді. Досын соңғы кездерде сирек көретін болғандықтан сағыныш қалған Сұлтанмұрат оны құшақтай алғып, өз жанына отырғызды. Сұлғанмұрат «Шахрух» медресесіне мұдаррис болып тағайындалған кезде, Зәйниддин музыка, шахмат өнерін менгеруге мүлдем берілген еді. Бұлардың үстіне тастарға оюмен нақыштар салу, көркем әріппен жазу өнерін менгерумен шұғылданды. Ол осынша көп кәсіппен айналысып жүрсе дағы, ойын-сауыққа, әзіл сыйқакқа үақыт табатын. Сырттан қараған кісіге ешбір жұмысы жоқ, адам сыйқты көрінетін.

Достық әзіл-құлқіден кейін олар неше алуан оқығалар жөнінде әңгіме шертті. Ақырында Зәйниддин сақалмұрты өсіп жеткен, салақ Галымның бетіне қадала қарал тұрды да, басын шайқады.

— Ғашықтықтың отына күйіп жүрген тәріздісін. Күні озған сайын ғашықтық қүшіне түседі.

— Қателесесін, мен ғашықтықтың дертін елең етпеймін, — деді қамықкан пішінмен Сұлтанмұрат.

— Жасыру мүмкін емес. Науаи жазды күні бізге «Фархад пен Шіріннің» бір тарауын оқып бергенде, сен өзің де болып едің ғой. Сондағы мынандай өлендер есімеге түседі:

Кашан да шыныменен қапталар шам,
Ол бүркелмес сәулесін көрер адам,
Қанды жас көрінбеспе көзге келген,
Шаралтай шыны ішінде мөлдіреген.

— Е, бұл өзбек поэзиясының солмас гүлі ғой! — деді Сұлтанмұрат күрсініп.

— Қамықпа досым, сенің бақытыңың кілтін таптым, — деді Мұрат күрсініп.

— Қамықпа досым, сенің бақытыңың кілтін таптым, — деді күліп Зәйниддин, — тілейді екенсің жақын арада мен сені ғашықтықтың гүл бақшасына ертіп барамын.

— Сенің қолыңнан келмейтіні жоқ досым, — деді Сұлтанмұрат кекесін құлкімен.

— Сөзге құлақ қой, — деді Зәйниддин ашуланып, — Ділдар Хадиша-бегімнің күң қыздарының бірі екен. Сарайдағы қыздармен байланыс жасау қыйын көрінбейді.

— Не дейсін? — деді түсі сұрланып, даусы қалтырап Сұлтанмұрат.

— Менің бір жойқын жолдасым бар. Неге екенін білмеймін, ол сарайдағы қыздармен танысады тамам өтіпти. Фиратта бір ғажайып палшы кемпір бар. Оған Хадиша-бегімнің ықласы ауса керек. Оның үстіне бұл кемпірдің палгерліктен басқа да айлалары көп. Мәселен мұрнының екі тесігінен немесе екі құлағынан екі түрлі үн шығара-ды-мыс. Сонымен ол осы кемпір арқылы сарайдағы қыз-дардың біреуімен танысыпты. Бұрын хат арқылы сөйлессе, енді бір мезгіл кездесіп, күшақтасатын болынты. Мен кеше солар арқылы Ділдардың жайын білдім. Не айтасын? Макұл десен палгерді қолға аламыз: сөйлесе ал-масаң хат жазып, Ділдарға сырныңды аш. Жұлығуыңа мүмкіндік болады. Кейін тағы басқа шарасын көрерміз.

Сұлтанмұрат қолын маңдайына тіреп отырып, оның сезін көңілсіз тыңдады. Оның бетін аздал әжім қаптаған еді. Фалым аз ойланып, бірден басын шайқады:

— Арысланқұлды қайтесін? Мен ол бишара ғашықтың баҳтына қалаі бөгет бола алам! Оның жүргегі Ділдарға деген сүйіспеншілікке толы. Мен оның ғашықтықтан шерлі болған жүргегінің жарасына қалаі қанжар ўра алам!

— Арысланқұл әлі осында ма еді? — деді Зәйнидин сылж түсіп.

Сұлтанмұрат көз алдына іркіліп келіп қалған ыстық жасын сүртіп, булыға сөйлеп:

— Осы жерде, бишара ғашық! — деді.

ОН ЖЕТИНІШІ ТАРАУ

Інжіл бойында бұрынғы қызулы кеңес қайнаған жү-мыс жок. Медіресе, Ханаках, ауруқана, монша және басқа зәулім үйлердің биік шатырлары, гүмбездері бойын көкке созып түр. Жүзге тарта нақышши, суретші және басқа шеберлер қазір осы үйлердің ішін, сыртын бе-зеумен шұғылданып, бұрын дүниеге мәлім болмаған өнерлерінң шын сырын енді ашып, айқын көрсетуге тырысу-да. Жұздеген бак өсірушілер әрбір үйдің төнірегіне көр-кем ағаштар егіп гүл отырғызып, ақын көрсеткен жоба-ны аспай-саспай, келістіріп орындауда.

Арысланқұл енді бұл үйлердің барлығын бес сауса-ғында жақсы біледі. Жоспарын Науаимен бірге оты-

рын жасағандай-ак, бұл үйлердің күрылсыы оған жетө таныс. Одан біреулер не жұмыс істеп жүрсіз? деп сүрай қалса, ол «кунаға батқан Фираттай бір жұмақ орнатып жатырмыз» деп жауап беретін. Арысланқұл бір айдан бері үйдің ішкі нақыштарын істеп жатқан шеберлерге көмектесіп, олардың керек-жарабын жеткізіп жүр. Жо-лаушылардың конуына, ғалымдар мен ақындардың тыныш отырып жұмыс істеуіне арналған бұл Ханаках Арысланқұлға өте үнайтын. Ол біткен үйлерді аралап қызыға көріп, қабыргаларындағы әшекей нақыштардың арасына шеберлікпен жазылған жазуларды біреулерге оқытып, мағнасын үғынуға және жаттап алуға тырысатын. Суретші, бояушыларды атақты Мирак Накқаш басқаратын. Неше түрлі бояулармен нақыш, суретті сала білетін бұл шеберлерді Арысланқұл басқалардың бәрінен артық көріп, хұрмет ететін. Бірақ Мырза Накқаштың мінезі ерекше еді. Қейде ол жұмысқа мүлдем келмей қалатын. Ал қейде қызулы жұмыс үстінде әлде қайда жоқ болып кететін. Мұндай кездерде Арысланқұл қатты қынжылады. Өзінің қуатты қолдарын көтеріп «Мирактың өнері мына саусақтарымда болса, мен оған бұл жерге аяқ бастырмас едім» дейді.

Бейсембі күні барлық нақышшылар жұмысты аяқтады. Бірақ бір бөлменің нақыштары бітпей қалды. Оның шала қалғанына Арысланқұл іштей қатты налыды. Ол тұнжыраған күі жұмыс киімін жайлап шешіп, қағып-сілкіп тазартып, үйіне қайтты.

Бұл жігіт өзінің ғашығын іздең Фиратқа келіп, жат жerde жабығып, ішінен тынып бір жыл журді де, сонаң соң үміт үзіп қыстағына қайта қайтқан еді. Бірақ өзінің туып өскен, ойы-қыры түгел таныс қыстак, енді оған түрмедей тар көрінді. Ол өзінің ескі қожасының қолында бір жылдай жұмыс істеді. Бірақ ғашықтық оны қалаға қайта сүйреді. Фиратқа келіп баласы жоқ кемпір апасының қолында болды. Жездесі бір кездерде құм балшықтан неше алуан ыдыс істеп, атағы шыққан адам еді. Қазір 70 ке келіп, жұмыс істеуді қойған кезі. Арысланқұлдың апасы тігінші болған адам.

Арысланқұл берік, улкен үйлерге жалғас салынған шағын үйдің таза, теріс хаулісінے келіп кірді. Шал алдыңғы үйдің бір бўрышында, терең ойға шомып, кўжайрышып тәспі аударып отыр еді. Кемпір сыбанып альп, кешкі тамаққа наан илеп жатқан-ды. Жігіт алдыңғы үй-

дің есігінің алдына отырды. Бұл үйге жалғас көрші үйден бірнеше жіп іретін шархтардың құлаққа жағымсыз дауыстары естіледі. Арысланқұл тыжырынып:

— Бұл жіп іргіштерден қалай құтылам? — деді.

— Шырағым-ау, тіршілік қылмайма олар. Сен мұны енді есіттің бе, — деді шаштарын құнттап тараған, жасына қарағанда түсі онша таймаған кемпір.

— Эр кім өз үйінде іірсін жібін.

— Жыйылып, бір жерде іірсе жалықбайды. Қабаттаса, жарыса отырып, әңгіме әзіл айтып, істей береді. Осыны айтты да кемпір Арысланқұлды қоқтауының үшімен тұртіп, — сен маған қара, сөз тында, — деді.

Жігіт бұрылып, оның қішкене ойлы көзіне тігілді.

— Сен бір сылтау тауып, солардың жаңына бар, немесе диуалдан қара, — деді кемпір, қамыр үзіп жатып, күлімсіреп, — бүгін жаңадан екі қызы келді, несін айтасын, ай мен қундей. Әсіресе қасы көзін айт, қандай бекзатқа болса да үнағандай.

— Бұл мақтаудың маған керегі жок, — деді теріс айналып жігіт.

— Сен біреуін таңдасаң болғаны, ертен-ақ барып құда түсем.

— Мен сізге дүниеден жалғыз өтемін деп әлде неше рет айтпадым ба?

— Бос қыялға беріліп әуре болма. Дағаның бір қызына көңлің сонша кеткен екен. Несіне сонша жасыйсын, түр орнынан, — деді кемпір, әмір етіп.

Арысланқұл орнынан қозғалмай отыра берді. Кемпір қыстай берген соң:

— Адам өз әмірінде бір-ақ рет сүйеді, — деді Арысланқұл.

— Тын болмаса көзіңің қырын бір салышы, егер нағыз жігіт болсаң, жүрегінде отың болса, әлі-ақ аяғыма жығылып, үйлестір деп жалынатының сөзсіз.

Арысланқұл ренжіп, брыйнан түрып, дауалдың жаңы на келді. Екі әуліні айырып тұрган аласа дуалға барып, асыла қарады.

Көршінің қорасында үй иесінің әйелін, оның әдеміше келген екі қызын және қөршілерден 4 — 5 балдырғандай жас қыздарды көріп, солардың арасынан Арысланқұл апасы айтқан сұлуладарды іздеді. Бөз көйлекті, жеңіз қысқа қамзалды қыздар тынбай жіп іруде, істеп отырып әзілдесіп күліседі. Эр қыздың алдында үйілген мақ-

та, иіріліп оралған домалақ жіптер жатыр. Қыздардың бірі оған өте айқын көрінеді. Оның аппак толық беті, күлімсіреп тұрған еріндері, қап-қара қою шаштары жіп ірген сайын жай ғана дірілдеген толық қеудесі шынында көз тартқандай еді. Тасада отырған екінші сұлуды Арысланқұл көре алмады.

Шал хауліге шығып дәрет алды. Екінді намазын окуға кетіп бара жатып, Арысланқұлға қалың қабағының астымен қарады да, көркем сақалын сыйрап, басын шайқады. Оның әжім басқан беті күлкімен нұрланды. Арысланқұл көзін қыса қарап:

— Ата, жүрініз гүлбақшаға барайық, — деді. Шал таяғын тоқылдатып Арысланқұлдың жанына келді.

— Біздің өмірімзідің күзі болған шырағам, қалай гүлдердің бірін таңдадың ба? — деді, шал сирек тісін көрсете күліп.

Арысланқұл ауыр күрсініп, үміт үзген адамша қолын бір-ақ сілтеді.

— Апаңның көңлін жықпа! Ол байғұс өмірінде тым болмаса бір рет той-тамаша көрмекші ғой.

— Қекрегім шерлі менің, кария.

— Бекер қайғырасың, онан пайда жок, — деді, даусын бәсендегіп шал. — Мен жас шағымда мұндай істерде керемет алғыр едім. Басқалар гүлдің төбесіне қонып, бұлбұл болып сайрап жатса, мен гүлді үзіп алыш қашатынмын. Ол заман қандай еді десенізші. Ол кезде тақта Шахрух мырза отыратын — шарифатшыл, қайырымды патша еді. Қазір қандай. Хұсаин Байқара болса қақбасын кең ашып қойған көрінеді ғой.

Арысланқұл үндеген жок. Шал: «бетіңен қайтпайтын кезің, мен сені зорламаймын, қалқам», — деді де, намазына кетті.

Біртелең жіп ірген шарықтардың үні өшті. Қыздар мектеп баладарында, барлығы бірден орындарынан тұрды. Сөйтіп жіптерін жыйыстырып, дорбаға салып қорага шықты. Бір топ шат көнілді бой жеткен қыздардың біреулері сағыз шайнап, енді біреулері «чан» тартты. Арысланқұл олардың сауығын бұзбас үшін дуалдан кейін шегінді. Сол кезде қыздардың қосылып даланы жаңғырта салған әндері естілді.

Кемпір дастархан жайды. Гүлді қыш табаққа құйылған быламық әкелді де, отырмай жатып:

— Қалай, айтқаным, рас пакекен? Айдай сұлу қыздар емес де? — деді.

— Перизат десеніңде наңамын, — деді жігіт.

— Сөзіңден садаға кетейін, бұл қыздарды қолдан шығару, шынында да басқап конған бакыт үкүсін үшырумен бірдей. Келген кезеңді жіберме. Кайсынына қоңліп көбірек ауды? Жұмыртқадай ғашықты ма, әлде бидай өнді, бўран белге ме? Дұрысын айтсам, мен өзім де қайсыны таңдауды білмей қалдым. Қоңлім біреңе онының, біреңе мұнысына ауады, таңдашың өзің!

Арысланқұл қасығын қойып, апасының бетінен тігіле қарағы.

— Е, неге бажыраясын? Айтты, қоңлім тынысын, — деді кемпір бейлетуге тырысып.

— Апатай, әрбір істе сабырлылық керек! — деді Арысланқұл қоңліне тимеуді көздел, — ойласайық, бұғын ертең оларды ешкім алыш кете қоймас...

— Ей, калқам-ай, дүниедегі сабырлықтың бәрін саған жыйып берген екен! — Өкпелеген кемпір бұдан кейін тіс жарып, тіл қатқан жоқи.

Ертеңіне Арысланқұл жана етігін, бұдан екі ай бұрын Ңауай үй салушы шеберлермен жалданған жұмысшыларды шакырып, қонақасы беріп, көп кісіге шапан жапқанда, солардың қатарында үлесіне тиген жол-жол шайы шапанын алғаш рет киіп, көшеге шыкты. Кейір достарына жолықпакшы болды, бірақ «олар, әрине, шарапханаға сүйрейді» деген ой тусты де, ол беттен кайты.

Фират көшесінің бойында салынып жатқан және біткен екі қабат және кішігірім үйлері, миуда бақтарын та- машалаң, ағаштан үзіліп түсіп, жол үстіне кілемдей төс- селген алтын жапырақтардың үстімен баяулап келе жатты да, бір кездері Шахрух медресесіне қарай бұрылды. Өйткені екі аптадан бері Сұлтанмұратты көр- ген жоқ еді.

Бұғын күн бұлт болғандықтан, бұрынғыдан да қара- уыта түскен хұжренің ішінде Арысланқұл калаулы кітаптар арасында аурудай сұлқ түсіп жатқан Сұлтанмұратты көрді.

— Не болды сізге, таксыр? — деп сұрады Арыслан- құл, тізерлеп отыруға ыңғайланып.

Сұлтанмұраттың көзің үңғаштеніп, түсі сүрланаңып жеткен еді. Ол басын көтеріп, жастыққа шынтақтап отыр-

ды. Екі үш күннен бері сырхат екендігін, бүгін жысыт-
пасы бәсейіп, бойы жеңілдегенін айтты.

— Тәуіп шақырайын ба? — деді, «Арысланқұл» жаңы
ашып.

— Хажеті жоқ, қаралдым, тәуірмін қазір! Мен сізді
кутуде едім. Кеше кешке таман мен сізге әдейі бала жи-
берген едім. Ол барған жоқ па?

— Жоқ тақсыр. Кеше жұмыстан үйге ерте қайтып
кетіп едім, — деді Арысланқұл. — Не жұмысының бар
еді, айтыңыз, орындайын, — деді ол қыйналған қейіпте,
шын ниетін білдіріп.

Сұлтанмұраттың дерпті жүзінде күлкінің белгісі қө-
рінді.

— Сіздің жараңыз жөнінде дұрыс мәлімет алдым,
— деді Сұлтанмұрат басын көтеріп, — ол Хадиша-бекім-
нің қызметші қыздары қатарында екен. Патшамен әлі
ұшыраспаған көрінеді.

Арысланқұл көзі шоктай жайнап кетті.

— Тақсыр, сіз мұны кімнің аузынан есіттіңіз? — деп
сұрады, Арысланқұл даусы қалтырап. — Екі дүниеде
құлыңыз болайын тақсыр, айтыңызшы, шын сөз бе?
Қалайша? Қөзім жарқ ете қалды ғой!

Сұлтанмұрат өз махаббатын шеберлікпен жасырды.
Ол өз досы Зәйнiddинге есіткен ертек сияқты бұл
окыйғаны айтқандығын, Зәйнiddин іздең, сұрастырып
жүріп, анығын біліп келіп, хабар еткенін баяндады.

— Досыңыз сарайда қызмет етуші ме еді?

— Жоқ, — деді Сұлтанмұрат, — сонда да болса ол
қандай құпия сырды болса да, білгісі келсе білмей кой-
майтын адам. Оған сенуге болады.

— Сарай, патша және оның әйелдері тұратын үйлер
біз бишаралар ушін Қаф тауындей алыс кой. Не істей
керек? — деді Арысланқұл амалы құрыған адамдай,
кекірегі шерге толып.

— Ырас айтасыз, — деді Сұлтанмұрат басын изеп,
— жолыңызда Іскендер Зұлқарнайын салдырған қа-
малдай бөгеттер бар. — Бірақ қазірге дейін жүрер жо-
лыңыз саңлауы жоқ қараңғы түнек еді. Қазір алыста
үміт сәулесі көрінді... Иншалла еңбегіңіз босқа кетпес.
Мен істі әуелі неден бастау керектігін ойладым. Сіз сүй-
ген жарыңызбен байланыс жасап, оған өз арманыңыз-
ды, сағынышыңызды білдіріп, қыздың ойын білуіңіз ке-
рек. Бұған қарсы емеспісіз?

— Кіршіксіз шындық. Ділдардың көңілінің тазалығына инедей күманім жок. Дегенмен арада көп жылдар өтті. Қазір оның қандай ойы барын кім білсін! — деді Арысланқұл жерге қарап.

— Досыммен кеңестім, қалай байланыс жасаудың да жолын таптык.

Арысланқұл жайраң қағып, ғалымға тігіле қарады. Сұлтанмұрат балгер кемпір туралы айтты, оны қалай қолға түсірудің жайын үқтырды.

— Ол бір мекер кемпір, — деді Сұлтанмұрат, — оның адамгершілігі де шамалы болар, дүниехор адам. Оның көп акша сұрайтыны сөзсіз. Егер ақшаңыз жоқ болса, шынынызды айтыңыз, іләждап табармыз.

— Әңгіме тек ақшада ғана болса өзімді кіреуге қойсам да табамын. Бұл жөнінде уайымдамаңыз.

Арысланқұл қазірден бастап балгер кемпірдің ізінे ту-суге асығып орнынан тұра бергенде, Сұлтанмұрат օған өте сақ болу хажеттігін үғындырыды.

Сұлтанмұрат қыялай ашық терезеден Арысланқұлдың зор тұлғасын көрді де бірден ауыр күрсінді, қарапайым жігіттің жүрегін улаған қаһарлы, зорлық өмірге қарғыс айтты. Фашыктың сезімді жүрегінде жылдар бойы таза сакталған адал ниетті, пакыр жігітке бақыт тіледі. Алайда дәл сол мезетте көкргегінде ескі дерптің қатты шайқалғанын сезді. Бірақ бұл қызығаныш өмес-ті. Бұл шын сүйіспеншіліктің табиғи ауруы еді. Ділдардың сұлу көркі, кеша ғана көргендей ғалымның көз алдына келді. Ғалым көңілін бұл ойдан аудару үшін, текшеде тұрған кітаптарға қол созып, бір қалың кітапты алды да, аудара бастады.

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Ділдар шошып оянғанда терезелердің әйнегінен таң жарығы біліне бастаған еді. Тесекте қатар жатқан сепіктері — қызметші қыздар — бірін-бірі тығыла түсіп, шырт үйқыда жатыр.

— Тұрсандаршы сорлылар, бұл не жатыс, тағы сөгіс есітіп жүрерсіндер — деп айқайлады, Ділдар жастықтан басын көтеріп.

Екі қыз көздерін әрең ашып, тыжырынып қайта жұмбы. Ділдар есінеп, керіліп орнынан тұрды. Әдетінше жедел киініп, есік ашты. Іғалды, сұық жел оны бірдей күшүп, денесін сескендірді.

Електен түсken ўн сыйқты майда қар себелеп тұр. Бақшалар, гүл аландары ағарған, шынар ағаштардың да жапырақтары күмістей аппак. Қөткен күткен қар жауды! Қыс қайта келді. Бұл жерде алғашқы қарды қанша рет қарсы алды!—Ол Ділдардың есінде жоқ. Ол әруақыттағыдай қасіретті қыялға беріліп, жана жауған қарды кешіп, жүгіре басып келеді. Қебісінің іші қарға толып кеткенін де сезген жоқ. Қаңқылдан үшқан қарғалардың даусы есітіледі, алыста күзетшілердің қарасы көрінеді. Ділдар қыс әлсіреп, сұзіліп акқан арықтың жағасына отыра қалып, асығып-үсігіп жуына бастады. Шашын саусақтарымен тегістеп, бөлмеге қайтып келе жатыр еді, алыстан Дәuletбахтың күркірәй шықкан даусы естілді.

— Ділдар, жет тезірек, жүгір бері.

— Не боп қалды? Тағы тышқан үстадыныз ба?

— Сорымыз қайнады, жүгір тезірек! — деп айқайлады Дәuletбах, даусы булығып.

Ділдар кебісіндегі қарды түсіріп, қайта киіп Дәuletбах тұратын үйге қарай жүгірді. Дәuletбах есік алдында дірдең қағып тұр. Өні күп-ку болып кетіпті.

— Осыншама неден қорықтыңыз, әбке, — деді Ділдар, Дәuletбахқа жабыса түсіп.

— Гұлсанамға қара! — деді ол жерге төсеулі жалаң көрпені көрсетіп. Ділдар үйдің төріне өтіп, төсекке өнкейді. Көзі аларып, ойбай салып, айқайлап жіберді.

Дәuletбах терезені ашты. Қыскы күннің көмескі, салқын сәулесі Түркпен қызы Гұлсанамның өлі жүзіне түсті.

— Жаңым, гүлім, бұл не қылғаның? бізді тастап кеткенің бе?

Ділдар сүйікті жөлдасын, сырласын, мұндасын құшактап, солқылдан жылады: Дәuletбах та өлі қыздың жаңына отырып: «Бүгін мен осы үйге конған жоқ ем. Қезір келіп «тұр» деп айқайлап ем, ешбір дыбыс бермейді. Жақын келіп тұрткіледім, тырп етер емес! У ішкен, у... Қөрмеймісін, көгеріп кетіпті. Бүйткенше өлсем еді? Сени неге жалғыз қалдырым, сырыңды неге білмедім!»

— деді көзінен мөлт-мөлт жас атып.

— Е, Дәuletбах, кеудедегі дерт, жүректегі жарадан хабарсыз адамдай сөйлейсін-ау, — деді Ділдар көзінен жасы парлап. — Ата-анадан, ел-жүрттан айрылу, көңілдегі махаббатты, арманды жерге көміп, кәрі қыз болып, тұтқында сарғаю оңай ма? Гұлсанамым, жолдасым, се-

рігім! Білемін, сен әрқашан өзіңе өлім тілеуші едің, бірақ бізді артына тастағаның қатты батты жанымал. Ділдар бетін досының көгерген, сұық бетіне таяп, бурынғыдан да қатты жылады.

Үй іші лезде қызметші қыздарға толды. Бәрінің қөзінде жас, көңілінде қайғы. Бұл өлім бишара тұтқындардың көңілінің төрінде шөгіп жатқан қайғы-қасіретті қайта қозғаган еді.

Гүлчаһра бибім де келіп қалды. Ол қазір әбден алжұра айналған. Кемпір салқын қан кескінмен өлікке қарады да, ернін шүйіріп, тыжырынып теріс айналды. Қыздар дауыс шығармай жылап жатқанда, ол жекіп, байбалағам сала бастады.

— Бас, өшіріндер үндерінді... Хадиша-бегімнің мазасын алмаңдар. Барындар, жұмыстарынды істендер! Біз өзіміз барлығын жайластырамыз, тәнрі бұйырған жайға жерлейміз.

Қызметші қыздар кемпірден қайта-қайта сөгіс есітіп, мазасы кеткен соң, желкелерінен біреу итермелегендей, амалсыз сыртқа шықты.

Песін кезінде Гүлсанамды табытқа салып, мүрдеге алып кетті. Мархұмның жолдастары үш күн қара ора-мал тартып, аза тұтысты.

Ділдар жолдасының өліміне басқалардан қатты қайғырды. Ол күн сайын кешке шам жағып, құраннан өзі білетін жалғыз «сурені» оқып, мархұмның әруағына бағыштап жүрді. Бірнеше күндей үйқы көрмей, бар ойы, қыялды досының қазасы туралы болды. Ойын әлде нендей қараңғы ойлар қаптай бастады. Кейде ол — осы үйдің бейнесінен шошып, үрейленеді. Кейде өмір мен өлім арасында шекара жоқ сыйқтанып көрінеді. Алайда екі аптадан кейін Ділдардың көңілінде тосыннан өмірді көксегендік байқалды...

Бір күні Хадиша-бегімнің үлкен коңақ асында зыр жүгірумен шаршап, сілесі қатқан Ділдар өз бөлмесінде жалғыз, дем алып отыр еді. Терезеден, бәлгер кемпірдің коркынышты түстегі алbastыдай кескіні көрінді.

— Ділдар деген сенбісін? — деп сұрады кемпір, еңкейіп былшықты қөзімен үңіле карап.

— Я, мен. Бүтін көріп түрмисызы мені? — деді Ділдар, оған ешбір мән бермей.

Біраздан кейін балгер кемпір есіктен кіріп келіп, Ділдардың жанына келіп шоқыйды.

— Колыңың үшін бер, пал ашайын саған!

Ділдар қу кемпірдің бұлай қөнілі түскеніне таңдаңды. Өйткені бал ашқан сайын Хадиша-бекімнен қат-қабағ кейлек киген бұл кемпір күң қыздарға қаша жалбасынса да сірә пал ашқан емес-ті: «әр сөзімнің бағасы бір динар» — деп жүрттың діңкесін құртатын. Ділдар сарайдағы мәртебелі ханымдардың бірі сыйға тартқан кейлекті беріп, бұдан екі-үш жыл бұрын бір рет бал аштырған болатын.

Ол көзі жәудіреп, амалсыз колын үсінды. Кемпір әдетте пал ашқан кезде әуелі күжірейіп, былшық басқан көзімен кісіге тесіле қадалып, әлденелерді айтатын. Ал қазір олай емес, қыздың қолын үстаған кезде, күлімсіреп, езуі жайылып кетті.

— Бұл қыздың күдай кездестірген бір сүйген жары бар еken, — деді кемпір жан-жағына қарап алып, сыбырлап, — Рустемдей қайратты еken. Бірақ Ләйлісін іздеген Мәжнүндей тентіреп, сүйгенін іздеп осы қалада жүр еken.

— Не деп тұрсыз әже? — деді, Ділдар түсі қашып.

— Сабыр ет, сен Арысланқұл дегенді таныймысын. Ділдар қолын тартып алды, дірілдеп кетті.

— Есінді жый, не болды саған?

— Айтқаныңыздың бәрі рас, — деді Ділдар алқынып.

— Мен арқашан шын айтам, жын-перілерім маған барлық сырды жеткізеді — деді кемпір сендерімек болып.

— Жок, әже, сіз Арысланқұлды таныйтын болуыңыз керек. Бұл пал емес.

— Өшір үнінді, жай сөйле, — деді кемпір көз алартып.

— Қашан көрдіңіз Арысланқұлды, қай жерде, не деді? Дені сау ма? Е, сорлы жігіт! — деп Ділдар барлық нәрсені ұмытып, кемпірді құшактай алмақшы болды.

— Жын соқты ма? Қай жерде екенінді білемісін? — деді кемпір, ашууланып, қызды сілкіп тастап. Сонан соң терезені қыя жауып, Арысланқұлдың әдейі іздеп келгенін, Ділдарға хабар беруді сұрап жалбарынғанын, оның «құлдық басы» деген махаллада, экесімен туысқан аласының үйінде тұратынын сыбырлады.

— Эжетай, егер дүниенің бүкіл казнасы менің кояымда болса, аямай бәрін берген болар едім, — деді

Ділдар көзіне жас алып, — айтыңызы, тағы не айтты. Әжем мүмкін өлген болар, әкем жөнінде ешнэрсе айтпады ма? Хат беріп жіберген жоқ па?

— Хат деймісін? Тіл зынданға түсіреді, хат дарға астырады, балам! Ондай нәрселерді ўстаудан аулақпын. Жылама, әуелде сен екеуінің тағдырың екі кітапқа жазылған екен. Барлығы алланың ісі! Мен де дүниеден жалғыз өттім. Кош бол, балам, — деді де кемпір орнынан тұрды.

— Асықпаңыз, әжетай, — деді Ділдар оның көсеудей қолынан ўстай алып, — ішім тола қайғы-шер, бір шетін сізге ашайын, Арысланқұлға жеткізгейсіз, — деп жа-лынды қыз.

Қолайсыз жағдайда қалған кемпір, алақтап жан-жағына қарап алып, ашумен сыйырлап:

— Жетер, жетер, дертің маған аян. Өмірімде бір сауап іс қылайын деп, бұл хатерді мойныма алдым. Ешкімге тіс жара көрме! — деді кемпір. Осыны айтып, ол асыға басып, сыртқа шықты.

Сүйген жарының өлі-тірісінен хабар ала алмай, онан мәнгі айрылдым деп сеніп, енді өмірмен қоштасуға белбайлай бастаган Ділдардың қыялы астан-кестен болып кетті. Дәл осы уакытта ол дүниеге қайта көз ашқандай болды. Кемпір әкелген хабар оған ол дүниеден келген хабар сыйқтанды. Жалмауыздай жексүрын бәлгер қемпір енді оның көзіне қыяметте әйелдерді жұмакқа бастап баратын, пайғамбардың қызы Бибі Фатимадай үлы мәртебелі, мейрімді, езгі адам болып көрінді. Ділдар жүргегі лупілден, тынысы жыйыланып, жастыққа басын койып, ойға кетті. «Ұмытпаған екен, жаным, онымен бірге өмір сүріп, не болса да бірге көрсем арманым болмас еді! Бірнеше жылдан бері осы қалада, жанымда екен-ау! Ол бұл кемпірге қалай жолыкты екен? Енді ол не істемек? Менімен кездесуге, әрине, әрекет істеп бағар ол. Әйтеур, дертке тәзе алмай, сотқарлық істеп, бір пәле-ге душар болып журмессе болғаны!» деді ішінен. Бұл ой лезде оның өнбойын билеп алды. Өзін ұмытып орнынан атып тұрды.

Кыз күн сайын кемпірдің жолына қараумен болды. Өз жігітінен жаңа хабар күтті. Бірақ кемпірден дерек жоқ. Күн жылдай үзақ көрінді. Қанат байладап, тілең жеріне үшып баар ма еді! Ділдар біресе балаша мәзмәйрам боп куанды, біресе корқынышты ой түсіп, жүре-

ғі дурсілдеп кетеді... Он күннен соң кемпір қайта пайда болды. Ділдар хауліде оны куанышпен қарсы алды. Манайда адам көп болғандықтан, көзімен ымдал, кемпірді ағаш арасына шақырды. Бірақ балгер оған пысқырып та қарамай, Хадиша-бегімнің бөлмесіне қарай тартты. Ділдар таңданса да, үмітсізденген жок. «Кемпірдің мұндағы қылықтары көп болады. Мүмкін жорта істеп журген болар» деп ойлады. Таса жерде кездесіп, сөйлеспек болып, оның жолын андыды. Бір-екі сағаттан соң алыстан кемпірдің қарасын көріп, жылдам жүріп, жанына барды. Шетірекке шақыруға бата алмай, жайымен ғана:

— Эже, сіз көрдіңізбе оны? не деді? — деп сұрады.

— Қөрдім, ниеті жаман екен... Арапарында сөз тасып, бәлеге қалар жайым жок, — деді кемпір кетіп бара жатып, тікендей қадалатын жағымсыз дауыспен.

— Айтыңызы әжетай, қандай жаман ниеті бар? — деді қыз жалбарынып.

— Сұрама! Саған айттар сөзім жок. — деді де балгер алды-артына қарамай кетіп қалды.

Ділдар аң-таң болып, тұрган жерінде сілейіп тұрып қалды. Арт жағынан келе жатқан бір топ күндердің дауысын есітіп, есін жыйды. Ол ойлады: «Ниеті жаман деді-ау... не демекші кемпір? Арысланқұл не менімен кездестіруді сұранған, немесе мені бұл жерден алып қашу туралы айтқан... Бұл сөз кемпірдің үрейін үшырған. Тұнеугі күні «хат» деген бір ауыз сөзді естікенде, ыршып түсіп еді ғой». Ділдар Арысланқұлды ойлап хасірет тартты. «Маған жетем деп зынданда шірір ол!» деп үрэйленді. Үзап кеткен кемпірдің соңынан жүгіріп, куып жетті.

— Әжетай, — деп сыбырлады ол, — оны көрсөніз айтыңыз, — ешбір жаман ниетте болмасын, тыныш жүрсін.

Балгер тыжырынды, «жарайды» дегендей басын изеді.

Сол күннен бастап Ділдар жаман ниетті өзі жүзеге асыруға әрекет ете бастады. «Не өлу, не қосылу!» деген ой оны әбден билеп алған еді. Тұн бойы кірпік қакпай, неше алуан амал-айла іздейді. Ойлап-ойлап, өзінше қолайлы шара табады. Бірақ лезде ол бетінен қайтып, басқа амал қарастырады, өйткені қолайлы деп тапқан жоспарын жүзеге асыруда кездесетін қызындықтар ете қатерлі, қауыпты болады. Ақырында ойлаудан шаршап, бір үйғарындыны берік үстады.

Бүркеніп, үйқтаған болып жатқан Ділдар тұн орта-

сында көрпеден басын шығарды. Онекі қыздың бәрі түгел катты үйқыда. Үйқының қорылынан басқа ешқандай дыбыс естілмейді. Қараңғыда, дыбыс шығармай киінді. Төсек салған кезде, жастықтың астына тығып қойған қанжарды алды. Бұл қанжарды бір кезде, Хадиша-бекінің еркектер де қатысқан бір сауық кешінен кеүін, бөлменің ішін жыйыстырып жүргендеге тауып алып, «уәзір мен бектердің балаларының бірінен түсіп қалған болар» деп әлдекандай бір ниетпен, жасырып сактаған еді.

Тұртінектеп есік алдына жеткенде, бірден кілт тоқтап, үйдің қабырғасына сүйенді. Жүрек бауыры езілгендей болды. Қайтын, бірнеше жылдан бері бірге болып, бірге хасірет тартып, бірге жас төккен жандай жақын достарынан айрылмақ! Олармен бірге өткізген өмірінің кезеңдері көз алдында тізбектеліп өтіп жатты. Ол оқыйғалар жүрек қанымен жазылғандай үмтүлар емес. Ділдардың өз сырын барлық жолдастарына айтуына да болар еді. Оларға сенетін ол. Бірақ олар хатерлі жолдан қайтарып жүрер деп қорықты. Алайда қазір оған: «Тым болмаса бір-екеуіне неге ескертпедім?» деген ой келді. Қазір шам жағып барлығының бетінен бір-бір сүйіп шығарма еді, эттен ол мүмкін емес! Ділдар сертке буынды. «Сырлас, мұндастарым қош болындар!» — деді ол ерні күбірлеп, — «егер өлсем жылап жәқтандар! тірі болсам мен сендерді ешқашан үмытпаймын. Тәнрі сендердің өмір жастарынды үзақ қылсын, жарық күнді нәсіп етсін!» Ділдар көзінен парлаған ыстық жасын жеңімен сұртіп, сыртқа шықты. Тұн тас қараңғы еді. Ызғырық соғып түр. Қабыршақталып жатқан балшық жолмен жүріп келеді. Қараңғыда әлде кімдердің қоркынышты колы жармаса түскендей болады, қол аяғы дірілдейді. Кіші қақпаға таянғанда «кімсін?» деген дауыс естілді. Бұл ең залым, ең жексүрын құл еді. Сол үшін қызметші қыздар оған «қабаған» деп ат қойған-ды. Ділдар шошып, кейін шегінді. Аздан соң өзін-өзі берік үстап, қанжарын жеңінің ішіне тығып батыл сөйледі:

— Мен, мен Аллаяр! — деді қыз жүгіріп келіп, құлдың қолтығына кіріп.

— Тұн ортасында неғып жүрсін? Бері қарашы өзің? — деді Аллаяр Фанарды қыздың бетіне үстап. Ділдар алқына сөйледі:

— Аш қақпаны. Ұбдулхай тәуіпке адам жібер!

- Ей, не айтып тұрсын өзің. Түсіндірсейші!
- Хадиша-бегім ауырып қалды. Хәлі өте нашар. Тілден қалды.
- Дәuletбах қайда? Ол неге келмеді? — деді Аллаяр жекіп.
- Жағдайды неткен түсінбейтін адамсын! Дәuletбах сорлы аурудың жаңында, күзетіп отырган жоқ па. Есік сыртында күзетші бар ма, бўйырсаншы соған.
- Аллаяр әлденелерді айтып, күнкілдеп, қакпаға қарай жүрді. Белбеуінен қілтті алышп, үлкен ауыр кўлыпқа салды. Қакпаның бір жағын қыя ашып:
- Мизраб, ей, Мизраб! — деп айқайлады. Ешкім жауп қатпады.
- Кўл қакпадан бір адым шығып, Мизрабты тағы шақырды. Ділдар да ере шығып, қолын артына қайырып, қакпаға сүйеніп, қатып қалды.
- Күзетші болмай өлсе еді, күніге кешке мас... — деді Аллаяр қынжылып.
- Ділдардың күткені осы еді.
- Тезірек тап, жөнел! Неткен баяу адамсын, — деді қыз асыға сөйлеп.
- Қір ішке, қаранды өшір! — деді қўл, қызды ішке қарай итермелеп, қакпаны қайта жаппақ болып.
- Ділдар қолайлы кезеңді бос жібермеуге тырысты — Аллаярды бас салып, қанжарды салып жіберді. Ол көкіректен соғуды болжалдаған болса да сасқандықтан, тәжірибесіздіктен қанжар кўлдың желкесіне тиді. Аллаяр фанарын лақтырып жіберіп, ойбай салды. Ділдар бар пәрменімен қаша жөнелді. Аллаяр бакырып-شاқырып артынан қуды. Елу қадамдай ўзағанда Аллаяр қуып жетіп, Ділдардың шашынан ўстап алды. Қыз артына бўрылып, қанжарды кез келген жеріне сўққылай бастады. Аллаяр ышқына шығырып, мўрттай ўшты. Ділдар қанжарын мыйты ўстап, тағы қаша жөнелді. Төңіректен «Үста! Үста!» деген қысқа дауыстар есітіле бастады. Таңдайы қеуіп, алжынып, есі шыккан Ділдар бар күшімен жүгіріп келеді. Біраз жер жүгірген соң бір аласа дуалға кез болды. Онан тез қарғып өтті: қалың ағаш арасына кіре бергенде қуғыншының бірінің іле шала дуалдан домалай түсіп, соңынан жүгіріп келе жатқанын байқады. Ділдар күтылар іләж жоқтығын сезді. Қыз қажырлаңып, қанжарын көтеріп, қуғыншыға қарсы ўмтылды. Бірақ шокпардай жұдырықтың күшімен жалп етіп кўлады...

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

I

«Бағзағандағы» сарайдың әшекейлі бөлмелерінің бірінде Туғанбек сусар ішігін жамылып, жас шахзада Мұзффар мырзамен бірге ертеңгі асын ішіп отыр. Шахзадамен таныстыры арқасында оның мәртебесі күннен күнге жоғарылауда еді. Хұсаин Байқара оған өзінің бектері қатарында хүрмет көрсететін. Енді ең үлкен әкімдердің өздері онымен есептесетін болған. Туғанбек Шахзададан тартуға көп жер алды. Фираттың атакты байы Эбулзияның сұлу қызына үйленді. Оның қақпасы алдында қос-қос нөкер, үйінде ондаған күндер қызмет істейді. Ол Мұзффар мырза атынан жарлық беріп, неше алуан қыянат істеп, талай қылмыстыларды актады. Туғанбек шахзада қызметіндегі асыл текті, абыройлы бектерді, қызметшілерді шетке қағып, күн-түн өзінің арам ниетін, залымдық мақсатын жүзеге асыруды көздейген айла-амалын қолданып, шахзаданың қолтығына кіруде еді. Өз ойын, өз пікірін көркем сөз, жарқын мысалдармен бала алдайтындаі әсерлі етіп айта білгендіктен Мұзффар мырза оның айтқанын қызығып тыңдайды. Кай істе болсын шеберліктің, мейрімсіздіктің күшіне сенген Хадиша-бегім Туғанбекпен алғаш кездескенде-ақ өз баласының келешегі үшін ол Туғанбек, үлкен пайда келтіреді деп үміттенген болатын.

Әрқыйлы халуалар, кептірілген миуалар, қуырылған қыргауыл еті, қаймақ қойылған дастархан үстінде Туғанбек бұрынғыша Шахзадаға ақыл үйретуде. Ол Бәдуizzаман, Фаридун Хұсаин, Эбулмухсин мырза, Мұхаммед Хұсаин мырза, Әбу Масум мырза және басқа шахзадалардың — Мұзффардың аға-нілерінің астыртын істері, казна жыйнап жүргендіктері жөнінде айтты. Патшаның сүйікті үлы болғандықтан Мұзффар мырза не жөнінен болса да олардан басым болуы керектігін үқтырды. Ақырнда аға-нілерінің әрбір ісін біліп отыру үшін, оларға тыңшы салып қою қажеттігін үсүнді. Бұл пікір Мұзффар мырзага майдай жакты. Бала осындаі сырлы істерді сүйетін. Ол қолындағы алтын кеседегі шарапты үлкен адамша сіміріп салып, мастықтан сүзілген көздерін Туғанбекке қадап, керіліп тұрып: «Туғанбек мырза, мен сізбен бірге дүниеде ешбір патшаның қолынан қелмеген істерді іstemекшімін!» деді.

— Бәрекелді, шахзадам,—деді Туғанбек езу тартып, — иғі ниетке лайық белінізді берік буыңыз.

Олар тыңшы салу мәселесіне қайта оралды. Осындай құрметті істің үдесінен шығуды Туғанбек өз міндетіне алды.

Қызметші дастарханды жыйнап болған кезде шахзада жігіттерінің бірі кіріп келді. Бұл келген әрі әнші, әрі биши, сықақшыл, ақындығы да, жауынгерлік қабілеті де бар, жылпос жігіт. Сауық кештерде барлық істі көбінше осы басқаратын. Жігіт бүгінгі думанды кешеге кімдерді шақыру және не әзірлеу керектігін сұрады. Туғанбек шақырылатын қонақтарды, әнші бишілерді, даярланағатын тамақтар мен ішкіліктерді лезде атап шықты. Жігіт орнынан түрді да қайта отырып, сұлу мұртын сылап, күлімсіреп.

— Өткен түнде Хадіша-бекімнің сарайында бір ғажайып оқыйға болыпты, есіттіңдер ме?

— Нендей оқыйға? — деді Туғанбек пен Шахзада қосарлана.

— Күң қыздардың біреуі, — деді жігіт, — түн ортасында сарайдан қашыпты, бір құлды қанжармен қатты жараптты.

— Жауынгер қызы екен ғой, я сонымен оны үстапты ма? — деп сұрады Мұзаффар мырза.

— Үстап алыпты.

— Ол қайда қазір?

— Ол қазір Ихтияриддин қорғанында; — деді жігіт.

— Аты кім екен? — деп сұрады Туғанбек.

— Ділдар, дейді.

Мұзаффар мырза қолын бір сілтеп, оқыйғаға мән бермегенін білдірді де, мұғалімнен жазу сабағын алу үшін көрші бөлмелердің біріне кіріп кетті. Туғанбек жігітті жұмсақ жіберіп, ойға қалды. Тергеу жұргізілгенде, Жәдігер мырза түсында қызды менің алып кашқандығым анықталса, қолайсыз әңгімелер тууы мүмкін-ау, деп ойлады. Тым болмаса Мәждиддин де Фиратта емес. Ол тезірек қыздың қарасын өшіріп, қауыпсыз болуды үйғарды. Сусар бөркін баса киіп, сыртқа жүгіріп шықты. Атына мініп, жаңына үш нәкер ертіп алып, Ихтиядиддин қамалына қарай жорта жөнелді. Қарауылдар үйінің жанына келіп, аттан түскен кезінде оған Зәйнідин кездесті.

— Бұл жерде неғып жүрсіз, молда? — деді Туғанбек сөйлеуге ерініп, маңғазданып.

— Бүгін жақындарымыздың бірі тамукқа түсіпті,—деді Зәйнидин анқаусып, — сіздің де осындай бір ісіңіз бар болар?

Туғанбек бұл сөзде бір кекесін барлығын түсінсе де, түсінбегенсіді.

— Ондай астарлы сөзге әуес болма жігіт, — деді де, Туғанбек атын нөкерлерге үстаратып, жылдам басып қарапуылханаға кірді.

Зәйнидин үзаққа созылған бір мәжілістен таң қараңғысында қайтып келе жатып, таныс сарбаздан сарайда болған оқыйғаны есіткен еді. «Арсланқұлдың сұлуы болып жүрмесін» деп осылай қарай жүргірғен-ді. Шубәсі ақыйхат болып шықты. Қыздан алғаш рет Ералы жән-дептің баласы Пірмат хазы жауап алғанын, қыз ешкімнің есімін атамай, таңданарлық табандылық көрсеткенін есітті.

Зәйнидин сұыққа тоңып, дірден қақса да, Туғанбек-тің шығуын күтті. Өйткені оның дәл осы мәселе жөнінде, әдейі келгендігін шамалап білді. Қөп үзамай, аяғын керден басып Туғанбек шықты. Ол Зәйнидинге қарап жыймышып-құліп қойды. Зәйнидин үштей «Ей, ит, ақыйхатты ластамақ болып едің! Жоқ, олай болмай шықты! Иттің аузы тиғенменен, дария сұы арамдалмас» деген ақынның өлеңі нағыз шындық деп ойлады. Ол Туғанбек-тің жанына келді.

— Бек жігіт, тұндегі оқыйғаның ақыры немен тынар екен? — деп сұрады шеттен келген адам сыйқтанып.

— Мен қайдан білейін? Менің басқа хасретім аз ба? — деді Туғанбек теріс қарап, міңгірлеп.

Зәйнидин жалт бўрылып, медресеге қарай жүгіре жөнелді.

Хұжреде Сұлтанмұрат пен Арысланқұл әлденелер жөнінде қызу кенес құруда еді.

— Кел, досым, қыйын мәселеде көмектессенші бізге! — деді куанып, жанынан орын беріп Сұлтанмұрат.

— Қандай мәселе?

— Қандайын сұрайсын, әңгіме Ділдарды құтқарып алуда! — деді Сұлтанмұрат.

— Дұрыс, тезірек құтқару керек. Қай жерден құтқару екенін білесіндер ме?

— Қай жерде, калайша десіңіші? — деді Арысланқұл қалпағын жоғары көтеріп қойып, Зәйниддинге тігіле қарап.

— Сендер не айтып тұрсындар, үйкысырағаннан саусындар ма? Қыз бір зынданнан екінші зынданға түсіп-ті.

Арысланқұл мен Сұлтанмұрат демдерін ішіне тартып, көздерін алартты.

Зәйниддин болған оқыйғаны түгел баяндады. Хұжре іші жым-жырт бола қалды. Арысланқұлдың көзінен жасырышып кетті. Сұлтанмұрат шыдап отыра алмай, түрегелді.

— Бұл шынында да дуниеде тенденсі жоқ қыз екен! — деді ол қыза сөйлеп, — туысқандар, біз әрқайсымыз бұл жөнінде белгілі бір міндет алайық. Біз қайтсек те Ділдардың жанын өз жанымыздай сақтайтын болайық! Зәйниддин сен Туғанбектің істер айласын анық білуге тырыс. Арысланқұл сен қорғаның маңында бол, үзапкетпе, сақ болғайсын! Мен... мен не істесем екен? — Эттең-ай, Хожа Афзал кеше Мервке жүріп кеткен еді. Жарайды, мен ынсафты бектерден, Фираттың беделді адамдарынан көмек сұрайын.

Сұлтанмұратқа ешкім қарсы болған жоқ. Кешке, егер тыныштық болса, Зәйниддиннің үйінде кездесуге сөз байласып, олар хұжреден шықты.

Арысланқұл аршында басып «Ихтияриддин қалалына» келеді. Біріне бірі міңгескен, сіңгір-сіңгір тау тәрізді биік қамал... Жан-жағына биік топырак уйілген, занғар дуалмен қоршалған зәулім үй қаһарлы, айбынды көрінеді... Зындан осы жерде еді. Арысланқұл қамал мен оның солтүстігіндегі жылқы базарының алаңқы аралиғында ерсілі-карсылы жүрді де қойды. Басын бір зіл басқандай болады. Көз алдына қорқынышты көріністер елестеді. Бұл жерде ол жендеттің балтасымен мойны үзілген, қолы кесілген, яки дарға асылып, біраз тыптырап, әліптей созылған адамдарды талай рет көрген еді. Жүрегі аласұрды. «Егер қазір Ділдарды алып шығып дарға асатын болса, немесе қанжармен бауыздау үшін шүңқырдың ернеуіне жығып салса, — ол не іstemек? Қатындарша ойбайын сап жыламақ па? Жендеттерге құрқол үмтүлғанмен не шығады?» — деп ойлады ішінен.

Осыдан соң ол кідірмей үйге тартты.

Апасы базарға кеткен екен. «Хауліде оны-мұны жыйнастырып жүрген шалға арт жағынан барып, жайымен иғынын қакты.

— Жезде, бір қылыш жөнінде маған әңгіме айтып едіңіз гой, сол қайда? Қөрсетіңізші маған.

— Қылыш деймісін? Немене, Фиратты жау шапты ма? — деп сұрады шал, қалың қасының астына жасырынған көзін ашып.

— Жоқ, тәйір, тыныштық қой... Маған бір керегі бар еді, — деді Арысланқұл, асыға сейлеп.

Шал үйге кіріп, үлкен сандықты қөрсетті. Қілтін таба алмаған соң, жігіт сандықтың тұтқасынан ўстап, күшпен көтеріп ашты. Эртурлі киім-кешектердің астынан қылышты алды да, қынабынан суырып, ден қойып қарады.

— Ей, ботам, оның несін қарайсын! — деді шал.— Ас-фаһан болаты... Экем мәрхұм әмір Темірдің батырларының бірі еді. Бұл қылыш талай мемлекетті қөрген, талай елдің басында ойнаған қылыш... Үндістанды, Даشتы, Қыпшақты, Арабияны, Иранды, Кавказды, Рум жерін көрді бұл қылыш. Сайбқұран Темірдің тұсында жасаған болсам өмірім осындағы өтер ме еді? Қыбайдың бір уалаятына әкім болар едім. Уа дариғай десенші!

— Жақсы қылыш! — деді Арысланқұл қылышты салмақтап. Соңан соң оны қынабына қайта салып, үзын шапанының ішінен тағынып алды. Текшеде орамалға ораулы жатқан пышақты да алып, қоншына тұкты.

— Немене, яжуз-мәжузге қарсы аттанып барамысын? — деді шал Арысланқұлдың жолын тосып. — Белің де; қоншың да қанжар, мұның не? Балам қылышты тек ак жолға жұмсағайсың, жазықсыз қан төкпе!

— Жезде, Хұсанн Байқараның заманында залым адамдар көбейген. Бұл қылыш, зұлымдыққа қарсы жұмсалады, мұмкін бұл өзі осы қылыштың тарихында бірінші рет болғалы тұрған іс шығар.

Шал ойланып: «Сөздерің бадахшан тасындағы асыл және кіршіксіз ботам, халыққа жәбір болатын істен ғұлақ болғайсын!» деді.

Арысланқұл көшеге шығып, басын қасып, біраз ойланып тұрды да, кейбір достарына жолығу үшін «Инжил» жағасындағы, Науан салдырып жатқан үйлерге қарай тартты.

Ұмырт кезінде Арысланқұл Зәйнiddин үйінің есігін

қақты. Қараңғыда бір әйел есік ашып, терезесінен шам жылтырап көрінген үйге кіргізді. Үйде ешкім жоқ еді. Қілем үстінде неше түрлі қалам, әр алуан сый сауыт, жазылған, жазылмаған қағаздар жатыр, қазықта тәнбір ілулі тұр... Арысланқұл кілемнің шетіне отырып, қалпағын алып, жаңына қойды да, көзін жұмып, әлде иңдей ойға кетті. «Бұл бишараптарды жұмысынан қалдырып, кітаптарынан айырдым-ау, — деді ол іштей, — біреуі Рум мемлекетінен келген Шалаби деген үлкен ғалымды жеңген данышпаң болса, екіншісі жазудың шебері... Бұлар маған, тіпті танымайтын бөгде, әрі, сауатсыз адамға осыншама мейрім етуде. Мұндай қайырымды, адал адамдар болмаса, дүние әлдекашан кара түнек болған болар еді. Олар әрекет, тіршілік істеп жүр, ал мен болсаам тұқ бітірмей, босқа отырмын». Осыларды ойлады да, Арысланқұл зындан жакқа бармак болды. Бірақ дәл сол мезетте қорадан бір дүбір шықты. Арысланқұл атып түрекеліп, келе жатқан екі досын қарсы алды.

Шапанының етегінен үші қылтырып тұрған қылышты көріп таңданды да, Сұлтанмұрат:

— Хош, куні бойы бітірген жұмысынды айт! — деді Арысланқұлға.

— Ешиәрсе білгем жоқ, бітіргем* де жоқ. Сырттан қарағанда тыныштық тәрізді.

— Рас, әзірге тыныштық... Енді не іstemекшісіз? — деді Зәйниддин, үй ішінде шашылып жатқан қалам-қағаздарын жыйнап жатып.

— Егер сіздер макұл көрсөніздер, бүгін кешке бір жұмыс іstemекпіз.

— Я, айтыңыз, кеңесе көрелік, — деді Сұлтанмұрат естуге ынтығып.

— Тұнде зынданға шабуыл жасасак, — деді Арысланқұл батыл сөйлеп, — күзетшілерді, жендеттерді бауызыда, жазықсыз тұтқынды құтқарсак, дейміз.

— Мақтарлық ерлік, бірақ оған күш жетер ме? Бұл өнай іс емес, — деді сабырсызданып Зәйниддин.

— Менен басқа бес кісі бар, — деді Арысланқұл. — Бәрі де жалындағы қызы, өжет жігіттер. Бұл менің Фирраттан тапқан достарым. Олар қазір зындан төңірегін торып жүр. Рұхсат етсөніз, қолайлы кезеңін тауып, ойран саламыз. Біз өзара кеңесіп, осыған бел байладық.

Зәйниддин мен Сұлтанмұрат үндемей, бір-біріне қарасты.

— Бұл батыл қыймылға сен қалай қарайсын? — деді бір мезгілде Сұлтанмұрат.

— Мен шынымды айтсам, мен Арысланқұлдың достарынан мүндай батырлық күтпеген едім. Мүндай ерлікті құттықтау керек. Бірақ бұл жолды қашшама ұнатсам да, мен қарсы болуға мәжбүрмін.

— Не себепті? Орындаі алмаймыз ба? — деді, Арысланқұл оның сөзін бөліп.

— Сөз жоқ, бұл өзі жігіттікке лайық іс, — деді Зәйніддин қасын жыйырып, байсалды пішінмен. — Олардан ондап кісі өлер, мүмкін, сендердің де бірде-біреуің тірі қалмассың. Сонда қандай нәтиже шықпақ? Меніңше, бұл нәтиже бере алмауы да мүмкін.

Арысланқұл зор кеудесін ііп, ауыр ойға батты.

— Меніңше, — деді, Сұлтанмұрат Арысланқұлға қарап, — бұған басқа амалымыз таусылғанда ғана кірісу керек, әзірше бұл үйғаруым соңғы кезекке қала тұрсын. Басқа шара қалмаған күнде нақ осындаі ерлік істің бір ғажайып мағнасы болмақ. Ал қазір мұның қажеті жоқ, өйткені біз кейбір үлкен әкімдермен сөйлестік. Олардан жаксы уәде алдык. Жағдай қыйын болса да Ділдарды жазалау кейінге қалдырылды. Исті ескіртуге тағы да әрекет істеп бағармыз.

— Өлім жазасын беру қаупы жоқ па? — деп сұрады. Арысланқұл даусы қалтырап.

— Кесіп айту қыйын, өйткені Туғанбек сыйқты залымдар бар, — деді оған Сұлтанмұрат.

— Өлім жазасына бүйірғандай Ділдар не істепті?

— деді Зәйніддин, — иншалла, мемлекетте Туғанбек сыйқтылдардан жауап ала алатын адамдар да бар...

— Жағдай былай болса, мен Мервке—Әлішер Наянға барамын, — деді Арысланқұл кеудесін көтеріп.

— Жүректегі бар сырымды ақынға ақтaramын. Бұл ой маған және түсіп еді, бірақ оған уақыт жоқ, әрбір минут кымбат кой, деп, ол ойдан кайтып ем. Егер әзірше өлім қаупы жоқ болса, онда мен, әрине, ақынға барамын.

— Бұл бір таптырмайтын ақыл екен, мүндай ойға жан пила, — деп Сұлтанмұрат айқайлас жіберді. — Осы ой маған да келіп еді. Бірақ әлі пісіп жетпеген болатын. Әлішер залымдыққа қарсы заманымыздың «арыстаны», шындық пен әділеттің семсері ғой!

Сұлтанмұрат Зәйніддиннің пікірін сұрады. Ушеуі бұл

жөнінде қызу кеңесті. Зәйнидин де бұл пікірді мақұл көрді. Арысланқұл иығындағы ауыр жүктен арылғандай, серпіліп сала берді. Жолға қазір аттанатында, калпағын баса киіп алды. Бірақ әрі берік, әрі жүйрік ат кепек еді, бұл жөнінде де бірқатар уақыт ойласты. Ақырында, Сүлтамнұрат өзінен сабак алып жүрген бір дәүлетті шәкіртінен ат сұрауды үйғарып, асығып соған кетті. Зәйнидин Арысланқұлмен бірге, оның жолдастарымен танысу керек бола қалған күнде, оларды пайдалану мақсатымен «Ихтияриддин» қамалына кетті.

Таңсәріде, қаланың қақпалары ашылысымен Фираттан алғаш шыққан адам — ойнактаған бедеу аттын үстіндері Арысланқұл еді. Сорлы ғашық бекеттерге сирек қонды. Жем іздеген жыртқыштай жалаңдаған борандарда түн қатып жол тартты. Бекетке түсе қалса, жолға шығар алдында апасынан алған азын-аулак акшаны атының жем-шөбіне жұмсал, өзі ас ішпей, атқа аш қонды. Бекеттерде дамылдаған жолаушылардың әңгімесін елең қылмай, жүрегі алып-ұшуда еді. «Мүмкін, қазір Ділдарды дарға асып жатқан болар, немесе оны қыйнап жатқан болар, әлде жолдастары зынданға шабуыл жасауға мәжбүр болып, қырылып біткен болар?» осы сыйқты ойлар тұмандай қаптап, өн бойын шырман алды.

Төртінші күні кешке таман алыстан Мервтың камалдары көрінеді. Арысланқұлды, неге екені белгісіз, әлдекаңдай үмітсіздік, жасықтық басты. Жүрегі дүпілдей бастады. Қазық даラға тігілген көп шатырды көргенде, қобалжуы күшіне түсті. Ол енжар қоңілмен аттан түсті. Оқалы тон киіп, қымбат бағалы кемер белбеу байлаған, сусар бөркін шекесіне қондыра киген өр кеуде әкімдер, қылыш, садақ асынып арлы-берлі кезіп жүрген күзетші, қызметшілердің көрінісі және үлы ақынга кездесу қажеттігі оны қатты абыржытты. Нөкерлер оны ресми шабарман екен деп, қошеметтеп қарсы алды. Арысланқұл Әлішердің шатырына келді. Шатырга кірер алдында өзін-өзі-нық үстап, қатты курсінді. Даіын тұру үшін қысқа лайықталып істелген үлкен, биік шатырдың төрінде, шам жарығының тұбінде, еңсесін сала жазуға шұғылданған ақынға қол қусырып, сәлем беріп кіріп келді. Әлішер басын көтеріп, жігітке қадала карауды.

— Кел, інішек, аман-сау бармысын, — деді ақын, қаламын қойып, қолын созып.

Арысланқұл әдеппен қолын алды да, ақын нұсқаған жерге барып отырды. Науай өзінің жақын адамымен кездескендей ілтифат етіп, сөйлесе бастады.

— Я, мүнда не жұмыспен келдін? Фираттан қашан шықтың? Инжил жағасындағы жұмыстар қалай, қызу жүріп жатыр ма? Қәне, сөйлеші, жігітім?

Арысланқұл акынның жылы сөздерінен кейін, жасқанбай, батыл болып алды. Науай салдырып жатқан үйлердегі құрылымы жұмыстарының барсын толық баяндады. Мирак Накқаштың үстінен аздап шағым айтты. Науай күлімсіреп отырып, ден қойып тындалды. Сұрақтар берді. Ашық көңілді, ақ жүрек, әділетшіл, ақылды Арысланқұлдың сөзін тыңдауға ынтыға түсті. Арысланқұл болса, бәрінен өз мұнын айтуда асыгулы. Ақырында ол сөз аяғын өз жұмысын баяндауға бүрдуды.

— Таксыр, мен «Инжил» бойында Мирак Накқашпен кейде керісіп, кейде келісіп жұмыс істей беруге әрдайым әзірмін, бірақ бір үлкен пәлеге душар болып, көмек сұрайт, алдыңызға бас үрып отырған жәйім бар.

— О не? — деді Науай, асыға сұрап.

Арысланқұл зор денесімен иіліп, күлдышқ үрып, бастан кешкен барлық оқыйғасын баяндалды. Ешнэрсе жасырған жок, балгер кемпір оқыйғасын да қалдырмай айтты. Ақырында: «Бар сенгенім жалғыз сіз, халықта көрсетіп келген жақсылығынызды мен сорлыға да көрсетіңіз!» — деді де, Сұлтанмұрат жазған хатты, қойнынан алып ақынға үсынды. Науай оны шам жарығына тосып, оқып шықты да, ғалымның жай-күйін сұрады. Сұлтанмұрат пен Арысланқұл арасындағы достық қарым-қатнасты естіп, куанды. Соңан соң Ділдар мен жігіттің алғашкы кездесулері, тұрған қыстағы қандай, тұрмыстары қалай, және қалай өмір сурғендігі туралы оқыйғаның егжеттегжейін толық білуге тырысты. Арысланқұл енді өзінің ескі досымен кездескендей, еркін сөйлесе бастады. Науай махабbat, сүйіспеншілік жөнінде магнналы көркем сөздер айтты. Арысланқұл оны ден қойып, әр сөзінің магнасына терен бойлай, ден қоя тындалды. Науай өз сөзін аяқтаған кезде, Арысланқұл онан өз дертіне ем боларлық сөз күтіп:

— Таксыр, ол сорлыны зынданнан күтқаруға мүмкіндік бар ма? Әлде... — деп, сөзін аяқтай алмай, Арысланқұл жерге қарады.

— Сабыр ет, жігіт, — деді Науай. — Егер мемлекеті-

мізде жауыздық-зұлымдық осыншама асқынбаған болса, сен ғашықтық қасіретін мүншама тартпас едің. Қызды үйінен ўрлап алып қашып, күң етуге кімнің хакы бар! Эдейі іздеп келген екенсін, дертіне дауға табуға тырысып бағармыз. Мүмкін, патшага арыз етерміз. Сүйген жарың ерекше іс істепті... Бұл тегінде жаман емес. Ғашықтық жолына жан пида ету — үлкен ғанибат. Жарқыныңың ісі — адамгершілік ўжданға, ақылға әбден сыйярлық іс. Ол Туғанбек сияқты мақұлыштардың арам ниетіне карсы қайсарлық, өжеттік көрсетіпті. Ал енді ол қызды ақтап алудың жайын ойлануымыз керек.

Арысланқұл бұған қатты қуанды. Орнынан түрегеліп, тыска шығуға рұхсат сұрады.

— Жарайды, барып тамактанып, дем ал!

Жігіт қарандыда тұртінектеп жүріп, басқа аттардың арасынан өзінің жириң атын әрең тауып алғып, сылап-сыйип, шөпке қойды. Соңған соң әр жерде шоғырланып от жағып, алқа қотан отырган нөкерлердің әңгімесіне араласып кетті. Солармен бірге күріш ботқа салған ет жеді, сүйек мұжіді. Әлден уақытта, ел аяғы басылып, тыныштық орнаған кезде, нөкерлердің шатырына кіріп, шапанына оранды да, жатып қалды.

Ерте тұрып, көп ауқыт атымен әуре болды — суарды, шөп салды, үстін тазалады. Түс кезінде оған Науайдың шақырып жатқанын хабарлады. Жүргегі лұпілдеп, асыфа басып шатырға келіп кірді. Науай кешегі орында, шайы шапанға оранып отыр екен. Жанында ғиджәк пен тәмбір сүйеулі тұр еді.

— Мұрадың асыл болды, жігітім,— деді Науай, — мынау жарлықты ал да, желдей есіп, тез жетіп камал бастығына бер. Тұтқындағы ғашығыңа тез қосыл. Оған бізден сәлем айт! — Соңғы сөздерді айтқанда Науайдың қөз жанары жайнай түсіп, жылы шыраймен күлімсіреді.

Арысланқұл хатты ыхтияттап, қойнына тықты. Қуанғаннан көзіне жас алып, тұла бойы дірілдеп, ақынға алғыс жаудырды.

— Біз өз міндетімізді атқардық, сендердің қуаныштарыңа біз марқаямыз, — деді Науай, жігітпен қоштасып жатып.

Арысланқұл атына жүгірді. Лезде ерттеп, ауыздығын салды. Бірақ мінер алдында атының жолда жейтін жемі жоқтығын ойлап уайымдады, ақшасы аз қалған еді, нө-

керлер мен ат бағушыларға жалынып-жалпайып журіп, бір дорба жем сұрап алды да, жиренін баса қамшыла, желе-жортып жөнеп кетті...

II

Арысланқұл Фиратқа жол тартып кеткеннен кейін Сұлтанмұрат пен Зәйниддин бұрынғыдан да бетер тынышсызданды еді. Әлде қандай болады деп, істің аңысын аңдуда болды. Арысланқұлдың серіктегі күні-түні бірдей зынданды торуда журді. Әкімдердің сезіне, уәдесіне берік сеніп болмайды. Екі күн өткен соң қауышқатер бұрынғысЫнан да күшіе түсті. Фиратта неше алуан сыйбыс көбейді. «Қашқын күннің аузынан қашан жарылғанша жел үрлейтін болыпты-мыс, дарға асып қойып, терісін сылған көрінеді-міс. Жатқызып қойып, ортан белінен ағаш тәрізді аралап тастапты-мыс!» деген тәрізді алып қашты сөздер ауыздан-ауызға көшіп жүрді. Бұл сөздерге қалай болса солай қарауға болмайтын, өйткені осы «пыш-пыш» әнгіменің артынан қанқор Туғанбектің қара көлеңкесі еріп жүретін.

Зәйниддин өз досын Туғанбекке барып өтініш айтып байқауға үгіттеді, Сұлтанмұрат бұл үсыныска құлақ аспай қойды.

— Қой, досым, оның бетіне де қарағым жок. Ол құлағына қорғасын құйғандай, шын, әділ сөзді мұлдем естімейді.

— Білмеймін, сонан мен өзім де жиренемін, — деді Зәйниддин, — амал қанша, қажет білдып түр ғой... Оған құлдық етіп, жалынуға мәжбүр болып отырмыз ғой... Сен оған ескі таныстығының бәрін сал. Есімде, ол сені бір кездерде аса жақсы құрметтейтін. Ұмытқам жоқ, ол «Сұлтанмұрат патшадан да жоғары. Жалпы әлем қазнасының басында...» демеуші ме еді?

— О кезде ол жексүрін, нәжіс бір қашқын еді. Қазір қарай ғой! — деді Сұлтанмұрат көкке қарап.

— Білмейсің, Науандың бір жақсы бәйіті бар, оның мағнасы: «Жамандардан жақсылықты мал мүйізіне гүл шығады деп күткенмен тен».

Зәйниддин көп қыстаган жоқ. Фираттың жоғарғы топтарымен жақындығы бар кейбір таныстарына жолыққа-лы кетті. Әр жерде әр алуан сыйбыс есітті. Қайта айналып Сұлтанмұратқа келді.

— Хадиша-бегім Ділдардың әрекетіне қатты қаһарлық көрінеді, — деді ол мұңайып.

— Демек, істің бет алысы онды емес. — деді Сұлтанмұрат, өңі қашып, сыйырлай сөйлеп.

— Ол әйелдің жүзіне төнген бұлт нажағайсыз, дауылсыз тарамайды.

Зәйниддин бас изеп мұны қостады. Сұлтанмұрат ауыр күрсінді де, үндеңей орнынан тұрып, жүріп кетті. Қаланың солтүстігінде, бір кездері болып өткен шахзадалардан қалған көркем сарайдың қақпасы алдында ғалымды екі нөкер қарсы алды.

— Не қызметпен жүрсіз?

— Туганбек мырзаға айтыңыз, Сұлтанмұрат жолық-қалы келіп түр деңіз.

Нөкерлердің бірі жактырмай тыжырынып, қорага кіріп кетті де, көп үзамай қайта шықты да, иегімен кіруге ымдады. Сұлтанмұрат үлкен бақты аралап өтіп, қатарлана салынған әшекейлі, әсем үйлердің алдына қелгенде, қайсысына кірерін білмей анырып қалды: «Аспан асты нәткен кең! Бақыт күсы неткен соқыр, осы есектің басына келіп те қонғаны ма оның?» — деді іштей. Әлден уақытта құлағына сырға тағылған бір құлдың нұсқауымен қалың шынар ағашының арасындағы тұра жолмен жүріп, мрамор таспен сәнделген үлкен бөлмеге келіп кірді. Үй іші қымбат бағалы бўйымдарға толы. Қабат-қабат төсеулі көрпенің үстінде Туганбек, Шахабиддин және бірнеше кекірейген әкімдер отыр еді. Алоидин Машхади жіпсиген көздеріне қағазды таяу ұстап, Туганбекті құлдіру үшін жазылған әжуа-сықақтарды оқып отыр екен. Сұлтанмұратты Туганбек ашық жүзben қарсы алды. Жаңа келген қонақты кіріп, ақынның тағы бір әжуасын естіп, Туганбек барлық денесімен бұлкілдеп сылқ-сылқ құлді. Соңан соң бүкіл жүрттың қамқоры, өмірде алуан істен хабары бар, айрықша білімді адам сияқтанып, медіреселер жайын сүрай бастады. Сұлтанмұрат іштей ренжіп, медіреселер жайының шет жағасын айтты да, өзінің келгендегі жұмысын баяндады. Туганбек иегіндегі сирек, жириен сақалын қасып, аз үндеңей отырды да, өтірік құлді.

— Бір қашқын күнге қамқоршы болып кайтесіз?

— деді ол, тыжырынып. — Әлде соған үйленбексіз бе? Қойыңыз оны, мен сізге екі емшегі қауынның әңгелегіндей бір сұлу қызы тауып берейін!

— Бек, мен сізге үйлену жөнінде келіп отырғам жоқ,
— деді Сұлтанмұрат ашу кернеп, айқайлай сөйлеп, —
— мен басқалардың бакытты болуының қамын ойлап ке-
ліп отырмын. Бақытты кісілерді қорудің өзі зор бақыт.

Туғанбек жастыққа шынтақтап, алтындаған үй шаты-
рына қарады. Алондин Машади, Шахабиддин тағы бас-
қа әкімдер Туғанбектің ғалымға айтқан сөзін ыңғайсыз
көріп, жерге қарасты. Шахабиддин маскүнемдердей
қансыз, сарғайған жүзінде айқын білінген ренішпен сөз
баставы:

— Ел билеген ўлықтар бар, — деді ол, — барлық істі
соларға сеніп тапсыру керек. Бізде біреулер қылмыс іс-
тей қойса, дереу актаушылар, әділеттік туралы лепіру-
шілер пайда бола қалады.

— Ол рас, жұрт билеуші ўлықтар бар, — деді Сұлтан-
мұрат батыл сөйлеп. — Бірақ зұлымдық, басбұзарлық
күшті. Мемлекет билеу ісінде ұлken дәрежеге ие бол-
ғандар ішінде де залымдар бар. Біз ақыйқатқа, әділет-
тікке түскен қара таңбаны сылып тастамақ қиетімен
келіп едік.

— Тысқан, — деді Туғанбек, бойын түзеп, жұмсақ
сөйлеуге тырысып, — қылмыстыңы жазалауды құдай
да, пайғамбар да бўйырады. Мәселені Шайхулислам
шешеді.

— Қызды ешкім қылмысты деп санай алмайды. Таза,
адал, батыл қызыға аяушылық ету керек.

— Бәрекелді, бұл сөздер қайсы кітаптан айтылып
отыр? — деді кекетіп Шахабиддин.

— Шындыққа құрылған кітаптардың қайсысында
болса да осы пікір айтылған, — деді оған Сұлтанмұ-
рат.

— Мен сізге үгіт айтқандай білгір емеспін, — деді
Туғанбек қабағын шытып. — Бірақ, күдіктенбейтін мы-
нандай бір шындық бар: ешбір патша қараны ақ деуге
жарлық жазып, заң шығарған емес.

Сұлтанмұрат келгеніне өкінді. Ашуын әрен басып,
қызды Жәдігер заманында кім алып қашқандығын айтып
салғысы да келді. Бірақ Туғанбекті мұлдем өшіктіріп
алам ба деп тартынды. Сол кезде бір топ мас, данқой
жігіттер мен Фираттың әйгілі күмарпаздары кіріп келді.
Сұлтанмұрат тілінің үшімен салқын қоштасып, шығып
жетті. Ашулы қалпымен ол тегіс жолмен де жүрмей,
ағаш арасындағы саз жерде, кебісін балшыққа батырып,

асыға кетіп бара жатқанда, арқа жағынан «Сұлтанмұрат мырза!» деген дауыс естілді. Ғалым үйдің алдында тұрған Туғанбекті көріп қайрылды.

— Досым, бізден қөңіліңіз қалды-ау деймін, ә? — деді Туғанбек жымыйып.

— Мен сізді әділеттік істеуге шақырып ем, амал қанша!

— Мен жүрт алдында сіздің өтінішіңізге солай жауап беруге мәжбүр болым. Түсіндіңіз бе? Бұл іске менің қатысым жок, алайда, сөзінізді жерде қалдырмауға тырысармын.

Сұлтанмұрат көзін кен ашып, құлімсіреп тұрған қайрымды Туғанбекке қарады.

— Алаң болмай-ақ қойыңыз, — деді Туғанбек оны сендіріп.

Сұлтанмұрат ризалық білдірді де, қоштасып, қуанышы тасып медресеге келді. Хұжреде Зәйниддиннің бұрынғыдан да тұнеріп отырганын көрді.

— Кайғырма, досым, пәленің алдын алдык.

— Шын ба? — деп сұрады Зәйниддин сенінкіремей. Сұлтанмұрат жайғасып отырып, ордада болған сөздерді түгел айтып берді. Әуелде алдеқандай құдігі болған Зәйниддин әсіресе, Сұлтанмұрат сендірген соң, ақырында, көнілі көншіп, тыныш тапты. Бұл тұні олар Арысланқұлдың құралды күзетшілерін таратып жіберіп, тынық үйқтады.

— Ертеңіне таң намазы кезінде екі дос көшеге шығып, жаңа кітаптар қарады. Бұл жерде әрдайым кездесіп тұратын кейбір ғалымдармен, ақындармен, хатшылармен үшырасып, түрлі мәселелер жөнінде де пікір ашты, өзара таласты. Соナン соң өздерінің бірнеше күннен бері жиі барып әдеттенген «Ихтиядиддин» қамалы деген жаққа еріксіз бұрылды. Маңына жүртты топтап, әзілсықақ айтып, барлығының шек-сілесін қатырган атақты дәруиш Шамрезді біраз тыңдады. Соңынан шашлық дүкеніне кіріп, тамактанды да, өткен-кеткендерге қарап, тынығып отырысты. Зәйниддин алдарынан өткен атты, жаяу жас, кәрі жүргіншілердің өмірін, мінез-құлқын сыйпаттап, әруақыттағыдай досын жалықтырмайға тырысты.

Шашлық дүкенінен шыққан кезде олар алыста шоғырланған бір топ халықты көрді. Екеуі таңданып бір-біріне қарады да, солай қарай журді. Зындан күзетшілерінің

бөлмесі алдында қанқыйып Тұғанбек түр... «Бұл не ғып түр?» — деп үрейленіп, Сұлтанмұрат, Зәйниддинге қаралы. Зәйниддин иек қақты да, әлдеқайда жүгіріп кетті. Бірнеше минуттан соң қайтып келіп, Сұлтанмұратты жеңінен түртіп, ымдаш шетірекке шақырды.

— Аңдаймысың, — деді ол даусы қалтырап, — іс бітіпті... Тұғанбек Мұзаффар мырзаның атынан бүйіркі жазып, соның жігіттеріне тапсырыпты. Қазір сол үкімді орындайтын көрінеді.

Сұлтанмұрат дірілдеп кетті: «Тұғанбек ит бізді қапыда қалдырыды-ау! Қап!» — деп, өз маңдайын бір сокты да, ашу мен ызыға шыдай алмай, Тұғанбекке тұра үмтүлды. Зәйниддин оны шап етіп құшақтай алды.

— Сен немене, есіннен адасқанбысың? Ендігі әрекеттен пайда жоқ, — деді ол Сұлтанмұратты кейін тартып.

— Құдай ақына, қоя берші мені, — деп жүлкінды, Сұлтанмұрат, — бүкіл жүрт алдында тұмсығына қойып жіберейін. Қолынан келсе мені де ассын дарына.

— Бос сөзді қой, — деп жалынды Зәйниддин, — бір күні онан да өшті алармыз.

Топ барған сайын үлгая бастады. Әркім өзінше жорамал соғып, «асады екен», «кескілейді екен!» десіп жатыр. Жүрттың көбі жана шырлық білдіріп: «не күнасы бар оның, сорлы қыз қапастан қашып күтылмақ болыпты, бар жазығы сол дағы?» — десті.

Тұғанбек ішке кіріп кетті. Қүзетші, жасауылдар көбейді. Мұзаффар мырзаның қошы жігіттері пайда болды. Олар көрін тәгіп ақырып, қамшымен кез келгенде үрүп, куа бастады.

— Не істеге керек? Ол бізді ахмақ қылып, алдаш, жазықсыз қызды көз алдымызда өлтірмек пе? Бұл неткен жауыздық! — деп, Сұлтанмұрат айқайлап жіберді.

— Ұақыт жоқ, табан астында кімге барып шағым айтасын? Тұғанбектен көмек сұрамақпаз ба? Осы ызыасы үшін мен не бүгін, не ертең оның басын қайтсем де жүлдышам.

Нөкерлер жүртты ығыстырып, қанды іске аспай-саспай әзірлене бастады. Жендеттер де келіп қалды.

— Арысланқұл келе жатыр! — деп, Сұлтанмұрат айқай салды да, келе жаткан жириен атқа қарай жүгірді.

— Тыныштық па? — деді Арысланқұл айқайлап.

— Тыныш... не әкелдің, тоқта!

Арысланқұл атынан секіріп түсті де, қойнындағы қағазды шығарып, Сұлтанмұратқа үстата берді. Зындан әкіміне жазылған қағаз! Сұлтанмұраттың желкесінен қарап, оны Зәйнiddин де оқыды. Оқып болысымен, ушеші үйде зындан бастығына жүгірді.

Сұлтанмұрат кең жауырынды, адырайған ала көзді, селдір мұртты жігітке қағазды қуана, мейірлене үсына берді. Қамалдың кожасы жуан, дөкір саусағымен бүктеулі қағазды ашып, үңгіле түсті. Ақырында:

— Өлімнен де, зынданнан да құтылды қыз! — деді. Соны айтты да, — алып шығындар! — деп бүйірды.

— Бұл неткен қағаз! Кімнен ол? — деді Туғанбек ашумен, зындан бегінің жанына келіп.

— Элішер Науайдан келген қағаз... Мінеки, барлық бектердің мөрі басылған. Бағынуға тиіспін, — деді оған зындан бастығы.

— Шындық әрқашан үstem болмак, ол әрқашан жеңіп шығады, — деді Сұлтанмұрат Туғанбекке.

Ашу мен ызаға булыққан Туғанбектің түсі бұзылып кетті. Бәркін қолына алып, тіл катпай, қақпадан шығып жүре берді. Нәкерлер аяқ-қолы кісендेулі Ділдарды алып шықты. Жүзі сарғайып кетіпті, тек отты көзі ғана жайнап тұр. Ділдар әлсіреп барып дуалға сүйенді. Арысланқұл жүгіріп барды да, маңдайын сыйрап, шынжыр-кісендерін ағыта бастады.

— Мені қайда алып барады? Сіз мұнда неғып жүрсіз? — деді Ділдар қалжырап.

— Құтылдың, жаным, мұлдем азат болдың, өзінді беरік үстағайсың, — деді Арысланқұл, жыламсыраған дауыспен.

— Сенбеймін, рас па? — деді Ділдар, маңайдағыларға көздері жәутендереп, кезек-кезек қарап.

Төрт-бес адым жер аулағыракта тұрған Сұлтанмұрат, Ділдардың бетіне тіке қарауға бата алмай, төмен карауды.

Олар сыртқа шыққанда, жұрт қуанысып, шуласып қарсы алды. Біреу «Сонау Нарвыдағы Науай Фираттың қылмысқа тыйым салды» деп айқайладап та жіберді.

— Дұрыс айтасың!

— Өмір жасы үзак болсын! — десті жүрт.

Қалың топтан алыстап шыққан соң, Арысланқұл дос-

тарын үйіне шақырды. Сұлтанмұрат шаршағандығын сұлтау етіп, рұхсат сұрады да, Зәйнидин бүл екеуінің бірге баруын өтінді. Досы мұны қабылдады. Ділдар Сұлтанмұратқа қайта-қайта қарай береді, көзге таныс, бір жерде көрген сияқты, бірақ есіне түсіре алмайды...

— Сіз де бізбен бірге болыңыз, мұндай қуанышты күнде... — деді де, Ділдар үялып, күлімсіреп жерге қарады.

— Рахмет, қарындасым, — деді Сұлтанмұрат дірілдеп сойлеп, — тойларыңа баразмын... Бақыттарың күндей жаркын болсын, қош болындар!

Қуанышқа батып, жүректері алып үшып бара жатқан достарын Сұлтанмұрат ойлы көзімен үзағанша шығарып салды да, баяу басып, өз хұжресіне келді. Жүргіндегі дауыл бірте-бірте басылды. Махаббатқа толы екі жүректің қосылуы, олардың бакыты, фалымның жан дүниесіне нұр шашты.

ЖЫЙЫРМАНШЫ ТАРАУ

Күннің біртіндеп жылып келе жатқандығы байқалады. Бетке тікендай тиген ызырықтың орнына жанға жағымды, бойды тербеткен қоңыр жел есе бастады. Аппель айының бұлттары аспанда жиіление түсіп, жауын нөсерлей күйді. Жауыннан кейінгі шөптің көк-жасыл түсі көзді шағылыштырғандай. Қаңрап тұрған дала жасыл шөптерге бөлөнді. Көк майса шөп көрер көзге құлпырып жатқандай көрінеді, жәй соққан жемден толқындаш шайкалды. Қектем Хұсаин Байқараның қосы жатқан жерге өң берді, жана үн берді. Далада жайылған аттардың кісінеуі де, жігіттердің даланы көшіре айтқан өлендері де құлаққа енді мұлде басқаша естіледі. Жастар далада нешетүрлі ойындар ойнауда, жүрттың бәрі шекесіне гүл тағып алыпты. Жауынгерлер, нөкерлер етек-етек гүл теріп келіп, шатырларды безендейдіруде.

Науай күндіз көбінесе шатырдың бір жағын түріп қояды да, күн көзімен ңүрланған далаға, алыстағы төбелер мен адырларға қызығып қарап отырады. Өлендер шығарады. Шатыраш ойыншыларын шақырып, такыясын шешіп тастап, ойынға кіріседі.

Хұсаин Байқара қектем сейілін жасады. Сол тәнірек-

тегі сотқар қошқарларды жыйнаташып, қошқар сүзістіріп, үлкен қызық көрсетті. Қурестер болды. Бірнеше рет қымызышылар мәжілістері болып өтті. Ақырында, ол бірден, өзінің астанага көшуді үйғарғанын білдірді. Жұрт жолға әзірлене бастады.

Науайдың жанына нөкерлер келді:

— Рұхсат болса, шатырды жыйыстырамыз.

— Асығыс па сонша, — деді Науай ренжінкіреп.

— Ертең аттанамыз.

— Мен осы көшу дерегін есіткелі бері бір қыйын мәселені шеше алмай әуремін, — деді Науай ойланып.

— Ол қандай мәселе? — десті нөкерлер, ақынды қоршап алыш, таңданыса қарап.

— Ол анау, — деді Науай күлімсіреп, шатырдың бір бўрышын көрсетіп.

Онда: адам бойы біктікте қураған бұтақ үстіндегі үяда қараторғай жатыр еді. Нөкерлер ешнәрсеге түсінбей, бір-біріне қарасты.

— Шатыр жыйнастырса, ол бишараның халы не болар, мен соны ойлаудамын, — деді Науай.

Нөкерлер күлісті. Олардың бірі батыл сөйлеп:

— Таксыр, қанатты жәндік емес пе, үшады да кетеді.

— Балапандарына қанат байлап үшырасыз ба? — деді Науай қаттырақ сөйлеп. — Кожа Хасанды шақыр бермен.

Көзі күлімсіреп тұратын момын, шағын денелі кожа Хасан шатырға кірді. Науай әлгі құсты көрсетіп тұрып:

— Шатырды жыйнастырмаймыз, ал сен мына құс балапанын ашып, қанаттандырғанша осы жерде қал. Шатырға да, құска да күзетші бол. Соナン қейін шатырды жыйнастырып, Фиратқа келерсің. Еңбегің үшін алар ақың мол...

— Айтқаныңызды бұлжытпай орындаимын, құска ешбір зыян келмейді, таксыр.

Нөкерлер жайлап шығып кетті. Таңертең Науайдың шатырынан басқа шатырлардың бәрі жыйыстырылды... Эскерлер даланы айқай-шуга толтырып, жорыққа аттанды.

Фиратқа келген соң екінші күні ақын өзінің бір топ достары және жақындарымен «Инжил» жағасына барды. Оның жағасындағы үйлерден бір тамаша кіші-гірім қалашық пайда болған еді. Үйлердің бәрі нешетурлі нақышпен жайнап тұр. Бірінен бірі көркем сыйкты...

Науай әуелі медресеге кірді, шәкірттер сабак алу үшін ариналып жасалған үлкен тас сыпаны көрді. Қыш тәселген шаршы кораның төрт жағында қатар тізіле салынған хұжрелердің — шәкірттердің жатақ үйлерінің әркайсыына кіріп, түгел қарап шықты. Қітап қалап қою үшін қабырғаларға жасалған текшелерден бастап, тамақ пісіру, үшін әрбір хұжрелерге құрылған ошақтарды, есіктердің ілгегін, күліптарына дейін тексерді. Медреседен тағы бір үлкен үйге өтті. Бұл — медресенің қарсындағы әшекейлі зәулім үй еді. Фалымдар мен ақындардың тұруы, жұмыс істеуі үшін салынған бұл үйдің көркемдігі, ыңғайлылығы жағынан ең өнегелі үй болуы тиіс, деп Науай әуелде ойлаған еді. Өрнекші шеберлермен бірге жүріп ішкі және сыртқы өрнектеріне, жазуларына зер салып қарады. Ақын суретшілердің ісіне риза болды. Осыдан кейін, ол үлкен кітапхананы, аурухананы, монша және басқа үйлерді көріп шықты.

Әрбір үйдің төңірегіндегі бақшаны, гүл алаңдарын аралады. Жақында отырғызылған жас ағаштардың сирек, нәзік жапырактары көз куантқандай еді. Гүл алаңдарындағы гүлдердің қөбісі енді ғана бас жара бастапты. Ақын бір топ бақ өсірушілердің арасында Арысланқұлды көрді. Жігіттің, Ділдардың хал-жайын, тұрмыстарын, мұқтаждықтарын сұрады. Арысланқұл әрбір сұрауға зор куанышпен, тасып-төгіліп жауап берді. Науай достарына Ділдардың батылдығын мақтады.

Кешке өз үйінде, бірнеше достары, жақындары және туыскандарымен бірге ақын жаңа үйлерді ашу тәртібі туралы кенес құрды. Тәжрибелі нөкерлер қанша ат, қанша қой, қанша сыйыр сою - керектігі, қанша миуда келтіру керектігі, қандай тағамдар пісіріп, қалай мерең келеу туралы өз пікірін ортаға салды. Науай сол күннен бастап даярлық жүргізуге рұхсат берді.

Жұма күні «Инжил» жағасында тамаша үлкен жыны болды. Үлкен мерекеге ақсүйектер, фалымдар, ақындар, суретшілер, түрлі қолөнершілер — бір сөзben айтканда, уәзірлерден бастап Фираттың жетімдеріне дейін түгел жынынады. Ондаған үлкен қазандарда тамақ әзірленді. Қап-қап пісте, бадам, неше алуан тәттілер меймандардың алдына төгілді. Сый-күрметтен кейін халық топ-топ болып, жаңа салынған үйлерді көріп, тамашалады.

Медресе мен улкен зәулім үйге «Ихласия», аурухана мен моншага «Шифаия», кітапхана мен оған жалғас ақынның өзі және оның достары мен туыстары тұруына арналған үйлерге «Унсия» деп ат қойды.

Кескін өнерінің өнегесі болған үйлердің көрінісі жыйнап алғандарды таң-тамаша қалдырыды. Олардың көркі өлец жырға қосылып, жанды сөздің қанаттарына байланып алыстағы елдерге тарады.

Бұл үйлердің ғылым мен мәдениет ошағына, творчестволық ой, пікірдің орталығына айналдыру үшін әлі де болса көп күш, көп жігер жұмысай керек. Ақын «Ихласия» медресесіне заманның ең озат ғалымдарын үстаз етіп тағайындағы. Бұлардың ішіне логика және математика ғылымының оқытушысы болып Сұлтанмұрат кірді. «Шифаия» да ауруларды емдеу үшін хорасанның ең жақсы тәуітері тағайындалды. Бұл жерде дәрігерлік ғылымнан сабак беру үшін асқан дәрігер Фаясiddин Мұхамматты белгіледі. Ғалымдардың пайдалауды үшін кітапхананы нешетүрлі қымбатты шығармалармен толтыруға кірісті. Ондаған хатшылар қымбат және сирек кездесетін кітаптарды осы кітапхана үшін көшіріп жаза бастады.

Мәдениет істерін басқару үшін әр қызметке, әрбір іске айрықша кісілер белгіленді. Ақын өз жерінен түсетін табыстардың бір бөлегін осы шараларды жүзеге асыруға арнап белді.

Жылдар өтті. Ақынның керемет қаламының даңқы шәлдерге, тауларға, теңіздерге жайылды. Оның өлеңдерінен құралған жыйнақ кітаптар Фираттан аттанған керуеншілердің қымбатты, асыл қазнасы болып алыстағы өлкелерге, түрлі қауымдар мен халықтар арасына тарады.

Науай өзіне дейін өз халқының ешбір ақыны үдесінен шыға алмаған бір міндетті орындауды — ақындық тауының биік шынына шығуды арман ететін еді. Бұл арман — өзінің ана тілінде «Хамса»¹ жасау болатын. Әдебиет мұралары қазнасында елеулі орын алған Иран халқының мәңгі өшпес асыл шығармалары «Шахнама», «Хамса» ларды кішкентай кезінен зор сүйіспеншілікпен оқып: «менің халқымда осындай әдебиет қазналары неге жоқ? Халқымда терең ақыл, зор ынта, мақтаныш сезім, өзіне

¹ Бес дастаннан құралған үлкен шығарма.

лайыкты салты бар... Егін даласында, көкорай шалғында әнге қосып шырқап салған өлең жыры, көркем тіл бар...» — деп Науай іштей ойлайтын. Ақын қырық жасында өмірінің бұл биік мақсатын, ең үлкен арманын өзінің досы Жамиге сыр етіп айтты. Науай өлеңдерінің күшін мойында, оған еліктең өлеңдер жазған Жами Әлішердің бұл талабын күттүктауды.

Науай енді көбінесе творчестволық өмірмен шұғылданды. Ол ресми мемлекет қызыметінен недауір босады. Қызу, курестері көп өмірден шет қалып отыратын болар ма еді? деп арман етті. Бірақ мемлекет өмірінің толқындары оны күннен-күнге күштірек тебіренте тусуде. «Бас қосуға да уақыт жоқ». Дихашылық етіп, өнімін кедейлерге, жетім-жесірлерге үлестіріп беру, шөлдерге су шығарып гүлдендіру, халықтың мұң-мұқтажын тыңдаپ, жолжоба көрсетіп, ғылым мен көркем өнер істеріне басшылық етіп отыру, тағы басқа сол сыйқты істер көп уақыт алады, көп күш жұмысауды керек етеді. Солай бола тұрса да, Науай «Хамса» жасау жолында ерекше ынталан, зор тозім, зор қайратпен қалам жүгіртті.

Ақынның ойы халықтың тарихы, тағдыры туралы мәселелермен шүгылданды. Сонымен бірге, ол сол кездің ең қажетті, ең түйінді мәселелерін жазып отырды. Ақын осылар туралы ойлануы, оларды егжей-тегжейне жете тексеріп, сонсоң оны поэзияның жалынды тіліче көшіруі керек болды.

«Хамса» бірінің үстіне бірі шөккен бес тау... Әрбір белесі бүтін бір өмірді қамтыйды. Науай шарыктап үшіп екі — үш жылдың ішінде осы бес таудың шыңына шықты.

ЖЫЙЫРМА БІРІНШИ ТАРАУ

I

Таңертенгі кез. Жалт-жұлт еткен үзын, кең шайы шапан киген, үлкен ақ сәлдесін, не үшін екені белгісіз, бүгін айрықша құнттап ораган Сұлтанмұрат «Ихласия» медресесінен шықты да, «Инжил» жағасында күн нұрына боленген көркем бақтың ішін күндегі әдетті бойынща кезе бастады. Фалым таңертенгі таза, салықын аудада ағаш арасындағы жолмен әрлі-берлі жүріп сійға шомуды сүйтетін. Арықтағы сулар бақтан гүл аландарына,

гүл аландарынан жол жағасындағы ағаштарға өтіп, сылдырап ағып жатыр. Арша ағаштарының арасында біреу мұнды күй тартуда. Сұлтанмұраттың дәл төбесінен үшіп өткен құстардың даусы оқтын-оқтын жаңғырып, айқын естіледі. Бір шетте, сорлы дәруиштердің бірі хожа Хафіз Шеразидың өлеңін келістіріп, толғай окуда...

Сұлтанмұрат біраз уақыт кезіп жүріп, үлкен жолға шықты. Алыстан есегін жетелеп, жолынан адасқан адамша жан-жағына аландал келе жатқан бір адамды көрді. Оның барлық қыймылы, жүріс-тұрысы таныс сыйқты. Сұлтанмұрат жақын барып тігіле қарап, оның Бинаи ақын екенін тапыды. Жалма-жан барып қолын алды.

— Сапардан қашан қайттыңыз? — деп сұрады Сұлтанмұрат.

— Бүгін келдім, — деді есегіне сүйеніп тұрган Бинаи. Сөйтті де күн нұрымен құлпыра түскен жасыл бақшаларға тігіле қарап! — ау, біз көріп жүрген «Инжилдің» жап-жалаңаш, тап-тақыр жағалауы қайда?

— Науайдың қолы такыр жерлерді гүл бақшага айналдырады, — деді Сұлтанмұрат сөзін талғап сөйлеп.

— Неткен тамаша жер, — деді Бинаи, күнге күйген кішкене бетіндегі сақалын сыйипап, — бірақ Науайдың «Хамсасы» мұндай көркем емес болар.

— Неге? — деп сұрады Сұлтанмұрат, мыскылдан күліп.

— Жырдың анасы — тіл. Өзбектердің тілінде нендей көркемдік, нендей әсер болмақшы, бұл екесін болмаған жерде жыр жазуға болар ма?

— Мұныңыз қате, Бинаи ақын, — деді Сұлтанмұрат, Бинаиды көлеңкеге қарай тартып, — Науайдың «Хамсасы» ақынның тенденсі ژоқ көркем шығармасы болып шықты. Енді фарсы тіліне бас июшілердің аузына күм күйилады. Біздің тіліміз Науайдың шығармаларында аса әсерлі, қуатты күш болып шықкан. Біз Науайдың сөздеріне таң-тамаша қалыстық. Науайдың «Хамсасы» қазір тек Хорасан мен Туркістанға ғана емес, сонымен қатар, Үндістанға, Қавказға және Қытайға таралуда. Бұл шығарманың жеті ықлымның бәріне түгел тарайтындығына еш күманданбаймын.

Бинаи ғалымға ажырая қарады. Кір шапанының етегімен бетінің терісін сүртіп тұрып:

Мені Науайдың үйіне ертіп барасыз ба? — деді.

Сүйтті де, есегін қақпалай айдай бастады.

— Жүріңіз. Осы жерде, жақын, — деді Сұлтанмұрат. Сөйтіп өзі оның алдына түсіп жол көрсетті.

Жолшыбай әңгіме тағы да «Хамса» туралы болды. Сұлтанмұрат «Хамсаны» шын ықыласымен, жер көкке тиғізбей мактады. Оның үстіне ол Науайдың «хамсаны» мактаған Жамидің өлеңін айтып берді. Осыдан соң Бинаи амалсыз әзілге көшті. Сұлтанмұрат әзілге де олқы келген жок. Оның сөздеріндегі тікендерді жаныштап тастан отырды. Осылайша олар «Унсияға» жеткендерін сезбей қалды.

Науай «Усиядары» көп бөлмелердің бірінде, үлкен төрт бұрышты салқын үйде әруақыт өзімен бірге болатын достарымен, жақындарымен бірге, жалаң бас, шатыраш ойнап отыр еді. Бинаи кірісімен Науай орнынан тұрып, достық көнілмен амандастып, өзінің жанына отырғызы. Ұзақ сапардан қайтқан ақынның жайы-куйін сұрады. Көп уақыт өтпей дастархан жайылды, гу-гу әңгіме басталды. Бинаи өзінің саяхатынан алған әсерін қызығылды етіп айтып берді. Сонымен бірге ол бірнеше олақтау әзілдер айтып, отырғандарды құлдірумен болды. Сөз арасында Науай оған:

— Сіз Иракта Якупбектің жанында болыпсыз. Бізге сол туралы әңгіме айтсаныз еken, — деді.

— Якупбектің бір ерекше қасиеті сол, — деді Бинаи мысқылды құлкімен, — ол ешуақытта түрік сөзін аузына алмайды еken.

Мәжілістегілер бірден тым-тырыс бола қалысты. Ақындардан Шайхим Сұхайли, Хилали, Хафіз Яри, Пір Муаман және басқалар не дерін білмей қысылып жерге карады. Сахип Дора ызага шыдай алмай, сыртқа шығып кетті. Сұлтанмұрат жиркеніп теріс карады. Тек екі кісі ғана еш нәрсені елемей, жайбаракат отыра берді. Оның бірі — тамакты емін-еркін соғып отырған Бинаи еді де, екіншісі өз күшіне, пікірінің дұрыстығына берік сенген Науай еді.

— Біздің тіліміз — гауһар ғой, — деді Науай, әр сөзін салмақтап сөйлеп. — Якупбек, әрине, гауһарды нәжіске тастан ыластамайтын болар.

Бинаидың көздері аларып кетті. Ол өзін нәжіске течейтінін күтпеген еді. Өш алу үшін ол тағы да олақ әзілдер айта бастады. Соның артынан ол тіпті таласуға да тырысып байқады. Бірақ Фарсы тілінің көркемдігі,

артықшылығы жөніндегі оның бүкіл дәлелдері Науайдың магналы, дәлелді сөздерінен жаратылған тастандағы соғылып, құмдай шашылып кетіп жатты. Алайда, жаңа қонақ келісімен бұл керіс бірден тоқтатылды. Жаңа қонақ — суретші Бекзат еді. Сурет өнерімен барлық жүртқа атағы шыққан, жүрттың бәрі құрметтейтін даңқты суретші балалықтан өтіп, сақал, мұрты шығып, байсалды адам қатарына қосылған еді. Бүкіл мәжіліс оны қуанышпен қарсы алды. Науай оны төрге отырғызып, зор құрмет көрсетуге тырысты. Бекзат үлкен папкасын ашып, бір суретті шығарды да, әдеппен және құрметпен Науаига үсынды.

— Шәкіртіңдің бір кішкене шығармасын кабыл етуіңдің сұраймын, — деді, суретші, құрметпен бас иіп.

Бұл сурет Науай салдырған жаңа үйлердің бір көрінісі еді. Науай суретке зор ықыласпен қадалды: медресе маңындағы кайнап жатқан іс суреттен айқын көрініп тұр. Шеберлер, тас қалаушылар, жұмысшылар, арбалар мен пілдер, таныс адамдардың жүріп-тұрыстары — барлығы бір жапырақ қағаздың бетіне айқын, дұрыс және көркем түсірілген. Науай өзінің зор қуанышын білдіріп, суретшіге алғыс айтты. Жүрттың бәрі суретке төніп, үңіле түсті.

II

Мәждиддин Паруанашы күн сайын таңтертең «Жаһан Ара» бағына келіп, ең алдымен сарайдағы өзінің «құлақтарынан» жаңа оқыйғалар, өсектер, астыртын істер жайында мәлімет алып отыратын. Бүгін ол сарай қызметшілерінің аксақалы болып есептелетін бір Хожа Бахаулыны кездестірді. Ол Науай жағындағы адамдар деп аталған кейбір әкімдер жөнінде патшаның айрықша бір мәжілісте отырып ашуланғандығын, жерден жеті қоян тапқаңдай екіленіп күпия сыр етіп әңгімеледі. Мәждиддин оған жаңа тансырмалар беріп, жоғары диуан жакқа қарай бұрылды.

Диуанда оны әр күндеңідей екі бас уәзір — Хожа Афзал мен Низамулмұлк қарсы алды. Бұл екі уәзірдің көңілінде бір-біріне өшпенділік күшті болса да, олар сырт көзгө дос адамдар болып көрінетін. Мәждиддин болса олардың екеуін де жек көретін. Хожа Афзалды Науайдың оң қолы деп есептейтін. Низамулмұлк өзін

әрқашанда шағып алуға әзір тұрған жылан деп есептейтін.

Ресми түрде сәлемдескеннен кейін, ит пен мысықтай араз адамдар өзара сөйлесе бастады. Олардың сөздері, әруақыттағысындай, әуелі тәп-тәтті көрініп, ашуы сонынан білінетін дәрідегі еді.

Хұсаин Байқара келіп, қалың мақпал төсекке отырды. Оның көздерінде, бетіне ерте түскен әжімдерінде, жөнсіз ішкілікке берілгендейтің, талай күндерді үйкышыз өткізгендіктің белгісі көрініп тұратын. Ол уалаяттарға кейбір бүйрықтарды жазуды пәруанашиға бүйірды да, мазмұнын бірнеше ауыз сөзбен шала-шарпы айтып берді. Мәждиддин сол жердің өзінде-ақ жазуға кірісті. Хұсаин Байқара шаршаулы пішінмен көздерін сүзіп уәзірлерге қарап:

— Бізге екі тұман ақша әзірлеңіздер, — деді.

Хожа Афзал жалт бүрылып Низамулмұлкке қарады. Қелбетті, әлем-жәлем киінген уәзір төмен қарап үнде-мей отырды. Хожа Афзал ыңғайсызыданып қатты қысылды. Қазнадағы барлық байлық кеше түгел таусылған еді. Думанға, сауық-сайранға берілген патша мен оның сарайы, қазнаны жалмап шыдатпайтын. Хожа Афзал шын жағдайды баяндауға батылы бармай, бозарып, үн қатпай отыруға мәжбүр болды.

— Тілдерінді жұтып қойғансыңдар ма? — деп ақырды Хұсаин Байқара екі уәзірге.

Хожа Афзал мүншама, көп ақшаның қазір жоқтығын, егер уакыт болса табуға шара қолданатындығын айтты. Хұсаин Байқараның түсі қашып, көздерінде ашу үшкіны ойнады.

— Хорасан патшасының қазнасында екі тұман ақша жоқ, — деген не сүмдик? — деді ол, уәзірлерге теріс қарал.

Диуанды бір ауыр тыныштық басты. Паруанаши жазуын токтатып, мойнын қоразша бір созып қойды да, патшада қарап, басын шайқады.

Уәзірлер ақша табылады деп уәде беруге енді бата алмады. Енді канша қазна жыйнағаныңмен — бәрі бекер! Ашулы патшаның алдында отыру қыйынға түсті. Уәзірлер рұхсат сұрап, айыптыларша иіліп, еңкейіп тыска шықты. Мәждиддин куанып, жайнап кетті. Хұсаин Байқара епсіз бастықтарды сөге бастады. Паруанаши өзіне ең қолайлы кезең туғанын білді. Патшаның

соңғы уақыттарда Мәждиддинге көрсеткен құрметі оны еркіндегітіп жіберген еді. Мәждиддин қокірегін кернеген кекті алуға тырысты. Ол мемлекет ісінде барлық кемшіліктерді Науайдың және соның адамдарының басына жауып, талай пәлені тыңдан ойлап шыгарушы еді. Науайдың салдырған үйлері қазна ақшасын тауысты деп дәлелдеуге тырысты. Патша мұның сөзін ден койып тындал отыр. Ақырында, Мәждиддин үріс майданында жағдай қыйындаған кездерде өзінің ынтасымен ерекше батырлық көрсеткен адамдарша берік сеніммен, мақтанишпен:

— Сіздің берекелі қазнаңызды айтуга ауыз жетпейтін өлшеусіз көп алтын-күміспен толтыруға болады... Мәселен, мен өз басым екі туман емес, екі мың туманды оп-оңай жыйынп беруге уәде бере аламын, — деді.

— Бұған сенугे бола ма? — деп сұрады патша, көтеріліп.

— Күмандануға орын жоқ, — деді Мәждиддин батыл сөйлеп. — Бірақ бұл үшін патшаңыз мына мен сыйқты құлына мемлекеттік тиісті қызмет, үқық, мүмкіндік беруі шарт.

Хұсайн Байқара қомдана түсіп, көздерін бір нүктеге қадады.

Ағара бастаған сақалын сыйрап, үлкен ойда қалды.

Хұсайн Байқара Мәждиддинді өзінің ең сенімді адамдары деп есептейтін, мемлекет басқаруға қабілеті бар адам деп білетін. Оның үстіне Хадиша-бекім де көптен-ак оны үнемі мақтап отыратын болған. Патша Мәждиддиннің көп жылдардан бері-ак мемлекет басқару ісінде жоғарғы орында отыруға тырысатындығын және бірнеше бектер мен сарайдағы қызметшілер оны жақтайтынын да жақсы білетін. Бірақ Науайдың саясатына, кейде ашықтан-ашық, кейде құпыя турде наразылық білдіріп келген бұл паруанашыны патша мемлекет басқару ісіне қоюға тартына соғып журуші еді... Ендігі жағдай басқаша. Казір Науаифа деген күдік күшті. Науай патшаны жәбірші деп, озбыр деп айыптайды. Оның саясатын ұнатпайды. Науай мемлекеттің «гүлдері» болған аксүйектермен, дәүлетті адамдармен емес, бұқарамен бірге болуға шақырады. Патшаның қателерін, кемшіліктерін әшкерелеп отырады. Сол үшін ол Науайдың ішінде бөтен бір сыр бар деп ойлады.

Сондықтан оп-оңай екі мың тұман акша табуға берік

үәде берген паруанашыға оның ықыласы күшіне түсті. Бірақ паруанашыны мемлекет басқару ісіне қоюға сөзсіз қарсы еді. Не істеу керек? Хұсаин Байқара көзін-жұмып ойға кетті. Ол көптен бері құлағының тынышын алған, көтеген сарай қызметшілерінің, жоғарғы мансаптағылардың, бектердің тілегін орындау керек деп үйғарды.

— Мәждиддин Мұхаммед, — деді ол паруанашыға, — сіз мемлекет басқаруда ең үлкен қызмет аласыз. Жоғары дәрежелі қызметіңіз үшін керекті шараларды белгілеуге казірден бастап кірісе беріңіз.

Мәждиддин паруанашы қайта-қайта құлдық үрып, патшаға алғыс жаудырды.

Ертеңіне Хұсаин Байқара Науайды шақыртып, онымен оңаша сойлесті.

— Сізді шақырғандағы мақсатым, — деді Хұсаин Байқара ресми, түсін суытып, — ойыма келген бір пікірді білдіру еді. Осыны айтты да, біраз үндемей отырып, тағы сойлей түсті.— Сізді біз жаңа қызметке тағайындауды үйғардық. Бұл қызметті тез шын жүрекпен қабылдайды деп сенемін.

— Ол қандай? — деп сұрады Науай, бір сұмдықтын болғанын сезіп.

— Біз сізді Астрabadқа әкім етіп тағайындағы. Жүргүге әзірленуіңіз керек.

Бұл Науай үшін күтілмеген жаңалық еді. Сондықтан да оған бұл қатты әсер етті. Көздері қайғылы тускесе енді. Екі қасының арасындағы түйін өсе түсті. Патшаның мұндай тоқтамға келуіне не себеп болғанын ойлады.

— Сіздің қабылдаған қарапыңыздың қандай мағнасы бар? Сіз соны ашып айтсаңыз екен, түсінбей тұрмын, — деді Науай патшаға, оның бүкіл сырын үфуға тырысып, қадала қарап.

Хұсаин Байқара елдің, мемлекеттің пайдасын көздеңгін айтты, акырында бұл жауап Науайды қанағаттандырмайтынын сезіп, оナン да басқа мақсаттары бар екендігі жөнінде белгісіз күнгірт бірдемелерді мінгреледі.

— Ашып сөйлеген жақсы, — деді Науай мыскыл күлкімен. — Маган сіз көздеңген мақсат шыны ішіндегі шамдай айқын көрініп тұр. Кatalаспасам, сіз мені астанадан аулаққа жіберіп, кейбір адамдардың жолын аш-

пақсыз фой. Бұл үйғаруымның қаншалықты дұрыс болатынын біле алмай тұрмын... Егер бұл іс мемлекетке, халыққа пайда беретін болса, мен оған жүрттан бұрын куанар едім. Бірақ олай болmas деп қорқамын.

Хұсан Байқараның беті шімірігіп, ыңғайсызданды. Өйткені оның сұрлы перде астында етеп қана жүзеге асырмак болған амалы сабын көбігінің шарындан лезде жарылып кетті. Хұсан Байқара кейбір мемлекет қызметшілерінің тілегін орындау және казнаны толтыру үшін кандай да болсын бір шара қолданудың керек болғандығы туралы айтты.

— Сіздің жаныңызда ұлы мәртебелі, батыр бектеріңіз, өз жұмысын жетік билетін, білгір адамдарыңыз бар екені рас. Бірақ сонымен катар, мемлекет ағашының гүлдерін үзіп, құйындан суырмақ болған мақұлықтар да жоқ емес. Олардың әрқайсысы қалаларға, уалаяттарға көз тігеді. Олардың тілегі елге, халыққа қызмет ету емес, алтын-күміс жыйнау. Олар киімдері, ыдыс аяқтары алтын күмістен болғанына қанағат қылмайды. Оларша етіктерінің тағасы да алтыннан болжа атаді... Мемлекет үшін қазна дегеніңіз тәндегі қан тәрізді фой, алайда, тек бір жақтан сұлікше тарта бергенмен қазна толмайды. Атымтайдай жомарттықты біліп істеу керек. Шөлдеп тұрған бақшага емес, тауға құйған жауынды жүрт жомарт демес. Казнаны ең әуелі халықтың қамы үшін жұмсау керек. Қөркем өнер, ғылым-білім істерін күшештуге жұмсау керек. Сонда, адал еңбек еткен диханың қамбасы астыққа толғаны сыйкты, сіздің де қазнаңыз алтын-күміске толады. Өзге шаралармен қазнаны байыту ақылға сыймайтын іс екендігі әркімге аян.

Хұсан Байқара Науайдың сөзін көңілсіз тыңдады. Бір аздан кейін белі ауырған адамдай, екі қолымен белдігінің үстінен белін қысып, жайлап орнынан тұрды.

— Мен сізді Астрabadқа жіберуді макұл көрдім, — деді патша даусын каттырақ шығарып, нендей десеніз де мен өз дегенімнен қайта алмаймын.

— Мени Фираттан қуманыз, қағаз-қаламмен ғана өмір суруіме мүмкіндік беріңіз. Ешқандай ресми қызметке әуестігім жоқ екендігін өзінізге мен әлденеше рет айтқан болатынмын. Сіз оны ұмытпаған боларсыз...

— Басқа шара жоқ, — деді Хұсан Байқара басын шайқап.

— Жарайды, мен әр қандай зорлық-зомбылықтын салмағын көтеруге әзірмін, — деді Науай, батыл және нық сөйлеп. — Бірақ іші қара адамдар, арамзалар біліп қойсын, мен қай жерде болсам да әділдікті қорғаймын.

Хұсайн Байқара біраз уақыт үндемей отырды. Соңан соң Науаймен салқын ғана коштасып, көрші бөлмеге кіріп кетті. Науай күйініп есік алдына шықты. Адал нөкере, бұл күнде ауыз бөлменің күзетшісі болған, Бабаәлі оны күрметтеп қарсы алды.

— Таксыр, тағы қандай пәле болып қалды? — деді әл, мұңайып. — Шынымен-әк Мәждиддин паруанашы сияқты арамза мемлекет басында отырып, мемлекет тізгінің қолына алмақ па? Біз патшадан соң енді соған құлдық үратын боламыз ба?..

Науай көпті көрген көне Бабаәлінің кең иығына қолын салып, бір-екі жылы сөзбен оның көңілін жұбатып, көздеген мақсатынан, түскен жолынан таймайтындығын білдірді. Сөйтіп, ол қырық бағаны бар үлкен залға келіп кірді. Бұл жерде оның жария және күпая дүшпандарының бір тобы тұр еді. Бір қатарының көздерінен жаңа, жоғары қызметке көтерілу үміті айқын көрініп тұр еді... Науай ежелдегі қалпынша байсалды пішінмен оларға бір қарап өтті. Әділеттікке сенген күш оның аяғын тік бастыруда еді. Дүшпандар әлде неден қыйпақтап, сыр білдірмеуге тырысты. Ақын бұлардан іштей жириенуде болатын. Сол мезетте бөлмелердің бірінен паруанашы шыға келді. Ол үлкен сәлделі басын кекіреттіп, аяғын кердең басып келеді. Науайды көре салып қыйпақтап, түсін амалсыз өзгертуі. Алайда, күрметтейтін кісіше Науайдың жанына келіп:

— Бұғін патша алдында үлкен мәжіліс бар, сіз оған катыспайсыз ба? — деді.

— Жоқ, — деді Науай.

— Бұғін мазаңыз болмай тұр ма?

— Көңілім тіпті шат... Әсіресе, бұғін қуанышым тасып, шегіне жетуде.

— Қалайша? — деп сүрады Мәждиддин мұлайімсіп, сүйтті де жалт бұрылып, достарына қарап қойды.

Науай оған қарап күлімсіреп, қасын жыйырып қаралды, бір ақынның өлеңі ойына түсе кетті.

Сен жұмаққа баар болсан
Тәңірі болсын саған жар,

Сенен аулақ болу үшін
Тамук барап басқалар.

Алайда, Науай өзінің ойын басқарақ етіп айтты:

— Менің шаттану себебім — бұл жердегі кейбір жекесүрын адамдардың жүзін көру қасіретінен тәнірім мені жуық арада күтқарғалы тұр.

Мәждиддин күп-ку болып кетті. Ол ойнақшыған көздерін кайда жасыруды білмей састы, оның достары да «шүрк» еткен жоқ. Науай аяғын нық басып, байсалды пішінмен өз жөніне кетті.

Ақын үйіне келгенде, оны бір топ мұраптар, жұмыс басқарушылар, қызметшілер коршап алды. Олар «Чашмайы Махини» мен «Машхат» арасындағы шөлге су шығару үшін белгіленген адамдар еді. Науай бұл шараны өз қаражатымен жүзеге асыруға бел байлап, сол күні оларды кеңеске шақырған еді. Қөпшілігі халықтың қалың ортасынан шыққан, жер суландыру ісін жаксы білетін карапайым адамдар өз пікірлерін айтуда асыкты. Науай ыңғайсыз жағдайда қалды. Өйткені мұндай үлкен істі жүзеге асыру үшін жұмыстың басықасында өзі болуы керек еді. Бірақ олай болмай отыр. Ол бүгін-ертең Астрабадқа айдалмақ. Келешекте тағдыр тағы қандай уақыйгаларға кездестіреді, — ол мәлім емес... Ол не де болса кеңесті өткізуі үйгарды. Алайда, бұл істі бастауды кейінрекке қалдыруға мәжбүр болғанын айтты да, сушыларды бөлмелердің біріне алғы барып, дастархан жайды. Сөйтіп тамақ үстінде кеп отырып кеңесті. Мұраптар әңгімеге қызығып, өздерінің пікірлерін баяндай бастады. Талас-ерегістер де болмай қалған жоқ. Арықтың ені, тереңдігі туралы, олардың сағасын, жиектерін бекіту туралы және канша адам, канша құрал-сайман, ат-көлік керек екендігі, тағы басқалар туралы қызу кеңес болып өтті. Бұдан бұрын да су істерінің жайын зерттеумен шұғылданған және бұл жөнінде бірқатар мәліметтер жыйнаған ақын, айтылған әрбір пікірді, әрбір үсіністы көңіл қойып тындады. Таластардың болуына себеп болған кейбір мәселелер жөнінде ол өз пікірін айттып, мұраптарды таңдандырды. Ақырында, кеңес аяқталған кезде, Науай былай деді:

— Қымбатты туыстарым, кеңестеріңіз үшін сіздерге көптен көп алғыс айтамын. Халқымыздың игілігі үшін бұл істі біз қалайда жүзеге асырамыз, бірақ әзірше мұны кейінге қалдыра тұруға тұра келеді. Амал не, кей-

бір жақсы тілектерді орындау жолында бөгет, аяққа тұсау кездесіп отырады.

— Бізді асықтырған сіз өзіңіз едіңіз ғой... — деді ақынға, қарапайым бір мұрап.

— Оныңыз рас, бұл іске деген ынтамыз зор еді, — деді Науай, күлімсіреп, — бірақ күтпеген жерден басыма бір бейнет түсті. Осыдан құтылсам, сонан кейін...

— Игіліктің ерте кеші жоқ деген, — деді жыйналған жұртқа, зор денелі бір мұрап, — Әлішер хазреттің басы аман болса — оның отанға деген сүйіспеншілігі әлі-ак сел дария болып ағар.

— Шын сөз, — десті жұрт.

Науай кеңеске катнашулылардың бірсыпрыасына шапан жапты, қалғандарына ақша сыйлық етті. Бәрі де қуанышпен, ризалықпен тарасты. Бірақ тілегі іске асқағаны үшін Науай қатты қайғырды. Ол үзак уақыт үйден шықпай, ешбір іске қолы үрмай, отырып қалды. Қешке жақын тұнеріп Хожа Афзал келді. Ол Хұсанн Байқараның бүйрығымен Мәждиддин бас уәзір болып тағайындалғандығын, оған «патша мен мемлекеттің тірегі» деген ат берілгендерін білдірді. Науай өзінің досына тоқтау салып, істің акырын төзімділікпен күту керектігін үғындырыды.

Күн батқан соң ақынның достары, жақындары келді. Бәрінің де көңілі жабырқау еді. Бәрі де патшаның үй-фаруын мағнасыз деп тауып, ел арасына қара күн орнайтындығын сезіп еді. Олардың көбі сөз арасында патшаны ашы тілмен қарғап, Мәждиддинді әжуалауда.

Науай көңіл шерін білдірмеске тырысса да, жұрт оның бет әлпетінен, назарынан, кыймылынан қасіреті зор екенін байқаңдай еді. Қызу талассызы, әзіл сықақсызы, күлкісіз кеңестен кейін ақынның достары тамактанып болған соң-ақ орындарынан қозғала бастады. Науаймен коштасқандардың бәрінің де көздеріне жас алдып, көңілі қапада болып кетіп жатты.

ЖЫЙЫРМА ЕКІНШІ ТАРАУ

Түннің біраз уақыты болған. Құмарпаздардың көзде-рі арақ пен картадан жайнап отыр. Шам сәулесі түсіп, шоктай жарқыраған үолі алтын карташылардың бірінен біріне көшуде. Әсіресе, Мофұл әмірдің қолы келіп отыр еді...

Астрабадта бұл әкімге тек қарташылар ғана риза еді. Олар күн сайын дерлік кешке Могұл әмірдің үйіне қалта-қалта алтын, күміс әкеліп, жанын сала ойнап, таң алдында үйқы басқан көздері сығырайып, мұлгіп үйлеріне тараитын. Могұл әмір басқа істерден керісуғе, дау шығаруға, зорлыққа әзір тұратын болса да, ойыңға келгенде ойын қафыйдасымен бұлжытпай сактауды үннататын. Үткызбай өтірған кездерін де ол мырзалиқ та көрсетіп қоятын. Қырмандай үйілген алтынды қолымен үстап алып жатқан кезде, қызметшісі келіп, бір кісі күтіп тұр деп хабарлады. Могұл әмір оған жекіп: «Жоғал арман, сұмырай» деп еді, қызметшісі оған: «Гираттан шабарман келді» деп тағы айтты. Астрабадтың әкімі қарта ойнауға құмартып, колы қышып, ентелеп отырған жанындағы адамға өзінің картасын «ойнай тұр» деп берді де, тыска шықты. Шаршап, қалжыраған шабарман оған хат берді. Могұл әмір басқа бір бөлмеге кірді де, хатты шамның жанына үстап тұрып, арақ жеңіп мұлтіген көзін сүзіп тұрып, хатты әрең төзіп оқып шықты. Хатты оқып шығып, әмір қатты куанды. Әсіресе, хаттың ақырында Мәждиддиннің «мемлекет ағасы» деген атағы оған өте үнады. Қағазды бүктеп қалтасына салды да, өзіне өзі: «Іс оңғарылатын болыпты. Мәждиддин патшаның оң қолы болғаны теріс болмапты»,— деді. Бұл хатта Мәждиддин болған уақыйфаларды жазып, оның тезірек патшага келіп жолығуын сұрапты. Әсіресе, ол Әлішер Науайдың Астрабадқа күніліп келетін болғанына күанды: «Хорасанның жүлдзызы деп дәріптелген Науай осы оқшашу жатқан, қайғы, мүң басқан қалада болып көрсінші бір! Қалай болған күнде де, бұл өзі оны келіп кеткен іс екен. Фират та, мемлекет те енді қолымызға тиіпті!»— деді ол ішінен.

Могұл әмір қарташылардың қасына келді де, хаттың мазмұнын, болып жатқан оқыйғалардың мағнасын ойлап, бірқатар уақыт ойынға араласпай отырды. Оның қолын алып ойнап отырған құмарпаз үтқызып койып, масқара болғанда ғана оны шетке қағып жіберді де, өз орнына отырды.

Ертеңіне бас ауырып мен-зен болып түрегелсе де, ол жолға әзірлен, бастады. Жыйнаған мал-мұлкін түйелерге тендереп. Фиратқа жөнелді. Бір — екі күннен кейін қатын баласын алып, Әлішердің келуін күтпестен, патшага кездеспек болып жөнеп кетті.

Науайдың Астрабадқа келетіндігі тұралы хабар жергілікті халықты катты қуандырыды. Бұл хабар ауыздан ауызға көшіп, лезде бүкіл аймаққа тарады. Базарда болсын, жеке үйлерде болсын, дүкендерде болсын жұрттың әңгімесі Науан туралы болды. Шалдар «маскунем, жексүріннан құтылғанымызға шукір» деп тәуба қылды. Каланың ақындары Науана тарту ретінде өлец шығармақ болып, үйқас іздеумен әлектенді. Бірақ кейбір ойлы кісілер тереңірек ойладап, «Әлішер Науайдың қала-мызға келуі жай емес, мұның бір сыры бар» деген пікірде еді.

Міне, сарғая күткен күндер де келіп жетті... Халық Астрабадтың алыс-жақын, үлкен-кіші жолдарымен ұлы дүрмек боп ағылып жатты. Халық толқынының бір шеті қала қақпасынан асып, далага жайылды.

Алыстан аттыларды, Әлішер мен оның жолдастарының карасын көргеннен-ақ, халық дүрліге, сабырсызыдана, асыға күтті. Қаланың алдыңғы катарлы адамдары, ғалымдар, ақындар жұрттан оза шырып, Науайды карсы алды, оның келуін құттықтады.

Науайды самсаған халық коршап алды. Құттықтаған, алғыс айтқан дауыстар естілді... Балалар қалың топтың арасында жүгіріп, ағаштардың басына шырып у-шу болысып жатты. Өлеңшілер Науайдың жырларын айтты. Әйелдер тілеп алған балаларын жоғары көтеріп: «Қарағым, Науандай ұлық болғайсың» деп сүйіп, баурына басып, қуанғанинан көздеріне жас алып та жатыр.

Айнала жұртқа күлімсірей қарап, екі қолын төсінеге қойып, басын изеп, құттықтаған жұртқа ризалық білдірді де, Науан өзіне әзірленген үйге келіп түсті. Жайласқан соң ол атакты адамдарды, ғалымдарды, халықтың өкілдерін кабылдады.

Науан келесі күні өзінің реесми қызметін аткаруға кірісті. Ол өз өлкесіндегі мекемелермен, олардың басқарушыларымен танысты. Ертеден істеп келе жатқан кейбір «басшылардың» әдіс, айлаларын тексерді. Олар өздерінің құлық-сұмдықтарын жасыруға қашшама тырысып басқа да, Науан олардың сырын бірден білді. Науан бұл қаланың не медресесінде, не салық жыйнауында, қазылардың¹ жұмысында дүріс тәртіп көре алмады. Осы істермен туныса бастағанда-ақ: «Бәрекел-

¹ Билерінің.

ді, нағыз жан түршігерлік оқыйғалар осында екен» дег ойлады.

Науай бұрынғы қайрат, бұрынғы жігермен жүртты басқаруға кірісті. Фиратта қолданған тәртіптерін, ережелерін жүзеге асыра бастады.

Оның істеріне халық сүйсінді. Тамаша ғалым туралы халық өлең шығара бастады. Әрбір адам Науанаға келіп арызын, мұнын айтып, онымен қамқор әкесінше сөйлесетін болды. Науай бос уақыттарында бұл жердің ғалымдары мен ақындарымен және басқа көркем өнер қызметшілерімен кеңесіп тұрды. Оларды өз қызметтерін жақсы атқаруға үндеді.

Астанадағы достарынан, жақын адамдарынан хат келе бастады. Бұлардың әрбір сөзі ақынға деген үлкен сүйіспеншілікпен шындалған еді.

Хорасанның қыйыр алыстағы аудандарынан құттықтаулар келіп жатыр. Бұл — патшаға және оны коршаган астыртын дүшпандарға адал ниетті, ақ жүректі адамдардың берген жауабы еді.

* * *

Науай көркем бөлмелердің бірінде тыныштықта отырып, жұмыс істеумен шұғылданды. Оның жанында, кілем үстінде десте-десте қағаздар, былғарымен қабатталып оюланған мұқабалар және қат-қабат дәптерлер жатыр. Олардың кейбіреуін шаң басқан, кейбіреулерінің шеті бүктелген, дақ тускен... Бұлар Науандың шығармалары еді. Өлеңдерінің бір бөлігі кіші-тірім жыйнақ болып, жүрт арасына кең тараған болса да, бүкіл шығармалары тәртіптеліп, бір кітап болып жыйналмаған еді. Науай Астрabadта көптен бері обланып журсе де, уақыты болмай, кейінге қалдырып келген ісін срываудаға — үлкен жыйнақ жасауға кірісті.

Ол шығармаларын өз өмірінің әрбір кезеңдеріне бөліп — балалық пен жігіттік, орта жас пен көрілік шактарға — төрт кезеңге бөліп, оның әрқайсысына өз алдына ат койды.

Ескі қағаздарды актарып, өлеңдерін қайта қарап шығып, іріктең бастады. Шығармалар өте көп еді, олардан өз өмірінің үзақ жолы толық көрінгендей еді. Әр шығарманың өзіне тән тарихы бар. Мынау Мешхедте

хұжреде Науайдың он алты, он жеті жастағы кезінде жазылған шығармалар. Мынау Самарқандың келген кезде Хожа Фазлулла Абуллайыс хұжрелерінде жазылған жырлар. Мынау кіршікіз таза ииетпен, көңіл шіркін көкке шарынып, шарықтап мектептен қайтып келісімен бір бұрышқа отыра қалып жазған алғашқы өлеңдері. Бұларды мейірман анасына оқып бергенде, ол көңлі тасып, Науанды құшақтап, баурына басып сүйген еді. Анасының сүйгендегі ыстық лебі оның бетінде осы күнге шекті сақталып қалғандай. Бір кезде әкесі Фиясиддин ойшыл, хиялы шарықтаған үлының алғашқы шығармаларын оқып, оны талай-талай баурына қысып сүймелеп пе еді. Оған талай қымбат базарлықтар әкеліп бермелеп пе еді! Бұл шығармалар өткен жылдардың оқығаларын ойға түсіріп, көзге елестетті. Науайдың балалық шағы есіне түсті. Өзінің бала шағын ойлап, ол бір хиялға кетті. Ол өмір таңының алғашқы күндерін еске алды. Ол айды алыш бер деп жылайтын бала тәрізді, еш нәрсемен есептеспейтін кезі еді.

Ақын басқа бір дәптегерді қарап шықты. Ол дәптегердегі мына бір өлең оның бойын мұлдем билеп алды.

Карауытып тұтылса күн
Аспанда жүлдyz жылтылдайдай,
Жасырган бойда қалқам жүзін
Көзімнен жасым сорғалайд...

Науай өмірінің ең бақытты кезеңдерін ойға түсірді. Эрқашан үлкен сүйіспеншілікпен есіне алатын атакты ақын оның көз алдына тағы елестеді. Ол Лутфи еді. Науай үлкен ойға қалды. Бала шағы болатын: міне, ол орнынан үшып тұрып, жүгіріп көшеге шықты. Фират күндегісінше шаттық, қуанышпен бірге және мұң мен қасіретке тола... Өзіне тетелес балалар көше бойында, корада асыр салуда: біреулері жаңғақ атып, біреулері садақ атып ойнап жүр... Бала Әлішер қаладағы «Бах шимал» жаққа қарай жүгіріп, бір үйдің есігінің алдына барып токтады. Аз кідіріп, үялып қақпа ішіне кірді. Таяғына сүйеніп қора ішін арлы-берлі кезіп жүрген Лутфи ақынға көзі түсіп, алыста тұрып сәлем берді. Жүгіріп жанына барды. Қарт ақын қалың қасын жыйырып тұрып, балаға сүйіспеншілікпен тігіле қарап, кім екендігін сұрады. Әлішер өзінің аты-жөнін айтып, келгендегі жұмысын білдірді.

— Бәрекелді, шырағым, сен әлі Фиясиддиннің баласы ма ең? — деді күліп атакты ақын. — Эдейі келген екенсің, бері жүр, өзіндегі ойлы баламен сөйлесуді жаным сүйеді. — Әлішер Лутфиге еріп миманханаға кірді. Десте-десте болып қаланып кітаптар тұр. Оның қатарындағы текшеде ыдыс-аяқтар тұр. Лутфи есік алдына кебісін шешіп, төрге шықты да, қалың көрпеге барып отырды. Әлішер де жайлап барып қарттың жанына отыра кетті. Лутфи бірнеше өлеңдерін жатқа оқып шықты.

— Бұл өлеңдерді сен әлі есітпеген боларсын, — деп күлді карт.

— Сіздің өлеңдеріңіздің көбін мен жатқа білемін, бірақ бұл өлеңдеріңізді мен әлі есіткен жоқ ем.

— Дұрыс. Мен бұларды жуырда жаздым. Ал енді сен оқы, мен тыңдайын.

Әлішер аздал именді, өзінің өлеңдерін карт ақынға оқып беріп, онан кеңес алуға келген болса да, окуға батылы бармай тағы бірде оқырмын деп ойлады. Лутфи көнбеді, қыстай бастады.

— Фиратта көшеде кетіп бара жатқан адамды тоқтатып, оған өз өлеңін оқып беретін ақындар бар... — деп күлді Лутфи.

Әлішер даусы қалтырап, Лутфиге қарамай, өз өлеңдерін бірінен соң бірін оқый бастады. Әрбір өлеңді оқып шыққан сайын, Лутфидың мактауын естіп, бала қөнілдене түсті. Қызырып, мандайынан тер шыға бастады. Ақырында «жарайсың, ўлым» деп балаға қолын берді де, арқасынан қақты. Карт ақын басын изеп отырып, Әлішердің кейбір өлеңдерін қайта-қайта қайталап айттып шықты:

Күн тұтылса ымырт түсіп, аспанда жүлдиз жылтылдайд,
Жасырса тек қалқам жүзін, көзімнен жасым парлайды.

Әлішер өлеңдегі кемшіліктерді көрсетуін сұрады. Лутфи өзімен тенденс адаммен сөйлескендей, байсалды пішінмен сөйлесті.

— Құдайақы, мен өзімнің фарсы және түрік тілінде жазған он екі мың өлеңімді сенің өлеңдеріңе алмастырған болсам, сенде менің ақым кетпеген болар еді,— деді.

Бұл өзі зор мойындау еді. Науай мұны өз мойнына тен қөрмей қысыла түсті.

Ол бұған сене қоймай:

— Сіз асыра мақтап жібердіңіз, — деді.

Сонан соң олар түрік және фарсы тілдерінің өзгешеліктері туралы, түрік тілінде жазылған тамаша өлеңдер туралы ұзақ отырып сөйлесті. Ұзак әңгімен кейін атақты қарт Лутфи ақын балаға батасын беріп, енді міне жете таныс болғандығын, мұнан былай қашан келсе де оны қарсы алуға әзір екендігін айттып, Әлішерді шығарып салды.

Науай балалық дәуіріндегі осы куанышты кездерін есіне түсіріп, марқұм үстазымен қайта сөйлескендей болды. Ойға кетіп бір аз отырғаннан кейін өлеңдерін қолға алды. Өлеңдері өте көп. Оның әрқайсысы Науайдың өмірінің бір кезеңдерінің күәсі тәрізді. Тозаң басқан кағаз беттеріндегі өлеңдер оның өз өмірінің айқын бейнесі тәрізді.

Есік ашылды, ақын кірген кісіге басын көтермей көзінің қырымен қарады.

— Келіңіз Сабухи.

— Сіз бос емес екенсіз, уақытыңызды алмай-ак қояйын, — деді Хайдар қыйпақтап.

— Отрыңыз. Ондай істі әңгіме үстінде де шешуге болады. Ол Хайдарға тігіле бір қарап, бастаған сөзін ілгері соза берді:

— Астрабадтың шарапханаларында күн сайын бола-саз. Сіз өзіңіз ерекше жігітсіз; әрі ақынсыз, әрі әскерсіз, әрі шарапқорсыз. Кіци өмірде белгілі бір жолды берік үстау керек. Бұл жолды үстау үшін табандылық, өжеттілік керек. Өмірдің ең бір гүлденген шағын босқа өткізуден не пайда. Мен бұл жөнінде сізге әлденеше рет айттым, бірақ сіз тыңдамайсыз. Алтын сөзді желге жібергеніңіз үшін ренжімін.

Бектердің балаларында жақсы киінген, бірақ киімдері олпы-солпы, жаңғалақ Хайдар, өзінің ежелгі әдетіне басып, ешбір қарсы сөз қатпай отырып тыңдады. Әдемі Түрікпен кілемінің үстінде отырып өзінің мас көзін қағаз бетіне жүгіртті. Ақырында шын көңілмен былай деді:

— Жүректегі қайғы-шерді шараппен жуу керек, бұл жерде қасіретті көрініске, жүректегі шерге ем болатын шарап қана. Тенденсі жоқ көркем қала Гираттан құлағаннан кейін, ендігі жұмыс таң ертеңнен кешке, кештен таң атқанға дейін шарап ішу, онан басқа ештеңе қалған жоқ.

— Сіздін Фиратка кайтып кетуіңізге үлкен кедергі бола да қоймас, — деп күлді, Науай жігіттің бетіне қарап.

— Сіз болмасаңыз, кісі жұмақта да жалығады деп ойлаймын. Мен достарымнан үздіксіз хат алып тұрамын, бәрінің айтатыны бір сөз: «жетім қалған Фиратта бишаралық өмір сүрудеміз» деседі. Мен бұған шыдай алар емеспін, — деді Хайдар, даусын қаттырақ шығарып. — Іскендер Зұлкарнайының заманынан бастап осы күнге дейін ешбіреу көркейтпеген Фират қаласы осы күнде біздің достарымыз үшін тамұққа айналды, бір топ билеушілер, жауыз, залымдар үшін үжмакқа айналды.

— Сабыр тубі сары алтын — деді Науай, өз жұмысынан қол үзбей. — Тағдырың дауылы бізді осындай жерге әкеліп тастағансон, біз бұған сабырмен төзуіміз керек. Отанымыздың аулақтағы жаһан далаларын қажырлы еңбекпен гүлдендіруіміз керек. Халықтың қайғысына қалай болса солай караудан сақ бол жігітім.

Хайдар бірнеше уақыт маскунем көздерін сүзе қарап, ойға кетіп отырды да, әлденсоң Науайдан рұқсат алып, қағаздарды актара бастады. Бұл шығармалардың қебісі оған таныс еді. Қебісін ол жазылған күн-ақ көшірген, басқаларын атакты хатшылар көшіріп жазып, өз алдына жыйнақ етіп тапсырған шығармалар еді. Алайда казір әлі көшіріліп жазылмаған, көптен сакталып келе жатқан ескі шығармалар, көп сакталған күшті шарап тәрізді, оны мас қылғандай еді. Кейде ол өлендерді ішінен оқып, кейде ақынның ойын бөлөрмін-ау дегенді де үмытып, бар даусымен оқыды.

— Әмір тақсыр — деді Хайдар, соңғы шығармаларының бірін оқып, — мен тан қаламын, бұл шығарманың «кәзірлік шақтағы өситеттер» боліміне кіруі қалай.

— Оның несі бар?

— Бұл өленде қызы қанды, қылышылдаған жігіттің шалқыған көңілінің әсері айқын көрінеді. Оның үстіне, жаңылмасада сіз 47 ге енді шықтыңыз фой.

Науай күлді, бір ауыр қасіретке шомғандай басын шайқап, былай деді:

— Балам, әмірдің күні түстіктен ауып кетті, күн енді зымырап, батуға асығуда... Әмірді тәрт кезеңге бөліп, жазылған нәрселерді соған лайықтап тәртіппел бөлуді Жами хазрет те мақұлдаған еді.

— Алайда мен өз пікірімде қаламын. Сіз карт емес-сіз, біздің баҳытымызға сіз еш қашан қартаймайсыз.

Науай адамның көзге ерекше түсетін кезеңдері тура-лы ғана емес, адам өмірінің әрбір жылы туралы да тамаша пікірлер айтты. Ол әсіресе жігіттік және кәрілік жайында сөйлеуді жарататын. Өмірдің көктемі және құзі жөнінде айткан әңгімелері өте әсерлі, күшті сурет-телгені сонша, тыңдаушылар «тағы айта түссе екен» деп ынтыға түсетін. Бұл жолы Науай «Хамсадан» бір өлеңді айтумен ғана доғарды:

Сақал ағы өлімнің хабаршысы
Түсті қырау — өмірдің таяу қысы.

Мұнан кейін «дұрыс па әлде қарсымысың?» дегендей, Хайдарға бір қарап қойды. Хайдар акын сақалының ағы көбейе бастағанын көрді де, үндемей қалды. Науай және біраз жұмыс істеп, артына бұрылды да, терезеден қорага карады. Сүйтті де десте-десте қағаздарды тәртіптең жыйнап, бір шетке алып қойды. Ўйып қалған тізелерін уқалап, Хайдарға қрап:

— Сейле, нендей жана ҳабар бар? — деді.

Хайдар, «бұл жерде ауызға алғандай кай бір әңгіме болушы еді» дегендей, колын бір сілтеп қойды да, қала-да есіткен немесе көрген кейбір оқыйғаларды басы-аяғы жоқ, шатыстырып айта бастады. Сөз арасында ол бұған дейін болып өткен аты-жөні белгісіз бір акын тура-лы білгенін айтты. Науай қызығып: «я, толығырақ баяндашы» деп Хайдарға жакынырак отырды. Хайдар бұрынғы қалпын өзгертпей, әңгімесін соза берді: «бұл акынның көптеген өлең жырлары бар екен. Акынның өлең жазуға кабылеті күшті еді деседі, бірақ акын жар-лылықтан және өзінің қарапайымдылығынан өзінің шығарған өлеңдерін жыйнамапты. Жазғандарының бәрі әркімнің колында, әркімнің ойында қалып, ел арасына көп тарапты» — деді.

— Балам, бұл елде дарын, талап дегенініз, күн сәу-лесін көрмей ерте солған гүл тәрізді, солып сарғайған, — деді Науай, бойын ыза кернеп, дірілдеп. — Эрбір медіресенің хұжырелерінде, әрбір қыстакта өзінің өмі-рін ғылымға, өлең жырға сарып еткен кіршіксіз таза, адап адамдарды табуға болады. Балам, сіз маған бір қызмет етініз. Тарих үшін сөнген жүлдызды қайта жан-

дырыныз. Элгі марқұм ақынның өмірін зерттеңіз оның шығармалары кайда, кімнің қолында болса да жыйыстырып, адал ниетті бір шебер хатшыға беріп көшіртіңіз, сонаң кітап күрастырыңыз. Барлық қаражатты мем езім көтеремін. Сіз ертеңнен бастап осы іске кірісіңіз.

Хайдар өтінішті қабыл алды. Соңынан гиджақты қолға алым, ойнауға рұқсат сұрады. Науай мейлің деп көзін қысты. Хайдар өзі сүйетін бір — екі ән тартты. Науай ән ыргағына үйіғандай, аздап тенселіп отырып, ден қойып тыңдады.

Сол мезгілде асып-сасып Шайх Бахлұл кіріп келіп:

— Фираттан қонақ келді, — деді.

— Ол кім? — деді Науай елеңдеп.

— Хожа Афзал келді, — деді ол.

Науай орнынан үшінші тұрып қораға жүгірді. Хайдар ере шықты.

Олар кораның ортасында кездесіп амандасты. Хожа Афзал боран, теңіз бетіндегі дүлей толқыннан аман күтылып шықкан адамдай қуанышты еді. Алайда оның барлық жүріс-тұрысында бір түрлі асығыстық, қашып жүрген адамның пішіні байқалушы еді. Құшактасып көріскеннен кейін, ол әшекейлі әдемі болмелердің біріне кірді. Жайласып отырғаннан кейін хожа Афзал Науайдың хал жайын қайта-қайта сұрастыра бастады. Науай әдетте үзақ сапар шеккен адамнан сұралатын сұрауларды — жол машақатын, көрген-білгенін қазбалап сұрастырды. Көп үзамай төрт бұрышты үлкен шайы дастархан жайылып, буы бүркүраған, жана пісрілген нан, неше түрлі халуа, жемістер әкелініп койылды. Тамақ үстінде әңгіме бір қалыпты ізге түсіп, жөргем ышектей ағытыла берді. Хожа Афзал Науай астанадав кеткеннен кейін болған оқыйғаларды бір-бірлеп баяндаіп бастады: патша сұық думанға, ойын-сауыққа әуестігі күшейіп, азғындық жолға түсін. Құыс-құысқа жыландаі жыйырылып тығылып жаткан, кеудесіндегі кегін қалай сыртқа шығарудың жолын ойлап, аңсызың аңдып жүрген әралуан зекетшілер түгел бас көтерген. Диуанда және басқа мекемелерде зорлық-зомбылық зорайған. Мемлекет тізгінін қолына алған Мәждиддин ізгі істердің бәріне аждаһадай уын шашуда, — ол өзін патшаңың бас уәзірімін деп есептейді. Науайдың достары, жакындары ғана емес, оның өлеңдерін мактайтындар, әділдігіне сенетіндер, жәй тілекtes адамдар да

Мәждиддиннің соқкысына ұшырауда. Мәждиддин қазынаны толтыруды ғана ойлап, халықты талап, тараждауда. Бас уәзірге жарынған кейбір бектер және басқа әкімдер жәй жарлықтың өзімен толып жатқан жана жерлер алып, үлкен думан той жасап, шарапқорлыққа түсude, карта ойнауда, білгендерін істеуде. Олар өздерінің маскүнемдік жыйындарына жас қыздар мен балаларды алдырып, оларды өз жолына салуда. Қазір атапаналар есейген балаларын көшеге шығармай, күндіз туңі үйлеріне қамап отыратын болыпты.

— Элішер мырза, — деді курсініп, хожа Афзал,— Фиратта болып жатқан соракы уакыйғаларды айтуға ауыз үялады. Тек ақырын берсін. Мен сіздің мейірбан жүзінізді, жарқын бейненізді қайта көргеніме шүкірлік етем. Мениң дүшпандарым мені қызметтен қуғаннан кейін де, маған қастық ойлаумен болды. Әбден қырсоқыма түсіп алды. Алайда өз құдіретімен маған жан берген тәнірі, берген жанын аман сақтап қалды.

Науай дастарханның бір бүршын бүктеп, үндемей отырып алды. Оның көздерінде отан қайғысының оты жануда еді. Фиратта болып жатқан жауыздық әрекеттер оның қазір көз алдына елестеп, тек тәнірі сақтаған досының көкірегін қасіретке толтырып, жанын қүйдірғен әңгімелерін ойға салып, ол қатты қапалықта отыр...

— Досым, — деді ақын басын көтеріп ... Сіз айтқан қайғылы оқыйғаларды мен бұрын кейбір алып-қашты үзын хабардан шет жағалап білуші ем, алайда мемлекет адамдары мұншама азғында, жауыздықтың үйінена батады деген пікір ойға келген жоқ-ты. Жер жыртып, егін егу үшін кісі дихан болу керек. Шошқалар тұмсығымен егінді бүлдіріп жатса, біз оны көре тұра қарап отыра алмаймыз. Отан басына туған бұл кара тұнде ақылдың, әділеттің шамын біз тағы да жоғары көтереміз.

— Онан пайда бола қояр ма екен? — деді хожа Афвал, үмітсізденіп.

— Рас, кейбір макұлықтар жарықтан қараңғыны артық көреді. Мәселен жарқанат үшін өмір қараңғылық түскесін басталады. Мемлекет басында отырған үлкен әкімдердің арасында жарықты жаратпайтын, тұманды тұнді сүйетін адамдар аз емес. Алайда жер жүзіндегі коқырсықтардың бәрін ағызып әкететін күшті тасқындей, ақылдың әділеттің күші ақырында ол дүшпандар-

ды тұңғылыққа жібереді. Сондыктан біз қай жерде болсақ та халық үшін ақылдың жарық сәулесін сактауымыз керек. Біз бейне үстамыз. Біз зўлымдықтың кісендерін ақылдың үстаханасында балқытып, кайта қорытып, онан өмірге керекті құралдар жасаймыз. Төзімділік, беріктік керек досым. Хожа Афзал не дерін білмей қалды. Оның Фиратта көрген азаптары, оны өмірден бездіргендей еді... Оның үстіне оның Науай бастаған достары мемлекет істерінде қайтадан үлкен орын алатындығына сенбейтін еді. Ол қуғынға түскен Науай да осындай ойда болар деп ойлаушы еді. Бірақ қазір Науайдың үлкен сеніммен айтқан сөздері оны қатты таңырқатты. Ол іштей «қамаудағы арыстанның қайраты бостандықтағы арыстанның қайратынан күштірек» деп ойлады да, Астрабад істері туралы сұрай бастады. Науай бұл Уалиаттың кемшіліктері, халқының мұқтаждықтары туралы қыскаша баяндап берді.

— Бұл жердің әкімдері «циганның даңғырасы сынса, маймылға ойыншық болады» дегендей мағнасыз, болмашы істермен шүғылданыпты, — деді күліп.

Хожа Афзал кішкене қара қөздерін қысып сылж-сылж құлді. Сонынан құлқісін әрең тыыйп: «олар түзеудел гөрі бўзумен көбірек шўғылданған екен» деді.

— Олар бўзу, булдірумен көнілдерін көтерген, — деді Науай ашумен. — Жағдай осындай бола тўрсада, олар тау-тау алтын жыйнауды қөзделеген. Астрабад — үлкен сауда қаласы, бірақ қатты кўйзелген.

Кешкі намаздың кезі болып қалған екен, бўлар дәрет алу үшін орындарынан тўрды. Кешкі тамаққа Астрабадтың кейбір ғалымдары мен қызмет адамдары шакырылған-ды. Олар келіп үлкен сый қўрмет көрді.

Ертеңіне қўптаннан кейін үлкен салтанатпен Якупбектің елшілері келді. Кісінеген аттар, абыр-сабыр болып, шуласқан нөкерлер қораны басына көтерді.

Якупбектің адамдары Науаймен амандастып, әкелген сыйлықтарын берді. Батырларша киінген жауынгер түрікпен жігіті өзінің үлкен борышын өтегендей, шын ықыласымен Якупбектің жіберген хатын ақынның қолына тапсырып, кейін шегінді... Науай меймандарға сый-қўрмет көрсетіп, әр қайсысының жай күйін сўрап болған соң отыруларын өтінді. Меймандар алдын ала сейлесіп, келісіп қойғандай, әрқайсы өз дәрежесіне лайык орын алғысты.

Науай хатты ішінен оқыса да, оның жүзінде қуаныштың белгісі көрініп тұр еді. Бұл хат Фиратта Якупбектен алынған бұрынғы хаттарға қарағанда, сүйіспеншілік білдіріп, құрмет көрсеткен сөздерге толы еді. Науай қағазды бүктеп тізесіне қойды да; Якупбекке өзінің борышты екендігін білдірді. Достық көңілмен өткен кеңес үзак уақытқа созылды.

Бірнеше күннен кейін Науайдың Якупбекке деген сәлем сауғаларын алғып, қонақтар жүріп кетті.

Науай мен бірнеше аптаның ішінде күн-тұн бірге болып кеңес құрған хожа Афзал мекеге бармақ болып жолға шықты. Ол бұрынғы күйінде болса бұл сыйқты мекеге зираг етуді ойламаған болар еді. Фираттағы істің онғарылуына, дүшпандардың жеңілетініне сенбегендіктен хожа Афзал мекеге баруға бел байлады. Мұндай жағдайда ол өз отанынан өзге жаққа кетуді макұл көрді. Сондықтан ол Науайдың мекеге баруды кейінге қалдыра тұрыңыз деген өтінішін тыңдамады.

Науай Астрабадтағы таныстарымен бірге тағыда жалғыз қалды. Ол дамылсыз жұмысқа бүтіндей шомды. Құн сайын мекемедегі ірлі-кішілі жұмыстардың бәріне өзі қолма-қол араласып отырды. Қала адамдарын және басқа шалғай жерлерден арыз айта келгендерді қабылдады. Басқа уақыттарында, әсіресе түнде «Төрт диуанды жазумен шұғылданды». Барлық уақытын жұмыспен өткізе де, кейбір кездері өз жайын ойлап, әділетсіздікке қатты күйініп жүрді. Достарынан келіп жатқан хаттарда жағдайдың күннен күнге нашарлап бара жатқандығы айтылушы еді.

Ақын мемлекет ісін басқару ісінде «буліншілік» дәуірі басталғанын сыйпаттайтын мәліметтер мен дәлелдерді құн сайын кездестіре беретін болды. Не істеу керек? Дүниеден безіп, пәк жолға тұсу керек пе? Науай дәруиштерді сүйтетін. Ол мешіттерде, медіреселерде үялап, халықты талаған жексүрүн дәруиштерді қаншама жек көрсе де, өз қыялышын орын алған және сирек те болса тарихта кездесіп отыратын кейбір нағыз дәруиштерді сүйтетін. Ол дәруиштерді әділет суюшілер, даналықтың арнасы деп түсінетін еді. Кейде әділдіктің шамын үстаған дәруиштерге деген сүйіспеншілік оның барлық бойын билеп алатын. Бірақ отанын, халықтың тағдірі ауыр сынға үшыраған кезде, бүкіл дүниені таляқ етіп елден безіп, жүрттандырылған жок.

Ақын бірнеше сағат бойы жалғыз отырып, мемлекет көгіне қап-қара болып төнген «буліншілік бұлтың» қалай ыдыратудың жолын ойлайтын. Бірақ мемлекеттің жүргегі Фираттан қашықта, әралуан жасырын жаулардың қоршауында калып отыр. Ол не істей алады? Ол «неде болса әділеттікі жақтап, дауыс көтерейін, даусымды тақтағылар естімесе, есіткісі келмесе, бұл дауысқа тегі құлақ қоятын адамдар жоқ емес қой» дегі ойлады. Науай өкіметті нығайту, мемлекетті көркейту, халықтың жай-күйін жақсарту үшін керек болған шаралар туралы ойланды. Ол дұрыс екендігіне өзінің көзі әбден жеткен, қанша қызындықтар кездессе де, әйтеір бір кезде жүзеге асыратын істерді терең ойлады. Ол Сұлтаннан бастап, көше күзетшісіне дейін мемлекетке қызмет етушілердің бәрінің міндегі, қызметі туралы егжей-тегжейіне жете, тексере ойлады. Әділет, шындық өктем болып, бірлік, ынтымақ күшті болу үшін не керек екендігі жөнінде өзінің пікірлерін күнтап жазып, хат арқылы Фиратқа жіберіп жатты.

Кей кездерде ақынды ауыр ўйқы басқандай, шаршандық билеп алады. Мұндай кездерде ол музика тыңдайды немесе өзі күй шалады, ал кейде қаламын алып қыялдың таң сәрісіндегі ақ бұлттай ақындық шабытына мініп қалыктайды. Бұл кездерде ол таң ертеңгі таза ауамен дем алғандай, жаны жай табады, рахат дүниесіне батады.

ЖЫЙЫРМА УШІНШІ ТАРАУ

Қора ішінде женін сыбанып алып, жарасын қайырып тастанап басын жауып отырған Ділдардың жанына Арысланқұл келді:

— Тезірек бол. Мынаны қай жерге қояйын? — деді де, екі қолтығындағы базардан алып келген түйіншектерін көрсетті. Катыны күн көзіне шағылысып жалтыраган қара шашының сүйн сырып, күйеуіне карады:

— Неге асыктың? Ерте ғой, — деді.

— Мен қонақтарды таң ертең базарга бара жатқанда шақырып койғанмын. Жұма намазынан шыққан соң тұра осында келмек.

— Нәрселерінді асханаға қой. Етті мол алдың ба? Қонақтарың құрметті адамдар. Оларды болмашы та-

ғаммен сыйлау ўят болады, — деді Ділдар, меруеттей ақ тістерін жылтыратып, күлімсіреп.

Арысланқұл асханаға қарай кетіп баражатқан Ділдарға:

— «Қанша айтсам да сен олардың сырын білмей-ак койдың-ау. Бұл адамдар көже берсең еттей көретін адамдар», — деді.

Ала көйлек киген төрт жасар қыз әкесі Арысланқұлдың артынан жүріп:

— Эке, маған халуа әкелдің бе? — деп айқай салды.

Арысланқұл асханада түйіншектің біреуін шешіп, қызына бір кесек халуа ўстартты. Сонаң кейін пияз алып шығып асхананың жаңында отын жаратын кеспекке отырып, тазалай бастады. Бұғін ол күндегіден де қуанышты еді. Ол ыңылдан өлең айтып қояды. Қөктегі қүннің түскен сәулесімен оның жазық мандайы жылт-жылт етеді. Кораның ортасындағы жеміс ағашы гүлдеп құлпырып тұр. Үйлердің үстінде балалар, ересек қыздар топ-топ болып жүгіріп, асыр салып ойнап, қосылып ән шырқауда.

Арысланқұл Ділдармен табысқаннан кейін өз қыстағына қайтпаған еді. Бірнеше жыл Ғиратта тұрып, ондағы өмірдің ашы-тұщысын татып үйренген соң қаладан кеткісі келмеді. Ділдар оның күйігіне өртенген әкесі мен әкесінің өлгенін есіткен соң, күйеуінің айтқанынан шыққан жок. Оның үстіне Арысланқұлдың женгесі, Зұбайдада кемпір де оларды қолынан шығарғысы келмеді.

— Құдай мандайыма бала жазбады. Енді өздерің үйге ие болындар, шал кемпірді өз қолдарыңмен аттандырып, хабырымызға шырақ жағып отырсандар болғаны — деп жалынған еді.

Қайратты, қай өнерден болса да хабары бар Арысланқұлға үлкен, әр алуан жұмыс табылып тұратын. Оның үстіне жақсы тігінші болып есептелген Ділдар, жақсы киімге құмар мырзалардың үй ішіне киім тігіп беріп тұратын. Күйеуі мен әйелі бір коска жегілген екі өгіздей, іске катар жегіліп көп мұқтаждық көре қойған жоқ-ты. Ұзақ уақыт бір-бірінен айрылып, қасірет шегіп, шектен тыс қыйыншылықтар көріп, қайта табысқандықтан ба, әйтеуір бұлар бір-біріне өте жақын болды, ләззэтті тұрмыс сүріп тұрды. Бұлар бір-біріне бірер артық сөз айтудан қорқатын. Олардың өмірі көршілеріне үлкен

аныз еді. Қатындар «Әзірет әлі мен Бибі Патима бірін-бірі мұндағы сыйламаған болар» деп қоятын. Міне қазір олар бір қыз бен бір үлдің ата-анасы болды. Мұнан бірнеше күн бўрын ўл баласы аяғын әлтек-тәлтек басып жүре бастады. Кеше Ділдар көрші қатындарды шақырып той жасап берді. Кемпір бидай қуырды. Қазанда бытырлаған бидайды қолдарын күйдіргеніне қарамай баланың үстіне шашып, оның тығыршықтай етті аяқтарының арасынан пияланың түбіндегі кішкене күлшелерді өткізді. Бөз тоқытын көршісіне шарықпен жіп иіру үшін жыйналған қыздар дуалдан секіріп өтіп келіп, іле зеде үйдің ішін у-шуға, ойын күлкіге толтырды. Бұған Ділдар шексіз қуанды. Ал бүгін Арысланқұл өз кезегімен үйіне екі кісіні — Сұлтанмұрат пен Зәйнiddинді шакырған болатын.

Ділдар шашын кемпірге жылдам өргізе қойып, баласын емізіп Арысланқұлдың жаңына келді. «Пиязды көбірек тұра, мәнті істеймін» деп асханаға кірді. Асхана-дағы ораулы етті, миуаларды көзден бір-бір өткізіп, шамасын байқап сыртқа қайта шықты. Арысланқұл пияздан ашып жасаураған көзін жеңімен сұртіп, әйеліне қарады. Ділдардың бетіңен қуаныштың ізін сезіп, «аз емес пе, жаным?» — деп жымыйды.

— Жоқ, көнілдегідей екен... — деді әйелі.

— Оларға мен жанымды қыюға әзірмін ғой, — деді Арысланқұл. — Оның саған несін айтайын, бәрі де өзіңе белгілі ғой.

— Ұлымыз Сұлтанмұраттай ғалым болғай, — деді Ділдар серпіле сөйлеп.

— Ол өзі бір ақылдың қазнасы ғой, — деді Арысланқұл басын жоғары көтеріп. — Бір кездерде бір мемлекеттен, ұмытпасам Румнан болуы керек, аты есімде жоқ, «Челеби» деген болу керек, бір үлкен ғалым келіпті. Ол келген соң Фираттағы медреселерде тәлім алғып, үстаздық етіп жүрген барлық ғалымдар бір жақ болып, оның жалғыз өзі бір жақ болып таласыпты. Челеби бір есе көктегі жүлдзыздар туралы, бір есе ерте заманда болып өткен ғалым Афлатун туралы сөйлепті. Бір есе құраннан аят оқыпты. Бір есе жерді өлшеу туралы кеңес айтыпты. Қәні осыларға жауап беріндер деп, бірнеше сұрактар қойыпты. Біздің адамдар кейбіреуіне толық, кейбіреуіне жартылай жауап қайрыпты. Кейбір кийын сұрактар келгенде біреуіне бірі қарап, бастьарын

қасып: «сен жауап бер, сен жауап бер» деп бірін бірі түртіп, біріне бірі ымдаң қатты сасыпты.

— Сұлтанмұрат та не айтарын білмей қалып па? — деп сұрады Ділдар.

— Шырағым-ай, әңгіменің ең қызық жеріне келгенде бөліп жібердің-ау. Олай емес. Неге екенін қайдам, әйттеір Сұлтанмұрат бәрінен кеш келіпті, өзі солай ўялашқату адам ғой. Келіпті де ғалымның қарсы алдына отыра қалыпты.

Осыны айтты да Арысланқұл пышақты қойып, етегін қағып орнынан түрегелді. Сүйтті де бастаған сөзін онан әрі баяндай берді:

— Жұрттың бәрі үндемей жерге карап отырып қалыпты. Міне сол кезде Сұлтанмұрат ғалымға бір-екі қыйын-қыйын мәселелерді қойыпты. Бұл Челебидің қытығына тисе керек. Ол да өршілене түсіп, керемет қыйын мәселелерді айта бастапты. Бара-бара олардың арасындағы керістің күшегендігі сонша, Мұхамбет пен Малан балуанның күресі оның жанында түк емес деседі.

— Ақырында қайсысы женіпті? — деп сұрады Ділдар сабырсызданып.

— Ақырында әлгі Челеби дегеніміз мысықтың шенгелінен қашып шыққан тышқандай зытып отырыпты, — деп Арысланқұл қашып бара жатқан тышқаның кейпін салып еді, Ділдар еркісіз күліп жіберді. Баstryмада нан илеп жатқан кемпір қарлықкан дауыспен: «неткен әңгіме, наныңды жаймаймысын?» — деп айқайсалды.

Жұма намазынан кейін Арысланқұл Сұлтанмұратты қарсы алды. Корада жұмыс істеп жүрген Ділдар алыстан иіліп сәлем берді де, әлде нeden ўялып жерге карады. Ділдар бұрын бұдан бұрынғы кездесулерде ғалымның жүзінде екі рет болған өзгерісті бұл жолы да сезді... Ғалымның жүзінде болған өзгерісті бірінші рет Тұғанбек Сұлтанмұратты өзінін бөлмесіне ертіп келгенде (мұны Ділдар кейіннен есіне түсірген еді), екінші рет зынданнан құтылған шағында байқаған еді. Оның түрі дәл казірде сондағыдай құбылды... Қозді ашып жұмғанша оның ойына бір нәрсе сап ете түсті. «Әлде оның көңілі менде ме екен?»

Сұлтанмұрат дауысы дірілледе:

— «Саламатсыз ба қарындастым, көп жаса» — деп буын-буыны босап, Арысланқұлға еріп үйге кірді... Оның

бағына қарай, Арысланқұл бөлменің ішіне бірден кірмей, есік алдында тұрып қалып: «таксыр, төрге шығыңыз» деді де, өзі сыртқа кетті. Сұлтанмұрат үлкен сәлдесін алып, мандайының терін сұртті де, іштей қуанып, бір ауыр күрсінді. Лупілдеген жүрегін тез басуға тырысты.

Я, оның жүрегі неге дұрсіл қақпасын! Соңғы жылдары Ділдар бўрынғыдан да сўлуланып кеткен. Толған, нурлана тұскен, түр-тұлрасы бўрынғыдан да көрнекті. Сұлтанмұрат алғаш қозі тұскенде-ак бұл өзгерістерді аңғарған еді. Ділдардың үйінде отырып ғалым үйдің төбесін, қабыргаларын, терезелерін, үй заттарын шолып шықты. Жай нәрселердің өзі оның қозіне ерекше көркем болып көрінді. Оның қозі қыйғаштанып ашық түрған терезеге түсті. Бірақ корада ешкімді көрмеді. Ол өзінің мұнысын ерсілеу көрді де, өз ниетін өзі ўнатпай, қынжылды.

Бір кезде Сұлтайнұрат өзінің бақытсыз махаббатына өлгенше адап болуға бел байлаған еді. Сонынан досы Зәйниддиннің айтуымен — тұрмыстың үсак-түйек нәрселері оның ғылыми жұмыстарына бөгет болмауы көрек деуімен — Сұлтанмұрат өзінің бұл ойынан қайтуға мәжбүр болған еді. Ол өзінің ғылыми жақтан өсуі арқасында Фираттың атакты байларының көркем қыздарына немесе үлкен құрметті ғалымның оқымысты, тәрбиесі жақсы, акын қызына үйленуі оңай болса да, дүние үшін оларға үмтүлуды жөн көрмей, дүниесі жоқ, қарапайым жетім қызға мұнан екі жыл бўрын «бір қасык сумен» некеленген еді.

Қуанғаннан үшып конған Арысланқұл дастархан жайды. Діллар таң қарандысынан тұрып пісірген әдемі құлшелерді турай бастады. Сол екі арада ол Зәйниддиннің кешіккеніне ренжіп отырғандығын айтты. Өзіне өзі келіп алған Сұлтанмұрат:

— Өзінің білесіз ғой, оның танымайтын кісі жоқ, бір жерде әңгімелесіп отырған болар, — деді.

Үлкен ғалым мен қарапайым жігіт кездескен сайын өзара тіл таба білетін, өзарә қызу әңгімелесетін.

— Конакты тәтті тамақ пен ғана емес, тәтті әңгімелермен де күту керек — деді Сұлтанмұрат құліп.

— Тамактың қамбасы мен сөздің қамбасы бір, кәні алып жіберініз таксыр, — деді Арысланқұл.

Фираттың күбылмалы өмірінде соңғы күндерде болып

жатқан оқыйғалар, істер туралы қызу әңгіме басталды. «Хаузи Махианд» болған Ирактан келген Мұфрид Қалендар мен Фираттың бір жалаң аяғы Халилдың таякпен үрысқанын, оларға патшаның сыйлық бергенін әңгіме қылды. Мұхаммет Сайд палуан Фиратқа жуырда келмекші болған палуан мен құреске түсіру үшін өзінің жиенін қалай үйретіп, даярлап жатқандығы туралы, Фираттың өнерпаздары быйыл бір тамаша шыны сауыт жасап, оған неше түрлі суреттер салғандығын және басқалар туралы әңгіме қызған кезде, Зәйниддин кіріп келді. Олар Фираттағы әсіресе аксүйектер арасындағы, астыртын әңгімелерін есту үшін Зәйниддинге құлак қойды. Бірақ Зәйниддин әдеттегісінше сөзге қызықлады. Сұлу жазудың шебері «қыл қалам» деп аты шыққан Сұлтанәлі жазған бірнеше жаңа кітаптарды көргендігін және шебер жазу өнерінің тарихында қалатын ерекше өнер екендігін, өз ісін жақсы билетін шеберлерше, ынтыға сөйлеп әңгіме айтты. Соны айтты да, майлап қойғандай қапқара жылтыр мұртының үшін қаунар көзді жүзік салынған жінішке саусақтарымен шыйратып, тым тырып отырып қалды. Сұлтанмұрат оттай жаңған өткір көзімен досына бір қарағанда-ак, онда бір уайым бар екендігін сезді.

— Эдемі жазуда Сұлтанәлі, сурет салуда Бекзат заманымыздың аскан өнерпаздары екені күмәнсіз, — деді Сұлтанмұрат, қасын жыйырып, өзіне өзі сөйлегендей. — Олар көкем өнерде мәнгі өшпес шығармалар жасауда. Алайда сенің қаламында да бір күшті қуат барлығы сөзіледі. Мен осындағы қалам иесі адам ба, әлде басқа бір керемет пе екен? — деп таң тамаша каламын.

Зәйниддин ернін тістеп, досына тігіле қарады.

— Мені жұбатпақбысын? Өзің не айтып тұрсын? — деді ол.

— Тіпті олай емес — өз-пікірімді айтып тұрмын. Егер саған дәлелдеу керек болса, бүкіл жүрттың өнерпаздарын шақыртып кел, — деді Сұлтанмұрат батыл сөйлеп, өршеленіп, орнынан бір қозғалып қойды. Зәйниддин күліп жіберді.

— Өзің ақ көніл, ашық ауыз адамсын. Өзіңе тиісті мәселелерге де қалай болса солай қарайсың, тіпті бей-қамсын! Мен сенің, шынын айтқанда, осыныңа қапамын.

Сұлтанмұрат ойға қалып, желкесін қасып:

— Бұл бейқамдық емес, мен бұл малғұндар мен егесіп жатуды өзіме лайық көрмеймін. Сен өзің бір мезгіл ойлап көрші. Шахабиддин деген кім өзі? Менің шәкірттерімнің қайсысы болса да оған сабак бере алады. Артымнан сөз қылып күндесе, оған өзі айыпты.

— Ол сені күндең қана отырған жоқ, сонымен қатар ол саған үлкен айып тағуда, — деді Зайниддин күйініп.

Сұлтанмұрат «Не болсада көре жатармыз» деп қолын бір-ақ сілтеп, үндең қалды.

Зәйниддин оған Шахабиддиннің өзі сыйқты бірнеше дүмше молдалар мен дүмше ғалымдарды үйімдастырып, әржерде өсек таратып жүргенін, егер Сұлтанмұрат бүгін-ертен дүшпанының жолын бөгемесе бір пәлеге жолықпай қалмайтындырын айтты. Сұлтанмұрат тұтығыш кетті. Дүшпандары таратып жүрген өтірік-өсек онын жүргегін жылан шағып алғандай улады.

— Жала, — деп ақырды Сұлтанмұрат. — Олар ғылымның, философияның асыл қазналарын жокқа шығара берсін. Мен өз шәкірттеріме дін ғылымдарымен бірге логика, математика, астрономия, философия сыйқты адам баласының ақыл-ойы тудырған қасиетті ғылымдарды үйретіп, олардың көnlіне нұр күюдамын. Бұл ғылымдар күранды жатқа алғандай, онай емес. Жұздеген кітаптарды оқып, түрлі ғалымдардың пікірлерін салыстырып, олардың қаталары мен кемшіліктерін тузыту — өмірдегі ең қыйын іс. Мен бұл қыйындыққа ғылымды сүйгендіктен ғана шыдаймын. Егер бұлар болмаса медресенің, медреседе окудың қаншалық қажеті бар? Оның үстінен мен Науайдың медреселерінде сабак беремін. Тиісті напақамды мен Науайдың өз қаражатынан аламын. Шәкірттерге қай ғылымнан қандай дәрежеде білім беруді Науайдың өзі көрсетіп берген. Бұл неткен жала!

— Заман солай. Барлық әнгіме осында, — деді Зәйниддин қолымен тізесін үрып. — Сен және басқа бірнеше шын мағнасындағы ғалымдар Науай көрсеткен тәртіп, жобамен жұмыс істейсіңдер. Шығармаларынды Науайдың күрметті атына бағыштайсындар. Эрбір қолайлы кезенде Науайдың пікірін қостап, соны ілгері бастауға үмтүласындар. Саясаттың шатыраш тақтасында Шахабиддин дегендер жай тас қана, бірак оның тасасында қаза мен тағдыр тәрізді аяусыз күшті тұлғалар тұр.

Көзі оттанып, қабағын түйіп, бар ықыласымен әңгіме тындаған Арысланқұл қонақтарына:

— Науай кеткен соң Фираттан да берекет кетті. Ол қалаға да, тәж-такқа да әлдекашан бата оқып қойған. Диханда да, колөнершілерде де тыныштық өмір қалған жок. Егер Науайдың өзі келіп істі қолға алмаса, қазіргі әкімдердің тұсында ешкімнің наны бүтін, жаны сау бола қоймас, — деді.

Сұлтанмұрат пен Зәйниддин күліп, бір-біріне қарасып, мұның сөзін макұлдады. Зәйниддин сарай төнірегінде, уәзірлердің арасында Науаға қарсы әрекеттердің барған сайын күшіе түсіп отырғандығын айтып, ақынның жақын арада қайтып баруы мүмкіндігіне құмandanатындығын білдірді. Арысланқұл шыдай алмай, орнынан үшіп тұрды. Сұлтанмұрат төмен қарап мұңайды. Ақырнында оның «бейғам» деп айыптаған досының сөзін мойында, онан жол-жоба сұрауды үйғарды.

— Мәждиддиннің алдына бар, сейтіп өзіңе жабылған жалаларды айттып түсіндір. Мұны кейінге қалдырма, бүгін істе, — деді Зәйниддин оған, қатты тапсырып.

— Мен әділетсіздік туралы көкжал қасқырға барып шағым айтамын ба? Мұнда қандай мағна бар? Оллаңи, түсінбеймін!

— Мәждиддина өзінің астыртын арамзалық әрекетін, қандай шеберлікпен жасырамын дегенмен жасыра алмайтындығын біліп қойсын. Шахабиддин туралы айттылған әрбір ақыйқат сөз Мәждиддиннің өзіне атылған тас.

Сұлтанмұрат әуелі ырық бермей, кейбір себептер айтса да, сонынан көнді. Бүгін кешке Мәждиддиннің үйіне баруға бел байлап, бұл іспен байланысты кейбір қауып-қатерлер жөнінде Зәйниддинмен үзак уақыт кеңесті.

Арысланқұл үлкен табаққа салып, үстіне қатық күйін мәнті алып келіп, мимандарының алдына қойды. Сонаң кейін текте тұрған екі күм шөлмекті әкеліп «көңіл көтеру үшін» деп мөлдір тынық шарапты кішкентай ықшамды пиялаларға қылқылдатып құя бастады. Сұлтанмұрат пияланы аузына алып барып, басын көтөріп былай деді:

Ежелгі менің әдетім — ішсем мениң көnlім шат,
Дінге сену, дін тану — менен аулак, маган жат.
Көліншектен: «дүниеде керегінді айт?» деп едім
«Кыйғысыз сениң шат көnlін! — деді, — менің керегім»,

Өлеңді айтып болып, Арысланқұл мағнасын түсіндірді. Ұған оул қатты унады: «Шарбад, шараптан да тәтті сөз екен» деді ол үшеуі көтерінкі көңілмен. Сөйтіп пиялаларын босатып тамаққа кірісті. Шарап күшті еді, тағы бір пияладан ішкеннен кейін, әдетте аз ішетін Сұлтанмұраттың беті қызырып, көзі жана бастады. Ол уәзірдің жанына баратын болған соң оны артық ішуге қыстамады. Зәйниддин мен Арысланқұл тағы екі пияладан ішісті. Сұлтанмұрат дамылсыз Хайямның ең көркем өлеңдерін оқып, оның мағнасын үлкен шеберлікпен түсіндіруде болды. Шарап жөнінде айтылған бірнеше арап, фарсы, түрік өлеңдерін түйдек-түйдегімен айтты. Зәйниддин күлкілі әңгімелер айтып берді. Әсіресе Фасихиддин молда жөніндегі әңгіме достарының шегін қатырды: картайған молда Фасихиддин бірнеше жасөспірімдермен бірге шарап ішіп, ойын-сауық жасайды. Бір қатар шарап ішіліп, жүрт қыза бастаған соң өлеңдер айтылып, ойындар ойналып, мәжіліс қыза түседі. Бір кезде шишалярда шарап қалмайды. Түн ортасы болған кез екен, ойын-сауықты соза түсуге, шарап тауып келүге мүмкіндік болмай қалыпты. Сауықшылар ыдыстарының тубінде қалған шараптарды сұзбек болыпты. Сол кезде әбден мас болып алған Фасихиддин әдемі аппақ сақалын тұтамдаپ ўстап тұрып, жастарға былай депті: «мен бұл сақалымды бірнеше жылдан бері күн сайын сабында жуып тарап келемін, егер бұл сақалым осындейда бір кәдеге жарамаса, оны арамшөптей біртіндел жүлған жаксы. Қәне жігіттер, ыдыстарды экеліп, шараптың қалғанын менің сақалыммен сүзіндер» депті Мәжілістегілер бірін-бірі құшақтап, айқай шу көтеріп, әлгі ўстазының аппақ сақалымен шарап сүзіпти.

Бұл оқыйғаны естіп шегі катып күліскеннен кейін, шаршаған жігіттер біраз дамыл алып отырысты. Мұнан кейін Зәйниддин тәнбур таптырып алып, қыздардың саусағындаі нәзік саусақтарымен шертіп, ғашықтық туралы өлеңдер айта бастады. Эрбір сөзі Сұлтанмұратқа тікендей қадала тұсті. Ол тәтті қыялға беріліп, басын ўстап тым-тырыс бола қалды. Өлең айтылып болған соң, ол досына бір ауыр қайғыға батқан пішінмен тесіле қарады. Зәйниддин ғалымның жүрек сырын байқағандай, тәнбурді қабырғаға сүйеп қоя қойды.

Күн енкейіп қалған кезде қонақтар Арысланқұлға рахмет айтып, оның үлының бақытты болуына тілекtes-

тік білдіріп, орындарынан тұрды: Зәйниддин өз үйіне кетті.

Сұлтанмұрат уәзірмен болашақ кездесудің жайын ой-лап, Фираттың солтустік жағына қарай жүрді. Тар көшелермен жүріп отырып, үлкен жолға шықты. Жұма күні болғандықтан көшеде әрлі-берлі ағылып жатқаң адам қалың еді, бірнеше нөкерлер қылыштарын жала-наштап, шарапханада мас болып, пышактасқан бейбас-тактарды алып барады. Олардың соңынан балалар және тегін тамашаға құмар үлкен адамдар уласып-шула-сып, біреуін жактаپ, біреуін балағаттап, солардың соңынан еруде. Зер жағалы шапан киген, жылтыр егікті бекзадалар түркпеннің асыл тұқымды аттарын ойнақта-тып, «шаухан» ойнынан қайтып келеді. Фираттың қайыр-шылары үш-төрт адамнан топталып, жаңа жапырақ жая бастаған және күн нұрымен жайқала түскен жасыл ағаштардың түбіне көлеңкелеп, өздерінше сейіл күрып жур. Алыста үлкен корғандардың мұнаралары, мұнаралардың жаркыраған нақыштары көрінеді. Бақшалар арасында айтылған әртүрлі ән естіледі. Бір-біріне мінгестіріле са-лынған қыйқы-жыйық қыйсық қыныр үйлер түр, ер жабдықтары күмістелген тұлпар аттар, кір тоқымды арық-тұрақ есектер, қымқа жабулар, жамау-жамау ала-шалар көрінеді. Міне бұлардың бәрі неше алуан көрініс-терді көзге елестетеді.

Сұлтанмұрат патшаның ұлы уәзірі болған Мәждид-диннің жаңа бағының жанына барып, нөкерлер мен қызметшілер кантап тұрған үлкен қақпа алдына тоқта-ды. Ол жерде тұрған адамдардың қынырлана караған көз карасынан ғалым недәуір именіп, сасып қалды. Зәй-ниддинге іштей кейіп те алды. Ақырында өзін-өзі берік үстап, кніміне және өзінің тұрысына карағанда, сол жердегілердің бастығы екені бірден білініп тұрған, бір үзын бойлы жігітке өтініш айтты:

— Мәждиддин Мұхаммед хазіретке жолығуға келіп едім, мені сол бас уәзірдің алдына бастап барсаңыз екен.

— Сіз өзіңіздің кім екендігінізді айтыңыз. Эрекет іс-теп көрейін, егер бакытыныз болса... — деді ол, салқын жүзбен, әлде қайда бір жаққа қарап тұрып.

Сұлтанмұрат өзінің атын және «Ихласиядағы» қыз-метін айтты...

Әлгі жігіт тез оралып келе қоймады. Сұлтанмұрат

шыдамсызданып әрлі-берлі журе бастады. Сол кезде патша балаларының қосшысы тәрізді киінген екі әдемі жігітті ертіп, құйындастып шапқан бойы, Туғанбек келіп түсті. Нөкерлер алқынған аттың тізгінін ўстай алды. Туғанбек шабандоздарша жылдам қыймылдаپ, аттан карғып түсіп Сұлтанмұратқа қызыарған көздерімен тесіле қарап, ыржыйып күлді.

— Бұл жерде неғып журсіз ғалым? — деп сұрады ол.

Сұлтанмұрат ежелгі әдеті бойынша әдептілік сактап, тезірек жүріп Туғанбектің жаңына барды да, оның темірдей катты, дәрекі қолын қысып, өзінің бұл жерге келгендегі жұмысын айтты.

— Бізben бірге жүріңіз. Мен сіздің оқымысты адам екендігінізді білемін. Біз сізben ескі жолдастырып ғой, — деді шала мас Туғанбек.

Олар ішке кіргенде, нөкерлер, қызметкерлер жол беріп тәжім етті. Сұлтанмұрат көз алдында бір үлкен бақты көрді. Туғанбек оны көктемнің алғашкы тынысымен жаңа ояңған, көркемдігі, тазалығы ертеғідегідай әдемі көрінген қалың ағаштың арасымен ертіп етті. Ағаштар арасында айнадай жалтыраған хауыздар көрінеді. Сұлтанмұрат қызыға карайды. Туғанбек қолын сермелеп: «қызыл барқыттай шараптарға толып тұрган мынау хауыздарды көріп таңдануыңызға болады.... Кеше Мұзанпар мырзаның мәжілісінде біз осы хауыздан шарап іштік. Ақырында бір екі масты хауыз ішіне итеріп жіберіп, шарапқа шомылдырып алдық» деді. Үлкен гүл аланына шықкан кезде, Сұлтанмұрат қарсы алдында тұрган екі қабат үлкен, әшекейлі, зәулім үйді көрді. Туғанбек тоқтай қалып, сол үйді нұскап: «ешбір тартынбаныз, бара берініз, әрине қабыл алады» деді. Қолының үшін беріп амандасты да, өзі басқа жаққа бүрүлдіп кетті. Сұлтанмұрат үлкен үйдің қақпасына кіргенде, айнадай жалтыраған, қымбат тастар тәселген үлкен қораны көрді. Қораның төрінде алтынмен нақышталған үлкен есік көрінеді. Үйге кіретін есік сол болу керек. Сол кезде сол жақтан есіктен манағы кеткен қызметші шығып, кораның төріндегі ең үлкен есікті нұсқады.

Сұлтанмұрат терезелері бақ жаққа қараған үлкен, шаршы бөлмеге кірді. Сырты қытай жіберімен қанталған жұмсақ тәсекте, уәзірлерге лайық киіліп, төрде отырған Мәждиддин аяғын суюге дайын тұрғын өзінің бағынышты муридін қабылдаған тақаббар иштандай-ак, сол отыр-

ған қалпын бұзбай, қолының үшін беріп амандасты. Сұлтанмұрат рұхсат сұрап, төменірек барып отырды. Бұл бөлменің кымбатты бўйымдармен әшекейленгендігі сонша, өшбір сөн-салтанатпен, байлықпен жұмысы жоқ ғалымның да көргенде көзі қызықты.

«Бұл жерде тек алтын тақ кана жетпей түр екен» деп ойлады ол ішінен.

Біраздан соң Сұлтанмұрат тамағын кенеп: «уактызыз келіп үлкі адамның көніліне ренжү салып жүремін бе деп именгенін» айтып, кешірім сұрады. Мәждиддин мерует тастан тізілген тәсбісін аударып отырып, әдеттегі өр көкіректігімен:

— Келгендегі жұмысынызды айтыныз, — деді.

Сұлтанмұрат өзі жөнінде кейбір адамдардың өсек таратқанын, олардың бәрі ешбір дәлелсіз екендігін, жала жабушылармен өзінің арасында өшбір дүшпандығы жоқ екенін білдіру үшін келгендігін айтты.

— Бізге оның не катысы бар, — деді Мәждиддин мысықылды, зілді сөзбен. — Айыпсыз жалғыз алла. Сіз туралы ондай сөздер айттыса, оның да, әрине, себебі де бар болар Өзінің юстазы болған жігіттерге сіз не үйретпекші боласыз, бұл жөнінде сіз өзініз ойлап кара-дыныз ба?

Сұлтанмұрат өз досының қауіптеніп жүргендігі өте орынды екеніне енді түсінді. Неде болса барлық шындықты ашып айткысы келді.

— Үәзір мырза, — деді ол, — надандардың қолында болса құрбан болғым келмейді, егер сіз менің өз шәкірттегі берген тәліміме шұбә келтіретін болсаныз, онда менің жағдайымның қыйын екендігі айқын. Мен сізді әділ болуға шакырамын. Халықтың гүлденуі әділеттікке байланысты болғаны сыйкты, жеке адамдардың өсіп жетілуі де әділеттікке байланысты.

Сұлтанмұрат мүнан кейін өзінің көп жылдардан бері қандай ғылымдармен шұғылданып келгендігін және шәкірттерге қандай ғылымдардан сабак беріп жүргендігін, Гректе, Арапта, Иранда қандай ірі ғалымдар бұл ғылымдарға өздерінің бүкіл өмірлерін сарп еткендіктерін және басқа нәрселерді толық баяндады.

Ақырында ызага шыдай алмай Сұлтанмұрат айқай-лас жіберді:

— Надандық батпағына батқан Шахабиддин сыйкты-лар ғылымның көктеген ағашының тамырына түскен

күрт. Мұндай арамтамақтардың көзін жою көрек. Бұл сияқты адамдардың күш алуына мен қатты қынжылам. Олар өздерінің уларын алтын кесеге құйып, бал деп үсынбақ. Бірақ шындық мәнгі өлмейді. Шахабиддин сияқты қылмыстылар тарих алдында, үрпактардың таза үжданы алдында нағыз қарабет, масқара болады, — деді.

Мәждиддин құп-ку болып кетті. Қөзінде залымдықтың белгісі қылаң берді. Өзінің ақ түсे бастаған сакалын қайта-қайта сыйрап, тәсбісіне қарай берді. Сұлтанмұрат өз сөзінің оған қатты тигендігін байқады. Бұған өзі іштей сүйінді. Отырған жерінде қабырғаға таянып, бір күрсініп, еңсесін басқан ауыр зілден арылғандай болды.

— Молдеке, сіз қай жерде және кім алдында отырғандығынызды білемісіз? — деді ашуланып Мәждиддин.

— Мен әдептіліктің шегінен шыққаным жоқ қой деп ойлаймын, — деді Сұлтанмұрат, басын аздап иінкіреп.

— Ұламалар мен оқымыстыларымыз арасында бұл сияқты дүшпандық, наразылық болуы жанға бататын оқыйға, — деді Мәждиддин, жайбаракат сөйлеп тұрган кісінің қалпымен. — Бұл жағдайды жою керек. Еалым, мен сіздің есіңізге мынаны салғым келеді. Ислам мемлекетінде, дініміздің таянышы кәміл мұсылман патша билеп тұрган елімізде, дінге тіл тигізгендердің, білгірсігендердің пікіріне жол беріп отыра алмаймыз. Бұл ақыншылардың түсінбеген адамдар сазайын тартады. Мен сізге дін ғылымымен көбірек шұғылдануға кеңес беремін...

Мәждиддин теріс қарап «әңгіме бітті» дегендей колымен ымдады. Сұлтанмұрат ғылымға көзкарасын Ибн Сина, Фарабин, Фаззали сияқты ўлы ғалымдардың сөзімен дәлелдеп, өр көкірек, данкой, айлакер уәзірді жерге қаратаң жібергісі келіп тұрса да: «барлық істе салқын қандылық, сактық керек» — деп ойлап, әдеппен рұқсат сұрап, тәжім етіп, есік жаққа қарай жүрді.

Есік алдында ол Эбулзия байды және басқа Гираттың атакты байларының бірнешеуінін уәзір алдына кіруге кезек күтіп тұрганын көрді. Қытай мен Мысырдың қымбат маталарына бөленген байлар бұл бишара молда аш көздікке салынып бірдене сұрап келген ғой деп ойлаған болса керек, — Сұлтанмұратқа жаман көздерімен қарап өзара ымдасты. Өзінің әділ екендігіне се-

німі мол Сұлтанмұрат аяғын тәкаббарлана ·басып сыртқа шықты.

Көктемнің кешкі салқын самалы есіп түр еді. Сұлтанмұрат жібек аралас ала шапанның шалғайын жапты. Үйдің алдындағы үлкен гүл алаңға карай екі жол кете-тін. Жылан ізіндегі басқа да жалғыз аяқ жолдар көп еді. Кірерде Туғанбектің сезін тыңдаймын деп жолды байқай алмай қалған Сұлтанмұрат шығар жолының қайсы екенін анық білмей, ұтыры осы болар деп бір үлкен жолға түсті. Алыста ағаштардың арасынан қақпа алдында және сол төңіректе жүрген нәкерлер көрінеді. Бұл жолды кесіп өтетін жалғызаяқ жолмен жалтыр тон киген, үлкен, ақ сәлделі Шахабиддин көлденең килікті. Сұлтанмұрат сәлемдесіп қана өтіп кетпекші болып еді, бірақ Шахабиддин оның иығына кол салып тұрып:

— Я молдеке, бір өтініш айта келіп пе едініз? Қандай жұмыс еді? — деп сұрады, жаны ашыр кісімсіп.

Сұлтанмұрат ішінен: «қасқырдан құтылып, тұлкіге кез болдым-ау» деді де, өзінің қандай мақсатпен келгенін Шахабиддиннің сезіп қалғанына көзі жетті де, бұл жерде онымен керілдесіп тұруды жөн көрмеді, келгендегі жұмысын ашып айтпады: «кішкене бір өтінішпен келіп едім» дей салды. Шахабиддин қою қастарын жыйырып, айлалы қішкене көзімен тігіле қарап, Сұлтанмұраттың бетінде бір ренжү белгісі барлығын сезді. Мәждиддиннің айбынды назарынан бұл ғалым үрейі кетіп шыққан екен деп ойлады.

— Қандай арызыңыз, өтінішіңіз болса, қандай бір қызыншылықка, қолайсыз жағдайға душар болсаның да маған айтуыңызға болады, — деді Шахабиддин, алғашқыдан да жұмсанқырап. — Алхамдулла; бас уәзірдің алдында беделсіз емеспіз, өтінішімізді ешқашан жerde қалдырмайды.

— Қамкорлығыңызға рахмет. Мен арызымды, тілесем патшаның өзіне де айта алам, — деді Сұлтанмұрат.

Шахабиддин әңгіменің бетін дереу басқа жакқа бұрып, ақ кірген қою сақалын қолымен қайта-қайта сыйнап тұруды да:

— Қызу кансыз-ау! Жүрініз, былай барайық, — деп Сұлтанмұратты еркіне қоймай ертіп журді.

Екеуі жазғы бастырманың шетіне келіп отырды. Құв кешкі қызыл шапаққа кірген еді. Оның жұмсақ қызыл сәулелері гүл жайнаған бақты, жайқалған гүлдерді тұр-

лендіре түсті. Сұлтанмұрат бір қолымен иегін сүйеп отырып, мына көріністерге қызыға қарап отыр еді. Шахабиддин оны тұртіп қалып: «нағыз жұмақ емеспе, аллатагаланың пейлі кен, мейірі түссе шағындау болғанымен келісті бір бақ сізге де тиіп қалуы мүмкін» — деді.

— Таксыр, мен қызғанып тұрганым жок, тек қызығып тұрмын, — деді Сұлтанмұрат.

— Эрине, қызғаншақтығы құрсын.

— Маган не айтпакшы едініз, айтыңыз, — деді Сұлтанмұрат сабырсызданып.

Шахабиддин сөзді nedен бастарын білмей, бастаудың ебін таба алмай қысылып, ғалымның иығына тағыда қолын салды. Зорланып күлімсіреп:

— Мен жөнінде көңіліңізде бір кірбен бар ғой деп ойлаймын, солай екендігін сіздің өз басыңыздан байқамағанмен, бір катар уақыттан бері сезіп жүрген жәйім бар. Сөзімнің катесі бар ма?

— Эрине дұрыс, бірақ оның бір себебі болуы керек.

— Ол тіпті бекер әңгіме, бұл жөнінде көңіліңізге ешқандай күдік алмаңыз. Біздің тұсымызда кейбір адамдар достарының арасын ажыратуды көздейді. Олардың сөзіне ешқашан күлақ аспаныз. Осыным дұрыс па?

— Таксыр, мен әрқашанда шындық пен жаланы ажырата білем.

— Эзәзіл, адам атаны да алдаған емес пе? Арада жүрген әзәзілдер бар емес пе? — деді Шахабиддин оны сендерімек болып.

Сұлтанмұрат оның бұл сөзіне таңданып, үндемей қалды. Шахабиддиндегі бұл өзгерісті ол сірә күтпеген еді. Сұлтанмұрат Шахабиддиннің рухында, ол өз айыбын мойындаған тұрсадағы, әділдіктің бір үшкыны қалғандығына күманданбады. Ол бәле-жаладан күтылып, тыныш жұмыс істеуге мүмкіндік болады екен, деп қуанды.

Шахабиддин оның білгір екендігін мақтады. Мәжиддиннен оған сыйлық әпәре алатындығын айтты. Сұлтанмұрат өзінің тұрмысы жаман емес екендігін, ешқандай сыйлыққа, жәрдемге мүктаж емес екендігін білдірді. Шахабиддин оның дәруиш пейілді адам екендігін айттып, достық сезімін білдірген болды. Артынша Сұлтанмұраттың асығып тұрганын сезіп: «отыра тұрыңыз» деп оның тізесінен басты. Сөйтіп ол өзінің көздеген мақсаты бір

ұлken ғылми кітап жазу керек екенін, сол үшін өзінің он жыл бойы ешкімге білдірмей, түрлі кітаптар оқып, зерттеулер жүргізіп келгендігін айтып өтті.

— Өте жаксы, жазыңыз тақсыр, — деді Сұлтанмұрақ күлімсіреп. — Фалымдар үшін ең лайыкты іс осы. Өйткені кітаптар адам баласы пікірінің асыл қазынасын жыйнап, оларды үрпактарға қалдырады ғой. Бір кезде бәріміз де бір уыс топыраққа айналамыз, ал кітаптар болса тастан жасалған ескерткіш сыйқты, ғасырлар бойы сақталады.

— Алайда, — деді Шахабиддин мұләйімсіп. — Маған бір нәрсе бөгет болуда, мен соган ренжимін.

— Игі мақсат, ұлы тілекке жету жолында ешқандай бөгет болуы мүмкін емес, тақсыр.

— Айту онай, бірақ сол бөгетті жену қыйын, мәселен қазір атқаратын қызметім бастан асады, ертең мұнав да көп міндеттер жүктелуі мүмкін. Үәзірдің қөнілін жығуға ешқандай айла амалым жок, өмір өтіп барады, кітап жазылмай қалатын қатер бар. — Осыны айтты да, Шахабиддин Сұлтанмұратқа тігіле бір қарап, жалынған дауыспен сөзін қайта соза берді. — Асыл адам өз кемшілігін тез мойындайды. Сізден жасырар сырым жок, білімім таудай, жоғары болғанмен, тәжрибем аз болғандықтан жазуға олакпын, көкірегімді көрнеген ойымды қағазға көшіруге қаламым сараңдық істейді. Ал сіздің қаламыңыз желдей жүйрік, егер сіз шындалап кіріссеніз бірнеше ай ішінде-ак өз пікірініздің қазынасынан асыл шығарма жазып шығара аласыз. Мен үшін сіз сондай бір шығарма жазыңыз. Мен оны патшаға апарып тарту етейін. Ол қітапқа хазіреттің данкты есімін жазайын, бұл істі біз екеумізден басқа және алла тағаладан басқа ешкім білмейтін болсын. Сіздің еңбегініз берін біліміңіз бос кетпес, өзім тірі тұрғанда сізді ешинарден кем етпеспін, макұл ма, сөз бір — құдай бір.

Сұлтанмұрат сұрланып кетті, орнынан үшып тұрып етегін қақты.

— Тақсыр, ғалымдық атақты шығару үшін кітап жазу шарт емес, — деді Сұлтанмұрат алқынып, қалтыраған дауыспен. — Эрбір адам өзінің бағасын білу керек. Сіз өзінізді осыншама төмен ўстағаныңыз ба? Өзінізді осыншама кеміткеніңіз бе? Мен ғылым саудагері емеспін.

Шахабиддиннің барлық денесі қалтырап, тілі күрмеліп « — ай-ай, інішек» дей бергенде, Сұлтанмұрат артына бұрылмай, қақпадан шығып жүре берді.

* * *

Мәждиддин Фират байларын қўптаннан кейін сыйкўрметпен шығарып салып, жалғыз қалды. Алтын шамдандарда көп шамдардың сәулесімен қўлпыра түске масаты кілемдердің үстінде, әрлі-берлі жүріп, ойламаған жерден еске түске ескі өлеңді ыңылдалап айтумен болды...

Ол алым-салық мәселеіндегі және кейбір өкімет пайдасына істелетін жұмыстар жөнінде байларға женилдік берді. Мұнан оның несі кетті! Зиян болса патшаның кавынасына зиян. Оның орнына Мәждиддин байлардан жамбы, піл сүйегінен істелген кішкене сандықтар, неше алуан каянтар тастар, Қытайда, Мысырда, Индияда істелген, патшаның өзін қызықтырғандай қымбат бўйимдар алды. «Қол өнершілерге, дихандарға камқорлық істеуден не пайда? Ешқандай пайда жок, уақыты келсе бўл байлардың әрқайсысы оған таудай пана бола алады. Ол үкімет билегендегі табан аудармай тўрудың кілті міні осы» деп іштей ойланған. Сол-ақ екен, оның ойына бугін «тартуға» алған сўлу қыз түсті. Бойы балқып, каны қайнап кетті.

Мәждиддин сабырсыздынып есік жакқа бўрылып еді, есік алдында келе жаткан көп адамның дубірі естілді. Мәселе алдын ала кең түрде ойланып қойылғандықтан, болғалы тўрган жасырын мәжілістің тез өте беретіндігіне сенди.

Есік ашылып, Туғанбекпен бірге бір топ үлкен өкімдер, сарай маңында тұратын, көркем киінген жұмыссыз адамдардың бір тобы келіп кірді. Олар отырысымен Мәждиддин Шахабиддинге сыртқы қақпаны және есіктерді мықтап бекітуді бўйырды да, отырғандарға бір-бір карап етті. Отырғандардың бәрінің қабабы тусулған және бәрі де үлкен ойға шомуда еді.

— Достарым, жасыратын сыр жок, — деді Мәждиддин, жайлап, бірақ батыл сөйлеп. — Максатымыз және мұддеміз белгілі. Мен сіздердің талқынызға бір мәселенің салмақын.

Жүрттың бәрі бірден құлактарын тәсеп, еңкейе түсті. Тұғанбек пысылдаپ, ілгері жылжып отырды. Құнілгері жоба жасау үшін бір құпия кенеске жыйналған үрылар сұяқты, бәрі де жым-жырт бола қалып, көздөрін қадап, құлактарын түрді.

— Біздің дүшпашымыз қаруын әлі тастаған жок, — деді Мәждиддин, — ол тісімен де, тырнағымен де бізге ор қазуда. Шынында ол күшті, айлалы дүшпан. Соңдықтан да өте қауіпті, қорқынышты. Рас, патшаның бізге ықыласы және сенімі күшті, біздің ададығымызыра ол әбден сенеді. Алайда патша мен Әлішердің қаршадай кезінен дос екендігін естен шығармауымыз керек. Соңғы айларда патша Әлішерден үсті-үстіне хат алуда. Олардың кейбіреулерінің мазмұнымен танысып үлгірдім. Әлішер мемлекеттің кедейлене бастауының себептерін айттып, мемлекеттегі барлық тәртіпті өзгертуді үсыныпты. Кейінгі мәліметтерге қарағанда, ол енді астанаға қайтып келмекші көрінеді. Әттең амалы жок, болмаса ол қалаға қанат байлап, үшып келген болар еді...

— Уақытша келе ме? — деп сұрады, Шахабиддин үрейленіп.

— Ол өзім туған қалада тұрып өлсем арманым жок дейтін көрінеді, — деді мысқылдаپ сөйлеп Мәждиддин. — Күдай көрсете көрмесін, ол Фиратта тұруға рұхсат алса, келген күннің ертеніне-ақ бәрімізді астан-кестен өтеді.

Мәждиддин жыйналған адамдардың пікірін, пейлін білу үшін үндемей қалды. Жас бектердің бірі сусар бәркін алып, басын қысып тұрып, Әлішердің халық арасындағыabyroyы барған сайын артуда екендігін, Жамиқазіреттен бастап ғылым және көркемөнердің маңындағылардың бәрі оны жаңындай сүйетіндігін айтты. Сонымен қатар ол патшаның осынша халықтың тілегіне карсы тұра алмай, ақырында Әлішермен қарым-қатынасын жақсартуға мәжбүр болуы мүмкін екендігін баяндалап, қатал шара колдануды үсынды.

— Қандай жолмен болса да, Науайды патшага жамандай беру керек, араларындағы ескі дастықтың барлық жібі үзілетін болсын! — деді Шахабиддин.

Тұғанбек бұл ескі әдіске онша сене бермеу керек екенін дәлелдеуге тырысты.

— Жамандай беруге жаңа дәлеліміз де жок, — деді ол салмақтанып. — Су бүріксе созғылай беретін, сез

былғары емес... Аңға шыққанда мен патшамен бір ай бірге жүрдім, бірге болдым. Маған оның айрықша көніл бөлгендіңізге белгілі. Мен өз ара әңгіме кезінде Әлішердің үстеган бағытын әруақыт жамандауға тырыстым, бірақ патшаны нандырдым деп айта алмаймын. Патшаның ішкі сырын білу қыйын. Менің ойымша патшаның ойында бір қобалжу бар сыйкты. Соның ушін ең сенімді шара Әлішердің көзін жою — әңгіме сол.

Отырғандар бастарын кенет көтеріп алды. Кейбіреулері қатты күрсінді, жүрт жым-жылас бола қалды. Мәждиддин отырғандардың көздеріне қарап, олардың көңілінде әлде қандай арпалыс болып жатқандығын сезді.

— Тұғанбек үсынған жол, — ең дұрыс жол, — деді Мәждиддин батыл сөйлеп. — Қажырлы Тұғанбек өзінің ежелгі әдетіне басып, мен айтайын деп тұрган үсынысты батыл айтып салды. Менің сіздерден өтінішім — бұл үсынысты талқыға салып жатпауымыз керек. Бәріміз де дүшпанға қарсы күшті шара қолдануды ойласуға жыйналдық, ол күшті шара — өлім. Өлімнен күшті нәрсе жок.

— Бұл жай әңгіме емес, осы істі қалай жүзеге асырмакшысыз? — деп сұрады, Науайдың ежелгі дүшпаны Хожа Хатиб.

— Бұл мәселе алдын-ала барлық жағынан ойланып қойылған. — деді оған Мәждиддин. — Астрабадқа сарайдағы ас пісірушілердің ең жаксы біреуін жібереміз. Ол Әлішерге тамаша тағамдар пісіріп беретін болады.

Осы шараны отырғандардың барлығы макұл көргендіктен бе, әйтеуір ешкім басқа үсыныс жасаған жок және қарсылық та білдірген жок.

Жүрт тарай бастағанда, Шахабиддин қалып қойып, Мәждиддинге Сұлтанмұратты бүгін-ертен зынданға салуға немесе Хорасан жерінен басқа жаққа айдал жіберуге бүйрік беруді өтінді. Сұлу қызға тезірек барып жолығуға асықкан уәзір, оған жекіп таставады.

— Шектен шықпаңыз тақсыр. Сұлтанмұратка жала жауып отырсыз.

— Ол бір теріс адам, бұзық — деді Шахабиддин сасқалактап.

— Оны істеуге қолайлы жағдай жок, халық арасында қобалжу күшеюі мүмкін. Егер ол сіздің көзіңізге тікен болып қадалатын болса, біз оның медіреседе сабак беруін тоқтатамыз. Жарай ма? — деді Мәждиддин.

Шахабиддиннің түрі кашып дірілдеп кетті.

— Жоқ-жоқ, ғапу етініз, хұрметті үәзір, — деді жалбарынып Шахабиддин. — Мен шынында да шектен асып кеткен екенмін. Кешіріңіз мен саясат адамы емеспін. Жағдай қыйын дедіңіз — дұрыс айтасыз, оны ўстаздықтан тайдырмай-ак койыныз. Талапты жігіт, мүмкін ол менін наспіхатыма күлақ койып, тұзу жолға түсер, сейтіл біздің жағымызыға шығар. Тақсыр, өтінем, өз жайына тыныш койыңыз.

— Алжасқан түріңіз бар. Пікіріңізде тұрлау жоқ. Мейлі ықтияр өзіңізде, — деді Мәждиддин, сөйтті де, аяғын кердең басып, сыртқа шығып кетті.

— Соңғы күндерде шынында да есім алжасқан сыйқты, — деді Шахабиддин, артынан куа сөйлеп.

Ол Сұлтанмұратпен болған әлгі уақыйғадан кейін шынында да есінен айрылған еді. Әйткені Сұлтанмұрат оны тілесе әбден масқара қылып, адамгершіліктен шығарып, өмірін өксітуі мүмкін еді. Ол Сұлтанмұратпен әуелі қарым-катынасын түзеп, оны сынап, біліп, өзінің ойын соナン кейін айтпағанына күйінді. Ол ызага шыдай алмай, «бүгін-ертең зынданға тастатып, ит пен құсқа жем қымасам ба сені» деп кіжінген еді, бірақ қазір Мәждиддин бұл тілегін орындаған соң, оның Сұлтанмұратқа бас июден басқа амалы қалған жоқ. Сондықтан ол Сұлтанмұраттың медреседен қуылуына жан-тәнімен қарсы болды.

Шахабиддин ўяттан және ызадан булығып, аяғын әрең басып шықты. Ол жарық түнде, жым-жырт үйқыға кеткен көшеде, қолын арқасына салып, жолдың ойы-қырың байкамай, мен-зен болып бара жатты. Оның бар ойы — енді Сұлтанмұратпен жарасу.

II

Ертеніне күн шыға Сұлтанмұрат, Ихласия медресесінے келді. Шәкірттеріне сабак беретін үлкен бөлмеге кіріп, күндеңі үйреншікті орнына отырды. Белгіленген тәртіп бойынша кезекпен, топ-топ болып келетін шәкірттерін күтіп отырғанда, Шахабиддиннің жиені кіріп келді. Бұл көркем жүзді, әдепті қыздардай, үялшаш жігіт еді. Мұнан екі жыл бұрын Сұлтанмұрат оған бірнеше ай бойы есептен, арап тілінен өзіне дербес сабак берген еді.

Сұлтанмұрат жігітті жарқын жүзбен карсы алып, өзінің жанына отырғызды. Сүйтіп онан хал-жай сұрады. Жігіт үстазының сұрауларына қыска жауап беріп отырды. Сонынан ол қолын кусырып, көкірегіне койып тұрып:

— Қазір сабак басталатын болар, оған дейін сізге бір-екі ауыз сөз айтуға рұхсат етіңіз, — деді жігіт.

— Айтыңыз.

— Нагашыммен бір көңілсіз оқыйга болған көрінеді, бірақ мен оның жай-жапсарын білмеймін, — деп бастады жігіт. — Маган тек ол кісінің сізді ренжіткені ғана белгілі, сол үшін ол кісінің өзі де өкінішті. Әдейі кешірім сұрап мені жіберді. Өтінішін қабыл етіңіз, мен үшін сол зор куаныш болған болар еді. Айыпты болудан гөрі оны мойындаған жаман. Нагашым сіздің айтыңызды дұрыс деп тапты, қатесін мойындайды...

— Біз бәріміз де адамбыз, — деді күлімсіреп Сұлтанмұрат. — Қайсымыз да болса да кемшілік жоқ емес. Олай болмаған болса біз періште, ал дүние жұмак болар еді. Мүмкін болса, сіз қазір нағашыңызға барып айтыңыз, мен кек сақтамаймын.

— Сіз кең адамсыз, оны мен бұрыннан білемін, — деді жігіт.

— О кісіге айтыңыз, мен кек сақтайтын кіслерді жаратпаймын. Қөнліне алмасын, ренжімесін.

Жігіт тәжім етіп, әдеппен орнынан тұрды да, үстазына қайта-қайта алғыс айтып шығып кетті. Сол кезде кітаптарын қолтықтап, аяғының үшінан басып бес шәкірт кіріп келді. Тұске дейін Сұлтанмұрат соларға сабак берумен boldы. Олардан кейін ол окушылардың екінші тобын күтті. Сол кезде сәлдесін ыкшамдал ораған, кестелі етік киген, орта жастағы бір кісі келіп кірді. Ол салқын ғана амандасты да, бір табақ кағазды үсына берді. Оқып тұрып, Сұлтанмұраттың түсі сұрланып кетті. Бұл Шайхулисламның жарлығы еді: «Ислам мемлекетінде, мұхаммед дінін кіршікіз сактаушы патшалардың патшасы Хұсайн Байқара мырзаның әділетті заманында, мұсылман дініне шек келтіретін пікірлерді шәкірттерге үйреткені үшін және басқалар...» үшін Сұлтанмұрат медреседен күлгін еді. Бойын ыза кернеп, тұтықкан ғалымның көзі қарауытып кетті. Төбесінен қарап тұрған шабарманға қарап, даусы дірілдеп:

— Шайхулислам бізге деген жауыздық-зұлымдығын

аямасын, акыйкаттың, шындықтың жолында жан пидә етуге де мен дайынмын. — деді.

Келген шабарман тәжім етті де, жылдам басып жүріп кетті.

Сұлтанмұрат кеше Мәждиддинмен кездескені тура-лы ойлады. Ол Шахабиддин және оның сынары болғаң басқа да адамдардың күн бұрын Шайхулисламға шағым айтып, істі бітіріп қойғандығын шамалап білді. Ол орнынан үшып тұрып, жарлық қағазды умаждан бір бұрышқа лақтырып жіберді де, сабак беретін бөлмесінен шығып, түрлі хұжыралардан жыйылып сабак алуға келе жатқан шәкірттерге қарамастан көшеге шығып кетті. Шәкірттер аң-тан болысты. Өз бөлмесіне кірді де, кітаптарының арасына сылық түсіп отыра кетті. Қеудесін кернеген ыза, қасірет оның ойлауына да, оқуына да мүмкіндік бермеді. Бесіннен кейін шәкірттері келді. Олардың ішінде мұрты жаңа тап берген жас өспірімдер және онжылдан медреседе оқып келе жатқан сақалдылар да бар еді. Олардың бәрі де мұнаюлы тәрізді, Сұлтанмұрат өзін-өзі берік үстап, оларды жұбатуға тырысты. Шәкірттердің бірі:

— Мүндай жағдайға шыдап болмайды, таксыр — деп айқайлап жіберді. — Егер Афлатун, Арасту, Ибни Сийно, Фараби және Ұлықбек сияқты философтар мен ғалымдардың әкірлерін теріске шығарып, олардың көзкарасын жактаушыларды дін бұзушылар деп есептесе, медреседе енді қандай ғылым болмак.

— Ғылымпаз деген атағы шыққан патшаның астанасында мүндай да надандық болғаны ма? — деді шәкіртқыза сөйлем.

— Егер Шайхұлислам өзінің жарлығын қайтып алмаса, медресені тастав шығамыз, туысқандар — деді үшінші шәкірт.

— Эрине.

— Басқа амал жоқ! — десті басқалары да бір ауыздан.

— Қымбатты достарым — деді Сұлтанмұрат, оларға байсалды дауыспен. — Мен жарлыққа мойын сұннып, медреседе сіздерді оқытуды тоқтатуға мәжбүрмін. Өлүгे риза болсам да, ғылымда жалған жолға түсуге, шындықты жасыруға сірә риза болмаймын. Менің сіздерден етінішім — бәрініз де ғылымды шын жүрекпен, таза көнілмен оқып үйрене беріндер, өз өмірлерінді ғылымға,

ғылым таратуға арнаңыздар. Адамға мұнан ардақты, мұнан құрметті іс жоқ. Сонымен қатар сіздер нағыз ғылымды жалған пікірлерден айыра біліңіз. Нағыз ғылым аспан сырын ашуға, бүркеулі сырларды білуге жөн көрсетеді! Ақылдың күшіне сеніндер! Эрқашан адамға ақыл басшы! Бес-он кітапты оқый салып, ғалымдың дәрежеге жеттім деп лепіруден сақ болыңыздар. Екінші бір өтінішім — еш қандай шу көтермей, оқуларыңды оқый беріңдер. Фиратта да барлық ғылымдарды жете білетін ғалымдар көп, олардың көбі маған үстаз болған адамдар. Солардан тәлім алып, білім үйреніңіздер. Науай жаққан ғылым шамын, ешбір зорлық-зомбылықтың, ешбір надандықтың дауылы қаншама үдей соқса да, сірә өшіре алмайтынына мениң сенімім кәміл.

Өз үстазының сөзін барлық ықыласымен тым-тырыс отырып тыңдаған шәкірттер тағы біраз үндемей отырысты да, қайтадан көтеріле бастады. Шайхулисламға, Мәждиддинге барып жолығу туралы өзара қызу кеңесті. Ақырында Сұлтанмұраттың өтінішімен бір-бірлеп үйлеріне таасты...

Мешіт, медреселердегі ғалымдар, ақындар, суретшілер және басқалар бұл уақыйғаны есітіп қатты қынжылды. Кейбіреулері «бас үәзір бәріміздің де түбімізге жетер. Ертең не болар екенбіз?» деген ойға қалды.

Ентігіп, асығып-аптығып кіріп келген Зәйниддин мен Арысланқұлды ғалым бұрынғыша жарқын жүзбен қарсы алды. Зәйниддин Шайхулисламды, үәзірді ажуалаған бір ақынның өлеңін оқып берді де, Фираттың базарындағы қаңғыбастардың тілімен оларды қатты секті.

— Мен бұл нәрсеге ренжімін — деді күйініп, Арысланқұл. — Бір кездерде бұл қалаға Румнан, Индиядан, Қытайдан анадағы Челеби сияқты ғалым келсе, ондайлар көлмей тұрмайды ғой, міне сондай уақытта олармен ғаласуға, кім шықпақ?

— Шайхулисламның өзі шығады да, — деді Зәйниддин.

— Жоқ, ол ғылымда құмырсқаның беліндей жіңішке болу керек, — деп, Арысланқұл басын ерекше бір козғап қойды. Екі дос, басқа уақытта болса бұған шегі қатып күлдер еді, бірақ қазір тек жымыйды да койысты.

— Медреседен басқа саған орын жоқ па? Мейлі, сен

әнді жазуға отыр,— деді Зәйниддин, батыл сөйлеп.— Ешкімнен қауіптенбей батыл жаз, қағаз адамның ой-пікірінің қанаты. Адам ойы қағаз арқылы таудан да, теңізден де үшіп өтеді.

— Жазамын, әрине, жазамын,— деді Сұлтанмұрат, серпіле сөйлеп.

ЖЫИЫРМА ТӨРТИНШІ ТАРАУ

«Жаһан Ара» бағы күн жылышан сайын күн нұрымен күлпира түсуде. Айнадай жалтыраған хауыздардың жағалығында жұп-жұп болып, аяғын жалқау басқан тауықтардың қызылды-жасалды қанаты тәрізді неше алуан түске еніп жайнап түр еді. Бақ іші дамыл сайын көркітене түсіп жатқан тәрізді.

Моншақтай мөлдір тұнық әуеде қанатты бишілер — кептерлер асыр салып ойнауда. Хұсан Байқара мойны талып, көзі бұлдырағанша солардың қызығына қарап тұрды. Сол кезде қызметші нөкер оның қасына келіп, рұқсат етсе кошқар соғыстыруға болатындығын билдірді. Бұлар ордаға жуырда алдырылған еді. Бірақ кеше кешкісін Хұсан Байқара шарапты көбірек ішіп жібергендейктен бүгін көңілсіз еді.

— Ертең соғыстырамыз — деп, ол қызметшіні қайтарып жіберді.

Сонан кейін ол әруақыт жанынан бір елі қалмай жүретін кенесшілеріне — қала тұрыңдар, — деп қолын бір сілтеді де, өзі сарайға кірді. Сарай күзетшісі Бабаәлігे өзінің дәрігері Әбдулхайды шақырып келуді бұйырды да, алтын тағына барып отырды. Ол өзінің тендерестеріне қараганда недәуір картан көрінетін. Оның бір кездегі ойнакы өткір көздерінің енді жанары кетіп-ак қалған еді, жауды онды-солды қыйрата шабатын әрі епті, әрі күшті қолдары казір әлі кетіп; қалтырағыш болған еді, тіпті еңсесі салынып, бүкір бола бастап еді. Солай бола тұрса да ол өзін тік үстаяға тырысатын. Шынында да, кейде ол өзінің ежелгі қайратына мініп, шашаң, батыл қыймылдайтын, өзінің көзін тіккен хандарға немесе тәж-тағына қол сүкпақшы болған ішкі жауларға қарсы жорыққа шығудан сірә да тартынбайтын.

Бас тәуібі Әбдулхай кіріп тәжім етті. Тәуіптік қаридаларды берік сактаған, өмір бойы өзін-өзі күтіп үста-

ған тәүіп сақалына ақ кірсе де әлі тіпті шыйрақ болатын.

— Сыркіттап қалдыңыз ба тақсыр? Тамырыңызды үстап көрейін, — деді Әбдулхай, жүгініп отыра қалып.

— Жок, маған тек көнілді серпілдіретін бір нәрсे берсеніз болғаны.

— Сезген едім, кешегі ішкіліктің әсері ғой, — деді де, тәүіп шегіншектеп, үйден шығып кетті.

Дәрінің әсері біліне бастаған кезде Хұсаин Байқара бас уәзірді қабылдады. Мәждиддин патшага бұрынғысынан да жақынырақ отырып, баяндай бастады. Бұқараның көңілі қотеріңкі екендігін, әскерлердің барлық кекрек-жаракпен қамсызданғанын, әдемі сөздермен көркемдеп айтып шықты. Соңсоң ол шекарадан алынған хабарлармен, өлкелер мен аудандардан келген хаттармен, бектердің сәлемдерімен, тағы басқалармен таныстырыды. Хұсаин Байқара баяндаманы көніл қойып тындалп, басын изеп бас уәзірді костап отырды. Қазынаны ақшаға толтырған уәзірге оның сенімі бұрынғыдан да арта түскен еді. Бүкіл мемлекет ісін өз қолына жыйнап алып, ол тіпті шынжырбалак бектерді де мемлекет басқару ісінен тайдағып тастан жүрсе де, бұлардың тарапынан дәлелді шағымдар түсіп жатса да бұл жайында патша Мәждиддинге ләм деген жок. Кеше Ибраһим Шағатай, Тәнірберді, Саманчы, Жаңбыршы бектер бас уәзірге өздерінің наразылықтарын білдіргеннен кейін бектермен жақсы қарым-катаинаста болу керектігін ол бұған айтап түсіндірген болатын. Мәждиддин өзінің ашушандығын, қызу қандылығын, сондықтан кей уақытта кейбіреулерді ренжітетіндігін өзі де байқамай қалатындығын айтты. Осыдан кейін даусын кенет бәсендете түсіп сөйледі:

— Рұқсат болса мен сізге маңызды іс жайында мәлім етсем деп едім...

— Айтыңыз, — деді Хұсаин Байқара ынталана, басын уәзір жаққа бұрып.

— Хожа Афзал Иракта, Якупбектің алдында болса керек, — деп баяндай бастады уәзір. Якупбек оны үлкен сый күрметпен қарсы алған көрінеді... Оның мекеге барамын дегені жай сұлтау болар деп күдіктенемін. Дүшпанының Астрabadта жатып қандай зұлымдық істермен шүғылданып жатқанын байқайсыз ба! Ол өзінің торын тіпті алысқа жайған сыйқты.

— Сөзіңіздің растығында шүбәм жоқ — деді Хұсаин Байқара. — Якупбек бізге адал беріліп отырған жоқ. Қайта біздің қуғынға ўшыратқан адамдарымызға ол сый-күрмет көрсетіп отыр ғой. Мұның бәрі де дұшпан-дық әрекет.

Мәждиддин патшаның бетіне тігіле қарап, оны ашу қысып отырғанын байқады. Ол тұтанған отқа тағы бір тамшы тамызып, отты қаулата түспек болды.

— Алынған мәліметтерге қарағанда, — деді Мәждиддин — Балхта да жағдай жақсы емес. Барлық билік, әкімшілік Феридун мырзаның қолында болғанмен, оның жастығынаң және тәжрибесіздігінен пайдаланып, билікті Дәрушәлі бүтіндей өз қолына алған көрінеді. Дәрушәлімен ағасы Әлішердің арасында шабарман жиі-жій қатынап тұрады екен. Бұл жайында күн сайын жаңа мәліметтер алып отырмын.

— Дайындық жүргізіп нақты шаралар колданыңыз, қапы қалып жүрмелік, — деді Хұсаин Байқара қатулашып.

Мәждиддин бойын түзеп, батылдана түсті. Ол: «Астрабадтағы жайсыз қылықтардың бәрін жоюға шұғыл шаралар жасауға» ант ішіп, уәде берді.

Хұсаин Байқара Хисар уақыйгаларын, Сұлтанмұраттың жаңа әрекеттері жайындағы әңгіменің үстіне Шайхулисламның берген жарлығын есіне түсірді.

— Бұл қалайша? Менің түк хабарым жоқ. Медреселерде шәкірттер және біраз үстаздар бұған үлкен наразылық көрсетуде көрінеді.

— Әлішер Науайдың «Ихласия» медресесі теріс пікір уағыздайтын орынға айналған, — деді Мәждиддин, мұләйімсіп, — Әлішер тағайындаған оқытушылардың көбі ғылым және философияны бетке үстап, шәкірттерді құдайдан бездіруде.

— Сұлтанмұратты өте білімді ғалым деуші еді ғой... — деді Байқара басын шайқап. — Оның да жолдан тайғаны ма?

— Саясатта ол карабұқараның жағында көрінеді. Ол өкімет дихандарға және қолөнершілерге қамқорлық жасау керек деген теріс пікірлерді шәкірттеріне үйреттін көрінеді.

Хұсаин Байқара барлық медреседе бақылауды күшейтудің керектігін түсіндірді.

Жел тerezенің оюмен әшекейленген қақпагын тарс еткізіп жауып жіберді. Аласа скамейка үстіндегі қағаздар бет-бетіне үшіп кетті. Сырт көзге бейқам адам сыйқты көрінген, бірақ өз ісіне үқыпты, қызметін ерінбей істейтін ескі қызметші Низамидин орнынан әрен тұра келіп, үйіп қалған тізелерін үқалап, шашылған қағаздарды жыйнастырыды да, орнына қайта отырды. Сүйтіл сабы нақышталған, моншақ отыргызылған кішкене пышақпен қауырсын қаламның үшін әдемілеп жонды да, сия сауытқа батырды. Жазып байқау үшін бір жапырақ қағазға бірнеше әрітерді жазып көрді, сонан соң қала бастықтарына деген жарлықтарды жаза бастады.

Көрші бөлменің есігі сыйқыр етіп ашылды. Низамидин қауырсын қаламын стол үстінде қойып, өзінің қызметшілік міндетін жетік білетін назарымен бастығына қарады.

— Маған жолыққалы келген басқа ешкім жоқ па? — деді Науай.

— Жоқ. Ең соңғысы әлгі ақсақ дихан болатын. Сіз өзін көп үстадыңыз-ау! Байқадым, тіпті көңілденіп шықты. Бетіне күле қарап едім, жаныма келіп: «осы кісінің өзі неге патша болмайды» деп құлағыма сыйырлап кетті. Мен оған: «бұ кісі патшалықтан да гөрі жай адам болғанды артық көреді» дедім. Ол басын шайқап тұрып: «қой, ол тілеуді тілеме» деді.

— Көпті көрген, щебер сөзді адам екен, — деді акын есікке сүйеніп тұрып. — Біз онымен бірге әрбір жайды сөйлестік. Не жөнінде болса да, маған әңгімелер айтты. Ескі өлеңдер жырлады, ертегілерді, ескілікті нақыл сөздерді көп біледі екен. Сонымен қатар ол кейір тағы күстардың өмірі туралы қызық әңгімелер айтты. Сол айтқандарының бәрі де ешбір кітапта жазылған емес. Күдая шүкір, біздің адамдарымыздың көшілігінің жүрегі таза, ойы өткір, акыл-парасаты мол.

— Оныңыз рас, бірақ киімі тым жаман екен, — деп Низамидин селк-селк күлді.

— Бұлардың көркі жүрегінде ғой, — деді Науай кө-

теріле сөйлеп. Гүл қырық жамау, жапырақтары жырымжырым болса да, ол өте көркем емес пе?

— Рас, оның рас, тақсыр, — деді Низамиддин теріс сөйлегенің сезіп.

Науан бірқатар істі Низамиддинге тапсырып, әдемі мұқабалы кішкене кітabyн қолтығына қысты да, сыртқа шықты. Қорада қысыр әңгіме соғып отырған нәкерлер орындарынан ырғып тұрып, мұны құрметтеп қарсы алды. Науан шаң басқаң, ой-шұқырлы көшемен үйіне қайтып бара жатып, біrnеше Астрабадтық таныстарына жолықты. Бұлардың бірі тім тәуір өлең, екіншісі қыса жазатын, ал үшіншісі химиямен, жұлдыздар жайындағы ғылымдармен шұғылданған адамдар еді. Бұларға ерген бір ғалым және қази бар, екі чиновник бар-ды. Әлгі химия ғалымы байсалды пішінмен:

— Біз әдейі жолынызды тосып күтіп едік, тақсыр, жұлдыздардың айтқаны келді, бізді сізге жіберді. Отырып көніл көтерелік. Бізбен бірге журініз — деді.

Науан бас тартқан жоқ, қала шетіндегі, аласа қыйсық дуалдармен қоршалған бактың ішіндегі сыпаға келіп отырысты. Бұл Қазидің бағы еді. Ілеңде тамак келді. Қарт акын өзінің көкшіл сәлдесінің арасына қыстырылған бір қағазды алыш, көзіне жақын тұтып, оқый бастады. Бұл оның жана өлеңі еді. Оқып тұрып, бірер жерінде мұдіріп: «немерем көшіріп жазған еді, қата жазыпты... е, өмір шіркін» деп басын шайқады.

Науан ол өлеңнің екі жолын көшіріп алды. Бұған қарт акын өте қуанды. Ғалым жұлдыздар ғылымы тура-лы қызу әңгіме бастады. Ол Шыңғысханның қанды жо-рығынан әлдекайда бұрын, біrnеше жұлдыз санаушылардың болар пәлені алдын ала хабарлап отырғандығын және олар оны немен дәлелдегендіктерін баяндады. На-ұай жұлдыз санау ғылымындағы жалғандықтардың не-гісіз екендіктерін дәлелдегісі келсе де, ғалымды рέн-жітпеу үшін ол жұлдызышылардың айтқандарының көбі-нese шықпайтындықтарын айтты. Өзет ғалім бізбен ерегісп алды. Отырғандар бұдан кейін Астрабадта ерте кезде болған акындардың өмірі мен шығармалары жа-йында өте қызық мәліметтер жасады. Ақырында бұл сез бірте-бірте басыла бастап, күмға сінген су тәрізді отырғандар әлден уақытта жым-жылас бола қалысты.

Күн өте қапырық еді. Бұл кезде қарт акынның мау-жырап, мұлғи бастаған шағы еді. Көшеде шаңы бұрқы-

раған арбалардың сықыры естілді. Аспанды бұлт торлады. Жанға жайсыз қапырық күшіне түсті. Сәлден кейін үйқтап жатқан үстіне келген адамға атып тұрып жармаса түсетін ит тәрізді аяқ астынан көтерілген баяу жел долдана түсті. Өркештенген кара бұлттар керуендей көше бастады. Бұлт астынан шыға келген күн көз шағылыстырып, қызулы нұрын пәрменінше жайып жіберді. Дәл осы кезде селдіреген сирек бұлттан баяу себелеген жанбырдың самалы білінді. Тамшылар шан басқан жапырактар арқылы адамдардың үстіне, дастарханға тاما бастады. Науай таңданып аспанға қараады. Үй иесі судья оның таңырқағандығын байқап:

— Біздің қаламыздың ерекшелігі сол, мұнда бір күн ішінде жылдың төрт мезгілін көруге болады, — деді күліп.

— Бәрекелде, — деді Науай басын изеп, — бұл қалада бір күн бір жылға татыйды деп неге айтпайсыз!

Науайдың жауабына отырғандар күліп жіберді. Манаңдан мұлгіп отырған қарт ақын да басын көтеріп, көзін ашып, үқалап, тәнірөгіне қарады:

— Не дейсіз, не болып қалды? — деді ол.

Науай кешке жақын үйіне қайтты.

Корада Шайх Бахлұл үшырап, Фираттан қонақ келгендігін хабарлады.

— «Ол кім екен? Не жұмыспен келіпті?» — деп сұрады Науай.

— Келген адам сұлтанның ас пісірушілерінің бірі... Абдусамад. Енді асқанамыз жақсаратын болды — деді Шайх Бахлұл баяу дауыспен.

Науай иығын көтеріп қойып, қастарын жыйырып: «Мениң әрбір адымымды басқа андуши иттер аздық қылған фой» деп сыйырлады. Шайх Бахлұл күліп «сәлем саукат алып келген болар» деді.

Бөлмелердің бірінен Абдусамад шыға келді. Науайды көріп епелектеп жүгіріп келіп, тәжім етті де, іркілдеген семіз қолын көкірегіне қойып, құлдық үрді. Оның майы тамып түрғандай көрінетін ісік бетінде үят аралас мағынасыз бір күлкінің ізі байқалды... Науай сыр бермеуге тырысып, мыскыл күлкімен: «мұсәпіршілікте, бізге қызмет істеуге келдіңіз фой. Келгенініз жақсы» деп, өзінін бөлмесіне кіріп кетті...

Абдусамадтың бабасы Шахрух Мырза заманында жендет болған адам. Оның адамдардың басын топтай жүлуға, қатарлап дарға асып, аяқ-қолын, мұрнын, тілін кесуге, тағы сол сыйқты қанқойлық істерге асқан шебер болғандығын, әсіресе терісін сұлып, сабан тығуға шебер болғанын Абдусамад өзінің әкесінен — Абду Сайд мырза дәүрінде зындан күзетшісі болып істеген адамнан, — бала кезінде көп есіткен еді. Қанға боялған әкесінің әлгі зындан жаңынан табылғанда (оны зынданнан қашқандар өлтіріп кеткен еді), Абдусамад он үш жастағы қорқақ, бірақ айлакер, қу бала еді. Көп ўзамай анасы тағы күйеуге шыкты. Әгей әкесі, жасы ўлғайып қалған болса да, бала көрмеген еді. Сонда да жетім балаға күн көрсетпеді... Абдусамад күн сайын таң саз берген кезде, жүрт ўйқысынан оянбай жатып үйінен шығып базарды, көше бойын кезіп, қас қарайғанда үйіне әрең қайтып, өгей әкенің көзіне тікенек болып қадалмас үшін бір бүршекке тығызып ўйықтап жататын еді. Абдусамад көбінше асканаларды айналышықтап жүріп, қойдың басын сататын адамға жәрдемші болып жұмысқа орналасты. Онбес жасына дейін отын жарып, от жағып ошақ тазалаумен жүрді. Қойдың арзан басының сорпасын ішіп, сүйегін шағып қарық болды. Енді ол аспаздықтан басқа өнерді ойына да алған жок. Бір күні болмашы бір нәрсе жөнінде қожасымен араздасып, жақсы тамақтар пісіретін асканаға қызметке кірді. Бірнеше жылдан соң ол әзірлей алмайтын тамақтың ешбір түрі қалған жок. Ақырында атақты аспаз болып, патша сарайына орналасты. Бұл жерде ол сарай адамдарының мінез күлкyna дейін біліп алды. Ол сырты жылтыраған, салтанатты, көркем тұрмыс ішінен нағыз пасықтық, азғындық жексүрүн қылықтарды көрді. Құрметтеу, сыйлау, беріліп қызмет істеу пердесінің астында қанды қанжар, қыянат, зұлымдық көрді. Ол сарай ішінде суда жүзгөн балықша еркін жүзді.

Мәждиддин үкімет басына келіп, өз сарайында салтанатты мәжіліс жасап, құрмет-сый көрсете бастаған кезде Абдусамад бірнеше рет өз өнерін көрсетіп, Мәждиддинге жаққан еді. Шарап ішіп қызып алған уәзір ойын-сауықтан кейін қонактарын шығарып салып келген соң, кіші-гірім қызметшілерді, нөкерлерді жыйып, оларға бір-

неше сөз айтып, қонақтардан қалған тағамды ішіп жеуге шакыратын. Абдусамад сол кезде оның алдында құрдай жоғалайтын. Бір күні осындай қонақтан кейін оңаша отыруға тұра келгенде, Абдусамад уәзірге сарайда қандай уақыйғалар болып жатқанын, қандай әңгімелер барлығын етеп айтқан болатын. Мәждиддин қызығып, нешетурлі кезге салып, оны неде болса «ішке» алуға тырысқан-ды. Ақырында өзінің сарайдағы сенімді аспазы Піркожа Бахаұл арқылы оған бір мың динар ақшаны нақтылай беріп, бес мың динар беруге уәдесін тағы беріп, өздерінің үсынысын айтқан болатын. Сонымен Абдусамад қылмыс істеуге көніп, сапарға шықкан болатын.

Келген күннің ертеңіне Абдусамад аскананы қолға алды... Ақынның бұрынғы құрметті аспазы Хасан Саяхды өзінің жас кезіндегі қалпына салып, от жағып, су әке-луге шакырды. Алайда алғашқыда оп-онай көрінген істі жүзеге асыруға бұл жерде қолайлы жағдай бола қоймады. Хайдардан басқалардың бәрі онымен дос адамша сөйлессе дағы Абдусамад олардың көз қарастарынан, жүріс тұрыстарынан оған бір сенбестік білдіретіндігін сезді. Науаидың жер астында жыланның қыймылын се-зетін зерек екендігіне күн сайын көзі жете бастады. Бас-қа жүрттың бәрінің көзі екеу болса, Шайх Бахлұлдың денесінің бәрі көз... Абдусамад ішін кернеген зұлымдықты, әбжыландаған ішіне толған уды уақытша жасыра тұ-руға, сыр білдірмеуге тырысты. Адамдардың көңлінде күдік қалдырмау үшін, ашық жарқын болуға, ак пейіл болуға тырысты. Өзінің орнын Хасан Сайахқа беріп, өзі тек тамақтардың дәмін татып тұрушиғана болды. Осы жүріспен екі ай өтті. Ол өзіне деген сенімсіздіктің се-ріле бастағанын сезді. Шайх Бахлұл бұрын Науана келген хаттарды онан жасыру үшін нешетурлі құлыктар істеуші еді, ал қазір ондай құлық істеуді де қойды. Алайда Абдусамад өзін бұл адамдардың арасында шыны сауыттың ішіне түскен шаяндай сезетін де, жауыздық ойын жүзеге асыруға батылы бармайтын. Уш ай өткен соң ол Фираттан жасырын хат алды. Хатта оны қорқақ, жасық деп айыптаған, сүйтіп, егер дүниеде өмір сүргісі келетін болса, тапсырылған істі тезірек орындау тиіс екендігі ескертілген, тығыз бүйрық берілген. Абдусамадтың ішіндегі жауыздық жылан тағы ирендереп, улы тілін жаландата бастаған.

Науай Диуанишан қайтып келген соң өзінің ежелгі әдеті бойынша Шайх Бахлұлды іздеді. Ол жанында болмаса ақынға өз үйі қаңырап бос қалғандай көрінетін. Хасан Саях келіп, оның бір жұмыспен сыртқа шығып кеткенін хабарлады. Науай өз бөлмесіне келді де, сәлдесін қазыққа іліп қойып, тақыясын киіп, жастыққа сүйеніп отыра кетті. Дем алып біраз отырған соң, қолжазбаларын актара бастады. «Шар Диван» тәртіпке салынған. Фаридиддин Әттәрдің «Құстар тілі» деген кітабын тағы да есіне алды. Ол бұл кітапты қаршадай кезінде оқыған еді... Балалық шағында оған қатты әсер етіп, күмарын арттырған бұл кітапқа ақынның сүйіспен шілігі, қазір, жасы қайтып қалған кезде де арта түспесе, кеміген жоқ еді. Ол кітапты өз ана тіліне аударуды арман етуші еді. Алайда Астрabadта жұмыс басты болып, ондай шығармаға қол үруға мұршасы болмады. Ақынның жүргегінде шындықтың жауларына қарсы, өзіне қастьқ ойлағандарға қарсы ызасы қайнады.

Науай кейбір қалың кітаптарды актарды, Бекзаттың кейбір кіші-гірім суреттеріне, нақыштарына қарады. Суретшінің бар өнерін салып істеген мінсіз, терең мағналы суретінің әрбір сыйықтарына ден қойып қарап отырып, ол тіпті өзін де үмытып кетті. Өзі тәрбиелеп өсірген өнерпазды есіне алды: «ол қазір қандай тамаша нәрселер жазды екен?» деп ойлады. Оның ойына сағынған достары, жакын адамдары, шәкірттері түсті. Ақын еріксіздікті, жалғыздықты енді сезгендей болды. Орнынан жылдам тұракеліп, сурет салатын қалам мен қағаз алды. Бұдан бұрын ол сурет салумен сірә шұғылданған емес-ті. Ол қазір бет пішіні адамға үқсас, арыстанның басының суретін салуды ойлады. Оның мойнына байлаған шынжырдың екі үші екі жактағы екі қазыққа байлаулы. Арыстан сонда да именер емес... Бұл пікір лезде қағаз бетіне түс бастады. Суретке қызығып кеткен ақын көп отырып істеді. Суреттің жобасы негізінен салынып біткен кезде, Хайдар кіріп келді. Суретшінің жанына келіп қарап тұрып «Әлішер Науай шынжырмен байлаулы» деп айқайлап жіберді. Науай күлімсіреді де, оның сөзіне қарсы болғандай басын шайқады.

— Мен қалай түсінsem, жүрттың бәрі солай түсінеді, — деді Хайдар суретті қолына алып тұрып.

— Бос уақыттарда тағы сурет салармыз деп, ол суретті алып қойды да, Хайдармен бір сейлескісі келгендігін білдірді. Хайдар жылдам төрге шығып отырып ақынға тігілді. Науай өзінің Фиратқа баруға правосы жоқ болғансон, ресми тапсырмаларды орындау үшін оны астанаға жібермекші болып отырғандығын айттып, Хайдарды қуандырды.

— Қашан? Менің істейтін жұмысым не болады? — деп сұрады ол.

— Сіз осы аптаның ішінде барасыз... Міндетініз бе? Патшаға кейбір істер жөнінде баяндайсыз. Бар болғаны сол.

Хайдар қуанып сыртқа шығысымен, Абдусамад кірді. Ол орамалмен тартып алған маңдайын қысып, ыңырақып қойды.

— Я, қалыңыз қалай? деп сұрады Науай.

— Ауырып жүрмін. Үш күннен бері өнбойым қаксаумен болады, — деді Абдусамад мұңайып, — ауру, сайдүйегімді қақсатып, жүдегіп барады, таксыр.

Науай тәуілке көрінуге кеңес берді. Абдусамад қолын бір-ақ сілтеп:

— Бұл жерлердің тәуілтері жақсы емес, үйде өзімे өзім дәрі істеймін, — деді Абдусамад. Мұнан кейін ол біраз мұдіріп қалды да, сөзін қайта бастады:

— Сізден құлыңыздың бір өтініші бар. Мені жақын арада Фиратқа жіберсөңіз еken аяғыңызға жығылып, етігінізді жалап, басқан ізінізден садаға кетуге риза болсаңдағы кетуге мәжбүрмін, өйткені үйде балаларым бар, соңғы күндері жаман түстер көріп жүрмін. Алдыңызға келіп, жалынып тұрған құлыңыздың көңлін қалдырмағайсыз.

Қашанда болса көңліді жүретін және асқанаға бас сүкқан мысықтарды қуып, қарқылдан күліп мәз болып қалатын бұл адамның осыншама мұсәпір болып қалғанына Науай таңданды. Шынында да перзенттерін сағынған болар деп ойлады; бірақ ашық жауап берген жоқ.

— Сізді жіберген — астынадағылар. Сіздің еркініз олардың қолында. Солай емес пе? — деді Науай сыйпайы, жұмсақ кейіппен.

— Сіз рұхсат етсөніз, астанадағылар не айттар дейсіз. Сіздің жарлығыныздан басым еш нәрсе жоқ, — деді Абдусамад қолын көкірегіне қойып.

— Жарайды, тағы да ойласып көрелік, өзінізді қажытпай, тыныш жатып дем алышыз.

Абдусамад өзінің өтінішін қайта-қайта қайталап ухлеп-аһылап орынан түрді.

Науай жастығына сүйенді, үйкі басып мұлғи бастады. Б рнеше сағаттан соң Хасан Саях кіріп дастархан жайды. Ол Қытай кесесіне құйылған, еті мол сорпа мен наң әкелді. Науай нанды сындырып жатып: «Абдусамад кетіп, біз қаран қалатын болдық» деді күліп. Хасан Саях көсе сақалын қайта-қайта сыйрап, он қасын керп, ренішпен: — соның өзінің сезінде түrlау жок, бүгін айтқанын ертең үмітып қалады. Оның ауырдым дегені де өтірік... — деді.

— Неге? Өні күп-ку болып кетіпті ғой.

— Сүргі ішкен болар, — деді Хасан Саях, қолын бір сілтеп. — Ол күн батып таң атқанша қорылдағанын бүкіл қала есіткен болар. Дұрысын айтсам, мен оның қундіз ауру, түндеге сау болғанына түсіне алмай қалдым. Оның өзі маған дүниедегі ең қызын жұмбақ болып тұр.

— Ол тамақ әзірлегенде оның жанында Шайх Бахлұл барма еді, — деп сұрады Науай.

Хасан Саях оның әлі қайтып келмегенін айтты. Алайда ол Науандың даусынан бір күдіктенгендік бар екенин сезді. Осы нәрсе оның көnlіне келіп қалды да, қызылғанынан тамақты мен өзім әзірлеп едім деді. Дегенмен тамақ табакқа салынып жатқан кезде Абдусамадтың асқанада әрлі-берлі айналышқап жүргені оның есінен түсे кетті. Осы кезде оның жүрегі дүрсілдеп қоя берді. «Таксыр, мына тамақты татпаңыз» деді де, бірден кесені көтеріп сыртқа шығып кетті. Науай оның мүншама даурықканына таңданды. Фираттағы достары оған жазған хаттарында: түндеге жүрсе ең сенімді жекерлерін ертіп жүруді, тамақты абайлап жеуді ескерткен еді. Алайда ол өзін шектен тыс сақтық жасадым-ау деп ойладап, дағдарып қалды: «Кісі көңлін босқа ренжіту жақсы емес. Дүниеде көңлден нәзк нәрсе бар ма?!» — деп ойлады. Сөйтіп өзінің әлгі сөздерді айтқанына өкінді. Әдемі күлшеден бір үзіп жеді. Сол-ақ екен, аптығып, ентіге басып Хасан Саях жетіп келді.

— Ойбай, бір бәле болды, таксыр, — деді асығып, — мен сорпаны алым барып, Абдусамадтың алдына қойдым, Әмір тамақтанып келген екен, ішпеді, кел екеуміз

іштейік дедім. Сол-ақ екен, әлгі Абдусамадтың үрейі үшіп, беті көгерп кетті, тілі кесілгендей үн қатпады. Сонан кейін маған дүрсе қоя беріп, кесені ала салып, далаға лактырып жібермек болып еді, кесені мен бермелім. Мен сорпаны алдыым да, итке қўйдым. Тақсыр бір бәле бар, бір сұмдықты сезген боларсыз.

Науай сенгісі келмесе де, қобалжып, шыдай алмай орнынан тұра келді.

— Кателесіп жүрме, бос қыял болып жүрмесін, — деді қабағын шытып.

— Жоқ, ғапу етіңіз, бір пәле бар екені сөзсіз... — деді үлкен сеніммен Хасан Саях.

Олар есікке жақындаі беріп еді, Шайх Бахлұл мен Хайдар қарсы кездесті.

— Тыныштық па? — деп сұрады үрейленіп Шайх Бахлұл бір есе Науайға, бір есе Хасан Саяхқа қарап.

Хасан Саях даудырап, өқыйғаны бастан-аяқ айтып берді. Хайдар ішінен тағып алған қанжарын сурып алып хауліге атып шықты.

— Элі дәлелденбеген нәрсе. Қызбалықтың орны жоқ. — деді Науай Хасан Саяхқа. — Барыңдар, Хайдарды үстап қолындағы қанжарды алыңдар.

Шайх Бахлұл мен Хасан Саях Хайдардың соңынан жүгірді. Науай қайтыш келіп өз орнына отырды. Тамырларына қаны үйшіп қалғандай денесін зіл басып, қалжырап қапты. Қөзінің астымен «шынжырлаулы арыстанға» қарады.

Бір аздан кейін Шайх Бахлұл мен Хайдар келді.

— Ақиқат екен, Абдусамад қашыпты, — деді Шайх Бахлұл кеүіп қалған ернін жалап.

Көкке үшіп кетсе де, менің қолымнан құтыла алмас, — деп ақырды Хайдар. — Соңынан қууға нөкерлер жібердім, уды мен оның өзіне ішкізем, ішлесе терісін өз қолыммен сылам.

— Ол малғұнға қандай қаза болса да аз, — деді ен-тіге сөйлеп, қөзінің алды мөлтілдеген жасқа толып Шайх Бахлұл.

Науай мәндайындағы сұық терін суртті. Пікір, ма-хабbat нұры жанған көздерінде ызының үшкіны көрінді.

— Абдусамад кім? — деді басын көтермей Науай, — жолынан адасқан бір сорлы, басыбайлы құл, ақылсыз есуас. Нағыз жендеттер, адам өлтірушілер, барып тұр-

ған қылмыстылар Фираттың өзінде. Олар өкімет басында отыр. Ол опасыздар бұл бес күндік өмірдің бағасын, қадырын білмейді. Олар ғұлдің өнін қашырган күзгі, ызғарлы желдей, достарым. Олар дүниедегі ең бақытсыз маклұктар. Өмірдегі ең қуанышты нәрсе — өзгелердің қуанышын көру, ал олар басқалардың баҳытын аяқ астына таптап, өздері баҳытты болғысы келеді... Нагыз бейбактық осы екенін олар білмейді. Амал қанша, халықтың, отаның тағдыры міне осы жауыздардың қолында. Мен үшін мұндай жағдайды көру күн сайын зәр жүтудан мың есе ауыр.

Шайх Бахлұл жылап, қызарған көздерін жасырып, үн демей отырды. Хайдар ызаға шыдамай, бір есе орнынан үшіп тұрып, бір есе қайта отырды.

Есі шыққан Хасан Саях келіп кірді.

— Ит өліп қалыпты... тепсем де қозғалар емес, — деді.

Науай аяныш сезіммен басын шайқап:

— Ит босқа өлді-ау. Бекер қылған екенсіз. Иттін жақсылығы көп.

Хайдар шыдай алмай, Абдусамадты іздеуге кетті. Ол нөкерлерімен бірге шаршап-шалығып, өте кеш қайтты. Абдусамад үшты-куйді жок. Оны белгілі бір адамдар гығып койған болу керек, деп үйғарды Науай.

Тұн бойы іздеумен болды. Таңға жақын бір ордың ішін өнің қанға боялған, бассыз кеудесін тапты.

ЖЫЙЫРМА АЛТЫНШЫ ТАРАУ

I

Арысланқұл асығып-үсігіп, жұмыс киімін киді. Екі аптадан бері жұмыс істеп жүрген жеріне, Фиратта салынып жатқан жаңа үйге тезірек жетуғе асығып, үйден шыққала жатқанында есік қағылды.

— Зекет жиょшылар келді білем, — деді Ділдар. Тары неше динар бер дер екен. Төлеп құтыл да, басынды пәледен аршып алсайшы.

— Жаным-ау, не беремін. Әлі жалақы алғаным жок. Мәждиддин Мұхаммед апта сайын бір жаңа жалық ойлаап шығарады, тыныштық берер емес, мазалай берген біреуін шауып тастасам ба екен?

— Балам тыныш жүр. «Аш тамақтан —тыныш күлак» деген емес ле, — деп айқайлады, арт жақтан кемпір.

Арысланқұл көшеге шыкқанда, үзын бойлы жуан шал—махалланың аксақалы — алдынан қарсы кездесті. Жігіт қолын қусырып сәлем берді. Ақсақал үзын таяғымен жер соғып, ежелгі әдетімен Арысланқұлға бассалып үрса бастады. Оған әрқашан таң намазын оқымай жүрсін деп үрысты. Егер бұдан былай намазын қаза өтетін болса, дін иесіне айтып, жүрт алдында қырқ рет дүре соктыратындығын айтты. Арысланқұл атының тізгінін тартып, бүкіл махаллаға белгілі бүл шалмен әзілдесуғе болмайтын болған соң, бұдан былай намаздан қалмауға уәде берді де, кетпекші болып еді.

— Асықпа балам, асықпа,—деді шал, Арысланқұлдын иығынан тартып. Бүгін Мұзаффар мырзаның тойы басталады. Біз шеткі көшеде емес, нағыз үлкен жолдын бойында тұрамыз. Һарлық үйлерді, диуалдарды боял жайнатуымыз керек. Патша осылай әмір етті. Сөзді қоюп іске кірісу керек.

— Жұмысқа кешігемін ғой, жолдастарым құтіп қалар.

— Қандай жұмыс. Бүгін үй шеберлерінің бәрі қаланы қөркемдеумен шұғылдануда... — деді аксақал.

Шахзадалардың алғашқы тойларындағы сый-құрметті көрген Арысланқұл шалға қарсы бола койған жок. Ол алыстан дүкеншілердің өз дүкендерін безеп жатқанын көрді. Ақсақал өз сөзін қайталап айтып, төменгі көшедегілерге хабар айтуға кетті... Сол кезде Арысланқұлдың көршілері — бәз тоқушы, шөлмек істеуші, тігінші үйлернен даға шықты.

— Үйлеріне жыйнап қойған атылас, қымбатты жібек кілемдерді неге алып шыклайсындар, — деп әзілдеді Арысланқұл. Өзі арық, жауырыны бүкірейген, жінішке беліне белбеуін қатты байлап алған бәзші бір қолын беліне тәреп, екінші қолымен желкесін қасыды.

— Тәубә, — деді ол көзін алартып — Мұзаффар мырзаны сұндеттеттірген тойы жуырда болып өтпеп пе еді?

Улken көк сәлдесін олпы-соллы орай салған, үзын бойлы шөлмекші, оған салмақтана жауап берді:

— Патшага ермек керек. Сайып құрған Әмір-Темір өзінің бүкіл өмірін жорықта өткізген еді. Біздің патшамыз бар өмірін той-тамашамен өткізуде. Мейлі, ойна келгенін істей берсін, бірақ барлық қазнаны тойға шашады да, тағы да салық шығарады ғой.

— Көрген қызықтарын үшін бірдене төлеулерін керек емес пе, — деді күліп Арысланқұл.

— Оған бергенше балаларыма халуа алып берсем, олар қандай қуанар еді, олардың қуанышы менің де қуанышым емес пе, — деді баласы көп бөзші.

Сауыққұмар, ойын-күлкіге жанын салатын, сөзде де, кім киоде де, жүріс-тұрыста да өзінің кедейлігін білдірмеуге тырысатын, кішкене денелі тігінші жанындағылардың бәріне қарсы болды.

— Көңіл көтеру — өмірдің көркі емес пе? — деді ол баптанып, — осындаі үлық патшаның заманында қызыңқ көргеніміз зор ғанибет қой. Қорерсіздер, бұл өзі қаламмен де, тұлмен де айтып жеткізе алмайтын үлкен той болмақты. Бадуиззаман мырзаның тойын халық осы қүнге дейін дастан етіп айтып жүрген жоқ па! Сол мақтаған тойларың да бұл тойдың қасында түкке тұрмайтын, тойсымақ болып қалады. Патшамен кеңескен тойбастаушы адамдай, болашақ той туралы сөйлеп кетті. Ол ақырында даусын бәсендегіп, қолын сермен сөйледі: «Мұзаффар мырза—патшаның сүйікті үлы, ал Хадиша-бекінің беделінің күшті екені жүрттың бәріне белгілі. Ал енді түсетін келін патшаның қарындастарының бірі Бадиулжамал бегінің қызы Ханзада-бекім. Бұл той бір керемет той болғалы тұр. Бөзші мен шөлмекші мылжыңқ көршісінің сөзін мыскылдан күліп тұрғып тыңдады. Оған ешбір жауап айтпай, өздерінің үйлеріне қайтып кетті. Тігінші төңіректегі байлардың өз дуалдарын қалай көркемдеп жатқандығын көру үшін асыға жөнелді.

Арысланқұл біраз уақыт аңырып тұры да, үйіне қіріп, болған оқыйғаны әйелдерге баяндап берді. Ділдар оған тойда жасанып шығу үшін қаланың қожасының келіндері, Шайхулислам мен бас жасауылдың қыздары әлде қашан киім тіккізіп қойғанын айтты. Ділдар той күні сарайдағы әйелдер арасында болатын салтанаттар туралы баяндай бастап еді, күйеуі жағасын үстап «жаным-ау, ертек айтып тұрмысың?» — деді.

— Неге ертек болсын, мен сізге тек бір шетін ғана айтып тұрмын, — деп күлді Ділдар.

Екеіү үйдің көшे бетін немен безеу жөнінде кеңесті. Қемп р жуырда өлтеген шалына ас беремін деп, өзінің бірталай нәрсесін сатып қойған еді. Ділдар басқа қатындар сыйқты, сән-салтанатты жақсы көретін болғандықтан, өз әжесінің абыроны үшін деп түсініп онысына ренжіген жоқ еді. Қазір ол үлкен ойда қалды. Әуелі «болса болар, болмаса қояр» деген Арысланқұл, енді

әйелінің қөңіліне қарап, ренжи бастады. Олардың ба-
қыттына жақын достарының бірі әкеліп қойып кеткен
бір үлкен кілем бар еді. Ділдар сандығын ашты, өзіне
және үлкейгенде қызына көйлек тігуге сактаған гүлді
атласты алды. Кемпір де екі құлаштай кездеме тауып
берді.

Түске дейін көшедегі үйлердің қабырғаларының бәрі¹
қызылды-жасылды кілемдермен bezelip, күн нұрына ша-
ғылып жарқырады. Эсіресе байлар мен үлкен әкімдер-
дің үйлерінің қабырғалары ылғый қымбат товарлармен
әшекейленіп, қараса көз ўялғандай құлпырды. Кімге
болса да, сөзі өтетін ақсақал үлкен жол бойындағы
өз махалласын ойдағыдай-ақ безенткен еді. Махаллада
түрушылардың көбінің кедейлігін сыйпаттап тұрган жа-
ман-жұман үйлер молдалардың, әкімдердің сандығы-
ның түбінде жатқан жеке маталармен қапталды...

Махалланың ақсақалы адым жерге бір күзетшіден
қойды. Жүрттың бәрінен де көнілі тасып, мәз-майрам
болып жүрген манағы тігінші еді. Ол әлде қімдерден
жалынып-жалпайып сұрап алған товарларын өзінікі
етіп, көрсетуге тырысып, қыйсық қыңыр дуалдарын
матамен үқыпты әйелдерше безеп қойды. Сонан кейін
ол басқалармен бірге жүріп, үш-төрт адым жүрген са-
йын тоқтап, қымбат бағалы маталар, олардың түрі жә-
не сорты туралы, қайда істеңгендігі туралы, тағы бас-
қалар туралы сөйлей бастады. Қөрнекті оқыйғаның кан-
дайына болса да оп-оңай өлең шығара қоятын кейір
ақындар тауықтың канатындағы түрлентен көшениң кө-
рінісіне арнап өлең шығарды. Бірақ біраздан кейін-ак
бұл жерде адамдардың топталып тұруына рұхсат бол-
май қалды. Жүрттың бәрінің аузында «Жаһан ара»
мен «Пұл малан» ортасында келіннің жекесі қыйыла-
тын күні, салтанатпен өтетін сәулетті жолдың көрінісі
дастан болды.

Жүрт аузындағы неше түрлі сөздер Арысланқұлды
да желіктірді, ол да барып қөргісі келді. «Жаһан ара»
бағының қақпасы, дуалдары сарайдың көше жақ беті
Үндістанның, Мысырдың жібектерімен, Қытайдың әш-
кейлі, әдемі атластарымен қапталған еді. Алтын күміс-
пен қапталған кейір маталар күнге шағылып, оттай
жанады. «Біздің махалланы безеген мынау асыл бұйым-
дардың бірін есекке тоқым істесе обал болmas еді, —
деп ойлады ішінен Арысланқұл. Жолдың екі бойында-

ғы үйлер, дүкендер, бақтың дуалдары ылғый қымбат ма-
тамен бүркелген еді. Арысланқұл қалай қараса да жай-
нап тұрган, жалт-жұлт еткен жібектерді көреді. Жел
есіп, жібектер теніздей толқығанда ол өзі өртегідегідей
тамаша болып көрінеді.

Арысланқұлдың көзі тұнды. Бір дөңес жерге ўсталар
мінбे орнатқан, сүйтіп өздерінің бар өнерлерін салып
оны керемет әншекейлекен еді.

Біраз жол жүріп Арысланқұл «Пұл маланға» жетті.
Бұл көркем көрініс оны енді тойдырайын деді. Ол ке-
лінді күтіп алатын жердегі әлденеше түрлі ғажайып кө-
рініске бір қарады да, шетіректегі бір ағаштың түбіне
сүйеніп отыра кетті.

Отырып көзін жұмып, бір терең-ойға кетті: «осы асыл
бүйімдарды жыйып алып, Фираттың жетім-жесіріне
үлестірсе, олар он жыл бойы бөз кимес еді», — деп ой-
лады Арысланқұл күлімсіреп.—«Патшаның басына дәу-
лет күсы конды мыс, деген сөз рас па? Әлде... Әлде сол
дәулет күсының қонғаны осы ма?! Не тілесе бәрі алдын-
да-ау оның».

Арысланқұл сол дәулет күсы туралы ойлап отырғанда
оның ойына Науайдың айтқандары түсті:

Ел билігін алдың құшті қолыңа
Бірақ түстің жауыздықтың жолына,
Ең алғашқы күннен шықпай жақсатың
Сауық-думан болды сенің мақсатың.

Фирдаусы ақын дәріптеген бір кезде
Сән-салтанат саған мактандың бүл кезде
Перделерің жіптері ел жанынан,
Бояулары жасалған ел қанынан.

Алтындаған сарайының сәулеті
Тартып алған халық ырысы, дәулеті.
Алтын, каяғар сарайыңа жыйнадың
Халықты жеп, озырылықпен қыйнадың.
Өз күшінді арыстандай балап көр.
Сонда дағы иттер сені талап жер.

Арысланқұл Науайдың Астрабадка айдалу себептері
туралы бір күні Сұлтанмұратпен кездескенде, Сұлтан-
мұрат оған ақынның осы өлеңін оқып беріп, мағнасын
түсіндірген еді. Ол оған былай деген еді: «Әңгіменің
неде екенін түсіндің бе жігітім? Науай әділдіктің ке-
менгері. Оның әрбір сөзі шындықтың шам шырагы,

оның үні адамгершіліктің үні. Бұл өлең патшаға да, оны қоршаган үлкен әкімдерге жақпайтын. Ел-жұртты талап, мал-мұлік жыйнаған жауыздар халықтың қамын ойлаған ақынның адал жүргегінен үрейленеді, жарықтан қорықкан жапалақ сыйқты қорқады. Өздерінің қылмыстарын әшкөрелейтін Науайдың құдыретті үнін олар тұншықтырмақ болады.

Арысланқұл мынадай ойға келді: «патшаның басына қонған дәulet құсы халықты тонайтын, талайтын жыртқыш құс болу керек». Нақ сол кезде біреу оның иығынан тұртті. Арысланқұл өзінің қыялын бөлген «әзілкешке» жүндеп жіберетін адамдай тұксие қарап еді, оның Зәйнидин екенін көрген соң, күлімсіреп орнынан тұрды. Ол өзінің әр уақыттағы әзілкештігіне салып: «бір терең ойға шомған екенсің, ой тенізіне шомып неше қап алтын таптың. Мынау көркем көріністерді аралап көрдің бе?» — деді.

Арысланқұл қызыарып, басын изеді.

— Той жеті құн болады, көруге уақыт қөп, — деді Зәйнидин. — Қәне былай барайық, бұдан басқа да талай қызықтар бар.

Олар «Бағзағанның» үлкен қакпасының алдына келіп тоқтады. Епті Зәйнидин той басқарушылардың біреуіне бірер-ауыз сөз айтты да, жолдасымен ішке кіріп, бақ ішін аралай бастады. Ағаш арасына төсөлген кілем үстінде, шатыраш ойнап жатқандардың ойынын көрді де, өздерін тіпті үмытып та кетті. Арысланқұл ескі патшалардан қалған, бұрын да даңқын есіткен сарай бағын жалғыз аралай бастады. Бақ ішінде серуенденеп жургендердің көбі төрелер, әкімдер, жақсы киініп, кердең басқан ұлықтардың балалары болғандықтан, ылғый «асыл заттар» болғандықтан қарапайым бұл жігіт тосырқап, шеттеп жүрді. Олардың маңындағы топ-топ қызметшілер мұны қөзге де ілер емес. Арысланқұл қошемет, күрмет, сән-салтанат дегеннің не екенін осы жерде көрді. Атам заманғы зәулім сарайлары бар «Бағзаған» той алдында бұрынғыдан да сәүлдеттеніп кеткен еді. Оның ішінде нелер жок. Қаланың ең жақсы шеберлері, барлық өнерлерін салып істепті, Накыштары қарасаң көз тұнғандай. Бактың төргі жағына сыйқырлы айнадай жалтыраған әрбір хауіздің жанында патшаның әрбір баласы өзіне меншіктеп ертегідегідей әдемі қос тіккізген, шатыр құрдырган. Патшаның онтөрт баласы үшін он-

төрт жерде қос тігілген еді. Эрбір шахзада өзінің дес жарлары мен қонактарымен сауық-сайран жасауда. Он төрг жерде үлы думан болып жатыр. Арналыш жасалған хауіздерде арақ-шарап мөлтілдеп тұр.

Арысланқұл патша балаларының сән-салтанатына алыстан қараң қызығып тұрды. Жаңыз ғана патшаның үлкен баласы Бадуиззаман мырзаның қосыныңда айтарлықтай сән-салтанат жоқ еді және Шахзаданың өзінің де киімі оншама емес еді. Аздаған ақындығы бар Шахзада Гарын Мырзаның қосындағылар көбінесе ақындар, әншілер, күйшілер еді. Арысланқұл ағаштың тасасында отырып браз уақыт ән, күй тыңдалы.

Мынау Мұзаффар мырзаның қосы... Он бес жасар күйеу бала алғын, күміс зермен օқаланған киімдерге боленген. Әдемілеп оралған ак шайы сәлденің мандайының үстіне қадалған кауһар, неше алуан асыл тастаршоктай жайнады. Сәлденің үстінен әдемі айдар тағылған. Мұзаффар мырзаның оң жағында батырларша керділ Туғанбек отыр. Жітттерінің бәрі той үшін арналыш тігілген зер жағалы әдемі шапандарын киген... Жас өспірім жігіттер әдеппен иіліп тәжім етіп, қыздардай сүйкімді қыймылмен табақ тартуда... Арысланқұл Туғанбекті көріп, тісін қайрап қынжылды да, өз жөніне кетті. Ол қалың ағаштар арасына шыққанда күн сәулесінен қөздері шағылысты. Арысланқұл бір қостың жаңына жақын барды. Ол қоста найзасына сүйеніп тұрған екі нөкерден басқа ешкімді жөре алмай, аңырып тұрып қалды. Бұл қостың неше түрлі оюлармен әшекейленген, алтын, күміспен нақышталған тамаша көркі Арысланқұлды өте-мөте таңдандырыды. Бұл жерде оған бір таныс қызметші жолығып, таңғажайып үйді патша өз не арнап әдейі салдырғанын, бұл жерде күн еайын үлы думан, той болатындығын, патша мен үәзірлер, бектер, олармен бірге Шайхулисламның өзі де, шарап ішіп мас болатындықтарын Арысланқұлға әңгіме етті. Танысы Арысланқұлды аскана жанына алып барып та мақ берді. Арысланқұл белін қамыс күракпен байлад алған, қыл басы күйелеш бірнеше жұмысшылармен сойлесіп отырды. Осы жерде ол жөрген-білгендерін әңгіме етіп отырып, Арысланқұл баяу ғана өлең айтты:

Перделердің жілтері ел жанынан,
Бояулары жасалған ел қанынан...

— Дұрыс айтылған. Бұл қай ақынның өлеңі? — дед сүрады бір жас кызметші.

— Өзің тап, бөзшілерінен ақындары көп бұл қаладағы ең күшті, әділеттің ақыны кім? — деді Арысланқұл.

— Ол әрине өзіміздің Науан ғой,— деді үлкен сеніммен кызметші,

— Дұрыс айтасың, бұл сол кісінің өлеңі,— деді мактансышпен Арысланқұл.

— Мәждиддин Мұхаммед ел басқарып тұра берсе, патша тағы да осындай бір-екі рет той жасаса, халықтың қаны да сорып бітер, — деді бір су тасушы.

Науайдың сыйпаты, эның тағдыры, онымен кездескендері туралы айтылған қызу әңгімелер үзакка созылды.

* * *

*

Тойдың себебімен Фирагтың барлық аландарында, әсіреке «Михиян» хауізінде және «Идигахта» күн сайын сейіл болып жатты. Хұсайн Байқара және оның барлық балалары, уәзірлер мен әмірлері бәйгінің, күрестің, таяқ ойынының тағы басқа нешетүрлі ойындардың қызығын тамашалады. Бұл сияқты ойындардың көбін бастаушы өзі болғандықтан, ойынның иәтижесін патшаның өзі шығарып, жәнгендерге өзі баға беріп отырды.

Жетінші күні — келіннің некесі қыйылатын күні ойнадуман бұрынғыдан да қыза тусты. Медреселердің үстінде, қаланың биік корғандарының үстінде тартылған керней, сырнайлар көкті тіт ретті. Қош бойларында, аландарда халық теніздей толқыды. Кешке таман халық келетін келінді қарсы алу үшін «Пұл Малан» жакка қарай ағылды. Бұл жерде Мұзаффар мұрызаның ойнактаған асау ат мінген жігіттері, Фираттың қымбат бағалы киімдерге бөленген бай-мырзалары, күйшилер, әншілер, өнерпаздар жыйналған еді. Жұздеген таяктың басына оралып, майға батырылып, өртелген шуберектер лапылдал жанып төңіректі түгел нұрға бөледі. Жібек кілем жабылған пілдердің үстіне әшекейлі кебежелер орнатылған. Ол пілдерге әлем-жәлем киінген піл айдаушылар мініп алған.

«Пұл Малан» наң «Жаһан ара» бағына дейінгі жолдың екі жағында Қытай, Мысыр, Үндістан маталярымен

қапталған көшелерде сырнайшылар, әнші, бишілер қатар тізілген еді. Әрбір бес адым жерде ойыншықтай әдемі мінбелер орнатылған, ол мінбелерде беттеріне жібек перде тұтқан сарайдың ханымдары, қызметші әйелдері шашу шашқалы келіннің жолын күтіп тұр.

Бір кезде «келін келе жатыр» деген айқай көшенні жаңғырықтырды. Адамдар толқыны қозғалып кетті. Асыл кілемдермен безелген жүздеген арбамен өз үйінен шылқан келінді — Ханзада-бегімді ең алдымен «Пұл Малан» алаңында тұргандар айқай-шумен қарсы алды. Эдемі келіншектер ортаға алып, қызметші әйелдер көтөріп тұрган үлкен шамданның түбіндегі Ханзада-бегімді Мұзаффар мырзаның Туғанбек бастаған барлық бектері мен жігіттері алыстан құлдық үрып қарсы алды. Сарайдан Хадиша-бегім жіберген атақты әйелдер келінмен және оның тумаларымен амандастып, уыстап алтын акша шашып жатты. Ақшаны теріп алуға жүрт таласа бастаған кезде піл үстіне мінгендер тағы да тенге шаша бастады. Сырнай даусы, әншілердің шырқаған әндері, атардың кісінегені, даурықкан сөздер көкті жаңғыртты. Пілдердің сонынан келіннің керуені өтті. Жолдың екі жағында қатар тізіліп сырнай тартқан, танбур шалған өнерпаздар сән-салтанатпен «Жаһан ара» бағына қарай ағылды. Келіннің төңірегінде, сонына еріп келе жатқан топ-топ әйелдер әдет бойынша «жар-жар» айтты.

Қай тараптан, қай жерден жел соғады жар-жар,
Кімнің демі жүрекке от салады жар-жар...

Күң қыздар айқай-шу үстінде әрдайым ақша шашып келе жатты. Шашу үшін пісте бадамдардың қабықтары алтынмен және күміспен қапталған еді. Шамның, панардың жарығымен пісте, бадамдар шоқтай жарқырап шашылады. Бұл салтанат, думан «Жаһан ара» бағының үлкен какпасының ішіне кіргенде көкті жаңғырықтырған дауыстар бірден тына қалды. Үлкен залда қаланың кілең үлықтары қоршап алған Шайхулислам әлсіз, жінішке дауыспен сәнделп неке қыяр оқыды. Некеден кейін Хұсаин Байқараның өзі келініңің басына алтын тенгелерді жаңбырдай жаудырды. Қыз жағының адамдары күйеу бала Мұзаффар мырзаның басына тенге шашумен болды. Даң-дүң тағы күшейді. Үлкен бақшаның ішінде керней-сырнайдың даусы көктемгі тасқындай тасып, баған сайын күшейе тұсті.

Арысланқұл көрші қатындармен бірге той қызығын көруге келмек болған, Ділдарды іздеп еді, қалың топ арасынан көзге түсे қоймады. Җабалмай шаршап топтың бір шетіне шықты. Фанарлар жағылған үлкен алаңда жедел жүріп келіп, елу кадамдай жерде, бір топ нөкерлердің жанында тоқтай қалған бір атты адамды көрді. Нөкерлермен сөзге келіп керілдесіп қалған бұл адамның даусы, қыймылы өған таныс сыйқты. Арысланқұл тез жүріп оның жанына барды. Сөйтіп алакөбік болған харабайырдың шылауынан ўстай алды. Ішіп мас болып алған Хайдар мастарша, қалай болса солай аттан аударылып түсे қалды. Арысланқұл онан Әлішер Науайдың амандығын сүрады. Хайдар ызының үшқыны ойнаған көзін сарайға кадап:

— Той, мереке, қылымыс — бәрі осы жерде,— деді.

— Хайдарбек не болып қалды? Тыныштық па?— деді, үрейленіп Арысланқұл.

— Тыныштық...— деді де, Хайдар қолын сілтеді.

Арысланқұл атты жетелеп алып бір шетке байлады. Хайдардың ызалы қалын көріп әрі-сәрі болып тұрғанда әлде кайдан асып-сасып келе жатқан Сұлтанмұрат пен Зәйниддинді көріп, айқай салды. Олар келіп Хайдармен құшақтасып көрісті.

Әлішер Науай аман-есен бе?— деп сүрады Сұлтанмұрат.

— Аллаға шүкір, аман-есен. Мәждиддин Мұхаммедтің маңдайы шындықтың шынайы тасына соғылып жарылды.

Зәйниддин мен Сұлтанмұрат бір-біріне қарап Хайдарды басуға тырысты.

— Қайда тұрғанынды білемісін?

— Ойына келгенінді айта салмай, сақ болуың керек қой.

— Мен мырзаларға Әлішердің ызалы сәлемін алып келдім, — деді Хайдар. — Достарым, бұлардың бұл тоғын мен де уландыруға келдім. Женінің ішіне қанжар тығып жүргендер қайда екен?

Сұлтанмұрат Зәйниддиннің құлағына бірдене деп сыйырлады да, лезде зым-зыя жоқ болды. Зәйниддин Хайдарды сөзге салып алдандырып тұрды. Ол Хайдардың сырын жақсы білетін.

— Біраз дем алуың керек, шаршаған көрінесін — деді Арысланқұл Хайдарға.

Хайдар лезде басылып, қабағы түсіп жан-жағына қаралды. Сол кезде Бабаәліні ертіп Сұлтанмұрат келді. Ол қуатты құшағын кең жайып, Хайдарды өз үлындай күшактады. Сонан кейін Хайдарды атына мінг зіп, өзі де лезде ат тауып мініп ертіп кетті. Сұлтанмұрат үзак уақыт олардың соңынан қарап түрді да, қайғылы пішінмен:

— Біз қапыда екенбіз. Астрabadта бір қайғылы уақыйғаның болғаны сөзсіз, ал Фират болса той-тойлас жатыр — деді.

— Біз мынаған куануымыз керек,— деді Зәйнидин оған сыйырлап.— Той жасаушылардың сырьы ашылып, олар тарих алдында масқара бөлым отыр...

Сұлтанмұрат пен Арысланқұл бастарын изеп, оның сөзін макұлдады. Сонан кейін үшеуі бір-біріне тіл қатпай, аяқтарын жайлап басып, қараңғыда ғайып болды.

II

Хайдар таңертен оянып көзін үкалады. Ол өзіне таныс кішкене ғана әшекейлі, әдемі бөлмеде жатыр еді. Бөлменің төбесіне әсем нақыштардың арасына нақыл сөздер, өлеңдер жазылған. Ол Бабаәлінің үйіне қонғанына қуанды. Үзак жол журіп шаршаган денесі қазар бір аз тынығып, тыңайып қалса да, аяғы, белі сыркырап ауырып қалыпты. Қеріліп, созылып, тұргысы келмей жата берді. «Жаһан ара» бағы алдында түнде көрген шамдары, айқай-шу тағы басқалары көрген түстей көз алдына елестеді. Сыртта қызметшілерге жұмыс тапсырып жаткан Бабаәлің даусын есіткен соң, орнынан тұрып, өз беті бойынша аспай-саспай кіне бастады. Ол ауыз үйге шығып әшекейлі мыс шәйиектегі сумен жуынып болғанша, қызметші кіріп, үйдің ішін жыйыстырды, сонынан Хайдар үй несімен бірге отырып тамактанды. Бабаәлі Хайдардың сырьын жаксы білетін болғандыктан, оған өз сөзіне сақ болуды, дос-дүшпаниң пікірін ажырата білуді ашықтан-ашық насиҳат етпесе де, ишаратпен білдірді. Сонан кейін ол, түс кезінде сарайға келсе, оны натшаның алдына кіргізуғе уәде беріп, сыртқа шығып кетті.

Хайдар текшеге, калаулы тұрган кітаптарға бір көз жүргіртіп өтті. Ол Хилалдың «Патша мен қайыршы» деген шығармасының сұлу жазумен көшіріліп жазылған бір

нұсқасын көріп қызықты. Кей жерлерін оқып, соңғы бетін ашқанда көшіріп жазған Зәйниддин деген жазуды көрді. Кітапты тағы бірнеше рет актарып, жазуларын көр п Зәйниддинді Фираттағы ең сұлу жазатын атақты хатшылардан кем көрмедин. Сырнайшы, тас оюшы шебер, шат көнілді Зәйниддинге деген сүйіспеншілігі бұрынғыдан да арта түсті. Ол Науай тапсырған кейбір кітаптарды соған көшіртуге үйғарды. Сонан кейін ол көрнекті қағаздарын, реسمи хаттарды әдемі мұқабаға салып, қолтығына қысты да, сағынған қаласының ауасын жүтіп, көңлін көтеру үшін көшеге шықты. Хайдар кітап түптейтін жерлерді аралады. Бірнеше медреселерде болды. Өзінің ескі достарына жолықты, сүйтіп жүргенде күн песінге таянып қалды. Патшаның ежелгі әдеті бойынша, песіннен кейін тағы да шарап ішіп, ойын-сауық жасау үшін сарайға баратындығын ол Бабаәліден есіткен еді. Сондықтан тезірек сарайға баруға асықты. Бабаәлі оны ренжулі пішінмен қарсы алып, патшаның алдына кіруді бўйырды. Хайдар біраз қобалжып тұрды да: «Патша жалғыз өзі отыр ма, жалғыз отырмаса кірмеймін» деді. Бабаәлі басын изеп, патшаның жалғыз отырғандығын білдірді.

Хайдар кіріп, алтын такқа мініп, түксіп отырған Хұсаин Байқараға белгілі тәртіп, бойынша тәжім етті. Рұқсат еткен соң отырды да Әлішердің сәлемін айтты. Сонан кейін реسمи қағаздарын алып патшага ұсынды. Патша ол қағаздарды диуанханаға тапсыруды бўйырды да, Астрabadтағы жағдай туралы сўрай бастады. Хайдар Астрabadтағы жағдай туралы Науандың әрдайым елдің және халықтың қамын ойлаумен шўғылданатынын айтты да, біраз үндемей отырып:

— Сонғы күндерде ақынның көңлі жабыркаулы, кайты-қасіреті көп, ауыр жағдайдан қалай шығудың жолын қарастырып, басы қатып жүр, көкірегін ыза кернеуде,— деді.

— Не дейсін? Оған не себеп?— деді Хұсаин Байқара елендеп, Хайдарға қозін тігіп.

Хайдар қысылып сасып қалды. Сол кезде шындықты бўрмалап, буркеп жасырмақ болса да қанына сіңген әдеті, тік мінезі бойын билеп, турасын айтып салды.

— Жуырда бәрім'здің панамыз болған патшаның аспаздарының бірі Науайға қастық істеді, оның қасірет шегіп ызалануына себеп болған оқыйға сол — деді.

— Неге өсек айтасың? — деп ақырды Хұсаин Байқара.

— Ас пісіруші Әбдусәмад Науайдың тамағына у қосып беріпті... — деді Хайдар тағы да. — Құдай сактап ақын аман қалды. Алланың мұнысына мың шүкір. Бүл оқыйға Науайдың көкірегін шерге толтырды. Ол бұл қылмыстың тамыры Фиратта екеніне көзі жетулі...

Хұсаин Байкараның өні кашып, бір есе көгеріп, бір өсе бозарып кетті. Танауы кусырылып, тынысы тарылды. Хайдар ыңғайсыздана бастады. Анығын айтып салғанына өкінді, бірақ енді өз сөзін өзгертуге немесе аздал жұмсартуға мүмкіндік жоқ еді. Хұсаин Байқара ашуға мініп ақырды:

— Бүл әңгіменің бәрі ақмақтық. Сөз бітті, кет бұл жерден.

Хайдар сұлық түсін әрі бұрған патшаға тәжім етіп, шегіншектеп, артымен жүріп есіктен шықты. Ауыз үйге шықкан соң Бабаәліден енді не істеу керек екендігін сүрады.

— Осы сен бір беткейлігінді қоймайсын-ау сірә—деді ол күйініп.— Жаңынан үмітің болса, қыскарт енді тілінді.

Хайдар үндемей тартып отырды.

Хұсаин Байқара Бабаәліні шақырып, қалам қағаз әкелуді бүйірді. Бабаәлі алтыннан істелген сия сауитты, алтын мен күмістен істеліп, сыртына қымбат тастар отырғызған әдемі қаламды және бір табақ қағазды алып келді. Патша оған Хайдарды Астрabadқа жібермеуді, Фиратта ўстап қатаң бақылауға алу керек екенін тиісті адамдарға тез барып хабарлауды бүйірді. Сейтіп жалғыз қалып, Науайға жазатын хатының мазмұнын, оны қалай қошеметтеу керектігін ойлады. Қағаз ўстаған қолы дірілдеп кетті. Ол өзін болған уақыйғадан аулақпрын деп есептесе де, көптен бері-ак олардың Науайға ор қазып жүргендігін сезетін және жейбір шараларды жүзеге асырған күнде оқыйғаның анықталуы мүмкін екендігін түсінетін, бірақ ол өз басына жабылатын бұл қара дақты жууға, «жабулы қазанды, жабулы күйінде» қалдыруға бел байлады. Дірілдеген қолымен хат жаза бастады: Әлішерге арнаған хатын достық сөздермен, келісті сөйлемдермен әсірелей келіп, ақырында Хайдар айтып келген оқыйғаға өзінің таң қалғандығын, мұндай оқыйға болады деп өзінің еш қашанда ойламағандығын жазды. Хатты жазып болып көnlі біраз жай тапты. Әлті

бүйрық жөнінде тиісті әкімдерге барып хабар айту үшін Бабаәлі келіп еді, Хұсаин Байқара хатты бүктеп, өзінің көз алдында белгілі және сенімді шабарман арқылы жедел Науана жіберуді бўйырды.

Өз жұмыстарының жайын хабарлау үшін жалт-жұлт еткен жібек шапаның киіп, жердең басып, Мәждиддин кірді. Патшаның түрін көріп, мысы басылып, көңілсіз отыра кетті. Ол Хайдардың келгенін есіткен еді. Бірақ патшаның бұлай ренжүіне сол себеп болды деуге ешбір дәлелі жоқ еді. Бас уәзір сөйлеуге рұхсат сұрады. Хұсаин Байқара әңгімені кейінге қалдыра тұруға әмір еткенде, Мәждиддиннің жүргегі суылдан қоя берді. Себебін сұрауға бата алмай, төмен қарал, үндемей қалды.

— Астрabadта бір қолайсыз оқыйға болыпты — деді Хусаин Байқара, ашулы пішінмен.

— Сізді ренжіткендей ол қандай оқыйға екен? — деп сұрады Мәждиддин, иіліп.

— Жіберген аспазшының Әлішерге қастық істепті. Бірақ онысынан ештеңе шықбалты. Қісіге у беру оңай іс пе? Әлішер енді өзін мүндай қауып-қатерден аман сақтаудың жолын қарастыруда көрінеді.

— Ылы мәртабалы тақсыр, бұл істен менің ешқандай хабарым жоқ, — деді өңі қашып Мәждиддин. — Бұл оқыйға сіз үшін қандай күтілмеген оқыйға болса, мен үшін де сондай.

— Оған сіздің бір құпия тапсырма бергеніңіз маған аян — деді Хұсаин Байқара, ыза кернеп.

— Рас, ол жексүрінға бір тапсырма беріп едік... бірақ бұл мұлдем шектен шығып кеткен болар — деді Мәждиддин күңкілдеп.

— Енді бұл жөнінде керісіп жататыны жоқ, мұның арты немен тынады. Бұл оқыйғаны жылы жауып тастаудың жолы қайсы?

— Жексүрін аспаздың көзін жою керек — деді Мәждиддин.

— Кеш қалдыңыз.

— Тақсыр бұл жөнінде қам жемей-ақ қойыныз, — деді Мәждиддин сөзін нықтап. — Аспазшыны қажет кезінде күрту үшін артынан өлім көленкесін қоса жіберген болатынбыз.

Хұсаин Байқараның көңілі бір демделгендей болды. Мәждиддин сеніммен, қыза сейлеп кетті.

— Элішер осы жағдайды тайдаланып тәнрі жазған салтанатты тәж-тактыңға қарсы енді ашық бас көтері мүмкін фой. Бұл қауыптың алдын алу керек. Элішер мен Ирак үкіметі Якупбек арасындағы достықтың күшті екені естең шықпасқа, керек.

Хұсайн Байқараның көзқарасына, көңіл қойып тыңдауына қарағанда қостап отырған тәрізді. Мәждиддин патша алдында өзінің беделі мықты екендігіне тағы да сендей. Ол мемлекет қаражатың молайтудың жаңа жолдары табылғандығын сөз арасында бірер сөзбен кірістіріп те койды. Хұсайн Байқара уәзірдің кету не рұхсат берді. Осыдан кейін ол өзіне жуырда «тарту» еткен сұлу қызбен көңіл жетеруге кетті.

ЖЫЙЫРМА ЖЕТИНШІ ТАРАУ

Хайдардың кеңлі жабырқау еді. Ол өз қылмысы үшін жазаға тартылады екенмін деп қайғырмайтын. Оның қайғысы басқа: оның Фиратқа келгеніне онбес күн болса да, ол үнемі жалғыздық көргендей болып жүрді. Өмірге өгей адамдай сеніп жабығуда болды.

Хайдар «Ұнсия» да тұрды, көп ішіп жүрді. Кей уақытта ол тек Сахиб Дорамен ғана сырласатын. Бірақ Сахиб Дорада касіретті еді. Ол Науайдың ең жақын достарының бірі еді. Сахиб Дора «Ұнсия» да жүрген алғашкы күндерді ансан, көңілді өмірді көксеп, бәрінен де күдер үзгендікті көрсететін жырларын Хайдарға оқып беріп жүрді. Рас, «Ұнсия» да Науайдың барлық достары, жақындары, тілектестері тұратын. Олар өз міндеттерін бўрынғыдай атқаруда екен. Кейде ақындар, ғалымдар жыйылып, бўрынғыдай өзара кенесетін. Бірақ осы үйге көрік берген адам казір жоқ еді. Бәрі де бойға куаг, жүректе сенім туғызған сүйкіті адамын сағынуда еді.

Мұнлы екі дос, Хайдар мен Сахиб Дора, «Ұнсия»ның дарбазасынан шығып сыпаға отырды. Көгілдір аспанда ак бұлттар, жел ўшырған ак жұқа орамалдай, ўшуда. Күн жылы. Қарсыдагы бактың ағаштары әлі де болса кекбенбек. Гүлдің исі аңқып тұр.

— Мен өз өмірімді пақырлық жолға бағыштасам деймін — деді Хайдар мұнды үнмен. — Жарық сәулені, шындықты, таза махаббатты көксеген жүректің емі сол болар. Нагыз шындық дәруиштің жүрегінде, адамға өзі-

нің аз күндік өмірінде жалған дүниеден мұлдем қол үзіп, нағыз шындықтың маҳаббатымен өмір сүруден артық бақыт бар ма срә? Айтыңызшы!

Сахиб Дора Хайдар ойының толқымалы екендігін, оның лездс өзгеріп кеткендігін білгендігінен иығын бір комдап қойып, үндемей отыра берді.

Хайдар дәруиштік философия туралы сөйледі. Фариддин Әттар, Жами және Науайдың өлеідерінен мысалдар келт ріп, ол өлеңдерді нағыз дәруиштерше оқый бастады. Сахиб Дора оны ден қойып тыңдады. Кенет тіптік өскен көркем ағаштар арасында ирендереген үзын жол мен жолдың шаңын бүркүратып келе жатқан үш аттыға қөзі түсіп тігіле қалды да, бір мезекте орнынан үшіп тұрып:

— Әмір тақсыр келе жатыр, — деп Сахиб Дора айқайлап жіберді.

— Я, алдыңғысы Әмір, — деді Хайдар орнынан қозғалмай!

«Үнсия»ға бірден жан кірді. Бөлмелердің бәрінен Науайдың достары, жақындары, нөкерлері жүгіріп шығып, оны қуанышпен қарсы' алды. Науай аттан түсіп, етегін қакты да, бәрімен амандастып шықты. Үлкендердің аяғына оралған балалардың басын сыйпады. Соңан соң өзінің бөлмесіне кірді. Ондағы нәрселердің бәрі өзі Фирраттан кеткендегі дәл қалпында түр екен. Жұынып, жол киімдерін шешіп, кайта киінгеннен кейін, жастыққа жамbastap біраз дем алды. Хайдарды шақырып, оның мұнды қүйін көріп қапаланды. Насихат айтып, оны жұбатуға тырысты. Хайдар тек шындықты ашып айтқаннан басқа айыбы жок екендігін білдірді.

— Екі жүзділер шындықтан қорқады — деді Науай батыл. — Шындықты айту — ардакты міндет, бірақ тек қажет кезінде ғана тілге ерік беру керек. Патшаның жаңында болу аждаһаның аузында тұрганмен бірдей. Мұны естен шығармау керек.

Науай орнынан тұрып, патшага көріну үшін сарайға кетті.

Есіктің алдында сол тәңіректің халиқы жыйылып, томталып күтіп түр еді. Науайды көріп бәрі де қуанысты. Жаңтардың және қарттардың қуанышты дауыстары естілді.

— Жолыңызды күтіп, екі көзіміз төрт болды.

— Сіз — жүрттың тіршілігі, бақытысыз.

— Біздің қайғы-қасіретіміз көп. Біздің сізден басқа қорғанымыз жоқ.

— Сіз бен бізді айырғандар көгермесін.

Науай осы сөздердің әсерімен тебіреніп даусы қалтырап, олардың бәріне де алғыс айтты. Бірқатарының түрмис, жұмыс халдерін сұрады. Халық тобы қебейе түсті. Науай өзі қайда жүрсе де қөңлі халықпен бір екенин айттып, жүрттың бәрін қуаныштып, таратты. «Жаһан ара» бағына барғанша жолай кездескен дәруиштерден бастап ғалымдарға дейін оны зор қуаныш, үлкен сүйіспеншілікпен қарсы алуда болды.

Ақын бір қатар уақыт сарай көрмегелі көп болып сағынған гүлдерді аралап жүрді. Бір кезде өзінің мәжілістестерін, бірге шарап ішетін дос-жарларын ерткен Хұсаин Байқара алдынан қарсы кездесті. Патшаға ергендердің арасында Мәждиддин, Әмір Могұл, Туғанбек және басқалар бар еді. Науай Хұсаин Байқараға ресми түрде тәжім етіп амандасты, қалғандары өздері келіп ақынмен қол алысты. Мәждиддиннің көзінде сасқандықтың белгісі ашық сезілсе де, сыр бермеуге тырысы:

— Дидарыңызды көру нәсіп болғанына қуаныштымын, — деді амандасып жатып.

Хұсаин Байқара ақынды ертіп диуан жаңындағы алтынданған кішкене бөлмеге алып қірді.

— Астанаға келуіңізге біз рұхсат еткен жоқ едік қой, — деді ол, отыра беріп. — Сізді келеді деп құтпеген едік.

— Хатыңызды алғаннан кейін, — деді Науай, — бір жай нәрсе жөнінде әңгіме айтқандай пішінмен, — барлық істі Уәлибекке тапсырып, қандай әңгімелер болса да ашып айттып, ақылға салып, әділ шешу үшін әдейі алдыңызға келдім.

Хұсаин Байқара ыңғайсызданып, орнынан бір қозғалып қойды. Қылмысты тереңірек тексергенде жақын адамдарының көбін масқаралауға тұра келеді. Оның үстіне ақымақ болып қалғаны үшін өзінің де қызаруына тұра келеді. Сондықтан да мәселені бастан аяқ патшаға айттып жатуды дұрыс көрмедин.

— Хайдар есуас кейбір қоңілсіз оқыйғалар туралы бірденcelерді айттып еді. Бұл оқыйғаны, әрине, ол өйінан шығарған болу керек, нәде болса өзінізге хат жазуды үйгардым. Бұл хаттан кейін қоңілінізде ешқандай құдік қалмағандығына сенемін. Сіз бұған не дейсіз?

— Кек сақтау, біреуге дүшпандық ойлау менде жоқ,

— деп жауап берді Науай. — Жексүрындарды масқара-лаудың өзі бекер. Қеміршінің беті қандай қара болса, жендеттің көзі қандай қанталап қызырып тұратын болса, жексүрын, арамза адамдар да сондай. Ондай пасык-тармен дауласуды ар көремін. Мен сіз жөнінде көnlіме ешқандай күдік алмаймын.

Хұсан Байқара бір қолымен беліндегі кемерін үстап, бір зіл басқандай, езіліп, жаншылық қалғандай үнде-мей қалды. Жүзін қайда жасыруды білмеді. Мелшиіп, үндеңій отырды да қойды. Бұл отырыста бір шындықтың бетін ашқандай мағына бар еді. Ақырында Хұсан Байқара тілге келді.

— Енді көnlіңіздегі мақсатыңызды айтыңыз.

— Маған ешқандай қызмет, мансап керек емес, — деді Науай, — тек қана Фиратта тұруға рұқсат берсеңіз болғаны.

Бұл өтініш Хұсан Байқараны шындалап ойлануға мәжбүр етті. Ол іштей риза болса да, өтінішін қабыл ету ақынға үлкен сауға, сыйлық болып көріну үшін үнде-мей үзак отырды. Сондықтан ол не айтудың ретін таба алмай көп ойланды. Қарсы себептер, дәлелдер айтқан-мен олардың бірінен бірі әлсіз болып шыға берді. Науай өз дегенін талап етіп отырып алды. Хұсан Байқараның дәлелдерінің бәрін сыптырып тастап отырды. Ақырында Хұсан Байқара орнынан тұра келіп: «ықтыяр өзіңізде» деді.

Науай алғыс айтып сыртқа шықты. Науай көркем бақты аралап келе жатып, бірден тоқтай қалды. Қөзіне түс-кен бір қызметшіні шақырып алып, онан: «Бекзатты та-нысын ба, ол қазір қайда істейді?» — деп сұрады.

— Тақсыр, таныймын,—деді қызметші,—ол кісі «Пат-ша кітапханасының» жанындағы бөлмелердің бірінде су-рет салады, көрсетейін бе?

— Рахмет, өзім-ақ тауып аламын, — деді Науай.

— Бекзат үзак сапардан қайтқан, сағынған әкесіне асыла түсетін баладай, үстазының мойнынан құшактай алды. Ақынның қолын сүйді. Науай да шаттанып досына деген өзінің махаббатын білдіріп, суретшінің хал жа-йын сұрады. Бекзаттың жігермен үшқын атқан жаңарлы көзі жасқа толды. Суретшінің беті жаздың жылы лебі тигендей жайнады. «Бұл кездесуді ешқашан үмитпас-пын. Сағынып, шерге толған жүрек бүгін шаттыққа, ку-анышқа толды» — деді де, көрпе төсеп ақынды отыр-

ғызды. Үйдің іші жап-жарық. Ашық төрөзеден ағаштардың жай тербелген жасыл жапырактары, алыста, ағаш арасында жалтыраған судың бір парша айнасы көрінеді. Тактайдың үстінде қаңылтырдан, шыныдан істелген ыдыстарда түрлі баяулар. Суретші бұл бояулармен жаратылыстың тамаша көріністерін суретке түсіреді. Сурет салатын қалам, қағаздары жатыр, істеліп біткен, жарылай біткен суреттер жатыр. Науан бұл суреттерге құмарлана қарады: «аңға шыққан патша баласы», «ашық пен машықтың гүл алдында кездесуі», «үстіне қішкене гүлді кілем тәсептеген тәбе», тағы сол сыйкты суреттер салынған. Науан бұл суреттердің әрқайсысына қадала қарап, өмір тамырының соғұын аңғарғандай болды. Бір көрген суреттің қолына қайта алып, қадала қарады. Бекзаттың шеберлігі мақтады, сурет өнерінің мүмкіндіктері туралы айтты. Кедей суретшінің қап-қара сақал басқан жүзін куаныштың нұры безеді.

— Күрметті юстаз, — деді Бекзат, — арыстанның мойнындағы шынжырлар үзілді ме?

Науан оған жалт қарады.

— С зе оны Хайдар айтты ма? — Ол жігіттің өзі ашық-жарқын адам, — деді күлімсіреп Науан.

— Сізден басқа ешкімге айтқан жоқпын деп сендерді ол мені. Мен еіздің сол салған суретіңді көруге құштармын. Қашан көрсетесіз?

— Мен салған сурет балалардың шимайындаі нәрсеғой... — деді Науан қолын бір сілтеп.

— Шынжырлаулы арыстан жай күндеңісін анағұрлым айбатты, ызалы болады, — деді Бекзат баяу дауыспен, — арыстан шынжырда болса да, оның жүрегі байлауда емес. Демек, оның шындықты сүйген жүрегі әркіндікте...

— Ақыл, өжеттік әрбір адамның бойында бар қасиет, — деді Науан.

Бекзат дастархан жайып, юстазын сыйлауға әрекет ете бастағанда Науан оған карсы болды. Науан Бекзаттың бөлмесіне барып үйіктап алуға өтініш еткен кезде, есіктен Мұхаммед Саид палуан асып-сасып кіріп келді. Ақынмен палуан күшақтасып көрісті. Палуан өзінің деңесімен және тартқан нашасымен үйдің ішін алып кетті. Жасы өтіп, қартая бастаса да өмірінде арқасы жерге тиіп көрмеген палуан қайратына мініп, әбден кеме-

ліне келген сыйкты еді. Науай оған кайта-кайта қарап, өзінің көптен бері көрмей сағынғандығын білдірді.

— Ақын, суретші және палуан «Жаһан ара» бағының көркем көркінен көз айырмай өз ара сырласып қызық әнг мелер айтысты... Достық кеңес кыза түсті, сөз бұлак суындағы ағылды. Жанағының кітаптар, олсандар жыйнағы, жай ату жөнінде әңгіме болды. Шайхулисламмен палуанның дін жөнінде таласып, патшаның алдында палуанның сөзден женіп кеткендігін және осы жөнненде Шайхулисламның палуанға өкпелеп жүргегін және баскаларды әңгіме етті. Ақын Шайхим Сухайли мен Ҳожа Хиясітдин Дехтар кіріп келгенсоң әңгіме бүрынғыдан бетер көзданды. Олардың кайсы бірі болса да Фиратта болып жатқан кайғылы және күлкілі қоқығалар туралы неше алуан әңгімелер айтып, Науандың көңлін көтеруге тырысты. Науай күй жөнінде шығарған жаңа шығармалары туралы Астрабадта есіткенін айтып, палуаннан сол жөнінде сұрастыра бастап еді, Бекзат текшеде тұрған танбұрды алып палуанның колына берді.

— Күй туралы сөйлеп отырғанда күй тартпасқа болмайды, — деді Бекзат.

— Палуанның барлық ойын Танбұр баяндарап берсін, — деді Шайхим Сухайли.

— Мұхаммед Сайд әдемі шапанының женін түріп, күрес майданында талай палуандардың белін күйреткен құдретті қолымен Танбұрді күй нә келтірді де, өзі шығарған күйді тарта бастады. Ол өзінің барлық ойын, сезімін, тілегін Танбұрдің нәзік үнімен баяндағанда, тыңдаушылар үйіп тыңдалап, барлық кайғы-касіретін ұмытып кетті. Бекзаттың үлкен сәлде оралған басы танбұрдің нәзік үнінің әсерімен иіліп жерге тие бастады. Науай көрген тәтті түсін көксегендей, мұнайып жұмулы көзін қайта ашты. Ҳожа Хиясітдин Дехтар өзінің дәрүиштік пейлін білдіріп аhlap, үнлеп көкірегі карыс айырылды. Бұл палуан шығарған жаңа күй еді. Науай Мұхаммед Сайдті күттүктағы. Палуан танбұрді қабырғаға сүйеп қойып, келесі аптада болатын күрес туралы палуандарға біткен тілмен екпіндей сөйлей бастады. Сонынан әңгіме тағы да күй туралы басталды. Науай Фираттағы басқа Танбұршілер, әнші-жыршылар туралы сұрай бастады. Науай бұлардың сөзін тыңдаумен бірге танбұрші, әнші-жыршыларға қандай көмек көрсету қажеттігі туралы ой-

лап отыр еді. Оナン кейін ол Хорасандағы ең шебер күйшілердің өнері, өмірі туралы бір кітап жазу керек екен дігін, ол кітапқа есқі және жаңа ән, күйлерді кіргізу керек екендігін, сөйтіп болашақ үрпаққа мұра етп қалдыру қажеттігін сөйлемеді. Бұл пікірді отырғандардың бері қостады.

«Жаһан ара» бағының көгілдір теңіздей көрінісі көрген жанның көңлін тасытушы еді. Алыстан патшаның сауық-сайран күрып, даурығып жатқан жора-жолдастарының даусы естіледі. Достар үзак отырып кеңесіп, көңіл көтеріп айырылысты. Науан «Унсияға» жақын салынған өзінің кітапханасына келді. Бұл бір-бірінде жалғас салынған, әр қайсы өзіне лайық әшекейленген ондаған әдемі бөлмелерден құралған зәулім үй еді. Ақын екінші бөлмеде қалаулы кітап арасында, шамның тубінде кеңесіп отырған Султанмұрат пен Зәйніддинге кездесті. Олармен сүйіспеншілік пейілде амандасты. Олар аз отырса да, көп жәйді кеңесіп үлгірді.

— Кош, сени әділетті іздең айыптарлық олардың дәлелі бар ма? — деп сұрады Науан күліп Сүлтанмұраттан.

— Мені философия қуған адам деседі. Мен шынында ақыл мен ғылым жолын қуған адаммын. Мен тек осыларға табынам.

— Эрине, ғылым мен әділеттіктің жолын қуғансоң басқаға бас үрмау табиғи нәрсе, — деді Науан. Табиғат сырларын жете білу үшін оны зерттеу, үйрену керек. Бұлар еш бір адамды тәнрі жолынан тайдырмайды. Табиғаттың өзі жаратылыстың үлкен қуатты күші екенін бұл надандар түсінбейді. Біз сізді ертең медресеге ертіп барып, шәкірттеріңізді қуантамыз. Ғылым мен ақыйқатты надандардың тырнағынан құтқарып аламыз.

Сүлтанмұрат пен досы Зәйніддин бұған шексіз қуанды. Науан Зәйніддиннің шатраш, күй жөніндегі табыстарын Астрabadта жатып естіп қуанғанын білдірді. Соңан кейін күй жөнінде кітап жазу керектігі туралы мағағы пікірді қайтадан қозғады. Сүлтанмұрат бұл жөніндегі міндетті Зәйніддинге жүктеуге болатындығын айтты. Зәйніддин бұл жөнінде ойланып, сонынан жауап берейін деді. Науан сөз арасында олардың түрмис күйі жөнінде сұрады. Олар мұхтаҗ емес екендіктерін білдірсе де, Науан оларға бастан аяқ қарап шығып, олардың әр қайсысына жұз динардан жәрдем беруді үйғарды. Соңан кейін ол бұл достарын жаңына ертіп, кітапқананың

бөлмелерін аралай бастады. Жаңа шығармаларды қарап шығып, өзі жоқ болса да, екі жыл бойы кітапқананы жақсы күтіп, жаңа кітаптармен толықтырған, кітапқанадағы тозған кітаптарды көшіріп жазғызып, кітапқана шаруашылығын тәртіпке келтірген Сахиб Дораға риза болды.

Олар «Унсия»ға қайтты. Бұл жерде жыйырмаға тарта жақын достары оны күтуде екен. Бұлардың ішінде ақындардан Хилали Ҳафіз, Ери-Пір Мууаммай, Асифи, Хатафи, ғалымдардан еңкіш тартыш қалған карт Фасихиддин, шат көңілді Mіr Мыртаз және хорасаның атақты тарихшысы карт Мирхонд тағы басқалар бар еді. Олар Науанаға сый-құрмет көрсетіп, қонақасы берді, өз ара достық кеңес көлкес созылды.

Бұл күні үй иесінен бастап мимандарға және қызметшілерге дейін бәрі қуанышты еді.

Науан Ғиратқа келісімен оның достарының және бүкіл халықтың қайғы-қасіреті үмытылғандай болды. «Унсия»ға күн сайын адамдар топ-топ болып ағылып келіп жатты. Ғалым, ақын, қолөнерші, шаруа жүрттың бәрі оны көруге, оған өзінің шын тілегін білдіруге асықты. Оның ак жүзін көруге күштар болды. Мәждиддин мен Тұғанбек саяқтылардың корлығын көріп жәбір-жапа шеккендердің бәрі бұрыш-бұрышқа тырылуды койып, көзге көрініп, бой жазып, демін еркін ала бастады. Науан ай-сайын жетім-жесірлерге, қорғансыздарға тамак, киім-кешек ұлестірумен болды.

ЖЫЙЫРМА СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Дуалдары таза шыныдан салынған Мұзаффар мырза сарайының әдемі бөлмелерінің бірінде Тұғанбек сусар ішігін иығына жамылып, қолын отқа тұтып, салмақтана сөйлей бастады. Тұғанбектің төңрегінде мұнан көзін алмай, сөзіне үйип тыңдал отырған бекзадалар еді, оның жігіттері арасында Бинаи мен Шахабиддин де бар еді. Тұғанбек тек Мұзаффар мырзаның сарайында ғана емес, патша алдында да абыройлы бек болып есептелгендіктен, Тұғанбек өзін Мұхаммед Бурындук, Жаһангер Барлас және басқа атақты бектер катарында көретін еді. Бау бақша, сый-құрмет, күң қыздар мұның барлығы оның көңілін бұрынғыдан бетер өсіре түсті. Тұғанбек Шахабиддинді ұлжен ғалым деп біліп, бір күні маған арнаш

кітап жазар деп, немесе құдай жарылқап бір үлкен ерлік істесем, тарихымды жазар деп өзіне үйір етіп алған еді... Бинаиды Мәждиддиннің шашбауын көтеретін және Науаңға дүшпаш ақын болғандықтан жанынан тастамайтынды. Оның фарсыша жазылған өлендерін дұрыс түсінбесе де, оның қылжакбас әңгімелерін зор ынталанып тұндастын. Туғанбек өзінің бір кезде күніне жараған, өзінің хұжыресінен орын берген ескі досы Алоиддин Машхадиға ай сайын ақша, киім беріп тұратын. Машхади ақын өзіне көрсеткен мүншалық күрмет үшін әр дайын оны мақтап өлең шығаратын.

Туғанбек әні нарттай болып, жирен сақалын қайта-қайта сыйпағ, ерте кездегі үлкен қанды жорықтар туралы, өз ата-бабасының батырлық істері туралы қыйсынын келістіріп әңгіме айтып отыр еді. Маңындағы жігіттер Туғанбек айтқандай ат үстінде ойнаған батырлар нақ өздері тәрізді болып көрінді, Туғанбектің әңгімесін естері кете тындауда болды.

Туғанбек сөзін аяқтаған бойда Бинаи кішкене, келісімсіз қеудесіне лайықсыз қалың, үзын сақалын селкілдеттіп, құліп әңгімеге араласты. Ол әждуаны, тегін құлжіні сүйеттін адам еді. Туғанбектің жауынгерлік жорықтар жөніндегі әңгімесі оған үнамады. Туғанбекті тындалап отырған адамдарға сөзін тындату үшін Бинаи жаңа жазған өлендерін оқып, «бір ақын бұл жөнінде былай деген еді, ал мен оны өндеп былай жәздым» деп өзін-өзі мақтаумен болды.

Отырғандар мұның сөзін қоштамағансон Бинаи ренжіп, әркімді бір сөзбен қарытуға кірісті.

— Сіз үлкен ақынмен кездесіп тұрасыз ба? — деді Туғанбек Бинаидың жанды жеріне тимек болып, құліп.

— Бек жігіт, — деді Бинаи ызаланып. — Не оны, не мені жер жүтпай-ақ қойды, тағдірдің ең әділестіз ісінің бірі міні осы. Мен Науаидың өзінен де гөрі сөзіне жаңым төзбейді.

Отырған жігіттердің бірі кеше өзінің қарындасты Науайдың өлендер жыйнағынан бір өленді оқып бергендейгін, оның өте-мөте ўнағандығын айтып, қалтасынан бір табақ қағаз алды да оқый бастады. Бинаи екі қолымен құлағын баса қалды.

— Сіз әуелі тындаңыз, рас, мен ақын емеспін, дегенмен өленді жақсы ўғам — деді жігіт қызарапданап.

— Інім, — деді Бинаи қолын құлағынан алмай тұрып

— мен оның түрікше жазған сөздерін тындаsam шынында менін құлағым ауыра бастайды.

— Өлеңді түсіне білетін адамдардың құлағына түрк сөзі тікендей қадалады, — деді тыжырынып Шахабиддин.

— Жігіт Науайдың өлеңін жақсылап оқып шықты. Өлең жазылған қағаз қолдан-қолға көшті. Туғанбек салмақтанып «жақсы құрастырған, сөзі дәмді» деп бір койды.

Әлгі өлең жөнінде отырғандар екі жақ болып егеспек болған қезде, Мұзаффар мырза кіріп келді. Отырғандардың бәрі түре келіп, тәжім етіп карсы алды. Шахзада Туғанбектен басқаның бәрінө басқа бөлмеге шыға тұруды бүйірді.

Басқалар шығып кеткен соң мас Мұзаффар мырза көзі мұлгіп: — Білесіз бе, мен қайда болдым? — деді.

— Біле алмадым — деді Туғанбек, — бірақ өйтепеір көңілінің қош екен, соның өзі жақсы.

— Рас айтасын бек, көzlім шат, мені бір уйге қонақ-ка шақырған еді. Ол үйде әрқашан жақсы сауық-сайран болып тұратын. Сондықтан мен дә бардым, бейне пері қызындай екі қыз көктемгі бактың ал қызыл гүлі тәрізді. Бірі сырнай тартса, екіншісі ән салады. Мен екеуін екі күшағыма алып отырдым. Екеуін де үннэттим.

— Ертең мен сізге бір сұлуды әкеліп көрсетем, оны күшақтағаныңызда бүгінгі қыздар есінізден шығып кетеді, — деді Туғанбек қарқылдан күліп.

— Жарайды, ол қызыңызды көрелік ертең.

— Шахзадам, сіз соңғы жаңалықтарды есіттіңіз бе?

— Қандай жаңалық? — деді Мұзаффар мырза, қабағын шығта қалып.

— Астрabadқа Әлішердің орнына қайта тағайындаған Әмір Мағұл бүліншілік шығарыпты. Ол Астрabadта Сахиб Диуанды өлтіріп, Иракқа қашыпты. Әкеніз патша хазірет ол уәләятты Бадуиззаман мырзаға беріпті. Бұл жөнінде сіз не білесіз?

Мұзаффар мырза тіл қатпай, Туғанбектің бетіне тігіле қарады.

— Бұл мәселені мықтап ойлану керек, — деді Туғанбек.

— Білем, Бадуиззаманның ниеті арам, — деді Мұзаффар мырза ашуға мініп, — бірақ біз істің тағдырын үрье

даласында шешеміз. Қазіршे сабыр етіп күту керек, өзір ерте.

Туғанбек Мұзаффар мырзага қадала қарап, аңысын андуда болды. Жана ғана мәз-майрам болып отырған шахзаданың бірден түсі суып кетті. Туғанбек оның шыниетін білуғе тырысты.

— Сіз енді жас өмессіз, — деді Туғанбек салмақтап сөйлеп, — сіз патша өкіметінің жарық жүлдізысыз. Үйлену үшін кемелге келіп алу керек, ал таж қиін таққа отыру үшін кемелге жету шарт емес. Ел билеу үшін жас патшага іс білетін, саясат жөнінде тәжрибелі бір жетекшісі болса болғаны. Ағаңыз Бадуиззаман мырза астыртын іс жүргізіп, бүкіл елді өзі билеу өрекетінде. Ол Хандыхар әкімі Арғұнбекпен сөз байласқан көрінеді. Олар Астрabadты алғаннан кейін басқаларға көз тігуде. Қыймылданап қалу керек! Сақ болыңыз!

Мұзаффар мырза мүндей насиҳатты маңындағы бірнеше бектерден, өсіреле өзінің анасынан көптен бері есітіп келе жатса да басқа аға-інілдерінің таж-таққа үмтылған әрекетін сезбегендіктен, бұл куресте өзі бастаушы болуға батылы бармай жур еді. Туғанбектің сөзі оның көnlіндегі бұрынғы құдікті жойып жіберді, ол бірден туған өзгертіп, салмақты, байсалды адам бола қалды. Мастығы тарқап кетті. Ол беліндегі қымбат бағалы тастар орнатылған алтын кемеріне сұғылған қанжардың сабынан мықтап үстап тұрып, ойра кетті. Туғанбек көзінің астымен қарап шахзаданың көзінде ызаның ұшқыны жаңып тұрғанын байқады.

— Шахзадам, сақ болуыңыз керек, — деді тағы да Туғанбек.

— Бұл істердің тағдырын қылыш шешеді, — деді Мұзаффар мырза. — Кімде кім өкімет билігін өз қолына алғысы келсе майданға шықсын. Таж қиоді тілеген бас өлімнен қорықбайды.

Туғанбек өз сөзінің күл астындағы сөніп бара жатқан шокты үрлеп жандырған желдей әсер еткенін сезіп куанды. Ол Мұзаффардың әр қашан осындағы батыл қыймылдаудын тіледі. Алайда тәжрибесіз бұл албырт жастың өзінің ашық және батыл қыймылымен барлық істі бүлдіріп, тек өз басын ғана емес, сонымен қатар маңындағылардың бәрін күртуы мүмкін еді. Туғанбек тарихи кітаптардың еш қайсысын оқымаған болса да, Тे-

мірдең кейін оның балалары арасындағы өктемдік орнату жолында болған үрыстардың тарихын жақсы білетін. Сол үшін ол шахзадаға өзінің пікірін іште сактауды, барлық істі астыртын жүргізуді, әр уақыт салқын қанды бойлуды үйрекшіледі.

Бір қатар уақыттан соң қызметшілер Бадуиззаманың келгенін қабарлады. Мұзаффар мырза ілгеп қасын кепіп, ағасын күтіп алуды өзіне зор бакыт деп санайтынын білдірді. Бадуиззаман өзінің ұлы Мухамед Момын мырзаны ертіп кіріп келгенде, Мұзаффар мырза жүгіріп барып ағасының қолын алды. Соңан кейін тоғыз — он жасқа келген, әкесіндегі ажарлы, жәздері шоқтай жайнаған, ақылды баланың басын сыйлаш, бетінен сүйді. Эрдайым жақсы киінгөн Бадуиззаман өзін үнемі жоғары үстайтын еді. Мұзаффар мырза оларды жақсы сөзбен, құрметтеп төрге отырғызып, өзі Туғанбектің жаңына отырды да, ағасының келгеніне қуанышты екендігін білдірді. Аздан кейін ол-пұл әңгімелерден соң Бадуиззаман күл міреп отырып інісіне:

— Біздің ұлық әкеміз маған үлкен сенім көрсетіп, Астрабадтың әкімі етіп тағайындағы. Мен әкенің көңілін қыймай берген тартуын қабыл еттім. Ертең біргүн мен соңда баруым керек. Сол үшін сендерге әдейі жолыға кеткелі келдім. Сендер бізге келіп тұрар деп сенем.

Мұзаффар мырза басын тәмен салып оның сөзін ықласпен тыңдады, соңсоң қолын қусырып тұрып:

— Мен бұл хабарды естіп қатты қуандым. Сіздің ел билейтін кезіңіз болды ғой. Ендігі міндеттіңіз — терең ойлап, тиісті шаралар қолданып, кездей соқ адамдар бұлдірген өлкені бүрінғы қалпына келтіру. Мен сіздің ініңіз болғандықтан, әр уақыт сізге тілекtesпін. Сіздің қандай бүйрығының болса да орындауға, қолымнан келген көмегімді көрсетуге азірмін.

Бадуиззаман інісінің сөзіне риза болып, алғыс айтты да, кетууге рұхсат сұрады. Мұзаффар мырза оның кетуіне қарсы болды, қонып кетуін, бүгін болатын ұлы думанға қатысуын тіледі. Бадуиззаман қобалжып тұрды да, ақырында інісінің көңілін аулау үшін, қалды.

Шахзадалар екінші бөлмеге барып кіргенде, Туғанбек далаға шығып кетті. Ерттеулі тұрган атына мініп, күннің желдетіп, өсуытып тұрганына қарамастан Мәждиддиннің сарайына қарай тартты. Оның жол бойындағы ойы әлгіде

өзі көрген оқыйгалар еді. Мұзаффар мырзаның айлакерлігі, оның екі жүзділігі Туғанбекті қатты таңдандырыды. Ашуға мініп, ағасының басын шауып алуға соның алдында ғана әзір түрган шахзада патша семьясына тән және сүтпен кірген мінезге тұратын, іштей дұшпан болған ағасына, сырт жылтырап сый құрмет көрсетпек болды.

Туғанбек Мәждиддиннің қысқы миманханасына келіп кірді. Үәзір жалғыз отыр еді. Бүгін ол күндеңіден көңіл-сіздеу көрінді. Туғанбек оған соңғы болған оқыйғаны баяндады. Үәзір үндемей отырып тыңдады. Сонынан бойды билеген ауыр ойдан серпіліп, басын көтерді. Ол Науай қайтып келгелі бері өзінің жағдайы өзгере бастағанын: кейбір бектер мен әкімдер үстінен шағым айта бастағанын, Науай мемлекет ісінен шегтетілсе де, кейбір мемлекет адамдары онан ақыл сүрай баратынын айтты. Мәждиддин Балхта Дәруишәлінің, бұл жерде Науайдың және Низамұлмұліктің өзіне қарсы әрекет жүргізіп жатканын сезетінін білдірді. Сонымен қатар ол Хожа Афзал сапардан қайтса жағдайдың мүнан да қыйындаі түсетінін айтты.

— Мұндаі жағдайда, — деді Туғанбек қабағын түйіп, — дұспандардың арасына от салу керек. Олар өздерінің отына өздері куырылатын болсын.

— Қалайша? — деп сұрады Мәждиддин.

— Оның қыйындығы жоқ, — деді Туғанбек, жымы-йып. — Низамұлмұліктің сізге де, Науайға да дұспан екені жүртқа белгілі. Ол сіздің қаһарыныздан қорқып, сіздің қарсы жағыңызға паналап жур. Низамұлмұлікті өз қолтығыңызға алыңыз. Оны үәзір етіп тағайындал, диуанға қызметке қойыңыз, соңсоң ол сізді қолдайтын болады.

Мәждиддин қолын иегіне тіреп біраз ойланып отырды да:

— Бұл айтқаныңыздың жаңы бар, — деді.

Осыдан кейін Туғанбек кейбір ірі жер иелерінің салықты кеміту жөнінде өтініш айтатындығын білдірді. Егер үәзір олардың осы өтінішін қабыл алған болса, көп пара түсетіндігін ескертті... Туғанбек мемлекет қарауындағы жерден өзіне біраз жерді бөліп беруді өтінді. Туғанбектің тілегін үәзір қабыл алды. Онсоң ол Шаһзада-ның кешкі думанына үлгіру үшін асырып жол тартты.

Келесі күні Мәждиддин сарайда Низамұлмұлікті кездестірді. Сән-салтанатты, көркем көріністі жаны сүйген бұрынғы уәзір көп жылдан бері үйреніп қалған сарайға ауық-ауық келіп, құмарын тарқатып кететін. Мәждиддин онымен кездескенде оның жарасына тиіл, әрқашан қеудесін керіп кекірейіп өтетін. Қебінесе нөкерлердің біреуінің алдынан өткендей, оны елең қылмайтын. Бұл жолы Мәждиддин онымен әдейі тоқтап амандасты. Қабат-қабат шайы шапан қиген көрікті аксақалға кербез Низамұлмұлік таңдана қарап, дүшпаниң бұлай жылы шырай беруінің мәнісін түсінуге тырысты. Мәждиддин онаша бір бөлмеге кіруге ишарат жасады. Низамұлмұлік бір нәрсенің исін сезгендей, жан-жағына қарап алып, үндемей соның сонына ерді.

Мәждиддин өзінің шын сырын бүркемелеп, оған істін жайын түсіндіре бастады.

— Сіз тәжрибелі, көпті көрген адамсыз, — деді Мәждиддин, — арамызда бұрын болған ренішті қоялық. Мен сізге бұрынғы қызыметіңізді алыш берейін. Бірақ сізге қоятын бір шартым бар, — деді де, Мәждиддин ернін тістен Низамұлмұліктің бетіне тігіле қарады.

— Арамызда болған кейбір көңілсіз оқығаларды, — деді Низамұлмұлік білгірсіп, — бір бірімізді түсінбеушіліктің нәтижесі дең білемін. Біз сыр алышпадық. Болған катаны түзету ақылды адамдарға тән нәрсе. Сіздің маған қоям деген шартыныз не?

— Достық қарым-қатынаста болыш, бір бірімізге көмектесіп отыру, — деді Мәждиддин, даусын кенет бәсендетіп. — Бір бірімізге қамқоршы болалық... Сіз ешқашан және ешбіреудің алдында менің үстімнен шағым айтпайсыз, колданған шарапарыма ешқашан қарсылық етпеніз. Қандай қыйыншылық болса да, бірлесіп жоюра тырысалық.

— Өте дұрыс шарт, — деді қуаныш Низамұлмұлік. — Бастан-аяқ осылай болуымыз керек еді. Жарайды, енді өткендерінің бәрін естен шығаралық.

— Сіз осы уәдеден шығамысыз? — деді Мәждиддин қолын шошайтып, нықтап сөйлеп.

— Серттен таю масқаралықтың шегі. Сөзім сөз. Сөз бір, күдай бір.

Келесі күні Низамұлмұлік реесми жарлықпен уәзір болып тағайындалды.

Терезеден түскен күннің сәулесі бөлменің ішін нұрға бөледі — стол үстіндегі ақ қағаздар, мыстан істелген әдемі сия сауыт, көздің жасындағы тының су күйілған әшекейлі ақ кесе, кілем бетіндегі өрнектер күн нұрымен құлпырып, жайнақ түсуде. Ақын қалың жастыққа сүйеніп, тарих кітабын оқып отыр.

Науан орданың дан-ду шуынан аулақ, онша үйде күніге жазу жазып, кітап оқумен болады. Жазғалы жүрген шығармалары туралы ойластырады: «Сүйген жүрек», «Екі тіл туралы пікір» атты шығармалары үшін керекті материалдарды, мысалдарды ірктеуді. Медреселерге барып ғалымдардың халынан хабар алыш, олардың жазып жатқан кітаптарымен танысып, кеңес береді. Медреселерді аралап, шәкірттердің азын аулақ алыш тұратын ақшаларының уақтылы берілуін тексереді, жайкүйімен танысады. Жарлы-жалшыларға берілетін қаражаттарды тексереді. Кейде атпен, кейде жаяу Фираттың тарихи үйлерін аралап көріп қайтады. Қаланы көркейту үшін не істеу керек екендігі жөнінде де ойланады. Өзінің досы Жамидің жанына барып, онымен өлең-жыр, философия, софизм туралы кеңеседі. Ғалымдарды, жақын достарын жыйы-жыйы шақырып алыш, бірге күй тыңдайды. Әңгімелеседі, әзілдеседі. Осындай тыныштық өмір өткізіп журсе де, мемлекет тағдыры оны әрқашан ойландырып тұрады. Халыққа қыянат етушілерді көрсө оны өшпендейлік ыза кернейді. Кейде жаны тебреніп, көп ойланып толғанады...

Қызметші кіріп келіп, Мирақ Наққаштың келгенін хабарлады. Науан оқып отырған кітабын жанына қойып:

— Ақыр қолға түсті ме, келсін жылдам, — деді күліп. Мирақ Наққаш үрейленіп, қолын кусырып, бір штетке келіп отыра кетті.

— Сағатты кашан істеп бітіресіз? Сіз уәде, сөз беру дегеннің қадірін білемісіз сірә? — деді Науан, қабағын түйіп, қатулана сөйлеп.

Наққаш не дерін білмей, басындағы үлкен сәлдесін сыйпалап жөндей берді, қызарып, қысылып қылпақтап Науанға қарай берді. Ақырында түсіп қалған жириен сақалының үшін үстап:

— Сағат әлі біткен жок, — деді айыпты адамша, ерік-

сіз күлімсіреп, — осы пікір ойыңызға қайдан тұсті? Өте қызын міндеп.

— Сағатты қашан жүргізесіз, уақытты қашан дұрыс біліп отыратын боламыз? Сіз уәде бергелі қашан, — деді, Науай даусын қаттырақ шығарып.

— Күні-түні осы жұмбактың шешуін ойлап басым қатуда. Алайда шешілмеген мәселелер көп. Мұнан не шығатынын білмеймін... — деді, Наққаш қолын сілтеп.

— Яурупалықтар сағатты әлде қашан шығарған, араптардың да істеп шығарғаны мәлім. Ендеше сіз не-ліктен жасай алмайсыз? Механика ғылымымен әбден таныс адамсыз, оныңызды мен білем. Ақылдың күші қандай қызын мәселені болса да шеше алады. Мына тұрған кесені сіз қай мемлекетте істелген деп білесіз? — деп, Науай оған жанында тұрған кесені алып көрсетті.

Наққаш кесені тексерे қарап:

— Қытай Фарфоры ғой — деді.

— Бәрекелді, — деп Науай күліп жіберді, білмедініз, бұл осы Фиратта жасалған кесе. Мұны өзінізге таныс Мұхаммед Жамал істеген.

Наққаш кесені жұтып қоятын адамдай таңдана қара-ды. Бір кезде басын шайқап:

— Келістіріп істеген, өте тамаша екен! — деді.

— Тірі болсам, — деді Науай — бұл шыныны бүкіл елге таратамын. Біздің топырағымыздан асыл шыны жа-сауға әбден болады. Сағат істеу, үлкен шеберлікті, бі-лімді керек етеді. Алайда ол да сіздің қолыңыздан ке-леді деп сенем. Бірақ сіз жалқаусыз, жалқаулықтан тезі-рек арылуыныз керек, інішек.

Наққаш өзінің жалқаулығын мойындағандай, жымы-йып күлді. Енді шындаپ кірісіп, тез істеп бітіруге уәде берді. Науай Егер ол тағы да жалқаулық істесе, оған қат-ты шара қолдануға мәжбүр болатынын және солай бола қалған күнде кейін ренжіп жүрмеуін ескертіп қойды. Осыдан кейін ол сағаттың керектігін, адамдар үшін уа-қытты біліп отырудың пайдасын әнгіме етті. Науай ғы-лым туралы, Ұлығбек және басқалар жайында қызық ән-гімелер айтып берді.

Наққаш кеткеннен кейін акын тысқа шықты. Біраз уа-қыт қора ішін кезіп жүріп, қызметшілермен сөйлесті. Кейбір істерге налып, кейбір істерін күптап, енді ол ем-ханадағы тәуілтермен сөйлесуге кетті. Үлкен жолдың бойына шыққанда алыстан Хайдарға көзі тұсті. Ол көп-

тен бері-ақ дәруиш болып кеткен, жүрт оны «Хайдар дәруиши» дейтін. Хайдардың басында дәруиштер киетін қалпақ, иығында дорба, шашын өсіріп жіберген еді. Ол үй-жайынан безіп, бір күркені мекен етіп алған. Ол күн сайын базар аралап, дәруиштердің әдетінше, күн көрісіне қажет нәрселерді тіленіп табатын. Фиратта қайырышылық үят іс делінбейтін. Дәруиштердің бәрі осылай өмір суреті, олардың арасында атақты адамдар да болатын. Науай өз перзентіндегі көретін жиенін, бір кезде ақын және жауынгер болған жігіттің бұл күйге түскеніне нальды. Бірақ Хайдарға ешбір насхат кәр қылмаушы еді. Науай оның бұл күйге түсүін осының бір жаратқандығынан деп түсінбей, өзінің әділ сөзі үшін патшадан кейіс есіткендігінің әсері деп ойлады. Хайдар Науайды алыстан көріп, басын иіп сәлем берді де көшениң екінші жағына өтіп жоқ болды.

Науай мұның мінезі күбылмалы болушы еді, мұнысынан тағы қайтар деп үміттеді де, өз жөніне тарта берді. Бірақ оған бүгін емханаға баруға тұра келмеді. Біраз жүргеннен кейін жолай бұған Үәлибек пен Хиясиддин Дехтар кездесті.

— Біз сізге жолыққалы келе жатыр едік, — деді Үәлибек амандастып болып.

— Науай олардың жүздерінде бір қобалжу барын сезді.

— Асығыс жұмысым да жоқ еді. Жарайды, сейлеселік, — деді де Науай оларды үйіне ертіп жүрді.

Келіп отырысыменен-ақ Үәлибек: «Балхтан шабарман келді» деп сөз бастады.

Науай оның сөзін көніл қойып тыңдал, мынадай оқыйғаның болғанын есітті. Патша диуанда уәзірлермен, бектермен және жакындарымен мәжіліс құрып отырғанда, Балхтан шабарман келіпті. Ол Дәруишәлидің Сұлтан Махмудпен ынтымактасып бүліншілік шығарғанын хабарлаған. Патшага бұл хабар қатты әсер етіпті: бұрқанталқан болып, ашуға мініпті. Мәжілістегілер де мазасызыданып, бұл оқыйға жөнінде әрқайсысы өзінше тон пішебастаған. Олар, егер Әлішер Науай жұмсаған болса Дәруишәли мұндай істі сірә бастамаған болар еді, дескен. Уақыйғаны осылай деп бағалау патшаның ойына да дұрыс келген. Ол сол жердің өзінде-ақ Әлішерден сезіктене бастаған. Үәлибек пен Хиясиддин Дехтар өзара кеңесіп, болған уақыйғаны шайып-жууға тырысқан. Дех-

тар патшаға келіп, тәжім етіп, ежелгі әдетімен өзіл арас-
лас сөйлеп: «әлемнің панасы Сұлтан мендей сорлы құ-
лыңызға рұқсат етсеңіз, мен ол бишара кітапханашыны
үстап әкеліп, аяғыңыздың астына тастайын» деген. Пат-
ша Дехтардың бұл батылдығына қарқылдап құліп: «жа-
райды, рұхсат бердік, өнерінді көрсет» депті.

Үәлибек сөзін бітіргенде, Науай құліп Дехтарға қа-
рады.

— Патшаның қаһарға мінуінен тұла бойымыз қалты-
рап кетті, — деді Хиясиддин Дехтар. — Мен күтілмеген
ұсыныс жасап, патшаның қөкірегін кернеген ызының қа-
ра бұлтын серпілттім. Менің бұл құлығым қате емес пе?

— Сіз тіпті қыйсынын тауып кеткен екенсіз, — деді
Науай, басын изеп, макұлдап. — Әрине, Дәруишәли мем-
лекетке бүлік салу ниетімен бас көтермеген болар. Оның
көзделген басқа максаты бар болар... Білмеймін дұрыс-
бұрысын, мен әйтеуір осылай ойлаймын.

— Бұл жөнінде бізде де ешбір күдік жок, — деді қу-
ліп Үәлибек.

— Мен Балхқа барып, Дәруишәлимен келіс сөз жүр-
гізгенімше, бұл жердегі істер де ойымыздағыдан болып
жайғасар, — деді Хиясиддин Дехтар, біресе Науайға, бі-
ресе Үәлибекке қарап.

Науай бір жапырақ қағазды алып Дәриушәлиге хат
жаза бастады. Хатта халықтың, мемлекеттің қамын кө-
бірек ойлап, соған лайық әрекет істеу керектігін, ақыл-
ға, әділеттікке сүйену керектігін, халықтың қамынан гөрі,
өз басының қамын көбірек ойлау — зор қыянат екенді-
гін көржем, өткір сөздермен айтып үғындырды. Өйткені
Науай, Мәждиддин бір күні менің басыма да зыян кел-
тируі мүмкін деген оймен Дәруишәли осылай істеген бо-
лар, деп шамалады. Ақын Мәждиддинді мемлекет үшін
және халық үшін зыянды, астыртын әрекет жүргізетін
жауыз деп білгендіктен, Дәруишәлидің ісін жөн деп тап-
ты. Ҳатты бүктең, Хиясиддин Дехтарға тапсырды. Ара-
дағы келіспеушілікті, егесті тыныштықпен келіс сөз жүр-
гізу арқылы шешу керектігін Дәруишәлиге ауызша айтып
түсіндіруді Дехтарға тағы тапсырды.

Бұлар кеткен соң, ақын осы оқыға жайын ойланған
бастады. Дәруишәли әрекетінің акыры немен тынатын-
дығын ойланды; «таж-такты әділет жұлдызының қау-
һарларымен безелген, көзі ашық, қөкірегі ояу патша-
лардың қоластында өмір сүруді басқа елдің халықтары

да арман етеді,—деп ойлады ақын ішінен.—Бұл не деген пәлекет, біздің елдің патшасына өз елінің халқы қарсы, өзінің жақын адамдарының өзі онан теріс айналуда».

Үшінші күні қалаға тараған «пыш-пыш» әңгімелердің анығына жету үшін Науай ордаға барды. Бұл жерде ол ерекше бір салтанат, сейіл болып жатқандығын сезді. Ескі адал қызметші Бабаәлі жолығып Балхтан бүгін алынған мәліметтерге қарағанда Дәруишәли, егер патша Мәждиддинді үәзірлікten түсірмесе, Сұлтан Махмудпен ынтымақтасып астанаға қарсы жорыққа аттанатындығын білдіргендігін, сол үшін патша қадірлі үәзірін қызметтен босатпақ болғандығын баяндады. Науай өз інісінің әрекеті ел үшін, халық үшін пайдалы болғанына іштей сүйінді. Аяғын шапшаң басып, диуанға кірді. Ұлken жарық, алтындаған бөлмеде бектер, үәзірлер, дін иелері, ұлken әкімдер кердиіп үн қатпай отыр екен. Алдыңғы қатарда басын төмен салып, мұңайып Мәждиддин, оның жанында опасыз Низамулмұлік отыр. Ақын кіріп келгенде отырғандар орындарынан үшып тұрысты. Сәлеммен созылған қолдарды кезек алып Науай төрге қалай жетіп барғанын сезбей де қалды. Науай кенет өні қашып үрей-леңген Мәждиддинмен, үзын кірпіктері жыпықтаған Низамулмұліктің арасына еріксіз отыруға мәжбүр болды. Қөп үзамай көрші бөлменің алтынданған есігі ашылды. Отырғандардың бәрі орындарынан қайта тұрып, бастарын иіп тәжім етті. Мастықтың, дәрменсіздіктің әсерінен теңселе басып, Хұсаин Байқара келді. Келіп өз орнына, жұмысқа тәсекке отыра кетті. Жүрт бойларын түзеп, тік отырды. Патша Мәждиддиннің мемлекет үшін сінірген еңбегін, жүргізген иглікті шараларын қысқаша баяндап өтіп, қызметшілеріне ым қакты. Олар ұлken орамалға оралған нәрсені әкеліп аузын шешті. Хұсаин Байқара алтын оқалы ұлken шапанды алып Мәждиддиннің үстінен жапты да, оған ай сайын жұз мың динар беріліп тұратындығын жариялады. Патшаның мұншалықты мырзалығы отырғандардың бәрін таңдандырыды. Мәждиддин алтын оқалы шапанды киіп, даусы қалтыраң өзінің патшага шексіз берілгендейгін, патшага тілекtestігін білдірді.

Науай жүртпен бірге бақшага шықты. Адамдар топ-топ болып белініп, ымдасып, сыйырласып, сөйлесіп тарасты.

Ізғырық жел ағаштардың басында қалған жапырактарды үзіп түсіріп жатыр. Гүл алаңдарында жазғы көрініс жок. Батып бара жатқан күн көктегі бұлттарды

қызыл түске бояды. Ақын екі қолын арқасына салып, аяғын баяу басып ойға түсті. Оның жүрегі күйдің күшті әсеріне, ақындық пікірдің нұрына бөленулі еді. Бірақ мұның бәрін қазіргі кенет оқыйғаның салқыны басып, ол тәтті қыялышанан айрылды. Отан, мемлекет, халық — бұлар оның үшін ең қасиетті үфым еді. Оның ойлайтыны солардың қамы, солардың қайғысы еді. Мәждиддиннің халықты зарлатқан заманы күшті дауылдың қуатымен көшіп откен қара бұлттай ыбып, көзден ғайып болар. Жер бетінде өмірдің ғұл тарғы да жайнай түсетін болар... Бірақ бұл үшін отаның, мемлекеттің, халықтың қамын ойлайтын адал ниетті адам мемлекет билігін өз қолына алуы керек. Науай патшамен оңаша отырып осы жөніндегі өзінің пікірін айтуды үйғарды. Бірақ ол діуанға жақындей бергенде, мұңайған Уәлибекті көріп, оны шетірекке шығарып алды да, өзінің ойын айтты.

— Элішер мырза, сіздің ойыңыз әлде қайда екен, — деді Уәлибек аңы құлқімен. — Бөрі орнын тулкі басты. Низамұлмұліктің уәзір болғандығын құттықтауыңызға болады.

— Міне әділдік, міне халық қамын ойлаушылық, — деп Науай қатты ыза болды. Ақын аяғын тез басып, сарайдан шығып кетті.

Мәждиддиннің ерекше салтанатпен уақытша орнынан босатылуы Дәруишәліді қанағаттандырғандығы Фиратқа лезде мәлім болды. Хұсаин Байқараны тарғы да мұн басты. Мәждиддин жағындағылар «Науайдың ісі» деп сөз таратудан дамыл таппады. Хұсаин Байқара үшін шынында Дәруишәли емес, Сұлтан Махмут қауыпты еді. Ол еш уақыт қылышын қынабына салмайтын, түс көрсе Хорасанның тәж-тактынан басқаны көрмейтін, патшаның ескі дүшпаны еді. Сол үшін ол Балхқа жорыққа аттанды. Фираттан шығатын күні ол Науайға адам жіберді: — «жылдам аттансын» деді. Ақын келді. Суық түсіп сапарға шығудың қыйын болып қалғандығын айтып, өзін бұл сапардан қалдыруды сүрады.

— Сіз маған қосбасшы болуыңыз керек, — деді жорыққа шығуға әдейі әзірленіп, жол киімін киініп алған Хұсаин Байқара.

Науай өзі жөнінде патшаның бір күдігі барлығын ту-сіне қойды, амал не, ол жорыққа аттануға мәжбур болды...

Хұсаин Байқара үйренішті әдетімен жолға әзірленіп,

үлкен сан-салтанатпен астанадан шықты. Даланы күнрентіп басшылары мен қосшыларын алып шыққан патша жол-жөнекей жүруден тұруды көбірек көздең, жол жөнекей аң аулап, серуен жасап көңіл көтеруде болды. Ол Мұғрап өзеніне жеткен кезде күтпеген жерден Хожа Хиясиддин кездесе кетті. Ол атынан түсे салып, Хұсаин Байқараңың жаңына келіп, дағды, салт бойынша патшаның етігін сүйді. Соңан соң үш-төрт адым шегінді де, патшага тәжім етіп, алғыс айтты. Барлық ғылымнан хабары бар, көп өнерді білетін Дехтар мүндай тәжім етудің, ресми түрде құлдық үрудың жайын жақсы білуші еді.

— Халық алдында берген уәденіз не болды? Сіздің батырлығыңызды елі көргеніміз жоқ қой, — деді, патша даусын жорта қаттырақ шығарып.

— Е патшам, — деді қолын кеудесіне қойып Дехтар. — Алдыңызда тұрған құл алған міндетін орындаш шықты. Құнәлі, сотқар құлыңыз қазір менің шенгелімде. Жапан далада кісен болмағандықтан аяқ қолын байлаш алдыңызға экеле алмадым. Егер сіз рұхсат етсеңіз, қазір «базарға» барып, бір ўстага шынжыр істетіп, алдыңызға шынжырлап алып келемін.

Патша қуанып кетті. Қасындағыларға масаттанып, күліп қарады. Ол бір аздан кейін Дәруишәлінің қай жerde екенін сұрады. Дехтар оның бұл жерден үш сағаттық жолда екенін және оның тәубе етіп өз патшасымен кездесуге ынтық екендігін баян етті. Хұсаин Байқара бірден қабағын шытып ойға қалды. Біраздан кейін Дехтарға мынадай бўйрық берді:

— Алдыма келсің, мен оның күнәсін кештім!

— Патшаның бұл әмірі Мәждиддин жағындағылардан басқалардың берін қуантты.

Патша Дәруишәліді Мұғрап өзенінің жағасында қабылдады. Мәждиддин қызыметінен алынғаннан кейін, ешқандай алауыздық жоқ екенін айтты. Хұсаин Байқара Дәруишәлідің шатырында үлкен сый құрмет көріп өзінің көрсетілген құрметтке мейлінше^{*} риза болғандығын баяндады. Бірге Балхқа барып, көктем шығысымен Махмұд Сұлтанға карсы жорыққа аттанбақ болып сөз байласты.

Қосын Балхқа қарай аттанды. Хұсаин Байқара Балхта әмір Аргұн дегеннің «шарбағына» қонды. Патша күнсүйк, бұлтты, көңілсіз болса да, уақытты Фираттағыдай

көніл қоштықпен өткізуге тырысты, сауық-сайран жасап уақытын шаттықта өткізіп жүрді. Кейде мергендерді жыйнап алғып, аңға шығып, қарлы далада сейіл құратын болды.

Науай Балхта біркелкі өмір сүрді. Патшаның маңындағы жігіттерден, үлкен әкімдерден, әңгімелілерден аулақта, патша ордасындағы думандардан аулақта өмір сүріп, өзінің барлық уақытын іспен, ойынмен өткізді. Ақын өзінің осы сапарға шығуын орынсыз деп тауып, өзін бір қапастағыдай сезетін-ді. Бұл қаланың әкімдері, ғалымдары оған жиі-жиі келіп әңгімелесіп, өздерінің жазғандарын көрсететін. Олар көбінесе жақсы кеңес естіп, немесе сыйлық алғып, көңілдерін көтеріп қайтатын. Ақын кейде қаланы айналып, оның тарихымен, қазіргі өмірімен танысадын.

Қалың биік дуалдармен коршалған Балх қаласы бір кездерде саудамен, өз кәсіпшілерінің өнерпаздығымен даңқы шыққан үлкен, қызықты қала еді. Шыңғысханның әскерлері келіп шапқан заманда өзінің азаттығын корғау үшін қатты айқасқан болатын. Алайда жүрген жолын жалмап-жүтүп келе жатқан қалмақтың қалың қолына Балх төтеп бере алмап еді. Барған сайын әлсірей түсіп, акырында берілуғе мәжбүр болды, қала өртелді, тоналды, он мындаған бастар тәжім етіп бағынды, он мындаған бастарды қылыш кесті. Осы қаралы оқыйғадан кейін Балх ондала алған жоқ. Сонан берлі жүздеген жылдар етсе де қаладағы өмірдің сүркү келмей қойды. Тәнге шыққан күйдіргінің өмір бақый қалатын таңбасындағы-ақ маңғұлдар салған ойранның ізі әлі жойылған жоқ еді.

Ақын болып өткен соғыстың ойранын көріп қасретке түсетін, қабағын шытатын. Ойы шексіз тарихты аралап, бір кезде болған өрттін көрінісі көз алдында елестеп, бұрынғыдан да мұңая түсетін. Ол тарихта сондай елді ойрандаған, дүниені бұлдірген адамдарға қарсы, адам баласының көксегенін жүзеге асыратын, әділетті сактайтын батырларды іздең көп ойланушы еді...

Қыстың ызғары қайта бастады. Үйлердің іргесіндегі қар, төбеде шүмектеп қатқан мұздар еріді. Ағаштар жапырақ ашып, жасылдана бастады. Ҳұсайн Байқара жолға шығуға әзірленді. Бет-бетімен бытырап жүрген нөкерлер қайта топталада бастады. Қол өнершілер кару-жарық, оқ дәрі жасауға кірісті.

Жан біткенді жадыратқан көктемнің көркем құндерінің біріндегі Хұсайн Байқара Сұлтан Махмұдке қарсы жорыққа аттанатындығын хабарлады. Жауынгерлер жорыққа аттануға сақадай сай болды. Хұсайн Байқара өзінің қосшыларымен, нөкерлерімен бірге «Шахар Бах» дан шықты. Керней-сырнай даланы жаңғыртты. Аттар алыстан көк теніздей болып көрінген көгілдір далаға үмтүліп кісінеседі. Науайдың жуас, келісті жорғасы да сулығын шайнап, құлақтарын біздей қадап, жер тепсініп тұр. Токым жабдықтары алтын күміспен қапталған, аттары ойнақшып тұрган өр көкірек бектердің қол астындағы әскерлердің, кейбір топтары жолға шыға бастады. Хұсайн Байқара әдейі қызметшісін жіберіп, Науайды шақырып алды.

— Сіз Балхта қалып, біз қайтып оралғанша осы өлкенің билігін өз қолыңыза алыңыз, — деп бұйырды Хұсайн Байқара.

Науай күтпеген жерден берілген бұл бүйрыққа таңданды. Бұл жөнінде оған бір ауыз сез айтылмаған еді. Сенім білдіріп тапсырғансоң қабылдамауға Науайдың ешбір себебі, дәлелі жоқ еді.

— Бұл тапсырылған жұмыс жауынгерлік жорыққа аттанудан женіл соқпас, бірақ амал жоқ, қабылдаймыз дағы, — деді, Науай күлімсірец.

Хұсайн Байқара көнілді және жайдары еді. Ол қасындағыларға нешетүрлі бүйрыктар беріп, сез арасында әзіл қатып келе жатты. Ат үстінде тұңжырап келе жатқан Дәруишәли, оң жағында кердиіп келе жатқан Низамулмұлікпен және басқалармен қызу әңгімелесіп, ойнап-куліп, жасыл далада кару-жарактары құнге шағылышып келе жатқан әскер бөлімдеріне мақтаныш сезімімен қарап бара жатты. Ол көпті көрген көне, тәжрибелі қолбасы Ислім Барластан болашақ соғыстар туралы кеңес сұрауда болды. Жол жүргуге әзірлік істері толық аяқталғаннан кейін, Хұсайн Байқара зор салтанатпен жол тартты.

Науай Балх диуанына келіп, мүндағы жас, кәрі әкімдермен сөйлесіп, мемлекет істерімен танысты. Ол тұнді диуан бөлмелерінің бірінде, кітап оқумен откізді. Ертеңіне түстен кейін өзі адал ниетті деп білген бірнеше қызметшілерді жыйып, кейбір әкімдер, олардың халық арасындағы зұлымдық істері, паракоршалығы жөнінде сөйлесіп отырғанда, бір нөкер кіріп келді:

— Элішер мырза, Дәруишәлиді алып келді, — деп айқайладап жіберді нөкер.

Науай әнгімені тоқтатып, оқыйғаның егжей-тегжейін білмек болып, асырып сыртқа шықты. Өзіне таныс бір жасауыл аяғын алшаң басып, ақынға тәжім етіп амандасты да:

— Ұлы мәртебелі ханның әмірі бойынша біз Дәруишәлиді алып келдік. Сіз оны қамауға тиіссіз, — деді.

Науай ернін тістеп, жерге қарап біраз уақыт үндемей түрді. Қабағы түсіп, түсі сұрланып, қакпа алдында тұрған бір топ аттыларға қарай жүрді. Құралды төрт нөкердің коршауында, аяқ-қолы байлаулы, ат үстінде тұрған Дәруишәлиді көрді. Нөкерлер қол қусырып сәлем берді, ақынның бетіне тура қарай алмай қыйпақтады. Дәруишәли шерлі еді. Ол басын шайқап ағасымен амандасты.

— Бұл не сүмдик, ақылым жетпей тұр, — деді Науай інісіне қарап, ызыға бұлығып.

— Арамызда айтарлықтай ешнәрсе болған жоқ. Олар бізден өш алмақ көрінеді, — деді мұнайып Дәруишәли. Таңырқамай-ақ қойыңыз, мен дереу қапасқа түсуге тиістімін.

— Менен не сұрай келдіңіз, — деді Науай жасауылға тігіліп.

— Қамалдың бастығына бүйрық жазып беріңіз.

— Сіз Балхтың әкімі болғандықтан, мені түрмеге жағуға тиістісіз, — деді кекесін мысқылмен Дәруишәли.

Науай ешнәрсе демей үйге кіріп кетті. Кірген бойда қағаз, қалам алып, бүйрық жаза бастады. Жаны тебреніп қүйініп, көзі қарауытып кетті. Жазып болып қаламын қойды да, бұл неткен қыянат деп ыза болды. Ол інісін өз колымен қамауға тиіс пе? Соншалықты жазығы не? Мәждиддин және басқа сол сияқты опасыздарға жаны қас болғаны үшін бе? Науай каншама қасрет шегіп қыйналса да, бүйрық беруге мәжбүр еді. Хұсаин Байкараның өзіне немесе Дәруишәлиге өштессе оның ақыры жақсы болмайтындығын байқады. Қаламын қолына қайта алып, бүйрықтың соңғы жолдарын жазып, қол қойды да, жасауылға апарып беру үшін есік алдында тұрған нөкерге үсынды. Сейтіп жазық мандайын қолымен қысып тәмен қарап отырып қалды. «Әділ сөзіміз үшін бізден кек алмақ па олар, — деді ол іштей, — неткен жауыздық, екі жүзділік: «су әкелген адам ке-

йіс есітеді, көзе сындырған адам құрмет көреді» деген аталарымыздың сөзі рас болғаны ғой. Сен менің басыма бар пәлені үйсөп дағы мені жендеттеріңің, ел талаушы қаракшыларыңың қатарына қоса алмассың. Мен өз жанымнан кешуге, жанымнан артық отанымнан қол үзіп кетуге риза болармын, бірақ мен әділдікті, шыныңдық сөзді жасыра алмаспын».

ОТЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Жорыққа қатынаспай қалған Туғанбек Фиратта, шахзадасы Мұзаффар мырзаның жанында еді. Ол Мұзаффар мырзаның көнілін көтеру үшін жасаған сейілдерге, ойындарға, көрсеткен құрмет сыйларға әр дәйім қатысып, шахзаданың жанында болатын. Мәжілістерде басқа бектерден гөрі Туғанбектің сөзіне Мұзаффар мырза көбірек көңіл қоятын. Мәждиддин орнынан түсіп қалған соң Туғанбек шахзадаға күшіктей үйір болып алды. Бірақ ол өзінің ескі досын да үмытқан жоқ.

Анға шығудан, сейіл-серуен жасаудан бос уақыттарда Мұзаффар мырзаның жігіттеріне Туғанбек соғыс өнерін үйрететін. Енрат қаласының сыртындағы үлкен, тегіс, кең аланға шығып алып, олар жай ату, атқа мініп қылыштасу, наизаласу, және басқа сол сыйқты өнерлерді үйретіп машиқтайдын. Осы ойындардың кезінде Туғанбек өзінің шеберлігін көрсетіп, жігіттерді тандандырып та қоятын. Сонынан жүресінен отырып жай оғының үшімен жер сзып, қасындағы жігіттерге бұл өнерді қай жерде және кімнен үйренгендейдігін, ол адамның жауынгерлік қасиеттері қандай екендігін мактап айтып қоятын, ол әр сөзін өлшеп салмактап айтатын. Соңан кейін жайлап орнынан тұрып, шекпенінің етегін сілкіп, өзінің сөзін зор ынтамен тындалп отырган жігіттерге бір-бір қарап алып, тағы әңгіме бастайтын. «Бір кездерде Са-марқанда бір батыр өзбек болды. Біз сол батырдың бір өнерін ертөң көрсетеміз» немесе «пәлен уақытта шала манғұл, шала қыпшақ біреумен айқасқанымда ол бір тамаша өнер көрсетті. Мен соның қолынан өз басымды әрең аман сақтап қалдым. Қазір сол есіме түсіп отыр, мен сендерге соны қөрсетейін» — деді.

Бір куні Туғанбек аң аулауға шығып қайтып келісімен Мәждиддиннің бауына келді. Жаздың акыры, жеміс ағаштары жемістің салмағымен міліп тұрған кез еді.

Әдемі гүлдер көзді еріксіз тартады, бірақ шырмауық шатырлардың көбісі бос еді. Бақ ішінде кезіп жүрген, қазірде қайтыс болған Нұрбаба шалдың балаларынан басқа ешкім көрінбеді.

Бір үлкен шатырдың алдына барғанда Туғанбекке жасы он сегіз — жыйырмалар шамасында бір күн кездесті, ол мыс шөлмекпен су алып келе жатыр екен. Туғанбек оған әзіл айтқан болып көзін қысты да, қожайынын шақырып келуді бүйірді.

Жеңіл ақ жібек шапан киген Мәждиддин алдынан қарсы шығып, екінші бір шатырға ертіп апарды. Олар отырған шырмауық шатырдың төрт жағы да ашық еді.

Мәждиддин мансаптан айрылған күннен бері бір тіреғінен айрылғандай, жасып қалған болатын. Ол жүртпен кездескенде бұрынғысынша маңғаздануға тырысса да, тым онша кеуде керे алмайтын. Алайда бүгін ол көнілді, ширак еді. Ол өз адамдары арқылы ордадағы барлық қыйғаларды сұрап біліп тұратын. Патшаның бектермен, уәзірлермен қандай қарым-қатынаста екендігін, патшаның ықласы кімдергे түсіп жүргендігін және басқада қыйғаларды ол бес саусағында жақсы біліп отыратын.

Мәждиддин үлкен мамық жастыққа сүйеніп жамбастады. Машахаты көп үлкен жорыктан патшаның көзге көрінерлік ешнәрсе бітіре алмай келе жатқандығын, екіүш күннен кейін оны қарсы алу үшін алдынан шықпакшы болып отырғандығын айтты. Ол Дәруишәлідің Балхта қамауға алынғандығын патшаның бұған зор сенім артатындығының белгісі деп білді. Осы есінен түскенде оның қалың сақал басқан жүздері нұр жайнайтын. Туғанбек жорыққа қатынасқан бектердің ешбір ерлік көрсете алмағандығы, Хисардың қамалдары қанша берік болғанымен оны басып алып, Сұлтан Махмудтің сазайын беру мүмкіндігі болғандығын айтты. Мәждиддин патшаның жорыктан түк бітірмей қайтқанына бір есептен іштей қуанды. Сұлтан Махмуд жеңіліске үшыраса, патша жеңіске масаттанып, патшаның Низамулмұлікке сенімі артуы мүмкін, ал Әлішер мен оның інісіне көзқарасы өзгеруі мүмкін деп ойлаушы еді. Сондықтан Хисар қамалын басып алу жөніндө ол Туғанбектің пікіріне қосылған жоқ және оған қарсылық та білдірmedі. Ол Туғанбектен Хадиша-бегіммен Низамулмұліктің арасында достық қатынас бола бастады ма, жоқ па — соны сұра-

ды: Туғанбек, неге екенін кім білсін, бір нәрсені есіне түсіргісі келгендей, қысық көздерін сығырайтып бұл жөніндегі өзінің түк білмейтіндігін айтты. Бірақ Низамұл-мұліктің балалары Мұзаффар мырзамен байланысын күшетуге әрекет істеп жатқандығын білдірді...

— Шырағым, не айтып тұрынызы, бұл не деген сөз?— деді Мәждиддин бойын тікте, — Патшаның ең сүйікті үлымен достасудың магнасына жетемісің?

— Ондай пікірлерді біз шараппен шайып тастаймыз,— деп күлді Туғанбек.

— Сіз қандай шара қолданбақсыз, бек?

— Араларына әзәзіл болып түсіп араздастырмақшымын.

Бұл жауапқа уәзірдің риза болғанын байқап, тұғанбек қошасты да жүріп кетті.

Ушінші күні Мәждиддин ежелгі салт бойынша шахزادалармен, бектермен, ұлы мәртебелі әкімдермен және басқа мықтылармен бірге патшаны қарсы алмақ болып қаланың сыртына шықты. Әралуан түсті киімдер қиген қалың топ екі күн жол жүріп кешке таман бір көркем жерге келіп қонды. Қатар-қатар асылған үлкен қазандарда неше алуан тағамдар пісірілді. Патшаны қарсы алушылар тұнді осы жерде өткізді. Барлығы да патшаның жолына қарап, екі көздері төрт болды. Таң ертен алыстан бір шаң көтерілді. Жасауылдар ала құйын болып шауып келіп, патшаның келе жатқанын хабарлады. Жүрттың бәрі асып-сасып үсті-басын жөндеپ атка міністі. Біраздан соң тағы да басқа жасауылдар, патша жанындағы қызметшілер патшаның жақындан қалғанын хабарлады. Алайда жүрттың күте-күте көздері талды, сабырсыздана бастады. Дегенмен патшадан әлі дерек жоқ еді. Ақырында алыстан бір шаң көрінді. Аттар да бір жерде көп күтіп жалақты білем, бір-біріне тиісіп, тістесіп тіпті тебісіп қалып шыдамсыздана бастады. Шан барған сайын қоюлана түсті. Бір кезде адамдардың, аттардың тұлғасы айқынырақ көріне бастады. Күтушілер абыр-сабыр қозғалды. Бектердің және өз нөкерлерінің қоршауында келе жатқан Хұсаин Байқара осы жерге жақындағансоң атының басын тартып, қырық-елу адымдай жерге тоқтады. Әуелі патшаның өз балалары барып тәжім етіп, жеке-жеке амандастып, патшаның үсынған қолын сүйді. Патша әдетте колын кім көрінгенге соза бермейтін. Атағы шыққан, көрнекті мемлекет қызмет-

керлері ғана онымен қол алысты. Бұл патшаның өзі үннататын адамдарға көрсеткен хұрметінің белгісі еді. Мәждиддин дірілдеп кетті. Бірнеше әскер басылары және патшаға жақын ұлықтардан кейін барып Мәждиддин тәжім етті. Бірақ оның алақтаған көздері патшаның қолын көре алған жок. Ол тас төбесінен жай түскендей болды. «Ақ жүзін...» деп бірденелерді күнкілдеді де, оқшau шығып атына қайта мінді. Бір кезде Мәждиддин Хұсаин Байқараның ілгері өтіп кеткенін бір-ак көріп қалды. Ол патшаның соңына еріп бара жатқандардың арасында шаршап-шалығып, мұңайып, жабығып келе жатқан Әлішер Науайды және басқа дос-дүшпандарын көрді. Ол бәрімен де көнілсіз, солғын ғана амандасты, ақырында, қалың аттылардың шаңы астында елеусіз көптің бірі болып қала барды.

Кешке ол шаршап, қалжырап үйіне қайтты. Ол сол бойы бірнеше күн үдайымен үйден шықпады. Ақырында патшаның алдына барып, оның назарын өзіне аударуды үйғарды. Жасанып, сәнденіп сарайға барды. Оған Бабаәлі және басқа бір қатар бектер, қызметшілер кездесті. Ол уәзірлерден патша алдына кіру үшін рұхсат-алып беруді өтінді. Олар бұрынғы бас уәзірдің енді мына мұсәпір болған сыйқын көріп, аяушылық жасап, оның өтінішін орындауға ырыйзалькітарын білдірді. Мәждиддин алыска үзамай, Диван маңында арлы-берлі жүрді. «Жаһан ара» бағы бұрынғыдай көркем, салтанатты еді. Бұрынғы бас уәзір патшаның мұрагері осы жерлерде бір кездерде қандай маңғазданып, кердең басып жүруші еді. Ол кезде осы манда кездескен кіші гірім бектерге көзқырын да салмаушы еді.

Патша алдына кіруге Мәждиддинің рұхсат күткеніне көп уақыт болды. Бір кезде Бабаәлі келіп уәзірдің тілегі қабыл болмай қалғандығын мәлімдеді. Мәждиддин өзін қанща берік тұтуға тырыssa да, түсі өзгеріп, біресе қызырып, біресе бозарып кетті. Оның үстіне Бабаәлінің көзқарасындағы мыскылдың белгісі оның жүргегіне қанжардай кадалды. Ол сарайдан шығып Тұғанбектікіне барды. Эдемі, әшекейлі бөлмелермен, ғул аландарымен қоршалған үлкен қорада өмір қайнауда еді. Жаксы киінген қызметшілер, кемерлері, қанжарлары, қылыштары сәнді жігіттер сапырылысып бірі келіп, бірі кетіп жатты.

Тұғанбек оны кәдімгідей зор ықыласпен қарсы алды,

Оны асыл бүйімдармен безелген әшекейлі үлкен бөлме-
ге кіргізді. Мәждиддин патшаның каталдығы туралы
шағым айтты. Туғанбек патшаның Мәждиддиннен көnlі
қалғандығын сенімді адамдардан естіп білген еді. Пат-
шаның Мәждиддинге салқын қарауының себептерін бай-
қаған еді. Сол үшін оның сөзін ұндемей отырып тыңдаپ
болған соң, Низамұлмұлікті тілдей бастады..

— Мен оны өз қолыммен кекке көтеріп едім. Енді ме-
нің тубіме сол жететік сыйқты, — деді Мәждиддин ауыр
курсініп.

Ол Туғанбекке өзінің Бұрындық барлас және оның
баласы Шұжаиддин Мұхаммед арқылы патшаның ал-
дына кірудің жолын қарастырып жүргендігін айтты.
Мәждиддиннің бүл ойын Туғанбек те үннен.

— Олар қызметі үшін бірдене дәмететін болар —
деді ол.

— Эрине, бес-он мың динар беруге уәде етініз.

— Кім? Мен барамын ба? — деп сүрады Туғанбек.

— Егер мен өзім барсам патшаның көnlіне күдік
тууы мүмкін — деді Мәждиддин, — Сіз Барласпен, оның
баласымен жақсы таныссыз рой. Оның үстіне мен сізден
басқа ешкімге сене алмаймын. Сансыз көп достар қазір
саусакпен санағандай. Олардың өздері де енді менен
қорғанады.

Туғанбек көнді. Ол бүгін кешкес Шұжаиддин Мұхам-
мед Барласпен, ертеңіне оның әкесі Бұрындықпен оңа-
ша кездесуге әрекет жасап бағатындығын айтты.

Мәждиддин осы күндерде тыныштық көрmedі. Бір ай-
дан кейін Барластардан оған жақсы хабар келді. Бел-
гіленген күні Мәждиддин сарайға барып, оп-онай пат-
шаның алдына кірді. Тағы да қалжырап отырған Ҳұсайн
Байқара оны бұрынғысындағай айрықша құрметпен қар-
сы алмаса да, ашық жузбен қарсы алды. Мәждиддин
өзінің патшага деген сүйіспеншілігін, оған жан-тәнімен
берілгендей айтты. Бірақ қызмет жөнінде ол тіс жар-
ған жоқ. Алайда патша есігіндегі ит болса да арманы
түгел болатындығын қайта-қайта айтумен болды. Осы-
дан кейін ол патшага жыйырға мың динар тарту етті
де, рұхсат сұрап сыртқа шықты. Оның көзіне дүние өзі-
нің жарқын бетін бергендей болды. Осы баҳытты күн-
нің құрметіне бір үлкен мереке жасау үшін ол асырып
үйіне қарай жүгірді.

Бүкіл мемлекет билігі қазір Низамұлмұліктің қолында

еді. Ол өзінің көксеген арманына жеткен еді. Оның үстінен Хұсаин Байқара оны мемлекеттің ең қымбатты қау-
нап тасы деп мақтапты деген сөзді әлде неше рет есіт-
кен болатын. Өзінің осы мәртебесін ол өмір бақый сақ-
тап қалуға тырысты. Алайда ол Мәждиддинді өзінің ең
қауыпты жауы деп есептеуші еді. Мәждиддиннің патша
алдында болғанын есіткен соң, кейбір істердің жайын
баяндауды сylтау етіп ол Хұсаин Байқарага барды.
Патша салған жерден сөзді Мәждиддиннен бастады.
Оның тарту әкелгенін айтты. Низамұлмұлік тыжырынып:

— Жыйырма мың динар. Не деген сараптың. Ол
осыдан он есе артық берсе де дәулеті кеміп қалмас
еді ғой, — деді.

— Сіз асырып айтып отырган жоқсыз ба? — деді Хұ-
саин Байқара таңданып.

— Жок, — деді Низамұлмұлік, — оның байлығы қа-
ғазға тізгендей, алаканымызда ғой.

— Оған байлық қайдан келген? — деді патша білуге
құмартып.

— Асырып айтты деп айыптамауының үшін, сізге
анығын айттайын, — деді Низамұлмұлік. — Халықтан
жыйналған салықтың жартысы сіздің қазынаңызға тус-
се, жартысы оның өз қазынасына түсіп отырды ғой.

Хұсаин Байқара сене қоймай, ойланып қалды. Біраз-
дан кейін оны Бұрындық Барластың өтінішімен қабыл
еткендігін, оның қылмыс-қыянаттарын тексеру керек-
тігін айтты. Низамұлмұлік Мәждиддинді сylтау етіп
Бұрындық Барласқа да тас атпақшы болды.

— Сүйікті патшамызың мен мынадай тағы бір қыянат-
ты хабарлауға тиістімін, — деді Низамұлмұлік Патшаға
жақындай түсіп, — Сіз Құндызың сапар шеккенінізде
Бұрындық Барласпен оның баласы Шужайди~~ш~~ Мұхам-
мед біреулергө: егер патша осыдан жеңіліс тапса, онда
біз Шахзадалардың ішінен Уаис мырзаны таққа отыр-
ғызып, соған қызмет істейтін боламыз, дегенді айтты
— деді.

Хұсаин Байқара от басып алғандай ыршып түрекелді,
қалтырап, дірілдеп, ызғарланып айқай салды..

— Мансапкор әке мен баланы және Мәждиддинді та-
банда тұтқынға алу керек, шақыр адамдары — деді
ол.

Низамұлмұлік сыртқа шығып талан-тараждауға, дуре
соғуға шебер бірнеше қызметшілерді ілездे шақыртып

алды. Бүйрықты Хұсаин Байқараның өзі берді. Олар асығып-үсігіп үйден шықкан кезде, Хұсаин Байқара әмір Али-Аткені шақырып келуді бўйырды. Ол өзі қатал мінезді, орта бойлы, озбыр адам еді. Патша оған бірнеше қызметшіні ертіп алып Мәждиддиннің мал-мұлкін түгелімен сарайға экелуді бўйырды.

Екі күннен кейін Низамұлмұлік сарайдағы қоймаларды көріп шығуға патшаны шақырды. Сарайдаң бірнеше қоймалары неше түрлі мұлікке лық толған еді. Хұсаин Байқара сандық-сандық алтын күмістерді, қымбат бағалы тастандарды, каунар жакудтарды көріп таңданып, басын шайқады. Ол тәбе-тәбе үйліп жатқан Үнді, Қытай, Мысыр товарларына, кілемдерге, жібектерге, қымбат бағалы түрліше бўйымдарға караған да жок.

— Егер оны біраз қыйнаса, ол өзінің жасырған мал-мұліктерін де айттар еді, — деді Низамұлмұлік, патшаның құлағына сыйырлап.

Әмір Али-Атке бўл сыйырды есітпесе де мағынасын андай қойды: «әрине қыйнау керек» деді ол. Хұсаин Байқара «қыйнаңыз, бірақ жанына жара түсірменец» деді.

Бір айдан кейін «Жаһан А'ра» сарайының диуаны қасында тергеу басталды. Тергеуге көптеген бектер, патша сарайының қызметшілері және басқалар қатысты. Бұрындық барлас пен оның баласының айыптары мойнына қойылғандықтан, олар қамаудан босатылған еді. Ендігі айыпкер жалғыз Мәждиддин болып қалды. Оны шынжырмен байлап, зынданнан алып келді. Ол қыйнаудан, қайғырудан, көп алдында масқара болғандықтан әбден жүдеп-жадаған, сақал-шашының ағы да бұрынғыдан қоюланған еді. Ол қалжыраулы болса да берілген сұрактарға тәкәппар тұрып жауап беруге тырысты. Сұраулардан кейін Низамұлмұліктің ымдауымен Мәждиддиннің қарауында істеген хатшылар, кішігірім қызметшілер бірінің соңынан бірі шығып, оны қаралай бастады. Олардың сөздерінде шындықпен катар асыра жамандаулар да сезілуші еді. Ақырында Мәждиддин ылажсыз өзіне тағылған айыптардың бәрін мойындауға мәжбүр болды. Тергеу аяқталды.

Мәждиддин енді қалай да босанудың әрекетінде болды. Ол Туғанбек арқылы бас уәзірге арыз етті. Низамұлмұлік егер ол тағы да дүние шығаратын болса күтылу мүмкін екендігін білдірді. Мәждиддин бўған да

көнді. Мәждиддин қалған-құтқан мүліктерін сатып төлеп, енді тіпті күр алакан қалды. Мұнан кейін ол өз жерінде түрғысы келмеді. Оның үстіне Низамұлмұліктің күтпеген жерден тағы да бір пәлеге душар етуі мүмкін екендігін ойлап шошынды.

Бір күні кешке таман Мәждиддин өзінің ескі үйінде Туғанбекпен кездесті. Олар сығырайған шамның жаңында отырып үзақ әңгімелесті. Мәждиддин өзінің өткен өмірін, істеген істерін еске алды.

— Өмірімдегі үлкен катем — Элішер Науанаға істеген дүшпандығым болды. Мен жыйырма жылдан артық уақыт Элішерге карсы әркет істедім, — не істегенім сізге мәлім, — Элішер адад ниетті адам еді, — деді ақырында Мәждиддин қайғырып, қатты күрсініп.

— Я, дұрыс айтасыз, — деді Туғанбек, басын төмен салып, — Элішер Науан құлық-сұмдықты білмейтін адам, жүргегі таза ғой.

— Рас, — деді Мәждиддин тағы күрсініп, — ол қаһар тәксе де, мейрім жасаса да әділдікпен істейді. Ол әрқашан әділеттің адамы. Амал не, уақыт өтті, енді қатаңы түзетуге болмайды.

Туғанбек оның көнілін жұбатуға тырысты. Қожасының көнілін аулау үшін мал мүлік жөнінен көмектесуге әзір екендігіне ишарат жасады. Сөйлесе берсе сөз көп еді, бірақ уақыт өте кеш болып қалған-ды. Туғанбек те, Мәждиддин де орындарынан түрегелді. Мәждиддин Туғанбекті құшақтап: «кош бол досым, енді қайтып көреміз бе, жоқ па, кім білсін» деді. Туғанбек оған тандана қарады.

— Мен қажіге барам. Таң ата жүрем. Жол жабдығымды әзірлеп қойдым. Оқта-текте үй ішімнен хабар алып тұрсаң мен саған екі дүниеде риза болар едім досым, бауырым, — деді жыламсырап Мәждиддин.

— Қажіге баратынызың анық па?

— Анық — деді Мәждиддин күрсініп. Туғанбек онымен қайта құшақтасып: «аман есеп барып қайтыңыз» деді де, далага шығып қараңғыда ғайып болды.

ОТЫЗ БІРІНШІ ТАРАУ

Қысқа үзақ түн қара пердесін жамылса да, «Унсияның» ежелгідей тыныштыққа мұлгіген бөлмелерінде шам-шырақ әлі сөнген жоқ еді. Сол бөлмелердің бірін-

де бастығы Асифи ақын болып бірнеше ақын қызу көңілес күрудада, екінші бір бөлмеде хатшылар кітап көшіріп жазумен шұғылдануда. Тағы бір бөлмеде Шаих Бахлұл мен Саҳиб Дора қабактарын тұкситіп шатраш ойнап отыр.

Науай құптанинан кейін кітапхананы аралап шығып, өзінің бөлмесіне кірді. Текшеден шамды алған кішкене, әдемі кілем жабылған аласа столдың үстіне қойды. Ол «Атақтылар мәжілісі» деген шығармасын бітіруге отырды. Жүйірік қалам ақынның пікіріне ілесіп, қағаз үсітінде жорғалай жөнелді.

«Атақтылар мәжілісі» — бірнеше жүздеген ақындардың өмірі мен шығармаларынан жасалған гүл дестесі еді. Науай Хорасанда және Мауарауиннаһарда өмір сүрген, қазіргі бар ақындарды немесе әлде қашаш көз жұмыған ақындарды, ақындардың шығармаларын құрметтеген оқымыстылар мен ғалымдарды есіне алды. Науай олардың көбін таныйтын, көбісімен хат жазысып отыратын. Олардың арасында мұның достары да, қастары да бар еді. Бірақ Науай олардың өмірін, мінезін, қабілеттін, құшті нे әлсіз жақтарын әділ сынайтын. Адам бойына біткен қасиеттердің бері оның көз алында елестейтін. Бірнеше ауыз сөзбен әр ақынның өмірінің бейнесін, оның адамшилық сыйпатын, өзіне тән қасиетін көрсету керек. Бірнеше ауыз сөзбен әр ақынға лайықты баға беру керек. Оның ойына не бір көңілді оқығалар, көңілді және қоңілсіз көріністер түсті. Науайдың жүзі кейде бірден нұрлана қалады. Ақын, суретші, ғалым мейлі жаман болсын, ақылды болсын, ақмақ болсын, адам болсын, сайтан болсын, — әйтеуір бері де өзінше пікір айтқан. Сол үшін бұл кітапта сол жөнінде бірнеше ауыз сөз айта кетуге керек болады.

Науай шалқыған ойдың, жортқан қаламның, әдемі сездердің әсерімен тұннің көп уақыты өтіп кеткенін сезбей қалды. Ол қаламын стол үстіне қойды. Бармағы аурып қалғанын сезді. Дуалға сүйеніп, басын төмен салып біраз уақыт ойға шомды. Оның ойына аурып жатқан Жами ақын түсті. Журегі елжіреп кетті. Құндіз барғанда нашар халде жатқанын көріп көңілі бұзылған еді.

«Біреуді жіберіп халін білсем бе екен» деп ойлады. Бірақ жаны тынбай, неде болса өзі барып қайтқысы келді. Орнынан турегеліп, шамды өшірді.

Суық жел ақынның бетіне тікендей қадалып, шапаны-

ның етегіне жармасы Даға көзге түртсе көргісіз еді, алыста аландарда нөкерлердің және күзетшілер жаққан оттың жалыны қара түннің бауырын жалап тұрған тәрізді. Әлде қайдан сырнайдың даусы естіледі. Әлде қайда біреулер мұның өз өлеңін әнге қосып айттып жатыр. Аздал ішіп алған бір топ жастар тар көшеден шыға келіп, медресе айналып кетті. Науай олардың ішінен көңілді жас ақындардың өзіне таныс даусын есітті.

Жамидің үйінің алдында, фонар жағылған корада Науай қайғырып тұрған адамдарды көрді. Бұлар Жамидің туыстары, жақындары, достары еді. Науай Жамидің халі туралы ешкіммен сөйлеспесе де, бірден жүрегі суынып қоя берді. Ол үйге кірді. Төрде төсекте жатқан аурудың жанында, оның бір топ достары тұр еді. Жамидің аяқ жағында оның ұлы Зияддин Жұсіп отыр. Жылаудан ісіп кеткен көздері әкесіне қадалуда. Науай аурудың жанына келіп отырып, басына төнді. Сүйіспен шілікке және қасіретке толы бірнеше сөз айтты. Амал қанша, данышпанның көзі ашылмады. Жами талықсып жатыр еді. Науай Абдулхай тәуіпке қарады. Тәуіп оған қарап басын шайқады. Науай буыны дірілдеп, орнынан түрегелді. Көздерінен акқан жас сақалын жуып кетті. Ол әкелік мейрбандықпен Зияддин Жұсіптің басын сыйпады. Отырғандардың ешқайсысы шыдап отыра алмай, бәрі де еңкілдеп жылап қоя берді.

Жами бір мезгіл есін жыйды да, тағы да талып кетті. Науай оның жанында отырған бойдан қозғалмады. Хиясиддин Дехтар Жамидің басында отырып, мұнды дауыспен үздіксіз құран оқып отыр. Соңан соң жүрт орындарынан түрегеліп, әдет бойынша зікір салысты. Ертеңіне аурудың халі бүрынғыдан да нашарлап кетті. Қөп үзамай өлім оны өз құшағына алды. Жаназага бүкіл Фират халқы жыйналды. Ұлы ақынды үлкен құрметпен Саддин Хашқаридың қабыры жанына жерледі.

Жами өлгеннен кейін жеті күн өткен соң Науай өзінің досының күрметіне ас берді. Аста Жами туралы жазылған жырлар оқылды. Қешке таман Науай үйіне шаршап қайтты. Ол Жамидің өлімінен кейін жетім қалғандай, жалғыз қалғандай болды. Ол өлім шенгеліне ілінген басқа да достарын еске түсірді. Өмір мен өлім қайшылықтары жөнінде үлкен ойға кетті. Өмір мен өлім жайындағы дүниелік трагедия оған үлкен ой салды.

Оның ойы, философиясы шарықтап, қонар жер іздең, таудың жар тастары үстіне қалықтаған бұркіттей, көп жүрді.

Ертеде жазған бір өлеңі ақынның ойына түсті:

Неге жолдас етпейін мен шарапты
Артып армаш, қасірет жанға батты
Қара мынау дүниеге, аңла сырын
Аңғарып, білген сайын қайым арты.

Жарық жоқ көк жүзінде мен білмеген,
Аз болса да сырын түсінбegen.
Бірақ жұмбақ келуім дүниеге
Сол сыйқты кетуім дүниеден.

Шұғылданым ғылыммен көмек іздең,
Болдым да бұл жұмбақтың сырын білмең.
Сол мақсатпен достарым адамдармен
Бірақ босқа әурелік болды бұл тек.

Дертіме әулие де етпеді айла
Болмады тәуіптен де келер пайды.
Сыйынған пірімдағы түк берген жоқ
Көмектесер енді кім барам қайда?

Барған сайын басымда іс ауырлады.
Шыдатпады қасірет қатты қыспақ.
Шарап алып қарасам көніл бөліп,
Сынған кесе қолыма тұрмын үстап.

Үлкен шабыттан туған бұл пікір ақынның әсіресе қазіргі күйіне сай келді. Ол ғасырлар бойы табынып келген шындыққа қарағанда бұл өзі анағұрлым мағыналы көрінді. «Күдік — философияның атасы, ақыйқатқа жол ашушы нәрсе болса да, пікір оны үнемі мекен ете алмайды» деді іштей.

Рұхсат сұрап Шайх Бахлұл кіріп келгенде, ол басын көтеріп алды. Сенімді қызметшісі әруақыттағы әдеті бойынша тәжім етіп, бүктелген бірнеше қағазды Науайдың алдына қойды да, шығып кетті. Науай шамданды өзіне жақындастып қойды да, қағаздарды оқый бастады. Бұл қағаздар Бұхара мен Самарқандан келген екі окушының жәрдем сұрап жазған арыздары және бір ақынның жесір қалған әйелі мен жәтім балаларының тұрмыс ауыртпалығын айттып жазған хат еді, ал басқалары дихандардың, колөнершілердің зекетшілер мен қыстак әкімдерінің үстінен берген арыздары еді... Хаттардың бірінде Науайға таныс үй салушы ўста Әбул Мұхсин мырзадан семьясының көрген қорлығы жазылған еді.

Науай бүл арызды қайталап оқып шықты да, күйініп басын шайқады:

«Адам сыпатындағы бүл хайуан тек өкімет басына отырмадай» деп ойлады да, қағазды өз алдына бір папкаға салып қойды.

Сонан кейін барлық өтініштер мен арыз иелерінің тілегін қалайша және немен қанағаттандыру жайын ойлап, бәрін ойында шешті де, көnlі жай тапты.

Күптан намазын оқып болып жұмыс істеуге отыра бергенде хауліде бір шу естілді. Сәлден соң жол киімін киген Дәруишәли кіріп келді. Бауырлар куанысып амандасты. Дәруишәли Балхтағыларға Гираттан күтпеген жерде бүйрық барып, қамаудан босанғанын баяндады.

— «Ақыры баянды болғай еді, білмедім шын кешірім бе, әлде тарту еткен гүліне у сеуіп беріп отыр ма?» — деді.

Науай: «бүл арасын мен де білмеймін» дегендей, ойланып қалды. Дәруишәли күлағына шалынған оқыйғалардың ақыйқатын білуге ынтықты. Науай Мәждиддиннің салтанатының ақыры немен біткендігін баяндағы. Дәруишәли мұны естіп қатты куанды.

— Мәждиддиннің жауыздық әрекеттерінің әшкере-ленуі — деді Науай, — шубәсіз үлкен іс болды. Бірак оның тамыры әлі қырқылған жоқ. Оның табақтастары әлі көп мекемелерді ўялап отыр. Рас, олар бүгін Мәждиддинді жалмауыз, озбыр адам еді деп балағаттамақ болады. Алайда олардың араны аждаһадай ашыла түсіп, елдің мал-мұлкін талан-таражға салуда. Жаңа уәзірдің бұрынғыдан артық жері жоқ.

— Низамұлмұлік пе? — деді Дәруишәли таңданып. Науай оған күле қарап, үқтыра бастады.

— Сіз ак пейіл адамсыз. Адамдарды тек сырт пішініне қарай бағалайсыз... Періште киімін киіп алған за-лымдар бар. Мемлекет басында халық қамын ойлайтын, ўжданы адам, ізгі адамдар жоқ. Сондықтан өмір көгін сарғайып, солып барады.

— Мемлекет ісіне өзгерістер енгізу жөніндегі сіздің пікірлеріңізді патша ілтипатқа алмады ма?

— Бүл мемлекетте өзгерістер жасау, жаналық енгізу мәселесін ауызға алғандарды ең зиянды, күнәлі адам деп айыпта, дарға асады, — деді оған Науай ызала-нып.

Дәруишәли үндемей қалды. Мұңайып, жерге қарап отырған Әлішерге көзінің қыйығымен қарап, катты төбіреніп отырғанын сезе қойды. Ол шығып кетпекші немесе сөздің бетін басқа жаққа бұрмақшы болып тұрғанда, Уәлибек кіріп келді. Уәлибек Дәруишәлидің келгенін естіп жолығуға асықканын айтты. Науай да оны әр-уақыттағыдан қошеметтеп қарсы алды. Түрлі мәселелер жөнінде қызу әңгіме басталды.

Соңынан, әңгіме арасы үзіліп қалған кезде, Уәлибек айтуға кезек күтіп тұрған әңгімесін бастап жіберді. Ол жасырын хабарларға және қайбір оқыйғаларға қарғанда Бадуиззаманның Астрабадта көтеріліс жасау әрекетінө кіріскең, оның Қандыхар әкімі Зунун Арғұнбекпен біріккендігі туралы және басқалар туралы айтты.

Науай оның сөзін ден қойып тыңдалып отырып, шыдай алмай, ашуланып қолымен тізесін салып қалды.

— Бұл оқыйғаның шындыққа сәйкес жері бар, — дед!, ол күйініп. — Бадуиззаманғана емес, шахзадалардың қайсы болса да көкіргегінде осындағы қара ниет сактауда. Ал ак қөнілді, кең пейілді байсалды Зунун Арғұнбектің бұл бүліншілікке қатысуына жол болсын! Оның себебі Фиратта оған қастық ойлаушылар бар. Арғұнбек Қандыхар өз уалағында жаман іс істеген жок. Ол нәкерлерге жақсы қарайды, олардың санын барған саяын көбейте түсуде. Ал бұзықтықтан басқа өнері жок бір адамдар оны патшага үнемі жамандайтын көрінеді, Сондықтан Арғұнбек өзіне пана ізгеден болу керек. Бадуиззаман осы кезеңді пайдалана қойған фой.

— Тақсыр, бұл оқыйғаларды есіткен бе едіңіз? — деп сұрады Уәлибек таңданып.

— Жок, — деді Науай.

— Себептерін дүрыс айттыңыз фой.

— Сөзіңізге қарағанда, мұнан тек осындағы қортынды жасауға болады, — деп жауап берді Науай. — Бірақ біз ешқашан мұндай бүліншіліктерге жол бермеуіміз керек. Босқа қан төгуден, ел ішіне іріткі салудан аскан қылмыс жок. Жалған достық, ағайыншылдық пердесін бүркенген өзара дүшпандықтың жалыны қаулап өртке айналуда. Жең ішіне тығулы ұлы қанжарлар ызылды кекті адамдардың қолында бірден жарқырайды. Біз мұның орнына шахзадалардың біреуі ел үшін пайдалы, жақсылық іс істер деп үміттеніп едік... Жок, олай болмады.

— Эрине, — деді, ойланып Үәлибек. — Патшаның үй ішінің адамдары бір-біріне ит пен мысықтай. Әскер бір-біріне жау топтарға бөлінуде, біз, бектер, бір-бірімізben соғысадамыз.

— Темір үрпағында бұл ауру сірә жоғалмас. Тек ақыры қайырлы болғай, — деді Дәруишәли, өзінен-өзі.

Дастархан жайылып бір табақ ет, бір табақ құймак экелінді. Бірақ бұлардың тамакқа зауқы жоқ еді. Ауыз тиді де қойды. Үәлибек пен Дәруишәли кош айтысып шығып кеткеннен кейін, Науай дерек қалам, қағаз алып Бадуиззаманға хат жазуға кірісті. Ашу, ыза үстінде жазылған сөздердің кейбір сөйлемдері жүректі шымшып алғандай еді. Хатты қайта оқып тұрып сол ацы сөздерді қайтадан ойға, ақылға салды. Алайда оның ешбір сөзін өзгерктің келмеді. Ақын хатты жазып болғанда, көкіргінен шері тарағандай, біраз жеңілденіп қалды. Ол үйқыға жатты.

Ертеңіне таңертегі тамақтан кейін Науай сенімді шабармандардың бірін шақырып алып хатты берді де. Астрabadқа тез жөнеліп, Бадуиззаманның өз колына табыс етуді үғындырды. Ссыдан кейін диуанханаға кетті.

Қаламдарының үшін жалқаулана шыгарып, жұмысқа кірісуге еріп, оны-мұны әңгіме етіп отырған хатшылар Науай кіріп қелгенде тым-тырыс бола қалды. Бұлардың ішінде Шахрох мырзаның дәүірінің ақырғы жылдарында қызметке қіріп, қазір белі бүгіліп болған шалдармен қатар, мұрты жана тап беріп келе жатқан жас жігітер де бар еді. Науай хатшылар болмесінен өтіп, төргі бөлмеге кірді. Низамұлмұлік жалғыз отыр екен. Атлас көрпе үстінде оқалы шапан киіп отырған бас уәзір орнынан тұрып амандасты да, ақынды құрметтеп жанынан орын берді. «Қандай қызметіңізге болса да әзірмін» деді арамзалықпен мәймәнкелеп. Науай қалтасынан бір уыс бүктеулі қағаздарды алып, Низамұлмұліктің алдына қойды.

— Бұл мәселелерді тез шешу керек, — деді Науай.

Низамұлмұлік қағаздарды бір-бірлеп жазып, оқып шықты.

— Бұл сыйкты істерге сіз сыйкты әмір өзінің қымбат уақытын шығын қылмаса да болар еді, — деді Низамұлмұлік, қою қастарың тыжырып.

— Неге? — деп сұрады Науай, уәзірге тігіле қарап.

— Халықтың айтқанына күлак салсаңыз, шағымдардың астында қаласыз. Оларға өздерің өзара бітісе беріндер деп өте шығу керек кой, — деп Низамұлмұлік күлді. — Оның үстіне олардың сізге шағым айтуының не орны бар? Бұл үшін арнаулы мекемелер және міндетті қызметкерлер бар емес пел!

Науай халықтың ол мекемелерден, мекемедегі әкімдерден өзінің жарасына ем болғандай ешнәрсе күтпейтіндігін, зұлымдықтың қанжары халықтың кеңірдегінө таянғанын айтты. Бұл шағымдардың тез арада тексерілуін талап етті.

— Халық әкімдерге, амалдарларға жаман көзben қарайды, қай уақытта болса да бұл өзі осылай болып келген гой.

— Халық қателеспейді, — деді Науай. Жыланға өз көкірегінен кім орын берсін.

— Айып тағылған адамдар, — деді Низамұлмұлік маңғазданып, — мемлекеттің адал қызметшілері... Олардың қадірін түсіру жақсы емес, әрине.

— Бұл мемлекетте, — деді Науай шыдай алмай, — зындандар, неше түрлі жазалар, бұғаулар, дар, ағаштар бар. Олар кім үшін? Әділет мемлекеттерде мүндай шаралар тек жәбірлеушілер үшін қолданылады. Жауыздардың мемлекетке сіңірген еңбегі сол, мемлекеттің өзінің тамырына балта шабу.

Бұл сөз бас уәзірдің қытығына тиді. Науайға қадала қарады. Науайдың жүзінде қаһарлы күштің, ызының, манындағылардың бәрін жоқ қылып жіберуге дайын түрған қаһардың белгісі бар еді. Низамұлмұлік орнынан ўшып тұрды. Қарамағындағы қызметшілердің біреуін шақырып алып, хаттар мен арыздарды колына беріп: «Тез қазыға барып, сонымен бірге осы қағаздардың мазмұнына қанығыңыз» деді. Қызметші шығып бара жатқанда Науай оны тоқтатты да:

— Арыздардың нәтижесін бізге қашан хабарлайсыз? — деді.

Қызметші жалт қарап тәжім етті де: «Сізге ме; тексеру, тергеу біткен күні-ақ өзім барып хабарлайын» деді, сасқалактап.

Науай сыртқа шықты. Күн біресе бұлтқа кіріп, біресе аспанды нұрға бөлеп бұлттан шығады. Ақын шаршы

кірпіштер төсөлген жолмен баяу жүріп, басқы сарайға барды. Есік алдында тұрған қызметшіге патша алдына кіргісі келетіндігін білдірді. Көп күтпей-ақ рұхсат алды. Хұсаин Байқара бұлармен соңғы кезде сирек кездесіп жүргендіктен бе немесе көңлі көтеріңкі болғандықтан ба, әйтеуір Науайды ашық жүзбен қарсы алды. Бір қатар уақыт үсақ-түйек нәрселерді сөз қылып отырысты. Қызық думан, арак-шарап патшаның тек сырт көрінісіне ғана емес, оның рухани бейнесіне де із қалдыраған еді. Сөзінде тұрақ жоқ еді. Табан астынан біреулерді дәлелсіз мактайды жөнеледі, ол адам дәл сол кезде жолыға қалса, оны сүйіп алуға да әзір тұрады. Сол сыйқты ол кейбіреулерді түк дәлелсіз жамандай салады. Сөйтсе де оның қысық көздерінде әлі де болса құлықтың, залымдықтың оты ойнаушы еді. Науай кезегі келгенде қолтырындағы қағазын алып оған үсынды. Хұсаин Байқара ішкіліктен сүзілген жылтыраған көзіне қағазды таяу үстап оқып шықты да, тізесіне қойды. «Қайдағы бір бас қатыратын әңгімені қайдан тауып аласың» дегендегү түсін суытып үндемей қалды. Науай жауап талап еткендей қадала қарап отыра берді. Ақырында Хұсаин Байқара қағазды қолына қайта алып: «Қандай жаза немесе шара қолдануды макұл көресің» деп сұрады да, жауабын күтпестен, сенімін актамаған балаларын жамандай жөнелді.

Ол сейлеп болған соң Науай патша әuletінің барлық жүртқа үлгілі болуы керек екенін, ал бірақ олардың бұлай болып шықпағанын айтып: «бұл істі сіздің өз үжданынызға салам. Мемлекеттің занына патша да, кайыршы да бас июге тиіс екендігін сізге мен әлде неше рет айтқан болатынмың, сол сөзімді тағы айтамың» — деді. Хұсаин Байқара бұл жөнінде Шайхұлисляммен кеңесіп, шарифатқа лайық баласын жазалауға уәде берген соң, Науай құлдық қылып орнынан түрегелді.

Тұнде қатып қалған көше күн нұрымен еріп, былышбылш балшық болған еді. Ақын кебісін былғамайын деп, көшениң шетімен абайлап жүріп келеді. Үлкен-кішінің бәрі оған сәлем беріп, ол алдынан өтіп кеткеншे орнынан жылжымай тұрады. Ол «Ұнсия» ға кірмей, медресенің артындағы косымша үйлердің біріне кірді. Айнала үлкен-кіші бөлмелермен қоршалған үлкен қора-

да ондаган қызметшілер өздерінің күнделікті жұмыстарын асығып-ұсығып орындауда еді. Біреулері десте-десте болып қаланған жұздеген табактарды, ілегендерді жууда, біреулері үлкен көзелермен су тасып жұр. Енді біреулері етектерінің шалғайын белбауына қыстырып алғып, қатар құрылған үлкен қазандардың астындағы ошакқа отын салып, тутіннен жасаураған көздерін үқалауда. Үлкен кепкір ағаш шөміш үстаған, маш жеңен қораздай қып қызыл аспаздар қазан басында асыға қыймылдауда еді. Бұл жерде Науай кедейлерге, жетім-жесірлерге, мүгедектерге ас таратып беретін. Ол әр қазанның басына келіп, бүгін не тамақ пісріліп жатқанын, қанша ет, май, қанша дән салғандығын сұрасындыры. Аспаздардың өнері туралы біреудің шығарған өлеңдерін айтып, маңындағыларды құлдірді. Сонан соң әзіл сықаққа көшті. Эзілдей келгенде аспаздар да, басқа қызметшілер де онай келген жоқ. Науай ішегі қатып күліп:

«Көбейіп кеттіндер. Бір-бірден шұқысандар да, мені пара-пара етерсіндер» деді.

Келушілерді ешбір күттірмей тамақты тәртіппен таратуды тапсырды да Науай жүріп кетті.

«Унсия»ға кіріп өзінің бөлмесінде біраз дем алды. Сонан кейін тосыннан келіп қалған Әмір Мұртазебен шатыраш ойнады. Әмір Мұртаз бұл ойында шеберлердің бірі еді — ойыншы табылса барлық нәрсені, медреседе беретін сабактарын да үмытып кететін. Шатыраш құмар бұл ғалыммен Науай сирек ойнайтын-ды. Өте ықтыятыпен ойнап, ойында екі рет тең шықты да, осы абыройын сақтау үшін, Әмір Мұртаз ойнайық деп қыс-таса да, ойынды доғарды. Песін намазынан кейін бірге тамақтанып Ханақахқа барды.

Ханақах әруақыттағыдай келбетті, маңғаз, тәқаппар көріністі еді. Төңректің бәрі тазартылған, есі дерті оку-үйрену болған адамдардың нәзік көңіліне жеректі нәрсelerдің бәрін әзірлеу үшін қызметшілер ағының үшінан басып безектеп жүгіріп жұр. Науай өзінің көнілдесі Мирхондтың бөлмесіне бастап кірді. Жасы бір талайға келіп қалған, барлық ғалымдар сыйқты, жаңғалак, өз заманының ұлы тарихшысы — оларды хұрметтеп қарсы алды. Мирхондтың он екі жастағы немересі Хия-сiddин Мұхамед Хандамир үлкен кісілердей маңғазда-

нып, әдеппен сәлем берді. Ол Науайды өзінің бабасында жақсы көретін еді. Бала бабасының төңірегінде қалаулы тұрған кітаптарды аударыстырып, тәртіпке салды. Әуелі отырган жерінен төменірекке өтіп, данышпан шалдардың сөзін тыңдау үшін ақылды көздерін соларға тікті. Науай Мирхондтың хал жайын сұрап білгеннен кейін, оның немересімен сөйлесе бастады — ол талапты, әдепті баламен сөйлесуге ынтық еді.

Науай соңғы уақытта тарихи жаңа кітаптардың қандайын оқығандығын сұрады... Хандамир бұнеше елеулі кітаптарды атады. Науай мен Әмір Мұртаз оның оқыған кітаптарын үннatty.

Хандамир әрқашан өзінің бабасымен бірге отыратын. Оның төңірегінде ғалымдар көп болатын. Бала бабасының алдына жиі қедіп жүретін ғалымдердің, көркем өнердің көрнекті адамдарының сөзіне құлақ қойып, ғылымға, әсіресе тарих ғылымына көбірек көңіл белуші еді. Бұл жөнінде ол көптеген кітаптарды оқып шықкан. Оның бабасы Науайдың айтуымен көп жылдардан бері осы бөлmede отырып, құндіз-тұні «Тазалық бағы» деген тарихи шығарманы жазып жүр. Бала бұл шығарманың жазылып біткен тарауларын калдырмай оқыйды.

Карт Мирхонд өзінің немересін мактан етеді: «Әлхамдулла, маған көмекші болып қалды. Бұл өзі кейбір жазғандарымды көшіріп береді, көзім жарамай кейбір ескі кітаптарды оқый алмасам, дауыстап оқып беріп тұрады. Мен өзімнің барлық өмірімді тарих ғылымына арнаймын, бұл ғылым менен кейін де жетімсіремейді» деп ойлады.

Науай мен Әмір Мұртаз карт ғалымның пікірін қостады. Әмір Мұртаз Хандимирге математика ғылымы жөнінде де бір қатар мәліметтер білудің қажеттігін үғындырды.

Науай «Тазалық бағы» атты шығарманың не қүйде екендігін сұрады. Мирхонд он жақта текшеде тұрған кітаптардың үстіндегі десте-десте қағаздарды алып: «тәртінші томын бітірдік. Үйінізге алып кетіп оқып, пікіріңізді айтуыңызы сұраймын» деді. Науай мен Әмір Мұртаз кітаптың беттерін асықпай ауыстырып, оның әр тарауын көз алдынан өткізді. Науай дәптерлерді алып папкасына салды да, жанына қойды.

— Әмір нағажайдай тез өте шығады, — деді Мирхонд

мүнланып, қалған өмірімнің ішінде бұл кітапты жазып бітіруді тәңрім нәсіп етсе жаар еді.

— Жазып бітіруге сіз уәде бергенсіз, оны орындаамайынша сізді ешқайда жібермейміз, етегіңізден ўстап айырылмаймыз, — деді Науай әзілдеп.

— Бұгін көnlіңіз жабырқаңы ғой, — деді ежелгі әдетімен әзілдеп Әмір Мұртаз, — шарап ішелік, көңіл ашылсын, еңде көтерілсін.

— Дұрыс, — деді Науай.

Мирхонд думан-сауықтың көңіл өсіретіндігі жөнінде тағы басқа жайында мағналы көркем әңгімелер айтты, өзінің жарлылығын баяндады. Науай тарихшының терең мағналы сөзін, ақ пейілділігін сүйетін. Ғалымның бұл пығылы оның қарттық дәүірінде бұрынғыдан да кеңеіп, бұрынғыдан да мағналы, көрікті болған еді. Біраздан соң Сұлтанмұрат және бірнеше ғалымдар, ақындар жыйналып, өлең-жыр, көркемөнер жөнінде әңгіме қыза түсті. Олар мәселенің маңызы, мағнасы жөнінде, кейбір күңгірт қалып келе жатқан мәселелер жөнінде, кейбір сыншылардың пікірі жөнінде Науаймен кеңесті. Олардың әрқайсысы өздерінің шығармаларын Науайдың үнатуын көздеді. Сұлтанмұрат ғылымның барлық салалары жөнінде мәлімет беретін «Ғалымдар жыйнағы» атты бір кітап жазбақшы болып жүргендігін айттып, Науайды қуандырды. Ақын өз заманы мәдениетінің жарық жүлдзыздары, ой пікірлердің қайнар бұлағы болған бұл ғалымдардың мүнда да жоғары дәрежеге көтерілуіне тілекtes екендігін білдірді. Сонымен қатар өзінің кітапханасының есігі олар үшін әрқашан ашық екендігін айтты.

Сағат бесті сокты. Мұхаммед Мирақ Наққаш жасаған сағат Мирхондтың бір бөлмесіне қойылған еді. Бұл сағат үлкен жәшіктің ішіне орнатылып оның ішінде ағаштан жасалған бір адам қолына таяқ алғып, алдындағы барабанды үрүп, сағатты көрсетіп тұратын. Бұгінгі әңгіменің қыза түскендігі сонша, отырғандардың әрқайсысы сағаттың соққанын есітпей де қалды. Сағат үрған сайын оған қызығып қарап тұратын Хандамир де оны мүлдем үмытып кетті. Тек терезеден көрініп тұрған және шығып келе жатқан күннің сәулесімен нұрлана түскен мұнараның үстінен шығып сопы азанын айтқан кезде ғана, жыйналғандар асығып орындарынан тұрды

ОТЫЗ ЕҚІНШІ ТАРАУ

Әуелті үрыста Хисармән жасалған бітім екі жағы үшін де уақытша нәрсе еді. Сәтсіз сапарға ренжіген Хұсаин Байқара дүшпан жағында не істеліп жатканын біліп андысуда болды. Хисарлықтар да ескі дүшпандарының аңысын андал, қанжарын қынабына салмаған еді. Әсіресе Хұсаин Байқарадай үлық, мәртебелі, тәж-рибелі атақты патшаның осыншама көп кол жыйнап келіп, ешнәрсе бітіре алмай бітім жасаумен тынығыға мәжбүр бөлуы олардың қоңілін бұрынғыдан да көтере түскен еді. Хисарлықтар Фиратқа қарсы астыртын әрекетін тоқтатқан жоқ-ты.

Арада үш—төрт жыл өткен соң, 1497 жылы Хұсаин Байқара көп әскер жыйнап, Хисарға аттанды. Бұл жорықка Мұзаффар мырза және басқа шахзадалар өздерінің әскерлерімен түгел қатысты.

Хұсаин Байқара Аму дарияның жағасына, Термез қаласының тұсына келіп тоқтады. Жәрдем беру үшін Астрabadтан Бадуиззаманның әскерлері келіп қосылды. Дүшпанның әскерлері сұltан Масуд мырза қол астындағы Аму дарияның екінші жағасындағы, Термез қаласында еді. Қысқы уақыт және дүшпанның сақтығы Хұсаин Байқараның шабуыл жасауына мүмкіндік берmedі. Ол қыс айларын су жағасында өткізуге мәжбүр болды. Қоқтем белгілері байқалысымен Хұсаин Байқара дүшпанға мәндайдан соққы беруге бата алмай, бүйірден тиуге бел байлады. Аму дарияның бойымен өрлеп, Күндыз уәляятына карай қозғалды. Бес — алты жұз епті, ысылған жігіттерге дариядан жүзіп өтуге бүйрық берді...

Бұл отряд дарияның арғы бетіне өтіп, жағаға бекіп алғанын көргенде Термезде жатқан Сұлтан Масуд есі кетіп, қатты сағты. Бектердің кеңесуге де сабыры қалмады. Судан өткен дүшпан тобын жоюдың орнына, жеңіліске үшыраған әскердей, алды-артына қарамастан Хисарға карай қашты. Дүшпанның берекесі қашқанын пайдалана білген Хұсаин Байқара өзінің әскерімен Аму дариядан өтіп және дүшпан күшін бір-бірінен ретке салып, Бадуиззаманды бірнеше бектермен бірге Күндызға жіберді. Өзі Хисарға карай аттанып, қамалды коршап алды.

Хұсаин Байқара Хисарға жақын барса да, жаудың кейбір әскер басшылары қашып кетсе де, Хисардың қамалынға басып кіре алмады. Хұсаин Байқара қосын ті-

гіп, қамалды алудың жолын қарастырды. Қамалды алудың жолын біледі деген бектер қамалды зерттеуге, оның әлсіз жерлерін табуға тырысты. Шабуыл жасамақ болған жердің бәрінен де таудай кедергі кездесе берді. Бұл қамалды алу қыйыншылықтары әскер басшылардың талайының басын қатырды.

Тұғанбектің жігіттік дәуіріндегі әскери шеберліктері есіне түсіп, жауынгерлік шабыты тасып жүрді. Ол соғыс өнерін тұа білген кісідей мардамсып жүрген кейбір бектердің алдында таң қаларлық бр өнер көрсетіп, патша мен өз досы шахзаданың алдында көзге тусу үшін жаңын салды.

Күндіз-тұні бірдей жұмыс қызып жатты. Жұздеген жігіт қамалдың түбіне үлкен қазандарды төңкөріп, ішіне жарылғыш заттарды толтырып, қамалды бұзуға әрекет жасап бақты. Қамалдың әлсіз деген жерлерін тауып, сол жерден тас атқылай бастады. Үстінен арба жүргендей қалың дуал таудың тасымен атқыласа да былқ етер емес еді.

Қамал ішіндегілер де қарап жатқан жоқ. Олар қамалдың қалың қабырғасының үстінен оқ жаудырып жатты. Кейбір оқтар алысқа үшып, адамға не атқа тиіп, ауыр садақтарды тарта білетін батырларды қатты таңыркattы. Бұл жағдай дүшпан әскерлерінің сапында тамаша жігіттер бар екендігін көрсетуші еді.

Қамал ішіндегілер кейде қамал қабырғасының түбіне келіп, шоғырланған жігіттерге от лактырып, қайнаған су құйып, қабырғаны кеулей бастағандарға ішкөріден тутиң жіберіп, тұншықтырып әуреге салуда болды.

Хұсаин Байқара қамалдың солтустік жағына, алысқа шатыр тіккен еді. Оның бір кездерде қылышты шын батырша сермеген қолдарынан қайрат кетіп, қажыған кезі еді. Ол енді атқа да міне алмай, жаяу жүргеннің өзінде теңселіп, әрең жүретін-ді. Оны нөкөрлері не арбаға мінгізіп немесе зембілге салып көтеріп жүретін болған. Хұсаин Байқара бұл жолы да жорықтың жеңіспен аяклатынына күмәнденип хасірет шегуде болды. Ол бектермен кепесіп оларды жан аямай қыймылдауға үндейтін. Кейде жаудың жендіре қоймағанына ызаланып, кейде жігіттеріне жылы сөйлеп, оларды жігерлендіруге тырысатын. Кейде өлген бектерін еске түсіріп батырлық істеперін әңгіме қылатын. Сонымен қатар оның салтанатты шатырында ойын, сауық өшкашан үзілмейтін.

Жауынгер жігіттердің жүректері алтып-ұшып, қолдары қышып, қолма-қол айқасқа түсетін күндерді аңсады. Кейде дүшпан оларға жұмыс тауып берп те жүрді. Тұнде, тас қараңғыда жұздеген батыр жігіттер қакпадан шығып, тұн қараңғысын жамылып ұрыс салып, патша әскерлеріне құйынданай тиіп берекесін қашырып қайтатын. Бірақ олар патша әскерлерін аяғынан тік тұрғызып, үйқы-түйқысын шығарса да, лезде қаша соғысы жоқ болатын.

Туғанбек шеберлерге ұлken сатылар істетті. Шапшаң, ширақ жігіттерді іріктеді. Бір күні ұлken сатыларды қамалдың әр жернен кою керек деп бўйырды. Қайткен кунде де сол сатымен өрмелеп, қамалдың ішіне түсуге жарлық берді. Жігіттер қылыш, наиза, садақтарын алдып, бір қатары үстеріне сауыт киіп, қамалдың ішіне түспек болып, сатымен өрмелеп бақты. Бірақ қамал ішіндегілер мұны сезіп қойып ұлken шу көтерді. Сатымен өрмелеп шыққан жігіттерді тастай домалатып түсіріп жатты. Туғанбек бўл әдісті көбіне күндіз және дүшпан ойламаған жерде қолданып жүрді. Бірақ сатыға әуелі өрмелеп шыққандар қылыштасып, ілеңде құлап түсептін, қалғандары сатымен өрлеуге бата алмайтын.

Қамалды қоршау екі айға созылды. Осы уақыттың ішінде қамалды алу үшін қолданылмаған шара қалмады. Ұлken айқастар бола қоймағанмен екі жақтың адамдары да аса зор төзімділік жасады. Екі патшаның қол астындағы бір халықтың ұлдары батырлыққа келгенде бір-бір нен кем түскен жоқ.

Хұсаин Байқара көnlі жабырқанқы еді. Женіске деген сенімі жоқ еді. Құндызға жіберілген Бадуиззаманның Хасрау-Шахтан соққы жегенін есітіп, бўл сапардың женіспен аяқталуынан үміт үзді.

Коршауда қалған Хисар да өте күзейілген еді. Екі жақ та бір-бірінің сырын әбден біліп алды. Мұндай қездерде бітімге келу туралы ойдың өзінен-өзі туатындығы аян ғой. Хұсаин Байқара арадағы дүшпандықты жұмсарту үшін немесе өзінің сәтсіздікке үшырауын шайып-жуу үшін дүшпанмен күда болуды көздеді. Екі жақтың елшілері кездесіп, жарасудың жолын қарастырды. Хұсаин Байқара Сұлтан Махмұттың қызын баласы Хайдарға алыш берді. Той-думаннан кейін ол Хисардан Балхқа қарай аттанды.

Хұсаин Байқара кейбір жағдайларды ойлап, Бадуиз-

заманды Балхқа әкім етіп қалдыруды үйғарды. Бадуиззаманның қарауындағы Астрабадты сүйікті ұлы Мұзаффар мырзага бермекші болды. Бұл тілек сүйікті ханымы Хадиша-бекімнің тілегі еді. Бұл жөнінде патша Низамұлмұлікпен кеңескендегі, ол Хадиша-бекімнің алдында өзінің қадірін арттыруды көздел, мұны ол мақұл көрген. Бадуиззаман Балхқа әкім болып қалуға ризалық берді. Бірақ ол Астрабадты өзінің жас ұлы Момын мырзага беруді өтінді. Бұл мәселе жөнінде сыйыр күбір көбейе бастады.

Осыны сезген Туғанбек Мұзаффар мырзага: «Хисар қамалын ала алмадық. Бірақ сіз бүгін өзініздің баҳытыңызды сынап, Астрабад қамалын қолға алуға үмтүлініз. Қапы қалып жүрмөніз, шахзадам» деген еді... Осыдан кейін Мұзаффар мырза да әкесіне тілегін білдіре бастаған.

Хұсаин Байқара барлық бектерді, көрнекті әкімдердің және дос жарларын шақырып, салтанатты мәжіліс құрды. Бадуиззаман мен Мұзаффар мырзаны шақырып, өзінің ойын білдірді және ғұрып бойынша екі шахзададан айт алды. Сонан кейін Мұзаффар мырзаның үстінен оқалы шапан жапты. Бадуиззаман әкесінің бұл ісін әділет-сіздік деп білді, қорлағандық деп түсінді.

Хұсаин Байқара Балхта көп кідірмей астанаға аттанды. Бадуиззаман әкесін сән салтанатпен шығарып салып, Астрабадқа хат жазды. Хатында Астрабадқа Мұзаффар мырзаны кіргізбеуді, қажет болса құралды қүшпен қарсылық көрсетуді жас ұлына қатты тапсырды.

ОТЫЗ ҰШІНШІ ТАРАУ

I

Хұсаин Байқара ўзак сапардан қайтқаннан кейін, Фиратта шарап ішіп, күй тыңдалап, сұлууларды дәріптеген иеше алуан әндер тыңдалап, жайбаракат өмір сүрмекші еді. Бірақ тағдырдың жазуымен оның бакыт жүлдізының қара тұман қаптады. Бадуиззаман күш жыйып астанаға қарсы аттанады екен деген хабар жиі естіле бастады. Бұл хабар қартайған әкеге ауыр тиді. Сырт дүшпаниң қайсысы болсын оның жерінә басып кірсе де, қандай бек көтеріліс шығарса да, патша оған қайғырмайтын, қайта қайрат жыйнап, жорыққа аттануға әзірленетін.

Бірақ бұл жолы бұған қарсы аттанған — өзінің үлкен ұлы, мұрагері болып отыр ғой. Өз ұлымен ұрыс даласында кездесуді ол сірә ойлады ма? Міне, бұл шындық, оның жүргегін улады. Ол Науайды шакырды. Окыйғаны бастаң-аяқ баяндап, онан ақыл сұрады. Элішер өзінің қайғысын жасыра алмады. Бір кездерде хат жазып, дос-тық ақылын айтқан Бадуиззаман ол сөздерге күлак қоймапты. Енді не істей керек. Элішер терең ойға шомды. Міне, ақынның алдында отыз жыл бойы таққа ие болып келе жатқан адам әтыр. Науай отыз жыл бойы оған қандай жолдармен болсын қамкорлық етіп келді. Науай оның қандай осал жақтары барлығын, қандай кемшіліктері барын жақсы біледі. Патша әлде неше есустық, залымдық істер істеді. Онан ақынның өзі де көп жәбір көрді. Патшаны жек көріп, оған нәлет айтқан қездері болды, алайда, ол отыз жылға жақын уақыт мемлекеттің бутіндігін сақтап келеді. Бұл кезге дейін Хорасан топырағына көз тіккен дүшпандар аз емес еді. Хорасанды әлденеше бөлшектеп, әрбір бектердің, қандардың қолына беруді қөздеген астыртын дүшпандар аз ба? Бір кезде бойы оқтаудай тұзу жас патша бүгін енді міні картайып, белі бүгіліп, қылыш шауып ат ойнатқан оның қуатты қолдары қазір қалтырай бастапты. Алайда, өз мемлекеттің сыртқы және ішкі жаулардың қайсысъян болса да сактауға ол дайын. Ол осы күнге дейін қанша нашар болғанмен мемлекеттің үстыны болып келді. Бадуиззаман әкесін сілкіп тастап, таққа отыруы мүмкін, бірақ ол уақытта патшаның он төрт баласының ең кемі онының шынжырын үзген, құтырған иттерше бір-бірін бас салып, бір-бірінің алқымын езуі мүмкін ғой...

Элішер Науай хасірет шегіп, қайғылы пішінмен патшага қарады.

— Бұл пәлекеттің алдын алу керек, оның қанды шенделі мемлекетті күйзелтпейтін болсын... — деді Науай.

— Қалайша? — деп сұрады Хұсайн Байқара, — қандай кеңес бересіз.

— Сізге беретін кеңесім сол, — деді Науай, — Бадуиззаман мырзаны жөнгө келтіріңіз, абройды ойласын. Қөнлінде кек қалмайтын болсын. Сіз соған тырысыңыз, — Науай бірауық үндемей отырды да, тағы сөйледі: — бұрынғы араздықты, ренжуді қойып, арадағы достықты, сүйіспеншілікті, ынтымақты күшайту керек.

— Демек, сіздің соғысудың қажеті жоқ қой?

— Ешбір қажеті жоқ, — деді Науай, — екі жақ та әділеттік үшін күресіп отырған жоқ, мұның бәрі түсін-беушіліктің, кектің нәтижесі, демек төгілген қанның әр-бір тамшысы үлкен қылмыс болып табылмақ.

— Қан төгу деген ой менде де жоқ, — деді күліп Хұсаин Байқара. — Бірақ бұзакы бала біздің тілегімізді қабыл етпесе қайтеміз?

— Эке маҳаббатын қадырлемеген, бұзакы баланы әкесі таяқтап алар болар, — деді Науай.

Хұсаин Байқара бойы манағыдай женілденгендей болып, орнынан түрегелді. Соңан соң біраз үақыт үнде-мей отырды да, Науайдан араға түсуді өтінді. Науай іркілмей: «бұл игі жұмысты орындау жолында мен еш-қандай қыйындықтан сескенбеймін» — деді.

Хұсаин Байқара ертең Балхқа жол тарту үшін әзірлік жасауды тапсырды.

Бадуиззаманның бұліншілігін патша көліс сөз жүргізу арқылы басуға тырықсандығы лезде барлық жерге мә-лім болды. Бұған көп кісілер қуанды, бірақ кейбір пат-ша сарайы маңындағылар мен ақсүйектер бұған қатты налыды. Өйткені олар әке мен баланың арасындағы еgesten пайда тауып қалуды көздеді. Олардың тілеуін ті-леушілер ең алдымен Низамұлмұлік пен Туғанбек еді. Низамұлмұлік әке мен баланың бітімге келуіне қарсы болмаса да, бұл істі Науай өз қолынан алғандығына күйі-нетін. Олардың ойынша егер Науай араға түсіп, бұл тапсырманы орындаса, ақынның патша алдындағы беделі арта түсуі мүмкін, деп ойлайтын.

Туғанбек бейбітшілік бітімге басқа бір пікірмен қарсы еді. Ол Мұзаффар мырзамен бірге Астрabadқа жол тартып, ол жерде өзінің көптен ойлап жүрген арманын іске асыруды көздеуші еді. Бадуиззаман мырза көтерген бұлік бүгін болмаса ертең Мұзаффар мырзаны да қо-балжытып, жорыққа аттандырады, ел ішінде бұлік кү-шшейеді. Ішкі үрыстардың бораны кәрі Хұсаин Байқара-ны шіріген ағаштай үшірып түсіреді, міне сонда Мұз-заффар мырзаны Туғанбек өз қолымен такқа отырғызып, мемлекет кемесін өзі тілеген жакқа қарай жүздіре-тін болады. Туғанбектің бар көздегені сол еді.

Науай Фираттан кеткен күні Туғанбек Низамұлмұлік-тің үйіне барды. Үәзірдің балалары — Камаледдин Хұсаин мен Амидалмұлік оны күрметтеп қарсы алып, әше-

кейлі бөлмелердің біріне кіргізіп, қымбат, жұмсақ көрпенің үстіне отырызыды. Қамаледдин Хұсайн оқымысты, сөзшен, өте әдепті жігіт еді. Амидалмұлқ бўл жөнінде өзінің ағасынан бірқыдыру кейін қалған болса да, оның басқаша ерекшелігі бар еді. Ол әскери істерді көбірек бакылап отыратын, ўрыс майданын алыстан көрседағы, ол өзін жауынгер деп есептейтін.

Туғанбек мұндай білгісүді жаратпайтын еді. Сондыктан ол ыңғайсыздана бастады. Қамаледдин Хұсайн өзінің құлаққа жағымды әдемі үнімен түрлі істер жағында әңгіме айта бастады. Ол болмашы бір оқыйғалардың өзін керемет қызықты етіп айта білуші еді. Туғанбек әуелі оның сөзін көнілсіз тыңдалап отырса да, соңынан оның сөзіне еріксіз құлақ қоюға мәжбүр болды. Ағасы сыпайыгершілік сақтап сөзін түгескен кезде, інілардың өзін керемет қызықты етіп айта білуші еді. Туғанбек малдасын құрып ырылданап отырып, бўл жөнінде жүрттың бәріне белгілі бір әңгімені айтқан болды. Туғанбек сабырсызданып біресе есікке, біресе терезеден көрінген баққа жалтақтай берді. Сол кезде аяғын маңғаз басып Низамұлмұлік җіріп келді. Қелген бетте қонақпен амандасты да, өзінің қызмет бөлмесіне келгендей маңғазданып, кердиіп төрге отырды. Туғанбек уәзірдің балаларының алдында сөз айтуға именді. Низамұлмұлік мұны түсіне қойғандай, «қам жеменіз» дегендей, сөзді өзі бастады.

— Бүгін Науайды Балхқа жөнелттік, — деді ол қалың сақалын сыйрап.

— Өз жұмыстарын ойдағыдай орындалап қайтса болғаны да, — деді Туғанбек мысқылданап күліп. — Ол кісі өзінің пікірін мың бір дәлелмен шахзадага үктыратындығына күмәніміз жок.

— Әлішер Науай, — деді Низамұлмұлік, үстіндегі оқалы тонына қарап, — Бадуиззаман мырзага әкесіндей жақын, ол, әрине, өзінің сөзін макұлдата алады.

Туғанбек біраз ойланып, селдір сақалын қайта-қайта сыйрап, сығырайған көзімен жанында отыргандардың бәріне бір-бір қарап өтті де:

— Шынында, Балхқа әкесінің өзі бару керек еді... Сонда істің беті оңалдаған болар еді.

Низамұлмұлік пен оның балалары мысқылданап күлім-сіреді, манадан үндемей отырган Қамаледдин Хұсайн сөзге араласты. Бірақ сөзін ерекше әсірелеп сөйлеп, кей-

бір ақындардың сөзін мысалға келтіргендіктен, оның сөзі Туғанбекке ұнамады. Туғанбек түнжырап төмен қарады. Оған бұл адамдардың сөзді айрықша баптап сейлеуі, көп қазбалауы Туғанбектің жанына тиді. Сөзді ашып айтқан Низамұлмұлік болды, бірақ, ол да Науайдың өзіне тапсырылған міндетті орындаудың қалайша бөгет жасаудың керектігін атап айтпады. Туғанбек те ойланып алмай тұрып, өз пікірін айтып салуға бата алмады. Низамұлмұліктің балаларының берген ақылы ешбір қыйсынға келмеді. Ақырында Низамұлмұлік бұл мәселені тереңірек ойға салып, кейбір адамдармен кеңесіп шара қолданатынын айтты, қалайда патшаны өзінің қолына алатындығын айттып сендейді. Туғанбек оның егжей-тегжейін сұрап жатуды керексіз тауып, кетуге ыңғайланғанда, уәзір оған Мұзаффар мырза мен Хадиша-бекімнің көnlін алуды тапсырды. Туғанбек басын-изеп:

— Истің бұл жағын бізге тапсыруыңызға болады...— деді.

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ТАРАУ

1

Күн батып бара жатты. Алыста адырлардың, сайлардың баурында көлеңкелер көсіле түсті. Үлкен керуендер жүретін жолдың бойындағы егінді жайлап ескен жел толқындана бастады. Науай жанына ерген нөкерлерімен бірге Балхқа ең таяу бекеттен шығып, бірнеше күн жол жүріп шаршаған атын зорламай, баяу жүріп бара жатты. Денесі ауыр тартқан, сонда да болса ол неше түрлі хыял билеп, шарқ үруда. Ақын жолдастарына оқта-текте бір-екі сөз айтады да, қайтадан жым-жырт болады. Міне, алыстан Балхтың ескі қамалы көрінді. Аттар дамылдап, жердің таяуда екенін сезгендей, қамшысыз-ақ жүрістерін жылдамдата бастады. Бір мезетте қалың ағаштың аржағынан шаң көтерілді. Көз ашып жұмғанша-ақ Бадуizzаман бір топ адаммен алдарынан карсы кездес-ти. Бадуizzаманның жанында өзінің сенімді жігіттері, жакындары, достары, Балхтың бірнеше алдыңғы катарлы адамдары халық өкілдері бар еді. Бадуizzаман атынан түсіп, Науайға тәжім етіп, әдеппен сәлем берді. Ақынның денсаулығын сұрап, жол машақатын тартқан-дығына жан ашырлық білдірді. Басқалар да тәртіп сактап, күрметпен біртелеп келіп ақынмен қол алысты.

Науай да Бадуizzаманнан хал-жай сұрап, бауырмал-

дық сезім білдірді. Соңан кейін сұлу ат мінген Бадуиззаманмен қабаттаса жүріп отырып, Балхқа келіп кірді. Қалада халық оны зор қуанышпен қарсы алды.

Сол күні кешке Бадуиззаман ақынның құрметіне үлкен қонақасы берді. Әралуан тағамдар салынған ыдыс-аяқтардың бәрі алтын мен күмістен еді. Қонақ қабылдан, қонақ күтуде атағы шыққан Бадуиззаман бүгін ерекше тәртіп сактап, ойын-күлкіні, ән-жырды және басқа көңіл көтеретін нәрселерді қыздыра түсті. Науайдың келу себебі шаһзадаға мәлім болғандықтан, бұл кеште екеуі де жұмыс жөнінде тіс жарған жок. Шаршаған карт ақын ойын-сауықтың тезірек аяқталуын күтті.

Келесі күні ертеңгі астан кейін екеуі оңаша отырып сөйлесті. Бадуиззаман Науайды бұрын да өте құрметтейтін, Науаймен сөйлесуді ол үлкен бір құрмет көретін. Әсіресе, шахзаданың жастық кездерінде Науай оның үстазы, үйретушісі еді. Темір әuletінің басқа ўрпактары сыйқты, Бадуиззаман да өлең-жырды сүйетін, кейбір әлендерді көшіріп жазып алатын. Әсіресе ол Науайдың әлендерін жасынан сүйіп оқыттын.

Ақын мемлекет жағдайын толық баяндап, түрлі ала ауыздықты, дұшпандықты, наразылықтарды жою үшін әдейі келгендігін айтты. Ол өз сөзін дәлелдеп, тарихтан әлденеше мысалдар келтірді. Шахзаданың ақылына, үжданына эсер етуге тырысты. Оның көңліне келетін сөздерді де батыл айтудан, оны үялтып, қызартудан да тағынған жок.

— Мен бүкіл өмірім бойында әділ әкімді, адап адамды өз көзіммен көрсем еді деп арман етіп келем, — деді Науай, — бірақ ондайларды көре алмай, оным тек бос хиял болумен келеді. Менің есіңізге салғалы тұрғаным «Іскендір туралы аныз». Сіз оны оқығансыз, білесіз, соны тағы бір оқып шығыңыз. Іскендір нағыз адап әкім, әділ патша болған. Сендер оның көлеңкесіне татымайсындар, сендер оның нөкере болуға да жарамайсындар.

Бадуиззаман тәмен қарап үндеңей қалды. Ол өзінің әдемі қара көздерін қайда жасыруды білмеді. Біраздан соң ауыр курсініп, әкесінің оған істеген әділсіздігін айттып шағына бастады. Ақырында, ол:

— Сіз сыйқты хұрметті, үлы үстаздың үсынысын қабылдамау үлкен кұна. Сізді сүйгендіктен сөзінізді қабыл алдым, ал онымен бірге патша әкемді әділ болуға шақыруыңызды өтінем — деді.

Науай оның бүл сөзіне риза болып, қуанып қалды. Ол шахзадаға тілектестік білдірді. Бүл билеп отырған уәлаяттағы жұмыстың жай-күйін сұрап білісті де, өзінің достарымен кездеспек болып ақын сыртқа шыкты.

Үш-төрт күннен кейін ақын өздерінің достарымен бірге қонағасыдан қайтып келген кезде, бір қызметші келіп, оны Бадуizzаманның әлгіде ғана ізdegенін айтты. Ақын шахзаданың бөлмесіне барды, Бадуizzаман қайғы басып, мұңайып отыр екен. Мұны көріп таңданған ақын:

— Мені не жұмыспен шақырып едіңіз? — деді.

Бадуizzаман жауап қатқан жоқ. Көрпенің астынаң бір қағазды алып ақынға үстата берді. Науай хаттың оқып ызаға шыдамай, дірілдеп кетті. Балх қамалының әкіміне жазған Хұсайн Байқараның хатының мазмұны мынадай еді. Бадуizzаман мырза қаладан тысқа шықса қалаға қайтып кіргізбеніздер, үстап тұтқынға алышыздар. Науай жасанды хат болып жүрмесін деген оймен қағазға үніле қарады. Мөрін көріп, патша әмірі еке-ніне көзі әбден жетті.

— Міне, әкеміздің бізге деген сүйіспеншілігі, әділдігі, — деді өзіне-өзі сөйлегендей Бадуizzаман, — Егер нөкерлерім опасызыдық істеп, бүл хатты менен жасырған болса, мен әлде қашан зынданда отырған болар едім. Жоқ, құдайға шүкір, опасызыдық болмағаны айқындалды.

Науай хатты мырзаның алдына таstadtы. Ешнәрсө айткан жоқ. Шынында, ол Бадуizzаманның алдында қолайсыз жағдайда қалған еді. Ол бүл сұрқыялық әрекеті үшін Хұсайн Байқараға да, оның маңындағы астырытын істеушілерге де іштей нәлет айтты.

— Шынында да, — деді Науай орнынан түрегеліп, — әкімдерде ар-намыс қалмаған екен. Опасызыдық, залымдық оларды әбден шырмаған екен. Олардың сөзінде мағна, тұрақ жоқ. Бұдан артық масқаралық, бұдан артық арсызыдық, бетпактық сірә болmas.

Бадуizzаман басын көтеріп, ақынның бойын үлкен ашу және ыза кернегенін көрді Шахзада оның жүрегінің таза екендігіне, пікірінің адапт екендігіне сенетіндігін айтты. Бірақ Науайға деген соншалық сүйіспеншілігіне қарамай, келіс сөз туралы енді қайтып әңгіме қозғауға ешбір мүмкіндік қалмағандығын білдірді.

— Бүкіл тарих алдында, бүкіл әлем әлдында масқа-

ралықты, айыпты өз мойындарына алып, әке бала майданға шығып айқасып қалындар,—деді Науай қасірет-қайғы шыдатпай,—қара бастарының қамы үшін, кек үшін отанның иті топырағын қанға бояндар. Сендер үшін бұл жігіттік, қаһармандық, Рустемше ерлік көрсету ғой. Халықтың жазықсыз төгілген қанының әрбір тамшысы үшін тарих алдында жүзі қара боларсындар. Қезеңді пайдаланып жамандық істеп бағындар.

Науай ашудың күшімен асыға шығып жолдастарына журуге кам істеуді бүйірді.

II

Бадуиззаман бектерін, іс білетін жігіттерін жыйнап үрысқа әзірлену жөнінде кеңес құрды. Әскер жыю, қару-жаракты көбейту, Хұсаин Байқараның әскеріне қай жерде кездесіп, қалай соққы беру жайы сөз болды. Соңан кейін күн-түн демей соғысқа даярлық жүргізді. Бадуиззаман үрыс істерінде тәжрибесіз болғандықтан, қаты састы. Оның өтінішімен Зунун Арғұнбек және оның баласы Шах Жұзабек Хандиҳардан келіп соғысқа әзірлік істерін өз қолдарына алды. Зунун өз өмірінде үрыстарды көп көрген адам болғандықтан, жасының қайтып қалғандығына қарамай, батыр пішінді, карапайым, дөкірлеу адам еді. Оның сөзінде, қыймылында одағайлық көрініп тұратын, бірақ бұл одағайлық оған сұлуға жарасқан, үзын бўрымдай жарасып тұратын. Шах Шуджа болса кемеліне келіп батырлық рухы тасқындаі бастаған жігіт еді. Ол қарғадай кезінен әкесіне ілесіп, үрыстарға қатысып, кылыштасып, үрыспен сүйегі қатқан жас болатын.

Дайындық істепі толық аяқталып болмастан-ақ Хұсан Байқараның ашуға мініп жорыққа аттанғандығының хабары естілді. Бадуиззаман өзінің күштерін тәртіпке келтіріп, үрысқа қолайлы деп тапқан «Таң дара» деген жерге келіп қос тікті. Айналага күшті күзет қойылды. Дүшпаннның күшін байқау үшін едейі адамдар жіберілді. Дүшпаннның алдыңғы қатарлы бөлімдері жолды кесіп тастан, тұтқыйылдан бас салмау үшін, түнде сактық күштейтілді. Бір күні кешке таман Хұсаин Байқараның әскерлерінің жаққан оты көзге шалынды. Бұл түні Бадуиззаманның лагерінде жұмыс қыза түсті. Қатерлі жерлерге жүзге тарта бос арбаларды үйіп, жуан шынжыр-

лармен байлады. Мергендер соның тасасында отырып, жай атуға әзірленді. Жігіттер өз аттарының жабдықтарын сайлап, қару-жарактарын даярлай бастады. Таң алдында әскерлер аттарына мініп, сауыттарын, дулығаларын киіп, он жақ және сол жақ қанатқа бөлініп бўйрық күтті.

Бадуиззаман Зунун Арғұнбекпен біргө төбеге шығып, дүшпан әскерлеріне көз жіберді. Хұсаин Байқара күтпеген жерден өте көп әскермен келген екен, Мубафзиддин Уалибекті, Ислим Барласты және басқа әскер басыларын алыстан таныды. Бадуиззаман бірден үрейленіп, бозарып кетті. Не қыламыз дегендей Зунун Арғұнбекке қарады. Қарт жауынгердің кейпі бўрынғыдай айбатты, қаһарлы және қамсыз еді.

— Не қыласыз, — деді жуан дауыспен ол, — қорғалқатап қамалға қашқаннан гөрі, күшті жаумен ашық жерде айқасып жеңілген артық. Женіліске ўшырау да пайдалы: пысысын, шынығасын, тәжрибе аласын.

Бадуиззаман үндеген жоқ. Жалғыз өзі тағы да жоғары көтерілді. Дүшпанның атты әскерлері екі топқа бөлініп, алға қарай жылжуда еді. Ол жақын жігіттерін жанына алып, әскердің ортасында келе жатқан әкесін де көрді. Хұсаин Байқараның қалпағына қадалған жығаның алтын шынжырлары таңертеңгі күннің нұрына шағылысып, оттай жайнауда. Шахзаданың көnlі бўзылды, жылағысы келді, бірақ өткен іске өкінер кез емес еді. Жұғіріп ылдайға түсті. Нөкерлер үстал тұрган атына мінді. Оның берген белгісі бойынша Шах Шөжебек алдыңғы қатарлы отрядты бастап ілгері аттанды. Қөп үзамай айқай-шу көтеріп, дүшпанның алдыңғы қатардағылары ат қойды. Шаң-тозаң ішінде ўрыс қыза түсті. Зунун Арғұнбек ўлына жәрдемдесу үшін дүшпанға он жақтан келіп килікті. Дүшпанның бір тобы арбалар үйілген жерге ат қойды, бірақ мергендердің оқтарына төтеп бере алмай, кейін шегінді. Жігіттердің бір бөлегі аттарынан түсіп, топ-топ болып бўғып арбаға жақындалап, оның қасындағыларды атқылай бастағанда, екінші бір топ оларды алыстан қоршап алу үшін алға қарай ўмылды.

Шах Шөжебек пен Зунун Арғұнбек сансыз көп дүшпанның қысымына төзе алмай, кейін шегініп, оқта-текте қарсы шабуыл жасап отырды. Бірақ олардың жігіттері-

нің тек біразы ғана оларға еріп, көбі тоз-тоз болып бет-
бетіне қаша бастады.

Бадуиззаман жеңілгендігін сезсе де, кейін шегініп ба-
ра жатып, қорғану әрекетінде болады. Бір топ әскермен
кейін шегініп бара жатып, дүшпанға соққы беруде бол-
ған Шөжебек пен қарт батыр Зунун Арғұнбек оған жі-
гер беруде еді. Алайда, дүшпанның қысымы барған сай-
ын күшіе түсті, Хұсан Байқараның жігіттері ең жауыз,
қас дүшпандарымен алысқандай аяусыз қырғын салуда.

Бадуиззаманның алға жіберілген күзетші жігіттері қа-
шып келіп, оны ортаға алып: «Қазір қашуымыз керек,
дүшпан сізді қолға түсіруге әрекет істеуде» десті. Бадуиззаман төңірекке көз жіберіп, жігіттерінің айтқаны
рас екендігін байқады. Зунун Арғұнбек пен Шах Шө-
жебекке жігіттерді жұмсап, оларға өздерінді күтқаруға
әрекет істендер деп бүйрық берді. Сонан кейін бір топ
жігітті жанына ертіп құйынданып қаша жөнелді. Тау
арасына кіргенде қауыптан құтылғанына сеніп, атының
басын тартып, Бадуиззаман өзіне өзі сонда келді. Арт-
та қалып қойған жігіттерінің жолын тосты. Жігіттері кү-
ып жетіп, асып-сасып «Абулмухсин мырза¹ күып келеді,
жылдамырақ қашайық» десті. Бадуиззаман ешбір тіл
қатпай атына қамшы басты. Үлкен тастармен бөгелген,
ой шүқыры көп жол, барған сайын қыйындаі түсті. Бара-
бара атпен жүруге де мүмкіндік қалмады. Жігіттер ат-
тарын тастап, өздеріне таныс жолмен тау басына өр-
мелей бастады. Қөп мاشақат шегіп, жан таласып тау
шыңына шықты. Бірак таудын арғы бетіне тәмен тусу
өте қыйын еді. Шаршап шалыққан, қажып қалжыраған
Бадуиззаман не істерін білмей қатты састы. Жігіттер
белбауларын жалғастырып, үзын арқан жасады. Сол ар-
қанмен бір-бірлеп, бір-біріне көмектесіп, тасқа соғылып
жараланып, әрекеттегенде тәменге түсті. Бадуиззаман
таудың түбінде дем, алып, сонан соң баспана ізден «Құн-
дыз» уәләятына қарай жайлап жол тартты.

ОТЫЗ БЕСІНШІ ТАРАУ

I

Қалың ағаштары, гүл алаңдары күн нұрына бөленген
үлкен бақта жас шахзада Момын мырза жай атып, үлкен
ағаштардың басынан асыра атқанына қуанып, ойнап жүр

¹ Хұсан Байқараның балаларының бірі.

еді. Экесі Бадуиззаман Балхқа кетерінде өзінің орына Астрабадты билеуді уақытша соған тапсырған болатын. Бірақ, он екі, он үш жастағы бала мемлекет басқару міндегін атқарудан аулақ еді. Ол мұғаллымнен сабак алғаннан кейін, атқа мініп қызығып, жай атып, жігіттердің әскери өнер үйренуін ойын көргендегі қызығып, тамашалап, өзі де үйренуге тырысатын. Үәлаятты басқарушы әкімдер көп. Олар тек ресми түрде ғана онымен кейбір істер жөнінде сөйлесіп, оның көnlін алғансыйтын. Бірақ Момын мырза өзінше маңызды деп білген мәселелер жөнінде ұлкендерден сірә кем түспейтін. Ол көп сұрап тексергеннен кейін, нақтылы жауап айтпастан бўрын, анасына барып, ақылдасып қайтатын.

Бала жай атудың қызығына түсіп, көп жүгіріп, шаршап, бақшадан шыққан кезде, оған Балхтан шабарман келіп, күтіп түрганын хабар етті.

Момын мырза әуелі шабарманың шаршаган сұлу атына қарап, тамашалап түрді да, сонан соң шабарманмен сөйлесті. Шабарман қойнынан бір хатты алыш, тәжім етіп балаға үсынды. Момын мырза қолындағы жайын қызметшіге беріп, хатты оқый бастады. Оның түсі бірден өзгеріп, байсалды пішінге түсті. Ойнакы, қайғысыз көзі ұлken адамның көзіндегі пікірлі, ойлы бола қалды. Экесі оған аса зор міндегі жүктепті: — Астрабадты ағасы Мұзаффар мырзаға бермеуді, егер керек болса қару-жаракпен қарсылық көрсетуді буйырыпты. Ол экесінен алған хатын өзінің бектеріне оқып берді. Ұлықтар бұл міндегі балаға ауыр соғатындығын біліп, не айтарын білмей: «бұл жөнінде сіз өзіңіз не ойлайсыз» деп сұрады. Момын мырза оларға: «күрметті әкемнің әмірін орындаимын» деп жауап берді.

Сол күннен бастап бала ойнауын қойды. Экесінің інісімен арасында болғалы түрган оқыйғаны ойлап, талай түнді үйқысыз өткізді.

Баланың жанында абырайлы, іс білетін бектер жоқ еді. Жігіттерінің көбін Бадуиззаман Балхқа алыш кеткен, Момын мырза бар күшін салғаның өзінде екі—үш жүздей ғана әскер жыйнады. Бұл күштің өзін де әлде қандай күн болады деп топтады. Өйткені Мұзаффар мырзаның қалың қолмен келуіне сенбейтін, мәселені келіс сөз жүргізу арқылы шешуге болады деп түсінетін. Арада бірқатар уақыт өтті. Мұзаффар мырзадан дерек жоқ. Бала бірте-бірте қайғыдан арылып, өзі-

нің сүйікті ойындарымен қайта шұғылдана бастаған кезде, Мұзаффар мырзаның Мұхаммед Бурындық Барлас және Туғанбекті жаңына алып көп әскермен келе жатқаны бірден мәлім болды. Бірақ бала сасқан жоқ. Қайта бұл істің акырынан шошынған адамдарға жігер беруде болды, аспай-саспай дайындық жүргізді. Сонынан жігіттерін жыйнап әкесінің әмірін орындауға бел байлағанын айтып, аттануды бүйірді. Өзі де өткір жалпак, қылышын, қанжарың, кішкене болса да мықты садағын асынып алды. Нөкерлер ойнақтаған түрікпен атын әкелип көлденең тартты. Бала олардың жәрдемінсіз-ақ атка қонды. Адамдар аңға немесе серуендеуге бара жатқан сыяқтанып, қаладан шықты. Тәжрибелі жауынгерлердің берген кеңесі бойынша, дүшпанға соққы беру үшін қолайлы жерге келіп орналасты. Ертеңіне-ақ Мұзаффар мырза оның қарсыына, үш — төрт шақырымдай ғана жерге қос тігіп, жігіттерін жауынгерлік тәртіпке түсіре бастады. Бұл жағдай оның ниетін білуғе мүмкіндік берді. Момын мырзаның тобында тәжрибелі, үрыстарда көп болған жігіттер бар еді. Солардың жәрдемімен бала да өзінің құштерін жауынгерлік тәртіпке сала бастады. Сол кезде Мұзаффар мырза тарапынан елшілер келді. Олар ешбір қарсылық көрсетпей бағынуды үсінди.

— Барып айтындар, — деді елшілерге Момын мырза батыл сөйлеп, — менің өз ағаммен соғысқым келмейді. Бұл үят нәрсе, бірақ, экемнен рұхсат келмейінше, қаланы тапсыруға хақым жоқ.

Елшілер жүріп кетті. Момын мырзаның ақылдылығы, өзін үстай білетіндігі жігіттерді тандырды. Олар ішінен: «Сенікі дұрыс, Мұзаффар мырзаның үсынысын сірә қабыл етпегейсін. Онда ар-намыс жоқ екен. Болмаса саған қарсы осынша әскермен аттанбас еді. Оның өзі келіп жолығып, кенессе, ақылдасса болмас па еді» дес-ті.

Кішкентай қолбасы сулығын шайнаған түрікпен атының үстінде отырып, соғыс жөнінде бейне бір ат жарысы туралы сөйлескендей әуестене әңгімелесуде.

Оң жақтағы тәмпешіктердің арғы жағынан бұрқыратып шаң көтеріп Мұзаффар мырзаның аттылары шыға келді. Олар оқ жетер жерге жақындағанда Момын мырзаның жігіттері жай тарта бастады. Жаудың екінші тобы ортадан жарып өтпек болып, мандайдан ат койды. Лезде кең далада қызу үрыс басталды. Оң қанатта

екі жақтың жігіттері араласып кетті. Адамдар аттарынан ауып түсіп, аттар қашып жатыр, айқай шу... Ортадағы топқа шабуыл жасаған дұшпан әскерлері Момын мырза жігіттерінің қатты қарсылық көрсетуіне қарамай, сан жағынан көп болғаны үшін, оларды ығыстыра бастады. Жас шахзада шыдай алмай, түрікпен атына қамшы басып, жарқ еткізіп қылышын сұрып, алға үмтүлді. Оның төңірегіндегі жігіттер тұс-тұстан ат ойнатып, шахзаданың жолын тосты. Жан ашып бір нөкері оның атының шылауын үстай алып, өні қашып: «Шахзада, үрыска ене көрменіз, керек болса, мен басымды берейін, үрыска араласа көрменіз» деп жалбарынды. Момын мырза қатуланып, қабағын түйіп, жіңішке дауыспен: «Коя бер мен! Басқалар қырғынға кіргенде, біз солардың қызығына қарап тұрамыз ба!» деп жекірді. Сөйтіп атына қамшы үрды. Жүйрік ат ор қояндай орғыды. Бала қайнаған үрыстың ішіне кірді. Оны қорғалаған жігіттер іле-шала ат қойды. Олар тұтқынға алмақ болып тап бергендерден Момын мырзаны қорғай отырып, жаумен жан аямай кескілесті.

Момын мырза аласұрган асав атпен қалың топқа араласып, әлсіз қолымен онды-солды қылышын сілтеп журіп, маңындағы жігіттерінің қыймылын байқап, оларға дем беруге тырысада. Оң жақтағы жігіттері жаудың шабуылына төтеп бере алмай, ығысып, ыдырай бастаған еді. Момын мырза талай соғыста болып ысылған төрт жігітімен атының басын солай қарай бүрді. Шаң-тозаңдан шығып, аттарына қамшы басқан кезде дұшпаның бір топ әскері буйірден тап берді оларға. Момын мырза олардың жолын кесіп өте шықпақ болып еді, арқа жағынан біреу шап үстап, оның жеңіл денесін ерден жұлып алып, тізесіне шалқасынан салды да, қарсы жаққа қарай желдей жүйткіді. Момын мырза бар күшімен бұлқынды. Бірақ темір шенгелден құтылу мүмкін емес еді. Момын мырза бір үмтүліп, басын аз көтеріп еді, көзі Туғанбектің қаһарлы жүзіне түсті. Шахзада ызаға бұлығып: «Ә, ит!» деп ақырды.

Момын мырзаның екі батыры Туғанбекті куып, Туғанбектің қарсы алдына шығып, екі жақтан қылыш көтерген кезде, оларға андаған дұшпан жігіттері жабыла түсті. Арпалысқан қатты үрыста екеуі де кескіленіп, жер қанты.

Астрабад жігіттері Момын мырзаның колға түскенін

есіткен соң бұрынғыдан да өршелене үрысты. Қебі қырылды. Қалғандарын күшті жау тоз-тоз етіп жіберді. Сонда да болса, олар ғажайып баланың қолға түскеніне ашынып, қайта топтанып, өмірден өлімді артық көріп қайта-қайта қарсы шабуыл жасауда болды.

Тұғанбек жас тұтқынды тікелей Мұзаффар мырзаның өзіне әкеліп тапсырып, марқайып қалды. Ағаштың көлеңкесінде, кілем үстінде ұлде мен бұлдеге оранып, кердіп отырған Мұзаффар мырзаға шаң-тозаң басқан тұтқын қабағын түйіп, батыл қарады. Мұзаффар мырза оны кекетіп:

— Нәтижеде не болды? — деп сұрады.

— Айып сізде. Мен тек бұйрықты орындағым.—деді оған Момын мырза шөлдеп-шаңқап кезерген ернін әрең күбірлетіп.— Егер сіз біраз сабыр еткен болсаныз, мен әкеммен немесе бабам — патша хазретпен хабарласып, қаланы тапсырган болар едім.

— Онан басқа да жол бар еді,— деді Мұзаффар мырза баламен әзілдескендей тұрмен,— егер сен қылыш-садағынды мойның асып маған өзің келген болсан, менен жақсылық көрер едін.

— Мен ўлы Темірдің немересімін! — деді бала ашуланып. — Қылыш-садакты мойынға асып, дүшпанға тізе бүгү, ўлы бабамның рухын қорлау болар еді.

— Сен бұл сөзді кімге айтып тұрсын?

— Сізге айтып тұрмын! Егер сіз емес, Рұстем келсе, Шыңғыс келсе де осы сөзді айтқан болар едім! — деді Момын мырза күйініп, опық жеп, өкініп жерге қарады.

Коршап тұрған нәкерлердің көзінде жас шахзадага деген аяушылық пен махаббаттың оты жанды. Қебісі бір-біріне қарап, бастарын шайқасты. Мұзаффар мырза қысылып орнынан тұрды да, Тұғанбекке, ым қакты, екеуі оқшау шықты. Тәжрибелі қарт жауынгер ан аулап, құс бағуға әуес Мұхаммед Бурундық барлас инабатты жас тұтқынның жанына көліп сүйіспеншілік және хұрметпен басын сыйрап: «Дұрыс айтасын, шахзадам! Өсе келе көп қосынға қолбасы боларсын, шахзадам!» деді де, жігіттерге шахзада үшін тамақ және шербет әкелуді бўйырды.

Таңтертең Мұзаффар мырза салтанатпен шәһәрге кірді. Момын мырзаны қамап, қашырып жіберіп журмесін деп күшті күзет қойды. Әйткені жас баланың батырлығы,

акылдылығы жұрттың бәріне белгілі болып, оған деген сүйіспеншілік күшейген еді.

Жеңіс хұрметіне Мұзаффар мырза үлкен той жасады. Көп мәй ішілді, ойын-сауық болды. Үрыста көзге түскен жігіттерге шапан және басқа сыйлықтар берілді.

Бірнеше күннен кейін Балхтан хабар келді — Хұсайн Байқараның өз ұлы Бадуиззаманға қатты соққы бергендігі мәлім болды. Жұрт ішінде ең көп дастан болған оқыйға Бадуиззаманның жеңілуі емес, Балхта Бадуиззаман жеңілген күннің ертеңіне Астрabadта оның баласы Момын мырзаның жеңіліп, тұтқынға алынғандығы болды. Бұл хабарға Мұзаффар өте куанды. Әкесін жеңіспен құттықтап, шабарман жіберді.

Туғанбек бір айдан соң Мұзаффар мырзаның айтуымен, кейіріп істерді орындау үшін патша жанына жүріп кетті. Хұсайн Байқара бұл кезде Мұргаб жағасында жатыр еді. Туғанбек патша қосына келген күні-ақ, Низамұлмұліктің көмегімен, жібек шатырда, патшаның қабылдаудында болды. Туғанбек Мұзаффар мырзаның сәлемін айтып, оның өтініштерін, мәселен Астрabad үәлаятынан түсетін түсімнен оған тилемелді көбейту жөніндегі тілегін білдірді. Хұсайн Байқара сүйікті ұлының барлық тілегін орындаітындығын айтты. Сонымен қатар ол көрсеткен қызметі үшін Туғанбекке алғыс айтты. Оған ресми Бек дәрежесін және Fират үәлаятынан көп жер беруге уәде етті. Туғанбек оның алдынан марқайып шықты.

Кешке патша думан құрды. Шақырылғандар ішінде Туғанбек те бар еді. Ол төрден, хұрметті орындардың бірін алды. «Бағ жаһан ара» дағы сарайдай кең жібек шатырда үлкен думан-той, ойын-сауық болды. Әнші, бишілер, әлденеше қызықтар... Хұсайн Байқара қатты мас болған соң, әлден уақытта жұрт тарасты. Туғанбек Низамұлмұлікпен және оның жігіттерімен бірге сыртқа шықты. Бір-біріне жақын тігілген, тәңірегін күзетшілер қаптаған жібек шатырлардың шамдары тәңірегін жапжарық етіп тұр. Адамдар лезде өз орындарына кіріп, гайып болды. Низамұлмұлік ішпегендей тетік еді. Туғанбек көп ішсе дағы әдетінше сап-сau сияқты еді. Уәзір оны қолтықтап, шетіректегі үлкен шатырға әкелді. Бұл шатырдың тәңірегінде күзетшілер, пішілген құлдар, көп еді. Туғанбек кіруге бата алмай босаға алдында кідіріп қалды.

— Хадиша-бегімде айрықша мәслихат болмак, — деді Низамұлмұлік сыйырлап.

Хадиша-бегім Туғанбекті ашық жүзбен қарсы алды. Баласының жайын сүрады. Соңан соң өзіне аян бола тұрса да, Астрabadта болған оқыйғаларды білуге қызықты. Туғанбек барлығын қысқаша баяндап берді.

— Ол жарамсыз тұтқынды не етпекіздер? — деп сүрады Хадиша-бегім, ағарған шашын саусағымен сылап.

— Білмей тұрмыз, — деді Туғанбек, қазір ол, Ихтияриддин қамалында жатқан болар. Біз оны сенімді нөкерлермен сонда айдатып жіберіп едік.

— Балама бейәдептік істеген ол сүмдү аяусыз жазалау керек. Менінше өлтіру керек. Әкесі Фиратқа, баласы Астрабадқа шенгелін салмақ! Жоқ, бұған жол бере алмаймыз. — деді Хадиша-бегім ызаланып, отыргандарға қарап қойып. Туғанбектің көзі ерекше аларып кетті. Низамұлмұлік ішке пәле сақтап, ұндеңей отыр.

Хадиша-бегім сөйлеген сайын бас изеп, коста отырган Камалиддин Хұсайн мен Әмидалмұлік екеуі бірден: «ерік өзіңде!» деді. Туғанбек аңдысын аңдап отырып, бұл пікірдің бұлардың арасында көптен бері талқыланып, әбден шешілгендейтін байқады. Бадуizzаманды патшага өшіктіре тұсу үшін бұдан қолайлы шара жоқ еді. Бұлай етілсе Туғанбек те өз арманын тезірек жүзеге асырады. Міне, Хадиша-бегім де солай — өз баласының бақыты үшін өгей бала Бадуizzаманға дүшпандық ойлауда.

— Жарлық кәні? — деп сүрады Туғанбек Хадиша-бігінге жақындаپ, еңкейіп.

— Тілесем бүгін кешке-ақ алып берем. — деді Хадиша-бегім сеніммен. — Бірақ оны неғұрлым тез орындау керек, оны орындау сіздей жігіттің ғана қолынан келеді. Жарлықты кім болса соңан жіберуге болмайды. Өйткені Фираттағылар жарлықты алса да, өлтіруді кейінге созуы мүмкін. Ұлы Әлішер есітіп қалса, Момын мырзаның кунасын кешуді патшадан өтінуі, сөйтіп ажыратып алуды мүмкін.

— Оған шұба жоқ, ешбір шұба жоқ! — деп міңгірледі Низамұлмұлік.

— Мүндай қызмет үшін таудай алтын алуға болады, — деді даусын созып Камалиддин Хұсайн.

Туғанбек оған одырая бір қарады да, Хадиша-бегімге:

— Сізге макұл болса болғаны. Бірақ арты шатақ болып жүрмей ме?

— О не дегеніңіз?! — деді Хадиша-бегім, — сіз патшаның өз мөрі басылған жарлықты алып баrasыз.

Туғанбек тағы біраз ойланып, ақырында, әсіресе, Хадиша-бегімнің сөзін жерге тастауға бата алмай, ризалық білдірді.

Хадиша-бегіммен қоштасып, бәрі сыртқа шықты. Низамұлмұлік өз шатырына кетті. Туғанбек оның балаларының шатырына кірді. Ешқайсысы жатқан жок.

— Патша хазрет көнбей жатса керек, — деді Туғанбек қолын сілтеп.

— Жарлық қазір қолға тиеді, — деді Әмидалмұлік,
— Хадиша-бегім патшаны арбағанда, басын айналдырып жібереді.

— Әсіресе, патша хазрет мәйдің ықпалында болған кезде, кандай жарлық болса да алу қыйын емес. Ол шарап ішсе есінен айрылып қалады.

Туғанбек жанbastap жатып, сіфа кетті. Камалиддин Хұсанн алтындаған мұқабасы шам жарығымен жарқыраған, қалың кітапты алып, бәсек даяуспен ғазал оқый бастады. Кейбір шумактары жөнінде ағасы мен інісі таласып та қалысты. Екі сағаттай үақыт өткенде, жайғана Низамұлмұлік кіріп келді. «Міне жарлық, жылдам аттаныныз!» деді уәзір жайлап, бірақ тәкеппарлықпен.

Туғанбек жарлықты алып, шам жарығына тосып көрді де, таңданып, басын шайқады.

— Сүйікті қатын... — деді куліп Низамұлмұлік.

— Мас кезде сүйікті қатын бұрынғыдан да сүйіктірек көрінеді, — деді Әмидалмұлік.

Туғанбек қоштасып сыртқа шықты. Нөкерлерді теуіп оятты. Олар лезде ат әзірледі. Туғанбек қарақшылар қуғандай шаба жөнелді. Бірнеше бекет өткенде таң білінді. Атына аз дем алдырып, тағы аттанды.

Келесі бекеттерде Туғанбек ат ауыстырып мініп, кідірмей тарта берді.

Екінші куні кешке таман ақ көбік болған ат Ихтиядиддин қамалының қақпасы алдында тоқтады. Туғанбек атынан секіріп түсіп, ентелеп ішке кірді. Зындан бастыры апиын ішіп, хиялға кеткен адамдай, шам жанында мұлгіп отыр екен. Бір жас нөкер әбден тозығы жеткен бір кітапты, шамасы соғыс жайындағы бір қысаны оқып

отыр. Туғанбек кіріп келгенде, жас нөкер кітабын қоя салып, орынан үшіп тұрды. Қеріліп-созылып зындан бастығы тұрды. Бұл сыпырғыдай көріксіз сақалды, баяу қыймылды, сүренсіз ала көзді адам еді. Туғанбек «Е, жерлес, аманбысын?» деді де, жарлықты үсынды. Зындан бастығы жарлықты жарыққа тосып оқыды да, көзінің астымен Туғанбекке қарап қойды. Сонан соң Туғанбекті шетке алып шығып:

— Мұндай жазаны мен құдай ақында күтпеген едім. Айтыңызшы, бұл қандай гәп? — деп сұрады сыбырлап..

— Ең үлі жарлық... — деді Туғанбек тітіреніп, — сен де, мен де патшага құлмыз. Бағынуды ғана білеміз! Асығу керек, — деді тағы Туғанбек, зындан бастығын арырақ сүйреп, — жарлықты осы түннен қалдырмай орындау керек. Орындалғанша ешкімге тіс жарушы болма!

Зындан бастығы тыжырынып, шам жанына қайта барды. Жарлыққа тігіле қарап, танырқап басын үзақ шайқады. Туғанбек бұл жерден қалаға барып, өз семьеясын көруді де есіне алған жоқ. Нөкерге ақша беріп, асханадан тамак алдырды да, жайғасып отырып, жеп алды. Күптаннан кейін Әмір Абади сап ете қалды. Бұл — сырт көрінісі жүпіны, қалың сақалды, кішкене бетті, түрсіз сүр көзді адам — жауап алудың, азаптаудың шебері еді. Бұл дәуірдің адамдары өнеркәсіпте тағы басқа пайдалы істерде өз мамандығын жетілдіре беруге қалай үмтүлса, Әмір Абади да қыйнау, жазалау ісінде адам айтса нанғысыз шебер болуға солай тырысып, ол істің әбден шегіне шыққан еді. Әуелі Туғанбекке, онан соң зындан бастығына көз тастап, бір сүмдүк болғанын біле қойды. Қысқа амандасқаннан кейін Туғанбекке қарап:

— Егер хаталаспасам, салтанат тажының гауһарларының бірін егуге келген болуының керек?

— Егуге емес, уатқалы келдім! — деді Туғанбек жерге қараған бойы.

— Рас па? Патша хазреттің кәріне лайық шахзадаға сабакты біз берсек те болар еді. Нәрестені өлтірмей-ақ он рет өліп тірілгендей бір іс істер едік, — деді де, Әмір Абади зындан бастығынан бүйректы алып оқыды. Сонан соң оған: «Болар істі тез болдырмай, баяулық істеудің қажеті жоқ, кешеуілдеу үлі жарлықты хүр-

меттемеу болады!» — деді. Зындан бастығы үндемей орнынан тұрып, қараңғыда жоқ болды. Әмір Абади бір қасиетті жерге бара жатқандай, ширақ басып, зындан жаққа қарай жүріп еді. Туғанбек ере журді. Истің орындалуын өз көзімен көрмек болды. Алтын, күміс берегін болып, немесе үлкен әмір етіп тағайындауға уәде етіп, жендет қанжарынан күтылған шахзадалар жайында оның есіткені бар еді. Сондай жолмен бұлардың шахзданы қашыруы немесе жасыруы мүмкін еді.

— Тамашасына қарамақшысыз ба? Тіпті жақсы, — деді Әмір Абади Туғанбекке жол бастап.

Қараңғыда зындан үйлері бўрынғыдан бетер тұнеруде. Қараңғыда әлде қайдан құңренген, жылаған, ыңырысған үндер келеді. Әмір Абади біресе ылдыйға түсіп, біресе жоғарыға қайта көтеріліп, ақырында қамал ішінен салынған кішілеу қамалдай бір зәулім үйге келіп тоқтады. Қілттер сылдырлады, сықырлап есік ашылды. Туғанбек ішкө кіргенде, қоңырсы иіс келді. Бір бүршекте, бейне қараңғылықтан қорқып тітірегендегі, лыпылдап, әлсіз жанған май шамның жарығымен бұл жердің үлкен ауыз үй екені байқалды. Әмір Абади төрдегі есікті ашып, әуелі Туғанбекті енгізді.

Шахзада төсек үстінде, шамға жақын отырып, күран оқып отыр еді. Нөкерлер тамақ әкелген болар деп ойлап, Шахзада күраннан бас көтерген жоқ, дауыстап оқый берді.

— Шахзада, Каламуллаға мұлде берілген екен.
— деді Туғанбек жақын келіп.

Момын мырза жалт қарады. Өзінің өткір көзіне сенбегендей Туғанбекке таңырқай тігілді. Жінішке қастарын жыйырып:

— Е, балуан, қайдан журсіз? Мүнда не істейсіз?
Нендей хабар әкелдіңіз? — деді.

— Шахзадамның халінен хабар алайын деп келдім,
— деді Туғанбек тұтығып, түйіле сейлеп.

— Сіздер қалың әскермен келдіңіздер, — деді өкінішпен, ерні күлімсіреп Момын мырза. — Менің жігітерім жақсы соғысты. Бірақ өте аз едік. Кейін ойлап қарасам, көп қате істеген екем, солай емес пе? Бір кезде Жаһангер Барлас менің әкеммен сөйлесіп отырып, аз кісімен, көп әскерге соққы беру туралы қызық әнгімелер айтқан еді. Мен ол батырдың сөзін ілтифатқа алмаған екем.

— Жаксы ўрыстыныз, — деді жерге қарап Туғанбек:
— Жоқ, — деді бала басын шайқаң, — жеңіп шығым
керек еді. Босанған соң патша бабаммен кеңесіп, олар-
дан соғыс ғылымын үйренемін. Олардың тәжрибелері
көп. Соңан соң майданды көп көрген бектерден де үй-
ренем.

Туғанбек сұрланып кетті, қатты қысылды. Сөйлеуге
мұршасы келмей, есікке қарай берді. Бір мезетте маң-
дайын үстап:

— Шахзадам, әрбір пәнде әуелі тәнріден өмір тілеуі
керек! — деді.

— Эрине, — деді Момын мырза, — бірақ мақсатсыз
өмірдің де керегі жоқ.

Ауыз үйде одағай дауыстар естілді. Момын мырза
есікке қарады. Туғанбек пен Әмір Абадиға тігілді. «Ай-
тар сөздерің болмаса, шығындар. Мен жатамын» — деді
бала шахзадаларша бүйыра сөйлеп. Әмір Абади оған
тісін ақсылып, күлді.

Зындан бастығы мен жендет кірді. Бла көзі жауды-
рап, әрқайсысына бір қарады. Бірден үрейі үшіп кетті.
Орнынан атып тұрды. «Неге келдіңдер?» деп айқай сал-
ды бала. Оның көздері әлі де болса оттай жайнап тұр.
Әмір Абади баланың екі қолың қышқашпен қысқандай
қатты қысып үстап:

— Шахзадам, қазір тәнрі жанына барасыз! — деді.

— Жексүріндар! — деп босануға тырысып, айқай
салды бала. — Бұл кімнің жарлығы? Бабамың қаһары-
нан қорықпайсындар ма? Жайыма қой мені! Кетіңдер
бәрін!

— Бабаңыз патшаның бүйрығымен келдік. Тағдырға
бойсұну керек, — деді Туғанбек тынысы тарылыш.

— Алланың қалауы... тағдыр... — деді зындан басты-
ғы жарлықты көрсетіп.

— Бабама не болған? Өз көзін өзі жоймақ па? Үн-
сапсыз, сұрқыя баба!

Жендет Момын мырзаны көтеріп, төменге, құрғак
жерге жатқызыды. Әмір Абади шам үстап тұрды. Туған-
бек теріс айналып, жерге қарады. Бала ышқынып, әл-
сіз дауыспен: «Ана жаным! Қайдасын әкетайым» дей
бергенде жендет қанжармен оны шалып жіберді. Біраз
қырылдалп, бала жым болды. Жендет қанжарының қа-
нын баланың жібек көйлегіне сұртіп, бойын керді.

Туғанбек Әмір Абадиға еріп, балпақ басып, сыртқа шықты. Салқын ауада еркін тыныс алды. Әмір Абади мен қатарласып «өте ақылды бала еді» деді. Әмір Абади ернін жалап, оған «Жүсіптең сұлу еді» деп қойды. Зындан бастығының бөлмесіне жеткенде ол қарта ойнап, шарап ішуге баратындығын айтЫП, қоштасты. Туғанбек бөлме ішіне кірді. Басын төмен салып, жалғыз отырды. Элгілердің бәрін үмытуға тырысты. Бар пікірін жыйнактап, бұл босқа шалынған күрбаңдықтың арты не боларын ойлады, өз жолын айқындаپ алу үшін бас қатырды. Бір сағаттан соң зындан бастығы келді. Туғанбектің бұл жерде отырғанын көріп, таңданып: «осы кішкене үйшіктे қонбақшымысыз, бек?» деп сұрады. Туғанбек жауап бермедин. Зындан бастығы шамданға жаңа шам орнатты. Хиял сүріп, бір мүйіште тым-тырыс отырды. Бір мезетте: «Төсек салып берейін. Жатып тынығызыз» деді тағы Туғанбекке. «Сен жата бер. Үйқым келсе қысая кетермін» деді оған Тұғанбек.

Туғанбектің Фиратта бір күнге де қалғысы жоқ еді. Өйткені ертең, арғы күні бұл оқыйғаны барлық жүртесітеді, әркім өзінше тон пішеді. Патша жарлығымен болған бұл оқыйға жөнінде Туғанбекті айыптамағанымен, оның аты әр жерде-ақ ауызға алынады. Тілі аңы кейбір ақындар ол туралы әжұа өлең жазып таратады... Сол үшін таң ертең ертерек тұрып, қос тігілген жерге барып, Хадиша-бегімді қуантапқа болды.

Зындан бастығы әлде қайда жоқ болып кетіп, бір кезде Туғанбек үшін бірнеше җана атлас көрпе, екі мамық әкеліп, төсек салды да, өзі бір мүйішке барып, үйқыға кетті. Уақыт түн ортасынан ауды. Туғанбек шешініп, жатуға ыңғайланған кезде, қақпадан ат дүсірі естілді. Атты кісі кіріп келді. Кең қораны кезіп, күзетте жүрген нөкерлер тұс-тұстан жүгірісті. Туғанбек ешинарсені елең қылмай аяғын соза берген кезде, бөлмеге тарсылдаپ біреу кіріп келді. Туғанбек басын көтеріп, сарай қызметшілерінің бірі келгенін көрді. Зындан бастығы да үшып түрегелді.

— Бұл неткен шу? — деп сұрады Туғанбек.

— Сіз осында ма едіңіз, өте жақсы, — деді ентігіп қызметші.— Патша хазрет бұрынғы жарлығын тоқтаты. Міне, жаңа жарлық!

— Не дейсің? — деді Туғанбек орнынан атып тұрып.

Зындан бастыры «эттес ай!» деп маңдайын соғып, дуалға сүйене кетті. Шабарманның көзі шарасынан шығып, жығыла жаздал барып, ол да дуалға сүйеніп:

— Шахзада... немене... кетті ме! Сұмдық-ай! Бұл қандай әңгіме япрай, ә?

— Демек, ажалы жеткен екен дё, — деді Туғанбек.

— Ажалға амал жоқ! — деді дірілдеп зындан бастыры.

Туғанбек шабарманнан жана жарлықты алып, ішінен оқыды да, сылқ түсіп, жым болды. Бұл жарлық ақиқаттан әуелгі жарлыққа тоқтау салған жарлық еді. Тіл қатпай үзақ уақыт отырганнан кейін Туғанбек калайша және қандай себеппен патша өз ўйғарындысынан бас тартқанын сұрады.

— Патша хазрет жарлықты мас болып отырып, білмей беріпті, — деді шабарман алқынған жүрегін басуға тырысып, — бұл жағдайды аңғарған кейбір жақын адамдары, ертеңіне патшага барлық жағдайды түсіндіріпті. Патша ол жарлығын жаман тұс деп ойлауда екен. Сол ақ екен, ол қосты астан-кестең етті. Несін айта берейін, бір қыямет болды. Сол заман жаңа бўйрық жазып, манған берді де, желдей үшып, тез жеткейсін деп қайтакайта тапсырды. Өмірімде нелер аттарды мініп, неше алуан жол бастыым, бірақ мұндай шапшаң жүрген емен. Амал бар ма, ажалы екен... Айтпақшы, сіз неге осынша асықтыңыз, соншалық асығудың не қажеті бар еді?

— Енді білдіңіз бе? — деді кекірейіп Туғанбек, — менің атым үшқан құспен тең! Ежелгі әдетім, жай жүруді білмеймін. Сендер аттың жайын, жолдың жайын білуші ме едіңдер!

— Тағдыр ғой барлығы... — деді айыпты адамша мойны салбырап зындан бастыры. — Егер шахзаданың ажалы жетпеген болса, ат емес есек мінсеніз де бектен бұрын келген болар едіңіз.

Шабарман теңсіліп сыртқа шығып, қараңғыда өксіп-өксіп жылады. Зындан бастыры Туғанбекке ту сыртынан көз алартып, басын шайқап койды.

Туғанбек асығып-үстігіп киініп жатып: «қай іске әйел араласса пәле болмай қоймайды» деді ішінен. Киініп болып, зындан бастырына адырая бір қарады да, сыртқа шықты. Нөкерлер атын әкелді. Патшаның алдына ба-руға бата алмай, Астрабадқа, Мұзатфар мырзаға қарай жол тартты Туғанбек.

Үйінен елең-аланда шыққан Сұлтанмұрат жүрттың ажарынан, бір пәле кездескенін, соның хасіреті адамдарға қатты әсер еткенін аңғарды. Сұрастырып, түндегі уақыйғаны есітті. Қейбіреулер оның егжей-төгжейіне дейін біліп алған еді. Фалым ызаға шыдай алмай, медресеге қарай жүгірді. Бірақ жол-жөнекей сұмдық оқыйға мейлінше таңырқаған бірнеше таныстарына кездесуге тұра келді. Фират қобалжулы еді. Адамдар есітіп білгенін бір-біріне айтып, оқыйға жайын кең талқылауда. Жас, ақылды шахзаданың өз бабасының жарлығымен жendet қолынан өлгендігі патша семьясында көптен бері орын алып келген егес, тартыстың, күндестік, қаскунемдіктің барлық сырын жете ашып берген еді.

Сұлтанмұрат дос-дүшпанды парқ қылмай, патшаға қарсы ызалы сөздер айтудан өзін тыя алмады. Медресеге келгенде, ол мұндағы шәкірттердің де қобалжулы, қынжылулы екенін көрді. Барлық хұжірелерде шәкірттер, оқытуышлар, олардың таныстары топтанып қайғықасірет, қүйінішке толы ашы сөз дүкенін құруда еді. Құрбан болып, жазықсыз қанға боялған нәресте жүрт көзіне үлкен қаһарман болып елестеді. Оған арналған өлеңдер шыға бастады. Залымдарды әшкерелеуші әжуа өлеңдер ауыздан ауызға көшуде.

Бүгін оқу болған жок. Сұлтанмұрат өзге медреселерге барды. Жүрттың бәрі төніп келе жатқан бір апatty күткендей үрейлі еді. Бейне жер бір сілкініп өткендей, қазір соңғы рет қатты бір сілкінеді де, қақ жарылып жүрттың бәрін жүтады! Бұл апattan құтылу үшін сенерлік жалғыз үміт бар. Ол — Элішер Науай! Құрдымға құлап бара жатқан тауды тек сол ғана үстап қалады. Ең салқын қанды, салмақты-сабырлы адамдардың өзі бұл кереметке нанатын. Бірақ бұл пәлелер кезінде Элішер мұнда жок еді. Жүрттың бәрі Машхад жолына көз тікті.

Үшінші күні Элішердің аты қала қақпасына кірісімен-ақ қалаға қуанышты хабар тарады. Сұлтанмұрат хұжіресін күліптауды да үмытып жүгіре жөнелді.

«Үнсияда» Науайдың бөлмесінде оның әркездегі кенесшілері мен достарынан басқа бірқатар ақындар, фалымдар бар еді. Науай әрдайым отыратын жайында, терезе түбінде отыр. Сырттан қарағанда ол тіпті жай-

baraқат тәрізді. Сұлтандар сағынған қарт ақынның әлсіз, нәзік қолын қысып амандасқанда, оның ойлы көзінде ауыр хасірет белгісі барлығын көрді. Бұл хасірет оның желкесінен басып, бүктегелі тұргандай еді. Бұл жердегілердің ең жасы Сұлтандар, ойлы көзін Науайдан айырмай, ақынның әрбір сөзін үйіп алуға, әрбір қыймылын есте сактап қалуға ынтығып, оның жанына отырды. Науайдың барлық жан-жүйесі әлгіде ғана есіткен оқыйғаның ауыр салмағымен жанышылуда еді. Ол журегіндегі жараның аузын қанатып алмауға тырысқандай, оны-мұны жөнінде шашыранқы сөйлеп, көзіне түскен адамға сұрақ беріп отырды. Ақырында, тіл қатпай, үзак уақыт үнсіз отырғаннан кейін, қайғылы көздерін жерден алмай, ой түбіне жеткен философтай, өзімен өзі сөйлескендегі тіл қатты. Бірте-бірте даусы қаттырақ шығып, тебірене, қыза сөйледі:

— Бұл уақыйғаны ойға салған әрбір пікір иесі, — деді ол, — шерге батып, бір үрейлі қорытындыға келеді. Өткен ғасырлар мен дәүірлерге көз салыңыз, тарихтың ғажайып қортындыларын көресіз. Қанағандардың, әкімдердің дүниені билегендердің өміріндегі, дәүірдің, мемлекеттің, салтанаттың да өзінің өмірі бар, селсел ғып қан ағызып, тарихтың мұнарасын жасаған ерлер, ақырында, бір тамшы қанның кунасына батып, жоқ болады, өзінен де, өмірінен де ешқандай белгі қалмай қояды. Бұған мысалды біз өз тарихымыздан да таба аламыз. Олар жұртқа белгілі. Сондай пәлеге тағы кез болып жүрмесек деп қорқамын!

Ақын үндемей қалды. Қайғының әсері тек оның көзінде ғана емес, оның соңғы кездерде көбейе түскен әжімдерінде және аппак сақалында да күшті еді. Науайдың, көп толғанып, салмақтап, ашып айтқан ақырат сөздері отырғандарға соқырға таяқ үстікшілдегі анық болып, қатты әсер етіп, бәрі де тым-тырыс бола қалды.

— Қандай пәле болса да оны токтатуға күш салу керек, — деді Науай сенімді дауыспен, батыл сөйлеп, — қымбатты отанды, ел-жұртты аман сақтау үшін жан аямау міндептіміз. Сіздерден тілегім сол — біз бір-бірімізді, отанды, елді мемлекетті жан-тәнімізбен сүйейік, адал болайық. Адалдық пен махабbat — ўлы күш. Бұл күшке бөленген адамдар өмірді нұрландырады,

олар пәлекеттің қақпасын берік жауып, бақыттың қақпасын кең ашады.

Бұл сөздер мұзбақпай отырған тыңдаушыларға көктемнің қоңыр салқын желіндегі әсер етіп, оларды бір желпіндірді. Сүлтанмұрат ақын сөзін шын ынтамен қостады. Ол адалдық пен махаббаттың асыл топырағына ақыл мен ғылым үйрекін сеуіп, оның гүлдерімен және жемістерімен өмірді безендіру жөнінде, ғылым мен көркем өнердің қуатты тамырлары кең жайылған жер қандай пәлекетке болса да төтеп бере алатындығы туралы сөйлемді. Басқалар да өзге дәлел, сыйпаттамалар келтіріп, осы пікірді қуаттады. Жүректерде тағы бір зор үміт қанаттанды.

Жүрт бірте-бірте тарқай бастады. Ең соңынан шығуға ыңғайланған Сүлтанмұрат пен Хандемирді тоқтатып, Науай жас тарихшыдан оның соңғы еңбегі жөнінде сұрады. Он жетіге жаңа келген Хандемир үлкен тарихи еңбек жазып жатқанын, ақынның кітапханасынан пайдаланып жүргенін айтты. Науай оның калай жазып жүргенін білуге ынтықты. Оның кітабының басқа тарихи шығармалардан қанша айырмасы барлығын, мәселен бабасы жазған жеті бөлімді үлкен шығармадан қандай айырмасы бар екенін тағы басқаларды сұрады. Хандемир сұрақтарға қысқа, бірақ айқын жауап берді. Соңан соң кітаптың жеке тарауларын оқып шығып, өз пікірін айтуды ақыннан өтінді. Науай мұңайып: «Өзініз көріп отырысyz, халықтың басына қазір қандай хасреттер төніп тұр! Аз да болса қолым босаса, әрине, оқып шығам. Оқудан ешбір зиян болмас» деді. Хандемир риза болып қайтты.

— Сіздің пікір қазнаңыздың асыл жемістерін қашан көреміз, — деді Науай Сүлтанмұратқа тігіле қарап.
— Соңан соң тағы да: — сізден тәлім алған шәкірттеріңіздің бірнешеуі Машхадта оқытушы екен, барлығы да сізге сәлем айтып жатыр, — деді.

Сүлтанмұрат кітабының есеп, астрономия және логика мәкемелеріне арналған бөлімі недәүір ілгерілегенін айтты. Науай бұл ғылымдарға байланысы бар арап, фарсы, үндістан тілінде жазылған шығармалардың бәрін көзден өткізу қажеттігін айрықша ескертті де:

— Асығу керек. Сақалыңызға бірен-саран ақ кіріп қалыпты... — деп күліп қойды.

Халық қайғысының ауыр салмағы тағы да Науана түсті. Қолын өз немересінің қанына бояған патшаға қарғыс айтып, қатты қынжылды. Бірақ Тұғанбек жеткізген жарлыққа мас кезде қол қойылғандығын, оның соңынан қалдырылғанын ойлад, бұл уақыйғаның терең тамырлары барлығын ойға салды. Ақын тезірек сарайға барып, уақыйғаның егжей-тегжейін жете білуді үйгарды. Кешке таман «сүйікен жүректің» жаңа тарауын бастады. Аз уақыт ішінде бір десте қағаз өмір тәжрибесінің, асыл пікірлердің жемісіне толды. Науай шаршады. Белі, саусағы ауырғандығын байқады. Ақын кәріліктің, таусылмас хасіреттердің нәтижесі болған дәрменсіздікті жыл сайын емес, ай сайын сезе бастаған еді. Жатып, біраз дем алмақ болып еді, күтпеген жерден Хожа Афзал кіріп келді. Науай өз көзіне өзі сенбей оған таңырқай қарады. Қөп жылдан бері кездеспей, сағынысқан достар қуанысып, құшақтасып көрісті. Науай қуанғаннан сергек болып кетті. Досына өз жанынан орын берді. Екеуі бір-біріне тігіле қарасып, бір-бірінің бетінен, тұлғасынан, көзінен озған жылдардың әсерін көрді. Хожа Афзалдың сақалы ағарып, жайнаған көз жанары көмексленген, ақ жүзін әжім басқан — мүлдем өзгеріп кеткен еді. Соңғы, он жылдай уақыт ішінде болып өткен елеулі уақыйғалар жайында қызу кенесіп, таңға таяу үйқтауға жатты. Таңертең, шай үстінде тағы да көп кенесті. Науай мемлекеттегі жалпы жағдайды баяндап, соңғы уақыйғаларды түсіндіре келіп, ақырында:

— Мемлекет үшін қандай болса да бір қызмет атқару ойынызда бар ма? — деп сұрады.

— Басқа өлкелерде маган жоғары дәрежелі қызметтерді үсынды. Мен бәрінен бас тарттым. Бірақ Хорсанда қандай қызметті болса да шын ынтамен атқаруға әзірмін — деп жауап берді Хожа Афзал.

Науай қуанып қалды. Отан үшін жан аямай еңбек етер адамдарды іс басына қоюға үмтүлған ескі дағдысымен Хожа Афзалды да лайықты қызметке қоюға бел байлады. Бірнеше күннен соң патшаның қасына жүріп кетті.

Хұсаин Байқара Мұргаб жағасында, өз шатырында, жылап-еніреп қарсы алды. Ол мас еді. Қайғырып қара

киіп алған — үстінде үзын қара шапан... Немересінің қайғысы қатты әсер еткендігі байқалып тұр. Ақынды өз жаңына отыргызы. Ұзақ уақыт сөйлей алмады — өкінү-өксу — тынысын тарылтуда.

— Шексіз ауыр күнага баттым. Үрпағымды, Темір сыяқты үлы қолбасы болатын сұңқарымды жендет қолына тапсырдым. Тәңрі өзі кешірмесе, халім мүшкіл, — деді Хұсайн Байқара көз жасын сүртіп.

— Жұзқаралық болыпты! — деді Науай, ыза мен қайғы кернеп. — Тәңрім ешбір бендесінің басына мүндай қайғы салмасын!

— Ақыл-есімнен, еркімнен айрылған уақытымда ын-сапсыздар... — сөзін аяқтай алмады Хұсайн Байқара.

— Нағыз қылмыстыларды білесіз бе? Қімдер олар?

Хұсайн Байқара кою қара қасының астындағы қызарып, іскең көздерін жерге төңкеріп, басын изеді. Бірақ қылмыстылар жөнінде ешиәрсе айтқан жоқ. Ол тек өз маңын опасыздар, астыртын дүшпандар қаптағанын айтып шағынды.

Науай Хожа Афзалдың келгеніндегін, патшага қызмет етуді тілейтіндігін айтты. Хұсайн Байқара оны жақсы сөздермен, ескі кадірлі жақын адамындей еске түсіріп, уәзір етіп тағайындауға әзірлігін білдірді.

Науай келгенней бастап уақыйғаның, қылмыстардың ішкі сырын терең зерттей бастады. Үәлибек, есік ағасы Бақаәлі, Абдулла, Марвари, Дәруишәлилермен кеңесіп, қылмысты іске Хадиша-бекім мен бірге Низамұлмұлік себепші екенін, бірақ патша Хадиша-бекімге қапа болса да, оның күнасы жөнінде ауыз ашпағанын білді. Ол Низамұлмұліктің жақындары Имадал Ислам, Хожа Әбдуләзиз, Низамиддин Курд, қази Шихабиддин тағы басқа бір топ жоғары мансаптағы адамдар шахзадалар арасында дүшпандық туғызып, біресе ана, бір есе мына шахзаданың жағына шығып жүргенін анықтады.

Бадуizzаман баласының өлімі үшін өш алмақ болып, әр жерден өзіне жақтастарды жыйнап, үлкен шабуылға даярланып жатқандығы жөнінде хабар алынды. Жүрт оның шабуылын бірден соғатын дауылды күткендей күтті. Бұл жөнінде Науай да кумandanған жоқ: Ол мұның үстіне, кейбір белгілерге қарағанда, басқа шаһзадалардың да түрлі өлкелерде бүгін-ертең бас көтеруге, әзір екендігін болжады.

Низамұлмұлік ешбір қылмысқа қатысы жоқ адамдай.

бұрынғы қалпын бүзбай алғашкы кездегідей кекірейіп, өзінше салтанат күрүп, жайбаракат өмір сүруде. Оның ғар айтары: «Мемлекеттің іргесі бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде берік, халық шат, ел абад».

Хұсаин Байқара жарлық жазып, Хожа Афзалды Уәзір етіп тағайындағы. Науай мемлекетте ешқандай ресми қызметке ие болмағанмен, мемлекеттің бүтіндігінің, жүрттың тыныштығының қамын ойлад, тынбай жұмыс атқаруда болды. Намысты адамдардың қызметке тағайындалуына көмектесті. Низамулмұлік өзінің таяныш-тіректері күйрей бастағанын сезіп, тағы да астыртын әрекет істей бастады.

Хұсаин Байқара бір кездерде «мемлекеттің, таж-тақтың тірегі, гауһары» деп мадақтаған уәзірлеріне енді күдіктене бастады. Немересінің өлімі үшін өш алу пікірі жаңын жыландай шағып, өн бойын улай берді. Уәзірдің астыртын жаңа әрекеттері оны шыдатпады. Ол Науайды шақырып алды, кеңесті:

— Науай өз пікірін баяндай келіп:

— Мемлекет игілігі үшін қажет болған қандай шаралы болса да қабылдаймын, — деді.

— Не істеу керек оларға?

— Мемлекеттің, халықтың тағдырын мұндай уәзірдің қолына беріп қою қылмыс. Әкімдер өз қызметіне адал болуға міндетті. Мемлекеттің олардың қолында ойыншық болуына ешбір жол бермеу керек. Тіпті тақ иесі патшаның да мемлекетті, халықты өз басының қамы үшін ойыншық етуге хақы жоқ! — деді Науай.

— Дұрыс сөз, — деді Хұсаин Байқара ауруша ыңқылдап. — Бірақ сіз өте жұмсақ көнілді адамсыз. Мен ол опасыздарға ойран салып, сазайын тарттырғанда...

— Астыртын қастық ойлаушылардың қылмыстары жете тексеріліп, әрқайсысы өз қылмысына қарай көрсін көресісін. Туғанбек сыяқты мақлұқтарды жер бетінен жою керек! — деді Науай батыл сөйлеп.

— Ол сүмға қандай жаза болса да аз! — деді Хұсаин Байқара, бойын ыза кернеп.

— Эйелдер де өз жайын біліп, шектен шығып кетпеуі керек. Эйелдің бір залымдығының үшқынынан үлкен өрт шығуы мүмкін, — деді Науай әр сөзін салмактап сөйлемел.

Хұсаин Байқара бұл жөнінде өзінің лажсыздығын

мойнына алған сыйқты, басын төмен салып, үндемей қалды.

Келесі күні Низамұлмұлік пен оның балалары, және оның жақтастарының ең көрнектілері тұтқынға алынды. Тұғанбекті қай жерде болса да үстап қамауға жер-жерге жарлық жіберілді.

Хұсайн Байқара Бадуizzаманның шабуылын күтіп, қос тігіп, әскерімен «Өләңнишинде» қалды. Науай Фиратқа кетті. Хожа Афзал бас уәзір болды. Ақын жайбарақат отырып, жұмыс істеу үмітінде еді. Күн озып, өмір өтіп барады. Қеуде таяққа артылатын болды. Ен-ді атқа мінудің өзі қыйынға согатын болды. Жазса қолы талып қалады. Бірақ жазу керек еткен мәселелер, пікірлер көп-ак...

Науай бірнеше ай ғана нәдәуір тыныштықта істей алды. «Құс тілін» ерекше ден қойып, тез жазды. Қаршадай кезінде жүректің төрінен орын алған өршіл талап, өмір өрінен асқан кезде де басылған жоқ еді. Өсіп жетілген жеміс ағашы тәрізді, кәрілікте де ол талап маҳабbat пен мол жеміс беріп, пікірдің асыл гауһарларын қалам үшінан төге бастады. Ақын ертелі-кеш философиялық ойларға берілді. Шабыты, шарықтаған хиялы ойлікірдің кең гүл алаңынан, құлпырып, жайнаған неше алуан гүл дестесін жыйнады — тамаша уақыйғалы өлеңдер күралды. Терен ойдың түбінен шыққан асыл жырлардың көркі мен күші, ана тілінің күдіреті ақынды қуандырыды.

Қарт Науайдың болашақ үрпаққа қалдырмақ болған пікірлері көп. Ажалдың суық желі гүлей еспей түрып, ойдың гүл алаңынан гүлді негұрлым көбірек жыйнауға тырысады. Әттен, амал жоқ, мемлекеттің саяси өмірінде арпалыс токтар емес!

Низамұлмұліктің екі баласын зындан ішінде, әкесінің көз алдында жендет шауып өлтірді. Сонан соң Низамұлмұліккө Әмір Абади жендеттік шеберлігін толық қолданды, оны ең ауыр азаппен қынап, өлтіріп терісін сылып алыш, сабан тықты. Бір кезде салтанат күрган өр кеуде уәзірдің сабан тығылған сүлдесі апта бойы Фират аланында асылып тұрды.

Бадуizzаман жағындағыларды Хұсайн Байқара зынданға салды. Бірақ елде әлі тыныштық орнар емес. Патша ордасында ондаған жылдар бойы тамыр жайған қым-қыйғаш тартыс, егес, құндейстік у шашатын гүлдей

ауаны білдіруде. Баласының кегін сұлтау еткен Бадуиззаман, карт әкесіне шабуыл жасаудан іркілер емес.

Науай мемлекеттің, елдің тағдырына немкүрайды қарап отыруға төзе алмады, ары шыдамады. Астанадан үрыс майданына жаңа күш аттандырып, шаһзадаларға хат жазып, оларды жөнге келуге шакыру керек. Бадуиззаман бүрүнғыдай емес, қазір тәжрибелі болып алған. Оны талқандау қыйын. Егер соққы жесе әрине шегінеді, бірақ көп үзамай ол қайта шабуыл жасайды.

Науай Хұсаин Байқараны баласымен келісімге келуге үндеді. Ұңқылдаған шал көнген соң, ол шахзадаға барды. Науай өз ықпалының, өз беделінің күшімен оны әкесіне, елге қарсы қылыш көтеруден бас тартуға мәжбүр етті. Қыс және жаз тыныштықта өтті. Бірақ күзде патшаның басқа балалары бүліншілік бастап, бас көтерді. Әбулмұхсин мырза Марвде, Әбулнасым мырза Абивардта көтеріліе жасады. Атқа міне алмайтын шал әке «қөзінің нұры болған» балаларына қарсы соғыс ашқалы жорыққа аттанды. Бірақ Астрabadта және басқа өлкелерде бүліншілік оты тұтанып, жайлап жел соқса болды қаулап жаңғалы түрді. Мемлекеттің мекемелерде ескі жараптар әлі жазылмаған еді, әкімдердің көбі Мәждиддиннің шәкірттері, мұрагерлері еді. Олар елді талап-тонауда. Патша бір-бірімен және әкесімен таққа таласқан азғын, содыр балаларының бастаған бүліншілктерін басу үшін үлкен мемлекеттің бір шетінен екінші шетіне көп әскермен аттанып қазнаны шашты, халыққа түсken алым-салық көбейе түсті.

Науай айла-амалдың бәрі таусылып, үміті үзілгенін сезді. Сүйікті отан жерінің топырағы оның аяғына от болып басылды. Отаннан безіп, өзге елге кетуді ойлады. Бұл ой бірте-бірте оны мұлдем билеп алды. Ол өз елінің аспаны, көркем бақтары, көркем өнер ескерткіштерімен, төбесі көкке тиген алыстағы тауларымен ойша қоштаса бастады. Бұл қоштасу сезімі оның өзегін сұрып алғандай болды. Бірақ өзегін көркем хиял, көрікті ойдың қалдықтарымен толтырудан көрі енді осылай істей артығырақ еді.

Баласы Әбулмұхсин мырзамен бірнеше ай бойы соғысып жатқан Хұсаин Байқарага елден безіп кетуге бел байлагандығын білдіріп, хат жазып, Әбдулхай тәуіп-

тен Марвқа беріп жіберді. Соңан сон Хожа Афзалға үзақ нұсқау жазды. Оған мемлекет адамдарының адал, әділ болуды керектігі, занды мықты үстап, оны жүрттың бәріне бірдей қолдануы тиістігі, халықпен қандай қарым-қатнаста болуы қажеттігі, патшадан корықпай және оған қошеметшіл болмай, оның қате кемшіліктерін ашып отыру керектігі тағы басқа көптеген саяси мәселелер жайында кеңес беріп, ақылын айтты.

Фират тағы қобалжыды. Бұл хабарды есітіп көп адамның өні өзгерді. Сұлтанмұрат бастаған атақты ғалымдар, ақындар, көркем өнер адамдары үлкен топ болып Науайдың алдына кіріп келді. Ақын бұлар қоштасу үшін келген болар деп ойлады. Барлығымен амандастып болған соң, оларды қошеметтеп отырғызыды. Жүрт жым-жырт. Бәрінің қабағы түсінкі.

— Достарым, — деді Науай жұмсақ, мұнды дауыспен, — менің отаннан безуге ойым кетті. — Бұл қымбатты отаның көркі болған сіздердей достардан айрылу қыйын, жаныма қатты батады, бірақ көнілімнің жетегіне еруді мақұл көрдім. Мүмкін қартайғанда хасиетті жерлерді көруге нәсіп болар... Туып өскен өлкемде бұдан әрі тұра беруге төзімім жетпейді. Отанды үлды арман, игі тілектердің аяқ асты болғанын көрем. Мен сорлыға бакытты сапар тілеңіздер, отанды сіздерге тапсырдым, оған әр-уақыт адал болғайсыздар!

Біреулер ауыр күрсініп, біреулер көздеріне жас алды, жүрт тағы жым-жырт болды. Тек қапастағы екі ақ та-мақ кішкене құстың үні ғана тыныштықты бұзуда.

— Эмір, біз сізге қоштасқалы келгеміз жок, — деді Сұлтанмұрат, бойын түзеп, батыл сөйлеп. — Егер сізben қоштасуға тұра келсе, біз бүкіл Фират халқы болып, жер шарының қай жеріне баруды тілесеніз соған дейін шығарып салған болар едік... Мемлекеттің тұтқасы қара күштердің шенгелінде тұрғанда, қымбатты еліміздің барлық түкпірлерінде бұліншілік дауылы соғып тұрғанда, өмірдің, тіршіліктің жалғыз тірегі — сіз. Отаннан безіп кетсөніз қара күштер бұғауды үзеді. Ұлы қамқоршысынан айрылған ел, тәңрі көрсетпесін, не күйде қалады! Хорасанда адам пікірінің, өнерінің тамаша ескерткіштері бар, көп-ақ. Олардың барлығын сіз жасадыңыз. Заманымыздың ғалымдары, ақындары, өнерпаздары — барлығы сіздің шәкірттеріңіз. Хорасаның гүлденуі үшін

тарихта ешкім сіздей көп еңбек сіңірген емес. Сіздің еңбектеріңізді толық баяндау үшін қалың томдар жазу керек болады. Отаннан кету пікірінен бас тартыныз, ұлы үстаз! Біз халық атынан, отан атынан, оның болашағы атынан өтініш етеміз. Тілегімізді жерде калдырмаңыз.

Отырғандар серпіліп, қеуделерін көтеріп, түс-түстан Сұлтанмұраттың сөзін қостады. Сол-ақ екен, Науайдың ескі досы қарт ақын сөз бастады:

— Досым, — деді ол, — қасиетті жер іздеуге ойың кеттілті. Мен айттар едім, сол қасиетті жердің желі бері қарай есіп келіп, сіздің басқан іздеріңізді сүйсө екен... Отанның басына күн туған күндерде сен бұл ниеттен қайтуың керек, досым.

Науай басын кетеріп алым, қолымен сәлдесін маңдағынан сәл жоғары жылжытып қойды. Жүрттың бәрі оған сүйіспеншілік және өтінішпен телміруде. Отырғандардың барлығы Хорасандагы ғылым мен қөркем өнердің көрнекті қайраткерлері, ақынның жан жолдастары еді. Мынау Бекзат пен Музахаиб, Сұлтанәлі мен Зәйнідин, Сұлтанмұрат пен Мир Мұртаз, Құлмұхаммед пен Шайх Наи тағы басқалар — бұлар заманының тамаша адамдары. Мұндағы адамдардың қабілетін, дәрежесін бір-бірінен ажыратып болмайтын еді. Өйткені әрқайсысы өз ісінің шебері... Мынау отырған бәрінен де жас Хандемир. Ол түнеріп отыр. Ол атакты тарихшы бабасының өлімінен кейін ақынмен мұлдем жақын болып алған еді. Фиратта Әлішердің тағы қанша тамаша замандастары бар! Фираттың әрбір түкпірінде ондаған, жүздеген қолынан өнері төгілген шеберлер бар, бұлардың бәрі күн сайын, сағат сайын кенес сұрап тұрады. Бәрі де ақынның замандастары. Олардың барлығының рухтандыруышы емес пе ол? Бұл адамдар ұлы тарих жасаушылар! Бұлар — тарихтың данқы, мақтанышы! Көзінің тірісінде оларға қамкоршы болу, көмектесу, қайғыларына ортак болу ақынның ардақты борышы емес пе?

Науайдың жүрегі елжіреп кетті. Жылағысы келді, бірақ өзін-өзі үстады.

— Достарым, — деді ол мұнайып, — халық атынан жасалған өтінішті қабылдамауға шарам жоқ. Халық тілеғінен қадірлі нәрсе жоқ. Халқым үшін жанымды пида етуге әзірмін.

Арысланқұлдың қолы бос еді. Шебер әйелі жиегіне жінішке оқа салып көркемдеп тігіп берген шекпенін киіп, көшеге шықты. Жан-жағына қарап еді, жасауылдар мен нөкерлердің бәрінің түстері түксюлі екенін, қыймылдарында асығу барлығын байқады. «Бұл тегін емес» деп ойлады ол ішінен. Бір мезетте қамал жақтан келе жатқан бір топ таныстары кез болды. Әкімшілік қызметте болмаған жігіттер мен жасы қайтқан кексе адамдар жауға қарсы аттанғандай толық каруланып алышты. Жолын тосып жолығып, олармен сейлесті. Олар Мұсаффар Мырзаны Астрabadтан айдан шыққан Мұхаммед Мұхсин мырзаға қарсы жорыққа патшаның аттанып кеткенін пайдаланған белгілі бүлікші Бадуиззаманның тікелей Фиратқа баса-көктеп келе жатқанын, қаланы қорғауды Әлішер Науай өз қолына алғанын білдірді. Арысланқұл іштей «Науай қолбас!» деп езу тартты. Қамал жаққа қарай жылдам журіп бара жатыр еді, үзын таяғына сүйеніп, аяғын аңдап басып, Ұәлибекпен бірге келе жатқан Әлішер Науаіға кез болды. Арысланқұл әдеті бойынша жүгіріп барып, қол құсырып сәлем берді. Науай тоқтап, оған қадала қарады. Ақынның қайғылы ажарына жылы шырай кірді.

— Е, жігіт, — деді Науай таяғына сүйеніп, — берікбісін, халің қалай?

— Тіпті жақсы, тақсыр, — деді оған Арысланқұл, — етінішім бар, тақсыр, рұхсат етсөніз нөкер болғым келеді.

Науай үнатқандай күлімсіреп Ұәлибектің бетіне қарады. Қашан болсын, ашы тілді, одағай, бірақ сөзі зілсіз, қарапайым бек өткір көзін Арысланқұлға қадап, бастан-яқ қарап шықты.

— Жігіттің жігіттігі жау тигенде көрінеді, — деді Науай, — халық үшін қызмет ет. Тезірек қамалға барып, қару ал.

Арысланқұл асығып, алқынып үйіне келді. Есіктен кірө беріп: «аш сандықты!» деді Ділдарға.

— Не боп қалды? Сандықтан не аласыз?

— Қылыш! Қылыш керек қазір... — деді Арысланқұл асығып.

— Қы-лы-ш? Саған оның не керегі бар? — деді Ділдар назданып.

Арысланқұл асып-сасып оқыйғаны қысқаша түсіндірді. Сонан сөң өзіне-өзі: «Туғалы қылыш шауым көрген жок ем, бұл қалай болар екен» деп койды.

Сұлу денелі Ділдар теңселе басып төргі бөлмеге кірді. Сандықтан қылышты алып күйеуіне үсынды. Арысланқұл қылышты жартылай сұрып, жүзін көрді де, қынабына қайта сұкты. Дереу беліне байлап алды да, әйеліне күлімсірек қарады.

— Жарасады екен, — деді Ділдар күйеуінен көз айырмай. — Бірақ батырға қылыштан өзге де құрал керек.

— Эрине, басқасын қамалға барып алам.

— Еркектер бақытты... — деді Ділдар өйли көзімен қадала қарап, тағы сөз келіп еді аузына, оны айтпай іркіліп, артына бұрылды, — төзірек бар, қала тынышталсын.

— Уайымдамандар, — деді Арысланқұл көзі аларын таңырқай қараған кемпірge,—Науай қалаға кіргізбес жауды.

— Науай хазрет қолбасы болса, соғыска еркектер емес әйелдер де аттануға дайын, — деді Ділдар.

— Ол кісіте жаным құрбан! — деді кемпір.

Арысланқұл аршындағы басып көшеге шыға бергенде, мектептен қайтқан үлы қызығып қылышқа жабысын, тақпақшы болды. Арысланқұл оның балдырған бетінен бір сүйді де, қамалға тартты. Ол жерде оған қалқан, жай, оқ берілді.

Шәһерді Қап тауындағы орап алған қамал қорғанның алдына қарулы, карусыз көп адам жыйналды. Бұлардың ішінде жас шыбықтай нәзік жас өспірімдермен және Рұстемдей зор кеуделі азаматтармен бірге еңкейген шалдар да бар еді. Арысланқұл айбарлы, биік қорған жаңында арлы-берлі біраз жүрді. Іске кірісу қажеттігін әркім-ақ білсе де, неден бастауды ешкім білмеді. Міңеки, жуас, сұлу қара жорға мінген Науай қалың топтың ортасына келіп тоқтады. Ол әскерлердің бәрі патшамен бірге кеткендігін, астананы тек қала халқының күшімен ғана қорғау мүмкіндігін айтты. Қорғанды бекітуге тоқтаусыз кірісу қажеттігін түсіндірді. Халық түс-түстен айқайлап, сүйікті ақынның, мейрімді атанаң сөзін қостады.

Халық қамал-қорғанды бекітуге кірісті. Жұмыс қыза

түсті. Әуелі қорғаның осал жерлерін мықтауға кірісті. Жер қазған, балшық илеген, тас тасыған адамдар сансыз еді. Топ барған сайын көбейе түсуде. Жас демей, кәрі демей жан салып жұмыс істеуде. Науай кейде атпен, кейде жаяу келіп, жұмыс жайын қадағалап, тәжрибелі кісілермен сөйлеседі. Ақын жүрттың рухтанып істеуіне сүйсініп, бойы қотеріліп, серпілгендей болды.

Бір жеті ішінде қала қамалы қорғануға болғандай, бекінді. Сол кезде Бадуиззаман қосының таяу келіп қалғандығы мәлім болды.

Апта бойы дамылсыз жұмыс істеген Арысланқұл қорған дуалы үстінде, ескі қала begi тәрізді кеуде керіп, аяғын ширак басып, арлы-берлі жүріп, алыста күн шүрласына бөлөнген қала сыртындағы жасыл баққа, көк майса, қалың еғін арасында көзге түскен жолдарға қарал қояды...

Кешке жақын жаудың бірен-саран атты әскерлері көрінді. Қорғандағылар садақтарын сайлап, қобалжып, бір-біріне жау әскерін нұқсал көрсете бастады. Арысланқұл бр қолын маңдайына тосып, қалқалап алысқа көз жіберді. Қалың ішінде бірсек көрініп, бірсек ғайып болған аттыларды байқады. Дереу төменге түсті. Соңан басқа Науайға хабар беретін ешкім жоқтай, асып-сасып ақынды іздеді. «Мұлж» қақпасына жақын жерде, бір топ ысылған, жауынгер жігіттер қоршап тұрған Науайды көріп, солай қарай жүгірді. Жақын барғанда, олардың әлдеқандай мағнналы әңгімемен шұғылданғанын сезіп, құлағын түре қойды:

— Астрабадтағы әскерлер келіп үлгіргенше, — деді Науай, таяққа сүйеніп, баяу сөйлеп, — біз астананы өз күшімізben қорғауға тиіспіз. Дүшпанды ешбір жерден өткізбеуіміз керек. Әсіресе, Қақпалаға мықты болу қажет. Бадуиззаман мырзаның күшін жете байқағанға деін, қорған сыртында ўрыс салалық. Әсіресе, тунде сақ болу керек. Бүгін түнде жауынгерлердің ешкайсысы уйқатамайтын болсын. Астрабадтан әскерлер келген соң Бадуиззаман екі оттың арасына түсіп, бас қамын ойладап шегінеді, немесе күл-талқан болады...

Ақын басын төмен салды. Оның жүзінде бір ішкі тебренудің белгісі байқалды. Бір мезетте ақын басын қайта қотеріп алып, былай деді:

— Экесі мен баласы соғыс ашып, елді екіге бөліп, күнасыз қан төгу үлкен қылмыс. Бұл қаралы күндер, қан-

ды үақыйғалар, мағнасыз айқастар тез аяқталып, отанымыздың көгінде бейбітшілік пен қауыпсыздықтың, әділдік пен махаббаттың күні жарқыраса екен!

Қарулы жігіттер терең ойға шомып, түңіле жерге қарады. Арысланқұл бармагын тістеп, Науайды алғаш рет көргендегі онан көз жазбады. Құтпеген жерден арқа жағынан таныс дауыстар естілді, жалт қараса Сұлтанмұрат пен Зәйниддин екен, Зәйниддин қынабы ескі, бір көріксіз қылышты тағып альпты. Арысланқұл шаттанып, бірге соғысуға тілек білдірді.

— Мынау, өзі қылыш тағып, маған қылыш түгіл, пышашқ үстарат емес. Бұл неткен жәбір? — дед, Сұлтанмұрат досының үстінен шағым айтты.

— Сіз тақсыр, жайбарақат отырып, қалың қітапты төзірек жазып бітіріңіз, — деді Арысланқұл күлімсіреп. — Мынау екі қолдың бірі, — деді тағы ол екі қолын жағып, — сіз ушін айқасар.

Сол кездे жардай үлкен атын ойнатып, қанатын комдаған қаршығадай Уәлибек келіп қалды. Ол жыйырма шақты жігітті ірікеп алып, оларға «Ферузабад» қакпасы жаққа тезірек жетуді, әдеті бойынша, жекіріп бүйирды. Бұл ашы тілді, одағай сөзді, ашулы бекті жігітер жақсы көретін. Олар қылыштары тізелеріне соғылып, жүгіре жөнелді. Соңан кейін Уәлибек шақшиған өткір көзін қалғандарға, оның ішінде Арысланқұлға қадап, қамшысының сабымен жоғарыны нұқсан, қамалды көрсетті.

Арысланқұл қорған үстіне шығып, теңірекке көз жіберді. Әлгіде ғана күн нұрына бөленип, тыныштықта мұлліген бау-бақшалар мен егін басында ірі қара малдардың үркіп, бет-бетімен қашқанын, түйіншек, қап арқалап, шаң ішінде жүгірген ерек, әйелдер мен бала-шагаларды көрді. Оның ойына Науайдың сөздері тусти. Жерге қарап ойланып қалды. Бір елді, бір халықты жіккесе бөліп, әбігер еткен шаһзадаға нәлет айтты. «Не әкесін сыйлап, не елден ўялсайшы бұл арамзалар!» деді іштей.

Күн ағаштарға, мұнараларға, Фират мешітінің күмбездеріне, атты жігіттердің дулығаларына шапағын шашып, үясына енуге еңкейді. Бірте-бірте қарауытып, каранғылық түсіп, қоюлана бастады. Қөктө жүлдyzдар жайнаады. Қала іші де, қорған сырты да тыныш сыйқты еді. Ептең салқын жел есе бастады. Тұнгі үақыт озған сайын

алыстан оқтын-оқтын айқай естіле бастады. Бұл жерде қараңғыда қорған түбінде отырған сақ күлақ жігіттер елере қалысты. Дауыстар тынған кезде Арысланқұл күліп, өзіне-өзі сөйлеп қояды.

— Бұл іскендердің қамалындағы берік қорғаннан үшып етер қанаттарың жоқ шығар... Ішке кірудің амалын тап-пай, есік сыртында мыяулаған мысықтай, әлі талай әуре боларсыңдар!

Бір мезетте томенде, жақын жерден әлденендей бір дүбір, шу естілгендей болды да, Арысланқұл күлағын тіге қойды. Бірақ оған таяу жердегі жас өспірім екі шәкірт фарсыша ғазалдар оқып, өзара даурығып, тың-тың-датар емес.

— Фираттың бұлбұлдары болсаңдар да жетер енді,— деді одағай дауыспен жекіп, Арысланқұл.— Бұл неткен жыр күмарлық.

— Сіз сонша кім едіңіз, көркем ғазал өку айып па? Жақпаса құлағыңызға мақта тығып алыңыз!— деді олардың бірі зілмен.

— Намаз да өз уакытында парыз!— деді Арысланқұл да кем түспей: соңынан тыстағы дүбір, шудың бекер екенінө сенген соң баяуырақ сөйледі.— Оку, таласу, әрине, пайдалы нәрсе. Бірақ сендер өзімізше, түрікше, Науаша шірін-шірін бәйттерді оқындар. Бұл неғылған қаптап кеткен фарсы базар?!

Екі шәкірт ха-халап күліп жіберді. Дықпен басталған әңгіменің ақыры достық кеңеске айналды...

Ай көтерілді. Оның жұмысқ нұрымен барлық нәрсе біртүрлі нәзік түске енді. Алыстағы хауыздар күміс табактай жалтырап көрінеді. Әсіреңе, «Бағжаһан ара» нын солтүстік жағындағы орасан зор хауіз бен оның төрт жағындағы төрт әсем үй ай нұрымен керемет көркем көрінгені сонша, Арысланқұл көз жазбай ўзак уақыт қарап түрді.

Түн ортасы таяғанда онша алыс емес жерде қенет бір шу көтерілді.

— Жау «Қыпшақ» қақпасына басып қірді!— деді жауынгерлердің бірі.

Арысланқұл біраз тындан тұрып: «Солай көрінеді! Көмекке бару керек, бұл жерде қазіршे тыныштық!» деді. Бұл жерге, «Мұлқ» қақпасына ең таяу қақпа сол еді. Айқай-шу басылмады. Арысланқұл жүз басыдан рұхсат алып, он шақты жігітімен көмектесуге жүгірді. Біраз-

дан кейін шу бірте-бірте бәсейіп, тек жекелеген айқайғана естілді.

Жау тап берген жер «Қыпшақ» қақпасынан недәуір беріде екен. Лезде жетіп барған Арысланқұл өзара әлде неге ерекісіп жатқан жауынгерлердің бірін түртіп «Ей, не болды?» деп сұрады.

— Не болғаны қалай? Белгілі емес пе... Біраз шайқасып қалдық, — деді жігіт Арысланқұлға бұрылмай.

Арысланқұл адамдардың қызу әңгімесіне күлақ салып, оқыйғаның жай-жапсарын лезде біле қойды. Бадуиззаман жігітерінің бір тобы екен. Олар өздеріне алғаш кез болған бірнеше жауынгерлерді қылышпен шауып тастапты. Айқай естілген соң жан-жақтаң жауынгерлер жыйылып, жауды түгел қырып салыпты...

— Абайландар, өлікті баспаңдар... — деп айқайлады біреу. Жер жосыған қаннан адам тайым жығылғандай еді. «Құнасыз» қанды басып, Арысланқұлдың көнілі бұзылды. Шеттеп шығып, қамал қабыргасына сүйенді.

Бірден жүрт жым-жырт бола қалды. Әлішер Науай мен Үәлибек келді. Арысланқұл ақынға жақын келіп, жарлық күткендей кол күсырды. Науай таяғын өзінен адым ілгері жерге тіреп, қос қолдап сүйеніп, қеудесін біраз алға иіп, жүрттың бәрін көзімен бір шолып өтті.

— Бұл жерде иңдей оқыйға болды?

— Тыныштық, тақсыр,— деді оған Арысланқұл.

— Бұл қанды қырғыннан кейінгі тыныштық десенші,— деді Науай әзілге шаптырып. Кейбіреулер еріксіз күліп жіберді. Арысланқұл не дерін білмей жан-жағына қарады. Жауынгерлердің бірі болған оқыйғаны бастан-аяқ баяндады. Науай жігіттерге жігер беретін сөзден кейін, мейлінше сақ болу керектігін ўқтырды.

— Енді жақындар болса саты-патысымен аударамыз, — деді жігітердің бірі қолын сілтей сөйлеп.

— Сақ болсаңыз аударарсыз, анқау болсаңыз олар мынау қорғаның биғінен сізді үшырып жіберер,— деді ақ сақалы ай нұрымен күмістей болып көрінген Науай. Соңан соң ол қаза тапқандардың денесін жыйып алушы бүйірды да, баяу басып жүріп кетті. Айдың жарығында алған элпette сұлап жатқан қанды қеуделерге көз тастап, Үәлибекке қарады да, басын шайқады. Үәлибек бірден: «Обалы шаһзадаға» деді.

Әліктерді жыйнастырды. Жыйырма адымдай әріректе үлкен сәлделі, үзын шапанының сыртынан қылыш тақ-

қан бір шәкірт, бір өлікке төне түсіп: «Е, опасыз тағдыр! Хорасанның бұл баға жетпес гауһарын залымдақ қылышымен сыйндырып, топыракқа көмгениң бе» деп еңіреп жиберді. Арысланқұл іштей: «шәкірттің сабактасы өлген болу керек. Олар солай лепіре сөйлейтін халық, олар үшін біздерден басқаның бәрі Хорасанның баға жетпес гауһары» деп ойлады. Сонынан оны жұбатпақ болып, жанына барды. Бір қолымен шәкірттің жаурынан қағып, өлікке үңілді. Өн бойы бірден мұздап кегті, кеудесін соғып отыра қалды: өлік Зәйниддин еді. Арысланқұл мойнынан, жаурынынан қылыш тиіп, қанға боялып жатқан досын құшақтап, мандайынан сүйді.

— Кіміңіз еді? — деп сұрады шәкірт жылап тұрып.

— Досым, ағам, журегім... — деді Арысланқұл көзіне жас толып.

— Мен музъка, шатраш, каллиграфиядан сабак алатын оның шәкірті едім, — деді жас өспірім.

— Бұл жерге сіз көтеріп әкелдіңіз бе? — деп сұрады Арысланқұл.

— Жоқ, осындағы игі жақсылардың бірі әкелген болу керек.

Зәйниддин қорған қабырғасының үстінде, сәлем бергендей қолын қөкргеңе қойып жатыр. Сәлдесі басына жасталған. Арысланқұл оны төменге алып түспек болды. Ол шапанын шешіп, жерге жайды. Соңан соң бір қолын екі аяғының астынан, екінші қолын желкесі астынан салды. Мойны жартылай кесілгендейтін, басын ұстауды шәкіртке тапсырып, өлікті жерден жетере бергенде, біреу жанынан келіп отыра қалып, бұлыға сөйлеп:

— Арысланқұл, азар бермей абайлап көтер! — деді.

Арысланқұл жалт қарады; қалпағын баса киген, кен шапанды, қылыш тағынған жігітті көрді.

— Ділдар! Сенбісің? Кайдан жүрсін? — деді сасып Арысланқұл. Бұл «жігіттің» нәзік, жұмсақ, әйел даусы шәкіртті де таңдандырған еді. Оның шынында да, әйел екенін білген соң, ол тіпті аң-таң болды.

— Сонынан сөйлесерміз... — деді Ділдар, — төменге алып тұс. Есіл Зәйниддин.

— Үріс ойыншиқ емес. Оның осындағы хасіреті бар. — деді Арысланқұл әйелінің көңілін жұбатпақ болып.

— Өзім де білем, — деді Ділдар күрсініп.

Зәйниддиннің денесін ушеуі көтеріп, шапанның үстінен салды да, төменге алып тұсті. Арысланқұл бір танысын

арба тауып келуге жіберді. Шәкірт Зәйниддиннің үйіне кетті.

— Кәне, сөйле, батыр! — деді Арысланқұл Зәйниддиннің басында, мұңайып отырған әйел не.

— Кеше аз уақытқа болса да, үйге кіріп шықпадын, — деді Ділдар баяу дауыспен. — Қала коршауда қалыпты дегенді есітіп, зәрем кетті, уайымым сен болдың, сен кейде тіпті қөзсіз батыр болып жетесін. Ымырттан кейін алыстан ацы айқай естілді. Жүргегім дүрсілдеп үйқтай алмадым. Қемпір үйқыға кеткен кездे, мархұм қарттың шекпенін кидім, Шашымды түйіп алдым да, қалпақты баса кидім. Айтпақшы, оның алдында жасауылдікіне барып, оның қызынан, саған деп қылыш сұрап алған болатынмын. Жақсы қылыш берді. Қордің бе, мынаған қара, қынының өзі қанша тұрады,— деп қылышты көрсетіп, Ділдар сөзін онан әрі соза берді,— қылышты тағып алып, Қыпшақ қақпасына келдім. Бізге жақын жер болғандықтан, сені осында шығар деп ойладым. Халық көп екен. Маған ешкім көз салған жоқ. Жігіт пе, жігіт! Қорғанға шығып, айнала қарадым, көп іздедім. Бір кезде менен елу-алпыс адым әріректен айқай шықты. Мен солай қарай жүгірдім. Жау саты қойып, өрмелеп келеді екен. Қатты айқас болды. Үрысып жүргендердің бірі маған таныс сыйқты көрінді. Абайлап қарасам Зәйниддин аға... Қылышымды суырып алып, кез келген жауды шаптым. Сенбесен, мынау қылышымдағы қанды көр. Сол екі арада жан-жақтан жігіттер жыйналып, бізге болысты. Болмаса мені де, басқаларды да өлтірер еді. Жау қырылды. Есімді жыйып, жан-жағыма қарасам, Зәйниддин аға қанға боялып жатыр. Жүргегім қанға толып жетті. Әрі-бөрі сөйлесем, ун жоқ. Шетірекке жайлап сүйреп шығарып, жатқыздым... Ділдар көзіне жас алды

— Соңан соң? — деді күрсініп Арысланқұл.

— Төменде, қакла алдында Науаш хазрет пен Сұлтанмұрат молданы алыстан екі рет көрген едім,— деді Ділдар сөзін баянdap, жүгіріп бардым, кездесер деп едім, таба алмадым... Басқа өліктермен бірге Зәйниддиннің де денесін бір жаққа алып кетіл жүре ме деп асырылғайта келдім.

Арысланқұл да Зәйниддиннің үстінен қалай шыққанын айтты.

Таңға жақын арба келді. Шәкірт көрпе әкелді. Өлік-

ті көрпеге орап, арбаға абайлат көтеріп салды. Арысланқұл Ділдарды тезірек үйге барып, балалардан хабар алуға асықтырыды. Оған түс кезінде Зәйниддиннің үйіне барып, семьясына көніл айту керектігін айтты. Өзі басын төмен салып, арба соңынан ерді.

Мархұмды қарт анасы, қарындасты, қыз таңдал жу-
ріп, жуырда үйленген әйелі — әрі ақын, әрі әнші, сұлу
келіншек — ес-түссіз қарсы алды.

Күн шығар кезде Зәйниддиннің кең хаулісі дәстары мен жақындарына толды. Песінде басы Науай болып, қалың топ жаназаға қатысты. Сұлтанмұрат қайғыдан қатты егілді. Оны қабыр басына Арысланқұл сүйеп алып барды. Зәйниддинді өзінің бабасы атакты дәрігер-ғалымның қабыры жанына қойды. Сұлтанмұрат досының қабырының басында түнеп қалды.

* * *

Бадуиззаманның оң қолы болған қарт батыр Зулнун Арғұнбек Фиратты алмақ болып, қатты арпалысып бақты. Қамал бўзуда қолданатын барлық амал-айлаларды қолданып көрді. Шабуылдарының қайсысы болса да қатты қарсылыққа ўшырап, ешбір нәтиже бермеді. Келе-кеle қорғанушылар батыл болып алды. Аңдысын аңдып, қакпадан кейде ўзап шығып, дўушпанға қауырт соккы беріп, көп кідірмей қақпа ішіне қайта оралып жүрді. Мўндай аттаныстарға, әрине, Арысланқұл да қатысатын, көб'несе өзі бас болатын.

Бір күні, қала сыртында болған бір соқтығысада Арысланқұл бір бекзаттың ақ қасқа арғымағын қолға түсірді. Масаттанып, ат ойнатып, қақпа ішіне кірген кезде, ол жайлап келе жатқан Науайды көрді. Түсіп, атын жетектеп ақынның жанына келді.

— Салаумаликум,— деді Арысланқұл қол қусырып.

Науай әлик алды. Ер-тұрманы әшекейлі арғымақты көріп:

— Кімнің аты?— деп сұрады ақын.

— Сіздікі, тақсыр,— деді күлімсіреп Арысланқұл.— Жаудан түсірген алғашқы олжамды сізге тарту ет-
пекпін.

Науай сақалы селкілдеп, көзін қысса күлді оған.

— Олжан өзіңе бүйірсын,— деді ақын,— қалай ұрыстың, ұрысудың әдісін үйрендің бе?

— Эуелі батырлық керек екен, сонаң соң әдіс-айла-керліктің көп пайдасы бар екен,— деді Арысланқұл.— Біз әлгіде отыз кісі болып барып, Бадуиззаманның 50 — 60 жігітін күл-талқан еттік.

— Қалайша?— деп сүрады Науаи.

— Мен жігіттердің бір бөлегін бастап, жаудың ту сыртына өттім, біз бір бактың дуалын панарап өттік, олар көрген жок. Екі жақтан оқ жаудырдық, қане; күтылып көрсінші! Босқа қан төгілді... ашындым.

— Денеге шықкан жаман жараны тәуілтер сылып тастанды. — деді Науаи, — біздің бұлай істемеске шарамыз жок. Дененің шіріген жерін кесіп тастан, жанды сақтап қалу керек... Қыйын күн туып түр, жігіт.

Бадуиззаманның әскері астананы қырық күн коршал жатты. Қаланы корғаушылар қырық күн, қырық түн ерлік, төзімділік, жанқыярлық көрсетті. Арысланқұл да қамалдан бір күн кеткен жок... кей күндөрі Ділдар келіп тұрды. Екеуі бес қақпала қаланы, қорған үстін жағалап жүріп, жайлап айналып шығатын. Жау қай жерден тап берсе де тезірек алдын алуға тырысатын. Ақырында, Астрabadтан Хұсаин Байқараның әскерімен кайтып келе жатқандығы мәлім болды. Бадуиззаман шегініп, қаладан алысады.

Қаланы корғаушылардың бір тобы Хұсаин Байқараның әскеріне барып қосылды. Бұлардың ішінде Арысланқұл да бар еді. Әке мен бала әскерлері енді ашық дала-да шайкасты.

Үәлибек Арысланқұлды бір топ нөкөр қосып төнірек-тег әскер аттары үшін жем-шөп жыйнауға жіберді. Жігіттер қыстақтан қыстақ кезіп, серіліп, ыдырай бастады. Кейбіреулері сұлтаумен өз қыстағына барып үй-ішінен хабар алу үшін кетті. Кейбіреулеріне дайындалған шөпті тасу үшін қыстақта бір-екі күн қалуға тұра келді. Арысланқұл жалғыз кетіп, алыс жерлерді аралады. Бір кездерде қыстақ баласы болған бұл жігіт, дихандардың мінез-құлқын жақсы білетіндіктен, олармен тез үйлесіп кетті. Екі жағына да ауыр емес шартпен бірсыныра жем-шөп жыйнап жөнелтті де, өзі алшаң басқан арғымаш атымен қыстақ аралап, қонақ болып жүрді. Үш-төрт күннен кейін қосынға қайтпақ болып жолға шықты. Шек-сіз сахрада жалғыз өзі желе жортып келе жатыр еді, он

жағында қарсы жаққа қарай асыға жорткан бір аттыны көзі шалды. Әуелі оны елең қыла қойған жок. Біраздан қейін, атты кісі дөңеске көтерілгенде, оған тігіле қарап, оны өз жігіттерінің біріне үқсатты. Атына қамшы басып, орағытып алдынан шықты. Туғанбек екен.

— Жол болсын, Туғанбек, қайда баrasын? — деп айқайлады Арысланқұл.

Туғанбек одырая қарап, ак көбік болған атын тәқтатты да, онан сайын тігіле түсті. Қайда көрген жігіт еді, деп қалын ернін тұртитіп, ойланып қалды.

— Байқара мырзаның жігітімісің? Әлде шаһзадалардың біреуіненбісің? — деп сұрады Туғанбек тұксіп.

— Науайдың жігітімін.

— Не деп тұрсын, — деді Туғанбек сыйсыйған көзің жігітке қадап. Сонынан өтірік күлген болып, сыйқырлықпен әуенін өзгертті, — жүр, жақсы жігіт, Марвқа баралық. Шахзада Эбұлмұхсин мырзага барып, қарамағына кіріп, дәурен сурейік. Бақытың болса, үлкен адам болып кетерсін.

— Өзің не болып кеткенсің? Патшаның жарлығынан корқып, сергелденге түсіп, тентіреп кеткенбісін. Мұзаффар мырза колдап, қолтықтамады ма? Марвқа барып, жуырда басылған бүліншілкті қайта қоздырмақсын ба? Ә, жексүрүн! — деді Арысланқұл жириеніп.

Туғанбектің кішкене көзі ызамен жаңып кетті. Күміс сапты қамшы ўстаған қолы дірілдеп кетті.

— Малғұн, сен жапан далада қарға-құзғынға жем болайын деген екенсін.

— Көрерміз! — деді Арысланқұл батыр денесін үрысқа шақтап, батыл сөйлеip, — еткен зұлымдығың үшін мен сенен қазір өш аламын!

— Не зұлымдық істеппін, айт жылдам, иттің баласы!

— деді Туғанбек қамшысын көтеріп. — Сен өзің кіммен сөйлесіп тұрсын? Әлінді біл, күл!

— Бір кездерде Ділдар деген қызды алым қашып кімдерге тарту етіп едің? Өзімнің көз алдында сабамап пәедің дихандарды? Айбың басынан асады, сүм.

Туғанбек жігіттің кескінін шенгелін салып бүргелі тұрған бүркітті көрді. Енді оның ашуын басуға тырысты.

— Асқақтама! Жақсылықпен ажырасалық, өз жөніңе тарт. Өш алу оңай емес.

— Сөз бітті. Қылышынды суыр, бек. Майдан көрген адамсын ғой!

Туғанбек алаңдап, жан-жағына қарады да, тыжырынып, кайта-қайта мұртын үстап, Арысланқұлдың қолында жаркыраған қылышқа қарады.

— Шын айтамысын? деді де Туғанбек қылышына қол салды.

— Әзілдесуді білмеймін,— деді жекіріп Арысланқұл.

Екеуінде де калқан жоқ еді. Туғанбек шаршаған атының тізгінін қатты тежеп, жалт бұрып, жігіттің сол жағына шығып, мойнын болжап қылыш сілтей бергенде, Арысланқұл, күшті, тың атын ытқытып жіберіп, алға озды. Бос сермеген қылыштың екпінімен Туғанбек бұкшип, ат жалын құшып қалды. Ол атын тепсініп, жігіттің арқа жағынан тағы үмтүлмақ болғанда, Арысланқұл атының басын кілт бұрып, екпінімен үшіраратындағандағы атылып, қылышпен бастан салып жіберді. Туғанбек аттан аударыла құлады. Аты үркіп, қаша жөнелді. Арысланқұл қарғып түсіп, қылышымен тағы да бірнеше рет үшінде қылышпен бастағандағы атынан қанаға боялған денесіне еңкейді. Қанжарын суырып алышп, басын кесіп әкетпек болды. Бірақ нақ кесу алдында, ол бетінен қайтты. Қолын сілтеп, қанжарын қынына қайта салды. Туғанбектің алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безелген қылышын, қанжарын, кемерін алды. Атына мініп, алыста бірлесе басын көтеріп төңірекке қарап, құлағын тіккен Туғанбектің жириен атына қарай журді. Арыстанқұл оны үстай алмай көп әуре болышп, ақырында шылбыры аяғына оралған соң барып, әрен үстады.

Арысланқұл жолда түнеп, ертеңіне түс кезінде әскер лагеріне келді. Жетектегі атты танымаған адам жоқ. Арысланқұлды қалың топ, лезде қоршап алды. Ол аттан түспей жатып-ак уақыйғаны баяндады. Жігіттер, әсіреле, оның олжасына қызықты. Олжас атты сылапсыйпап, оның қасиетін әркім өз білгенінше дәріптей бастады.

Арысланқұл өз жолдастары тұрған шатырға барды. Сырлы ағаш аяқтағы кеспе көжені үлкен қасықпен үсті-үстіне үрттағ, ауық-ауық жолдастарына қарап, кешегі уақыйға жөнінде бір-екі сөз айтады да, тағы тамақпен болады.

Біреу келіп, оны Науай шақырып жатқанын хабарлады. Арысланқұл тағы бірнеше рет ағаш қасықпен толтыра-толтыра үрттады да, орнынан тұрды. Күдіретті

алақанымен күзеулі қыска қара мұртын, қыска қалың сақалын бір сыйрап, алып адыммен, асыға жөнелді.

Маңындағы даң-дұнды, даурық, шуды елең қылмай, өз шатырында жазумен шұғылданған шал Арысланқұлды қошеметтеп қарсы алды.

— Сөйле, сен бір игілі іс істеген көрінесін... — деді Науан күлімсіреп.

Арысланқұл оқығанын қызықты кезеңдері туралы сараң сөйлем, жалпылап кана айтып берді.

— Басы қайда! — деп сұрады Науан.

Арысланқұлдың коз аласы көбейді:

— Сенбейісіз бс? Аты, қылышы, кемері, дәлел бола алмай ма? Басы күрсын...

— Сенеміз... — деді күліп Науан. — Бірақ басын әкелгенінде саған соның басындаі алтын берілуі тиіс еді... Залымның басы үшін алтын беру сауап іс.

— Бұл жағы ойыма келменті... — деді Арысланқұл кобалжып.

— Оның есебін басқа жағынан шығарармыз. — деді Науан, батыл сөйлем, — қалған өмірінді сен соғыс қызметіне арна. Біз патшаға өтініш айтып, сені жұзбасы немесе мынбасы еткіземіз. Сен халықтың үлсысын. Иншалла, халыққа пайдалы іс етерсін, нәкерлерді жақсы тәрбиелеп, халықтың тыныштығы үшін күш-қайратынды аямассын. Менің бұл пікірімді макұлдаймысын?

— «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген. Халыққа қызмет ету борышымыз — деді Арысланқұл Науайдың көңіл бөліп, сенім білдіргеніне марқайып.

— Рахмет, — деді Науан, — Отан үшін, оның игілігі үшін әрбір азамат өзін құрбан өтүге де әзір болуы керек.

— Көңілің алған болмасын, таксыр, — деп құлдық етіп, Арысланқұл сыртқа шыкты.

II

Әке мен бала арасындағы магнасыз үрыс, дүшпандық Науаіға құн озған сайын қаттырақ бата түсті. Үзілді-кесілді сұрапыл үрыс бастауға екі жағы да бата алмады. Ауық-ауық қатты соқтығысулар болып түрді, бірақ олар соғыс тағдырын шешкендей емес еді. Үрыс үзаққа созылып, ақырында тіпті көп қан төгілуі мүмкін еді. Немесе Бадуиззаман елдің бір түкпіріне тығызылып

алып, ұрыс-жанжал іздең жүргендерден жаңа күш жыйнап, тағы шабуылға шығып, ел ішінде үлкен ойран туғызы мүмкін еді. Бұл жағдай Науайды қатты толғандырды. Ол бұл пәленің қалайда алдын алу керек деген тоқтама келді.

Науай Хұсаин Байқараның алдына барып, мән-жайы түсіндірді. Бұліншіліктерді басып, берік бейбітшілік орнатуды талап етті. Балаларының жүрегінде әділеттікten, махаббаттан, ар мен намыстан дәнеңе қалмағанына көзі жеткен патша әуелі бұл өтінішті елемеген сияқтанды. Шынында, айлар бойына созылған қанды қырғыннан кейін, соққы жеп, бейбітшілік келісім жасауға үсыныс жасаған, тізе бүгіп кешірім сұраған балалары, аз уақыт өтпей, артынша-ақ бас қөтеретін, патша астанаға келіп бір күн дамыл алмай жатып, әскерлерін кейін қарай тағы аттандыратын. Қартайған, ауру Хұсаин Байқара бір баласын бағындырып, қайтып үлгірмей-ақ, екіншісіне жорық жасауға мәжбүр болатын. Осында үздіксіз жорықтар оны әбден шаршатқан еді. Оның үстіне, Астрabadта ма, Балхта ма, Марвда ма, Машхадта ма балаларының бірінің қанжарын жең ішіне тығып, андысын андым түрғандырып байқап, тағы бұліншілік боларын құтуде еді. Науай келісім шарттарына дейін баяндалап, тілек білдіріп, табандылық көрсеткен соң патша көнуге мәжбүр болды.

Қартайған, дәрменсіз ақынды қолтықтап атқа мінгізді. Жұрт бейбітшілік өкілін қуаныш, иғі тілекпен шығарып салды. Науай бірнеше апта бойы соғыс майланаған жерлерді аралап келеді. Әр жерде садақтың оқтары, ер-тұрманың қалдықтары кездеседі. Шөп үстіне төгілген жазықсыз қандар кураған қызғалдақтың жаңырағы сыйқтанып көрінеді. Ақын тыжырынды, майдайындағы әжімдері бұрынғыдан да жиіледі. «Қастасқан екі патшадан достасқан екі дәрүіш артық» деп бір кездерде айтқан мәтелі есіне түсті. Ат тақыр төбенің басына шыққанда, ылдыйда Бадуиззаманның қосы — шатырлар, сапырылысқан адамдар, ойнактаған аттар көрінді. Ақын жорғаның басын іркіп, баяуырақ жүрді. Қос қасына жақындағанда таныстары алдынан андай шықты. Бадуиззаманның басты әкімдері де келді. Шахзаданың ақылшыларынан ақын Самани да келіп, күлдыха етті.

— Мені мырза жанына ертіп барыңыздар, — деді На-

уай, аттан түсіп, тынысын еркін алдып, өзіне-өзі келген соң.

Адамдар «мархабат, мархабат» деп хұрметпен жол сілтеді. Мінеки, қыймылы да, сөзі де одағай, қарт батыр Зунун Арғұнбекті және басқа серіктерін ертіп Бадуиззаман да шатырдан шығып, ақынды қарсы алысты. Шаһзада бұрынғысында көңілді, көркем киінген, сұлу денелі, жұмсақ сөзді еді. Ол елшіні әдептілік және күрметпен өзінің сәнді шатырына шақырды. Науай шахзаданың қошаметтеуімен басқалардың бәрінен жоғары отырды. Зунун Арғұнбек және басқа жоғары мансаптағылар өз дәрежелеріне қарай орын алды. Жақын жердеғі шатырлардың бірнен үнамды музыка үні және әйелдердің көркем әні есітілді. Науай оған еріксіз беріліп, құлақ қойды. Бірақ көп үзамай ол дауыстар тына қалды.

— Шаҳзада, мен бейбітшілік орнату ниетімен келдім,
— деді Науай Бадуиззаманға.

— Бұл үсыныс бәріміз үшін өте бағалы, — деді Бадуиззаман баяу дауыспен, салмақтап сөйлеп, — бірақ, өзінізге мәлім, кейбір оқыйғалар бұл үсынысты мұлдем мағнасاز етті.

— Сіз жаңылысасыз, шаҳзада, — деді Науай, — ел, үкімет, халық бейбітшілікті аңсап отыр. Халықтың тұрмысының ондалуы, саулығы осы үсыныска байланысты. Сіздің бұған қарсы болуға нендей дәлеліңіз бар? Ақылға салып, салмақтай білгенге дәлел болу мүмкін емес. Меніңше, егер сіз хиянат қылышын сындырмасаңыз, тұистарыңыз арсыздық батпағына күн сайын теренірек бата түссе, сүйікті елдің тас ошағы талқан болмақ. Максаттарыңыз не? Біз сіздерден не күткен едік? Біз не көріп отырмыз? Катаңызды түзетпесеңіз жүрт сізді кешірмейді. Інілеріңіз сізден үлгі алуда. Сіз бар пәлені бастауышы болып отырсыз.

Бадуиззаман сұрланып кетті. Ернін тістеп, жерге қарады. Қарт жауынгер Зунун Арғұнбек ауыр курсінді.

— Үлымның қайғысы жүргегімді тілгілеуде, — деді Бадуиззаман мұңайып.

— Қолдарын нәрестенің қанына бояғандарды кім болса да актамаймын, кешірмеймін. Эрдайым мен оларға лағнат айтам! — деді Науай кіжіне сөйлеп, — бірақ халық, ел оған айышты емес. Мұны жете байымдау керек қой...

Бадуиззаман әкесінің әділетсіздігін, қорген жәбірін баяндай бастады. Науай ел алдында, халық алдында, тарих алдында адамдардың жеке басының өшпендігінің ешбір құны жоқтығын дәлелдеуге тырысты. Мұнан кейін ол адамгершілік қасиет туралы айта келіп былай деді:

— Адамға таж киу шарт емес, арлы-намысты, үжанды болу, қофам алдындағы борышын үғыну шарт!

Бадуиззаман үндемей қалды. Бірақ көзімен Зунун Арғұнбекке әлде не деп ишарат етті.

— Эмір дұрыс айтады... — деді қарт жауынгер, гүрілдеген дауыспен. — Бірақ келісім қандай шартпен жасалу керек, — соны білгіміз келеді.

— Келісім шарттарын да ала келдім, — деді Науай отырғандарды көзімен бір шолып шығып. — Осы шарттарды негізге алып, берік бейбітшілж орнататын болуымыз керек.

— Ол шарттарды білу мүмкін бе? — деді Бадуиззаман.

Науай Балх уәляяты мен Амудариядан бастап Мұрғабқа дейінгі жерді билеу еркі шаһзадаға берілуі мүмкін екенін айтты.

Бадуиззаман кенесу үшін Зунун Арғұнбекпен және бірнеше жақын адамдарымен сыртқа шығып кетті. Науай шаһзаданың ақыны Заманимен сөйлесіп отырды. Замани сөз арасында бұрынғы қази Шахабиддин жайын сөйледі. Бадуиззаман жағының адамы болғансын бұл жерге қашып келген, сейтіп шахзадаған көп сый-құрмет көрген қази тегінде Мұзаффар мырзаның әдейі жіберген жансызы-тыңшысы болып шыққандығын, күні кеше жасырын мәліметтермен қолға түскендігін, бүгін таң ертең оның дарға асылғандығын баяндады. Науай қылмыстылардың ақырында қор болып, көзі жойылатындығын үлкен сеніммен баяндады.

Бадуиззаман келіп, келісім шарттарын қабылдайтындығын білдірді. Бүгінгі күннен бастап дүшпандық әрекеттерден бас тартатындығын білдіріп ақынға серт берді. Қонақасындан кейін шартқа қол қойылды.

Келесі күні таңертең Бадуиззаман өз әскерлерімен шегіне бастады. Науай Хұсаин Байқараның қосына бейбітшілік хабарын әкелді. Бейбітшілік орнағандығы жөніндеғі хабар бүкіл халықты қуанышқа кенелдірді.

Кешке жакын ақын Фиратқа келді. Жол-жөнекей оны

бүкіл халық құттықтаپ, өздерінің ақынға сүйіспеншіліктерін, оған борыштылығын білдірді.

«Міне «Унсия» поэзия мен пікір ошағы. Фалымдар, ақындар, суретшілер, музықанттар шабытының қайнар бұлағы... Фираттың, бүкіл Хорасанның Маураннаһрың көркі, мақтанышы, жүрегі, ар-намысы. Достар, көңіл-дестер тағы бас қости. Көңілді, қызу кенес басталды.

Аспанның тынық көгінде толық ай наұрлы сәулеңсін шашуда. Тыныш түн мұлгуде. Айдың жұмсақ сәулеңсіне бөлленген бақтар, күздің салқын лебімен болмашы ғана дірілдейді. Бөлмелерде шам жағылғаң. Жұмысшылар, қызметшілер, әруақыт болып тұратын қонақтар, әрқайсысы өз жұмысымен шүғылдануда. Сахиб Дора қала-мын сия сауытына батырып көзін жұмып, үйқас іздеуде. Осы үйдің қызметінде шашы ағарған Шайх Бахлұл өз қожасының диуанын оқып отыр. Бір бөлмеде шатрашылар қызың ойынмен қызу шүғылдануда. Басқа бөлмеде есеп-санаққа жетік қызметшілер ақынның игі істерге жұмсаған қаражатын есептеп, дәптерге жазып отыр. Хауліде ат бағушылар халық өлеңдерін айтып, арлы-берлі кезуде...

Ақын өз бөлмесінде жалғыз отыр. Ол кейінгі уақыттарда, жалғыз қалған кездерінде өмірінің күні батуға таянғанын көбірек ойлай бастаған еді. Өлім достарын бір-бірлеп күшағына алуда. Хасан Ардашер қайда? Пір Муамма, жан-досы Мухаммед Саид балуан қайда? Жами қайда? Бұларды ойлап, көңілін қайғы басады. Бұл өлімнен қорыққандықтан емес, істемек болған ісінің, жазылмаған шығармаларының көптігінен... соңғы жылдардың қасіреті, бейнеті жасы алпыстан аскан ақынды қажытқан еді. Ол тағдырдың талай талқысын көрді. Өмірдің қуанышын да, қайғысын да данышпандықпен, сабырмен бастан кешірді.

Тағдырдың түстім талай талқысына,
Заман да мені талай алды сынға.
Көрсетті ыстық, сұғыны маған заман
Татырды ашы, тұщысын маған жаһан.

Ақын өзі құрған ғылыми, мәдени орындардың өмір сүрө беруін, өзінен кейінгі адамдардың оларды онан са-йын дамыта беруін арман етті. Қазір оны «Уақыфнама» жазу жөніндегі ой билеп алды. Медресе, емхана, жа-тақханалар, сақтауга, шәкірттерге, оқытушыларға бері-

летін ақыға, мұктаждыққа үшырағандарға берілетін киім-кешекке, мейрамдарда жұртқа үлестірілетін тамаққа, жетім-жесір, кедейлерге құнделікті үлестірілетін асқа тағы басқа тартуларға қанша қаржы керектігін, қанша өгіз, неше қой сойылуы, бидай ботқа істеуге қанша бидай берілуі, неше батпан үннаң нан пісрілуі, қанша пұт халуа, қанша қант-набат тағы басқа нәрселер қажет болатындығы туралы — міне, осылардың барлығын баяндап «Уақыфнама», өсiet жазбас болды.

Бірақ әуелі «Мухакематул лұғатайын» ды бітіру кепрек болды. Ол ана тілінде «Хамса» жазды, «Шар диуан» жасады. Ұлы фарсы ақындары сыйқты өлеңнің неше алуан түрлерін жазып көрді. Өз өлеңдеріндегі «турік сазынын» әуені арқылы ана тілінің әсемдігін, әсерлілігін, байлығын, құдреттілігін дәлелдеді. Енді мұның ғылыми жолмен тұжырымды дәлелдеп беру керек болды. Бұкіл шығысқа даңқы шыққан фарсы тілі қорлап келген ана тілін курес майданына алып шығу қажет болды. Қәнеки қайсысы балуан, қайсысы құштірек екен!

Ақын терезе алдында, шамға жақын отырып, қала-мын қағаз бетінде жосылта сырғытты. Екі тіл—өзбек тілі мен фарсы тілі—екі балуан. Екеуі кейде логика шәқпарын көтеріспіл, кейде көркемдік пен іскерлік өнегесін салғастырады. Біресе қойындарынан інжу, маржан, асыл гаунарлар шашып, кейде үндестікті жарыстырады.

Бұл тенденсі жоқ тамаша айқасты көру үшін Фердаусидан бастап Жамиге дейінгі ұлы фарсы ақындары келген еді. Олардың әрқайсысы өздерінің беделі, абыройымен жарқырауда. Бірақ олар өз тілдерінің куресіне риза болмады: фарсы болуына қанша шіренсе де өзбек батыры оны қызаруға мәжбүр етті.

Науайдың қалам ўстаган қолы талды. Ол балуандар куресіне қызығып, ұзақ уақыт отырып қалғанын сезбей қалды. Ол күрестің жалғасын келесі күнге қалдырыда, орнынан түрегелді. Өз балуандарының қүшіне сенген, оны үлкен жеңіспен құттықтап, курес майданынан көтеріп алып шығып, мадактағалы келген фарсының ұлы ақындары сұлық түсіп, тауы шағылып көзден ғайып болды. Олардың ішінде тек Жами ақынғана өзбек балуаның қошеметтеп, арқадан қақты.

Науай түрегелді. Қәнілі көлдей тасыды: өйткені оның тілінің жеңісі, оның жеңісі, оның сүйген халқының же-

ңісі еді. Ақын шамды өшірді. Таяғын алып, үйіп қалған аяғын жаза алмай, әрең басып, жататын үйіне бармақ болып, сыртқа шықты. Бетін салқын самал аймалады. Шексіз аспан көгінде жарқыраған жұлдыздар, бакшада жай ғана ырғалған ағаштардың сыйры, түн ортасында жіп иірген кемпірдің шархының гурлеген дауысы, алыстағы түйе керуенінің қоңырауының үні — міне, осылардың барлығы оған өте таныс, сүйкімді көрінді. Ол мұның бәрін жанындағы сүйеттін...

ОТЫЗ ЖЕТИНШІ ТАРАУ

Аспан ашық, күн аяз еді. Сұлтанмұрат жазып бітірғен ауыр, қалың кітабын — «фэндер жыйнағын» жібек орамалға орап, қолтығына қысты да таңтерен үйден шықты. Үйқысыз өткізген сансыз түндердің көртіндысы түрлі дәуірде, түрлі тілдерде жазылған мыңдаған кітаптардағы адамзат пікірінің асыл қазнасынан, тоқсан толғанып талқыға салынып, сараланып, салмақтанып, іріктеліп алынған, логиканың өткір қылышына жанылған таза гаунарлар осы қалың кітапта еді. Сұлтанмұраттың алғашқы шығармаларының өзі-ақ оның атағын шығарған болса дағы, бұл оның мақтандыши еді. Ол мұны нағыз қазна иесіне, кеңесі, қолдауымен, қаржыкөмегімен үнемі көтермелеп отырған Науаифа сыйғып тарту үшін алып бара жатыр. Фалым сеніммен кеуде керіп, жүргегі көктемгі тасқын судай мол шаттыққа тоғып, аяғын жеңіл басып бұйрысыз тегіс жолмен құстай үшып келеді.

— «Унсияға» кірісімен ғалым қорадағы қызметшілердің сүрланған өңін, егілген кеуделерін көріп жерге шегеленгендей, мыз қакпай, ақырын тұрып қалды. Олар өлім жазасына бүйрекшіп, мәңгі көз жұматын минуттарын күтіп тұрған сыйқты!

— Не болды! — деп сұрады Сұлтанмұрат таңданып.

— Әмір әл үстінде жатыр, — деді әлсіз дауыспен бір қызметші.

Түпсіз тұңғыйыққа түскендей ғалымның жүргегі сулады. Жүгіре басып Науайдың бөлмесіне кірді. Бөлмеде Ғираттағы дәрігерлік ғылымының көрнекті қайраткерлерінен оннан астам адамы, Дәруишәліні, Хожа Афзал уәзірді, ақынның тағы басқа жақындарын көрді. Ауру-

төрде, төсек үстінде жатыр. Үстіне атлас қөрпе жабылған.

Сұлтанмұрат аяғының үшінан басып, кітапты ақынның жаңындағы текшеге қойды да, аурудың мамық жастыққа батқан басына табынғандай төнді. Не шара! Бүкіл пікір әлемінің нұры жыйналған данышпанның көзі жұмулы. Жүзі сезілер-сезілмес дірлдейді. Сұлтанмұраттың көзінен ыстық жас ыршып кетті. Қірпік какпай, үзақ уақыт қадала қарады: «Ұлы үстаз, мен кітабымды жазып бітірдім» — деді ғалым еңкейе түсіп. Аурудың көзі бір мезет қана болар-болмас ашылды. Ерні қыбырлап, бірдене айткан сықтанды. Сұлтанмұрат не айтқанын есітпеген болса да, көзінің, ернінің қыймылынан ақынның қуанғанын білді.

Хожа Афзал ғалымға жақындал, оны басуға тырысып жүбату сөздер айтты. Тәуілтер аяқтарының үшінан басып сыртка шығып, біресе қайта кіріп, сыбырласып, өзара кеңесуде. Қөшілілігі тағы да қан алуды үсынды. Кеңет тілден қалып, сал болып қалған ақынды емдеу үшін ескі грек тәуілтерінен және Әли Синадан бастап бүгінгі тәуілтердің қолданып жүрген барлық шараларын колдануға, неше түрлі дәрілер даярлауға күш салды.

Сұлтанмұрат тәуілтерге кеңес ретінде бір-екі ауыз сөз айтты да, олардың жұмысына бөгет жасамау үшін сыртқа шығып, бөлек бөлмеге кірді. Мұнда отырған Асифи, Сұхайли, Хафиз Яри, Мир Мұмтаз, Фыясиддин, Дехтар және басқа ақындар, ғалымдар, өнерлі шеберлер, сулаңып, қызарған көздерін Хандамирге тігуде еді. Сұлтанмұрат бір шеттен отырды.

— ...Патшаны қарсы алуға шықкан адамдар, — дейді әңгімесінде Хандамир, — Фарян бекетінде дамылдады. Түнді сол жерде өткіздік. Таңтертең Науан хазрет бекет қақпасына жолаушылар жазып кеткен жазуларды өкйй бастанды. Оның көзінә алдымен мынадай жазу түсті.

Шынымен тағдыр бітіп жетсе қаза,
Ешбір жан оған қарсы шара таппас,
Тамыры соқпай қалған кездे Афлатун
Балшықтан да аяғын шығара алмас.
Әбу Әли Синадай тәуілте де
Мұндай кезде қолданар шара қалмас.

Әлішер хазіретке бўл өлең үнады. Мен оны сол жерде жазып алдым. Біраз уақыттан соң беріміз «Малик-

шах» бекетіне қарай жүрдік. Қарсы алдымыздан патшаның күймесі көрінді. Сол мезетте тағдырың жазуымен Әлішер хазреттің денсаулығында кенет үлкен өзгеріс болды. Ол Хожа Шахабиддин Абдулланы шақырып: «халімнен хабардар болындар, мәзам жоқ» деді. Сол-ақ екен ол аттан түсті, жұрт түгел тоқтай қалысты. Дереу Хожа Шахабиддин мен Жалалиддин Қасым екі жақтаң қолтырынан сүйеді. Бұл кесел Әмірді тілден айрып, қыймылдаудан қалдырыды. Жүртты үлкен кайғы басты. Ардақты ауруды зембілге жатқызып, Фиратқа қарай алып жүрдік. Тәуіптер жолда қан алды. Бірақ онан пайда болмады. Тұн ортасында осы қасиетті мекенге келдік... Неткен қайғы! Баға жетпес адам!..

Хандамир көз жасын сүртіп, тым-тырыс болып, тына қалды. Отырғандардың бәрінің басы салыңқы, көнілі жабырқаңқы. Барлығы дерпті, ауыр тыныштықта.

Үрейленіп өні қашқан адамдар үсті-үстіне келуде. Тәуіптер жан аямай әрекет етуде, жаңа тәуіптер келіп ем істеуде.

Өлем білем осы дәрттен, білу қыйын бітеу жарға,
Тәуіптер көп емдегенмен ете алар ма бұған шара?

Ақын өз ауруы жөнінде тауып айтқан сыйқты, кеселісағат сайын ауырлай бастады. Ертеңіне, жексембі күні, таң алдында ақын өмірмен қоштасты.

Бұл күн—Хижри бойынша 706 жылғы 12 жұмаділахир тарихта қайғылы күн болды. Бұкіл Фират халқы хасіретпен оянды. Қайғылы хабар жүректі тілгілеп, өзекті өртеді. Қімде болса өз басында өлімнің көлеңкесін сезгендей, өлім келмей қалмайтындығын мойындағандай. Бірақ ұлы ақынды өлді деуге ешкім бата алмайды. Әрбір Фират адамы тек өз басындаған емес, бүкіл қалада, бүкіл мемлекетте жабырқау белгісін сезеді. Әмірге жан беруші, әр нәрсеге мән беруші ғайып болғандай. Үлкен бактар, мешіттер, медреселер, аландар, көше бойлары халыққа лық толған. Бірақ бүкіл қала өңсіз, суренсіз... Қарттардың көркем сақалынан жас домалайды. Бала-лар түйік, түңжыраулы. Олар сұық ауада мұрындарынан гөрі көздерін жеңімеп қөбірек сүртеді. Өз тарихында талай ұлы адамдарды жөмгеген Фират ешқашан мүндей катты қайғырған емес-ті.

«Унсияның» іші толған адам. Жүздеген ғалымдар, ақындар, шеберлер, шайхтар, әскер басылар, әкімдер,

·қолөнершілер, шаруалар келіп ақынмен қоштасып, егіліп жылап шығуда. Олардан соң тағы-тағы жаңа топтар келуде...

Дәрүішәлінің белі қайғыдан бүгіліп кетті. Ақынның жанашыр қызметшілері — Шайх Бахлұл, Сахиб Дора, Махмуд Тайбади тағы басқалар естерінен айрылды. Айрылысу, махаббат, көз жасы туралы сайраған ақындар бұл сөздердің шын мағнасына енді жеткен сыйқты.

Мінеки Бекзат. Ақынның, өз ўстазының басында отырып оның жылауы сүретшінің мәңгі өлмес шығармалағында мағнналы. Мынау тұрған кешегі қарапайым, қатардағы жауынгер, бүгінгі мың нөкердің бастығы Арысланқұл. Ол күндей құрқіреп жылайды. Ақындармен бір катарда қаһарлы жауынгер бектер жылайды...

Еркектерден босаған бөлмеге әйелдер кіре бастады. Жұздеген сарай ханымдары жылап келді. Бұлардан сон келген жұздеген жай халық әйелдері — қыздар, келіншектер, кемпірлер — қара киген, олардың жылауы ауаңы күнрентеді.

Сұлтанмұрат ұлы ақынды соңғы рет құшақтап қоштасып шықты. Қалың әйелдер арасынан Ділдарға көзі түсті — үстінде кара қейлек, басында жіңішке қасына түсіре тартқан қара орамал. Мөлдірекен қара көздерінен жас сорғалайды. Сұлтанмұрат ауыр күрсінді. Ішінде өрт жанғандай болды: «Жыла, қарындастым, жыла, бүгін, бүтін бір өмір үшін жыламаған көздер соқыр болсын!»— деді Ділдарға.— «Е, таксыр жылау аз. Күйіп күл болу керек» — деді Ділдар даусы булығып.

Ақындар, өлең құмарлар, ғалымдар тіпті тәуітерге дейін қайғысын және Науанаға деген махаббатын өлеңге коса бастады. Екі, төрт, алты, сегіз жолдық «старихтар» пайда бола бастады. Парша-парша қағаздар колдан-қолға өтіп, көшіріліп, жаңа шабыт тудыруда. Оның әрбір жолы қайғы, қасіретке толы. Ақын туралы қасірет поэзия гүлімен bezelді.

Жібекке өралған табытты достары — жауынгер бектер, Фираттың ақсүйектері мен атакты адамдары көтөріп шықты. Халықтың күнірене көкті тітіретті. Ұлы қаралы күнді елеусіз қалдырмауға тырысқандай аспандағы қара бұлттар да тамшылады... Табыт халық теңізі үстінде шайқалып, мыңдаған колдарда көтеріліп, «Унсиядан» лезде алыстап кетті. Әркім-ақ бұл табытқа тым

болмаса қолыңың үшін тигізіп қалуды бақыт, азаматтық борыш деп санады.

Он мындаған көлдан өткен табыт «Идгахта» тоқтады. Жерлеу ережесіне лайық салтанатпен Хұсайн Байқара келді. Жаназа оқылды. Табыт тағы да халық толқыны үстінде. Ақынды өзі салдырған жөркем үйлердің біріне,—«Жамиде» мәңгі мекенге арналып ерте бастаң әзірленген орынға жатқызды... Фират үлы хабырдың басында жас тәкті. «Жами» мешітінің зәулім үйінің, үлкен күмбездері күніренген үнмен тіт реді.

Кешке ғана көшелерде, бак алаңдарында халық серіле бастады. Сұлтанмұрат пен Арысланқұл бастарын төмен салып, Хиябанды бойлап баяу жүріп келе жатты. Құн жалындағы бұлтқа кіріп, батуға таянды. Хиябаның ақырында Сұлтанмұрат қоштасқалы тоқтады. Қызырып іскен көзімен Арысланқұлға қарады.

— Ардакты атамыздың пікірін, өсіетін жүзеге асыру үшін қылышыңды ўста, батыр! — деді Сұлтанмұрат бұлыққан дауыспен.

— Мен қылышыммен, — деді Арысланқұл, қылышыңың сабын қысып ўстап, — сіз өз ғылымыңызбен, екеуміз де халыққа, елге қызмет ететін болайық!

Ғалым мен батырдың қолы сүйіспеншілік, адалдықпен бірлесіп, берік айқаса түсті.

МАЗМУНЫ

Беріл

<i>Бірінші тарау</i>	3
<i>Екінші тарау</i>	24
<i>Үшінші тарау</i>	38
<i>Төртінші тарау</i>	51
<i>Бесінші тарау</i>	60
<i>Алтыншы тарау</i>	75
<i>Жетінші тарау</i>	81
<i>Сегізінші тарау</i>	88
<i>Тогызынышы тарау</i>	100
<i>Оныншы тарау</i>	109
<i>Он бірінші тарау</i>	130
<i>Он екінші тарау</i>	140
<i>Он үшінші тарау</i>	151
<i>Он төртінші тарау</i>	160
<i>Он бесінші тарау</i>	168
<i>Он алтыншы тарау</i>	186
<i>Он жетінші тарау</i>	192
<i>Он сегізінші тарау</i>	198
<i>Он тогызынышы тарау</i>	206
<i>Жыйырманышы тарау</i>	222
<i>Жыйырма бірінші тарау</i>	226
<i>Жыйырма екінші тарау</i>	236
<i>Жыйырма үшінші тарау</i>	249
<i>Жыйырма төртінші тарау</i>	272

жыйырма бесінші тарау	275
Жыйырма алтыншы тарау	284
Жыйырма жетінші тарау	218
Жыйырма сегізінші тарау	305
Жыйырма тоғызынышы тарау	312
Отызынышы тарау	322
Отыз бірінші тарау	329
Отыз екінші тарау	341
Отыз үшінші тарау	344
Отыз төртінші тарау	348
Отыз бесінші тарау	353
Отыз алтыншы тарау	376
Отыз жетінші тарау	394

АЙБЕК

НАВАИ

роман

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата

Тех. редактор *Гиричев В.*

Корректор *Байбекова С.*

Подписано к печати 17 1 1950 г. Изд. № 12 УГ01215. Объем 25 п. л.
Уч. изд 92,2 л. Ф. б. 84Х103 1/32 л. Тираж 15000 экз. Цена 16 руб.

г. Алма-Ата, Полиграфкомбинат, Управления по делам
полиграфической промышленности издательств и книжной торговли
при Совете Министров КазССР. Заказ № 1063.

БАЙҚАЛҒАН ҚАТАЛАР

Беті	Жолы (жоғарыдан)	Басылуы	Дұрысы
56	11	экспр	эксир
122	1	деп Мадар Задаи	деп сұрады Мадар Задаи
125	13	істерлігі өзіме	іскерлігі өзіме аян

№ 1063

Fr. 1.11 16 cc. 7-60